

821.512.122.09

к-40

4

АРХИВТІК  
КОР



# КЛАССИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР

7



«ҒЫЛЫМИ ҚАЗЫНА»

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ  
БАСТАМАСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛДЫ



**Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі**  
**«Ғылыми қазына» мақсатты бағдарламасы**  
**қоғамдық кеңесінің құрамы**

---

*ЖҰМАҒҰЛОВ Б.Т. – кеңес төрағасы, Бас редактор,  
ҚР ҰҒА академигі.*

*Орынханов М.Қ. – төраға орынбасары*  
*Ыбырайым Н.М. – жауапты хатшы*

*Аяған Б.Ғ.*

*Әбжанов Х.М.*

*Әбусейітова М.Қ.*

*Байтанаев Б.Ә.*

*Еспаев С.С.*


*Қалижанов У.Қ.*

*Малбақов М.М.*

*Шаукенова З.К.*

КЛАССИКАЛЫҚ  
ЗЕРТТЕУЛЕР

7-ТОМ



МУҚАНҰЛЫ Сәбит

# XX ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ

І-БӨЛІМ  
(ҰЛТШЫЛДЫҚ, БАЙШЫЛДЫҚ ДӘУІРІ)



Алматы 2012

УДК 821.512.122.0  
ББК 83.3 (5 Каз)  
М 83

**«Ғылыми қазына» мақсатты бағдарламасы**  
**Фольклортану, әдебиеттану және өнертану секциясының мүшелері:**

Қалижанов У.Қ. (төраға), Әлібекұлы А. (төрағаның орынбасары),  
Қалисва А.Қ. (жауапты хатшы), Ананьсва С.В., Әзібасва Б.У., Әлбеков Т.,  
Елеуқенов Ш.Р., Ергәлиева Р.Ә., Күзембай С.Ә., Қирабаев С.С., Қонаев Д.А.,  
Қорабай С.С., Қосанов С.К., Мұқан А.О., Ісімақова А.С.

**Томды басуға М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының**  
**Ғылыми кеңесі ұсынған**

**Томды баспаға дайындағандар:**

Қорабай С.С.(жауапты редактор), Мұхамәдиев Д.Б.(жауапты шығарушы),  
Зекенова А.Ж., Бигараева Н.(құрастырушылар)

**Пікір жазғандар:**


**Орда Г.** – филология ғылымдарының докторы.  
**Әлбеков Т.** – филология ғылымдарының кандидаты, доцент.

**М 83 Классикалық зерттеулер:** Көп томдық. – Алматы, «Әдебиет Әлемі», 2012.  
Т.7: Мұқанов С. XX ғасырдағы қазақ әдебиеті. 1 бөлім (Ұлтшылдық,  
байшылық дәуірі) – 420 бет.

ISBN 978-601-7414-07-8

Кітапқа көрнекті жазушы, қоғам қайраткері, Қазақстан Ғылым академиясының академигі Сәбит Мұқановтың 1932 жылы Қызылорда қаласында латын әрпінде жарық көрген «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» атты монографиялық еңбегі еніп отыр.

Бұл еңбек әдебиеттанушылық ойлардың әдебиет тарихын зерттеу ісінде тереңдей түсуіне ықпал етіп, ұлттық әдебиеттану ғылымында әдебиет тарихын дәуірге бөліп зерттеудегі ізденістерді әрі қарай жемісті жалғастырды, XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдерінің өмірі мен шығармашылығын зерттеу ісін дұрыс жолға қою қажеттілігін айқындап берді.



УДК 821.512.122.0  
ББК 83.3 (5Каз)

ISBN 978-601-7414-07-8 (Т.7, Б.1)

© М.О.Әуезов атындағы

Әдебиет және өнер институты, 2012.

ISBN 978-601-7414-00-9

© «Әдебиет Әлемі» баспасы, көркемдеу, 2012.



## АЛҒЫ СӨЗ

М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Ғылыми қазына» мақсатты бағдарламасы аясында «Классикалық зерттеулер» сериясымен жарық көретін ғылыми басылымдарды дайындап, жариялау жұмысын жалғастыруда.

«Ғылыми қазына» бағдарламасының негізгі мақсаты – отандық ғылым тарихында ерекше орны бар іргелі еңбектерді түпнұсқа күйінде еш өзгертпестен дайындап, ғылыми басылым ретінде толық жариялау.

Оқырманға ұсынылып отырған «Классикалық зерттеулер» сериясының жетінші томына көрнекті жазушы, қоғам қайраткері, Қазақстан Ғылым академиясының академигі Сәбит Мұқановтың 1932 жылы латын әрпінде жарық көрген «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» атты монографиялық еңбегі еніп отыр.

Қазақстанның халық жазушысы Сәбит Мұқанов 1900 жылы қазіргі Солтүстік Қазақстан облысының Жамбыл ауданындағы Сәбит Мұқанов серіктестігінің Жаманшұбар деген мекенінде туған. Әке-шешесінен жастай жетім қалып, жалшылықта болады. Ауыл молдасынан оқып, хат таниды. Бала кезінен ел аузындағы қисса-дастандар мен батырлық, ғашықтық жырларды жаттап үйренеді. 14-15 жасынан өз жанынан өлеңді суырып салып ауызша да, жазбаша да шығара бастайды. 1918-1919 жылдары Омбыдағы оқытушылар курсына білім ала жүріп Мағжан Жұмабаевқа хатшы болып, ақынның осы курста оқыған дәрістерін қағазға түсіреді, алғашқы өлеңдерін Мағжанға оқып беріп, ақындық талантын шындайды. Оқуын бітіргеннен кейін біраз уақыт мұғалім болады. 1920-1922 жылдары әртүрлі қызметтер атқарады. 1922-1926 жылдары Орынбордағы жұмысшы факультетін оқып бітіргеннен кейін 1926-1928 жылдары «Еңбекші қазақ» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетінің бөлім меңгерушісі, Қазақ мемлекеттік баспасының бас редакторы болып қызмет етеді. 1928 жылы Ленинград мемлекеттік университетінің филология факультетінде аз уақыт оқып, отбасы жағдайына байланысты Петропавл қаласына келіп, «Кеңес ауылы» газетінің редакторы болады. 1930 жылы Мәскеудің академик Марр атындағы Тіл білімі институтының аспирантурасына оқуға жіберіледі, кейін 1931 жылы Мәскеудегі Қызыл профессорлар институтының әдебиет бөліміне ауысып, оны 1935 жылы бітіреді де, «Қазақ әдебиеті» газетінің редакторы болып қызмет етеді.



1936-1937 және 1943-1951 жылдары Қазақстан Жазушылар одағының төрағасы болады 1930 жылдар соңында Сәбитке «Алашорда ақыны Мағжанға қамқорлық көрсетті, С Сейфуллин бастаған ұлтшылдар тобында болды, буржуазиялық ымырашылдыққа барды» деген айып тағылады Ол соя себепті 1937-1941 жылдары Абай атындағы ҚазПИ-де (қазіргі Абай атындағы ҚазҰПУ) ассистент, профессор болып, қазақ әдебиетінен сабақ береді 1951 жылдан бастап толық шығармашылық жұмысқа ауысады

С Мұқанов – өнімді де өндіріп жазған сан қырлы қаламгер Әдебиетке келген шағынан бастап заман алға қойған тақырыптарды шығармаларының өзегі етті Ол әдебиеттің барлық жанрында дерлік туындылар жазды Оның қаламынан туған әдеби шығармалар сан салалы, ауқымды, идеялық-эстетикалық, тәрбиелік мәні зор Ол сексен мың жолға жуық лирикалық өлең, жиырма шақты поэма, бірнеше повесть пен роман, көптеген әңгіме, очерктер, оннан астам пьеса, жоғары оқу орындарына арналған оқулықтар, қазақ әдебиетінің тарихына арналған монографиялар, ұлт мәдениетінің тарихы мен этнографиясы туралы зерттеулер, т б көптеген танымдық кітаптар жазды «Сұлушаш» поэмасы өлеңмен жазылған әлеуметтік мәні зор роман есебіндегі шығарма болса, «Адақандар» романы қазақ әдебиетіндегі тұңғыш романдар қатарынан саналады «Ботагөз» романы қазақ халқының ұлы дүбірге толы төңкерістік кезеңін шебер бейнелеген ірі туынды ретінде жұртшылық сүйіп оқитын шығармаға айналды «Өмір мектебі» мемуарлық трилогиясы қазақ халқының жарты ғасырлық тарихи шежіресі іспетті сүбелі туынды болды

Жазушы ұлы ғалым, жиһанкез Шоқан Уәлихановтың өмірі мен шығармашылығын ұзақ жылдар бойы терең зерттеу нәтижесінде «Шоқан Уәлиханов» пьесасы мен «Жарқын жұлдыздар» атты зерттеу еңбегін жазды Өмірінің соңғы жылдары Шоқан тағдыры туралы «Аққан жұлдыз» романын жазып, жоспарлаған 4 томының екі томын ғана аяқтап үлгерді

С Мұқанов сын, әдебиеттану саласында да жемісті еңбек етті Бес жүзден астам әдеби-сын мақалалар жазды Қазақ фольклоры мен ауыз әдебиеті туындыларын, батырлық және ғашықтық жырларды, айтыстарды жинап бастырып, арнайы зерттеді, ХҮІІІ-ХХ ғасырлардағы ұлт әдебиетінің тарихы мен ағартушы-демократ ақын-жазушылар шығармашылығы туралы монографиялар мен зерттеу еңбектер жазды

Ол Қазақстанның Халық жазушысы атанып, бірнеше рет Қазақ КСР Жоғары Кеңесінің депутаты болып сайланды, КСРО Жазушылар одағының басқарма мүшесі, Бүкілодақтық бейбітшілік қорғау комитетінің мүшесі болды

«Өмір мектебі» трилогиясы үшін жазушыға 1968 жылы Абай



атындағы республикалық мемлекеттік сыйлық, «Жарқын жұлдыздар» монографиясы үшін 1966 жылы Қазақстан Ғылым академиясының Ш Ш Уәлиханов атындағы сыйлығы берілді. Ол екі рет Ленин орденмен, Енбек Қызыл Ту, «Құрмет Белгісі» ордендерімен марапатталды. 2000 жылы академик-жазушының 100 жылдық мерейтойы ЮНЕСКО деңгейінде кең көлемде аталып өтті.

С Мұқановтың «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» атты көлемді монографиялық зерттеу еңбегі Қазақстанда тап күресі күшейіп, қазақ қоғамы бірнеше бөлінген шым-шытырық заманда, жалған ұранмен дүниеге келген «Кіші Қазан» саясаты жүзеге асып, қолдан жасалған аштық салдарынан қазақ халқының жартысынан астамы қырылған үлкен нәубет кезінде, әдебиеттің тұтастығы бұзылып, саясат мәселелері белең алған, ұлтшылықпен күрес науқаны қолға алынып, ұлт зиялылары қуғын-сүрінге ұшырай бастаған 1932 жылы жарық көрген болатын.

Дәп осы отызыншы жылдары жиырмасыншы жылдармен салыстырғанда ұлттық әдебиеттану ғылымының маманданған кадрлары қалыптасты. Аға буынға айнала бастаған ақын-жазушылардың бірі С Мұқанов та әдебиеттануға араласты. «Олай болатын себебі – отызыншы жылдар – әдебиеттегі тап күресінің, таптық жіктелістің өбден күшейген кезі, отызыншы жылдар – түрлі әдеби ағым, әдіс төңірегінде топтасқан қауымның, тіпті, буын-буынның өзара есеп айырысқан, жаға жыртасқан, жаманатқа барған жылдары. Бұл жылдары саясат салқыны тимеген, идеология шарпуы шалмаған жан қалмаған еді»<sup>1</sup>

Әдеби сын мен әдебиеттануға байланысты зерттеулерде көркемдік мәселелерді жазудан гөрі саясат мәселелерінің белең алуына, таптық көзқарасқа жете көңіл бөлініп, жалпыхалықтық түсініктің мансұқ етілуіне РКБ(б) Орталық комитетінің 1925 жылғы 18 маусымдағы «Партияның көркем әдебиет саласындағы саясаты туралы», ВК(б) П Орталық комитетінің 1932 жылғы 23 сәуірдегі «Көркем әдебиет ұйымдарын қайта құру туралы» қаулылары әсер етіп, әдебиетті саясаттың қолшоқпарына айналдырудың бағдарламалары болды. Мәскеуде Пролетариат жазушыларының бүкілодақтық ассоциациясы (ВАПП) құрылғаннан кейін 1926 жылы Қазақстанда осы тектес ұйым – ҚазАПП-тың өмірге келуі қазақ қаламгерлерінің жік-жікке бөлініп, бір-бірімен топ-топ болып айтысуына себеп болды.

Жоғарыдағы үкіметтік деңгейдегі қаулылар шешімдері мен ҚазАПП міндеттері жүзеге асыру мақсатында қазақ әдебиеттануында үлкен бір тенденция – оқулықтар көптеп жазыла бастады. 1930 жылдардағы қазақ әдебиетінің оқу құралдары әрі оқулық, әрі ғылыми еңбек міндетін қатар атқарды. Осы деңгейде көрінген алғашқы іргелі ғылыми еңбек



С.Мұқановтың «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» атты монографиясы болды. Бұл еңбек әдебиеттанушылық ойлардың әдебиет тарихын зерттеу ісінде тереңдей түсіне ықпал етіп, ұлттық әдебиеттану ғылымында әдебиет тарихын дәуірге бөліп зерттеудегі ізденістерді әрі қарай жемісті жалғастырған, XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдерінің өмірі мен шығармашылығын зерттеу ісін дұрыс жолға қою қажеттілігін айқындап берген, жоғары оқу орындары мен мектептерде әдебиетті жеке пән ретінде оқытылуына қозғау салған еңбек болды.

Ұлттық әдебиеттану ғылымының тарихында еліміз тәуелсіздік алғанға дейін ұрпақ санасынан өшіріліп, ұлт жадынан ұмытыла бастаған Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Омар Қарашұлы, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытұлы сияқты аса көрнекті ақын-жазушылардың, өмірден ерте кеткен талантты ақын Бернияз Күлеев пен классик ақын-жазушылар Сұлтанмахмұт Торайғыров, Сәбит Дөнентасв, Мұхтар Әуезовтердің шығармашылық портреттерін алғаш рет оқулыққа енгізіп, ғылыми зерттеу нысанына айналдырған әдебиеттанушы-ғалым Сәбит Мұқанов еді. Оның бұл еңбегінде таптық көзқарас тұрғысынан аталған ақын-жазушыларды байшыл-ұлтшыл әдебиеттің өкілдері деп онды-солды сынап, кеңес өкіметінің жаулары ретінде де көрсеткені шындық. Мұндай қитұрқы тәсілді пайдаланбаса, бұл кітаптың шығуы да екіталай еді. Себебі, монографияда жеке портреттік талдаулар берілген А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы, М.Жұмабаев кітап шыққан кезде «халық жаулары» ретінде ұсталып, абақтыда отырса, Ж.Аймауытов осындай айыппен атылып кеткен болатын, ал М.Әуезовке алашшыл қайраткер ретінде қылмыстық іс ашылып, басына қауіп бұлты төнген кез еді. Алашорда қайраткерлерін жазғаны үшін де зерттеу авторы жазаға тартылуы әбден мүмкін болатын.

Қалай болғанда да С.Мұқановтың «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» кітабы XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиетінің шындығы мен даму үдерісі туралы жазылған бірден бір сүбелі еңбек болды. Монографияда Ахмет Байтұрсынұлов, Міржақып Дулатов, Ғұмар Қараш, Мағжан Жұмабаев, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Сәбит Дөнентасв, Мұхтар Әуезов, Бернияз Күлеев, Жүсіпбек Аймауытов шығармалары 1930 жылдардағы саяси ахуал талабына сай сыншылдық көзқарас тұрғысынан талданғанымен, олардың көркемдік тұрғыдағы озық туындылары дұрыс бағасын алды. Ұлтшыл-байшыл ақындар деп сыналғанымен Ахмет Байтұрсынұлы туралы: «Қырық мысалдағы» ішін сыртқа шығармай ғана патшаға ішінен қарсы қарсылығын Ахмет «Масада» ашық қып сыртына шығарады. «Маса» тұсында Ахметтің істейтін ісінің программасы ашылды. Ол қазақ елін орыс отаршылдарына қарсы көтерту. Бұл үшін Ахмет қазақты оятуға тырысты. Оятуға құрал қылған нәрсесі – қазақтың ескі өмірін дәріптеу, отар болған өмірдегі кемшілігін көрсету, оятып



сл қылу, ел қылу үшін мәдениеттендіру» деп Ахмет поэзиясының негізгі арнасын ашып көрсетті, ал Міржақып Дулатұлының «Бақытсыз Жамал» атты прозалық туындысын қазақ тілінде шыққан бірінші роман деп танып, тарихи маңызы бар шығарма ретінде бағалады, «Азамат» жинағына ерекше тоқталып, «Мұнда Міржақып өскендігін, ақындық сипатының бойында толық барын көрсетіп отыр» деп Міржақыптың ақындық талантын жаңа қырынан айқындап берді.

С.Мұқанов Мағжан Жұмабаевтың поэзиясына ерекше мағына беріп қарастырады. Байшылдығын, ұлтшылдығын сынап келіп, Мағжан ақындығы туралы қорытынды пікірінде: «Ақындық жағынан келгенде Мағжан, әрине, қазақтың күшті ақындарынан саналады. Қазақтың тілін байыту ретінде, әдебиетке жаңа түрлер енгізу ретінде Мағжанның еңбегі көп» деп жоғары баға береді, бұл ретте Мағжанның қазақ әдебиетіне сіңірген еңбектерін нақты атап көрсетеді: қазақ оқушыларының Еуропа әдебиетімен Мағжан таланты арқылы толық танысқанын айтып, көлемді поэмалар жазудың жемісін әкелген ақындардың бірі екендігіне назар аударады, «Сыршылдық жағынан Мағжан көп ақынға бәйге бермейді» деп оның сыршылдығын ашып береді. «Мағжанның әдебиет майданындағы істерін түгел жазу үшін өз алдына бір үлкен кітап керек» деп саликалы ой тастап, мұның келешектің ісі екендігін үлкен көрегендікпен айтады.

Сұлтанмахмұтты «Төңкерістен бұрынғы ауыл тұрмысының айнасы» деп қарастырып, «қазақтың бұқарашыл әдебиетінің басын бастады» деп тұжырымдайды, «Жалпы алғанда, Сұлтанмахмұт күшті ақын, қазақ әдебиетінде ірі орын алатын ақын. Зерттелетін және зерттеуді керек қылатын ақын» деген қорытынды жасайды.

Сәбит Дөнентайұлы туралы пікірі де айқын болып шыққан. «Дөнентайұлы ұлт бірлігін айтудан қатар, ұлтшыл көсемдерді дәріптеуден қатар ұлтшылдардың арасындағы кемшілікті, ауыл жастарының кемшіліктерін жасырмай айтып отырады» деп салмақты ой түйіндейді.

Ұлттық әдебиеттану ғылымында Мұхтар Әуезовтің жазушылық таланты туралы алғашқы оң пікір С.Мұқановтың осы зерттеуінде айтылғандығын қаперге алу қажет. Кітаптағы М.Әуезов туралы тарауда автор жазушы шығармаларынан қандай мін тауып, таптық тұрғыдан қаншама жала жапқанымен: «Ақындық, жазушылық күшін алғанда Мұхтар күшті жазушы. Тіл сұлулығының үстіне, Мұхтар кейіпкер жасауға шебер. Мұхтардың кейіпкерлерінің сыртқы көрінісі мен ішкі сезімі айқын көрініп отырады... Байшыл жазушылардың ішінде байлар табының таптық кескінін оның кейіпкері арқылы көрсету ретінде Мұхтардан асқаны жоқ... Жазуға шеберлік жағынан пурлтариат жазушыларына Мұхтардан үйренетін нәрсе көп» деп жоғары баға береді, үлгі-өнеге етеді.

Алаш қозғалысының көрнекті өкілдері туралы жазған осы кітабы және басқа көркем туындылары үшін Сәбит Мұқанов абақтыға камалып сотталмаса да, саяси қуғын-сүргінге ұшырап, көп қиямет көрді. 1937 жылдың 16 қыркүйегінде «Казахстанская правда» газетінде «Выкорчевать национал-фашистскую мразь из Союза писателей Казахстана» деген редакциялық мақала жарияланып, онда С.Сейфуллин, Ғ.Мүсіреповтермен бірге Сәбит те буржуазиялық ұлтшылдықтың жаршысы ретінде айыпталды, іле-шала «Қазақ әдебиеті» газетінің сол жылғы 8 қазандағы санында С.Мұқановтың шығармалары бастан аяғына дейін ұлтшылдық, партияға қарсы үгіт деп жала жабылды. Сол жылы жазушы Қазақстан Жазушылар одағы төрағасы қызметінен босатылып, партия қатарынан шығарылды. Басты тағылған кінәлары: «Аласқандар», «Теміртас», «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» сияқты ұлтшыл шығармалар жазуы, халық жауларымен жақын дос болуы, алашордашыл Мағжан Жұмабаевқа көмектесуі.

С.Мұқановтың «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» атты еңбегінің ұлттық әдебиеттану ғылымында орны ерекше екендігін өмір дәлелдеп берді. Бұл іргелі зерттеу туралы белгілі қоғам қайраткері, жазушы, сыншы Е.Бекенов 1935 жылы шыққан «Ұлт қозғалысы және ұлтшылдық әдебиет» атты сын кітапшасында: «Сәбиттің тарихы сол қазақ тарихының бір саласы. Белгілі дәуірдегі әдебиет тарихы. Бұл қазақ өмірінде тұңғыш шыққан (қазіргі дәуірде) ең бағалы еңбек. Мұндай еңбектің керектігіне, бағалығына ешбір сөз жоқ»<sup>2</sup> деп алғаш рет келелі пікір айтты. Көрнекті әдебиеттанушы-ғалым, академик Қ.Жұмалиев: «Күні бүгінге шейін Сәбит Мұқановты зерттеушілер оған ақын, жазушы ретінде тоқталды да, сын, әдебиеттану, ғылыми еңбектері жайлы мықтаса атүсті тоқтайды, не мүлде ештеңе айтпайды. Әрбір жазушы, әрбір ғалым өз замандастарынан мақтау тілемесе де, еңбегін бағалауды күтеді, өйткені олар өз жазғандарын халықтың керегі үшін жазады, кетігіне бітеу, жыртығына жамау болуын арман етеді»<sup>3</sup> деп жазған еді. Шынында да Сәбиттің бұл кітабы халықтың керсегіне жарады, қазіргі ұрпақ үшін еш құндылығын жоймаған еңбек.

С.Мұқановтың «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» атты оқулық әрі зерттеу жазған бастамасы сол 1930 жылдары-ақ жалғасып, әдебиет тарихына арналған көптеген оқулықтар жазылып, жарыққа шықты. 1930 жылы М.Жолдыбаев, М.Әуезов, Ә.Қоңыратбаев бірлесіп жазған «XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті» оқу құралы, 1934 жылы М.Жолдыбаев, Ә.Қоңыратбаев, М.Қаратаев құрастырған «Әдебиет хрестоматиясы», 1936-1938 жылдары III-X кластарға арналған әдебиет хрестоматиялары басылып шықты.

<sup>2</sup> Қасқшев Т., Ахмет К.С. Сәбит Мұқанов. Әдеби-ғылыми ғұмырнама. – Алматы: «Арда», 2005. 121-122-б.

<sup>3</sup> С.Мұқанов тағылымы – Алматы: Жазушы, 1990. 22-б.



Академик-жазушы шығармашылығын көптен бері тыңғылықты зерттеп келе жатқан көрнекті әдебиеттанушы-ғалым, филология ғылымының докторы, профессор Т.Кәкішев К.Ахметпен бірігіп жазған «Сәбит Мұқанов» атты әдеби-ғылыми тұжырымалық кітабының «Жаңа өріс» тарауын «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» атты монографиялық еңбегіне арнап, зерттеуге жан-жақты салиқалы тарихи-әдеби ғылыми талдау жасаған, С.Мұқановтың осы зерттеуі туралы: «Пайдалы, керекті жағы мол, сондықтан бұл зерттеуді тарихи тұрғыдан айрықша қажетті деректерді жеткізгені үшін қадірлеу шарт»<sup>4</sup> деп сындарлы баға берген.

Белгілі әдебиет сыншысы, профессор Д.Ысқақұлы: «С.Мұқановтың алашорда әдебиеті жайлы «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» атты бір жағы оқулық, бір жағы зерттеу сипатты еңбегі кеңестік кезеңде ұлтжандылық идеялары үшін қуғынға ұшырап, жазықсыз жазаланған А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов, О.Қарашев, М.Жұмабаев, С.Торайғыров, С.Дөненгаев, Б.Күлеев, М.Әуезов, Ж.Аймауытұлы сынды арыстарымыздың шығармашылықтарын алғаш рет кең тұрғыда қарастырған еңбек болуымен де, сол кездегі солақай саясаттың салдарынан әдебиеттану ғылымында үстемдік құрған таптық ұстанымды қолданудың барысында идеялық тұрғыдан бағалауда айтылған артық-кем пікірлеріне қарамастан, олардың еңбектері жайлы құнды ойлардың айтылуымен де құнды»<sup>5</sup> деп дұрыс пікір білдіреді.

Сайып келгенде, С.Мұқанов «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» еңбегінде «алашорда» әдебиетін идеялық жағынан сынағанымен, жекелеген жазушылардың шығармаларын көркемдік тұрғыдан талдағанда бағалы пікірлер де айта білген»<sup>6</sup>, алаш ақындары мен жазушыларының ұлт әдебиеті тарихындағы орнын айқындай алған. Бұл зерттеу кезең әдебиетін нақты талдап, салиқалы ой-тұжырымдар жасаған құндылығымен әрдайым қолданыста қала береді.

**Серікқазы Қорабай,**  
филология ғылымының  
кандидаты,  
доцент

<sup>4</sup> Кәкішев Т, Ахмет К С Сәбит Мұқанов Әдеби-ғылыми тұжырымалық кітабы – Алматы «Арда», 2005 122-б

<sup>5</sup> Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы Екі томдық. 1-том Алматы ҚазАқпарат, 2008 285-б

<sup>6</sup> Қазақ әдебиетінің тарихы Он томдық – Алматы, ҚазАқпарат, 2004 Т 7 178-б

## ЖАЗУШЫДАН

Октябрь төңкерісінің арқасында теңдік ап, ерікті социалдық кеңестік республика құрған қазақ еңбекшілері 10 жылдық жасаған өмірінде, шаруашылық, саясат, мәдениет істерінде көп алға кетті. Еңбекші бұқараға арналып ондаған жоғарғы дәрежелі мектеп, жүздеген орта дәрежелі мектеп, мыңдаған төмен дәрежелі мектептер ашылды. Кеше ғана отаршыл Русияның обырлары бір жақтан, өз байлары екінші жақтан қысым көрсеткен қазақ еңбекшілері бүгін үстемдікке ие боп, тұрмыстың өзге жүйесімен қатар мәдениет мәселесін де қолға алды, тегі солай болуы керек.

Өйткені

«Қай дәуірде қай тап үстем болса, соның пікірі де үстем болады. Өндіріс құралы қолында тұрған тап, өндіріс құралы жоқ тапқа пікір майданында да жол бермейді. Барлық рухани өндірісті (духовное производство) қолына алады» (Маркс)

Қазақ еңбекшілері – үстемдікке ие тап. Сондықтан ол өзге жүйедегі істерге үстемдігін кіргізгені сықылды, мәдениет мәселесінің де барлық бұтақтарын өз қармағына алады, өз ырықна көндіреді. Өзінен бұрын жасаған мәдениет мұрасына өз мұнарасынан қарайды.

Көркем әдебиет қай таптың болса да, өзіне қарсы тапқа жұмсайтын құралының біреуі. Еш уақытта, еш бір әдебиет тап тілегінен тысқары болған емес. Еш бір дәуірде, еш бір ақын тап тілегінен тысқары жайылған емес. Таптан бөлек ақын болған емес. Таптан тысқары ақын коммунизм дәуірі орнап, тап жойылғанда ғана болады. Одан бері таптан тысқары ақын болмайды. Қай ақын болса да белгілі бір таптың жырын жырлайды.

Адам баласы айуандық өмірден адамгершілік тұрмысқа көше бастағаннан бері құл болушы, құлданушы екі тапқа бөлініп келеді. Осы екі таптың екеуі де дәуір өзгерген сайын, шаруасы өзгерген сайын, адамның өмірі мәдениет сатысына ілгері басқан сайын өсіп, өркендеп келеді. Әр дәуірдің шаруа өзгерісіне қарай, сана сезіміне қарай екі таптың арасындағы қарама-қатыс, күрес те жана әдіс, жаңа жол тауып келеді. XIX-XX ғасырдағы құлданушылар да, құл болушылар да орта ғасырдағыдан өзгеше. Орта ғасырдағы бұл екі таптың күресі XIX-XX ғасырдан басқа.

«Тұрмысты адамның санасы билемейді. Сананы тұрмыс билейді. Шаруашылықтың негізі өзгерумен қатар, кейде шабан, кейде тез, - сол



шаруаның салдарынан туған түрлі жағдайлар да (надстройка) өзгерелі Бұл өзгеріске пән де, дін де, заң да, саясат та, пәлселе да, көркем өнер де кіреді Шаруашылықты тексерген адамға шаруашылықпен қатар бұларды да тексермей болмайды»<sup>7</sup>

Шаруа өзгеруімен дәуір өзгеруі, дәуір өзгеруімен барлық тұрмыс, оның ішінде көркем әдебиет өзгеруі Маркстің осы сөздерінен ашық көрініп отыр Міне, осы өзгеріс қазақ әдебиетінде де болды Қазақ әдебиеті де басынан бірнеше дәуірлер өткізді Қазіргі өркендеп келе жатқан қазақтың пурлтариат әдебиетінің алдында бірнеше сап әдебиет жасады

Бұлар бізден бұрын жасаған таптардың бізге қалдырып кеткен мұралары

Тарихи мұралар туралы Ленин былай дейді

«Маркс адам баласының капитализм тұсында тапқан табысымен толық пайдаланды Адам баласының өркендеу дәуірлерін жақсы зерттеді Капитализмнің құлауын, коммунизм орнауын ол, адам баласының табысын жақсылап зерттеп, талқылағандықтан білді

Адам баласының өркендеу дәуірінде тапқан табысымен толық пайдаланбай, сол табыстарды өз тілегіне үйлестіріп іске асырмай, пурлтариат мәдениетін жасауға болмайды Пролетариат мәдениеті әлдеқайдан өз бетімен пайда болмайды Пролетариат мәдениетінің маманымын дейтіндердің басынан да шықпайды Олай деп ойлау – ақылсыздық Помещик, капиталист, төрелердің қысымында отырып, адам баласы мәдениет сатысында көп табыс тапқан Пролетариат мәдениеті – сол табыстардың заңды ілгерілеуі»<sup>8</sup>

Лениннің бұл сөзіне қосымша жазудың қажеті жоқ Өткен дәуірлердің ісін, әдебиетін зерттемей, олардың ішінен керектісін өңдеп, іске жаратпай, керексізін «мынаның мәнісі мынадай» деп еңбекші бұқараға танытпай, біз пурлтариат мәдениетін де, әдебиетін де жасай алмаймыз

Қазақтың басынан өткен жалпы дәуірлерін, оның ішінде әдебиет дәуірлерін, Ленин айтқандай, біз зерттей алып отырмыз ба? Әрине, жоқ Ілгергі өткен дәуірлерді былай қойғанда, өзімізбен күні бүгінге шейін жарысып келе жатқан ұлтшыл, байшыл әдебиеттің өзін жақсылап талқыға алған, сын көзімен қарап, таптық сырын ашқан кісі жоқтың қасы

Қазақстан өлкелік партия комитеті, 1929 жылы болатын V пленумында, бұл туралы былай деген қаулы алды

«Қазіргі қазақ әдебиеті негізінде ескі байшыл, ұлтшылдардың, алашордашылардың әдебиеті Бұдан кейбір коммунистеріміз де сау емес»

Сондықтан, «Байшыл, ұлтшыл әдебиеттің сырын ашып, әдебиеттегі,

<sup>7</sup> К Маркс «К критике политической экономии», стр 55

<sup>8</sup> Ленин, том XXV, -стр 387, изд III

жалпы көркем өнердегі оның ықпалымен (алашордалықпен, күйректікпен, кара шаруадан шыға алмаушылықпен, тағы басқалармен) қатты күресу керек».

Осы қаулы әлі де толық іске асып отырған жоқ. Әдебиеттегі байшылдық пікірмен күресу бізде нашар. Жоғарыда біз, қазақтың мектеп сандары өскендігін, жалпы еңбекшілердің мәдени тілегі өскенін айттық. Осы өскен тілекке, әсіресе мектепке, жалпы әдебиетті Маркс-Ленин көзқарасымен түсіндіретін, әсіресе байшыл, ұлтшыл әдебиетті түсіндіретін құрал керек. Бұл жағына келгенде бізде іс өте нашар.

Мектеп саны өскенмен, мектептегі мұғалімдеріміздің бәрі бірдей Маркс дүниетануына жетік адамдар емес, біразы пурлтариатқа теріс бағыттағы адамдар. «Байшылдық тәрбие алғандар. Пурлтариатқа жақындасып, одан тәрбие алып көрмегендер» (Ленин. 18-том. II-бөлім, 170-бет). Міне, осы мұғалімдер мектепте әдебиет сабағын оқытқанда күні бүгінге шейін өз ойына келгенін істеп жүр. Өз програмымен, өз талқылауымен айдап жүр. Бұларға нұсқау болатын, «мынаған сүйеніп оқыт» дейтін бізде әлі әдебиет тарихының құралы жоқ. Сондықтан біздің кеңес мектебінен оқып шыққандарымыз не әдебиет мәселесіне сауатсыз болып шығып жүр де, не теріс ұғыныс алып шығып жүр.

Бұл жөнде қазақтың марксшілдері, әсіресе коммунистері көрнекті дәнене істей алған жоқ.

Мектеп құралдарының осындай кемдігін көрген Ленин Степанов деген адамның жазған бір оқу құралын мақтай келіп былай деген:

«Біздің коммунист жазушыларымыз күн сайын газет, журналда бас қатыратын саяси құрғақ сөздердің орнына осы сықылды құралдар жазса, қоғам ғылымының бар жүйесіндегі мәселелер туралы оқу құралын жазса, біз бұл сықылды маскараға кездеспес ек. Пурлтариат үкіметті қолға алғанына бес жыл. Сол бес жыл бойы байшыл оқымыстылар пурлтариат мектептері мен университеттерінде жастарға байшылдықтың көң, коқырын оқытып келеді»<sup>9</sup>.

Русия жағдайында солай болса, Қазақстанға келгенде одан да жаман. Әсіресе әдебиет мәселесі солай. Осы күнге шейін орта дәрежелі мектептеріміздің әдебиет сабағына құрал қылатыны, көбінесе Ахмет Байтұрсынұлының идеалистік, байшылдық иісі аңқыған – «Әдебиет танытқыш» деген кітабы.

Біздің алдарыңызға тартып отырған «әдебиет тарихы» деген кітабымыз, жалпы еңбекші бұқараны өзінен бұрынғы таптардың әдебиетімен таныстыру; әсіресе, мектептерге құрал болу ниетімен жазылып отыр.

Әдебиет тарихы – тап тартысы тарихының бір жүйесі. Көркем әдебиет белгілі бір таптың жырын жырлайтын болса, ол тап өзіне қарсы тапқа

<sup>9</sup> Ленин. Том 18. II бөлім, 117-бет



көркем әдебиетін тап құралы қылатын болса, тап тартысынан көркем әдебиеттің бөлінетін жері жоқ. Олай болса, бұл тарихты ең алдымен қазақтың белгілі бір табының тап тартысын көрсететін құрал, көркем шығармалар сол құрал екендігіне дерек деп түсіну керек. Сондықтан біз бұл тарихты жазғанда көркем әдебиетті сынау көлемінен көп жерде шыға жазылып, сол көркем әдебиетті тудырған саяси-шаруашылық жағдайларға көбірек тоқтадық.

Бұл бір.

Екінші – әдебиетті зерттеудің толып жатқан тармағы бар. Мәселен: әдебиеттің тарихы, қисыны, әдісі, сыны, тағы сондайлар. Осылардың ішінен, біздің міндетіміз – тарихын жазу еді. Екінші сөзбен айтқанда, алып отырған дәуіріміздің пікірі қай кезде қалай өркендегенін, қалай шегінгенін, оған нелер себеп болғанын тексеру еді. Біз бұл тарихта одан гөрі кеңірек жайылдық. Көп жерде кейбір шығарманың шыққан тарихы, себебін тексерумен қатар, ішкі, сыртқы құрылысына тоқтап, өзімізше сын бердік. Кей жерде көркем шығарманы тану, іздеу әдістерінен де азырақ сөз қозғадық. Кей жерде тіл, ырғақ, көркемдік жағына көз сап, қисын жағына да көңіл бөлдік. Бұлардың бәрі, әрине, әлде қалай істелген жоқ. Әдейі істелді. Үйткені, белгілі бір дәуір тарихы туралы болғанмен, бұл кітап мектепке арналған бірінші оқу құралы болғалы тұр. Мектептеріміз әдебиетті тану ретінде оқу құралына әлі кедей. Сондықтан тарих көлемінен шығып, әдебиет танудың басқа жүйелерінен де кей жерде мәлімет беріп отыруды пайдалы деп түсіндік.

Үшінші – қазақ әдебиетінің басынан ХХ ғасырдан бұрын да әлденеше дәуір өтті. Бұл дәуірлердің ертерек уақыты туралы Сәкен жолдас Сейфоллаұлы жазып жүр. Бертін уақыты туралы, әсіресе, ХІХ ғасырдағы әдебиет туралы әлі қалам ұстаған адам жоқ. Бар болса, естігеніміз жоқ. Біздің ХІХ ғасырдан бастамай, ХХ ғасырдан тура бастаған себебіміз мынау болды: ХХ ғасырдан бастап қазақ әдебиетінде ұлтшыл, байшыл дәуір туды. Бұл дәуірдің не дәуір екені ілгеріде айтылды. Әзіргі айтатын сөз, осы дәуір – күні бүгінге шейін жасап келе жатқан дәуір, жаңа пурлтариат үшін ең қауіпті дәуір. Ауылдағы санасы толықпаған еңбекшілердің біразы бұл әдебиеттен әлі де әсерленеді. Әдебиет дәуірлерін түгел зерттеу керек. Онсыз болмайды. Әйткенмен, байшыл әдебиетті зерттеу, бізше, өзгесінен гөрі маңыздырақ болды. Үйткені, қай дәуірдің әдебиетін зерттесек те, біз сол дәуірге қайту үшін емес, сол дәуірді ұғынып, еңбекші бұқараға ұқтырып, пайдалысын алып, залалынан бездіру үшін, өткен өмірдің кескінін көрсету үшін зерттейміз ғой. Бұл ретте еңбекшілер жұртшылығымен күнбе-күн араласып, залалын күнбе-күн тигізіп, тап дұшпандығын күнбе-күн істеп отырған байшыл әдебиет. Сондықтан оның сырын ашуды біз бүгінгі күн үшін қажеттірек көрдік.

Төртінші – ХХ ғасырда жалғыз-ақ байлар әдебиеті жасаған жоқ.



Байлар әдебиеті – феодал әдебиетіне қарсылық есебінде шыққан әдебиет. Бірақ осы байлар әдебиеті туа салысымен, оның өзіне қарсы бағыт сол әдебиеттің ішінен көріне бастайды. Бұған айқын дәлел ғыл Сұлтанмакмет Торайғырұлының «Кедей» деген поэмасын алуға болады.

Сұлтанмакмет – барып тұрған байшыл ақын. Бірақ ол қазақ өміріндегі жалшылардың тұрмысын көрмей қоя алған жоқ. Өзі байшыл бола тұра, кедейдің жырын жырлап қалғанын өзі де білмей қалды. «Кедейді» пурлтариат әдебиетінің салқыны деуге болады.

Октябрьден кейін қазақтың пурлтариат әдебиеті нашар түрде болса да көріне бастады. Бертін келе, ауызға ілінуге жарады. Осы күні қазақта пурлтариат әдебиеті бар дегенді кім де болса айта алады.

XX ғасырдың әдебиетін тексеріп отырғандықтан бізге қазақ әдебиетінде XX ғасырда байшыл әдебиетке қарсы туған пурлтариат әдебиетін, оның өркендеу дәуірлерін де жазу керек еді. Біз бұл жолы оны істегеніміз жоқ. Байшыл дәуір мен пурлтариатшыл дәуірді қосып кітап қылсақ, ең алдымен кітап мөлшерсіз үлкен болатын болды, екінші – асығыстық істеуге тура келді. Сондықтан, әдебиеттегі пурлтариат дәуірінің өркендеуін алдағы күннің міндетіне қалдырдық.

Бесінші – байшыл, ұлтшыл жазушы, ақындар бас-аяғын жинағанда, 20-дан аса адам. Біз оның бәрін бірдей алғамыз жоқ. Ішіндегі көрнекті-көрнектілерін алдық та, Мәменұлы Ахмет, Қабдоллин Кенжеғали, тағы сондай ұсақтауларын тастап кетіп, олардың кім болғанын, әдебиетте не қызметі болғанын көрсету үшін мысал есебінде бірнеше шығармаларын алып отырдық.

Байшыл, ұлтшылдардың ішінен бірнешеуі бұрынғы пікірінен қайтып, пурлтариат тілегіне келді. Мәселен: Бейімбет, Сәкен, Ілияс (Жансүгірұлы), тағы сондайлар. Бұлардың ішінде, әсіресе, Бейімбет пен Ілияс бір кезде көрнекті байшыл жазушы болғандар. Біз, олардың байшылдық пікірлерін байшыл-ұлтшыл дәуірге қосқамыз жоқ. Бүгінгі күні пурлтариат бағытында отырған соң пурлтариат әдебиетінің құралу дәуірлерін айтқанда, олардың басынан өткен байшылдық дәуірді, пікір өзгерістерін тексеруге, дәлел есебінде алуға ойладық. Әйткенмен, кейбір өте керекті мысалдар шетпұшпақтап алынды.

Алтыншы – байшыл, ұлтшыл ақындарды жекелеп тексерместен бұрын, басына ұзақ қып осы дәуірдің саяси-шаруашылық сынын жаздық.

Мұндай сын қай тарихқа болса да жазылады. Әйткенмен, біздің сынымыз өте ұзағырақ болған сықылды болды. Олай етпей болмады. Үйткені: ұлттың не екендігін, ұлтшылдықтың не екендігін, қазақта ұлтшылдықтың қалай өркендегенін дәлелдерімен көрсетіп бермесе, кейінгі шығармаларды түсінуде қиындық кездесетін болды. Ұлтшылдықтың өзі қазақтың, қазақ сықылды отар елдердің арнаулы жағдайы ғой (специфическое условие).



Осы арнаулы жағдайды толық түсіндірмей реті келмеді. Сондықтан орыс әдебиеті тарихының дәуіріне сын беруден гөрі, қазақтың ұлтшыл әдебиетіне сын беруде кейбір ерекшеліктер болды (мәселен: ұлт, ұлтшылдық дегенді көп талдау).

Тарихты жазғанда ұшырасқан қиындықтар мыналар болды: Бірінші – әдебиет тарихының өзі социологияға жататын пән болғандықтан, әдебиетте болған әбір өзгерістердің шыққан саяси-шаруашылық себебін табу керек қой. Ол үшін шаруада, саясатта болған өзгерістердің өзінің себептерін табу керек. Осыларды табу ретінде үлкен ауырлық түсті. Русия жағдайында мұны оңай деуге болады.

Мәселен: XIX ғасырдың әдебиетіне себепкер болған саяси-шаруашылық, тағы сондай себептерді білу үшін орыс тілінде байшылдарды былай қойғанда, Маркстілдер жазған сан том кітаптар бар. Әдебиет тарихын жазған адам бұлардың пікірін, даяр материалын ала қояды. Бізде мұндай кітаптар жоқ. Кітап жоғы былай тұрсын, қазақтың басынан өткен саяси-шаруашылық дәуірлерінің көбі зерттелмеген. Зерттелсе, шетпұшпақтап зерттелген де, ол зерттеулер әр кітапта 10-5 қағаздан бытырап жүрген. Белгілі бір дәуірдің саяси-шаруашылық оқиғаларын тәртіпке (системаға) түсіріп реттеген адам әзірге жоқ.

Ұлтшылдықтың өркендеуін тексеру үшін бізге оның саяси-шаруашылық себептерін іздегенде көп қиындық түсті. Мәселен: ұлттың өзі капитализм туғанда туады. Ұлт болмаса, ұлтшылдық жоқ. Олай болса, қазақ ұлтшылдары қазақтың капиталистерінің тілекшісі болуы керек қой. Ырасы солай ғой.

Ал, олай болса, қазақта капитализм қалай туды? Қай түрлі капитализм туды? Қандай дәрежеге жетті? Оған дәлелдер қандай? Міне, осыларға жауап табу қиынға соқты. Әйткенмен, ол қиындықтан қашпай іздендік: архивтерді, губернаторлардың жыл сайын үкіметке беретін есептерін, отарлану экспедицияларының қазақ даласын зерттеген материалдарын, қазақ даласына шыққан саяхатшылардың, соғыс бастықтарының материалдарын, жәрмеңкелердің есеп-қисаптарын, қазақ даласын арнап зерттеген адамдардың кітаптарын, үкіметтің бұйрық-жарлықтарын, тағы сондайларды қазып қарадық.

Біздің тарихта пайдаланған материалдарымыз – осындайлар. Бірақ көп жерден жинағанның өзін біріктіру бір жағынан қиын болса, екінші жағынан олар да жеткіліксіз болды. Сондықтан ұлтшылдыққа куә болатын деректерді біз қанағаттанарлық дей алмаймыз.

Екінші – ұлтшыл-байшыл дәуірді сипаттайтын көркем шығарма деректері, әсіресе баспа сөздер қолға түгел түспеді. «Дала уәлаяты», «Серке», «Қазақстан» сықылды аз күн шығып, жабылған газеттерді былай қойғанда, ұлтшылдық дәуірді түгел сипаттап беретін «Қазақ» газетінің өзін түгел таба алмадық. Ақын-жазушылардың шығармаларының



біразы жоғалған. Олар туралы сан рет газетке жариялап сұрағанмен, із шықпады. Спандияр Көпейұлының «Қалың малы», Мұхаметжан Сералыұлының «Топ жарғаны», Бекет Өтетілеуұлының «Жиғап-тергені», Сәлім Кәшімұлының «Мұңлы Мариямы» тағы сол сықылды өте керекті деректер қолға түспеді.

Ұлтшылдық дәуірде ұлтшылдық пікірді ұйымдастыру ретінде татардың «Уақыт», «Таржыман», «Шура», «Жұлдыз» сықылды баспа сөздері табылмады. Осылардың бәрі тарихтың кемшілігі болуға, әрине, себепкер. Бірақ біз оларды іздендік те, табылмағанына қарамай, тарихтың басын, аяғын түгелдеуді алдағы өмірдің ісіне қалдырып, қолдағы бар дерекпенен іс істедік.

Қолға түспеген нәрсенің біреуі – кейбір ақын-жазушылардың өмір тарихы, элсумет қызметі туралы толық мәлімет. Оның толығына қарамай, қолдағы барымен қанағаттандық.

Кейбір тарихи деректер кітап күйінде, не газетке, журналға басылған күйінде табылмай, бірнеше жолдастардың қолынан жазылып, хатпен келді. Бірақ, солардың ішінде біразының мезгілі көрсетілмеген. Мезгілі айтылмаған шығарманың пәлендей өмірге толық куә болуы қиын. Ондай шығарманың мазмұнына қарап пайдаландық. Бұл да кемшілікке жағуы мүмкін.




Басқа кедергілер де, кемшіліктер де болды. Олардың бәрін санай беруді қажет көрмедік.

Сөзді доғарғанда айтарымыз мынау: бұл тарихты, әрине торт аяғы түгел тарих дсмейміз, жоғарғы себептер арқылы қазір толық тарих жазу қиын да. Біздің мақсатымыз – толық тарих жазу болған жоқ. Тын жатқан мәселеге із салып, пікір қотеру. Сонымен қатар, бытыранды материалдарды системаға келтіріп, әрбір шығарманың шыққан себсбін тексеріп, жол апу болды. Тыннан қозғаған мәселе болғандықтан, кей жері кем, кей жері үсірт болатынын да білдік. Әйткенмен, қолдағы бар қарумен амал істеп, қазіргі әдебиет кітабына жетім сықылды боп отырған мектептерімізге көмектесуді, сонымен қатар, байшыл-ұлтшыл жазушылардың пердесін ашуды ойладық. Көш жүре түзеледі.

Кемдігі сын арқылы, толықтыру арқылы келешекте түзелер. Өзірге жоғарғы айтылғандарды бұл кітап аз да болса орындай алса, көңілді сонымен қанағаттандыра тұрамыз.




1931 жыл, 28.ІV.





**Әдебиеттегі  
ұлтшыл, байшыл  
дәуірдің сыны**

**Характеристика  
буржуазно-  
националистического  
периода казахской  
литературы**





## I. ҰЛТ ДЕГЕН НЕ?

Қазақ арасында ұлтшылдық, байшылдық әдебиеттер қалай туып, қалай өркендегенін тексермей тұрып, бізге ең алдымен ұлт деген не? Ұлтшылдық деген қалай туады? деген сұрауларды шешіп алу керек. Бұларды шешпей, ұлтшыл, байшыл әдебиетті бағалау, сынау қиын.

### Сталин пікірі

«Ұлт» дегеннің не екенін, оның қалай құралатындығын зерттеген адамдар көп. Осылардың ішінде «ұлт» деген сөзге толық түсінік беріп, айқын түрде шешкен адам – Лениннің ең сенімді шәкірті, қазіргі коммунист партиясының көсемі жолдас Иосиф Сталин.

Жолдас Сталиннің «Ұлт деген не?» деген сөзге берген жауабына түсіндіру, толықтыру кіргізудің қажеттігі жоқ. Сталин жолдас «ұлттың» не екенін қысқаша ашық, түсінікті пікірмен айтып берген.

Сондықтан біз Сталин жолдастың 1920 жылы басылған ұлт мәселелері туралы кітапшасының ішінен сол жазылған түрінде қазақ тіліне аударумен қанағаттанамыз. Сталин былай дейді:

#### «Ұлт деген не?»

Ұлт деген – ең алдымен, басты құрастырған адамдардың тобы» (совокупность). Тар деген адамның түсіне (раса), тұқымына байланысты емес. Қазіргі Италия ұлты Рим, Герман, Этирос, Грек, Араб тағы басқалардан құралған. Қазіргі Француз ұлты Галия, Рим, Бирит, Герман тағы басқалардан құралған. Герман, Ағылшын, тағы басқа ұлттар да осындай әр түсті, әр тұқымды елдерден құралып, ұлт боп отыр.

Олай болса, ұлт деген түстен де емес, тұқымнан да емес, ол – тарихи жағдайлардың себебімен басы құралған адамдардың тобы.

Бірақ, Кир, Александар (Ескендір Зұлқарнайын. – С.М.) сықылды адамдардың тарихи жағдаймен бірнеше тұқымды елдердің басын қосып жасаған ұлы Мемлекетіне жиналғандар бір ұлт емес. Бұлар әлдеқалай жаугершіліктегі біреудің жеңу, біреудің жеңілу сықылды істерінен жиналған, сапырылысқан топ; бұл ұлт емес.

Олай болса, ұлт деген – басы әлдеқалай құрала салған адамдардың тобы емес, тұрақты топ.

Бірақ тұрақталған адам тобының бәрі бірдей ұлт бола алмайды. Австрия мен Русия тұрақты топқа есептелетін елдер; бірақ бұлар ұлт емес. Ұлт тобы мен мемлекет тобында мынадай айырма бар: ұлт тобына



тілдің бірге болуы шарт, ол мемлекетке тілдің бір болуы шарт емес. Австриядағы чех ұлты, Русиядағы Польша ұлты өздеріне арналған ұлт тілі болмаса, ұлт бола алмас еді. Ал, осы екі мемлекеттің екеуі де ішінде әлденеше түрлі тілі бар ұлттар бола тұра, мемлекет боп тұра алады. Бұл арада біздің тіл деп отырғанымыз – халықтың тілі, кеңсенің тілі емес.

Олай болса, ұлт болудың ең негізгі шартының екіншісі – сол ұлттың арнаулы тілі болуы.

Бұдан, ұлт біткеннің бәрі әр түрлі тілде сөйлейді деген сөз, яки бір тілде сөйлегендердің бәрі бір-ақ ұлт деген сөз шықпайды. Бір ұлттың бір-ақ түрлі тілі болуы керек. Бірақ әр ұлт әр түрлі стилмен өйлеуі шарт емес.

Салған жерден әр тілде сөйлеп кеткен ұлт жоқ. (Бұл арада тілдің арғы шыққан түбірі айтылып отыруға тиіс. Мәселен: түрік, өзбек, татар, қазақ, түрікпен, ұйғыр тілдері ең алғаш түрік тілі боп, бергін келе ұлт тілдеріне бөлектенген ғой.

«Салған жерден әр тілде сөйлеп кеткен ұлт жоқ» дегенде Сталин жолдас осындай ұлт тілінің жүре құралатындығын айтуы керек. – С.М.). Бұдан бір тілде сөйлейтін екі ұлт жоқ деген сөз шықпайды. Солтүстік Америка мен Ағылшын елі бір тілде сөйлейді. Бірақ бұлар бір ұлт емес, екі ұлт: норвег, дат, ағылшын, ирландар да осылай.

Тілі бірге бола тұра Солтүстік Америка мен Ағылшын неге бір ұлт емес?

Ең алдымен, олар бір мекенде емес, әр жерде тұрады. Ұлт деген нәрсе ұзақ уақыт бірге, бір жерде тұрып, бірге өмір сүріп, осы тұрмысы тұқым қуалап, басынан бірге кешірсе ғана құралады. Мекені бірге болмаса, ұзақ уақыт бірге араласып өмір сүруге мүмкін емес. Ағылшын мен Солтүстік Америка бастапқы кезде бір мекенде бірге тұрып, бір ұлтқа саналды. Кейінгі кезде Ағылшынның бірсыпырасы жаңа жер – Солтүстік Америкаға көшті де, Ағылшыннан мекенін бөліп, бірнеше заман өткеннен кейін «Солтүстік Америка ұлты» деген ат алды.

Мекеннің бөлінуімен бір ұлт екіге жарылды. Олай болса, мекеннің бірге болуы – ұлт болудың үшінші шарты.

Ұлт болу, бұлармен ғана шешіліп қоймайды. Жалғыз мекендес болу ұлт болуды шеше алмайды. Ұлт болу үшін ұлттың басын құрастыратын шаруашылық байланысы болу керек.

Ағылшын мен Солтүстік Америкада сол сықылды шаруашылық байланыс жоқ. Сондықтан олар екі ұлт болып отыр. Егер де шаруашылық байланысы болмаса, шаруа бағу жөніндегі еңбекті бөліп істеуде байлам болмаса, сол қатынас, тағы сондайлары бірлеспесе, Солтүстік Американың өзі де бір ұлт болып тұра алмас еді.

Мысалға Грузияны алайық: өзгеріске шейін (реформа) Грузия елі бір мекенде болды, бір тілде сөйледі, бірақ анық мағынасындағы бір ұлт бола алған жоқ. Үйткені, олар ол кезде бірнеше князьдің қарамағына

қарап, бірімен-бірінің шаруашылық ретінен түк байланысы болған жоқ. Өзара бірімен-бірі жауласты. Бірін-бірі талады. Біріне-бірі парсы мен түрікті жұмсады. Кей кезде бір князьдің күші басым боп, әлдеқалай бастары қосылып қап жүрді. Бірақ, бұл әкімшілік ретінен ғана қосылу болды. Бірақ оның өзінде қара шаруаның «немқұрайды» көзқарасы болмаса, князьдар біріне-бірі ала көзбен қарауын қойған жоқ. Грузияның шаруашылығы әр түрлі болғандықтан, бұлай болмауға амал жоқ еді. XIX ғасырдың бас кезінде Грузияда капитализм өркендей бастады. Капитализм өркендеуімен князьдің шаруа құрылысы қирады. Осыдан барып құлдық право құлады. Грузияда жол қатынасы күшейді. Міне, Грузия ұлт атын осы XIX ғасырдан бастап ала бастады.

Осы мысалды, феодалдық дәуірден капитализм дәуіріне көшкен ұлттардың бәріне де арнауға болады.

Олай болса, ұлт болудың төртінші шарты – бір ұлттың шаруашылық байламы, шаруашылық өмірі күшті болу (шаруашылық байланысы дегенде феодалдық шаруа емес, капиталдық шаруа байланысы екендігі бұл сөздерден ашық көрініп тұр. – С.М.).

Ұлт болу үшін бұлар да жеткіліксіз. Жоғарғы айтқандардан басқа, ұлт болу үшін сол ұлттың духовный байланысы да кірседі. Ұлт деген жалғыз тіршілік байланысынан ғана шықпайды. Ұлттың мәдениетінде ұлттық айырма болады. Ағылшын, Ирланд, Солтүстік Америка тілі бір болғанмен, әр түрлі ұлт десе, олардың әр түрлі ұлт болуына жалғыз тіршілік байланысының басқалығы емес, бірге өмір сүруден құрастырылып, атадан балаға мирас болған жан сезіміндегі өзгешеліктер де (психический склад) себеп боп отыр.

Жан жүйесінің өзгешелігі, екінші сөзбен айтқанда, «ұлт мінезінің» өзгешелігі көлденең қараған адамға аңғаруға қиын зат сықылданады. Бірақ әр ұлттың өзіне арнаулы мәдениеті болғандықтан, оны болмайды деу қате, оны аңғара алмайтын дәнене жоқ.

«Ұлт мінезі» тұрмыстың өзгеруімен өзгереді. Онда дау жоқ. Бірақ қазіргі сағатында ұлтқа өзінің әсерін көрсетіп отырған «ұлт мінезін» көрмеуге болмайды.

Олай болса, ұлт мәдениетінің, ұлт мінезінің үйлестігі, біргелігі – ұлт болудың бесінші шарты.

Сонымен, ұлт деген қандай түрде болу мәселелерін біз түгел айттық.

Қорытқанда, «ұлт» деген – тарихи жағдайлармен басы біріктіріп жиналған, тілі бір, мекені бір, шаруасы байланысты, ұлттық мәдениеті бар, ұлттық салты барлар»<sup>10</sup>.

Бұдан әрі қарай жолдас Сталин ұлт деген сөзді қате түсінген бірнеше адамдарды сынайды. Біз оларын жазуды қажет көрмедік. Бізше, Сталиннің ұлтқа берген осы бес түрлі белгісі түгелімен дұрыс.

<sup>10</sup> И. Сталин «Сборник статей», 1920 г. стр. 3-7



## Қазақ ұлты қашан құрылды?

Осы бес заңды қазаққа қолданғанда қазақтың ұлт болуы былай болып шығады.

Бүгінге шейінгі қазақ елінің қалай құралғанын зерттеген адамдар қазақ елі «қазақ» деген атты XI ғасырдан бері ғана алды дейді. Осы молшерді расқа қойсақ, «қазақ» атына қосылатын елдер XVI ғасырдың басына шейін әлденеше хандыққа бөлініп, Сталин мысалға келтірген грузин князьдары сықылды бірімен-бірі жауласып, тілі, мекені, әдет-ғұрпы үйлес болғанымен, араларында түк шаруашылық байланысы болған жоқ. Сталиннің айтуы бойынша ұлт болу үшін жоғарыда көрсетілген бес сипаттың біреуі болмай, төртеуі болса, ол ұлт емес. Олай болса, XVI ғасырға дейінгі қазақты біз ұлт дей алмаймыз. Бұл – бір.

Екінші – XVI ғасырдың бас кезінде Жәнібек ханның баласы Қасым хан қазақ елінің көпшілігін өз қол астына бағындырды. Бірақ бұл бағыну ұзаққа созылмай, Қасым хан өлгесін (1520 жылдарда) қазақ әлденеше хандыққа бытырап, қайтадан баяғы бір жағынан өзара жауласу, екінші жағынан қоршілерімен жауласуға түсті. Қасым хан қазақ елін құрастырған уақытта да қазақ ұлт бола алған жоқ. Ол әкімшілікпен бас құрастыру болды. Бұл араға да Сталин жолдастың «кей кезде бір князьдің күші басым болып, әлдеқалай басы қосылып жүрді (Грузияның. – С.М.). Бұл әкімшілік ретінде ғана қосылу болды... «Ұлт емес» деуі осы арада дәл келеді. 1730 жылдан бастап орыс қол астына қарауға тырмысты.

Кіші жүздің ханы Әбілқайыр 1730 жылы Петерборға «мен орысқа бағынам» деп кісі салды. Бұлай етуінің үлкен бір себебі – сол кездегі моңғол тұқымдарынан құралған жоңғар хандығының орта жүз бен ұлы жүзді бағындырып, кіші жүзге де көз алартқандығы еді. Әбілқайыр қобіне Жоңғардан ығысып, орысқа арқа тіреп, мықты хан болып тұрғысы келді. Үйткені ол кезде қай жағынан болса да Жоңғардан орыс үкіметі күшті еді. Әбілқайырдың орыс үкіметімен бұл сөйлесуінің аяғы 1732 жылғы Әбілқайыр мен орыс үкіметінің шартымен бітті.

Осы шарттан кейін орыс үкіметі қазақ даласын шетіңішпақтап ала беріп, XIX ғасырдың бас кезінде түгел қаратты. Одан кейін болатын Кенесары, Исатай, Бекеттердің жанжалдары істегі қотеріліс (восстание) есебінде ғана болды. Бұлар орыстан қазақ елін бөліп ап, өз әмірінде ұстағысы келді. XIX ғасырдың басынан қазақ елінің негізгі билігі орыс елінің қолына көшті.

Орыс еліне бағынумен қазақ хандарының өзара тартыстары жойылды. Патша үкіметі 1822 жылы орта жүз бен ұлы жүздің хандығын жойылды деп жариялап, хандардың орнына қазақ даласының әкімшілігін аға сұлтандарда деп жариялады да, аға сұлтандарды халық көзіне қарақшы



ғып шаншыл қойып, биліктің тетігі аға сұлтандарға орынбасар ретінде берген майор деген шенде болды.

Кіші жүздің хандығы Бөкей ұлы Жәңгір хан еді, 1890 жылдардың ішіне шейін келгенмен, Жәңгірде билік жоқ, ол орыс үкіметінің орындаушы адамы ғана еді.

Қазақ даласы XIX ғасырдың басынан бастап орыс қол астына көшкенін, жаугершілік негізінде бітіп, ұсақ барымталық қана жайы қалғасын бұрынғы тіл, мекен, мәдениет бірлестігімен қатар, қазақ шаруасында байланыс туды. Қазақ шаруасы Рүсия шаруасының малмен кәсіп қылатын бір бұтағы боп қалды. Қазақ даласын тез отарлану саясаты мен орыс үкіметінің күшейткен жол қатынасы қазақ елінің түкпір-түкпірін шаруашылық ретінде байланыстырды. Бұл байлам, әсіресе, Сібір темір жолы (1892 жылы) мен Түркістан темір жолы (1901 жылы) салынғасын өте күшейді.

Қысқасы, қазақ елінің ұлт болуына бес жағдай түгелімен XIX ғасырдан бастап, әсіресе, XX ғасырға жақындағанда туды. Қорытып айтқанда, Рүсия қол астындағы қазақ елі қазақ ұлты боп, XIX ғасырдың бер жағында құрастырыла бастады. Бұдан, әрине, қазақ елі XX ғасырдың басынан толық ұлт болды деген сөз шықпайды. Қазақ елі толық ұлт боп Октябрь төңкерісінің артынан Автономиялы Қазақ республикасы құралғасын ғана болды. Октябрьге шейін қазақтың ұлттығы толық піскен жоқ. Біз бұл арада толыққан ұлт деп алып отырғанымыз жоқ. XX ғасырдан бастап ұлт белгісін алып, толық ұлт болуға жақындай бастағанын, ұлттығы өсе бастағанын айтып отырмыз.

## II. ҰЛТШЫЛДЫҚ НЕДЕН ШЫҒАДЫ? ҰЛТШЫЛДАР КІМДЕР?

«Ұлт деген тарихи жағдаймен жай ғана құрастырыла салғандар емес. Ұлт – белгілі дәуірдің жағдайында ғана, капитализм көтерілген дәуірде ғана жасалады. Феодалдық (бектік) дәуірді жоюға, капиталдық жағдайды туғызуға себеп болған заттар екінші жақтан ұлт дегенді құрастырады»<sup>11</sup>.

Ұлт деген капитализм оркендей бастаған кезде шығатын зат екенін жолдас Сталин жоғарыда айтып еді, мына сөзін біз әдейі толықтыруға эксіп отырмыз. Олай болса, қазақ ұлтының XIX ғасырдың аяқ кезінде ұлт боп құралуы жалғыз Рүсияға бағынғандығынан емес, қазақ шаруасында бұрынғы феодалдық шаруаның орнына капиталдық шаруа өсе бастағандықтан.

Ұлт жасалып болмай, ұлтшылдық жоқ. Ұлт деген затты тудыратын капиталдық дәуірдің тууы болса, ұлтшылдықты тудыратын да капиталдық дәуір. Ол туралы Сталин былай дейді:

«Тартысқа (бұл арада екі ұлттың тартысы сөз боп отыр. - С.М.) ұлт

<sup>11</sup> сол кітапта, 13-бет



біткен түгел қатынаспайды. Тартыс билеп отырған ұлттың үстем табы мен отар боп отырған ұлттың үстем табының арасында болады»<sup>12</sup>.

«Тартыстың бас тізгіні байлардың (буржуазия) қолында. Жас байлардың ең таласатын нәрсесі – базар. Байлардың мақсаты – өз бұйымдарын (товар) өткізіп, базар тасасында басқа ұлттардың байларынан үстем болу. Осыдан оның «өз базарын» өзі мұнсыздандыру тілегі туады. Байларды ұлтшылдыққа баулитын бас мектеп – базар»<sup>13</sup>.

Ұлтшылдықты тудыратын зат байлардың базарға таласу екендігі, ұлтшылдыққа барлық ұлт ие емес, сол ұлттың байлары ие екені жоғарыда ашық көрінді. Енді біз қазақта капитализмнің қалай өркендегенін тексерместен бұрын, ең алдымен сол капитализмді туғызуға себеп болған тарихи жағдайларды тексеріп көрейік.

### Отар мәселесі

Біз жоғарыда «орыстың отаршыл үкіметі XVIII ғасырдың басынан бастап қазақ даласын отарлануға кірісті» деп ек. Бұл отарланудың мәнісі ол кездегі Русиядағы қаулап өсіп келе жатқан сауда капитализмі мен өркендей бастаған кәсіп капитализмінің (промышленный капитализм) тілегінен туды. Русия капиталистері бір жағынан қазақ даласын баса, Орта Азияны қолына қаратқысы келсе, екінші жағынан қазақ даласын әрі кәсіп бұйымдарын өткізетін базар, әрі шикізатын алатын орны қылуға тырысты.

Осы саясатқа кіріскен отаршыл үкімет басы Әбілқайырдан бастап, әуелі қазақ хандарын алдап, «ішкі билік өзінде, біз сырттан қарауыл боламыз» деп шарттасты. Бұл отаршыл үкіметтің қазақ даласына салған бұғалығы еді.

1822 жылдан бастап патша үкіметі қазақ даласын еркін иемденіп алған соң хандық дәрежені жойып, аға сұлтандыққа ауа бастады. Аға сұлтанды не өз сойылын соғатын бұрынғы хандар тұқымынан қойды да, не өзіне сенімді қазақ арасындағы беделді кара кісіден қойды. Мәселен: бастап аға сұлтандық шыққанда Ақмола, Семей облыстарында аға сұлтан болатын Шорман (Павлодар), Зілқара (Петропавл), Тұрлыбек (Ақмола), тағы басқалар хан тұқымы емес, ел арасындағы жабайы беделді адамдар тұқымдарынан патшаны жақтайтындар аға сұлтан болды да (Көкшетауда Абылай хан немересі Шынғыс, кіші жүзде Бөкей ұлы Жәңгір), патшаға қарсы тұрғандар (Кенесары) қуғынға ұшырады. Аға сұлтандық патша үкіметінің қазақ даласына салған жүгені еді.

1868 жылы қазақ даласын билейтін уақытша заң шықты. Бұл заңда аға сұлтандық шен құрды. Оның орнына сайлаумен ауылнай, болыснай, оязнай, губернатор тұратын болды. Аға сұлтан сайланған кезде ел билеу

<sup>12</sup> сол кітапта, 15-бет

<sup>13</sup> сол кітапта, 16-бет

реті рушылдық жөнімен еді. 68 жылдың заңы румен билеуді жойып, аумақпен (территория) билеуді шығарды.

68 жылдың заңында жаңа бір өзгеше нәрсе: қазақ жері - казына мүлкі деп саналды. Осы заңды отаршыл үкімет бетке ұстап, қазақ даласына переселеп (орыс кара шаруаларын көшіру) орнату ісін қолға алды. 68 жылға шейінгі патша үкіметінің саясаты қазақ даласын соғыс ретінде отарлану болса, 68 жылы жер жағынан отарлануға кірісті. Осы уақытша заң 1891 жылы ақтық рет бекіді. Переселен мәселесін патша үкіметінің өте тездетуіне ол кездегі Русияның басында болған саяси-шаруашылық себепкер болды. Олар мыналар:

Николай I дейтін орыстың патшасы көршілес күншығыс елінің ұсақ ұлттарын бағындырып алғаннан кейін Түркия мен Индияға қанатын жаюды ойлап, түрікпен 1840 жылдардың аяқ шенінде соғыс ашты. Русияның бұл ниетін көрген Ағылшын мен Франция капиталистері өз отарларын орыстан қорғап алу үшін Индия, Түркия жаққа орыс елін беттетпеу үшін, Русияның бетін қайтарып тастауды ойлап, Николай әскерінің алдынан шықты. Ол кездегі өнерлі Ағылшын, Француз әскеріне Русия әскері төтеп бере алмай, 1853 жылы олжа алудың орнына Қара теңіздегі су жолынан айрылып, Русия тұрып оңбай жеңілді.

Осы жеңілудің артынан Русияға сыртқы базарлардан қағылып, Русияның алдына ішкі кәсіпті өркендету мәселесі кеп туды. Русия өз кәсібін (зауыт-фабрикасын) күшейте бастады. Күшейген зауыт-фабрикаға жұмыскер күшті керек болды. Ол кезде Русияда құлдық право (крепостное право) бар кезі еді. Крестьянды құлданушы помещиктерден капиталистер помещикке ақша төлеп, крестьян күшін сатып алатын еді, өз қалтасына түсері жоқ болғасын крестьян белсеніп жұмыс істемей, енбегінің өңімі нашар болды. Патша үкіметінің алдына осыдан крестьянды еңбекке қалай қызықтыру мәселесі кеп шықты. Крестьянды қызықтыру үшін оның басын құлдықтан азат қып, алатын енбегін өз қалтасына түсіру керек болды. Осыны патша үкіметі көп жыл толғап, ақырында, 1862 жылы Александр II крестьян азат болсын деген жарлық шығарды.

61 жылдың заңынан кейін бірсыпыра крестьян кәсіпке кетті. Бірақ ол кездегі Русиядағы аз өндіріс орындары оларды түгел сыйғыза алмады, көпшілігі ауыл шаруасында қалды. 61 жылдың заңының 3-тармағы былай делінген:

«Помещиктің бұрынғы билеген жері сол қалпымен өзінде қалады. Помещиктер жерлерін крестьянға қысқалы, ұзынды мерзімге сатады. Крестьян сатып алған жері туралы өз мойнына алған міндетін дұрыс орындауға міндетті».

Крестьян помещиктен алғашқы қарқында жерді көп алды. Шарт жасап, міндетін кезінде орындауға уәделесті. Бірақ оны орындай алмады. Үйткені, помещик жерін өте қымбат бағаға сатты. Өзі жаңа құлдықтан құтылған крестьян ол қымбат бағаны төлей алмады. Патша үкіметі



крестьянға жаны ашығансып, крестьян үшін қарыз (кредит) ашты. Сомына айына 6 пурсент өсіммен ақша берді. Крестьян оған әуелі маз боп, сол ақша мен жерді сатып алып еді, бірақ артынан үкіметке борышып төлей алмай тағы сорлады.

Патша үкіметі мен помещик екеуі қосылып, крестьянды талайтынып крестьян тез түсінді; сондықтан құлдық правода тұрған кезінен босанғаннан кейін крестьян жанжалы көбейіп кетті. «1862-1868 жылдары Русияның 25 губерниясында крестьян көтеріліс жасады»<sup>14</sup>.

Осы көтеріліс көбейе бергесін, помещиктің жерін алып бер алмаған патша үкіметі крестьяндардан құлағын тиыш қылу үшін оларға қоныс іздеп, көзіне қазақ даласы түсті. Патша үкіметі көп ойланбай-ақ, переселен (крестьянды қазақ даласына көшіру) жұмысып қолға алды. Қазақ даласын жер жағыпан отарлануға бір себеп осы.

Крестьянды қазақ даласына көшіруге екінші себеп мынау:

XIX ғасырдың 60 жылдарына бастап, шет елдердің базарларында Русия астығының құны көтерілді. Сондықтан орыс үкіметі шетке көп астық шығара бастады. 1867 жылы Англияға шеттен барған астықтың 44 пурсенті Американикі болды. Астық бағасының осындай көтерілуімен Русия үкіметі ішкі егістігін көбейтуге кірісті. Оған қолданған бір шарасы – қазақ даласына крестьянға егін ектіріп, мол астық алу еді.

Патша үкіметінің қазақ даласын отарлану ретінде шикізатына да қызыққанын бұл арада айтуды қажет көрмедік.

Отаршыл үкіметтің осы саясаты қолға алынғаннан кейін қазақ даласына переселен қардай боран құйыла бастады. Оны мына сыйлар көрсетеді:

Ақмола губерниясына	Жылы		Жан саны
	1860-1887	1891-1892	8350
	1895-1896	13870	
		22104	
		36580	

Қазақстанның барлық губернияларында былай:

Губерниясы	Жылы	Жан саны
Ақмола	1896-1905	163 033
	1905-1917	490 257
Семей	1896-1905	11 047
	1905-1917	122 869
Орал	1906-1917	56 338

<sup>14</sup> Пионтовский «Очерк русской истории XIX-XX века», стр. 115

(Бұл сандар «Русия» атты жағрапия кітабының 13-томының 162-157 беттерінен алынды Кітап 1903 жылы Петерборда шыққан )

Қысқасы, төңкерістің алдыңғы жылдарында, әсіресе, жиһангер соғысына жақындаған сайын қазақ даласын отарлану ісі күшейді

### **Қазақ шаруасындағы өзгерістер**

Қазақ даласын соғыс ретінде отарлана бастағаннан қазақ даласына орыс үкіметі сауда қатынасын жасап, бұрынғы жабайы шаруаға ақша араластырып, қазақ даласына сауда капитализмінің тұқымын сепкен еді Переселен күшейгесін қазақ шаруасына да, тұрмысына да үлкен өзгерістер кірді Олар

#### **а) Ауыл шаруасы**

Крестьян жерін алып, бұрынғы беті ауған жаққа көшу жолы тарылғасын, қазақ елінің біразы тұрақты мекен мекендеп, егін кәсібімен айналысты Мысалға Ақмола губерниясын алсақ, ондағы қазақтар 1880 жылы 797 десятина жер сепкен екен 1890 жылы 12 212 десятина, 1900 жылы 22 десятина, 1913 жылы 71 495 десятина жер еккен Бұдан жыл сайын егістің ісі қалай өркендегені көрініп отыр Қазақстанның солтүстігіндегі губерниялардың бәрінде осылай


Қазақ ауылы мекендеп, тұрақты шаруа баққаннан кейін, мал шаруасына да өзгеріс кірді Солтүстік Қазақстанда переселен орналастыратын экспедицияның бастығы Щербин деген адам бұл туралы былай дейді

«Орыс қалалары келуімен қазақтың шаруасы түбірімен өзгерді Бұдан елу жыл бұрынғы өмірімен салыстырсаң, қазір көп айырма бар Қазаққа қазір сиыр малы көбейе бастады Көшпелі кезде ол жоқ еді Қазақ қазір малды аяғынан оттатпайды Шөп шабады Алдағы жылына шөп жинайды» (Материалы по обслед кир хоз , том XI стр 29 )

Ауылға ауыл шаруашылық мәшинелері бара бастады, ауыл бұрынғы көшпелі кезіндегі мал бағу, егін салу кәсібінен басқа Еуропада істелетін кәсіптер түрінің бәрін істеді Мәселен 1892 жылы мынадай кәсіптегі адамдар болды «Омбы қазағының 63,7 пуркенті малдан басқа кәсіп істеген, Көкшетауда 38 пуркенті, Павлодарда 30 пуркенті, Қостанайда 31 пуркенті, Ақтөбеде 32, Кәтте Атбасардың көшпелі елдерінде 14 пайыз» (там же, стр 31)

Шаруаның мұндай өзгеруінен, әрине, ауылда жаңадан баюшылар, жаңадан кедейленушілер болмай қоймақ емес

Жоғарыда көрсеткен Щербин экспедициясы ауыл шаруасын тексергенде әр кімнің кәсібін, шаруа күйін зерттеген Сол зерттегенде бұрынғы Омбы уезіндегі бес болыс қазақтың шаруа күйі былай болып шығады



Болыс	Үй саны	Жалданатын батырақтар		Батырақ жалдайтындар	
		жылдар	айлар	жылдар	айлар
Шарлак	1565	203	440		
Покровский	1629	252	206		
Омский	872	109	146	(1)	
Қорғанский	1020	114	236		
Николайский	1503	357	143		
Барлығы	6589	1035	1161	711	151

Бұл сипрлардан біз батырақтар саны көбеюмен қатар, кіші жалдаушылардың да көбейгенін көріп отырмыз. Шаруаның көшпелі түрінде мұндай кіші жалдау жоқ. Онда, көбінесе, малды ауыл боп бағады. Біреудің малы көп, біреудікі аз болуы, онда да қанаушылықтың болуы өз алдына бір мәселе. Тұрақты шаруаға көшкеннен кейін ауылда үлгілі шаруалар шықты.

Қазақтан жүздеп, мыңдап егін егетін байлар пайда болды (мысалы, Қостанайда Ысмайыл Жаманшалұлы, Омбыда Жексембай, тағы басқалар).

#### б) Сауда кәсібі

«Қазақ шаруасын тексерген» жоғарыда айтылған 9-томда Омбы уезінде 287 кісі мал саудасын қылатыны, шикізатпен 64 кісі сауда қылатыны, кездемемен 13 кісі сауда қылатыны, астықпен 9, ұсақ-түйекпен 18, қол өнерінің заттарымен 51, қымызбен 50, ағашпен 689 кісі сауда қылатыны айтылады.

Қазақ даласында базар көбейеді. «1900 жылы Ақмола базарлары 7181 мыңның саудасын істейді. Оның 3892 сомдығы қазақ бұйымы, бұл – барлық базарға түскен заттардың 56 пуркенті. 1913 жылы Ақмола базарлары 63 миллион 400 мың сомдық сауда қылады. 1900 жылы Түркістанды қоспағанда, барлық Қазақстанда 106 жерде базар ашылып, 32 миллион 700 мың сомның саудасын істеген»<sup>15</sup>.

«1913 жылы Орынбордың мына бай дворянында қазақ жүн-жабағының өзінен 863,1,778 сомның саудасын істеді»<sup>16</sup>.

Осы саудада қазақ ауылынан келетін заттардың көбі қазақ алыпсатарларының қолынан өтті. Сол алыпсатармен байып, ақырында өз күштерімен мыңдап өгіз жинайтын қазақ байлары шықты (Қызылжар уезінде Әлти Көкенұлы деген өз ақшасына жиһангер соғысының алдында мыңдап өгіз, он мыңдап қой жинады). Қазақ ауылында сауда

<sup>15</sup> Россия. Полное описание наш отец. том XVIII.

<sup>16</sup> Вестник Оренбурга стр. 164.

дағдылы кәсіпке айналды. Қазақтың ірі байларының саудасын жүргізетін ұсақ саудагерлер ауылда қаптап кетті. XIX ғасырға шейін сауданы мыңнан біреу ғана істесе, XIX ғасырдың аяғынан бастап, ауылда сауданы екінші бірі істеді. Саудагерлік ауылдағы басым шаруаның біреуі болды. Осы сауда қазақтан сауда капиталистерін жасады. Біз бұл арада сауда капитализмі қазақ ауылында Еуропада кең өріс алып, сауда капиталистері таптық ретінен толық пісті демейміз. Қазақ саудагерлері толық тап боп піскен жоқ. Бірақ, туып, өркендеп, таптық белгісін құра бастады. Қазақ ұсақ зауыт иелері шыға бастады (Көкшетауда Жүсіп деген тері зауытын салып, ондаған жұмыскер ұстады). Қазақ байлары банкпен айналыс қылып, сауда ретінде вексель беруді қолданды. Бұл кәсіп капитализмі мен ақша капитализмінің де алғашқы кірішісі қалана бастағанын көрсетеді. Қысқасы, XX ғасырдың басында қазақта жаңа байлар табы туды.

### с) Салт, сана, әдет-ғұрып

Өнерлі шаруамен, саудамен байыған қазақтың жаңа байлары баюмен қатар, тұрмысын Еуропа салтына сала бастады. Үй ішінің мүліктеріне өзгеріс кірді. ыдыс-аяқтар базардан алынды, көріс, жастық, төсеніштер таза түрге көше бастады, киім өзгеріп, Еуропа салтына түсті. Бірнеше қазақ байлары шаһарлы жерге барып, шаһар ғұрпымен, Еуропа салтымен тұра бастады (Мысалы, Қызылжардағы Қуанышовтар, Сақау Баймағамбет, тағы басқалар). Жаңа байлар өнер-білімге ұмтылып, ұлын, қызын түгел оқыта бастады. Жаңа байлар әйел «бостандығына» көз салды. Әйелді олар феодалдардай үй күні ғып ұстаған жоқ. Жаңа байлардың, әсіресе, шаһарда мекендеген байлардың әйелдері Еуропа салтына түсіп, ерлермен теңесуге, ерлеріне ақылшы болуға айналды. Жаңа байлар сауданы бұрынғы күндей әуезе себеппен жүргізбей, бухгалтерияны қолданды. Кіріс-шығыстардың бәрі есептеулі, тәртіптеулі болды. Бұл сықылды өнерлі сауданы жүргізу үшін байлар оқуға жұмылды.

### Ескішілдік пен жаңашылдық

Жаңа байлар дегенде, әрине, олар феодалдың үстін басып, көктен түсе қалған жоқ. Жаңа байлар екі жүйеден құрылды.

*Біреуі* Феодалдардың өз ішінен біразы ескі салтын тастап, жаңалыққа көшті де, біразы жаңа өмірге үйлесе алмай, кер кетті.

*Екіншісі* Жабайы қара шаруалардың ішінен саудамен көтеріліп, байыды. Жаңа байлар туа бастаған сауда капиталистері дейтіндеріміз – осылар.

Жаңа өмірге үйлесе алмаған қазақ феодалдары болса-болмаса да күйректікке, жылауға түсті. Оған бірнеше мысалдар келтірейік.

Салдақас Шорманұлы дейтін Павлодар уезіндегі атақты Шорманның баласы былай деген өлең шығарды:



«Көккүтан ұя салды қаз орнына,  
Төбетті құрметтедік тазы орнына  
Құсыттық ғадауатпен көтерілді,  
Бұрынғы ойын, күлкі, наз орнына  
Есекті көлік қылдық ат орнына,  
Ағайын алаш болды жат орнына»<sup>17</sup>

Нұржан Наушабайұлы деген Қостанай уезіндегі әрі ақын, әрі елдің сүбелі биі болған адам былай деген

«Қыран құстар қыр аспай,  
Қарға кіріп қатарға,  
Қуды ілген заман-ай,  
Тұлпар кірмей бәйгеге,  
Мәстек шауып, бәйге алып,  
Озып жүрген заман-ай,  
Жүн жібекке теңеліп,  
Асыл барқыт, берендер  
Тозып жүрген заман-ай »<sup>18</sup>

Шәңгерей Бөкейұлы дейтін киші жүздің Бөкей ханының немересі былай дейді

«Шағалалы көлдер шалқыған,  
Күмістей жүзі балқыған,

Сондай бір көлдер қу аса,  
Бұлағы кеуіп, құм болса,  
Ақыры оның не болар? –  
Тарақтан айбар ту сыртын,  
Айбатпен қозғап жақ, ұртын,  
Аунап жүрген нән балық,  
Басын соғып қайранға,  
Ит пен құсқа жем болар,  
Зауалы ауған айдын көк  
Қара жермен тең болар»<sup>19</sup>

Бұл үш ақын, үшеуі Қазақстанның үш қиырыңкі Біреуімен біреуі жолығысқан пенделер болмауға тиісті. Бірақ, үшеуінің зары дәл бірдей шығып отыр. Үшеуі де жаңа өмірге разы болмай, ескі өмірдің кер кеткенін ашық айтып, зарлап отыр. Жалғыз бұлар емес

«Қыс болса, қадірі өтер өткен жаздың,  
Әр ісі машур келер өнерпаздың

<sup>17</sup> Насихат қазақия Қазан, 1909 жыл 30-бет

<sup>18</sup> Алаш Қазан, 1911 жыл

<sup>19</sup> 23 жоқтау Мәскеу 26 жыл, 8-бет





Көлге ұшып, томар қонған күні құрсын,  
Кешегі көл жайлаған қоныр қаздын»

деген.

«Бұл күнде арғымақтан мәстек озды,  
Бұрынғы жақсылардың бәрі тозды.  
Ғаламат жердің жүзін жусан қаптап,  
Бітірді шегіртке жеп, шыққан бозды»

деген халық ауызындағы өлеңдер де ескілік пен жаңалықтың күресін көрсетеді. Жаңадан байып, тексіз, атасыздардан көтерілгендерге ескі аталықты феодалдардың қалай қарағандығын Көкшетауда Ыбырай Сандыбайұлы деген ақынның Қызылжар уезінде штаттан кейін болыс бои, артынан уезнойға помещник боп байыған Маймақ деген кісіге айтқан мына өлеңі көрсетеді:

«Баласы Пышқантайдың Маймақ едің,  
Өлі жүнін түспеген тайлақ едің.  
Әкенді көрмесем де естуім бар,  
Арбана жалғыз сиыр байлап едің.  
Орыстың жаяу қойын айдап едің,  
Күйген нан қатырлатып шайнап едің.  
Бұл күнде Маймақпын деп күпілдейсің  
Сол кезде Маймақ болсан, қайда едің?  
Осы кезде ақ майды жей алмайсың,  
Сол кезде жылында бір тоймап едің.  
Бір қатынға беруге малың жетпей,  
Отыз беске келгенше бойдақ едің.  
Мен сені жамандауды таппаймын ба,  
Әкеңнің аузын... кісі өлтірген борнақ едің.»

Ескішіл феодалдардың бұл өлеңдері, әрине, жаңа байлардың таза шаруа өркендеуін ғана жамандамайды. Сол көтерілген шаруа арқылы беделі көтеріліп, ел тізгінін қолдарына алып бара жатқанына қарсы болды. Бұндай өлеңдер толып жатыр. Олардың бәрін айта беруді қажет таппадық. Үйткені, олар XIX ғасырдың әдебиетіне жатады да, толық, XIX ғасыр әдебиетін тексергенде айтылуы тиіс. Бұл жүйеде жазылған өлеңдер ескі феодалдың өмірдің жаңа туып келе жатқан байшылдықтың өмірге қарсылығы. Өліп бара жатқан тап пен туып келе жатқантаптың күресі. Жоғарғы дәлелге келтірілген өлеңдер нағыз ескішілдік (консерватизм).

Феодалдардың бірсыпырасы жаңа дәуірлеп келе жатқан капиталистерге бейімдесіп, бір жағынан жаңалықты қолдай бастады дедік қой. Ақмолда, Әубәкір молда, Абай тағы сондай ақындар негізінде феодалшыл (ақсақалшыл) ақындар болғанмен, бұлар феодал табының сол жақ қанатын алып, жаңашыл болғандар (лививализм).



Бұлардың ішінде, әсіресе, Абайдың жаңашылдығы айқынырақ. Абай қазақ феодалдарының жаңашылдары байшылдық бағытқа көше бастаған кезіндегі көшпелі дәуірдің ақыны. Ол, негізінде, феодалдық өмірді қолдай отыра жаңалыққа тырмысты, халықты өнер-білімге, бас бостандығына үндеді. Тозып бара жатқан феодал табын тарихтың тар өткелінен сүйреп алып өтіп, жаңа дәуірге үйлестіргісі келді. Сондықтан «сайлауға таласу» сықылды берекесіздік салтты жамандап, өз табын өнер-білімге шақырды. Оған:

«Жасымда ғылым бар деп ескермедім,  
Пайдасын көре-тұра тексермедім.  
Ер жеткен соң түспеді уысыма,  
Қолымды мезгілінен кеш сүрмедім  
.....  
Адамның бір қызығы бала деген,  
Баланы оқытуды жек көрмедім.  
Баламды медресеге біл деп бердім,  
Қызмет қылсын, шен алсын деп бермедім»

дегені куә.

Бірақ Абай бұл бетінде сіресіп тұра алған жоқ.

«Әуелде тәңірім сорлы етті,  
Арсыз елмен әуре етті.  
Тағдырға білдік көнгенді,  
Адам деген данқым бар,  
Адам қылмас халқым бар,  
Өтірік пен өсекке  
Бәйге атындай аңқылдар»

деп тез болдырды. Бүйтуіне себеп, өзінің ескі табын түгел қия алмауы еді. Әйткенмен, Абай шаршады деп, феодалдардан байшылыққа ұмтылғандар шаршаған жоқ. Абайдың:

«Тәуекелсіз, талапсыз мал табылмас,  
Еңбек қылмас еріншек адам болмас.  
Есек көтін жусаң да мал тауып кел,  
Қолға жүкпас, еш адам кеміте алмас!»

деген ақылын алып, бұрынғы мырзалықты, бойкүйездікті тастап, мал табуға, саудаға кірісті. Сөйтіп, өзінің өліп бара жатқан табынан бөлініп, жаңа өркендеп келе жатқан капиталистер қатарына қосылды.

Қысқасы, ХХ ғасырдың басынан бастап, қазақ ауылына сауда капитализмі қанатын кең жая бастады; жана тап құрыла бастады. Жаңа тап құрылумен қатар, ескі феодал табы кер кетті, таптық белгісін жоюға бет алды.

Бұдан қазақтың феодалдары ХХ ғасырдың басынан құрыды деген



сөз шықпайды. Қазақтың феодал табы төңкеріске шейін де жасады; төңкерістен кейін де жасап келеді. Олар орыстың феодалдарындай таптық белгісінен мүлдем айрылған жоқ. Біз бұл арада феодал табын түгел жойылды дегелі отырғамыз жоқ, жаңа байлар тууымен қатар, феодал табының тапшылдық бейнесі кейін кер кете бастағанын айтып отырмыз.

Қазақтың феодалдары құрып бітпегені сықылды жаңадан туып, өркендей бастаған сауда байлары да (капиталистері) Еуропаның сауда капиталистеріндей толық піскен тап бола алған жоқ. Феодал табының толық жойылмауының өзі жаңа байлардың тап боп толық піспегенін көрсетеді. Қазақтың туып, өркендеп келе жатқан байлары толық ер жетіп болмай, төңкеріске кеп килікті. Бірақ, бұдан қазақта капитализм туған жоқ еді деуге болмайды. Қазақта ХХ ғасырдың басында сауда капитализмі туып, өсе бастады. Өсу мен ер жету – екі түрлі мәселе. Ал, ер жетуге келсек, әрине, толық мағынасында ер жете алған жоқ.

Қазақтың осы өркендей бастаған жас капиталистеріне қазақ елін отарланып отырған піскен орыс капиталистері еркіндік бермеді. Базардың билігі орыс капиталистерінде болды. Қазақтың жас капиталистері алыпсатарлық қана правомен пайдаланды. Осындай қысымшылық көрген қазақтың жас байлары орыс отарынан құтылып, базарды өз қолына алуды тілек қылды. Осыдан ұлтшылдық туды. Үйткені, «ұлтшылдыққа баулитын ең үлкен мектеп – базар» (Сталин). Бұл туралы Сталин жолдас былай дейді:

«Жан-жағынан қысым көрген отар ұлттың байлары (отарланып отырған елдің байларынан көрген қысымды айтып отыр – С.М.) сөзсіз, ұлт қозғалысын бастайды. Байлар қашан да болса, мұның төменгі бұқараға шағып, жалпы ұлт атынан сөйлейді. Өз тілегін халықтың тілегі ғып қояды. Ұлт байлары жалғыз өз халқын ғана емес, «тұқымдас» көрші халықтарды да жәрдемге шақырды.

«Туысқанға» сәлемдесу ретінде «төменгі» бұқара да қарап жатпайды. Олар да қарсы (отаршылдарға. – С.М.) бола бастайды.

Ұлт қозғалысының бастауы осылай».

Сталин жолдастың осы сөзі қазақ ұлтшылдарының қозғалысына дәл келеді. Оны ілгеріде де дәлелдейміз. Әзіргі айтарымыз: ХХ ғасырдан бастап туған қазақ ұлтшылдарының қозғалысы азын-аулақ оқығандардың басынан ғана туған нәрсе емес, ол қазақтың жаңа туып, өркендеп келе жатқан капиталистерінің таптық тілегінен туған қозғалыс.



### III. ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТШЫЛ ОҚЫҒАНДАРЫ

Қазақтан шыққан ұлтшыл оқығандардың қалай өркендегені, не айтқаны туралы сөзді кейінірек қалдырып, сол оқығандардың қалай туғанынан азын-аулақ сөз айта кетейік.

#### Ислам діні, жана қадым оқуы

Қазақ даласын отарланған патша үкіметі отарын мықтап бекітіп алғаннан кейін үнемі мылтық күшін жұмсай берген жоқ. Бір жағынан әскермен қорқытса, екінші жағынан үгітпен көтеруге кірісті. Қандай үгіт қолайлы болады деген мәселені тексергенде патша үкіметінің көзіне ислам діні түсті. Ислам діні түсетін себебі: ол кезде қазақпен туыскандық жағынан жақын, әрі көршілес елдері: татар, башқұрт елдері Русияға мүлдем бағынып болған еді. Бұл елдердің діні – ислам еді. Патша үкіметі қазаққа крестьян дінін ұсынуға қорықты да, татар, башқұрттың молдалары арқылы қазақ даласына дін жаюды ойлады. Бұдан бұрын, XVI ғасырдан бастап, өзбектің саудагер қожалары арқылы ислам діні қазаққа жайыла бастағанмен, қазақтың арасына нашар тараған еді. Патша үкіметі көп ойламай-ақ, татар молдаларын қазақ арасына таратты. Ол молдалар қазақтың хандарының қолына, ел ақсақалдарының қолдарына келіп тұрды. Молдаларға патша үкіметі үш түрлі міндет жүктеді: 1) Хан ордасында патшалық жұмысын атқару; 2) Тыңшылық ісін басқарып, қазақ арасындағы патшаға қарсылықты үкіметке жасырын жеткізіп тұру; 3) Мешіт салдырып, дін үйретіп, халықты патшаға қарсы болмауға үндеу.

Осы мақсатпен тараған татар молдалары арқылы салынған мешіттердің қасында 1782 жылы медреселер болсын деген патша үкіметінің жарлығы шықты. Сонымен қазақ ауылына ескіше оқу ең алғаш кіре бастады. Сол кезден бастап, қазақтан қадымша хат танушылар шықты.

#### Миссионерлік жана орысша оқу

Бертін келе, қазақ даласы көніп болғасын, 1868 жылдың штаты шығып, қазақ даласы шын мағынасындағы отарға көшкесін, патша үкіметі өзінің көптен құрып жүрген «Қазақты крестьян дініне шоқындыру» деген жобасын қолға ала бастады. Миссионерлікті (шоқындыру саясатын) жедел қолға алды. Мұндай ойы – қазақ елінің ұлттығын, дінін, тілін жойып, өз қол астына еркін меңгеріп, бұрынғыдан да қаттырақ қанау еді. Осы ниетпен қазақ арасына орысша-қазақша оқуды аралас оқытатын мектептер құруға кірісті. Қазақша дегенде, әрине, ол кезде қазақ тілінде оқу жоқ. Қазақ тілі дегені – татар, араб, парсы, өзбектен қосылған, түрлі атпен аталған ала жабыр тіл.



Патша үкіметі бұл пландыны құрғасын, қазақ даласында орыс мектептері ашыла бастады. Мәселен, 1879 жылы Торғайда ең алғаш қазақ балаларына арналып, екі класты шкөл ашылды, 1883 жылы Орыскейде қазақ балаларынан ушител даярлайтын шкөл ашылды. 1887 жылы қазақ болыстарында болыстық шкөл, 1891 жылы қазақ арасында ауылдық шкөлдер ашылсын деген жарлық шықты. 1892 жылы ауыл арасында көшіп жүріп оқытатын шкөлдер ашылуға қаулы болды<sup>20</sup>.

Міне, осы мектептердің бәрі қазақ елін шоқындыру саясатымен ашылғандар еді.

Бұл шкөлдер ХХ ғасырдың бер жағында көбейді. Мәселен, 1909 жылы Торғай облысының төрт уезінде (Ырғыз, Торғай, Ақтөбе, Қостанай) «8 жерде екі класты орысша-қазақша мектеп, 100 жерде ауылдық шкөл ашылды. Осы облыста екі-ақ жерде қазаққа арналған медресе болды» (Обзор Тургайской области. 1912.стр. 92.).

«1912 жылы екі класты шкөл 14, ауылдық шкөл 110, медресе мен шкөл 3 болды» (Обзор Тургайской области. 1912. стр. 118.).

Басқа облыстарда да орыс мектебі осылай өсті. Бұларға казак әуелі баласын бермей, тартынғанмен, артынан Еуропа мәдениетімен араласып, дәмін татқаннан кейін балаларын бере бастады. Қазақ балалары төмен дәрежелі шкөлдерден шығып, орта дәрежелі шкөлдерге кіре бастады. Мәселен, «1912 жылы Торғай облысындағы қазақтардан орта дәрежелі, жаңа жоғарғы дәрежелі мектептерден 42 кісі оқыды»<sup>21</sup>. «1901 жылы Ақмола облысында гимназия мен тағы басқа орта дәрежелі шкөлдерде 40 бала оқыды» (Обзор Ақмолинской области. 1900. стр. 55.). «1913 жылы Орал облысының барлық уезінде қазақтан 6561 ер, 1399 әйел оқыды»<sup>22</sup>.

Бұл шкөлдер қазақ арасына миссионерлік саясатпен ашылған емес, оның қазақ даласына мәдениет апаруға үлкен пайдасы боп шықты. Надандықтарының шырмауына түскен далада бұл шкөлдер мәдениеттің шамын тұтатты. Патша үкіметінің саясатынан күткен нәтиже іс жүзінде өзгеше боп шықты. Қысқасы, ХХ ғасырдың бер жағында Еуропа халқымен араласумен қатар, қазақ елі Еуропаның мәдениетін де алды.

## Жәдит

ХХ ғасырдың бер жағында қазақ ұлтшылдарының пікірін айқындауға татар ұлтшылдары үлкен себеп етті. Біз жоғарыда қазаққа оқу деген заттың өзі ең алдымен татар арқылы келді дедік қой.

ХІХ ғасырдың аяқ кезінде татардың орталық қаласы Қазанда қазақ тілінде шыққан көп кітаптар, әрине, көркем әдебиеттер еді. Көркем

<sup>20</sup> Россия Киргизский край, том 18, стр 172 1903 г

<sup>21</sup> Обзор Тургайской области 1912 стр 120

<sup>22</sup> Обзор Уральской области 1913 стр 124



әдебиет болғанда, бір жүйесі қазақтың халық әдебиеті, екінші шіл араб, парсы тілінен аударған діни кітаптар. Бұл кітаптардың тіл жағына, маңызына біз бұл арада тоқтамаймыз. Ол – XIX ғасырдың әдебиетін тексергенде жазылатын нәрсе.

XX ғасырдың бер жағында татар капитализмі орыс капитализмімен жағаласып қалды. Русияда отырған отар елдердің ішінде татар капитализмінен өркендеуі жоғары капитализм болмауға тиісті. Осындай ер жетіп қалған татар капитализміне базар еркіндігі капитализмі жана туып келе жатқандардан гөрі молырақ керек болды. Сондықтан татардың ұлтшылдығы өзге отар елдермен салыстырғанда бұрын оянды да, бұрын күшейді.

Татар ұлтшылдары Еуропа тәрбиесін өзге отарлардан гөрі бұрынырақ алды. Осындай өркендеген татар капиталистерінің жокшылары – ұлтшылдар. Сталин жолдас айтқандай, Русия капитализміне күш жиып қарсы шығу үшін көршілес отар ұлттарға «Русия бізді құлданып отыр, бұдан босанайық» деген ұран таратты.

Капитализмі өркендеген татарда мәдениет ісі жаңа жолға, Еуропа жолына түсті. Мектеп тап құралы болса, татардың байлары бұрынғы ескі мектептерінен (қадым) безіп, мектепті байлардың ынғайына қарай жана жолға (жәдит) қойды. Қазанда ашылған – **Мұхаммедия**, Үпиде ашылған – **Медресе Ғалия**, Орынборда ашылған – **Медресе Құсайыния**, Троицкіде ашылған – **Медресе Уәзипалар** – татардың капиталистерінің тілегінен туған таза байлар мектебі. Бұл мектептерге қадымшілдер (ескішілдер) жан-тәнімен қарсы болды. Бірақ байлары өсіп, өркендеп келе жатқан тап болғандықтан, жәдит солардың тілегінен туғандықтан, қадымды жәдит жеңді. Жәдит үстемдік алды.

Татардың осы байлар тілегінен туған мектептері қазақта ұлтшылдық пікір туғызуға көп көмектес болды. Әуелгі кезде жәдитше оқыған татар шәкірттері қазақ ауылына тарап, бала оқытып, жәдитшілдіктің тұқымын септі де, артынан қазақ ауылынан сол татар мектептеріне барушылар қардай борады.

XX ғасырдың 10 жылдарында татар мектептері қазақ ауылына мәдениеттің бұлағы болды. Білімге сусаған қазақтың жаңа байлары орыс шкөлдерімен қатар, татардың жаңа мектептеріне балаларын бере бастады. Осы мектептерден оқып шыққан қазақ жігіттері ауылды мәдениетке жетектеушілік міндетін атқарды.

Қорытып айтқанда, орысша, татарша мектептерден XX ғасырдың бер жағында қазақтан оқушы көбейді. Олар құр ғана оқып қойған жоқ. Сол мектептерден ойшыл оқыған (зиялы) атын алып шықты. Қысқасы, қазақтан оқығандар тобы (интеллигенция) жасалды.

Қоғамның ішінде тұрмысы, шаруасы үйлес бір жүйе пайда болса, сол жүйенің тілегін тілеп, сойылын соғатын жолбасшылар да (идеолог)



шығады. Марксистдер бұл пікірге таласпайды. Жоғарыда көрсетілген тарихи жағдайлармен XX ғасырдың басында басы құралған қазақ оқығандары, сөзсіз, қазақтан жаңа туып, өркендеп келе жатқан байлардың тілегіне үйлесе кетті. Ұлтшылдыққа шаруашылық жағдайды қазақтың туып, өркендеп келе жатқан капиталдық шаруасы туғызды. Міне, осы тілекті қазақтың оқығандары (зиялылары) іс жүзінде жарыққа шығарып, ұлт туын қолға алды. Ұлтшылдық осындай жағдайлардан туды.

#### IV. ҰЛТШЫЛДЫҚТЫҢ ӨРКЕНДЕУІ

##### 1905 жылға шейін

1905 жылға шейін қазақ ұлтшылдарында ашық пурграм болған жоқ. «Күншығыс елдерінде ұлт қозғалысы, негізінде, 1905 жылдан бастады» (Ленин. 19 том. 99-бет). Бұған шейінгі «ұлтшылмын» дейтіндердің ұлтшылдығы «Сары орыстың бәрі орыс» деген сықылды ауыл арасындағы іштен қарсылық істеуден асқан жоқ. Ұлтшылдың туын қазақтан алғаш ұстаған Ахмет Байтұрсынұлы да 1905 жылға дейін Крыловтың мысалдарын аударып, қазақ елінің мінез-құлқын «түзеуден» (нравоучение) артық пікір айта алмады. Ахметтің «Қырық мысалы» ұлт туын ұстап шыққан шығарма емес. «Қырық мысалда» ұлт туын ұстағандық жоқ, ұстауға ойлағандық қана бар. «Қырық мысал», негізінде, «мінез түзегіш» кітап.

1905 жылы Русияда ұлы төңкеріс болды. Жүздеген жыл рақымсыз қанауға түскен орыстың жұмыскерлері қанау асқынып кеткесін одан құтылуға шара қарастырды. Ол кезде орыс пурлтариаты түгелімен пурлтариат үстемдігін жасағанда ғана қанаушы таптан құтылатындығын толық түсініп жеткен жоқ еді. Осындай қате пікірде жүрген жұмыскерлер патшаға барып Николай II-ге, мұнын шағып, патша арқылы тұрмысын ондауға ойлады. Жұмыскерді езіп отырған капиталистер патша оны білмейді деп түсінді. Патшаның байлардың қол шоқпары екенін білмеді.

Жұмыскердің арасында тыншылық ісін атқарып, жұмыскердің көзіне төңкеріс орнына тәңіріне тартып, дін арқылы жұмыскерді капиталистерге жегізіп жүрген Гапон дейтін поп бар еді. Сол попқа күн сайын ереуіл жасай берген жұмыскерлердің бетін бір мықтап қайтару үшін патша үкіметі жұмыскерлерге «Патшадан тілек қылсаңдар, патша жарыққайды» деген сөзді айтқызды. Осыған алданған жұмыскерлер 1905 жылы 9 январда қазіргі Ленинград қаласында Гапонды алдына салып, патшадан мейірім күтіп, патшаның ордасына барды.

Патша үкіметі бұл кезде тиісті орындарға әскерін даярлап қойып, ордаға жақындаған жұмыскерлерді мылтық атып, қырды да салды.

Жақсылық күтіп барған жұмыскерлер патшадан қырғын тапты. Патша



үкіметі осы қырғын арқылы жұмыскердің жүрегін шайып, бір жола тұқыртам деп ойлап еді. Бірақ іс жүзінде олай болмай шығып, патшаның қанішерлігін көрген жұмыскер белін буды да, күресе түсті. Гапон сықылды поптар енді алдай алмады. Осы қырғыннан кейін Русияның ойқырындағы зауыт-фабрик те төңкеріске қатынасып, оған, қан майданға шықпаған жұмыскер аз боды.

9 январь көтерілісі 1905 жылдың октябріне шейін созылды. Патша үкіметі ешбір күшпен көтерілісті баса алмады. Патша үкіметіне үлкен қатер туды. Сондықтан 1905 жылдың октябрінің 17-сі күні патша үкіметі манифест (кешірім) шығарды. Кешірімде үкімет жұмыскерді тәртіпке шақырып, мынадай сөздер жариялады:

1. Жиылысқа еркіндік беріледі.
2. Сөзге еркіндік беріледі.
3. Пәнге еркіндік беріледі.
4. Адамның жеке қара басы еркін болады.
5. Үкіметті бұдан былай халық кеңесі басқарады<sup>23</sup>.

Жұмыскерлер бұл кешірім шыққан кезде азырақ алданды. Патша үкіметі енді жарылқайды деп ойлады. Бірақ іс жүзінде олай болмай шықты. Бұл айтылған бес шарттың біреуі де орындалмай, жанжал қайта көтерілді. Бірақ бұл көтеріліс ұзаққа созылмай, патша үкіметі 1905 жылдың 11 декабрінде мемлекет думасын шақыруға қаулы қылғасын жұмыскерлер патшаның теңдігі осы екен деп, алданып, көтерілісін бәсеңдетті. Көтерілісті пшүү деп бастаған, қан төккен пурлтариат болғанмен, төңкерістің ақыры байлар пайдасына шешілді. Лениннің «1905 жылғы төңкеріс – байлар төңкерісі болды» дейтін себебі осы.

Әйткенмен, 1905 жылдың төңкерісінің ірі тарихи маңызы болды. Пурлтариат 1905 жылы досының кім, қасының кім екенін айқын көрді. Өзінің кемшіліктері де, не істеуге тиісті екендіктері де осы төңкерісте айқындалды. Сондықтан пурлтариат енді байларға, байлардың құралы – патша үкіметіне сенімін ақтық жойып, өз үстемдігін жүргізудің даярлығына кірісті.

1905 жылдың төңкерісі отарда отырған елдердің байларының да пурграмын ашып берді. Оларға 1905 жылдың төңкерісі патша үкіметінің кім екендігін айқын оқытып берген мектеп болды. Сол мектептен оқыған ұлтшылдар ұлтшылдығын көмескі түрден ашық түрге аударды. Патша үкіметінің жұмыскерді алдаған, жоғарыда көрсетілген 5 тармақты кешірімін ұлтшылдар іс жүзінде өз ұлтына арнап, жарыққа шығаруға тырысты.

<sup>23</sup> 1905 год. «Материалы и документы» под. ред. Покровского. Москва. 1905 г.



## 1905 жылдан кейін

1905 жылға шейін ұлтшылдықтың бас көсемінің біреуі Ахмет Байтұрсынұлы «мінез-құлық түзеу» сықылды мысалдармен қазақты тәрбиелеуге ойласа, 1905 жылдан кейін:

«Қазағым, елім,  
Қайқайып белін  
Сынуға тұр таянып.  
Талауда малың,  
Қамауда жаның,  
Аш көзінді оянып.  
Қанған жоқ па, әлі ұйқын,  
Ұйықтайтын бар не сиқың?»

деді. Қысқасы, 1905 жылдың артынан қазақ ұлтшылдығы күшейе бастады. Өркендей бастады.

«Ұлттың байлары мұның «кейінгі» бұқараға шағады, бұқарадан жәрдем сұрайды. Байлар атынан емес, жалпы ұлт атынан сөйлеп, өз тілегін ұлттың тілегі қыла сөйлейді» деген жоғарыда, Сталин жолдастың сөзі есімізде.

Қазақтың байларының тілегінен туған ұлтшылдар ұлт туын көтергенде жалпы «қазағым» деп шықты. Қазақты ояту үшін, қазақтың жүрегін патша үкіметіне қарсы қозғау үшін ұлтшылдарға өткір құрал керек болды. Ол құралды ұлтшылдар көркем әдебиет деп білді. Сондықтан ұлт туын көтерген ұлтшылдар (бірең-сараны болмаса) түгел өз пікірлерін өлең арқылы айтты.

Әрине, ол өлеңдердің бәрі бірдей толық мағынасындағы көркем әдебиет емес. Бұлардың мазмұны бар да, көбінде түр жоқ. Бұл араға XIX ғасырдың екінші жартысында буржуазия тілегінен туған орыстың халықшылдары туралы Плехановтың мына бір сөзін мысалға келтіруге болады:

«Халықшылдардың шығармаларында көркемдік пен тексеру қатар жүреді. Халықшыл жазушылар ақындықтан гөрі әлеуметшілдікке жақын. Олардың шығармаларында Грибоедовтың «Горе от умасындағы», Тургеневтің «Рудинындағы», Гогольдің «Мертвые душиындағы» сықылды жақсылап, ашық шығарған кейіпкерлер жоқ... Халықшылдар жеке кісінің кейпін жасаған жоқ, қоғамның, бұқараның кейпіне көңілін көп бөлді» (Плеханов, собр. соч., том 10, стр. 14.).

Ұлтшылдардың ұлтшылдығын көркем әдебиеттен бастауы – көркем әдебиеттің бұқараға әсері тез жайылатындықтан болды.



## ҰЛТШЫЛДАРДЫҢ ҰРАНДАРЫ

Саяси бетін ашқаннан кейін ұлтшылдардың басты ұрандары мыналар болды:

### Өткенді дәріптеу:

Ұлтшылдар ең алғаш қолына ала салысымен қазақтың отарға бағынбаған, өз алдына хандық құрған дәуірін дәріптей бастады.

«Ертедегі еркін қайда?  
Еркіндегі көркін қайда?  
Айдын шалқар көлің қайда?  
Көлге қонған елің қайда?»

(«Маса»)

деп Ахмет жырлады.

«Ол заман үш жүз бірге араласқан,  
Бағынып еш патшаға қарамастан.  
Хан шығып өз ішінен халықты билеп,  
Билсірі хүкім етіп, өрнек шашқан.»

(«Оян, қазақ», 8-бет)

деп Міржақып жырлады.

«Ханың бар еді асылдан,  
Жарлығы халыққа шашыған,  
Ақсақал билер бар еді,  
Биленген шешіп түйінді,  
Бай мырзалар бар еді,  
Салтанат түзеіп, тұрмысын  
Хан ұлынан асырған.  
Батырларың бар еді,  
Жауға қарсы барарға  
Аргымақ тұлпар еді,  
Жібектей жалын тарарға.  
Шешен шайыр бар еді,  
Әрбір айтқан сөздерін  
Мың ділдаға аларға.

(«Бала тұлпар», 4-бет)

деп Омар Қарашұлы жырлады.

«Халық едің сақара еркін өскен,  
Жаз қырда, қысқа қарап құмға көшкен.  
Қара жер қайыстырып, қаптаған мал  
Жарасып жүруші еді еріп көшпен.

.....



Аз уақыт осылайша болған күнің  
Тең болды бұл заманда көрген түспен.»  
(«Кенес», 41-бет)

деп Ахмет Мәметұлы жазды.

«Ах, өттің кешпен палуан шыққан күнім,  
Алысып, бірін-бірі жыққан күнім.  
Ақсақал ақыл айтса, аузын ашып,  
«Ләллэй» деп, жас жігіттер ыққан күнім.  
Ах, өттің мұнар болып жанған күнім,  
Қылды қырыққа әділдікпен жазған күнім.»  
(«Ұран», 6-бет)

деп Кенжеғали Ғабдолин жазады.

Бұл сықылды өлеңдерді мысалға көп келтіруге болады. Оларды жаза берудің қажеті жоқ.

Енді біз осылай ұлтшылдардың жаңа байдың тілегінен туып отырып, жаңа өмірге қайшы келетін ескі хандық дәуірді неге дәріптегеніне келейік. Оған себеп мынау: қазақты патша үкіметіне қарсы салу үшін, қарсы қозғау үшін ұлтшылдар «кешегі күнін қандай еді, отарға кіргесін қандай болды?» деп, қазақтың көзіне өткен күнін әдейі елестетіп отыр. Ондағы ойлары – хандық дәуірді қайта құру емес, хандық дәуірді қазіргі қазақтың алдына тартып, өткен отар емес күнін сағындыру. Сөйтіп, отардан бөлініп, өз алдына мемлекет құрған ел қылуға жетектеу. Бірақ, қазақ отарға қарсы шығып, өз алдына ел болса, ондағы ұлтшылдардың құратын үкіметі мен хандықтың арасында көп айырма бар. Оны февральдан кейін құрылған Алашорда айқын көрсетті. Болашақта құрғалы отырған ұлтшылдардың ол кездегі үкімстінің хандық үкіметке аты жанаспайды.

Бұдан қазақтың ұлтшыл ақындары салған жерден феодалдық өмірді біржола жек қорді деген сөзді ұқпау керек. Олар феодалдық өмірді негізінде ұнатпағанмен, кейде сол өмірдің өзіне шын беріле жырлап кеткен кездері болды. Бұл, әсіресе, Омар Қарасұлының «Аға тұлпарыңда» ашық көрінеді. Мұндайлар басқаларында да кездеседі. Оған себеп – қазақ ауылында феодал табының салмағы бары, жаңа байлар өмірінің толық піспегендігі. Ескіні дәріптеуде осындай жағдайда болғанмен, ұлтшылдар негізінде жаңа байдың сойылын соқты да, көп жерде ескі өмірді дәріптеуді ұлтшылдықты өркендетуге құрал есебінде қолданды.

## Жер жұмысы

Сталин жолдас былай дейді:

«Ұлт қозғалысының әлді-әлсіз болуы оған сол ұлттан шыққан пурлтариат, қара шаруаның қалай қатынасуынан. Пурлтариаттың байларды жақтауы – санасының, ұйымшылдығының қандай түрде



тұрғандығына байланысты. Саналы пурлтариаттың өзіне арнаулы мақсаты бар. Олар ұлт байларының тууына еш уақытта қосылмайды.

Қара шаруаны алсақ, оның ұлт қозғалысына қатынасуы, оған істелетін қысымшылыққа қарайды. Егер қысымшылық «жер» жағынан болса, Ирландияның крестьяны сықылды кара шаруа ұлт орнына белсенді қатынасады»<sup>24</sup>.

Қазақстанда ол кезде пурлтариат саны аз және санасыз кезі. Ал қара шаруаны алғанда, олардың көкейінде жер мәселесі – нағыз ауыр мәселе. Шынында қазақ даласында ол кезде қара шаруаға жететін жер қалған жоқ. Жер болды, бірақ орыс қалалары кеп түскен жерден басқа жерге ауылдың үстем табы (ақсақал, би, болыс, атқамінер, бай) ие болды...

Сондықтан енбекші бұқара жерден таршылық көрді. Осы таршылықты олар орыстан деп ойлады. Байлар оларға солай түсіндірді. Ауылдың үстем табы бұрынғы ен жайылып, 200 - 500 шақырым көшіп жүретін жерді тіледі. Орыс қалалары жан-жағын қоршап алғаны оларға ұнамады. Олар бұған қарсы болды.

Ұлтшылдар осы қарсылықты түсінді де, ауыл шаруасының ең ауру тамырын басып, отаршылықтың зорлығын ең алдымен жер жағынан бастап жырлады.

«Мінекей мұжық келді көшкен бұлттай,  
Қазақтың қояр емес жерін құртпай.  
Келді де егін салып, байып кетті,  
Жалқау ма олар, тәңірі-ау, біздің жұрттай.  
«Көрдің ғой бұл уақытта тарылғаның  
Алынбас ілтипатқа жалынғаның.  
Он бестен кісі басы берсе десятина  
Жер берсе сонда, қазақ, нешік қалың?»

(«Оян, қазақ», 23-бет).

«Кір жуып, кіндік кескен қайран жерлер,  
Мұжыққа қош аман бол барасың да.  
Қасиетті бабалардың зираты,  
Қалды ғой көшесінің арасында.  
Моншаға зираттың тасын алып,  
Ағашын отқа, мұжық, жағасың да.  
.....  
Шалқар көл, аққан бұлақ, жайлы қоныс,  
Орман, тоғай кетті ғой ағашың да.

(«Оян, қазақ», 21-бет).

Міне, бұл хандық дәуірді дәріптеуден гөрі қазақ даласына сүйкімді, нағыз сенімін қозғайтын ұран.

<sup>24</sup> Сталин И «сб ст»

Патша үкіметінің отаршылдық саясатымен қазақ даласына кеп, қала салған, өз еркімен келмей, помещиктердің зорлығымен келген орыс еңбекші шаруасында жазық жоғын ауыл қазағы қайдан білсін. Бұл ұранға қазақ баласы сілкінді.

Екі ұлтты (орыс пен қазақты) атыстырып, біріне-бірін жау қып көрсетіп, содан саяси олжа тауып отырған патша үкіметі, қазақ даласына көшкен мұжыққа қазақты жау көрсетті.

Саяси надан, білімі кем, отар мен отарланушылықтың не екенін білмейтін орыс қара шаруасы, патшаның шабарманы пристав, урядниктердің тіліне еріп, салған бетте қазақ даласына тиышсыз бола келді. Келе сала қазақтың қыстауын күйдіріп, адамын сабап, малын ұстап алып, қазақты үркітті. Жерімнен айырылдым деп отырған қазақ елі мынадай қол күшті көрген соң, орысқа қаны тіпті қарайды. Қазақ та қарап қалған жоқ «ереуліге қарулының» керін істеп, орыстың қаласын күйдіріп, малын ұрлап, көп зиян салды. Қазақтың байлары қара бұқараны орысқа қарсы үндеді.

«Атандым Нұрмағамбет балуан шолақ,  
Құдайым маған берген күш пенен бақ.  
Сұлу қыз жас келіншекке тиышсыздауым.  
Жалғыз-ақ тал бойымда мінім сол-ақ.  
Қырық-қырықтап крестьян өгізін ұрласам да,  
Соңымнан бір қалмайды қазақ дорақ», -

деп, қазақтың Шолақ балуан сықылды атқа мінерлері крестьян өгізін ұрлағанын мақтаншылық қылды. Бұл сықылды «ерліктер» қай елдерде болса да болмаған. Қысқасы, отаршылдық саясатымен екі ұлт бірімен-бірі тістесіп, бірін-бірі қас дұшпаны көрді.

Ұлтшылдар осы тістесуімен пайдаланып, қазаққа мұжық жерінді алды, мұжықтан зорлық көрдің деп еді. Қара бұқараның бұл сөз нағыз қышыған жеріне тиіп, көпшілік ұлтшылдардың ұранына құлағын түре бастады.

1910 жылдардың кезінде қазақ даласына переселен өте көп қуылды. Бұған себеп, Сібір жолы мен Ташкент жолдарының салынуы еді. Тегі, бұл жолдардың өзі отаршылдық саясатымен салынған жолдар еді ғой. Бұл кезде ұлтшылдық тіпті күшейді. Қазақ даласының ой-қырынан ұлтшылдық ұранына қосылғандар гулеп шыға бастады.

### Жер мәселесінде баспасөз

1910 жылдарға шейін ұлтшылдар отаршылдыққа қарсы пікірін жеке-жеке айтса, 10-жылдардан кейін ұйымдасуды тілек қылды. Жеке қара басының пікірін көпшіліктің пікірі қылуға тырысып, отаршылдыққа қарсы әлеуметшілдік пікір туғызуға тырысты.



Осы мақсатты жарыққа шығару ниетімен әр жерде қазақ тілінде баспасөздер көріне бастады.

10-жылға шейін қазақ ұлтшылдары ұлтшылдық пікірлерін шешпіншақтап татардың «Уақыт», «Тәржіман», «Июлдоз» сықылды газеттері, «Шура» сықылды журналы арқылы жазды. Бірақ олар қазақ даласына көп тарай алмай, бір-сараң кісі ғана алдырды. 10-жылдан кейін қазақтың өз тілінде, ұлтшылдардың қолынан кіндік баспасөздер шығуға айналды.

Қазақ тілінде ең алғаш баспасөздердің ішінде көрнекті маңызы болған Троицкіде Мұхаметжан Сералин шығарған «Айқап» журналы. Бұл журнал қазақ ұлтшылдарының пікіріне әлеуметтік маңыз беріп, көпшілікті ең алғаш өз маңына ұйымдастыра бастаған бірінші баспасөз. Журналдың жалпы қозғаған мәселелерін, бұл арада кейінге қалдыра тұрып, жер мәселесі туралы қандай маңызы болғанын айта кетейік.

«Айқап» 1911 жылдан бастап шығып, 1913 жылдың аяқ шенінде тоқтады. Осы екі арада шыққан сандарында жер мәселесін сөз қылмаған журналдың саны аз болу керек. Жер туралы талай адам мақала жазып, талай ұсыныстар болды. Солардың інінен көрнекті бірер мысал келтірейік: «Айқаптың» 1911 жылы шығатын II санында мемлекет думасының шлені Бақытжан Қаратаев жазады.

«1905 жылы Торғай облысынан көп қазақ персселенді тоқтат деп патша ағзамға арыз ұсынған соң, жер департаментінің бір төресі – Забылло шығып, қазақтың қал-жайын көріп айтып, персселенді тоқтатуға ұсыныс істеп еді, министрлер ол ұсынысты аяқсыз тастады...

«1905 жылы қазақ депутаттары бас министр Столыпинмен сөйлесіп, артынан қазақ жері туралы айрықша мәжіліс болып еді. Ондағы тілек казакты 15 десятинадан онды жер беріп орналастыру еді.

О да аяқсыз қалды...

«II думада қазақ жері сөз боп жүргенде, үкімет думаны жауып тастады да, болашақ думада қазақтан депутат сайланбайтын, думадан қазаққа дауыс берілмейтін күйге ұшыратты...

«1908 жылы Торғай облысынан Ержан Оразов, Сырдариядан Сералы Лапин, Оралдан Бақытжан Қаратаев III думаға қазақ жері туралы проектті (жоба) кіргізбек боп жазып, кадет пен октябристер депутаттарына сөйлесіп еді. Персселен тоқталсын дегеннен басқа тармағын қабылдап, ең керекті жерін алып тастап, проектті шүнтитып қойды...

«1909 жылы 7 июньде министрлер кеңесінің инструкциясы шықты. Бұның 19-графасы көшпелі қазақтар туралы сөйлейді. Степное положение бойынша барлық қазақ көшпелі саналатын ғой. Көшпеліге арналған 19-графыда қазаққа жақсылықтан ырым жоқ...

«Осы заңның 20, 21, 22-параграфтегі қала салған қазаққа 10-нап 15-ке дейін еркек басына жер беріледі» деген...

«Көшпелі қалпымызбен жүре берсек атар таң көрінбейді. Жақсы деген егістік жерлерді переселен ала беретін көрінеді. Алмай тоқтар емес...

1910 жылы министр Столыпин мен штат секретарь Кирипашин Сібірге барып қайтып, солтүстікте отырған қазақ елін оңтүстікке көшіріп, жерін переселенге берсе жақсы болар еді деп жазды. Отырықшы болуды жақтамайтын жігіттер осыны ойлауы керек қой» («Айқаптан» Қаратаевтың сөздерін қысқартып, қазақшалап алдым. – С.М.). Переселен мәселесіне қазақ ұлтшылдарының қалай қарағанын және үкіметтің қазақ даласын жер жағынан отарлануға қандай саясаты барын осы мақала қысқаша көзге елестетеді.

Қазақ оқығандары ол кезде жер туралы екіге бөлінген: біреуі көшпелі тұрмысты, екіншісі отырықшы тұрмысты қолдаған.

Бірақ ұлтшылдардың көпшілігі отырықшы болуды жақтаған.

«Айқап» журналы қазақты отырықшыландыру ісіне бейім болды. Сондықтан бір жағынан патша үкіметінің қысымшылығын жазса, екінші жағынан қазақты отырықшылыққа тарту үшін қазақтың жер жағынан көрген кемшілігін де көп терді.

Қысқасы, қазақ ұлтшылдарының үлкен тақырыбының біреуі ол кезде жер мәселесі болды. Бұл мәселе қара бұқараның нағыз қышыған жеріне тиетін мәселе еді. Сондықтан ұлтшылдардың ұранына көпшіліктің құлағы түрілуге көп себеп істеді.

### Мәдениет мәселесі

XX ғасырдың басынан бастап, барлық отарда отырған елдердің ұлтшылдарында «мәдениет автономиясы» деген ұран қозғалған. Бұл ұран, әсіресе, жеврей ұлтшылдары құрған «Бунтта» партиясы мен Кавказ түбегіндегі елдерде және Украинада күшті болды.

«Мәдениет автономиясын» айтушылардың мақсаты отар боп отырған елдерден бөлу емес, мәдениетін қатарластыру. «Мәдениет теңдігі» деген теңдік ап, сол «теңдік» арқылы отарланып отырған елмен қатарласу. Бұл пікірге коммунистер, бәлшебектер қарсы болды. Бәлшебектер жалғыз «мәдени автономиямен» отар ұлт жетілмейді. Отар ұлт өз тізгінін өзі қолына алып, шаруашылық, әкімшілік, мәдениет істерін түгел басқарғанда ғана отарланған ұлтпен теңеледі деді.

Қазақ ұлтшылдары белгілі пурграм жасамағанымен негізінде «мәдениет автономияшылдарды» қолдады. Қазақ халқының ел болуының негізгі тетігі өз тізгінін өзі қолына алу деп түсінген жоқ, «мәдениетке жетілу» деп түсінді. Ерікті ел болмай мәдениет ісі шын мағынасында өркендейтінін көре тұра айтпады. Сондықтан ұлтшылдар жерден кейін екінші ұран ғып оқу, мәдениет жұмысын қолға алды. Мәселен:



«Өнердің абзалдығын еттім зікір,  
Мұқтарам оқушылар жібер пікір.  
Ғылыммен қасыл болған нәрселерді  
Жазайын баян айлап тыңдан отыр:  
Ат жетпес, алты айшылық алыс жолға,  
Аз күнде жеткізеді бұл от арба.  
Естімес хабарларды жер шетінен,  
Аламыз телеграммен ия тажап.  
Жүргізді автомобиль ат жетпестен  
Әмірі қолда болып, теріс кетпестен.  
Өнермен от пен суды көлік қылып,  
Алыстан телефонмен жұрт кептескен», -

(«Оян, қазақ», 15-бет)

деп, Міржақып өнердің бірсыпыра кереметтерін санап келеді де,

«Бір айтпадым, көп айттым, керек өнер,  
Бұл айтқанға халықта көп пе көпер,  
Өнерден бозбалалар мақұрым қалмай,  
Үлем алмай отырып қалма қарап», -

(«Оян, қазақ», 83-бет)

дейді.

Шәкірттер көзді ашайық,  
Қараңғыдан алыс қашайық,  
Үріккен қойдай қамалмай,  
Алға қарай басайық  
Ишан болмай, ел алдап,  
Болмайық өтірік машайық.  
Жебсденіп шегінбей,  
Ілгері қарай басайық,  
Соқырмыз ба көрмейтін  
Таңдар аппақ атқанша  
Пердені енді ашайық, -

(«Қазақ шәкірттеріне хиждажа», 17-бет)

деп, Әбдікәрім Мәжитов жазады.

«Ей, жастар, біз жатпайық қарап текке,  
Оқиық әр ғылымды талап шетке.  
Оқуға бір жақсы үлгі біз де іздейік,  
Көз салып газеттегі түрлі кепке.  
«Әр пәннен хат алайық, ғылым іздеп,  
Халықтың қор болмайтын жолын іздеп.  
Оқытып түрлі пәнде дін-дүниені,  
Айтайық осылайша болыңыз деп», -

(«Қазақтың қамы», 10-бет)

деп, Кенжеғали Ғабдуллин жазады.



«Көрінсе дұрыс халыққа,  
Тағы бір кеңес жазамын  
Пайдалы болып көрінсе,  
Сөйлеген әрбір ғазалым,  
Арқаламай обалын,  
Балаңды оқыт, қазағым», -

(«Есіл жұртым», 26-бет)

деп Ғалиолла Ғалымжанов жазады.

Дәмін көріп кетпедім,  
Нұр суына қанғанда.  
Сағынып елді хат жаздым,  
Жүрегім отсыз жанғанда  
Сағынып елді қалам деп,  
Ғылымдықтан кеп қалып,  
Бөтен жаққа бара алмай  
Не пайда надан қалғанда, -

(«Әдебиет өрнегі», 21-бет)

деп Иманғали Бейсенов жазады.

Үйрен, қазақ, өнер біл,  
Жұртпен қатар дәурен сүр,  
Оқымыс жетік ел болсаң  
Білгендермен тең болсаң,  
Жалалы әрбір орында  
Кем түспеске қолың бер! -

(«Бала тұлпар», 12-бет)

деп Омар Қарашұлы жазады.

«Балалар оқу үшін бөлек мектеп салып, оқушы моллалар, балалар, оқыту тәртібін білетін үлгілі медреседен шыққан болуға керек... Бұрынғы екі ай әліппе, үш ай иман шарыт, алты ай әптиек оқитын уақыттар өтті. Бұл күнде мектептер тәртіпке қойылып, балалар түсініп оқуына лайық пайдалы жаңа кітаптар шығарылды. Сол кітаптарды ретімен оқытып, бала тәрбиелеу ғылымын білген адамдар, аз уақытта көп нәрседен хабар алады. Бұған шаһарлы халықтар үсүлі жәдит дейді. Қазақ ішінде төте оқу деп айтады. Үсүлі жәдит дегеніміз басқа жаңа шыққан оқу емес, бұрынғы оқу; жалғыз-ақ балаларға аз уақытта жазу жаздырып, кітап оқытып, әр нәрседен хабардар қылатын жаңа тәртіп, шаһарлы жерлер балаларын бұл тәртіппен оқытып, пайдасын сынап, білді, біздің қазақтар да мұнан былай, осы төте оқумен оқытса екен!» – деп Зейнелғабиден Әмірін жазды<sup>25</sup>.

Бұл сықылды мысалдарды жүздеп табуға болады. Бұл көрсетілген кітаптардың бәрі де 1905 - 1910 жылдарда басылып шыққандар.

25 «Насихат казакия», 21-бет



Бұл өлендердің бәрі де қазақ ұлтшылдарының білімге сусағандығын, қазақ халқын білімге сүйреп, білім арқылы жеткізуге тырысқандығын көрсетеді.

Ұлтшылдық туын қолға ұстағаннан бастап, ұлтшылдар білім ісін жырлағанымен жалпы «оқу, оқу керек» дегені болмаса, 1910 жылға дейін сол білімді ана тілінде табуды мұрат қыла алған жоқ. Бұл кезде қазаққа оқудың ордасы көбінесе татар мектептері сықылданды.

### Ұлт тілінің өркендеуі

Ұлтшылдар 1910 жылдан бастап білімді қазақ тілінің өзімен табу, қазақша газет-журнал шығару, мектеп тілін қазақтандыру сықылды істерді қолға алды. Осы тілектен жоғарыда көрсеткен «Айқап» журналы туды. «Айқаптан» бұрын да «Серке» дейтін Петерборда бір газет, «Дала уәлаяты» дейтін Омбыда бір шала қазақша газет тағы сондайлар шыққан. Бірақ олардың аты қазақтікі болмаса, заты қазақтікі емес.

«Айқапқа» шейінгі қазақ ұлтшылдарының шығармаларында татардың толық әсері бар. Емлесі татарша, тілінде татар тілдері араласқан. «Айқап» та бұл әдеттен арыла алған жоқ. Әйткенмен, «Айқап» жалпы білімді сөз қылумен қатар, қазақтың ана тілін жүзеге асыруды кеңес қылды. Бұл ретте ең алғаш «Айқаптың» 1912 жылы шыққан 4, 5-сандарында Ахмет Байтұрсынұлы жазды. Одан кейін 8-санда Міржақып Дулатұлы және басқа сандарында бірнеше кісілер жазды. Мұнда кеңеске түскен мәселелер: араб әрпінен қазақтың тіліне, дыбыс жүйесіне арнап әріп алу, сол әріпке сүйеніп оқу құралдарын жазып, мектеп тілін қазақыландыру

Тілдің мұндай сөз болуы да маркешілдердің ұғынуынша бай табы (буржуазия) туа бастағаннан шығады. Үйткені байлар ұлт мәдениетін өркендету үшін мектеп тілін қара халықтың өз ұғымына сәйкестендіреді. Өнер-білімді ана тілінде үйретіп, білімге тез жетуді қарастырады. Байлар тұмаған таза феодалдық дәуірде білімді қара халыққа бұлай жақындастыру болмайды. Феодалдар оқу-білімді қайта қара халыққа жақындастырмауға, қара халықты қараңғы ұстауға тырысады. Байлар олай емес. Олар қара халыққа білімді түсінікті тілде жақындатуды ойлайды. Үйткені феодалдарда қадір, құрмет, ұлықтық деген пікір басым болады да, байларға «бостандық», «тендік», «бауырмалдық» деген ұран басым болады» (Плеханов).

Әрине, бұдан байлар еңбекшілерді бостандыққа, теңдікке сүйрейді деген сөз шықпайды, олар да мектепті тап құралы қылып ұстайды. Әсіресе, байлар жаңа туып келе жатқан кезінде феодал табынан үстемдік алу үшін «кейінгі бұқараға» қамқорсып тұрады. Бұл – бір. Екінші, байлар өнер-білімнің өркендетушілері. Байлардың өнер-білім, техниканы



өркендету ретінде адам баласының тарихында үлкен орны бар. Бұған маркшілдер таласпайды.

Емле, тіл мәселесі қолға алынғанда қазақ ұлтшылдары мен татар әдбиетшілерінің арасында тартыс та боп қалды. Ол кезде татар оқығандарының арасында Өзбек, Башқұрт, Қазақ, Қырғыз сықылды елдерге жеке тіл керегі жоқ. Бұлар татар тілімен оқуы керек деген пікір болды. Бұл пікір октябрден кейін де болып келді. Оған 1920 жылы Алматыда болатын Ұйғыр мұғалімдерінің съезінде съездің тең жартысы «Ұйғырға арнаулы тіл керегі жоқ, оған татар тілі де болады» (Съезд қаулысынан) деуі куә. Бұл пікір ол кезде ер жеткен татар капиталистерінің басына жиһангершілік пікірдің елестей бастағандығын көрсетеді.

Бұл пікірге қазақ ұлтшылдары 1910 жылдардың бер жағында қарсы болды. Татар тілін тастап, қазақ тілін табуды, соған лайықтап емле құру тіледі.

Ахмет Байтұрсынұлы «Туған тілім» деген өлеңінде:

«Кемсініп кең ордамды адасқандар,  
Тіліме жау боп найза қадаспаңдар.  
Бір айтам, екі айтам, бұл үшінші,  
Жорта бер жолын алыс адассаңдар.  
Мен болмай, болдырамын татар десен  
Мен бимін бір бөлмемде жатар десем,  
Өтпеймін тамағыңнан жұтам деме  
Жолым бір, қолым мінс, «қатар» десен, –

дегенді қазақ тілін керексіз деген татарларға айтқан.

1913 жылы февральдан бастап Орынборда «Қазақ» газеті шықты. Бұл газетті шығару үшін қазақ байлары 7 жыл даярлық жасады. Оған мынадай дерек бар:

1911 жылы шығатын «Айқаптың» 11-санында мынадай хат басылған:  
«Құрметті Ысмайыл қажы!

5-6 облыстардағы қазақтардың ішінде миллионер жаласы жабылып жүрген мырзамыздың бірі сіз едіңіз. Халық сізден миллионер істейтін істі істер деп үміткер еді. Бірақ сіздің кейбір ісіңізден ойға қалушылар бар. Мәселен: 1906 жылы 28 майда Торғай облысындағы Ақтөбе шаһарындағы бірінші государственный думаға депутат сайлау үшін бір облыстың сайлаушылары жиналған жерде маслихат қылып, қазақ үшін газет ашпақшы боп еді. Сайлаушылар адам баласына 60 сомнан шығарып ақша жиып, сізді казначей қылып қолыңызға тапсырып еді. Торғай облысындағы 104 үй біршіліктерден 10 шақтысы бармаған болса да марқұм мырза Жолшымановқа ерген 16 үй-біршілікті шығарып тастағанда, былайғы 80 шамалы үй-біршіліктен 60 сомнан 5000 сом жиналса керек еді. Осылай бола тұра не үшін газет ашылмады? Қазір осы ақша бар ма, болса қайда?»



Бұл хаттың артынан Ысмайыл Жаманшаловтың жауабы және бірнеше хабарлар жазылды. Оларды тексермей осы хаттың өзіне азырақ тоқтайық. Мұнда былай болып отыр:

1-газетті ең алғаш шығару жұмысын қозғаған негізінде қазақтың байлары.

2-газет шығарудың салмағы бұқараға түсіп отырған жоқ. Бұқарадан жәрдем сұралып отырған жоқ. Сымайыл секілді миллионер байлар бастық боп, газет тізгіні соларда боп отыр.

3-газет мәселесі дума заңы шыққан соң сөз боп отыр. Бұл қазақтың жаңа байларының 1905 жылғы 17 октябрдің манефисіндегі «сөз бостандығы» деген сөзін ұққандығын көрсетеді.

Газет мәселесін әуелі осы ретте қазақ байларының өздері тілеп қозғады да, бұл пікірді ұлтшылдар қолдап, артынан 7 жылдан кейін 1913 жылы «Қазақ» газетін шығарды. Жоғарғы келтірген дәлел «Қазақтың» жалпы қазаққа емес, қазақтың байларына ғана арнаулы газет екенін, байлар бұқара деген сөзді өз тілектерін орындау үшін ғана айтатындығын көрсетеді.

«Қазақ» газетінің қандай бағыт алғандығына мына екі сипаттама дәлел:

1) «Қазақтың» бірінші санының бас мақаласында Ахмет Байтұрсынұлы былай деп жазды:

«Қазақ халқы көп заманнан бері ең далада еркін жайлап жүрген ел еді. Қазір сол далаға қара шекпендер қаптап келе бастады. Алдағы күндер қандай болмақ? Тарихтың жалпы жүрісіне қарағанда егер қара шекпендер мәдениет жағынан артық болса, әрине, қазақ елі қара шекпендер арасында жойылмақ. Қара шекпен мен қазақ мәдениеті бірдей болған күнде ғана қазақ халқы ел болып, өзінің елдік белгісін сақтамақ. Қазақтың шаруашылық өмірінде қазір өзгеріс болуында қазір дау жоқ. Қазақтың жақсы егіндік жері, жақсы мал бағатын жері, барлық кәсібін істейтін жерлері келімсектерге кетіп жатыр. Қысқасын айтқанда, әртүлі жолдармен арамызда бөтен халық толып болды. Сондықтан біздің алдымызда қазақ елін мәдениеттендірудің зор мәселесі тұр. Өзіміздің елімізді сақтау үшін бізге мәдениетке, оқуға ұмтылу керек. Ол үшін ең алдымен әдебиет тілін өркендету керек. Өз алдына ел болуға, өзінің тілі, әдебиеті бар ел ғана жарай алатындығын біз ұмытпауға тиіспіз. Бұл мәселеде біздің қалымыз оңды емес. Осы күнгі орыс үшкөлі мен татар мектептерінде оқып шыққандар қазақ тілін елеусіз қып, хат жазса өзге тілде жазып, қазақ тілінен алыстап барады.

Бұл, әрине, жаман әдет. Егер тілге осы көзбен қарасақ, табиғат заңына бағынып, біздің ата-бабаларымыз мың жасамаса, ол уақытта тілмен де, сол тілге ие болған қазақ ұлтымен де мәңгі қоштасқанымыз деп білу



керек. Егер оны істегіміз келмесе, осы бастан тіл, әдебиет жұмысын қолға алып, өркендететін уақытымыз жетті»<sup>26</sup>.

2) Сол бірінші санда мынадай өлең басылды:

«Мінеки, қалың қазақ, қара, төре,  
Бұ кім деп жатырқама түрін көре,  
Жас қазақ, жаңа талап, жарық ойлы,  
Келіп тұр қол қусырып сәлем бере.  
Алыстан іздеп келген бауырлардың  
Қалыңның сыртынан көріп ауларын,  
Жеңілту жайын соның кеңесуге  
Қазақтың бас қостырмақ қауымдарын.  
Жылына жалғыз тоқты сыбағасы  
Ол жейтін бір-бірінен қонақасы.  
Жақында алыс жерден іздеп келген  
Білгенге бұ да алаштың бір баласы».

«Қазақ» газеті алғашқы адымын осылай аттады. Бұл сөздерге сөз қосудың қажеттігі аз. «Қазақ» газеті 1905 жылдан қызу түрге көшкен, қазақ байларының ұлтшылдығының нағыз шын мағынасына көшкенін көрсететін тарихи дерек.

«Қазақ» 1916 жылға шейін «Айқапта» айтылып жүрген пікірлерге тыңнан жаңа пікір қосқан жоқ. «Айқап» шала піскен мәселелерді дұрыстап пісірді. Көмескі пікірлерді айқындады, сонымен қатар «Қазақпен» қазақтың тілі туды. Таза қазақ тілінде шыққан баспасөз «Қазақ» газеті ғана болды. «Қазақ» газетінің тілінен өрбіп, қазақша оқу құралдары шықты. «Қазақ» газеті ұлтшылдық пікірді дәуірлетті. Көпшіліктің пікірі, күші «Айқаптан» «Қазаққа» ауды. Сондықтан «Қазақ» шыққан соң, «Айқап» көп ұзамай жабылды.

Газет-журнал ұлтшылдарды, журнал ұлтшылдардың пікірін қара бұқара арасына жаюға ең үлкен, ең сенімді құрал болды. Бұл туралы Міржақып былай деген өлең жазды.

«Байқасаң дүниежүзі толған халық  
Сөздің арасында бар көп парық,  
Алты айлық алыс сапар аралары  
Тұрады бір-бірінен хабар алып.  
Шашатын осыларды газет-журнал,  
Қал-жайын, шаруаларын түгел жазып,  
Жетеді күнбатысқа жұмасында  
Оқиға күншығыста болған анық.  
Әр жұрттың көз, құлағы күзетшісі  
Айнадай оқушыға бәрі жарық

<sup>26</sup> «Труды общества изучения Казахстана», вып III 1922 г Оренбург, из статьи Дулатова М., стр 22



Болса егер қауіп-қатер, жау менен жұт,  
Білгізер күні бұрын еске салып.  
Болмаса газет-журнал білу қиын  
Көзімен көре алмаса адам барып.  
Жылында 4-5 тенге төлеп тұрсаң,  
Кісіден сұрамай-ақ болдың қанық.  
Қимасаң аз пайданы өз басыңа,  
Есігі өнер-білім саған жабық.  
Дүниені жүріп білмей, естіп көрмей,  
Жатасың ішің пыспай үйде нағып».

(«Азамат». 16-бет).

«Қазақ» газеті ұлтшылдық пікірді қызу жүргізген газет болған соң, патша үкіметі газетке де, оны шығарушыларға да қуғын жасады. Бұл туралы 1917 жылы шыққан «Қазақ» газетінің 239-санында Міржақып «Қазақтың» шығу, өркендеу тарихын сөйлеп кеп, газеттің де, қызметкерлердің де патша үкіметінен қуғын көргенін, штрафтар тартқанын, газетті жамандап губернаторға арыз берушілерді көрсеткен. Оларды санаудың қажеті жоқ.

Қысқасы, ұлтшылдар қазақты мәдениеттендіру ісін мықты ұранынын біреуі қылып алды. Бұл ұран бастапқы кезде жеке ұлтшылдарының қара басының тілегі сықылды боп жүрді де, бертін келе ұйымдастырылып, аяғы газет-журнал шығару, қазақ тілін жасау, мектептерге арнап кітап шығарумен тынды.

### «Мәдени автономия»

Ұлтшылдар ұлт туын көтергенде, ең алдымен алдына қазақ елін өз еркі өзіндегі ел қылуды мақсат қып қойған жоқ, мәдениетті ғана мақсат қып қойды. Бұдан ұлтшылдар жеке ел болуды тілемеді, деген сөз шықпайды. Олар тіледі, бірақ мәдениет ісін жеке ел болу ісінен бұрын қойды. Оған Байтұрсынұлының «Қазақ» газетіне жазған бас мақаласы куә. Бұны ұлтшылдар әлдеқалай істеген жоқ. Біліп істеді. Олай істеуіне себеп: ең алдымен ұлт мәдениеті дегенмен қазақ елін түп-түгел суарып алып, қазақтың еңбекшілеріне де ұлтшылдық ұрық беріп, содан кейін қазақ ел болып болған соң, еңбекшілерді байлардың ұлттық қанауына беру еді. Ұлт мәдениеті (әрине, түрі де, мазмұны да ұлтшылдық болған мәдениетті), мәдениет автономиясы деген мәселелерді тексере келіп, Сталин былай дейді:

«Ұлт мәдениетінің автономиясы (еркіндігі. – С.М.) деген сөзден, тапшылдық жолдан шығып, таза ұлтшылдық жолға түсуден сөз шығады.

«Шпирингер мен Бауердің мәдени автономиясы – ұлтшылдықтың ең шебер түрі...

«Ол (ұлт мәдениет автономисы. – С.М.) сол ұлтты жекелеуі былай тұрсын, жұмыскер қозғалысын ірітеді... Жұмыскер табынын қозғалысы бытырап, бет-бетімен кетеді».

Қазақ ұлтшылдары ұлт мәдениетін қолға қызу алғанда, жай, себепсіз ғана алған жоқ. Болашақта қазақ ауылында болатын тап тартысына кедергі салу үшін, Рүсия жұмыскерлерінің қозғалысынан қазақ еңбекшілерін бөліп әкетіп, ұлтшылдық тәрбиені бойына сіңіріп, тап тартысынан көңілін ұлтшылдыққа аудару үшін алды. Мәдениет ретіндегі ұлтшылдардың саясаты осылай.

### Дін мәселесі

Дін деген нәрсе көктен түскен яки жерден шыққан зат емес. Ол адам баласының шаруашылық тұрмысынан туады.

«Мәдениеті төмен табиғат күшінен жеңіле беретін тағы халықтар құдай, жын, сайтан сықылдыларды табымпаз болады. Сол сықылды байлардың қанауына түсіп, жаншылған еңбекшілер де қажыған өмірден күдер үзіп, ақырет күнінен жақсылық күтеді»<sup>27</sup>.

Адам баласы дін деген затты бұрынғы тағы кезінде, табиғатты билей алмайтын кезінде тапса, табиғаттың құбылыстарын көзге көрінбейтін мықты күштің ісі деп түсінсе, сол «мықты күшті» тәңірі деп білсе, бертін келе пән өркендеп, капиталдық дәуір туа бастаған соң, дін екінші түрге көшті. Капиталистер жұмыскердің, жалпы еңбекші бұқараның көзін дінмен алдап, дінді байшылдық мақсатына құрал қылды. Бұл туралы Ленин былай дейді:

«Дін құлды қожасына жығып береді. Жұмыскерге «Сен бұл дүниеде» нашар тұрсаң, ол дүниеде жарылқанасың; сенің рақатын алдыңда, тағдырға кедей ғып жаратқан жарымысқа қарсы келме деп «о дүниенің» «рақатымен» жұбатады. Дін татулыққа үндейді. Жанжалды ұнатпайды. Ал кімде-кім біреуді құл қылып, соның еңбегін жеп тұрса, оған да үндемейді. Байлардың қайыр-садақасын алып, қолдарына «о дүниеге» арнап сенімді билет береді. Қысқасы, дін байды бұл дүниеде де, «ол дүниеде де» рақатқа белшесінен батырып, еңбекшілерді байлардың қолына тұсап береді. Сондықтан дін қара халықты уландыратын у; дін капиталдың еңбекшілерді батыратын сасық батпағы; дін адамның адамшылығын көрсетпейтін бояу, шыға алмайтын түпсіз құдық»<sup>28</sup>.

Діннің еңбекші бұқараға залалы осылай. Осындай залалы бар дін феодалдық дәуірде қатаңдықтың құралы болған. «Орта ғасырдың ішінде феодал үкіметі дін ұстамайтындарды жазалаған» (Ленин). Ал капиталистер жарыққа шыға дін ісіне «бостандық» деген сөз шығып,

<sup>27</sup> Ленин, том VII, 48-бет

<sup>28</sup> Ленин, том VII, 48-бет.



капиталистер дінді жаңа әдіске көшірді. Бұрынғы надан өмірге сүйкімсіз, пәнге түк байланысы жоқ ескішіл моллалардың, поптардың орнына жаңашыл, пәншіл моллалар шықты.

Қазақта да осылай болды. ХХ ғасырдың басында туып, өркендей бастаған қазақ капиталистерінің тілегінен жаңа діншілдер туды. Бұл дін татардың жәдитшілдері арқылы келді. Жәдит – мәдениет ісінде үлкен маңызы бар бағыт болды. Онда дау жоқ, бірақ жаңа байдың мәдениет туын көтерумен қатар, жәдит жана байдың өміріне үйлес, еңбекшілерді оңайырақ құлдандыратын жаңа дін жасады. ХVІ ғасырдың басынан бастап қазақ даласына ислам діні тарағанымен, ХХ ғасырға шейін ол дін қара халыққа ұғымды дін болған жоқ. Дін саласын оқығандар: араб, парсы, өзбек, татар тілдерімен оқып, не айтқанын өз басымен түсінген жоқ. Ол кітаптардың сөзіне ілгері сұғынып оқыған бірлі-жарымды кісі ғана түсінді.

«Саналелқаның, гебира, вәләплак.  
Жаратты қатыра иден гәуһәрі пәк.  
Самават ойны тұтты муғаллақ.  
Жиһана хүкімін көрсәтті муталлақ.  
Қылып гебирай, мәдәрден замай қот,  
Баный адамны әнден қылды табувыт.»

(«Юсугазер-ден»).

Міне, ол кездегі дін тілінің қазаққа ең жақыны осы еді. Дін тілі неғұрлым қара халыққа түсінікті болса, соғұрлым діннің сіңімді болуында дау жоқ. Дін капиталистердің еңбекші тапты езетін мықты құралы болса, капиталистер дін тілін қара халыққа жақындатуында және дау жоқ. Осы себептен, қазақтың жаңа байларының тілегі арқылы ХХ ғасырдың бер жағында дін тілі қара халыққа жақындасты. Бұл істі қолға алғандар да ұлтшылдар болды. Ұлтшылдардың байшылдығын сипаттайтын бұл үшінші көрнекті істері.

Ұлтшылдық дүкені қызып, ұлт мәдениеті қолға алынғаннан кейін таза қазақ тілінде дін кітаптары шыға бастады, Мәселен:

1. «Құран құралы» Нығмет Құранбаев.
2. «Пайғамбар заманы» Манан Тұрғанбаев.
3. «Иман Екітқад» Жүсіп Темірбеков.
4. «Иман ислам» Нұғыман Манаев.
5. «Өрнек» Омар Қарашев, тағы басқалар.

Бұл кітаптардың бәрі де 1910 жылдың бер жағында шықты. Бұлардың бәрінде де бұрынғы «Мұқтасар», «Құдұри», «Тағылйымо - ассалат», «Шыру тоссалат», «40 хадистердегі», «Бақырған», «Бадуам», «Көрің қадырлердегі» сөздер таза қазақ тілінде жазылды. Қазақтың ұғымына сәйкес жазылды. Олардың бәрін мысалға келтіруге орын тар болғандықтан, бір-екеуінен ғана мысал алайық:



1. «Иман ислам». Мұны Нұғыман Манайұлы 1915 жылы «Ғалия» медресесінде оқып жүргенде жазған. Кітапты «Ғалия» шәкірттері бастырған. Нұғыман «Жазушыдан» дегенінде мынадай сөздер айтады:

«Құрметті мырзалар, сүйікті ұлтымыздың мәдениет санында төмен тұрғандығы көз алдыңызда, бір елдің ел болуы, сол елдің ғылым-мағрипат һәм өнер таратушы түрлі мектеп, медреселерімен өлшенетіні де естеріңізде. Керек медресе, керек мектеп, бұлар мәдениет таратушы құралдардың сыртқы көрінісі, сыртқы суреті. Әммә шын мәдениеттің нағыз құралы, шүбәсіз, ол мектеп, медреселердің ішкі көрінісі, ішкі суреті, яғни, оқу құралдары. Бізде бұл екеуі де аз..... Қолыңызда (есеп етілуге жараса) оқу құралдарынан екінші жылдық «Иман ислам» кітабы. «Иман ислам» деген атынан да белгілі: момын мұсылман болу үшін білу һәм тануы тиіс болған нәрселерді баяндаған бір кітап».

Білуге тиіс нәрселер дегенде Нұғыманның жазған, білдіргендері мыналар: ислам дінінде мұсылмандар кім? Аллаға нану, періштеге нану, кітаптарға (әрине, дін кітаптарына. – С.М.) нану, қиямет күніне нану, тағдырға нану, тағы сондайлар.

«Сабырлы болу» деген бөлімде Нұғыман былай дейді:

«Сабырлы болу дегеніміз басқа түскен қиындыққа шыдамды болу .... Мәселен: пішен шабу. Пішен шапқан адам шаршайды, күнге піседі, ыстыққа күйеді, шөлдейді, қиналады» (26-бет).

Нұғыманша бұндай көрген жокшылыққа шыдамаса, адам кінәлі болады. Оның арты тамұққа түсу. Үйткені:

«Бұл дүние бітіп, қиямет қайым болады. Онда жаман, жақсы істердің біреуі де тексерілмей қалмайды. Жаман амал етушілерге жаман жаза беріледі» (15-бет).

Жұмыскер мен жалпы еңбекші бұқара байлардың қанауына шыдамай, сабыр қылмай төнкеріс жасаса, діншілдерше, олар кінәлі. Орны тамұқ.

«Мұсылман адамдар ата-бабалары басқа-басқа болса да, сөйлескен тілдері басқа болса да, барлығы бір-біріне қарындас. Мұсылман болған адамдар бір-біріне зарар қылуға тіпті жарамайды» (7-бет).

«Бірінің айтқанына бірі көнбей, алауыз, алты бақан болуды ислам діні қатты тыяды» (8-бет).

Бұлай болғанда, қазақ еңбекшілері қазақ байларына қарсы тұрмай, байлардың қысымына, жеуіне сабырлы болу керек қой!

Нұғыман кітабы осындай түрде жазылған. Бұл, әрине, Нұғыманның өз басынан шығып отырған нәрсе емес, қазақтың байларының тілегінен туып отырған дін. Нұғыман ол кезде ұлтшыл болғандықтан, ұлтшылдар байлардың сойылын соғушылар болғандықтан, бұлай жазбауға еркі жоқ.

2. «Өрнек» деген Омар Қарашұлының кітабы 1911 жылы басылып шықты. «Иман ислам» мен «Өрнектің» пікірінде түк айырма жоқ. Бұл кітап та қазақтың таза тілімен дінді тануды үйретеді. Омар қара халыққа



дінді өз ақылымен, құдайды өз сенімімен тануға шақырып, сол танудың жолын көрсетеді.

«Әр ғылымның түп негізі ықтият (сенім. – С.М.) болғандығы үшін де дініміздің басшысы құран шәріп иманды көп мақтайды. Оның сауабын басқа ғалымдардың сауабынан артық етіп аңғартады.... ғамаліә (құдайға, құлшылыққа. – С.М.) ұйытқы бола алмайтын ықтияттың (сенім) тозан қарар құрметі жоқ» (4-бет).

«Екі рәкәт намаз үшін мәңгілік сауап күту ғибадаттың рухын жоятын әдепсіздік. Ғаламда (дүниеде. – С.М.) еш сауап, азап атты нәрсе болмаған қалда да (ненде тәңірісін әр уақыт есіне түсіріп, қожасына құлдық көрсетіп, кәміл сынықтықпен бой ұсынуға) сәждаға баруға борышты» (5-бет).

Омар «Өрнегінде» қазақ елінің мәдениетсіздігін, Русияға отар болып отырған себебін айтып, ел болуға бірнеше жолдар көрсетеді. Осы жолдарының арты дінге, құдайға тіреліп отырады.

3. «Оян, қазақта» Міржақып дінді өлең кып сөйлеп, былай дейді:

«Ортаға жарар еді мейіт салсаң,  
Намазды каза қылмай оқып тұрсаң.  
Бір ғалым пәзіл заттан иман сайлап,  
Байларың жәрдем беріп, вақып қылсаң.»

Бұдан кейін Міржақып қазаққа ауылдық, болыстық, уездік, губерниялық молда керектігін духовный собраниеде (Русиядағы патша үкіметінің кезіндегі ең жоғарғы дін басқармасы) қазақтан өкіл болудың қажеттігін айтады.

Міне, қазақ ұлтшылдарының дін туралы қарасы осылай болды. Олар қазақтың қара бұқарасына дін тілін жақындатты. Дінді түсінікті тілмен, ана тілімен ұғындырды. Қазақ феодалдарының түсініксіз тіліне, ескішіл молдаларға, олардың мәдениетсіздігіне қарсы болды. Қысқасы, қазақ арасына «мәдениетті», түсінікті дін жайды.

Жаңашыл пәнге арқа сүйей сойлейтін дін туралы Ленин былай дейді:

«Әйелге дуа ғып (ол туралы мен әлдеқалай неміс газеттерінің біреуінен оқыдым), ескі сарынмен жүрген ұзын шапан попан (молда мен поп бір адам ғой С.М.) шапанды ықшам киіп, кәдеге аспайтын кәрі діннің орнына жаңа дін, жаңа тәңірі тапқан поп (бізде жәдит молдалары. – С.М.) жүз есе залалды. Ескі попты маскаралау, өтірігін шығару, құру оңай. Жаңашыл попты құру да, халықтың алдында өтірігін әйгілеу де ескілерден мың есе қиын»<sup>29</sup>.

Қазақ ұлтшылдарының жәдитшілдігі, діншілдігі осындай залалды нәрсе. Оқыған аяттың мағынасын түсінбейтін ауылдағы надан молдадан пәнді жақсы білетін, құран мен пәнді байланыстырып сөйлейтін, дінді қара бұқараның ұғымына жақындатқыш – жаңашыл молдалар еңбекші

<sup>29</sup> «История материализма» по Ленину, стр. 173

бұқараға мың есе залалды. Ескі молдалардың діні кара халыққа тез сіңбейді. Өйткені олар дінді кара халықтың ұғымына лайықтан түсіндіре алмайды.

Түсінбеген халықты діннен аршып алу оңай. Ал, жаңашыл діншілдер дінді кара халыққа өз тілімен тез сіңіреді. Бұл діннен аршып алу қиын. Қазақтың байларының тілегінен туған ұлтшыл-діншілдер еңбекші бұқараға осындай залалды нәрсенің тұқымын септі.

Жалпы дін туралы Ленин былай дейді: «Құдай деген сөз мейлі, таза құдай болсын, мейлі, мекенсіз, сипатсыз құдай болсын, болмаса, жанадан жасалған құдай болсын, соның бәрі де жоқ, өтірік нәрсе»<sup>30</sup>.

Ұлтшылдардың дінді кара бұқараға жақындастыруын, түсініксіз дін кітаптарын түсінікті тілмен жазуын осылай бағалау керек. Жаңа дін ұлтшылдардың басынан шыққан жоқ, өсіп келе жатқан капиталистердің таптық тілегінен туды.

### Әйел мәселесі

Бір елде феодалдық дәуірдің орнынан капиталдық дәуір туа бастағанын білуге үлкен дәлелдің біреуі – әйел мәселесі. Байлар (буржуазия) әйел мәселесін феодал табымен бірдей ұстамайды. Байлардың ұраны «Бас бостандығы» болса, осы бостандықтың ішіне олар әйел мәселесін де кіргізеді. Байлар, феодалдардың көп әйел алуына, әйелді сүймген адамға беруіне, тағы сол сықылды әйелді теңсіздікке ұшырататын істеріне қарсы болады. Бұл істердің орнына байлар «әйел ермен теңелсін», «әйел сүйгеніне тисін», «әйелді күңдену болмасын» деген ұрандар тастайды. Бірақ, «Байлар бостандықты сөзде ғана айтады. Іс жүзінде барлық байлар мемлекеттерінде адам баласының тең жарымы – әйел күндікте келе жатыр. Ешбір бостандықшыл, ілгегі қатардағы байлар республикасы заң жүзінде әлі әйелді ермен теңестірген жоқ. Әйелді ердің күндігінен құтқаруға жол ашқан жоқ...

Кеңес үкіметі екі жылдық өмірінің өзінде-ақ (19 - жылы сөйленген сөз. – С.М.), Еуропаның ішінде ең мәдениетсіз саналатын Русияда ілгегі мәдениетті елдердің 130 жыл бойы іске асыра алмаған әйел бостандығын жарыққа шығарды»<sup>31</sup>.

Байлар үкіметінің жалпы бостандығы да, әйел бостандығы да осындай. Үйткенмен, әйел бостандығы дейтін ұран байлардың күшті ұранының біреуі.

Қазақтың өркендеп келе жатқан байлар табы, оның жолбасшысы ұлтшылдар әйел мәселесін күрделі ұрандарының біреуі қып алды. Олар: қызды жастай беруге, жастай құла болуға, жас әйелді қарт адамға беруге,

<sup>30</sup> «Истор. Мат.» по Ленину, стр. 173

<sup>31</sup> Ленин, том XIV, стр. 363



әменгершілікке, қызды төніне бермеушілікке, көп қатын алушылыққа, қалың малға қарсы болды.

«Айқап», «Қазақ» сықылды баспасөздерде сол кезде шыққан ұлтшыл жазушылардың өлеңдерінде жоғарғы айтылған әйел бостандығына залалды заттарға аттаныс жасалды. Олардан басқа әйел тенсіздігіне арналып Міржақыптың «Бақытсыз Жамал», Сәлім Кәшімұлының «Мұңды Мәриям», Асфандияр Көпейұлының «Қалың мал» деген романдары шықты. Бұлардың бәрінде де феодалдық өмірге қарсылық, әйел бостандығын қолдаушылық, әйелді өнерге тартушылық сықылды пікірлер қозғалды. Феодалдық өмірдің айуандық мінездері суреттелді. Бұл шығармалардан бұл арада мысал келтіруді артық көрдік. Өрбір ұлтшыл акын-жазушылардың еңбектерін жеке тексергенде айтуға ойладық.

Ұлтшылдардың бұл ұрандары қазақ даласына әсер жасаған жоқ. Әйел бостандығы деген мәселе күрделі сөз болды. Осы бостандық ұраны құлағына тиген қазақ әйелдерінен теңдік іздеушілер шықты. Онымен қатар, Еуропа мәдениетіне араласа бастаған қазақтың жана байлары ұлдарымен қабат қыздарын да оқыта бастады.

Бірақ, ұлтшылдардың бұл бостандығының арты ұзақ бостандық емес еді. Әйелді азат қылғанда ұлтшылдардың ең жарылқайтыны – әйелді теңіне тигізу ғана болды. Саясат, әлеумет, шаруашылық, право жөндерінен әйелді ерлермен теңестіру мәселесі оларда сөз болған жоқ. Жейімдемен – жарғылап айтылғанмен, ашық пурграмды түрге көшкен жоқ. Ұлтшылдар байлардың тілегінен туғандықтан, олардың әйелді тең күйеуге қосудан ары ұраны ұзамайтыны анық. Себебі:

«Еуропада бостандықшылық пікірді қолдап жүргендер, сол пікірді бастап жүргендер әйелдер ерлермен теңессін дегенді жүздеген жылдар бойы айтып келеді. Бірақ бұл сөзді ешбір бұқарашыл Еуропа республикалары жарыққа шығара алған жоқ. Үйткені оларда капитализм жасап келеді. Жерге жеке қожалық барда, зауыт пен пәбрик капитал қолында тұрғанда ерлердің үстемдігі қашанда болса, әйелден басым бола бермек»<sup>32</sup>.

«Байлардың бұқарашылдығы алдауыш сөздер. Олар теңдестік, бостандық дегенді ұрттарын толтыра айтқанмен, іс жүзінде әйелдің теңдігіне, бостандығына қарсы»<sup>33</sup>.

Бұдан былай Ленин капитализм жасап тұрған уақытта жалпы бостандықтың, оның ішінде, әйел бостандығының жалған екенін, шын бостандық пурлтариат үстемдігі арқылы жасалатындығын айтады. Ленин көзімен қарағанда әйелдің теңдес күйеуге тиюі бостандық емес.

<sup>32</sup> Ленин, том XVI, 357-бет

<sup>33</sup> Ленин, том XVI, 363-бет

Теңдес күйеуге тие отыра, егер, үй шаруасынан босана алмаса, әйелге бостандық жоқ. Үйткені:

«Әйелдердің істейтін үй шаруасы әйелдің еңбек өнімін арттырмайтын, әйелді ауыр еңбекке, аяусыз қанауға түсіретін құрал»<sup>34</sup>.

«Кенес үкіметі жерді, зауыт-пәбрикті жеке иеленуді тоқтатқанда: сол істерге барлық партияда бар, жоқ еңбекшілер, барлық еңбекшілер мен әйелдер түгел қатынасу үшін істеді»<sup>35</sup>.

Лениннің бізге үйретуі бойынша өндіріс орындарында әйелдер ерлермен теңдеспей, шаруа, саясат, әкімшілік, мәдениет істерінде үй күндігінен шығып, ерлермен қатар жүрмей, әйел бостандығы шын мағынасында жарыққа шығуы жоқ. Міне, әйелдің шын бостандығы осылай болса, байшылдар-ұлтшылдар мәселені шешуге бұл жағынан келген жоқ. Әйел бостандығын «теңіне тию» деп түсінді. Ұлтшылдардың бұл әдісімен нелер ғасырдан бері феодалдарының айуандық нәпсісінің құрбаны болған күн әйелдерді бостандыққа жеткізуге болмайтын еді.

## 1916 ЖЫЛ

1916 жылы 25 июньде қазақтан соғыс майданына, қара жұмысқа кісі алу туралы патша үкіметінің қаулысы шықты. Бұрын әскер жұмысына көндікпеген қазақ халқы бұл қаулыдан кейін астаң-кестең боп бүлінді. Майданға жігіт алудан құтылатын шара қарастырды. Ақылшы іздеді. Бұл қысаң заманда халықтың көзіне ұлтшылдар түсті. Сасқан ел ұлтшылдардан, әсіресе, ұлтшылдықты басқарып отырған «Қазақ» газеті мен соның маңайындағы адамдардан ақыл сұрады. «Қазаққа» жан-жағынан телеграм жауды. Бұрынғы «слім», «жұртым» дейтін ұлтшылдар тарихы сынға түсті.

Бірақ ұлтшылдар бұл сыннан өте алмады. «Қазақ» газеті патшаға қарсы тұрмады, сұраған жігітін беруді үндеді.

Июнь жарлығынан кейін ел шабыншылық боп жатқан кезде Ақмола, Торғай, Орал, Семей – төрт облыстың ақсақалдарының 7 август күні Орынборда жиылысы болды... Жиылысты Орынбордың губернаторы Еберсыман ашып, жиылысқа патшаның жарлығы туралы қысқаша сөз сөйледі де, жиылысты өткізуге үш кісіден комиссия сайлап, өзі жиылыстан кетті. Комиссияға бұл сайланғандар: Бөкейханұлы Ғалихан, Дулағұлы Міржақып, Алмасұлы.

Жиылыс 18 түрлі буынды қаулы алды<sup>36</sup>. Олар:

1. Жігіт алу ретінде Қазақстан екі жүйеге бөлінсін: солтүстіктің жігіті январьда, оңтүстіктікі мартта алынсын.

<sup>34</sup> Ленин, том XVI, 359-бет

<sup>35</sup> Ленин, том XVI, 361-бет

<sup>36</sup> Центр архив, дело № 14 По делу восстания киргиз 1916 г Тургайской области



2. Әуелі 19 жас пен 31 жастың арасындағы жігіттердің үштен бірі ғана алынсын. Екеуі кейінге қалдырыла тұрсын.

3. Бастапқы кезектен қалғандар кейінгі екі кезектің қайсысына жазылса да еркі.

4. Бір үйдегі жалғыз алынбасын.

5. Жергілікті үкімет қызметіне қалуға мүмкіндік берілсін.

6. Әрбір ауылға бір-бір молда қалсын.

7. Алынғандар орнына кісі жалдап жіберуге ерікті болсын.

8. 50 үйге бір мұғалім қалсын.

9. Медреселерде, школдарда оқушылар алынбасын.

10. Жігіт дұрыс алу үшін жаңадан тізім жасалсын.

11. Жігіт алынар кезде сайлау токтатылсын.

12. Жігіт алатын комиссияда болыстан екі кісі отырсын.

13. Алынған жігіттер 30-30-дан одақ болсын.

14. Әрбір 30 жігітке бір молда сайлансын.

15. Ауырғандарды қарайтын дәрігер берілсін.

16. Киім тасуға вагон берілсін.

17. Себебі толықтарға демалыс берілсін.

18. Осы қаулы үкіметке хабарландырылсын.

Қазақ халқын басқарамын деп жүрген ұлтшылдардың көсемдері жасаған қаулы осы. Бұл қаулы сырттан қарағанда оп-оңды сықылды. Бірақ тексере келгенде толып жатқан байшылдығы бар. 7-буында «қызметке алынатындар орнына кісі жалдап жіберуге ерікті» дейді. Кісіні, әрине, кедей жалдамайды, бай жалдайды. Ол кездегі байлардың қонсы отырған кедейге ықпалының қандай екені бізге мәлім. Көнсе аздап ақы беріп, көнбесе «жалдап едім, бармайды» деп, 12 ақсақалға қол қойғызып, пәле салып, кедейді еріксіз жіберетіні де мәлім. Бұндай қылық қайда болса сонда болды. Осыны біле тұра, «жалдап жіберуге ерікті» деу – көрер көзге байдың баласын қалдыруды ойлау.

6-тармақта «бір ауылға бір молда қалсын» деген. Қазақ ауылдарының көпшілігінде молда жоғы ұлтшылдарға мәлім. Осы қаулыны белге ұстап, бай балаларының көпшілігі ауыл молдасы есебінде қалып отырды. Кедейден шыққан молдасымақ жастар 15-тармақта көрсетілген «30 жігітке бір молда» есебінде майданға кетті.

10-буында «тізім жаңадан жасалсын» дейді. Егерде ескі кнегеге жазылған жас іске аспай, жаңадан тізім алынса, елдің ауылнай, болыстары 20-дағы бай баласын 40-та қылуында және дау жоқ. Бұл оқиға іс жүзінде солай болды.

Майданға баратын жігіттердің көпшілігі кедей, батырақ болатынын ұлтшылдар жақсы біледі және шынында да, осылай болды. 20-дағы бай баласы не 40 жаста боп, не молда боп, не кісі жалдап, не жергілікті қызметке орналасып, елде қалды. Ал, 40-тағы жалшылар, кедейлер 25-те

боп майданға кетті. Оларға молдалық та, жергілікті қызмет те тимеді. Кісі жалдауға әл жоқ. Осы кедей, батырактардың артында шулап балашағасы, әке-шешесі қалды. Ұлтшылдар қаулыларының ішінде майданға кеткен кедейдің үй ішінің күн көруі туралы ләм-мим деп аузын ашқан жоқ. Кедейдің үй ішінің нашар халын ойлаудың орнына майданға баратын жігіттерді дінмен суаратын молданы ойлады.

1916 жыл қазақ ұлтшылдарына жоғарыда сын болды дедік қой, жоғарыда. Осы сында ұлтшылдар байшылық бетін көрсете бастады. Олардың жігіт алу туралы жасаған қаулысының бәрі қазақтың байларының мұңын көздейтін қаулы болды. Оған жоғарғы дәлелдер куә.

Бұрын ұлттым, қазағым деп қақсайтын ұлтшыл ақындардың ақындығы қазақтың басына қара күн туғанда тоқтап қалды. Ақындардың ақындық бұлағы сол кезде сарқылды. «Қазағым» дейтін қазақшыл ақындардың ешқайсысы қазақ даласында болып жатқан бүліншілік туралы бір ауыз өлең, не бір әңгіме жазбады.

Бұған себеп мынау болды: ең алғаш жарлық шыққан кезде жалпы қазақ даласы көтерілгенмен, артынан қазақ жерлерінің көпшілігінде жігіт алу жұмысы өздеріне тиімді болған соң байлар мен ақсақалдар жанжалды тоқтатты. Байлар, ақсақалдар, болыс, ауылнайлар балаларын: біреуін ауылнайлық молда қып, біреуін оқушы қып, біреуін жергілікті қызметке кіргізген боп, олардан артығын жасын артық қып, не болмаса, дәрігерге ақша беріп, өтірік ауру қып алып қалды. Жігіт алудың салмағы кедей мен батыраққа түсіп бара жатқан соң олар патша үкіметін былай тастай беріп, өз елінің болыстарын, билерін, ауылнайларын айналдыра бастады: оларды өлтірді, малдарын талады, асын тартып ішті.

16 жылдың көтерілісі негізінде байлар көтерілісі болғанмен, ең алғаш қазақ ауылында бай мен кедейдің жігі барын, ауылда екі тап барын, еңбекшілер табы байларға тар кезеңде бірлесіп қарсы шығатынын көрсетті. Байлардың тілегінен туған ұлтшылдар кедейлердің мына түрінен шошыды. Сондықтан олар байлардың пайдасына арнап қаулы жасап, үгіт жүргізумен қатар, кедейлердің байларға қарсы көтерілісіне қарсы болды.

Міне, ұлтшыл ақындардың 1916 жылы ақындығы тұншығып, аузын ләм деп ашпауы осындай. Ұлтшылдар қазаққа «жерің кетті, жеріңді орыс алды» дегенді жырлағанда таңдайы тақылдайтын еді. 1916 жылы қазақ даласына түскен ауыртпалық та жеңіл болған жоқ. Соңғы кезде ұлтшылдар, 1916 жылға неге салқын караңдыр деген сұрауға: «ол кезде қазақты патшаға қарсы үндесек, құралсыз қазақ қырылатын еді, бүлінетін еді» деп жауап береді. Бұл әрине, қиыншылықтан қорыққандық. Онсыз да патша үкіметі көп жерде қырғын жасады. Онсыз да «аяған» жігіттердің көбі майданда қырылды. Бұл жағын қоя тұрып, біз ақындарға келейік.

Неге сол жылы ұлтшыл ақындар баспасөзде шығармағанмен, өз



тетрадтарына қазақтың қиын халын айтып, шығармалар жазбады? Баспасөзге берсе қайтетін еді? Патша үкіметіне қарсы талай өлеңдер «Айқапқа» да, «Қазаққа» да, кітап болып та басылған жоқ па еді? Оларға батылы жеткенде, олардан қорықпағанда, 16 жылды жазудан неге қорықты?

Толып жатқан ұлтшыл ақындардың ішінде 16 жылды жалғыз-ақ Мағжан жазады. Оның «Орамал» деген өлеңінде:

Қасірет батты жаныма,  
Уға толды жас жүрек,  
Орамалды жарыма  
Бітірем қашан кестелеп?  
Толып қалды төрт айға  
Күйікпенен күн өтті.  
Жан жарымды от арба  
Қанды жаққа әкетті, –

деп, бір келіншек жылайды. Мағжанның жазғаны да осы жалғыз өлең ғана. Бұл өлеңде ерлі-байлы кісінің сағынуы ғана жазылған. Көпшіліктің қайғысы көрсетілмеген.

Біреулер бұл арада: Әуезұлының «Қилы заман» деген әңгімесін, Аймауытұлының «Қартқожасы» 16 жылға арналған жоқ па дер.

Оған жауап мынау: Рас, олар 16 жылды жазады. Бірақ 16 жылдың қаралы күнінде жазған жоқ. Одан 10 жыл өткен соң жазды. Бұл – бір. Екінші, бұлар 1916 жылды бертінде жазғанда сол жылғы байлардың кедей мен батырақтарға зорлығын тапшылдық түрде айқын көрсеткен жоқ, байшылдық түрде жазды. Олардың бұл жазғандарынан мақсат – 1916 жылдағы ауылда ашылған жікті көрсету емес, патша үкіметін перде қылғанып, қазіргі кеңес жұртшылығында отырған қазақ еңбекшілеріне 1916 жылды суреттеп, орысты жаман көрсетіп, ұлтшылдық туғызу, қазаққа орысты ата жау ғып көрсету еді.

16 жылдың оқиғасы ұлтшылдардың байшылдық пердесінің шетін ең алғаш түрген оқиға. XX ғасырдың басынан бастал қазақ байларының сойылын соғып, бірақ сол сойылды жалпы қазақ атынан соққан ұлтшылдар байшыл екенін еңбекші бұқараға 16 жылы ең алғаш көрсетті. Жалпы қазақты емес, қазақтың байларын ғана басқаратындығын, еңбекші бұқараның көтерілісіне олардың жүрегі жібімейтіндігін 16 жыл айқын дәлелдеді. Ұлтшыл ақындардың қаламы байлардың мақсатында ғана қозғалып, ақындық бұлағы байлардың мақсатына ғана қойылатынын, еңбекші бұқараға түскен қиындық оларға бит шаққандай көрінбейтіндігін де 16 жыл көрсетті. 16 жылы талай кедейдің басына туған қара қанды қайғының ешқайсысы ұлтшыл ақынға тема бола алмады. Сондықтан біз 16 жылды ұлтшылдардың «қазақшылдығының» ең аяғы дейміз. Бұдан кейін олар төңкеріске қарсы ашық байшылдыққа көшті.





## V. АЛАШОРДА

### Февраль және ұлтшылдар

1917 жылы февраль төңкерісі туып, патша үкіметі тақтан құлады. Ұлтшылдардың нелер жылдан бері қақсап келе жатқан тілегі қабыл болғандай болды.

«Құдірет болды, ақ түйенің қарны жарылды» деген ұран қазақтың қай жерінде болса да қаптап кетті.

Патша үкіметінің қысымынан ұлтшылдық аяғын еркін көсіле алмай жүрген қазақтың ұлтшыл жастары ұйымдаса бастады.

1917 жылы февраль артынан-ақ, қазақ ұлтшыл жастары 20 жерден ұйым ашты. Олар:

- 1 «Еркін дала» Орынборда
- 2 «Жанар» Семейде
- 3 «Оқытушылар ұйымы» Семейде
- 4 «Талап» Семейдің шығыс болысында
- 5 «Игілік» Орынборда
- 6 «Қамқор» Торғайда
- 7 «Жас қазақ» Оралда
- 8 «Үміт» Троицкіде
- 9 «Талап» Қызылжарда
- 10 «Оқығандар» Көкшетауда
- 11 «Ұйым» Семей облысы, Екібастұзда
- 12 «Ғылым» Керекуде
- 13 «Ынтымақ» Атбасарда
- 14 «Жас жүрек» Спасскіде
- 15 «Жастар ұйымшасы» Ордада
- 16 «Жас қазақ» Ақмолада
- 17 «Қазақ жәрдемі» Зайсанда
- 18 «Ерік» Баянауылда
- 19 «Қызмет» Керекуде
- 20 «Жас тілек» Ақтөбеде<sup>37</sup>

Төңкеріс артынан байшыл жастардың бұлай боп ұйымдасуы, әрине, ол кезде қазақ ішінде жұртшылық өскендігін көрсетеді. Бұл ұйымдардың көпшілігі қазақ халқын саясатпен таныстыру, мәдениеттендіруді ұран ғып қойды. Мәселен, Қызылжарда ашылған «Талап» қауымының «ұстаған жолы» деген бөлімінде мынадай сөздер айтылған:

1 Қазақ арасына өнер-білім тарату

<sup>37</sup> Бұл мәліметтер Смағұл Садуақасұлының 1920 жылы Орынборда шыққан «Жастар» деген кітапшасынан алынды. 48 бет.



2. «Талап» қауымымен газет-журнал таратып, 1-баптағы жолды іске асырады.

3. «Талап» қауымы қазақ халқына саясат һәм шаруашылық істеріне жол көрсетеді. Бұлар елге ұғындыру үшін түрлі лекциялар оқу, көріністер ашу.

4. Газет-журналдар оқитын орындар ашады.

5. Бұрынғының үлгілі сөздерін, мақал, жұмбақ, тақпақ, билердің сөзін, шежіре, өлең, жар-жар, жаңылтпаш һәм басқа керекті нәрселерді жинап, соларды кітап қып бастырып, қазақ арасына таратады.

6. Театр ғылымымен таныс боп, соны ұлғайтады.

7. Мұқтаж оқушыларға жәрдем береді.

8. Ел арасындағы партияны (сайлауға таласуды – С.М.) жояды.

9. Кедейлерді байлардан келетін түрлі ауырлықтан құтқарады.

10. Қазақ әйелдерін ермен тең қылу заңдарын іске асырады<sup>38</sup>.

«Талаптан» басқа ұйымдардың да істері осыған үйлес. Біз олардың бәріне тоқтамай, қазақ ұлтшылдарының байшылыққа қалай ауғанын талдаймыз.

Февральдан кейін жалпы Русияда құрылатын жаңа үкіметтің түрі сөз болды, Русияда февральға шейін болған партиялар февральдан кейін екіге қажарылды. Оның бір жағында бәлшебектер қалды да, өзге байшыл партиялардың бәрі бір мақсатқа ғана аяқ тіреді. Ол мақсаттары – қалған патша үкіметінің орнына капитал табының үстемдігін құру болды. Бәлшебектердің мақсаты – пурлтариат үстемдігін жасау болды. Февраль төңкерісі барлық таптардың бетін ашты. Болашақ үкіметке не пурлтариат, не капитал отыратын болғандықтан, екеуінің тілегі бір-біріне қайшы болғандықтан, азамат соғысы болатындық белгілер көріне бастады. Екі тап та тартысқа әзірлік істеді.

«Ақ түйенің қарны жарылғаннан кейін» қазақ ұлтшылдарының алдында қазақтан құрылатын үкіметтің қандай түрде болуы, тап тартысы басталса, Русиядағы қай тапқа арқа тіреу мәселесі көп туды. Бұрын жалпы қазақ атынан сөйлесе, енді бетті ашық, қазақтың не байына, не кедейіне арқа тіреу керек болды.

Біз жоғарыда ұлтшылдық деген байлар тілегінен туған қозғалыс екенін айтқамыз. Осы сөзімізді қазақ ұлтшылдарының өздері дәлелдеп берді. Ұлтшылдар «Алашорда» деген партия ашты. Алашорда учредительное собраниеге (қазақша «құрылтай» деп жүрісті) сүйенді. Учредительное собраниенің тізгіні орыстың помещик пен капиталистерінің, солардың агенттерінің қолында еді. Бәлшебектер бұл құрылтайды әдіспен қолдаған болды. Бірақ негізінде оған қарсы болды. Бәлшебектер «пурлтариат үстемдігі орнамай, еңбек табы құлдықтан босамайды, жалпы адамзат

<sup>38</sup> «Талап» Қызылжар, 1917 жыл, 22 V III

пурлтариат үстемдігі арқылы ғана социалдық тұрмысқа жетеді» дегенді ұран қылды.

Міне, осындай, Русияда еңбек табы мен байлар табы екіге жіктелгенде ұлтшылдар байлар жағына ауып кетті.

Ұлтшылдарға бұлай аумайтын да еді. Үйткені пурлтариатты басқарған бәлшесбек партиясының ұраны ұлт азақтығы дегенде жалпы ұлтты азат етуді айтқан жоқ, сол ұлттың ішіндегі еңбекшілерді шын мағынасында азат етіп, өз ұлтының еңбек жегіш феодалдары мен байларына қарсы қою болды. Бұл туралы Ленин былай дейді:

«Коммунистердің отар, жарты отар елдері туралы қолданатын саясаты: барлық ұлттардың еңбекшілерін бірлестіріп, барлық ұлттардың помещик пен байларына қарсы шығу болу керек» (том – XIX, 236-бет).

Байлардың тілегенінен туған ұлтшылдар пурлтариат үстемдігін жаса-са, Қазақтың байлары мен бектеріне тіршілік жоқғын жақсы білді. Қазақ байларының тіршілігін сақтауға жәрдемдес іздеді. Ол жәрдемдес, әрине, орыстың байлары мен помещиктерінің партиялары еді. Февральдан бұрын қысымдық көрсетті деп жек көрсетін орыс байларымен тап тартысы туып, екі тап майданға шығарда Қазақ байлары, оның сойылын соғатын ұлтшылдар ауыз жаласып кетті.

«Алашорда» партиясы қазақтың байларының партиясы болғандығына жалғыз орыс байларына арқа тірегендері ғана дәлел емес, «Алашорданың» ісі дәлел.

1917 жылы Орынбор қаласында алашорда партиясы жалпы Қазақтық деген атпен съезд шақырды. Бұл съезде қазақтың еңбекші бұқарасы қатынасқан жоқ. Алаш партиясының бастықтары, ел-елдегі атакты бай, саудагер, молда, ақсүйек ақсақалдарды атап шақырды. Съезд таза байлардың съезі болды. Съезде жасалған қаулылар байлардың тілегін ғана дұрыстап шешті. Оларды бұл арада келтіріп жатуға орып тар болды. Онымен толық танысам деген адам, 1929 жылы басылған Мартыненко дейтін жолдастың «Алашорда» дейтін кітабының 15-61-беттерін оқыса көреді.

«Алашорда» өзінің пурграммының екінші тармағында **«кедейді дос, оны жеушіні қас көреміз»** деді. 7-тармағында **«салық байдан байша, кедейден кедейше алынсын»** деді. Бірақ бұлардың бәрі де кедейді алдау еді. Алдау екендігі көрінді. Оған Алашорда комитеттерінің ақпаны байдан байша, кедейден кедейше емес, түндік басына 100 сомнан жинағандығы куә<sup>39</sup>. Кедейді дос көрсе, алашорда съезіне ылғи елдегі кедейді қанағыштарды шақырмай, кедейлерді де шақырар еді. Оны істеген жоқ. Съезде кедей қатынасқан жоқ. Пурграмның төртінші тармағында Алашорда **«неке кию, ерден айыру, туған баланы тіркеу молдалар қолында болады»** дейді.

<sup>39</sup> С Сейфуллин «Тар жол, тайғақ кешу» 163-бет



Байлардың заңында әйелге теңдік жоқ, деген Ленин сөзі осы тармақтан айқын дәлелденеді. Үйткені, әйел тағдыры дін қолында болса, дін әйелді шырмайтын темір тор болса, әйел теңеліп не болмақ? Қай әйел ері дінде болса, сол жерде әйел күндігі күшті болмақ емес пе? Пурграмның бесінші тармағында «сот халықты әдет-ғұрпымен іс қылу керек» дейді. Қазақтың әдет-ғұрпы бойынша: «байтал шауып бәйге алмайды», «кұл жылып бас болмайды», «кұлдың мойны жуан, туысы жоқ; күннің беті қызыл, есі жоқ», әдет-ғұрып бойынша атасызға, рудан азға, теңдік жоқ, ел тізгіні атқа мінерде. Міне, егер сот осы заңмен іс қылса, еңбекші бұқара не болмақ?

«Алаш» пурграмы осындай, нағыз байшылдық пурграм.

Қысқасы, бұрын жалпы қазақ атынан сөйлейтін ұлтшылдар өздерінің байшылдық пердесін февральдан кейін айқын ашты. Байдың өкілі екенін ашық көрсетті.

### Байшыл ақындар

Февраль туып, қазақтың байларының партиясы «Алашорда» құрылған кезде ұлтшыл ақындар да ұлтшылдықтан таза байшылдыққа ашық көшіп, байлар партиясын дәріптеді.

Алаш туы астында  
Күн сонгенше сонбейміз,  
Енді алашты ешкімнің  
Қорлығына бермейміз.  
Өлер жерден кеттік біз,  
Бұл заманға жеттік біз.  
Жасайды алаш, өлмейміз,  
Жасасын, алаш, жасасын!

деп Сұлтанмақмет Торайғырұлы жазды.

Бүгін қақтың қуанышты кең күні,  
Күн менеп түн таразының тең күні.  
Құт, берсе болмаса екен кем күні,  
Деп тілейік, қолың жай, ау, аланым!

деп Дулатұлы Міржақып жазды.

Ал, кәзір халық күшті алды, алаш,  
Бұрынғы қысқа таяқ қалды, алаш.  
Құттықтап осы сәлем жаздым сізге,  
Ақ алаш, азат алаш, даңды алаш!

деп Ақымет Мәметұлы жазады.

Ендігі іс өзіңде,  
Ал, енді, алашым,

Тілесен, қай жаққа  
Еркіңмен барасың!  
деп Білал Сүлейұлы жазады.

Бұл дәуірді күн бар екен көретін,  
Жасты тиып, тілекті алла беретін.  
Жаны ашып, жол бастаған жастарға  
Ел билеген азаматтар еретін,  
деп Майлыұлы Бейімбет жазады.

Тағзыммен қол қусырып, саған жанас,  
Алдыңа келіп сәлем бердім, алаш.  
Жарысқа ұлдарыңды қоспақшы боп,  
Қуанып тұрғаныңды көрдім, алаш!  
деп Жүніс Бабатайұлы жазады.

Бұл сықылды өлеңдерді мыңдал табуға болады. Алашшыл ақындар жалғыз алашты ғана мақтап қойған жоқ. Алашты басқарушыларды да мактады. Мәселен: Ғалихан Бөкейханұлы Семейге келгенде Сұлтанмақымст Торайғырұлы былай деген:

Көш бастаған еріміз,  
Қуанышты еліңіз.  
Төбеміз көкке жеткендей,  
Көкіректен бұлт кеткендей  
Сізді көріп шеріміз.  
Еліңіздің бұл жағын,  
Алаш туы һәм бағын  
Көзбен көріп түрленді  
Көптен бергі теріңіз,  
Алаш туын қолға алған,  
Қараңғыда жол салған  
Арыстаным, келдіңіз!

Жүсіпбек Аймауытұлы былай деген:

«Қараңғыда қан жылап, қаңғырған күнде басыңды алаш жолына құрбан қылған ағамыз, асқар беліміз! Сізді көргендегі жүректің қуанышын тілмен айтып жеткізе алмақ емес. Өмірінде жүрген жолың біз інілеріңе шамшырақ жасасын. Сүйреген алашын, көп жаса, сабазым!»

Байлардың бостандығың, партиясын, партиясының бастықтарын байшыл ақындар осылай дәріптеді.

Бұрынғы ұлтшыл ақындардың ішінен жалғыз Сәкен Сейфоллаұлы болмаса, өзгелері түп-түтел байшылдықтың сойылын соқты. Сәкен 1915 жылдан бастап ұлтшылдық сарынымен «Қазағым, елім, жерім» деген өлеңдер жазған еді. Оның ұлтшылдық өлеңдері 1915 жылы Омбы қаласында кітапша боп басылған. Февральдан кейін ол «еңбекші» деген сөзді аузына ала бастады.



Бұрынғы ұлтшыл ақындардың қатарына февральдан кейін жастан қосылған көрнекті байшыл ақындар: Аймауытұлы Жүсіпбек, Әуезұлы Мұхтар, Жансүгірұлы Илияс болды. Бұлардың ішінен бастапқы екеуі Семейдегі «Алашорда» жастары шығаратын «Абай» журналы арқылы көзге көрінді. «Абай» журналында бұлар бәлшебекке қарсы пікірін үзбей жазды да отырды. Оларын өз еңбектерін тексергенде келтіреміз. Илияс Жансүгірұлы «Бірлік туы» атты Мұстафа Шоқайұлы Тәшкенде шығаратын газет пен Семейдегі Алашорда тілі – «Сары арқада» жазды. Илиястың ол кездегі өлеңдеріндегі сарын, байшылдық, ұлтшылдық еді. Оларды Илиястың өзін тексергенде толық айтамыз.

### Бәлшебекке қарсы

«Алашорда» пурграмының алтыншы тармағында «Отанды сақтау үшін мелесия атты әскер құрылсын» деп жазылған. Бұл мелесия, шынында, халықты қорғайтын емес, оның ішінде байларды қорғайтындар еді.

Алашшыл ақындардың жоғарыда көрсетілген алашты құттықтаған өлеңдерінің ішінде «Алаш, сақ бол, алдында жау бар, содан сақтан» деген сөздер айтылып отырады. Мәселен: «Өз қамыңды ойлан өзің ел болсаң, Ел боламын, тең боламын дер болсаң» деп Міржақып жазады.

Екіталай іс болып,  
Елге қиын күн туды.  
Аспанда ай, күн тұтылып,  
Жер жаһанды қан жуды.  
Үрім бұтақ, халық үшін  
Қорғайық, алаш, жер-суды,

деп Омар Қарашұлы жазды.

«Қамыңды же, сақтан» дегенде ұлтшылдардың көріп отырған қауіпті жауы бәлшебектер еді.

1917 жылдың октябрінде бәлшебек басқарған пурлтариат төңкерісін жасады да, Керенскийдің үкіметін құлатып, азамат соғысын ашты. Екі тап қан майданға шықты. Октябрь төңкерісі ішкі Русияда қызу өркендегенмен, шет жатқан жерлерде бәлшебек партиясының бұтақтары Сәбдеп бастапқы кезде құлады. Жер-жерлерде Сәбдепті байлар құлатып жатқанда Қызылжарда шығатын Алашорда жастарының газеті «**Жас азаматтың**» бірінші санында мынадай сөздер басылды: «Бәлшебек бұлты басқан бостандық күні жарқырап жаңадан шықты. Нұрын төкті.

«Азаматтар! Құдай алаштың тілегін берді. Дұспанның кеудесі басылды, үні өшті, оналмастай күйге түсті. «Алашорда» тігілді, ақ ту көтерілді.... Өткен өмірдегі ауыр жапа, қалың қайғы ұмыт болды. Алаштың қара шаңырағы тігілгені бар ауырлықты естен шығарды.... Ақсақалдар, ағалар, дәулетті байлар, мырзалар! Кісілік малда емес, қалған



істе. Бәлшебек заманында жұрт алдағы малды садақа қылып еді. Күн жадыраған соң құдайды ұмытпау керек. Бәлшебек бұтты айыққанмен, алдымызда кәтерілі күндер көп...

Ардақты азаматтар! Алаш туы қағбамыз болсын. Бәріміз соған табынайық. Алаш тілегі иманымыз болсын, соған ұйыйық. Иншалла, алаш жасайды! Жасасын Алаш автономиясы!

Облыстық комитет».

«Жас азаматтың» 4-санында Троицкіде тұратын Зейнолла ишанның (бұл ишанды маңындағы халық Мұқаметтен соңғы әулиедей бағалайтын) баласы Ғабдырақыманның қазақтың ұлтшыл оқыған бай саудагері Ахмет Жанталыұлына жазған хаты басылды. Сол хағында ишан:

«Анау атасы басқа Ноколай мен мынау ниеті жаман бәлшебектерге қарасандар, не көретіндерің естеріңе түсер» деп, бәлшебекті жамандайды да, «Алашордаға» құтты болсын айтып, бәлшебекке қарсы тұруға үндейді. Ғабдырақыман ишан Ноколайды жамандамайды. «Атасы басқа» деген сөзбен ғана желдіріп өге шығады. Ал бәлшебекке келгенде, оған бар «әулиелік» қаһарын төгеді. Бәлшебекті жерден алып, жерге салады.

Төңкеріске шейін жалпы қазақшылмын деп келген «Қазақ» газеті де төңкерістен кейін таза байшылдыкка көшіп, еңбекшілер үстемдігіне, бәлшебекке қарсы аттанды. Бұлардан басқа Семейде «Сарыарқа», Тәшкенде «Бірлік туы» дейтін газеттер шықты. Осылардың бәрі бір ауыздан қазақтың байларын жақтап, кеңес үкіметіне қарсы болды.

### Колчакпен бірлік

Октябрь қазақ ұлтшылдарының байшылдық бейілін ашты дедік қой. Керенский үкіметі құлап, құрылтай қуылып, ішкі Русия бәлшебектер қолына көшкен соң алашордашылдар Сібірдің уақытша үкіметі Колчакпен ауыз жаласты. Колчактың кім екенін оның мына жарлығы дәлелдейді:

### ЖАРЛЫҚ

Омбы қаласы, 23/ XI-18- жыл.

Орыс армиясының солдаттарына, жаңа офицерлеріне!

Қазіргі күнде жер жүзінің тағдыры, оның ішінде біздің Отанның тағдыры шешілетін күн жақындап отыр. Жиһангер соғысы ұлы шаттықпен (бұл арада антантаны айтып отыр. – С.М.) бітті. Бірақ сол шаттыққа біз сыбағалас бола алмадық. Неминестері біздің ата жауымыз еді. Осы жаумен соғысудан біз міне екі жылдан бері бас тартып, не министрдің агенті – бәлшебектермен күресіп кетті. Бәлшебектер біздің ұлы Отанымызды қанға бояп, бүлінген елге айналдырды.



Қазіргі күнде біздің алдымызда русияның не ел болу, не бір жола құрып, елдіктен қалу мәселесі тұр.

Мемлекет армиямен жасалады. Армиясымен өледі. Армиясыз еркіндік жоқ, армиясыз мемлекет жоқ.

Орыстың ескі армиясы ішкі соғысқа бетін бұрып, құлаған орыс үкіметімен бірге құлады. Қазір жаңа армия жасала бастады. Осы армиямен бірге ұлы отанымыз орыстың бағы қайта орнауында сөз жоқ.

Қазір кәсіп, сауда, шойын, жол бөлінген мемлекеттің қалы қиынға айналған, осы қиын қалде біз жаңа армия жасап, солтүстік, күнбатыс бетге майдан жүргізіп жатырмыз.

Бәлшебектің қан ішер армиясы ішіне: Неміс, Мадияр, Латыш, Естон, кәтте, қытайларды ертіп алып, неміс әскерлеріне басқартып қымбатты отанымыз Русияның көп жерін алып отыр.

Қазір не бостандық, не құлдық, не тіршілік, не өлім, не бақытсыздық, не бақыт деген мәселелер кеп туып отыр. Жақын арада жер жүзінің конгресі болады. Осы конгреске шейін біз үстем бола аламасақ, өзіміз жеңіскен елдерден алатын олжадан біз құр қалғалы отырмыз.

Солдаттар, офицерлер! Туған отанымыздың тағдыры сендердің қолдарында. Сендердің тұрмыстарың қиын; киімдерің кем, тамақтарың аз, құралдарың жеткіліксіз, бірақ орыс отанымыз бірден құрбандықтар тіледі. Құрбандықсыз мақсатқа жету жоқ. Кімде-кім одан бас тартса, орыстың баласы емес.

Үкімет тұрақсыздыққа айналып, жүгенсіздік күшейіп, орыс елі деген ел болудан қалып бара жатқан соң мен амалсыздан үкімет басына мініп, мойныма ауыр жүктер арттым.

Мен ұлтымның ең сенімді солдататымын. Бұл жүк ұлтымыздың бізге ең соңғы ауыр жүгі шығар, деп ойлаймын.

Жоғарғы басқарушылықты маған берген үкімет, әскермен ғана отанды сақтап қалатынымызды жақсы біледі.

Мен сіздерді, ұлы отанымызды жаудан алып қалу үшін жәрдемге шақырамын. Темірдей қатты батып ұстап, орыстың шын ұлы екендіктеріңді көзге көрсетер, орыстың өлген үкіметін қайтадан тірілтер деп сенем.

Біздің жайымыз қиын. Әйткенмен, бізге көмекші көп: чехославак бауырларымыздың әскерлері бізге жәрдемдеседі. Бұрынғы соғыс жұмысын басқаратын жанарал Алксеев марқұмның орнына отырған жанарал Денякин бар; Покровский мен Фишаров сықылды жанаралдар да партизан әскерін жасап жүр. Кавказ жақ бетінен қан майданнан өтіп, шыныққан ағылшын мен француз әтіреті келе жатыр. Қысқасы, неміске сатылған бәлшебектерді біз жан-жағынан темір құрсауға алдық. Осы қалыппен барсақ, жақын арада оларды қара қанның сазына тұншықтырып өлтіреміз.



Иә, алла тағала, сонғы тарихы сынға түскен кезде сені аз ескергендіктен осындай күйге ұшырадық Алдағы мақсатымыз ардақты отанымыз орысқа және саған адал қызмет ету Жолымызды оңғарып, дұшпанның жүзін төмен қыла көр

Русияның құрғақтағы, судағы армиясын басқарушы және ең жоғарғы үкімет бастығы

Адмирал Колчак

Колчактың бұл жарлығынан аңқып тұрған иіс ұлы орысшылдық пен отаршылық Колчактың бас мақсаты өлген отаршыл Русияны тірілту, орыс байлары мен помещиктеріне билік беріп, орыстың жұмыскері мен крестьянын қолданумен қатар, Николайдың отаршылдығын қайтадан жүргізу

Алашорда Колчактың осы жарлығын оқи тұра, осы ниетін көре тұра Колчакқа қосылды Үйткені себебі Колчак үкіметті алған күнде де қазақ байлары базар еркіндігін ала-алмаған мен, тап боп жасап тұрар еді Қазақ еңбекшілеріне үстемдігін жүргізер еді Кеңес үкіметіне алашорданың ермегені, кеңес үкіметі құрылса, қазақтың байлар табы жасай алмайтынын білді Кеңес үкіметінен Колчак қазақ байлары үшін үшін тиімді, ұнамды көрінді Сондықтан алашорда өзінің ордасына бас ақсақал қып Колчакты сайлады<sup>40</sup>

Орыстың Дутов, Денякин, Анников, Колчак, Семенов, Бирангел сықылды патшашыл, отаршыл жанаралдары «бәлшебекті қара қанның сазына тұншықтыру» үшін жан-жағынан қыспаққа алғанда алашорда да аттанып, тұс-тұсынан бәлшебекке, пурлтариат үстемдігіне қарсы қан майданға шықты

### **Байшылдар азамат соғысында**

«Қазақшылмын» деп жүретін Дулатұлы Міржақыптар байлардың солдатына бастық болып, алаштың туын көтерді Бұл кезде байшыл ақындар қазақ елін майданға пурлтариат үстемдігіне қарсы шығаруға шақырды

Кез боған соң кер заман біздің баққа,  
Жау жарағын асынып міндік атқа,  
Ел бастайтын ерлерге бұл бір зор сын,  
Жаңа талап жас ұлан қарап жатпа  
Ел бастайтын, қайдасың көсемдерім,  
Сөз бастайтын қайдасың шешендерім  
Тәуекелге бел байлап баста топты,

<sup>40</sup> Мартыненко Н И Алаш Орда, стр VII



Тигізбесін жұртқа жау кеселдерін  
Бай кайдасың ортаға малынды сал,  
Азды көпті аямай барыңды сал  
Жаны тәтті жақсылар кайдасыңдар,  
Мұсылманның жолына жаныңды сал  
Азаматы алаштың  
Аттанатын күн туды  
Тұлпар мініп ту ұстап,  
Баптанатын күн туды

деп Міржақып шықты

Арғы атам ер түрік  
Біз қазақ еліміз  
Самал тау, шалқар көл  
Сары арқа жеріміз  
Алаштың ақ туын,  
Қолға алып ақырып,  
Алаштап шапқанда,  
Жауға ойран саламыз  
Алаштың соңында,  
Жан қимақ ниетіміз  
Алаштың аруағы,  
Жебесін, қолдасын  
Ақсақал тілей көр,  
Сапарды оңдасын  
Жасаған жар болып,  
Қазақтың еліне  
Жасасын, сақтасын  
Алаштың ордасын  
Жаусын оқ, ақсын қан,  
Шықсын жан, қорқу жоқ,

деп Жүсіпбек Аймауытұлы шықты

Алаштың намысын сақтаймыз  
Отанды жат жұртқа сағпаймыз  
Жау шықсын, тау жүрсін, оқ жаусын,  
Бір шыққан жолдан біз қайтпаймыз

деп Бекмұқамбет Серкебайұлы шықты

«Желе бер, жаным, қара көк.  
Желкілде жел мен айдарым  
Қолымда найза көк болат,  
Ерлігіме айғағым  
Ұлт дегенде көпірші,  
Жарайсың қаным қайнадың!»

Ұлтымнан мен садаға,  
Бекіндім, басты байладым.  
Білгенін енді істесін,  
Өлімменен ойнадым!»

деп Мағжан шықты.

«Қорықпа елім.  
Даңқынды сенің,  
Шетке мықты жаярмын.  
Алаштың ұлын  
Көтеріп құнын  
Сүйреуге көкке даярмын»

«Алаш полкінде жүрген бір жігіттің еліне хаты» деген атпен «Жас азаматтың 20-санында «Шаңқан» жазды: сол газеттің 22-санында.

Елім-ау, бір сен үшін міндім атқа.  
Көзден жем қылмаймыз деп енді жатқа.  
Көтеріп алаш туын, ұрандадық,  
Қарамай шапқан қылыш атқан оққа

деп Шаңқан тағы жазады.

Қысқасы, алашордашылдар пурлтариат үстемдігіне осылай қарсы шықты. Байшыл алашордашылдар пурлтариат үстемдігіне қарсы шыққан бұл өлеңдерінде бұрынғы «ұлтым» дегенді тастаған жоқ. Бірақ бұл ұлтым, қазағым деу дәнеңеге жәрдемі жоқ байшылдық абиырын жабам деген ұлтшылықтың тозған, жыртылған, тамтығы қалмаған ескі шапаны еді. «Үгіт» тонын өзгертіп, таза бай тонын киіп отырып, байшылдар «Қазағым» деген сөзбен еңбекші бұқараны әлі де алдағысы келеді. Бірақ ол ниеті іске аспады. Еңбекші бұқара алашордадан түңілді. Сондықтан алашордаға еркімен түк жәрдем берген жоқ. Ал қазақтың байлары алашорданы белсенді жақтаушылар болды: ат берді, ас берді, жігіт жиысты, елден жәрдем жиды.

Төңкеріске қарсы Қазақтың алашшыл байшылдары майданда бәлшебек қолынан өлгендерді ардақтап, елге «алаштың шын ұлы мынау» деп жар таратты.

Түркістан майданында, бәлшебектер қолынан өлген Отыншы Әлжанұлы дейтін алашорданың бастығының біреуіне «Жас азаматта» арналып, мақалалар басылған. Сол мақалаларда Қошмұқамбет Кеменгерұлы:

«Жаңа гүлденіп келе жатқан алаштың көш басшы азаматтарға өте мұқтаж кезінде қанішер, жендет бәлшебектердің қолынан мезгілсіз қаза таптың. Ертеден ел қамын ойлап, алаш тілегін қолыңа шамшырақ қып ұстап ең. Сол шырақтан өмірдің ақтық уақытына шейін айрылмадың. Білім дариясына сусындауыма, саяси көзімнің ашылуына себепкер боп, ұлтшылықтың өріне сүйреп ең. Алыста жатсаң да сабағыңнан хатпен



жазып, ұстаз болып ең. Жұмсақ сөзді, мүләйім жүзді жездем дейтіндерінді көре алмадым-ау!

«Опасыз тағдыр, баянсыз дүние, мейрімсіз өлім! Амал жоқ ... иманың жолдас болсын!»

Семейде бәлшебектер атқан алаштың офицері Қазы Тұрмұқамбетұлын көмгенде, қабірінің үстінде Міржақып Дулатұлы қаралы өлең айтып соның аяғында былай деген:

«Бусанып жатқан жас қабір.

Иесін мұның айтайын:

Мақсаты ұлттың жолына,

Туын ұстап қолына,

Жас ғұмырын пида еткен,

Жар жолдасын күйзелткен.

Алаштың адал баласы.

Армансыз өлген данасы.

Жүректен жалғыз оқ тиген,

Жаза баспай дөп тиген.

Алаштың бұл құрбаны.

Аяулы жолдас Қазы жас,

Қош, бауырым, жолдасым.

Армансыз сенің өз басың.

Қабыл болып құрбаны,

Алашты құдай оңдасын!»

Міне, Алашорданың жыры да осылай. Сталин жолдастың «ұлтшылдар жалпы ұлтты емес, байды ғана жақтайды, бірақ сол байшылдығын олар бұқара атынан сөйлейді» деген сөзінің шын екенін алашорда іс жүзінде көрсетті.

«Ұлт байларының жалпы халықты құлдықтан босатуға тырыспайтындығы, олар «бостандық» деген сөз астымен «өз ұлтын» басқа ұлттың байларынан босатып алып, өз байларының капиталдарына тізгін беріп, еңбекші бұқараны қанайтындығы айқын көрінді.<sup>41</sup>

«Кейбіреулер ұлттардан құрылған «үкіметтер» (февральдан кейінгі алашорда сықылдылар – С.М.) кеңес үкіметімен соғысқанда, өз ұлтын орталық Русияның қол астынан босату ниетімен соғысты дейді. Бұл, әрине, дұрыс емес. Жер жүзінде, әр ұлттың өз билігін өзіне беру ретінде, ұлт бостандығы ретінде, кеңес үкіметінен мейірімді кең еш бір мемлекет жоқ. Олай болса ұлт «мемлекеттерінің» кеңес үкіметіне қарсы күресі социализмге, төңкеріске қарсы жасаған ұлт байларының күресі. Бұл осылай болды, жаңа болашақ ұлт туды. Байлар өздерінің байшылдык, төңкеріске қарсылық құрал есебінде ғана қолданады<sup>42</sup>.

<sup>41</sup> Сталин И Сборник статьи, стр 36

<sup>42</sup> Сталин И Сборник ст, стр 85

## Жеңілген байшылдар

Қазақтың ұлтшылдары Қазақ байларының тілегінен туып еді. Бірақ ол тілегін февраль төңкерісіне шейін жалпы ұлт атынан өткізгісі кеп жүрді де февральдан кейін бетін айқын ашып еңбекшілер үстемдігіне қарсы шапты. Олардың бұл шабуы да орыс еді. Үйткені, еңбекшілер үстемдігі орнаса, социализм орнайды. Социализм орнаса, байлар табына таптық ажал туады. Байлар, байшыл оқығандар кеңес үкіметіне қарсы шыққанда, таптық мақсаты қайшы келген соң қарсы шықты.

Бірақ байлар алашорданың да, оның арқа тіреген Колчак сықылды жанаралдарының да «кеңес үкіметін қара қанның сазына тұншықтыруға» әлі келмеді. Бәлшебекті тұншықтырам деп жүріп өздері тұншықты.

Алаштың ақ туын көтеріп «жауға ойран саламыз» деп шапқан қазақтың байлары мен байшылдары өздері ойран болды да:

«Қыбырлаған қоңыздар,  
Қорсылдаған доңыздар  
Тілегің болды қуан, күл.  
Бостандық еркі періште  
Кетуге ұшып ғарышқа  
Ақ қанатын комдап тұр»

деп «Алашордамен» коштанасып, (Мағжан) ала туын жықты. Мақсаты дұрыс, тірегі мықты пурлтариат қан майданда алаш туын еріксіз жықты. Алаш өз еркімен жығылайын деген жоқ. Таласып еді, пурлтариаттың күшіне пар келе алмайды.

1919 жылы Алашорда ең алғаш мойнын астына ала құлады. Қазақ еңбекшілері байлардан сол жылдан бастап жігін аша бастады. Ұлт байларынан, оның жоқшысы алашордашылардан күдер үзген қазақ еңбекшілері, кеңес үкіметін қарсы алды.

Сонымен, байлардың бостандық іздеп, бастаған ұлт қозғалысына октябрь төңкерісі тұсау салды. Ұлтшыл байшылдық қозғалысының орнына октябрьден кейін социалдық қозғалыс орнады. Бұл қозғалыста езілген ұлттардың жұмыскерлері мен қара шаруалары өзінің байларының да, басқа байларды да, империалистердің де құлдығына қарсы рақымсыз күрес ашады.<sup>43</sup>

<sup>43</sup> Сталин И Сборник статьи, стр 87



## VI - ТӨҢКЕРІСКЕ ҚАРСЫЛЫҚ

### Увыстыраловшылдық

Кеңес үкіметі орнап Қазақ еңбекшілері тапшылдық міндетін танып, ұйымдаса бастағаннан кейін, Қазақ әдебиетінде байшылдық бағытқа қарсы пурлтариатшылдық бағыт оркендей бастады. Бұл бағыт әдебиетте толық үстемдік алмағанмен, Қазақстанның он жылдық өмірінде пурлтариат әдебиеті деген атқа ие бола алып отыр. Тап жауы мен тап тартысы майданында күресіп отыр. Бірақ, біз әдебиеттегі пурлтариаттық бағытты және төңкерісшілдік әдебиетті бұл арада сөз қылмаймыз. Үйткені біздің бұл арада тексеріп, бағалап отырғанымыз «ұлтшыл, байшыл әдебиет». «Төңкерісшіл пурлтариат әдебиеті деген әдебиетті біз жеке түрде толық талдаймыз. Сондықтан бұл арада Кеңес үкіметі Қазақ даласына орнаған соң байшылдық әдебиеттің қандай әдіске түскенін, қандай айдалар қолданғанын, қандай тондар жамылғанын, қазір қандай залалы барын айтамыз да, содан кейін байшыл, ұлтшыл ақындардың шығармаларын жеке тексереміз.

Октябрь төңкерісі туғанымен, жалпы Русиядағы байлар табы, оның ішінде қазақ байлары құрыған жоқ. Октябрь төңкерісі әкімшілікті еңбекшілердің қолына берді. Жерді халық мүлкіне айналдырды. Зауыт-фабрикалар негізінде жұмыскер басқаруына көшті. Бірақ мұның аты байлар табының өлгендігі емес. Ол туралы Ленин былай дейді:

«Социализмнің аты тапты жою. Пурлтариат үстемдігі қолдан келгенін істеп жатыр. Бірақ, тап біткенді табан аузында жоя қоюға болмайды.

Пурлтариат үстемдігі кезінде тап бар жаңа болады да, тап жоғалса үстемдік те керек жоқ. Тап деген нәрсе пурлтариат үстемдігі арқылы ғана жойылады.

Пурлтариат үстемдігі орнағанмен тап жойылған жоқ, түсін өзгертті. Қатынасы өзгерді. Пурлтариат үстемдігі орнағанмен тап тартысы жойылған жоқ. Түсін өзгертіп, басқа әдіске түсті».<sup>44</sup>

Октябрьден кейін үстемдігінен айрылған байлар табы қайтадан үстем болу үшін жаңа әдістер іздеді. Ол әдістер көп болды. Біреулері шет елдердің капиталистерінен жәрдем ап, кеңес үкіметін құлатпақ болды. Біреулері іштен жанжал шығарып, бандылық (бүліншілік, талағыштық) жолымен күресті. Біреулер қаскүнемдік жолмен ішінен шірітуге тырысты. Біреулер жаңа үнем саясатынан (неп) дәмеленді. Қысқасы үстемдігінен айрылған байлар әлде неше әдістер істеп

<sup>44</sup> Ленин Собр соч , том XIX

карады Осы әдістердің ішіндегі залалды әдіс «орыстың Увыстыралов деген профессорының әдісі еді Бұл әдісті орыс тілінде смеховеховшы дейді Олай дейтіні Увыстыраловқа ерген, бірнеше адамдар «смека вех» деген журнал шығарды Бұл қазақша «нысана өзгерту» деген сөз Увыстыралов бір мақаласында былай дейді

«Егер біз саясаттан шығып, таза мәдениет мәселесіне келсек, төңкеріс орыстың данышпаңдығын жоймайды Өзгерген, ептеп науқастау күйінде, екінші түрлі жолмен жарыққа шығарады Бұл барлық төңкеріске арнаулы сипат Ұлт көсемдігі бұдан кемімейді Қайта өркендейді, жаңа күш, жаңа сана алады Төңкерісте орыстың көп ерлері жойылады Бірақ оның орнына мыңға татитын біреулер қалады

«Русия ұлы үкімет күйінде қалуға керек Егер олай болмаса, қазіргі оның басына туған дағдарыс өмірінде жойылмайды Қазіргі күнде жалғыз төңкеріс қана орыстың ұлы үкіметін орнына тұрғыза алады (Бұл арада төңкеріс деп отырғаны октябрь, – С.М.) Орыс елін дүние жөніндегі іргелі елдер қатарына қоса алады Орыс елінің мәдениетін сақтау үшін, біздің мақсатымыз төңкерістің саясатын жақтап, бағасын көгеру болу керек»<sup>45</sup>

Бұдан былай Увыстыралов Кеңес үкіметін күншығысты отарлауға орыс ұлтшылдарының жаңадан шығарған әдісі, деп бағалайды да, ар жағында

«Кеңес үкіметі төңкеріс атымен ұсақ ұлттарды озине тартуға тырысады Ұлы орысшылдар да Русияны бүтін ғып ұстауға ірі мемлекет деп ұстауға тырысады Бұл скеунің пікірі басқа болғанмен жолдарының баратын түпкі тиянағы бір», - деді («Смена века» Иголь 1921г Прага Стр 50 )

Осылардың бәрін қорытып келіп, Увыстыралов кеңес үкіметіне қарсыларды соғеді Кімде-кім кеңес үкіметін құлатқысы келсе, бұған қарсы шықпасын, ісіне жәрдемдесе беріп, іштен шіртсін де, Русияның ескі үкіметін, ескі жерін аман сақтап қалсын, дегенді айтады Увыстыраловтың бұл пікірі төңкеріске қарсы пікір екенін, жалған пікір екенін қазақ еңбекшілері іс жүзінде көрді Сондықтан оған тоқталмаймыз

Қазақ байшылдары қазақ даласына Кеңес үкіметі орнаған соң, Увыстыраловтың осы әдісіне түсті Үйткені олар шет елдердің капиталистерінен жәрдем күтпеді Өз күштерімен құлатуға, күшпен сенбеді Сондықтан Кеңес үкіметіне кірші алып, іштен шіртуді ойлады Бұл туралы жолдас Голощекин былай дейді

«Қалел Гаппасұлы жауабында (Халел төңкеріске қарсы ұйым жасағандығы үшін 1930 жылы абақтыға түскен Сондағы жауабы

<sup>45</sup> («Смена века» Иголь 1921г Прага Стр 45



С.М.) былай деген 1920 жылы, иә болмаса 1921 жылдың көктемінде Семейде мәжіліс болды. Бұл мәжілісте қаралған басғы мәселе тобымызбен партияға кіру еді. Саяси тұрмысқа салмағымызды арттыру керектігі туралы еді.

«Елдесұлы Омар жауабында былай деді: Байтұрсынұлы Ахмет партияда жоқтарды партияға кіруге үгіттеді. Ермекұлы да Байтұрсынұлының сөзін қуаттады. Бөкейханұлы Әлихан да осы пікірді жақтады».

«Еңбекші қазақ» № 229, 1930 жылы.

Голощекин бұдан былай алашордашылардың осындай толып жатқан пәктілерін келтіреді: «Міні, мұның аты Увыстыралов әдісін қолданып, партияны ішнен шіртіу емей немене?»

Алашордашылар бұл тілегін орындады. Кеңес үкіметі қазақ даласында орналасқанда, олар өздеріне сенімді жастарын түгел партияға кіргізді. Төңкеріске нағыз барып тұрған қарсы, нағыз байшыл жазушы Байтұрсынұлы, Әуезұлы, Аймауытұлы 1920 жылдары коммунист боп үкіметтің жауапты қызметінде болды. Төңкерістен кейін байшылдық пікірін осылай жүргізуге айналған алашордашылар тілегін орындау үшін мынадай әдістер істейді:

### **Жастарды байшылдыққа тарту**

Голощекин жолдас жоғарыда көрсеткен мақаласында Байділдаұлы Әбдрахманның мынадай жауабын мысалға алады:

«Смағұл Садуақасұлы Мәскеуден 1922 жылы Байділдаұлына жазған хатында меніңше, келешекте біздің әдісіміз мынау болу керек: біз билікті өз қолымызға алу үшін күреспейміз. Бұл мақсатты бірінші ғып қойсақ та бізге билікті бермес еді. Сондықтан жастарды тәрбиелеуге, жастарды келешекке дайындап, күш жұмсауға тырысу керек деген».

Бөкейханұлы Әлихан бұл туралы Дінше Әділұлына алашқа қызмет ету үшін бізге жастарды тәрбиелеп, қазақ баспасөзінде жұмыс істеуден, өз кітабымызды шығарудан басқа жол қалған жоқ деген».

Бұл келтірілген сөздерден алашорданың бас мақсатының біреуі келешекке даярланып, жастарды байшылдық пікірмен суару көрініп тұр. Алашорданың жастары осы мәселені қызу қолға алды.

Төңкеріске қарсы байшыл жазушының біреуі Аймауытұлы Жүсіпбек «Қазақ тілі» (Семейде) газетінің 12-санында мынадай сөздер жазды:

«Жастар күткен үмітті ақтай алмады. Әлсуметтің шын ұлы бола алмады. Бейлі, мінезсізді, Идсыдан айрылды, жігер сөнді, саяздады».

Аймауытұлы бұл мақаласында, алаш тілегіне жастарды



қыздырып отыр да, оның үстіне, ұлтшылдықтан коммунистікке беті бұрылғандарға ұрысып отыр. Осыған жауап іретінде Тоғжанұлы Ғаббас жолдас 1922 жылы шыққан Еңбекші қазақтың 17-санында Аймауытұлына жауап жазды. Бұл кезде Ғаббас екі жыл партияда бар «коммунист» еді. Ғаббас Аймауытұлының «жастар түгел» азды дегенін сөгіп, ұлтшыл жастары мақсатында мықты, мықты айта келіп:

«Ішінде, ниетінде қазақтың ақ жүрек жастары бірыңғай болды (бірен-сараң сатылып кеткендер, елігіп кеткендер болмаса) дейді».

Мұндағы Ғаббастың «сатылып кеткендер» дегені шын коммунист болғандар. Ғаббас: біздің жастар деп отырғанымыз:

Жұмсақ таза жүректер,

Қасиетті тілектер,

Сүттей таза жүректер,

Мен жастарға сенемін!

деген жастар» деді.

Бұл өлең байшыл ақын Мағжанның алашорда газеті «Жас азаматтың» 1918 жылы шыққан 3-санына басқан «Мен жастарға сенемін» деген нағыз төңкеріске қарсы, алашордашыл, байшылдық иісі аңқып тұрған өлеңі еді. Ғаббас жастарға осы өлеңді үлгі қылды. Осының өзі-ақ алашордашылардың жастарды тәрбиелейік дегенінің арты қайда соғатынын көрсетеді. Ғаббас сол мақаласында жастарды ұйымдастыру жұмысын сөз ғып, былай деді:


«Қазақ жастарының ұйымы тізгіндес болу керек». Ұйым қазақ жастар ұйымы деп қана ашылсын. «Жас коммунистер ұйымы» дегеннен бірді келтіріп, мынды жығармыз. Пайдасынан зияны көп. «Шәйке-жәшейке» боп шығады.

Қазақ жастар ұйымына, «Ғаббас ұлтшыл, байшыл демей, коммунист демей алына берсін» деді. «Ел ішінде саяси билеу, әдеби ағарту істерінің кіндігі, күзетшісі жастар ұйымы болсын» деді. Егер бұған партком ұлқсат бермесе, жастар өздері басқарсын деді. Алашордадан партияға кіргендердің аяқ алысы осылай еді.

Біз бұл араға Ғаббастың бұл мақаласын мысалға алғанда, оны не мұқату, не жамандау ниетімен алып отырғанымыз жоқ. Алашорданың жастар туралы ұстаған әдісіне айқын дерек болатын мақала болғандықтан алдық.

Міні Голощекин жолдастың «алашорда жастарды ұйымдастыруды қолға алды» деген сөзінің аяғы осыған соқты.

Алашордашылар жастарды тәрбиелеу мақсатымен мектеп мәселесін байланыстырды. Күштерінің көбін мектепте бала оқытуға, мектеп кітаптарын жазуға салды. Ол кітаптарда ылғи байшылдық, рушылдық, қиялшылдық сөздер жазды. Бұл жазғандар туралы әрбір ақынның жеке еңбегін тексергенде айтамыз.



Байшылдардың үлкен қолға алған ісінің біреуі баспасөз болды. Төңкерістің бастапқы кезінде еңбекшілерден қалам қайраткері жоқ болғандықтан, байшылдар Кеңес баспасөзінің басына отырды. Мәселен: Қызылжарда шығатын «**Бостандық туына**» Мағжан Жұмабайұлы, Семейде шыққан «**Қазақ тіліне**» Аймауытұлы, «**Еңбекші қазақта**» Садуақасұлы, Әуезұлы, «**Ақжолда**» Дулатұлы іс жүзінде басқарушы болды.

Байшыл қалам қайраткерлеріне Байтұрсынұлы Ахметтің «Еңбекші қазақ» газетінің 1922 жылы шыққан 29-санындағы «**Қалам қайраткерлері**» деген мақаласы пурграм болды. Онда Ахмет былай деп жазды:

«Қазақ халқын ұлтым, жұртым, бауырым деп үйреніп қалған қазақтың бауырмал қалам қайраткерлері октябрь өзгерісі болғанда бірден интернационалист (бей бауырмал) боп кете алмады. Өзгелердей «алымсақтан бері» коммунистпіз дей алмады. Қайрат көрсетіп, басшылық қыла алмады. Бауырмалдық жолында қызмет етуін бей бауырмал үкімет қош көрмеді. Сөйтіп, қазақ қалам қайраткерлерінің қолында дағдарыс боп, өзгерістен бұрынғы қарқындары қайтып, тартынып қалды. Бұл қайтқан қарқын әлі күнге дейін жетілген жоқ...

«Төңкеріс болды. Патша үкіметінің орнына совет үкіметі орнықты. Патшаның оң көзі шенеуніктер қалып, оның орнына совет үкіметінің оң көзі боп коммунистер қазақты билейтін болды... Қазаққа жаны ашып, қазақ сөзін сөйлеген адам болса, оны ұлтшыл деп, әдепсіздік еткен сиырдай қылатын болды. Төбелеске шығатын адам сықылды тосіп ұрып «жасасын бей бауырмалдық» деген қазақ болса қошмет етіп, қол шапалақтап, төбесіне көтерді... Солай боп тұрғанда қазақтың жұртшыл, ұлтшыл қалам қайраткерлері қалайша қаламды, қолға алуға ықыласы шауып, көңілі түспек.

«Қалам қайраткерлері жолын тастап, көрінген жолаушыға ере беретін бұралқы ит емес. Бауырмал боп қалған қалам қайраткерлері, ия бояумен түсін өзгертіп, ия түлеумен түгін өзгертіп, бей бауырмал болмаса, нақ ішін өзгертіп бей бауырмал бола алмайды...

Қазақ ішіне сіңіп қалған қалыпты өзгерту оңай емес. Бас өзгерді; бастық өзгерді; төбе өзгерді. Басқасы әлі қарап тұр. Қазақ көрген қорлық, зорлық көбеймесе, әлі азайған жоқ».

Алашордашылардан коммунист боп баспасөзге қатынасқандар осы ізбен жүрді. Кеңес үкіметінің ақшасына шығарған баспасөзді кеңес үкіметіне қарсы қойды.

Бұл жұмыс, әсіресе, ескі Түркістан Республикасында шыққан «Ақжол» газетінде күшті болды. «Ақжолда» байшылдарға орын



ашық болды. Мұны көріп, Кеңес үкіметінің қас дұшпаны, казактын ығни төңкеріске қарсы жазушы ақындары Ташкенге «Ақжол» маңына жиналды. Мәселен: Жұмабайұлы Мағжан, Өуезұлы Мұхтар, Аймауытұлы Жүсіпбек, Кемеңгерұлы Қошке, Байтасұлы Абдолла, Досмұхамедұлы Халел, тағы басқалар.

Бұлар Ташкенде «Ақжолды» місе тұтпай, «Шолпан», «Сана» атты көркем әдебиет журналдарын шығарды. Бұлардын бәрінде ығни байшыл, Кеңес үкіметіне қарсы шығармалар басылып тұрды. Бұл туралы, сол Кезде Түркістан Республикасында бастық болған Қожанұлы былай деді:

«Алашордашылдармен» күрескеміз жоқ. Баспасөз жүзіндегі, партия ішіндегі алашордашылардың әсерімен күресілмеді... Тап жолынан ұлтшылдық жолы басым болды. Тап жолдық жолды жүргізбеу әдісі қолданылды» (Е.Қ. № 254, 1929 жыл).

«Алашордашылдар» баспасөзден еркіндік алған соң, бір жағынан төңкеріске қарсылығын жүргізе отыра, екінші жақтан, еңбекші табының бір жырын жырлайтын бірен-саран адам болса, соны тұқыртуға, жоюға тырысты. Жалғыз газет, журналды ғана қойған жоқ, алашордашыл ақындар өздерінің шығармаларын кітап кып партиядағы агенттері арқылы еркін бастырыл отырды. Мағжанның кеңес үкіметіне, пурлтариат үстемдігіне қарсы жазған өлеңдерді Түркістанда басылып, соған Қожанұлы Сұлтанбек «бетапар» жазғанда былай деді:

Мағжан өлеңдерінің ішінде Марксизм дүнистанымына ұйқаспайтын жерлерден оқушылар көре салып үрікпеді, көп көз салу керек. Тарих мәнісіне жете түсіну керек.

(Мағжан өлеңдері. 1923 жыл. Ташкен).

Мағжан өлеңіндегі бар тарих байшылдық. Мағжанның осы жинағында, оның:

«Қап-қара түн толқынданған қызыл қан.

Қара түнде өңшен соқыр шұбырған.

Сол шұбырған сансыз соқыр алдында,

Ентелеген кәдімгі Иван Есалаң»

дейтін әлемге әйгілі өлеңі бар.

Бұндағы «Қара түн» октябрь төңкерісі. «Шұбырған соқырлар» пурлтариат, «ентелеген салаң» Иван коммунист партиясы. Міне осындай нағыз тап дұшпанының пурлтариатқа дұспандық өлеңін Сұлтанбек Қожанұлы коммунист бола тұра, «әдемі болған сон бастық, түріне қараңдар, мазмұнына қарамаңдар» деп отыр. Мағжан өлеңінде басылғанның көбі осылай.

«Шолпан», «Сана», «Ақжол» газеттерінде де осы сықылды пурлтариатқа ашық қарсы өлеңдер, әңгімелер басылды.



## Халық әдебиетін пайдалану

Тоңкеріске қарсы өлеңдер, байшыл жазушылар өздерінің пуритариатқа дұшпандық шығармаларын кеңес баспасөзіне бастырумен ғана қанағаттанбай, қазақ еңбекшілерін ұлтшылдыққа тәрбиелейтін халық әдебиеттерін жинап бастырды. Халел Досмұхамедұлының қолынан: «**Исатай-Махамбет**», «**Мұрат ақын**», «**Аламан**» сықылды кітаптар басылды. Байтұрсынұлы мен Бөкейханұлы «**23 жоқтау**», «**Ерсайын**» сықылды кітаптарды бастырды. Мағжанның қолынан «**Тарту**», «**Ыбырай алтын Алтынсарыұлы**», «**Ақан сері**» сықылдылар өтті.

Бұл әдебиеттер тегінде басылмау керек емес. Басылуы керек бірақ, басылудың басылуы бар. Бұлардың пікірі әрине пуритариат тілегіне үйлеспеді.

Пуритариаттың, жалпы еңбекшілердің бәрі бірдей бола қойған жоқ. Әсіресе қазақ еңбекшілері, толып жатқан тарихи жағдаймен, күні бүгінге шейін толық саналанып болған жоқ. Жоғарғы халық әдебиетінің көбі қазақтың басқа ұлттармен жауласқанын айтады. Не болмаса қазақтың тағылық өмірден қалған әдет ғұрыптарын жырлайды. Осыларды Маркстілдік көзқараспен түсіндіріп бермесе, еңбекші бұқара өз бетімен түсіне алмай адасуында сөз жоқ.

Байшылар осы «түсіндіруді» жазуды өздерінің байшылық тілегіне жаратты. Мазмұн жағынан пуритариатқа теріс халық әдебиетін одан жаман теріс айналдырды. Халелдің «Аламан» деген халық әдебиетінің жинағына жазған түсіндіруінен аз ғана мысал алып көрейік...

...«Ұлт мемлекетін жасап, қазақ арасынан әлеуметшілдік туғызамыз деген дәуірде тұрмыз». Жаңа әлеуметшілдікті туғызу үшін елдің бұрынғы, соңғы әлеумет мінездерін тексеру керек.

«Ең алдымен тексеретін нәрсе аламандық: (аламандық деген ала ауыздылық, туысқанға кек сақтаулық деген сөз. – С.М.) Аламандық бар жерде нағыз әлеуметшілдік тұра алмайды (?), шын әлсуметшілдік орнаған жерде аламандыққа болмайды. Әлеуметшілдіксіз қазақта ұлт мемлекеті, ұлт тіршілігі болуға мүмкін емес?»

«Қазақ әлеуметшілдігінің өткенін жондеп түсініп, әзіргі қалпын анық көріп, кемісін болжай білу, көп қазаққа көз болған, мәдениет жолына көш басшы болған молдадан оқып тәрбие алған, ордаға кіріп жол көрген оқыған қазақ зиялыларымыздың міндеті».

(«Аламан» 10-бет).

Бұл айтылғанды ашық тілге аударғанда, Халел: қазақ халқы егер өзара жауласса ел бола алмайды деп отыр. Осы сөзбен ауылдағы тап тартысына зиян салғалы отыр. Бір ұлттың тап боп

тартысуын жүгенсіздік елдікті білдіретін калып деп отыр. Осындай берекесіздікке, бізше айтқанда тап тартысуына жол бермеуді, казак ұлтын тапка бөлмей тұтас «әлеумет» кып ұстауды «молладан оқып тәрбие алған, ордаға кіріп жол» алған оқығандарға жүктеп отыр. Оқығандардың молдасы, әрине ұлтшылдық козғалыс, «Жол алған ордасы алашорда».

Міні, халық әдебиетін жинағыш байшылдар жинағанда осындай ниетпен жинап отыр.

Мағжан, Ақан Серінің шығармаларын жинап, «Сапа» журналының 1923 жылы шығарған 1-санында бастырды. Сол Ақан Серіні аяқтап кеп, Мағжан былай деді:

«Ақан сұлулыққа табынған. Мұның өмірі сол сұлулыққа табынған мұн мен зар. Бұл тілекке жауап табу қиын. Мұндай тілекке жауап іздей бастасаң: есінің заулаған оттай баяғысы, қап-қара түңдей кешегісі, жалпылдаған жындай бүгінгісі, қара тұман келешегі түседі».

(116-бет)

Мағжанша, қазіргі кеңес үкіметі «жалпылдаған жын», кеңес үкіметі казак елін келешекке коммунизмге апарса ол «Қара тұман».

Бұл сықылды мысалдар төңкеріске қарсы байшылдардың қолынан басылған Халық әдебиетінің бәрінде бар. Бұдан шығатын қорытынды, байшылдар халық әдебиетін жинағанда содан қара халыққа өткенді дұрыс елестетейін деп ойлаған жоқ. Сол әдебиеттер арқылы казак еңбекшілерін кеңес үкіметінің тілегінен теріс тәрбиелеуге ойлады.

### Кітап аудару мен пайдалану

Байшылдардың баспасөзді менгеріп отырған кезінде қолға алған үлкен нәрсесінің біреуі орыс тілінен казакшаға кітап аудару. Бұл аудармаларында да олар төңкеріске қарсылық жолын өткізіп отырды. 1928 жылы Үмбетбайұлы деген жігіттің қолынан «**Әскерлік атаулар**» деген кітап шықты. Мұны қарап бекіткен Ахмет Байтұрсынұлы. Сол кітапта: «ура» деген сөз «**Алаш**» деп, «әтіред» деген сөз «**жолбасар**» деп аударылды. Бұдан артық маскара бұдан артық қаскүнемдік бола ма?

1925 жылы Мәскеудегі күншығыс баспасында: Н.К.Крупскаяның «**Халық ағарту туралы Лениннің өсиеті**» кітабы аударылып басылды. Мұны аударған Әлихан Бөкейханұлы. Бөкейханұлы алашорданың «Ардақты» бастығы. Оқымысты адам. Ол сықылды саяси адамдар біреудің еңбегін теріс талқылап, қылмыс жасамау керек. Бірақ Әлихан олай істемеді. Лениннің сөздерін ақылы жоқ адамның біреуінің бетін бір тырнап, орынсыз шаптыққан әдепсіз сөздеріне айналдырды. Мәселен:



«Мен коммунистпін, маған негізді түк білім керек емес деген адамнан коммунистің он екі мүшесінің бірі де табылмайды. Бұл коммунист болмай-ақ қойсын, адырақал-ау!» (19-бет).

Өзгесі дұрыс. Бірақ «Адыра қал-ауына!» жол болсын.

«Жалғыз ауылдың итіндей» (!?) шулап, күнде газет-журнал бетін саяси желбуаз сөзбен шимайлайтын біздің Маркстіл жазушылар қуатын мектеп кітабына салса, біз бұл сықылды ұят қалда болмас ек.

«Жалғыз ауылдың итіндей» деген сөзді Ленин атымен айтқан жоқ. Ленин жалғыз ауылдың итінің үргіш келетінін қайдан білсін. Оны ауыл «Ақсақалы» ауылда «өскен» Әлихан ғана біледі ғой, Әлихан бұл арада, «жалғыз ауылдың иті» дегенді әлдеқалай алып отырған жоқ. Оның жалғыз ауыл деп отырғаны Кеңестер одағы. «Иттері комунистер». Үйткені Кеңестер одағы шынында капиталшыл мемлекеттер ішінде жалғыз ауыл сықылды ғой. Ленин Степанов деген кісінің мектепке арнап жазған кітабынын жақсылап айта кеп, олай демейді, былай дейді:

«Если бы наши литераторы-марксисты в место того, чтобы тратить свои силы на всем надоевшую газетную и журнальную политическую трескотню засели за такие же пособия или учебники по всем без изъятия общественным вопросам мы не переживали бы такого позора, что спустя пять лет после завоевания политической власти пурлтариатом, всего пурлтариата в гос. школах и университетах учат (вернее возвращают) молодежь старые буржуазные, учение старому буржуазному хламу (т. XVII, часть 2, стр.17).

Қазақшасы:

Біздің коммунист жазушыларымыз күн сайын газет-журналда бас қатыратын саяси құрғақ сөздердің орнына осы сықылды құралдар жазса, қоғам ғылымының бар жүйесіндегі мәселелер туралы оқу құралын жазса біз бұл сықылды маскараға кездеспес ек.

«Пурлтариат үкіметті қолына алғалы бес жыл. Сол бес жылдың ішінде байшыл оқымыстылар пурлтариат мектептері мен университеттерінде, жастарға байшылдық көн-коқырларын оқытып келеді».

Бұл арада «жалғыз ауылдың иті» деген сөздің атымен иісі жоқ:

«Осы күні жарты миллион мұғалім жұмысшы мемлекетінің қызметкерлері, осыларды партия тіркеген түйедей жетелеп, партия иіне салып, біздің иіспен сасытып, (?) біздің партияның отымен жандырып, іс жүргізу керек. Осы күнде көз алдымызда Алатаудың (?) аңғарындай, шығысты жарып шығып келе жатқан күндей ісіміз осы болады» ...

«Біз енді партиямен матасқан, (!) партия иіне иленген (!!)... Коммунист малмасына (!) салынып, оның иісін шығаратын,



коммунист ісіне еліктетіп коммунист ісіне бетін бұратын мұғалім әскерін даярлауымыз керек» (26-бет).

Мұғалімдердің арасында байшылдық барын айта кеп, олай деген жок, Ленин былай деген:

Особенно ярко встает задача сочетать партийное руководство и причинить себе, пропитать своим духом, зажечь огнем своей инициативы громадный аппарат-полумиллионную армию преподавательского персонала, который стоит сейчас на службе у рабочего, работники просвещения, учительский персонал были воспитаны в духе буржуазных предрассудков и привычек, в духе враждебном пурлтариату. Они были совершенно не связаны с ними. Теперь мы должны воспитать новую армию педагогического персонала, который должен быть тесно связан с партией, с его идеями, пропитан ее духом, должен привлечь себе рабочую массу, пропитать их духом коммунизма, заинтересовать тем, что делают коммунисты. (том XVIII, часть 2, 170 стр.).

Қазақшасы:

«Қазір жұмысқа тапқа қызмет етіп отырған жарты миллиондай мұғалім әскері бар. Осыларға партия жол басшылығын күшейту, партияға жақындастыру, партия тәрбиесі мен тәрбиелер партия қазанына қайнату – алдымыздағы кезекті міндет. Бұл Мұғабайлардың тәрбиесін алған. Пурлтариатқа жақындасып одан тәрбие алып көрмеген. Кәзір, бізде, осы сықылды жұмыскер табынан сырытқары тұрған мұғалім әскерін партияға жақындастыру керек. Партияның пікірін оларға ұғындыру керек. Партияның тәрбиесін сіңіру керек. Солар арқылы жұмыскер бұқарасы коммунизм тәрбиесін алып, коммунистердің не істеп жатқанымен танысу керек».

Міне, Ленин сөзін дені дұрыс кісі аударса осылай шығады. Мұнда «Матастырған қысырақ» та жок, «Сасытқан коммунист малмасы» да жок. Осы сықылды дұрыс сөзді жоғарғыдай ғып аударуды адамгершілік қылмыс демегенде не дерсін.

Әлиханнның бұл кітабында осы сықылды сұмдықтар толып жатыр. Бұларын оқығанда, Әлиханды саяси адам дегенге шек келтіресін. Оңай жерден олжа іздеп, өз тілегін жүргізу үшін, не қылмыстан болса да бас тартпайтын былық адам деп ойлайсың.

Байшыл ақынның біреуі Сұлтанмақмет Торайғырұлы, алашорданың басты адамдарының мінездерін өлең ғып жазып кеп, Халел Ғаббасұлына мынадай баға беріп еді:

Шын деп ұққан мақсатқа жету үшін,  
Бір істі ойындағы ету үшін,  
Сол жолда қабылдаудан бас тартпайды,  
Болса да оған керек нендей пішін.



Нақ осы мінездеме, мына аударма іретінсн Әлиханға дәл келеді.

Бұл сықылды аудармалар толып жатыр. Олардың бәрін көрсете берудің қажеті жоқ. Байшылдардың аударманы қандай түрде қолға алғандығына, осылар да толық дәлел бола алады.

Байшылдардың көңіл аударған күрделі істерінің біреуі балалар әдебиеті болды. Бұл іретте, әсіресе, Аймауытұлы мен Жұмабайұлы Мағжан көп жазды. Ондағы ойлары жас балаларға қиялшылдық, байшылдық рух сіңіру еді. Оларды әр жазушының епбегін тексергенде айтамыз.

Қысқартып айтқанда, байшылдар төңкеріске қарсы пікірлерін Кеңес баспасөзінде соңғы жылға шейін толық өткізіп келді. Бұл ретте оларға кең жол ашқан орындар: Ташкендегі бұрынғы Түркістан Республикасының басында отырған Қожанұлы сықылды байшыл коммунистер мен Мәскеудегі күншығыс баспасында отырған Қожанұлының жігінде болған Нәзір Төреқұлұлы. Байшылдар кітаптарын көбінесе осыларға бастыртты.

Байшылдарға сыбаға беру іретінде Қазақстан баспасы да (ескі, жаңа Қазақстан) құралақан қалған жоқ, әсіресе Смағұл Садуақасұлы оқу комиссары болған жылда, Мәскеу мен Ташкен баспаларына сөзі сыймаған байшылдар Смағұлдан көп сая тапты. Смағұл оларға баспасөзден кең жол ашуы былай тұрсын, мың сомдап ақша беріп төңкеріске қарсы кітаптарды бәйгемен жаздырды (Әуезұлының «Қаракөзі», Аймауытұлының «Шерниязы»).

### Байшылдардың жүйелері

Байшыл ақын-жазушылардың төңкеріске қарсылығын жоғарғы айтқандармен ғана санап бітіруге болмайды. Олардың бұл сықылды қылықтары толып жатыр.

Біз бұл арада тап тартысының тарихын жазып отырғамыз жоқ. Әдебиет тарихын жазып отырмыз.

Ырас, әдебиет тарихы да тап тартысының үлкен бір бұтағы. Әйткенмен әдебиеттің өз көлемі бар. Біз сол көлемінен, алашордашылардың Кеңес үкіметіне қай жолмен қарсылық қылғанын толық дәлелдеу үшін шығыңқырап алдық. Бұдан кейін, енді қысқаша алашордашылардың әдебиетте қандай жүйеге бөлініп, қандай әдіс қолданғанын айтайық та, сөзді доғарайық.

Алашордашылар пуртариат үстемдігіне қарсы, қаламмен шабуыл жасағанда, өздерінің күшін майданда әртарапқа бөліп, әрқайсысына әр күрес әдісін ұсынды. Олар:

1. Партия ісіне өздерінің сенімді адамдарынан (Смағұл



Садуакасұлы, Сұлтанбек Қожанұлы сықылды) кісі қойды да, солар арқылы, кеңес тонының астымен байшылдығын өткізді.

2. Орысшадан аудару, мектеп уставын жазу істеріне аз адамдарын бөлді (Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Халел Досмұхамедұлы, Әлихан Бөкейханұлы тағы басқалар). Бұлардан Ахмет пен Міржақып сықылды бұрынғы ақындар ақындығын тастап, байшылдығын мектеп кітабына аударды.

3. Сын жұмысына біраз адамдарын бөліп туып келе жатқан пурлтариат әдебиетіне шабуыл жасатты (Байтасұлы Қабдолла, Даниял Ысқақұлы, тағы басқалар).

Байшылдық жолын ашық түрде жүргізушілер болды (Мағжан Жұмабайұлы, Мұхтар Әуезұлы, Бернияз Күлейұлы, тағы басқалар). Бұлардың ішінен Бернияз:

«Ал жүрегім өлейін  
Дегеніңс көнейіп,  
Аз күн тұрған жалғанға  
Келіп елім демейін.  
Өлер жерің осы деп  
Дәл жүректің тұсы деп  
Қорғасын оқ өткізіп  
Өз қаныңа өзіңді  
Қарық қылып көмейін!»

деп, пурлтариат үстемдігінің тізссінс шыдай алмай, 1923 жылы Қазан қаласында атылып өлді.

Мағжан мен Мұхтар соңғы жылдарға шейін белсенді түрде күресіп келді де, жыл санап пурлтариат үстемдігі нығайған соң Мағжан «Қорқыттың» қобызын құшақтап, Мұхтар «Сырым» салдың моласын құшақтап, сары уайымға, жылауға түсті.

5. «Жолбикелік» жолға түскенсіп, Кеңес үкіметтің саясатына қарай тонын өзгерткенін, төңкеріске қарсылығын «Кедей», «Кеңес» деген сөздің астына жасырған әдісшіл, алдар көсс, кулар (Аймауытұлы, Кеменгерұлы тағы басқалар). Бұлардың ішінде әсіресе Аймауытұлының жолы өте жіңішке, өте залалды жол еді. Мағжандардан сақтануға болатын ашық жау. Жүсіпбек Аймауытұлы әдісшіл, қу, алдағыш, тәсілшіл жау еді. Ол байға қарсы болғанысп, кедейді жақтағанысп кейіпкеріне ылғи кедейді алғанысп, дұспандығын білдірмей өткізетін еді. Осыған көзі жетпеген Ғаббас Тоғжанұлы сықылды сыншылар оны Жолбике деп, кеңес тілегіне ауады деп дәмеленуші еді, Аймауытұлы қос аяқ дейтін тышқан сықылды еді. Сол қос аяққа ұқсап, құйрығын бұлғандатып отырып, снді ұстаймын-ау дегенде жылт беріп, жалтарып отыратын еді. Төңкеріске қарсылық



жөнінде қолданған бір әдісі көзге шалынып бара жатса, қызара калып, басқа бір түрлі көз алдайтын тәсіл табушы еді. Сондықтан Аймауытұлы байшыл, төңкеріске қарсы жазушылардың ішінде ең залалдысы болды.

### Қорытынды

Ұлтшыл, байшыл әдебиеттің сыны ұзағырақ жазылды. Бұның себебі «жазушыдан» деген бөлімде көрсетілген. Әйткенмен бұл арада айта кететін сөз мынау:

Қазақ әдебиетінде ұлтшыл, байшыл әдебиет пердесін ашып көзге көріне бастағанына 30 жылға жақындап қалды. Осы 30 жылдың ішінде ол әдебиет талай дәуірді басынан кешірді. Талай өткелден өтті. Сол өткелдерде талай әдіс қолданды.

Жалпы қазақ әдебиетінде сын, тексеру деген нәрсе әлі нашар. Әсіресе, байшыл, ұлтшыл әдебиет туралы нашар. Нашар емес-ау, жоқ. Ұсақ, ірісі аралас 20-ға тарта байшыл, ұлтшыл жазушылардың ішінен толық тексерілді-ау деген акын Мағжан Жұмабайұлы. Бұл туралы Ғаббас Тоғжанұлының: «**Жүсіпбек сыны, Мағжан ақындығы**» деген кітабы шықты. Бұл кітапта Мағжанның бірсыпыра залалды жері көрсетілген. Бірақ кітап Мағжанды толық талдамаған. Сонымен қатар, дұрыс пікірімен кабат бірсыпыра кате пікірлер жіберген. Өзге байшылдардың ішінде Аймауытұлы мен Әуезұлының бірен-саран кітаптарына сын жазылды.

Бірақ ол сындар олардың кім екенін толық танытатындар емес, көпшілігі қата сын. Байтұрсынұлы Ахмет, Міржақып, Омар, тағы сондай байшылдардан күні бүгінге шейін бір ауыз шығармасы ауызға алынған емес. Ол шығармалар ауылда әлі күнге шейін айтылып жүреді. Саяси санасы жетілмеген ауыл еңбекшілері қандай залалы барын түсінбейді.

Кәзіргі сын жұмысына қатынасып жүрген коммунист жолдастардың біразы қазақ әдебиетіндегі сындын кәзіргі мақсатын толық ұға алмай жүр. Сынды жікшілдікке бұрып, төңкерістің бер жағында, қазақ коммунистерінің арасында болған жіктен құтыла алмай жүр. Кәзіргі пурлтариат жұртшылығына ең залалды әдебиет төңкеріске қарсы байшыл әдебиет екенін ескермей, бұрын өзіне жік іретінен қарсы болған адамды мұқатудың сонында жүр. Кенес үкіметінің қас дұспаны ғып соны көрсетуге тырысып жүр.

Бұдан әрине, коммунист жазушылардың қатесі айтылмасын деген сөз шықпайды. Айтылсын. Қатты айтылсын. Бірақ төңкеріске қарсы әдебиет ұмытылмасын. Пурлтариат үстемдігіне ең қарсы, ең залалды әдебиет байшыл әдебиет екені естен шықпасын.




Өлкелік партия комитеті 1929 жылы болатын V пленумда былай деген: кәзіргі қазақ әдебиетінде, негізінде алашорданың жырын жырлайтын байшыл әдебиет. Бұл байшылдықтан кейбір коммунист жазушылар да тазарып болған жоқ.


Крайком бұл сөзді айтқанда, қазақ баспасөздерінде күні бүгін байшылдар жазып отыр деген сөзді айтып отырған жоқ. Байшылдар кәзір баспасөзден түгел болмағанмен, негізінде орын ала алмайтынын крайком біледі. Крайкомның «Байшыл әдебиет» деп отырғаны, соңғы жылдарға шейін басылып, әлі күнге тиісті тексеруге түспеген, еңбекші бұқараға байшылдық сыры ашылмаған әдебиеттер. Коммунист сыншылар байшыл әдебиеттің байшылдық пердесін еңбекші бұқараға ашып бермесе, әрине, ел арасында байшыл әдебиет әсерін жоймайды. Байшылдық рухты жая береді. Байшыл әдебиет бұл тексерілмеген қалпымен бара берсе, ауылдағы кәзіргі істеліп жатқан істерге, жүріп жатқан құрылыстарға үлкен кесірін тигізеді. Сондықтан коммунист сыншылардың мақсаты, осы жұмысты жедел қолға алып, байшылдық әдебиетті Маркс-Ленин көзқарасымен бәлшебектік қаламға шаншу, пердесін ашу.

Ұлтшыл байшыл әдебиет дәуірінің ісін осымен доғарып, енді жеке ұлтшыл байшылдардың шығармаларын талдауға кірісеміз.





**Ұлтшыл, байшыл  
дәуірдің ақын  
жазушылары**





## І. БАЙТҰРСЫНҰЛЫ АХМЕТ

### Өмірі

Ахмет Байтұрсынұлы 1873 жылы январьдың жаңаша 28-інде, ескіше Торғай уезі, Торғай облысында туған. Руы қазақ ішінде арғын. Ахметтің әкесі Байтұрсын Шошақұлы, арғын ішінде беделді, аталықты, елдің бас адамы болған. Байтұрсынның Ақтас деген інісі болған. Байтұрсын, Ақтасты бұрынғы Ақмола, Торғай облысында білмейтін адам шамалы болуға тиіс.

Байтұрсын, Ақтас атағын шығаруға зор себеп болған нәрсенің біреуі мынау: 1885 жылдың 12 декабрінде, Байтұрсын ауылы Жыңғылды деген өзенде күзектеп отырғанда, сол ауылға Торғайдың ояздық нәшәлігі Яковлев келді. Яковлевтің келетін себебі Байтұрсынды ұстау болса керек. Ұстайтын себебі Ақтас, Байтұрсын елде мықты, тізелі адам болумен қатар, үкіметке де көбіне бағынбауға айналған. Байтұрсынның қолында ұры боп тұрып, Байтұрсын аулауға кеткен соң, Торғайдап қашып, Қызылжар (Петропавл) уезіндегі атақты Торсан деген адамды паналаған. Мамай дейтін шалдың айтуына Қарағанда Байтұрсын өзіне беттеген адамды ұрлықпен құртатын кісі болған. Ол кездегі қазақтың «Жақсыларының» ұрлықпен, барымтамен кек алу дағдысына айналған ғой. Яковлев осындай себеппен Бірімжан сықылды төрелердің (Бірімжан төре Жәнібек батырдың тұқымы. Байтұрсын елді өзіне қаратып, Бірімжанның, Сәрлербектің шенін тартып алған) көрсетуі бар, үкіметтің қырып қарауы бар сол істерде Байтұрсынды жауапқа тартуға келген тәрізді.

Байтұрсын мен Ақтас Яковлевке көнбей, араларында жанжал шығып, төбелес болған. Байтұрсын Яковлевтің басын жарған. Бұл жолы Яковлев қаласына қайтып, артынан әскер жіберіп, Байтұрсын мен Ақтасты ұстатқан. Артынан бір жылдан соң Қазанның округтық соты тергеп, екеуін де 1886-жылы 15 жылға Сібірге жер аударуға, мал-мүлкін кәнішескелесуге қаулы қылған. Ахмет бұл кезде 13 жаста. «Маса» дейтін өлең жинағындағы «Анама хат» деген өлеңінде:

«Он үште оқ қадалды жүрегіме», –

дейтін Ахметтің себебі осы.

Ақтас, Байтұрсын айдауға кеткен соң, Шошақ ұрпағынан береке кетс



бастаған тәрізді. Оған Қарпық дейтін ақынның Байтұрсын мен Ақтас айдау уақытып бітіріп келгенде айтқан өлеңі дәлел.

«Байтұрсын, Ақтас ағай сәлем бердік,  
Өнім бе, иә түсім бе? Дидар көрдік.  
Айбының алатаудай арыстаным,  
Ойнаған бауырыңды біз бір көрдік.  
15 жыл ғайып болып сіз кеткен соң,  
Сыпырып абиырды жерге көмдік.  
Достығы дос біткеннің сен барда екен,  
Көрмедік сен кеткен сын жаннан елдік».

(Мамай ауруынан жазылды)».

Байтұрсынның елде Ерғазы дейтін немере інісі қалады. Бастық адамдары жер аударылып, мал-мүліктен айрылып, «дос-жарандар» бытырап, Байтұрсын тұқымына жүдеушілік кірген сің, Ерғазы Байтұрсын мен Ақтастың балаларын оқығуды ойлайды. Оқытқанда орысша оқытуға ойлайды. Үйтетін себебі, сот болғанда орыстың тілін білмегендіктен Ақтас пен Байтұрсын көп кемшілік көреді.

Ерғазы көп кідірмей-ақ, Байтұрсын, Ақтас айдалған жылдың күзінде Ақтас баласы Аспандиярды, Байтұрсын баласы Ахметті Торғайдағы қазақ балаларына арналып орыс тілінде ашылған екі кластық шкөлге береді.

1891 жылы Ахмет ол мектепті бітіреді де, сол жылы Орынборға барып Орынбордағы қазақ балаларына арналған ушительдік көріске кіреді. Бұл көрісті ол 1895 жылы бітіреді.

1895 жылдан 1909 жылға шейін Ақтөбе, Қостанай, Қарқаралы уездерінде ушитель болады.

1909 жылы Ахметті Шыңғысұлы Тәттімбет дейтін жаңдармада қызмет қылатын адам «Патшаға қарсы» деп көрсетіп, Ахметті жаңдарма июльдің бірі күні абақтыға жауып, Ахмет 8 айға жақын абақтыда отырып, 1910 жылдың 21 февралында босады да, Орынбор кетеді. 1910 жылдан 1913 жылға шейін Ахмет көбінесе қазақ тілінің құралын, жаңа қазақша мектеп ашудың жолын жоспарлайды. Ара-тұра өлең жазады. Оның тіл туралы сол кезде шығатын «Айқап» журналының 5-6-7 санында мақалалары шығады.

Өсіп келе жатқан қазақ капиталистерінің тілегін «Айқап» қанағаттандыра алмағанын, ол кездегі оқығандар «Айқап» бетінде гәзет шығару әңгімесін қозғайды. Осы әңгіме қорытылып кеп, 1913 жылы февральдан бастап, Орынборда «Қазақ» атты гәзет шығатын болады да, Ахмет соған редектір сайланады.

1913-жылдан февраль төңкерісіне шейін Ахмет «Қазақта» редектір болады «Қазақта» редектір боп тұрған күнінде Ахмет, патша үкіметіне қарсы жазған неше мақалалары үшін әлденеше рет штрап тартады.

1914 жылы «Қазақ» 80-санында жазылған бас мақала үшін салынған 1500 сомды төлемей Ахмет абақтыға түседі де, артынан оқығандар әлгі ақшаны төлегесін, аз күн отырып шығады.

Февральдан кейін Ахмет, қазақ байларының партиясы «Алашорданы ұйымдастырушы адамның біреуі болады. «Алашорданың» Орынборда болған бірінші съезін басқарады. Сол съезде ушредительное собраниеға (Құрылтайға) ишен боп сайланады. Русияда азамат соғысы ашылып, пурлгариат байлар табы мен қандасқан уақытта, Ахмет орыс жанаралдарынан құрылған қолчак үкіметін қолдайды, жанарал Дутовпен бірігіп, алаш әскерін қуып, Дутовка қосады. Бәлшебекке қарсы «Қазаққа» әлденше мақала жазады.

1919-жылдан бастап бәлшебектер қанатын кең жайып, генералдарды жан-жаққа қуа бастағасын, генералдар басқарған үкіметтің құлауына көз жеткен соң, Алашорда көсемдері ақылдасады да, түбінде кеңес үкіметі орнап қалса қиын болар деп, Міржақып сықылды адамдарды әскер мен майданға соғысқа тастап, Ахмет 1919 жылдың мартында Мәскеуге аттандырады. Ондағы ойлары бәлшебек ала қалса жан сақтау.

Байтұрсынұлы Мәскеуге барғаннан кейін бір жағынан Кеңес үкіметімен сөйлес қылады да, екінші жағынан Кеңес үкіметіне келешекте қарсы болатын Алашорданың жасырын ұйымын ашуға ойлайды, соған жоспар құрады. Өзі коммунист партиясына кіруге талап етеді. Ондағы ойы жаңадан жасаған жоспарын жарыққа шығару. Бұл туралы жоллас Голощекиннің «Еңбекші қазақ» газетінің 1930 жылы шыққан 229-санында басылған мақаласында толық айтылған.

Кеңес үкіметімен сөйлес қылғаннан кейін, Ахмет Алашорда мүшелеріне, көсемдеріне кешірім жариялатқан: содан кейін Қазақстан автономиясын ашу мәселесін сөйлесіп, автономия берілестін болғаннан кейін Орынборға келіп, партияға кірген.

1920 жылы болатын Қазақстанның бірінші Кеңестер съезінде Ахмет Қазақстан үкіметіне мүше, жаңа оқу комиссары болды.

1921 – жыл комиссарлықтан түсіп, Қазақстан білім комиссиясына бастық болды. 22 жылы Ахмет коммунистік партиядан шықты. Бірақ білім комиссиясынан түскен жоқ, бұл кезде Ахмет қазақ институтында оқытушы да бол тұрды.

1928 жылы Ахмет білім комиссиясынан босатылды да, Алматы қаласында ашылған бірінші қазақ университетіне қазақ тілінен оқытушы есебінде Алматы кетті.

1929 жылдың басында, Кеңес үкіметіне қарсы жасырын ұйым жасағандығы айқындалғасын абақтыға алынды. Қысқаша айтқанда, Ахметтің өмірі осы. Енді оның әдебиет, жана әлеумет істерін тексеруге кірісеміз.



## «Қырық мысал»

Бұл кітаптың басындағы «Замандастарға» дегеннен басқасының барлығы орыстың Крылов Иван Андреевич (1768-1844) деген ақынның өлеңдерінен аударылғандар. «Қырық мысал» дейтін себебі, Крыловтың мысалдар жазған қырық өлеңін аударғаны ғой. Бұл өлеңдерді Ахметтің аударған мезгілдері 1901 жыл мен 1904 жылдың арасында, ушитель болған кезінде болу керек. «Мысалдарды» аударудан бұрын оның өлең жазған-жазбағанында дерек жоқ. Міржақып Дулатов сықылды Ахметті жақсы білетін адамдар да Ахметтің өмірін жазғанда (См. «Труды об-ва изуч. Казахстана», вып. III, 1922г. Оренбург.) ол туралы түк айтпаған.

«Қырық мысалды» тексерместен бұрын, Ахметтің неге Крыловтан аударып, өзгенен аудармағанына бір-екі сөз айта кетейік. Үйткені көркемдік жағына келгенде, Пушкин, Лермонтов, Фет сықылды ақындар, әйтпесе Некрасовтар Крыловтан артық саналатын адамдар. Ең алдымен, Крылов туралы азын-аулақ сөз айтайық. Бұл туралы орыстың қазіргі Маркстіл сыны деп жүрген Жөкөн дейтін адамы былай дейді:

Нақ өзі (Каган «История русск. лит. От древнейших времен до наших дней» стр. 49.) «бұған сөз қосудың қажеті аз. Крылов орыстың ақсүйектерінің ақыны. Ол ақсүйек тұрмысын кекетіп жазғанда: Крылов өз тұсындағы қоғамның кемшілігін мазақ қылды. Ол паракорлық, сотты сатушылық, кеңсенілдік, мақтапшақтық, тоқ көңілдік, өтірікшілік сықылды істерді жазды. Бұлай болғанмен Крыловта жұмсақтық, салқынқандылық күшті. Оның жаны тым жайдары адам. Ол зәлімдіктің шыққан жерін жазбайды. Ол патшаны құлатуды, құлдық правоны жоюды тілемейді. Ақсүйектің (дворян) оқығандарында: Русияның тіршілігін құлдық правоны осы қалпында сақтап отырып-ақ ондауға болады деген пікір болған. Крыловтың өлеңдері сол пікірдің нақ өзі», бұған сөз қосудың қажеті аз. Крылов орыстың ақсүйектерінің ақыны. Ол ақсүйек тұрмысын кекетіп жазғанда, ақсүйектердің кемшілігін көрсеткенде, сол тұрмысқа қарсы болғандығынан емес, ақсүйектің ақыны болғандықтан өз табының кемшілігіне іші ашып, сол кемдікті түзеуге шақыруға тырысқандықтан. Крылов туралы бұл пікірге орыс маркстілдері сөзін бір жерге қойған.

Енді Ахметке келсейік: басқа бір тілден өлең аударатындары, саяси маңызы өз тілегіне үйлескен заттар болады. Қазақтың ұлтшыл-байшыл ақындары орышадан көп нәрсе аударды. Бірақ аударғанда, ешқайсысы Некрасовтың «Русиядағы кім жақсы тұрады» («Кому на Руси жить хорошо») деген таңшылдық негізіне құрылған, еңбек жеуді ашық көрсететін, тұтас бауырмал ұлт жоқтығына дәлел болатын поэмасын аударған жоқ. Демьян Бедныйдың өлеңдерін Мағжан өз тілегімен аудармайды да. Александр Блоктың, Феттің өлеңдерін тіленіп Қалмақан аудармайды. Себебі екеуінің де таптық тілегіне аналар қайшы келеді. Бұл





арада Мағжан, бертін кезде неліктен Ленин кітаптарын аударды деген сұрау болуға мүмкін. Оған жауап: Мағжан оларды тілепін аударған жоқ, күн көріске, ақшаға ғана аударды. Ал, Лермонтовтың «Сарғайып піскені егін толқынданса» деген өлеңін ақшасыз-ақ аударып, өлең жинағына қосты. Олай болса, Ахмет Крыловты таңдағанда, жайдан-жай таңдаған жоқ, онда тілегі үйлескендік бар. Ол бізше мынау:

Қазақта, сауда капитализмі ХХ ғасырдың бер жағында ғана өркендеді. Оның ар жағында капитализм нашар еді. ХХ ғасырға шейін ауылды негізінде билейтіндер аталықтар еді. Байлардың (буржуазия деген мағынада айтам), тексіздерді жаңадан байығандардың ықпалы жөнді жоқ еді. Айта берсең, тексіз, аталықсыз мал біткендер право (құқық) жағынан аталықтардан кем еді. Қонысы тұрақталған Қазақстанның солтүстік күнбатысындағы елдерде жер-судың шұрауы аталықтарда болып, жаңа байығандар жер пайдалану жағынан көбіне қалтасына жалынатын еді. Асқа, тойға барса да аталықтардың орны, сыбағасы аталығы нашарлардан кем болатын еді.


*Осындай право жөнінен үстем боп тұрған қазақтың ақсүйек, аталық тектілерінің ішіндегі кемшілікті жырлап, түзетуге, өнерге шақырған адамның алғашқысы, «Жаңашылы» (либералист) Абай Құнанбайұлы болды.*

Ахмет Байтұрсынұлы Абайдың аяғын шала шыққан ақын. Бізше, әуелі қалам ұстап, әдебиет майданына шыға бастаған кезде Ахметте үлкен саяси мақсат болған жоқ. Екінші, ол, ол кезде ұлтшылдық деген пурграманы жасаған жоқ. Патшаға қарсы болу идеясы (пікірі) ол кезде онда туған жоқ. Қазақтың жаңа дәуірлеп келе жатқан капиталистерінің тілегін қарсы ала алған жоқ. Ол Қазақтың ақсүйек аталықтарының бойындағы мініне, Крыловтың орыс ақсүйектеріне таққан мінін тура көрді де; Крылов орыс ақсүйектеріне не ақыл айтса, бұл да соны қазақ ақсүйектеріне аударып (тәржімелеп) айта қойды. Крылов пен Ахметтің мысалдарында атымен айырма жоқ емес, оны ілгеріде айтамыз.

Бізше, Ахметті ұлтшылдық бағытқа түсірген 1905 жылда болған Ресейдегі төңкеріс. Оған шейін Ахметте, саяси ашық пурграм болған жоқ. 1905 жылға шейін Ахметте төңкерісшілдік бағыт жоқ. Оған шейінгі оның бағыты қоғамдағы көрінген кемшілікке көлденең сыншы ғана болып, ақсақалдық ақыл айту.

XIX ғасырдың орта шенінде орыс ақсүйектерінің алдыңғы қатардағылары (оқығандары) екіге жіктелді. Біреуі орыстың ескі княздік өмірін көкसेп, орыс елін кейін тартты. Екіншілері Русияда өсіп келе жатқан сауда, жана кәсіп капитализмінің тілегіне үйлесуге ойлап, негізінде дворяндық салтты қолдағанмен, ара-тұра жаңалықты, өнер-білімді жырлады.

Ахметті 1905 жылға шейін, негізінде, ақсүйекшіл болды дегенімізбен,



ол орыс ақсүйектерінің екінші қатардағылары сықылды, қазақ аталықтарының бойындағы кемшілігін көрумен ғана қойған жоқ. Оларды мәдениетке шақырды. Бұл, бір.

Екінші, Ахметте 1905 жылға шейін ашық ұлтшылдық пурграм болмағанмен, онда ұлтшылдық белгісі жоқ еді деу және дұрыс емес. Ахметте орысқа қарсылық, «Қазаққа» жаны ашушылық деген пікір 1905 жылдың ар жағында, айта берсең, есін білгелі туды. Әкесін айдатқан орыс отаршылдарының үкіметін ол бала күннен сүйген жоқ. Оның үстіне «Сары орыстың бәрі орыс» деген, қазақ елінің орысқа отар болған кезіндегі мақалын ода қолданды. Отаршылдық саясаттан соққы көрген қазақ елінің «Ай, балам, әй, қылдың-ау!» деген орысқа тымырсық өшпенділігі Ахметте де болды. Ахмет 1905 жылға шейін ашық ұлтшыл бола алмады дейтін себебіміз: бұл жылға шейін ол қазақ елін орыс отарынан бөлуді, бөлек ел қылуды жырлаған жоқ. Жырлар еді, ондай ірі пурграмды ол-ол кезде жасаған жоқ.

Енді «Қырық мысалға» келейік.

Ахметтің «Қырық мысалдағы» өлеңдерін мына жүйелерге бөлуге болады:

### 1– Бірлік

«Аққу, шортан, шаян» деген өлең былай келеді:

«Жүк алды шаян, шортан, аққу бір күн  
Жегіліп, тартты үшеуі дүркін-дүркін,  
Тартады: аққу көкке, шаян кейін,  
Жұлқиды суға қарай шортан шіркін»

үшеуі үш жаққа тартқасын, жүк орнынан қозғалмағандығын айта кеп Ахмет, аяғында:

«Жігіттер мұнан ғибрат алмай болмас.  
Әуелі бірлік керек болса жолдас,  
Біріннің айтқанына бірін көнбей,  
Істеген ынтымақсыз ісін оңбас!», - дейді

Бұл өлеңді жазғандағы Крыловтың «Аққуы» – дворян, «Шортаны» – саудагерлер, «Шаяны» – қара шекпен болуға тиіс. Крылов соларға біріне-бірің жәрдемдес, бірлік ет десе, Ахмет те қазаққа соны айтып отыр. «Ат пен есек» деген өлеңінде, біреу аты мен есегіне жүк салып қалаға шығады. Есек жүгін ауырлап, атқа жүгімді ауыс десе ат алмайды. Ақырында есек зорығып өледі де, иесі есектің жүгін, терісін атқа артып, мана тіл алмағанына ат өкінеді. Ахмет өлеңінің аяғында –

«Бұл сөзден қандай ғибрат алмақ керек,  
Мысалы еткен қайыр бір бәйтерек.  
Қайырын біреуге еткен болып терек,  
Көресің рахатын көленкелеп», - дейді.



«Қырық мысалдың» біраз өлендері осы сықылды татулыққа, бірлікке шақыратын нәрселер. Бұндай «бірлікшілдік» әуелі дворяндарда болды да, оның артынан байларда болды. Олар өз үстемдігін жүргізіп тұру үшін, өз қол астындағыларды ығи «ынтымаққа» шақырды. Орыс байларын алсақ орыс ұлтының қамын түгел жегенсіп, орыс елін тапқа бөлмей, тұтас ала сөйлеп, сонымен жұмыскер мен қарашаруаның еңбекшілерін алдап келді. 1914 жылы болатын жиһангершілік соғыста, капиталистер базарға таласып соғысып отырып, еңбекшілерді: ұлт үшін, отан үшін соғысып отырмыз деп алдады. Қазақтың ұлтшылдары байдың тілегін тілеп, сойылын соғып отырып, жалпы қазақтың қамын жырлап отырмыз деді. Мұндай, ұлтты тұтасымен бірлікке шақыру: байшылықтың барып тұрған өзі. Әрине, бірлік керек. Керек болғанда ұлттық бірлік емес, таптық бірлік. Біз кәзір «бірлік» деген сөзді ауызға алғанда, жалпы қазақты бірлестірмейміз. Қазақтың еңбекшілерін –ғана бірлестіріп, басқа ұлттардың еңбекшілерімен бірлікке шақырамыз. Ахмет бірлігі ол бірлік емес, байшылық бірлік.

## 2. Ескішілдік

«Қартайған арыстан» деген Ахмет арыстанды аңның патшасы ғып көресетеді де, бір арыстанды қартайтады. Қартайған арыстан: тұяқ, тістен айрылғасын, күш кеткесін бұрынғы азуы батқан аңдар арыстаннан кегін ала бастайды, сол көп кек алғанның біреуі есек боп, жатқан арыстанды есек тепкілегенде, дәрменсіз арыстан былай дейді:

«Көп шығар, жоқ демеймін кінәм менің,  
Ризамын бақ, бәлене бірдей сенің.  
Тұяғын бұл жаманның тигізбей ал,  
Қорлықтан мұнан көрген өлім жеңіл».

Ахмет бұл мысалды аяқтап болғаннан кейін өз жанынан мынадай сөз қосады:

«Бақ қонса, сыйлар алаш ағайын да.  
Келе алмас жаман батып маңайыңа.  
Басыңнан бақыт құсы ұшқан күні,  
Құл-құтан басынады, малайың да».

Бұл кәдімгі аксүйектердің, атасыздардан түрткі көре бастаған кезінде жазылған өлең. Бұл кәдімгі тексіз, құл-құтандардың кісілікке қосылғанына қарсы болған барып тұрған ескішілдік өлең.

«Қайыршы мен Қыдыр» да осыған келеді. Қайыршы қанағаты жоқ деп байларды сөгіп, осы мал маған бітсе пәлен етер едім деп отырғанында Қыдыр келеді де, дорбанның аузын аш дейді. Қайыршы ашады. Қыдыр дорбаға бір алтын салғаннан кейін, енді болар десе, қайыршы қанағат етпейді. Ақырында дорба жарылып кетіп, алтындар жерге түседі де, шаң-топыраққа айналып кетеді. Егер қайыршы қанағат етсе, онда дорба



жарылмақ та емес, топыраққа тимесе, алтын шанға да айналмақ емес. Ахмет өленді былай аяқтайды:

Осымен қыскартамын сөзді жай-ақ,  
Үстіне жығылғанның салмай таяқ.  
Кінәні қанағатқа аударайын  
Қам көңіл қайыршыға тимей, аяп.  
Қанағат жүзі кара жоламайтын,  
Бейне бір байлықпенен араздай-ақ.

Крыловтың бұл мысалды жазған кезінде, Русияда құлдық правоның күшті тұрған кезі. Ақсүйектердің қолында мыңдаған құл крестьян тұрған кезі. Ақсүйекшіл Крылов, «байлыққа қанағат керек» дегенде, ақсүйектерге «Құлды көп құлданба, қанағат қыл, осы құлданғаның да жетер енді, оларды босат» дегелі отырған жоқ. Оның «Қанағат қыл» деп отырғаны ақсүйектер емес, жанадан байып, байлығы ақсүйектерден асып бара жатқан саудагер-капиталистер.

### 3. Тағдырға үндеу

Ахмет пен Крылов, байлардың алдына бұл сықылды «қанағатты» тосса жұмыскер мен кара шаруанын тосатын қанағаттары қандай екендігі «Шал мен ажал» деген өлеңде көрінеді. Орманнан отын алып қайтып, шаршаған шал, демалып отырып былай деп назаланады.

«Мен сорлы әрі кәрі, әрі жарлы.  
Асырау онай емес үйлі жанды.  
Қартайдым жалданарға қуатым жоқ,  
Бермеді тұтынарлық құдай малды.  
«Төлермін салғырт (салық) ақша қайдан тауып.  
Не жаздым құтқармастай бұл бейнеттен.  
Күнім жоқ тілегімді қабыл еткен.  
Біреу кеш, біреу ерте өліп жатыр,  
Келмейді маған ажал қайда кеткен!».

Шалдың бұл шақыруын қарсы алып, ажал жетіп келгенде, шал сасқаннан:

«Отырмын отынымды көтере алмай,  
Жібер деп арқалатып шақырып ем», -  
дей қояды. Ахмет бұған қандай қорытынды береді? - десеніз былай:  
«Кейбіреу көтере алмай жүрсе күнін,  
Кейіген сағатында тілейді өлім.  
Болады надандықпен зор күнәһар,  
Ісінің Құдіретінің білмей жөнін».

«Өгіз бен бақа» деген өлеңін алайық: сусаған өгіз көлден су ішіп, қарны кампынып шыққанын бақа көреді де, өгіздей болам деп суды жатады да ішеді. Жанындағы жолдасының өгіздей бола алмайсың деген сөзіне болмай: қарнын кере берген соң, ақырында жарылып өледі. Ахмет өленді былай бітіреді:

«Күнәсі күндегеннің жаман қатты,  
Күндеме біреуге алла берген бақты.  
Өгізді күндеп сондай боламын деп,  
Көл бақа онан қанша пайда тапты?  
Әуелде Құдай өлшеп берген дене,  
Қаншама зорланғанмен артылмапты.  
Накыл сөз: «Әлін білмес әлек» деген,  
Осындай әуре болған жаннан қапты».

Ахмет пен Крыловта бұл сықылды мысалдар толып жатыр. Бұл кәдімгі, бұлардың еңбекші бұқараға: «сендерді құдай осылай жаратты. Осыдан артам десендер не күнәлі боласындар, не өлесіндер» деп үйреткен байшылдық үгіті, бұл үгітке еңбекші бұқара нелер мың жыл ерді. «Тағдырға» сүйенем деп тағдыры созылғасын, түбіне «Тағдыр» жететін болған соң еңбекші бұқара байлары мен байшылдардың «Тағдырын» өзіне қайтарып, октябрь төңкерісі арқылы «Өгіздей болды». Өгіздей болу түгіл одан асты. «Тағдырға» сеніп әлі де «Құдайдан күтумен» соры қайнап отырған еңбекшілер жоқ емес. Олар да Кенестер одағының еңбекшілерінің жолын құшатындығына иманымыз кәміл.

Крыловтың пікірін бұл арада қоя тұрып, Ахметтің «Тағдырды» бұлайша кімге үгіттегеніне келсек, ол әрине, жалпы қазақ еліне «Орыс отарына бағынсаң тәңірінің жазуы, одан басқа тартпа» деген ақылды айтып отырған жоқ. «Орысқа көн» деген «Тағдыр» Ахметке керексіз «Тағдыр». Ахметтің бұл арада үгіттеп отырғаны бір жағынан орыс отаршылына, бір жағынан өз байына қаналып, көзінен қанды жас ағып отырған қазақ еңбекшілері. Октябрь туып, орыс пурлтариаты азат қылмаса, қазақ еңбекшілері бұл «Тағдырға» көп уақыт алданар еді. Бірақ Ахметтің ол тілегі болмады.

#### 4. Патшаға қарсы

Біз жоғарыда Ахмет Крыловпен «Қырық мысал» кезінде пікір жағынан түгел болмағанмен, көбінесе үйлесетін еді, бірақ Ахмет Крыловтың мысалдарын сол қалпында түгел қабылдаған жоқ, Ахметтің Крыловтан айырмасы бар дегеміз. Енді сол сөзімізді дәлелдейік.

Ахмет Крыловтың кейбір мысалдарын қазақтың ол кездегі отар күніне мысалдады. Сол мысалдар арқылы астарлап, отаршыл үкіметтің қазақ еліне істеген жәбірлігін айтты. Ол өлеңдер мыналар:

**«Қасқыр мен қозы»:** Суатта су ішіп жатқан қозыны қасқыр ұстап алады да, суымды неге лайлайсың деп пәле салады. Қозы қасқыр ішкен жерден алыстығын дәлелдегесін қасқыр «Быттыр сөккесін» деп жала жабады. Қозы одан «быттыр қайдан сөгем, өзім биыл тудым» дейді. Қасқыр одан жеңілгесін ол сенің жақының еді деп, одан да жеңілгесін «айыбың: жегім кеп тұр» деп шынын айтады. Ахмет өлеңді:



«Қасқырдың зорлық болды еткен ісі,  
Ойлаймын оны мақтар шықпас кісі.  
Нашарды талай адам талап жеп жүр,  
Бөріден артық дейміз оның несі».

Бұл арадағы «нашар» деп отырғаны, әрине, кедей емес, қазақ.

«Қайырымды түлкі». Ағаштың басында, шешесі өліп жетім қап, зарлап отырған балапандарды түлкі аяған боп сөздер сөйлегесін, балапандар мынау қайырымды зат екен деп жерге түссе, түлкі балапандарды жеп қояды. Ахмет ол өлеңді былай деп аяқтайды:

«Пана боп өзің сақта, құдіретім,  
Кімде-кім балапандай қалса жетім!  
Жұмсақ тіл, көңілі қатты залымдардың  
Ете гөр жетімдерден аулақ бетін!».

Бұндағы жетімдер де ауылдағы әкесіздер емес, қазақ. Үйткені отарға айналған қазақты Ахмет «жетім» деген атпен атаған. Оған «Масадағы»:

«Қара балуан Жәнібек,  
Тұлға болып артыңа,  
Қаз дауысты Қазыбек,  
Жетім қалған халқыңа  
Тұлға болып артыңа,  
Кім тиянақ қазық еді!» -

деген өлеңі куә.

«Аңдарға келген індет». Аңдарға келген індетті тиюға не шара бар деп арыстан барлық аңды шақырып алады да, осы өз кінәмізден болды деп, аңдарға айыбын мойнына ап тәңірден кешірім сұрауды бұйырады. Барлық аң сол арада моп-момын бола қойғанда өгіз «мен біреудің былтыр шөбін жеп ем» дейді. Сол арада барлық аң шу ете гүсіп, «мұндай бұзғышты құрбан шалайық» деп, өгізді жейді. Ахмет мұны былай аяқтайды:

«Үлгі айтып жұрт түзейтін қайда билік.  
Әншейін-ермек етем, сөйлеп, күліп.  
Аңдардың осы ісінен бөтен емес,  
Түзелген кейбір жұртта әкімшілік.  
Тауыса алман дүние кебін бәрін санап,  
Әкім аз іс ететін, әділ қарап.  
Залымдар айран ішіп, аман кетіп,  
Момындар тұтылып жүр шелек жалап»,

«Ала қойлар». Аң патшасы арыстан «ала қойлардың іші де ала болуға тиісті» деп кінә тағады да, көздерін жойғысы келеді. Бірақ өзі патша болған соң, қалай құртуды білмей тұрғанда, түлкі «сен өзің тиме, қасқырдан қойшы салсаң, қасекен өзі біледі – кінәсі саған қалмайды.



Арыстан осыны мақұл көреді де, қасқырға бактырып, ала қойды тауысады. Ахмет өлеңді былай деп аяқтайды:

«Бұл сөзге дегенім жоқ жылар, күлер  
Адам аз алдын болжап, анык білер.  
Көкжалдар койшы болса, кім біледі  
Береке ала қойға кірсе кірер!»

Бұл өлеңдерді Ахмет патша үкіметіне деген ішіндегі карсылығын сыртқа шығаруға жарарлық өлең болар деп аударды. Осыларды жырлаған Ахмет, «Қырык мысалдың» аяк жағында, «Үлес» деген өлеңде қалжайдың отар үкіметінің қол астында мынадайлығын айтып, осы қалды ойлануды ескертті.

«Үлесте» бірнеше кісі ақшаларын үлесе алмай отырғанда өрт шығады, Өрт шықты дегенге олар қарамай, жанжалды молайтып, ақырында бәрі де ақшаларымен отқа күйеді. Өлеңді Ахмет былай қорытады:

«Ойласа, уакиға емес болмайтұғын,  
Ел кайда өзін даудан қорғайтұғын?  
Кәзіргі пайдасына бәрі жетік,  
Адам аз алдын карап болжайтұғын.  
Андыған бірін-бірі жаудан жаман,  
Байқасақ ел белгісі – оңбайтұғын.  
Бұл белгі табылып тұр біздің жұрттан,  
Таласып бір-бірінің жүзін жыртқан.  
Алданып арқадағы дау-шарына,  
Қатерден қапері жоқ, келер сырттан».

Ахметтің «Қырык мысалында», қазақты патша үкіметіне бұдан күшті қайрап салған өлеңі болған жоқ. Жазушының өзіне келгенде, ол «Замандастарына» деген «Қырык мысалдың» басындағы өлеңде өзінің күресшілдігін көрсете алған жоқ. Ахметтің «Қырык мысалды» жазған кезде ашық ұлтшылдық пурграмы жоқтығына, карсылығының бәрі «тымырсык» жана іштен тынған қарсылык екеніне, сол қарсылықты жарыкка шығару үшін, «Қырык мысалда» жол көрсете алмағандығына жоғарғы өлеңдер айқын дәлел.

#### «Маса»

Ахметтің «Маса» деген өлең жинағы үш рет басылған. Біздің қолымызда оның екі рет басылған даналары бар. Біреуі 1911 жылы Орынборда бірінші рет басылғаны. Екіншісі 1922 жылы Қазанда үшінші рет басылуы. Бұл екеуінің ортасында екінші рет басылған «Масаның» қайда басылғандығынан дерек таба алмадық, кітабы қолымызға түспеді. Біздің қолымыздағы екі «Масаның» екеуінде де қай өлең қай жылы жазылғандығы жоқ. Маса өлеңдерін Ахмет «Қырык мысалдан» соң жазған. «Қырык мысал» 1904 жылға шейін жазылған өлең болса, «Маса» одан кейін жазылса, «Масадағы» өлеңдерді шамасы



1905 жылдың бер жағындағы өлеңдер десек қателескен болмаймыз. Бұған өлеңдердің көпшілігі өзі куә боп тұр. Мәселен, «Тілек батам», «Жауға түскен жанның сөзі» деген өлеңдер, сөз жоқ, Ахметтің 1909 жылы Семейде абақтыға түскенінде жазылған өлең. «Масаның» үшінші басылғанында, бірінші басылуына кірмеген өлеңдер мыналар: «Көк есектерге», «Қ. қаласына», «Жұртыма», «Жұбату», «Н.Қ.ханымға», «Ақын ініме», «Ж.Б. жездем хатынан», «Жауап хаттан», «Ғылым». «Масаның» бірінші басылуы 1911 жылы болса, жаңағы бірінші басылуға кірмеген өлеңдер 1911 жылдың бер жағында болуға керек. 1911 жылға шейін Ахмет жазып, Цензура (әдебиетті саяси бақылаушы) жібермеді дер ек, үшінші басылуының, цензура жібермеген өлеңдердің көрсетуінде бұл өлеңдер жоқ. Мазмұн жағынан соңғы өлеңдер 1911 жылға шейінгілерден көп күшті. Іягерілі-кейінділі басылған «Масалар» туралы осымен сөзді қысқартып, енді «Масаның» мазмұнын тексерейік.

«Сөз несінен» деген «Масаның» бастапқы өлеңінде жазушы былай дейді:

Ызындап ұшқан мынау біздің маса,  
Сап-сары аяқтары ұзын маса.  
Өзіне біткен түсі өзгерілмес,  
Дегенмен қара яки қызыл маса.  
Үстінде ұйықтағанның айнала ұшып,  
Қаққы жеп, канаттары бұзылғанша.  
Ұйқысын аз да болса ашпас па екен,  
Қоймастан құлағына ызындаса?!

Бұл өлеңнің сарыны «Қырық мысалдың» өлеңдеріндей емес. Бұл өлеңде Ахмет, «өзіне біткен түсі өзгерілмес» деп, белгілі бір саяси бағытқа түскенін, одан өзгерілмейтін; саяси бағыт: «ұйықтағандардың құлағына ызындап ояту» екенін көрсетіп отыр. Ұйықтады дегені, әрине, қазақ елі ғой.

Неге белгілі саяси бағытқа түскенін Ахмет «Туысыма» деген өлеңінде көрсетеді:

Боламын неғып ыриза туысыма?  
Туып ем таршылықтың уысында.  
Шамам жоқ жан-жағыма қол созарлық,  
Тар көрдің тығылғандай қуысына.  
Айта алмай шын сөзінді қорғалайын,  
Туғаның бүйтіп қор боп құрысын да!  
Бар пайдан өз басыннан артылмаса,  
Мал гұрлы мағана жоқ туысында.

Ахмет бұл өлеңінде, отаршыл Русиясының қысымшылығында тұрғанына назаланады да, басынан пайдасы артылмаған адамның





тіршілігі малдан артық еместігін айтып, өзі үшін емес, біреу үшін істейтіндігін көрсетіп қояды Ондағы «Біреу» әрине, қазақ

Өзі үшін емес, «қазақ үшін» істейтіндігіне Ахмет «Қазақ қалпы» деген өлеңін дәлел қылады Бұл өлеңде қазақтың ескі хандық өмірін айта келеді де, отарланған күніне тоқтап

Алаштын адамының бәрі мәлім,  
Кім қалды таразыға тартылмаған,  
Дегендер мен жақсымын толып жатыр,  
Жақсылық өз басынан артылмаған  
Бұл бір сөз қасиет айтты, хатқа жазған,  
Қалмаған түк қасиет, қазақ азған  
Байға мал, оқығанға шен мақсат боп,  
Ойлайтын жұрттың қамын адам аздан

Қазақ жұртында жұрт қамын ойларлық кісі жоқ, сондықтан мен жұрт үшін істеймін деген ойға түскен Ахмет, бұдан былай өзінің тілегін белгілі пурграмға қойып сөйлей бастайды Ол пурграмы, қысқаша айтқанда, қазақ елін отарға қарсы қою ояту, өнерлендіру, жеке ел қылу

«Жиған-терген» деген өлеңінде Ахмет, қазақтың орысқа қалай бағынғанын айтады да, отарланып болған күйіне көшіп, қазақ ішіндегі алдыңғы қатардағыларды сынаиды

Салынып дауға,  
Сатылып жауға,  
Болыстықты алысты  
Мақтады ұлық, болды мәз  
Залым үшін қайғы аз  
Оқытты жасын  
Өсірді шашын,  
Мал табуға салынды

Басында сәлде,  
Аузында алла  
Молдаларда не ғамал  
Көздерін сүзіп,  
Түстерін бұзып  
Алдап жұртты жимақ мал  
Ұлғайып қайғы,  
Уытын жайды  
Айтпасыма болмады  
Қабағын түйіп,  
Қаһарын жиып,  
Жан-жақты бұлт торлады



Жанбыр жаумай, жауса қар,  
Жұрт жұтайтын түрі бар

Үйкышыл жұртты  
Түксиген мұртты  
Обыр обын, сорып тұр

Қазағым, елім,  
Қайқайып белім,  
Сынуға тұр таянып  
Талауда малын,  
Қамауда жаның.

Аш көзінді оянып (Соңғы алты жолды патша заманында цензура жібермеген)

Ахметтің «Масадағы» өлеңдерінің көпшілігі осы «Жиғап-терген» өлеңімен қаықтас. Осындай екінші ұлтшылдық тілекте жүрген Ахмет 1909 жылы Тәттімбет жандарманың көрсетуімен абақтыға түседі. Жалпы қазақты соқына ертем деп жүрген Ахмет артынан мынадай аңдушы шыққасын назаланады. Сөз түрлеріне қарағанда, Ахмет абақтыда «Анама хат», «Тілек батам», «Жауға түскен жанның сөзі» деген үш өлең жазуға тиіс. Бұл өлеңдердің ішіндегі «Анама хат» деген өлеңінде, Ахмет анасын

«Оқ тип он үшімде ой түсіріп,  
Бітпейтін жүрегімде бар бір жарам  
Алданып жегеніме оны ұстасам,  
Болғандай жегенімнің бәрі арам»

деп, әкесінің айдауға жіберілген кегін алуға кіріскендігімен жұбатады. Ұлтшылдығының басы неден басталғанын көрсетеді. Одан кейін «Тілек батам» деген өлеңінде

Жақын жерден жау шығып,  
Мақұл сөзден дау шығып  
Дұспан ұстап қолымнан  
Итгер тістеп тонымнан,  
Маған тоса болған шақ,—

деп, жақыннан жау шыққанына назаланады. Бірақ оған жасымайды.

Бірінші жақтан

Аз күндікке алданып,  
Аз нәрсеге жалданып  
Адасқанын Алаштың  
Тұзу жолға түсір, Хақ --

деп, азғанды (өзін көрсеткенді) түзелуге шақырса, скинші жағынан -

Қара балуан Жәнібек  
Қаз дауысты Қазыбек.  
Жетім қалған жұртыңа  
Кім тиянақ қазық ед?  
Құнсыз болып еріміз,

Жесір болып жеріміз  
«Жай менікі» дей алмай,  
«Мал менікі» дей алмай,  
Ит пен құсқа азық ек.

Дәреті жоқ аяқтар,  
Қорсылдаған саяқтар  
Былғамасын қасыңды,  
Қасиетті басыңды,  
Дегеніміз болмаса,  
Қазаққа не жазып ек!?

деп қазақ бұқарасының алдына, қазаққа әйгілі өткен адамдардың атын тартады. Қазаққа «мені ұстаттың» деп өкпе қылмайды. Мен сендер үшін абақтыға түстім деп, өзінің абақтыға түскен зары мен қазақ бұқарасының көңілін өзіне аударғысы келеді.

«Ж.Б. жездемнің хатынан» деген өлеңді, Ахметтің жездесі, Ахметке абақтыдан шыққан соң жазған сықылды. Үйткені жездесі Ахметке:

Тұрмысын жырақ,  
Әр сөзің алтын,  
Аман ба, шырақ?  
Ұға ма халқын.  
Күйзеліпсің көбірек,  
Сынаған да шығарсың,  
Милләт үшін бегірек.  
Милләттің қалпын  
Әмәнда сақтан,  
Тіл алмас деп қорқамын.  
Сақтамақ хақтан  
Дер едім тартын...-  
Қоршаған дұшпан төңірек.

деп, Ахметті сақтандырады. Жездесінің бұл айтып отырған ақылы: «қазақ деген қазағыңнан жау шығып ұстап берді. Көзге көріндің. Аңдушың көп, енді аяғыңды тарт!», - дегені ғой.

Ахмет бұл қорқынышқа былай деп жауап қайтарады:

Байқасақ, жезде,  
Бауыздар кезде  
Үн шығу бар емес пе.  
Мен бұқтым – жаттым,



Сен бұқтың – жаттың,  
Кім істемек қызмет?  
Ауызбен айтып,  
Істерде қайтып  
Жоламасақ не міндет!  
Тек жүрсе ток жүрмекті  
Қиын деме білмекті.

Бұл, әрине, Ахметтің ұлтшылдық бағытқа әбден табанын тіреп, сол жолда неге болса да шындауға ойын тоқыратқанын көрсететін өлең.

Ахмет «Масада» да бірнеше орысшадан аударған өлеңдерін бастырған. Бұл өлеңдерінің «**Қырық мысалдағыларынан**» маңыз жағынан ерксшелері жоқ. Сондықтан оған тоқтауды қажет деп таппадық. Мәселен «**Данышпан Әлектің ажалы**» деген өлеңде: Әлек дейтін орыстың батыры жауға аттанып бара жатып, жолда батагөй қартқа кездеседі. Әлек шалға бал аптырса, шал ажалың астындағы аттан болады дейді. Әлек осы сөзден сескеніп, атын кимаса да тастап кетеді. Ол жолы Әлек жауын жәніп қайтып, артынан біраздан кейін бір іске той қылады. Сол жиында баяғы аты есіне түсіп, біреуден сұраған екен, сұраған адам ол ат өлген, сүйегі ана дөңде жатыр дейді. Әлек сол арада, баяғы батагөй шалды «несін білген» деп сөгеді де, аттың сүйегін көруге барып, сүйектің арасында тұрғанда аттың қу басынан жылан шығады да, Әлекті шағыш өлтіреді. Бұндағы айтылған бар мазмұн: «Шал әулие айтқаны келді. Тағдырда солай жазылған» деген сөз ғой. Бұл сөз әрине «**Масаға**» әлдеқалай кіргені болмаса, Ахметтің саяси тілегіне үйлеспейді. Үйткені егер, ол сөз рас болса, отаршылдық та «тағдырдың» бір түрі болуға тиісті ғой. Оған да қарсы шығуға болмайды ғой.

«Масаның» ішінде өзге өлеңдерден түсі өзгередік бір өлең «**Ғылым**». Бұл өлеңде Ахмет молдалардың шарифатын сөгеді де дүние ғылымына үндейді.

Ғылымдар дүниелік сиқыр болмақ.  
Оқыған ол ғылымды кәпір болмақ.  
Зулатып шарифатты шарт жүгініп,  
Молдекең отырғанда мойын толғап.  
Сондықтан заман жүрдек, біздер шабан,  
Артында ілесе алмай жүрміз یمان.  
Күн сайын өзгеріліш өнсірі артып,  
Бәрі де бара жатыр алға таман.  
«Заманың түлкі болса тазы боп шал»,  
Деген сөз аятпенен бірдей маған.

«**Оқуға шақыру**» деген өлең, ғылымның пайдасын халыққа түсіндіргеннен кейін, келешекке адам даярлау үшін балаларды оқуға шақырған өлең.

«Масасында» Ахмет, қазақ халқын, орыс отарына қарсы ояту үшін екі үлкен әдіс қолданды Біреуі – қазақты оқыту, білмегенін оқу арқылы білгізу

Екінші Қазақтың отарға бағынғандағы, қал-жайын көзіне көрсетумен қатар, өткен кездегі қазақ елінің жеке ел боп тұрғанын көрсету Ескі, хандық өмірді, бұл екі болған өмірді мақтап, қазақтың есіне оңаша ел болу жақсы екен ғой! – деген нәрсені түсіру Оған «Жұбату» деген өлеңі дәлел

Қайран еркін,  
Замандарың!  
Тарлықта жоқ,  
Амалдарың  
Еркін, дала,  
Еркін қайда!  
Еркіндегі,  
Көркін қайда  
Ну-нулы жерің қайда?  
Сулы-сулы көлің қайда?  
Еркін көшкен елің қайда?  
Ел қорғаны ерің қайда?  
Тура айтатын биің қайда?

Бауыр тартқан жүрек қайда,  
Намыс қызған сүйек қайда?

Бұдан былай кәдімгі отаршылдарға сатылғандарды жамандау, оларға сенбедер деген үгіттеу сөздер

Отаршыл үкіметтің шеніне, шекпеніне семіріп, ұлт тілегіне жәрдемдеспейтіндерді Ахмет «Ақын ініме» деген өлеңінде сөгеді Өлеңінің басында сәлем хат сықылды нәрселерді айтып кеп

Доңыздай талғамай жеп семіргендер,  
Саналып ақылдыға жатыр інім  
Сүйікті милләтіңе болам десең,  
Нашардың көбірек же қақын інім  
Сыйласын десең жұртың қадір тұтып,  
Айғырсып момындарға ақыр інім,  
Сөзіңді тыңдағайын десең жұртқа  
Ет асып, табақ-табақ шақыр інім,  
Ет пенен қымыз беріп сөйлеп көрсең,  
Айтқаның жұртқа балдай татыр інім  
Ақылың Аплатондай болсадағы,  
Еті мен қымызы жоқ тақыр інім



деп аяқтайды. Осы өлеңге қарап Ахмет нашардың қамын жеді деген пікірді айтатындар бар. Ол қате.

Ең алдымен, Ахмет қазақтың бай таптың көсемі екенін февральдан бері айқын көрсетті. Екінші «Ақын інімені» жазғанда, бізше, ол ауылдағы байларға кедейді езіп жатыр деп жаны ашығандықтан жазған жоқ. Артыма еріндер деп ұран салған Ахметке ауылдың партияшыл бақ құмар, жуандарының біразы тез ере қоймағанын соған ызаланды да, тілі жеткенше ұрысты. Осы ұрысудың мінші қазудың ішінде, Ахметтің көзіне жуандардың нашарларды талайтын мінші де түспеді демейміз. Бірақ нашарды байлардың жеуін айту бір басқа да, сол жеуден құтылуды көрсету бір басқа. «Жуандар нашарларды жеді» деген сөзді айту кедейшілікке жақпайды. Біздің пурлтариат жазушылары «кедейлер байды жылатты» десе ол пурлтариат жазушыларының байшылығы емес. Көзіне көрінген істі айтқандығы, пурлтариаттың жылатуына сүйінуі. Ал, Ахметті, біз ол кезде кедейдің жылауына сүйінді демейміз. Сонымен қатар, кедейшілікті ұстады деп те айта алмаймыз. Бізше, Ахмет, өз дегеніне жүрмеген қазақ байларының мінші қазғанда, сонып арасынан кедейді рақымсыз соратын мінші де көрініп қалды. Ахмет ол мінші көрді де қоя қойды. Не ары қарай қараған жоқ, не, неге олай екенін тексерген жоқ.

«Масаны» қорытқанда біздің айтарымыз мынау: «Қырық мысалдағы», інінің сыртқа шығармай ғана, нағшаға інінен қарсы болған қарсылығын Ахмет «Масада» ашық қып сыртына шығарды. «Маса» тұсында Ахметтің істейтін ісінің пурграммасы ашылды. Ол қазақ елінің орыс отаршылдарына қарсы көтерту. Бұл үшін Ахмет қазақты оятуға тырысты. Оятуға құрал қылған нәрсесі – қазақтың ескі өмірін дәріптеу, отар болған өмірден кемшілігін көрсету, ояту ел қылу, ел қылу үшін мәдениеттендіру. Осы мәселелердің Ахмет бәрін де шолып өтті. Жалғыз шолып өтумен қойған жоқ, сол мақсаттарын жүзеге асыру үшін күреспіп, қиындығына шығады. «Шолды» деген сөзді біз әдейі кіргізіп отырмыз. Үйткені Ахмет, «Масасында», қазақтың отар болған өмірін қазақ жырлаған жоқ. Отаршылықтың істерін көзге бадырайта көрсеткен жоқ.

«Қабағын түйіп,  
Қаһарын жиып,  
Жан-жақты бұлт торлады

Немесе

Қазағым елім  
Қайқайып белім  
Сынуға тұр таяныш

Болмаса

Дәрсі жоқ аяқтар,  
Қорсылдаған саяқтар,  
Былғамасын қасыңды,  
Қасиетті басыңды

Әйтпесе

Бұлттар басып жасырған,  
Жаңа түсіп басылған  
Таңы шапағы сөніп тұр.  
Жаңаланған өмірден  
Жаңа шығып көрінген,  
Гүл, қамауда семіп тұр.

Осының бәрінде Ахметтің айтайын деп отырғаны: еліңді орыс алды, жеріңді орыс алды, ел болудан қалдың, бұдан құтылмасаң жарық сәуле жоқ, деген сөздер. Осы сөздерді Ахмет жарқылдатып айтпай, көмескілендіре берді. Ахметті іле-шала шыққан ұлтшыл ақындар Ахметтен көрі бұл мәселеге ашығырақ, қаттырақ кетті.

### Басқа қызметтері

Ахмет Байтұрсынұлы «Масадан» кейін өлең жазған жоқ. Егер жазса, онысы ешқайда басылған жоқ та, көрінген де жоқ.

Біз Ахметтің өмір тарихын жазғанда, ол 1912-1913 жылдан бастап пәни қызметіне кірісті дегеміз. Сол сөзімді бұл арада да толықтырып кетуге тура келеді. Үйткені бізше, қазақ әдебиетіне Ахметтің еңбегі өлең жазудан көрі, тіл жағынан көп сінді. Ахметті тарих өлеңінен көрі тіл жағынан көп бағалайды.

XVI ғасырдың аяқ шенінде қазақ арасына ислам діні араласа бастады. Ислам діні қазаққа екі жүйеден кірді:

1. Қазақты соғыс жөнінен отарлануға бет алған орыс мемлекеті, қазақ даласының солтүстік күнбатысына: Орынбор, Қорған, Қызылжар, Омбы, Семей сықылды қалаларын салып, іргесін бекіткеннен кейін, қазақты жалғыз мылтық күшімен ғана емес, үгіт күшімен бағындыруға тырысты. Үгітті қалай жүргізу ретінде патша үкіметінің көзіне ең алдымен татар молдалары түсті. Үйткені, татар туысқандық жағынан, тіл жағынан қазаққа жақын. Орыс побын жібергенмен қазақ оған көнбейтінін білді. Осы себепті орыс үкіметі қазақ арасына татар молдаларын жіберді. Молдалар қазаққа бір жағынан дін үйретсе, екінші жағынан сол дін арқылы «ұлыққа қарсылық –тәңірге қарсылықпен бірдей» деген пікірді жайды. Орыс үкіметімен келісіп-жағынған жерлерде хандардың қолында бір жағы дін үйретуші, бір жағы хатшы, бір жағы тыңшы есебінде молдалар тұрды.

2. Қазақ даласының оңтүстігінде тұратын Өзбек, Парсы елдері қазаққа өздерінің тоқыма заттарын өткізіп, қазақ даласының шикізаттарын, малдарын алып сауда қылды. Бірақ осы саудада, тұрмысы көшпелі, бір жағынан жаугершілік әдеті қалмаған қазақ өзбек саудагерлерін көбінесе, талады. Ол кезде қазақты күшпен бағындыруға әлі келмейтін болғасын,



өзбектер өздерінің қожалары арқылы қазақ арасына дін жайған бол, қазақ пен өзбектің татулығын күшейтуге тырысты.

Міне осы екі себеппен қазақ даласына келген ислам діні, XIX ғасырдың ішінде қазақ арасында кең өріс алды. Ауылда оқылған оқудың тілі: арабша, парсыша, өзбекше, татарша тілдердің құрандысы болды. Оның үстіне «әліп, би, тимен» оқығандықтан он жыл оқып хат білмейтін адамдар табылды.

Қазақ тілі осындай күйде тұрғанда, қазақ аулына татардың жәдит деген ағымы жайылды. Халия, Расулия, Уазипа, Мұхаммедия сықылды жаңашыл жәдитшіл – татар медреселерден оқыған татар жастары XX ғасырдың басынан бастап қазақ аулына жайылды. Қадым (ескі әдістің) орнына жәдитпен оқытты. «Абжатпен» басы қататын қазақ балалары бұдан көп жеңілдік алды. Бірақ, ол уақытта қазақ балалары ана тілі дегенді білмей, татарша оқыды. Татар жастарында ол кезде «қазаққа тіл керек жоқ, татар тілі жетеді» деген пікір болды.

Осы сықылды, әр тілдің айдауында жүрген қазақ балаларына қазақ тілмен кітап жазған, қазақ тілінің негізін жасап, қазақ мектебінің іргесін қалаған алғашқы адам – Ахмет. Ахметтің бұл тарихи еңбегі бағаланбай қалмақ емес. Бұны пурлтариат та бағалайды.

1912 жылдан бастап, Ахмет өлеңнен гөрі осы тіл, мектеп жағына көп назар салды да, өлеңді ара-тұра жазды. Бірақ Ахмет бұл сықылды пән еңбектерінде өзінің байшылық бетін көрсетіп отырды.

Онысын сөгу болмайды. Үйткені пән деген нәрсенің өзі тап құралы. Таптан тысқары пән адамы жоқ. Қандай оқымысты адам болмаса да белгілі таптың сойылын соғады. Олай болса Ахмет «Тапсыз пән иесі» деу қате. Оған өзінің кітаптары дәлел. Мысалға, «Қайрат кітабы» деген Ахметтің «Әліп-биін» алсақ, ондағы балаларға ұсынатын мысалдардың бәрі:

А, Құдайым оңдасын,  
Оңдағанның белгісі,  
Мың саулығың қоздасын,  
Сексен түйе боталап,  
Сегіз келін қомдасын.  
Немесе  
Бөлшіл-бөлшіл, бөлшіл бол,  
Бозторғайдай төлшіл бол.

.....  
Асың - асың - асына,  
Береке берсін басына.  
Бөденедей жорғалап  
Қырғауылдай қорғалап,  
Қыдыр келсін қасына.



Сенен байлық өтпесін,  
Тәңір берген несібен,  
Тепкілесе кетпесін  
Желіңнің екі шегіне,  
Тай шаптырса жетпесін

Мектеп балаларына бұл сықылды өлеңдерді ұсыну әрине, мектеп балаларын байшыл пікірмен суарып шығаруға тырысқандық

«Тіл құралы» деген кітабындағы, балаларға дағдылану ретінде ұсынған сөйлемдері де осындай «Құм жиылып тас болмас, құл жиылып бас болмас», «Бай сейілді, бір бейілді, елде жақсы қалмады», «Қалып елім, қазағым, қайран жұртым»

«Байлыққа кім тұрғанда Досан тұрған,  
Қасында Байжан ислам қоса тұрған  
Қорадан он төрт мың кой бірдей өрген,  
Аламан шепнен шыққан Асан тұрған  
Шаңса қылып өтпейтін Мұсам тұрған  
Маған пеге сөйлейді осы антұрған »

Бұлардың бәрі әрине, әлдеқалай жазыла салынғандықтан емес, жазушы жазған кітабында оқитындардың пікірін белгілі бағытқа салуға тырысқандықтан

Ахмет жалғыз пән қызметімен отырған жоқ. Бір жағынан өзінің саяси жолын жүргізе отырды. **«Масада»:**

«Өзіне біткен түсі өзгерілмес,  
Дегенмен кара, яки қызыл маса», -

десе, сол сөзінше Ахмет күні бүгінге шейін қалып келеді. Күні бүгінге шейін байшылдығын жақтап келеді.

«Байшыл оқымыстылар біз «таза пән» адамымыз, жердегі ала көздік, пікір таластырушылық, пайданың соңынан қуу сықылды, өзгерімпаз нәрселердің пәнге де, бізге де қатынасы жоқ, - дейді. Олар өздерін құдайға санайды да, биік таудың басына шығып аң, жерде, қоғам арасында болып жатқан істерге, оның әр түрлі құбылыстарына жабайы көзбен ғана қарап тұрамыз, бірсуіне де шиміз бүрмайды дейді. Олар көбінесе тәжірибесін былғапшыш заңы білімге түк пайда келтірмейді, деп ойлайды (ойлап қана қоймайды-ау, айтады да). Әрине бұл көзқарас дұрыс емес. Пәннің өзі тәжірибеден туады. Олай болса әлеумет пәні танылудыңтан жекеленсе алмайды. Әр таптың өз тәжірибесі бар. Өз мақсаты, өз тілегі, әр нәрсеге өзінше көзқарасы бар. Байлар өз үстемдігін мәңгі сақтауға тырысады. Жұмыскер табы байлар табын жойып, өзінің үстемдігі арқылы өмірді қайта құруға тырысады. Олай болса, пурлтариат тәжірибесі бір басқа да, байлар тәжірибесі бір басқа. Байлардың өмірге көзқарасы пурлтариаттан басқа, әлеумет пәні байларда бір түрлі де, пурлтариатта екінші түрлі



(Бухарин) жартылай болып мәтіннің оң жақ шетінде тұруы керек (--- -- старич материализма, стр 9 )

Марксшілдер пәнді де, пән иесін де осылай бағалайды Бухарин айтқандай, Ахметті «Ақаң қазақты сүйсін Тапта жұмысы жоқ Ол күрестің адамы емес Ол тап тартысын керек қылмайды Пәнмен ғана шұғылданады», - деушілер жоқ емес Бұл, әрине, қате Ахмет, кейбіреулер түсінгендей «қазақшыл, ақ көңіл» емес Ретіне қарай, ол саяси тілегін жымдап, өткізіп отырады 1920 жылы Ахмет коммунист партиясын кірді Ахмет партияға кіргенде, «ақ көңілдімен», коммунист бола кірген жоқ Кеңес үкіметінің ішкі кіріп алып, байшылдығын жүргізуге ой ойлайды Оған

«Төңкеріс болды Патша үкіметінің орнына кеңес үкіметі орнады Бас өзгерді, бастық өзгерді, төбе өзгерді, төре өзгерді, басқасы әлі қарап тұр Қазақ көрген қорлық-зорлық әлі көбеймесе, кеміген жоқ» («Е Қ », 22 жыл, № 29) деген мақаласы,

«Бауырмал боп қалған қазақ қалам қайраткерлерді, я бояумен түсін өзгертіп, я түлеумен түсін өзгертіп, бей бауырмал (интернационалист) болмаса, нақ ішін өзгертіп, бей бауырмал бола алмайды («Е Қ », 22 жыл, №29) деген мақаласы,

«Орыстар өз ауанына қарайды Қазақ ауанына қарамайды Өзінің құралы мен сайманы жетіп тұрған соң, қазақта жоқ сен деп ойына кіріп шықпайды Осы күйімен бара берсе қазақ оқу оқып, білім ала алмайды Орыс оқып, оза береді», («Е Қ » №28, 22 жыл), деген мақаласы – тағы басқалары куә

Ахмет туралы байшыл, ұлтшылдардың сипатын жазғанда толығырақ айтылды Сондықтан ол туралы сөзді доғарып, біздің айтатынымыз Ахметтің октябрь төңкерісіне шейін қазақ халқын ояту ретінде көп еңбегі сінді Қазақ мектебі, қазақ тілі сықылды орындарда да оның еңбегі мол Бірақ негізінде байшыл Ахмет, Октябрьден кейін жалпы пурлтариат үстемдігіне қарсы болды Қарсы болғанда жалғыз сөзімен емес, ісімен де қарсы болды Сондықтан Тоғжанұлы Ғаббас жолдастай еңбекші, бұқара «**бір кезде сары маса боп ызыңдап оятқан Ахметті қазақ еңбекшілері қадірлей біледі, сөзін оқып сүйінеді**» («Жүсіпбектің сыны, Мағжан ақындығы», 21-бет Ғ Тоғжанұлы Мәскеу, 25 жыл) демейді, Ахметтің тарихи еңбегін бағалаймыз, бірақ оны дәстерлемейміз Ол бір кезде төңкерісшіл болғанмен, кәзір біздің тап дұшпанымыз дейді



## II. ДУЛАТУҒЫ МІРЖАҚЫП

### ӨМІРІ

Міржақыптың өмір тарихы туралы толық мәлімет біздің қолымызға түспеді. Біздің қолымыздағы бар мәлімет, 1913 жылы Мәскеудегі Күншығыс институтының басқаруымен басылып шығатын «Ашшархият» дейтін кітап болды. Осы кітапта түрік елдерінің бірнеше ақын-жазушыларының шығармаларынан орыс тіліне аударма жасалған. Қазақ жазушыларынан ол жинаққа кіргендер: Абай Құнанбайұлы мен Міржақып Дулатұлы. Осы жинақтың басқарушыларына Міржақып қысқаша түрде өзінің өмір тарихын жазған. Біз оның сол мәліметімен пайдаландық. 1913 жылдан бергі істерін ауызша мәліметтен алдық. Сондықтан Міржақыптың өмір тарихын толық деп айта алмаймыз.

Міржақып Дулатұлы 1885 жылы, 25 ноябрьде, бұрынғы Торғай уезінде арғын деген елде туған. Міржақыптың тұқымы да, әкесі де арғын ішіндегі белді тұқым, белді адам болған. Міржақып туғаннан кейін екі жылдан соң шешесі өлген.

Әкесі оны 8 жасында ескіше оқытатын молдаға сабаққа берген. Міржақып өмір тарихында бұл молдадан дәнене ұға алмағанын, дүре жеп, азап көргенін жазады. Екі жылдан кейін әкесі Міржақыпты молдадан алады да, ауылдық шкөлде ушитіл боп тұрған Мұқан Токтабайұлына орысша сабаққа береді. Мұқан Міржақыпқа бір жағынан орысша, бір жағынан мұсылманша сабақ оқиды. Өзі жазған өмір тарихында Міржақып «менің ең алғаш білімге көзімді ашқан осы кісі еді» дейді.

Мұқан бірақ көп тұрмай басқа мектепке көшеді. Осы кезде Міржақып 12 жасқа толғанда, әкесі өледі. Мұқанның орнына бір башқұрт ушитіл келеді. Ол бала оқытпайды, көбінесе күндіз-түні есігін жауып алып, отыратын мінез шығарады. Артынан бұл башқұрт фальш ақша жасайтын боп шығып, көп кешікпей абақтыға түседі.

1897 жылы Міржақып Торғай қаласындағы орысша екі класты мектепке түседі. Бұл шкөлді 1902 жылы бітіріп шығады. 1902 жылдан 1909 жылға шейін өз манында ушитіл болады.

1906 жылы Петроградта шығып, тез жабылып қалатын «Серке» дейтін газетте оның ең алғашқы өлені басылады. Осыдан кейін ол көркем әдебиетпен шұғылданып, 1909 жылы «Оян, казак!» атты өлең



жишағын шығарады. «Оян, қазақта!» ол ашық ұлтшылдық бағытпен шығады.

«Оян, қазақ!» шыға салысымен қуғынға ұшырады. Соның қуғыннан ығысты ма екен? Болмаса басқа себебі бар ма екен? Міржақып 1910 жылдары Торғай облысынан кетіп, Ақмола облысының Қызылжар қаласына (Петропавл) барған. Ондағы тұрмысын білемін деген адамдар, бір жағынан судьяға перевотшық болды да, екінші жағынан жалданып орысша бала оқытты, дейді. Осы кезде Мағжан Жұмабайұлы да содан оқыған болуы керек. Омбы уезінің Шарлақ деген ауданына (кәзір Қызылту) ауылда ушитіл болды, дейді. Ол анық мәлімет емес.

1911 жылы Міржақып Қызылжардан Семей облысына саяхатқа шығады. Ондағы мақсаты – «Оян, қазақты!» тарату болуға тиісті. Жолда, Семей қаласында тоқтағанда, полиция оны тұтқынға алады. Бұл туралы «Айкап» журналының 1911 жылы шығатын 6-санында мынадай хабар басылған:

«Қазақ зиялыларынан Міржақып Әсенді Дулатов Петропавлда Зайсан, Устікәменгөр уездерінде саяхат ете бара жатып, Семей шаһарына тоқтаған еді. 6 июльде полиция майоры тарапынан арыставыт етілді. Дулатовтың пәтері облысной, Омский орамдарының бұрышы, екі этажды, жұрттың үстіңгі қатарында бір қазақ ушитілімен бірге еді. Кешкі сағат 7-де пәтерін городовойлар қоршап алғанда үйге жандармский ротмистр, полицмейстер, бірінші класты пристав жана надзирательдер кіріп, тінте бастаған. Тінту сағат 12-ге шейін созылған. Жандармский ротмистр өзінің қалтасынан «Оян, қазақ!» рисаласын шығарып, «бұл кітапты білесің бе?» деп сауал берген. Дулатов «бұл кітапты мен жаздым, һәм екі рет басылып, скеуінде де цензураның ұлықсаты болды» деп жауап берген. Дулатовтан әр түрлі қазақ, татар, орыс тілдерінде кітаптар табылып, газеталар, қолжазбалар табылып, оларды алған. Бұлардың арасында Ғайаз Есқақияның соңғы шыққан «Жамхият» һәм «Тұрмысмы бу» романдары, «Уақыт», «Қазақстан», «У мира мусульманства» газеталары, Байтұрсыновтың «Қырық мысал», «Маса» деген айсалалары, Ғұмар Қарашевтың «Өрнек», «Тұрмыс», Ғабдолла Уштақтың «Кокшілдер» һәм «Шайыры», Дулатов өзі жазған «Оян, қазақ!», «Бақытсыз Жамалдары», тәртіп етіп жүрген қазақ балалары үшін екінші бөлімі, уағайыры басқалар бар екен.

Сағат 12-де Міржақып әсендіні түрмеге жөнелтті. Дулатовтың Семейден ізденер адамы жоқ. Қашан азат қылады, мағлұм емес. Былтыр қазақ шағыры Ахмет Байтұрсынов та Семей түрмесінде 9 ай тексерусіз, себепсіз жатқан еді. Мұның қалы нешік болар?».

Азамат Қорықпасов (10-11бет).

1912 жылы январда шығатын 1-санында мынадай мәлімет басылды:  
«Өткен 23 декабрьде Семейпалат округының соты Міржақып Дулатов

ісін қарады. «Оян, қазақ!» рисаласын тәржіма еткен екі орыстан басқа Дулатов тарапынан шақырылған екі әкісперт: Семинария ушитілі Нұрғали мырза Құлжанов, Рахметолла Елікбаев бар еді. Дулатовты пырисажный пуверенный уаислер қыймая етті.

Окружной сот Дулатовты кешкі сағат 7-де Угәловный полагениясінін 103-ыстагыясының 2-пункті, һәп 129-статьяның 6-пунктімен айыпты тауып, бір жыл кірепіске хүкім етті. Соттан бұрын 6 ай отырғаны есеп емес. Дулатов бұл хүкімге разы болмай, шикаят етешегі естілді» (33-бет).

Осы санда тағы былай деп жазылған:

«һындарамызға келген соңғы хабарға қарағанда «Міржақып 2000 сом залок салып, азат етілген екен».

Міржақыптың азат етілген, етілмегені анықталмады. Ауызша айтқан адамдар «отырып, күнін өтеп шықты» дейді.

Бұдан кейін Міржақып, 1913 жылы Орынборға келіп, «Қазақ» газетін шығарушысының біреуі болғанда, өзі соның қызметіне кіріп, төнкеріске шейін сонда істеген. Бұл кездерді оның жазған өлеңдері «Азамат» атты кітап боп шықты. Жазған мақалаларында да, шығармаларында да ол үнемі ұлтшылдық бағытпен жүрді. Осы кезде, жоғарыда көрсетілген оқу құралын жазып шығарды. Жана бастауыш мектеп үшін есеп құралын жазды.

Февральдан кейін Міржақып «Алашорданың» басты адамының біреуі болды.

1916 жылы, ол Ақмола, Семей облыстарына қазақтан әскер алу жұмысын жүргізуге барды. Осы жүрісінде ол Қызылжарда шығатын Алашорда газеті «**Жас азаматқа**», Семей Алашорданың газеті «**Сарыарқаға**» бәлшебекке қарсы боп мақала жазды.

Бұл жүрісінен қайта сала, ол Орынборға келіп, Торғайға барды да, Алаш әскерін жасап, сол әскермен азамат соғысында жанарал Дутовпен қосылып, бәлшебекке қарсы шықты. Оның артында қазаншы (каптинармус) болған Жанзақ Жәнбекұлының айтуы бойынша, Міржақып соғыс тройкасының бастығы болған. Оның отрядын башқұрт жанарал Дашкин басқарған. Міржақып Торғайда бәлшебек тарапты боп тұрған Амангелді деген адамды татуласам деп, алдап, қолға түсіріп, көп адамымен атқан. Одан басқа майданда жүргенде көп бәлшебекті атқан.

1919 жылдың аяқ кезінде Дутовпен қабат, Дулатов әскері де Қызылжардан жеңіліп, Дулатов Атбасар уезіне шыққан жерде әскерін таратқанда, өзі қыр елімен қашқан. Сол қашып жүрген жолында біраз уақыт қара құйын болыс атақты Аққошқар, Сайдалы ауылдарында көп уақыт жатқан.

1920 жылы шөлдетіп, Ташкен барып, «Ақжол» газетіне қызметке кірген. Одан қуғын көре бастаған соң тағы да қыр елін басып отырып,



Көкшетау қаласындағы Ерқосай Мұқышұлының үйінде тұрған әйеліне барып, әйелін алып, елдетіп Семей кеткен.

1921 жылы Семейдің облыстық сотында судья болған. 1922 жылы одан абақтыға түсіп, Орынборға алдырылған да, Орынборда шығарылып, қазақ институтіне оқытушы боп кірген. Сол қызметте 26 жылға шейін жүрді де, 26 жылы Қазақстан мемлекет баспасына редактор болды. 27 жылы «Еңбекші қазақ» газетіне әдебиет редактор (тіл түзегіш) боп кірді. Сол қызметінде 1930 жылға шейін, 1930 жылы Алашорда бастықтарының кеңес үкіметіне қарсы ашқан жасырын ұйымында белсенді қатынасы болғаны сезілгендіктен, абақтыға түсті.

Міржақыптың өмір тарихы туралы біздегі бар мәлімет осы. Бұдан былай біз оның әдебиет, саясат туралы жазған еңбектерін талдауға көшеміз.

### «Оян, қазақ!»

Міржақып әдебиет қызметіне 1906 жылдан бастап кірісті. Оның сол жылдан бастап жазған өлеңі 1909 жылы «Оян, қазақ!» деген атпен басылып шықты. «Оян, қазақтың!» ішкі мазмұндарын тексермей тұрып, біз оның сыртқы құрылысына қандай көлденең әсер болғанын азынаулақ сөз қыла кетейік:

Байшыл, ұлтшыл дәуірге сын бергенде, біз ХХ ғасырдың 5-жылдарынан баса, қазаққа татар ұлтшылдарының үлкен әсері болғандығын айтқамбыз. Осы әсер, өзге қазақ ақындарынан көрі Міржақыпта, оның бастапқы әдебиетке қатынаса бастаған кезінде молырақ болды. Міржақыптың әдебиет әлеміне ерте араласқан Абай, Ахмет сықылды ақындар қазақтың таза ұлт тілімен жазса, Міржақып татар сөздерін екі сөздің бірінде қыстырып отырды. Оған «Оян, қазақ!» айқын куә. Мысалға «Сөз басы» дегенін алсақ, татарлар қолданып жүрген арабтың «Кумумия, бихабар, ғажайып умлиал, хунар» сықылды көп араласқан. Татардың: «шөнки, йоқлығындан, кілтірмек» деген сөздері араласқан. Өлеңдерде де осылай татарша сөздер көп. Бұл кезде қазақтың емлесі жоқ, тілі өркендемеген кезі. Сондықтан қазақ сөздерінің жазылуы ол кезде, бүгінгі күйіндей болуға мүмкін емес. Бүгінгі күйі салыстырғанда тілі таза деген Абай мен Ахметтің өзінде де емле жағы ол кезде Татарша. Бірақ олар емлені Татарша жазғанмен, сөздерін қазақша бере алды. Ал, Міржақып, жалғыз емлесі емес, тілінің өзін де жарым-жартылап татаршалап отырды. Тіл жағынан қарағанда «Оян, қазақ!» осындай.

«Оян, қазақ!» мазмұнына келгенде, бұл – қазақ ұлтшылдарының сол кездегі пурграмы деуге болады. Қазақ ұлтшылдары ұлт туын қолға алып, патша үкіметіне қарсы шыққанда осы «Оян, қазақты!»

өздеріне пурграм ретінде қолданылды. «Оян, қазақ!» жарыққа шыға сала, қазақ зиялыларының жәрдемімен, қазақ елінің түкпір-түкпіріне аз уақытта тарап, тіпті, сол кездегі ұлт туын ұстауға ынталы оқығандар «Оян, қазақты!» ел аралатып сатты. «**Оян, қазақ!**» көп кешікпей қуғынға ұшырады. Жер-жердегі патша үкіметінің полициялары «Оян, қазақты!» іздеп, оны ұстаушыны қузап, сатушыны абақтыға жаба бастады. «Оян, қазақ!» үшін Міржақып абақтыға түсті. Бұл туралы өмір тарихында толық айтылды. Ахмет Байтұрсынұлының «**Масасы**» ұлтшылдықты қазақ даласына ызындаған маса ғапа болса, «Оян, қазақ!» аттан салып, айғайға басқан ащы ұран болды. Бұлай болған себебі, ХХ ғасырдың басынан бастап қазақ даласы отаршылдық қысымға қатты түсті. Сол қысылған даланың «Оян, қазақ!» қайдағы қышыған жеріне барып тиді. Бұдан былай сөзді «Оян, қазаққа!» берейік.

«**Оян, қазақтың!**» басында Міржақып өзінің неге қалам ұстағанын айта келе:

«Бір кеңес түсті қиял бастарыма:  
Дәптер қып, ғибрат үшін тастарыма.  
Хусусан арнап жаздым, халық үшін,  
ХХ ғасырдың жастарына», –

дейді. Осы өлеңнің өзі-ақ Міржақыптың ескі өмірден қол үзіп, жаңа өмірге аяқ басқанын, қолын ескі ақсүйектерге емес, жаңа оқыған, байшыл зиялыларға тірейтіндігін, сөзін ХХ ғасырдың жастарына арнайтындығын айқын көрсетеді: ХХ ғасырдың жастары дегендер, қазақтың байшылдары екені, байшыл, ұлтшыл дәуірдің сынында айтылған.

Міржақып «Оян, қазақтың!» басында ең алдымен, бүгінгі отар бой отырған елдің көзіне кешегі хандық дәуірін, екінші сөзбен айтқанда, өз алдына ел болған дәуірін елестетіп алады:

«Ол заман үш жүз бірге араласқан,  
Бағышып еш патшаға қарамастан.  
Хан шығып, өз ішінен халықты билеп,  
Билері хукім етіп, өнер шашқан.  
«Көшсе де мың шақырым жері жайлы,  
Аққан бұлақ, шалғыны көк орайлы.  
Тоқты қоздап жүріпті, тай құлындап  
Жер тар болып көрмепті уайымды».

Бұдан әрі қарай, қазақтың орысқа отар болуы, қазақтың ескі кездегі кейбір адамдары қазақты орысқа сатуы, бергін келе қазақ халқының елдігі жойылуға айналып, қысым көргендігі айтылады. Одан кейін:

«Русияда жиырма миллион бар мұсылман  
Жері жоқ осылардың бір қосылған», –

деп, татарлардың исламшылдық (панисламизм) пікірін жанап өтеді де,



«Мәселен біздің қазақ бұл уақытта,  
Тыскары рухани идарадан»,—

деп, қазақтың билеу ісінен тыскары екенін айта кеп, ақырында:

«Қазағым көрмегенін әлі алдыңда,  
Боларсың көне берсең мұнан жаман.  
Босында аяқ-қолың қимылдап қал,  
Бір күнде тыпырлауға келмес шамаң»,—

дейді. Бұл қарасөзге айналдырғанда: отаршылдыққа қарсы тұр деген сөзі ғой.

Міржақып, қазақтың бұл күйге түсуін өнерсіздіктен деп ұғады да, қазақты өнерге шақыру үшін «өнерлен» деген құрғақ сөзді қойып, өнердің қандай күйге жеткенін қазаққа баяндайды:

«Ат жетпес алты айшылық алыс жол да  
Аз күнде жеткізеді бұл отарба.  
Естілмес хабарларды жер шегінен  
Аламыз телеграммен я ғәжибә»...

Бұдан ары автомобиль, пароход, айырплан, сымсыз телеграмма, электр, толып жатқан мәшинелер, зауыт-фабриктер жырланады. Аяғында:

«Өнермен мәзкүрлерді адам тапқан,  
Жалғыз-ақ біздің қазақ карап жатқан.  
Еш бірін осы айтқанның істей алмай,  
Қатардан кейін қалдық надандықтан.  
Біз-дағы ғылым білсек, етпес пе едік,  
Ілгері озғандарға жетпес пе едік.  
Дін, дүниеміз таршылықтан азат болып,  
Өнерлі халық атанып кетпес пе едік!».

Осындай өнерлі болуға Міржақып бірінші үлкен кедергі қазақтың бірлікке келмей, сайлауға таласуы деп түсінеді:

«Шыққалы болыс сайлау 40 жыл өтті,  
Сол сайлау, байқасаңыз, түпке жетті.  
Бай болып, мырза атанып, мал біткендер,  
Таласып болыстыққа ақша төкті».

Бұдан әрі бірлікке, ауылнайлыққа таласудан ел бүлінетіні, пәле, жала, ұрлық көбейетіні, мал шашылатыны айтылады да, қорытқанда:

«Өзіне-өзі халық жаны ашымай,  
Мал шашар боламын деп болыснай,  
Жұмсаса қандай жақсы болар еді,  
Халықтың надан қалған пайдасына-ай  
Қазағым бұл ғадетті тасталықта,  
Халықты тура жолға басталықта,  
Болыс, билік, ауылнайлық, выбырнайлық,  
Қимайтұғын соншама патшалық па!»,—



дейді. Болыстыққа таласып мал шашпа, дегенде, малды өнер жолына, жұрт ісіне жұмсаудың кәтешілігін айтып отыр.

Міржақыпша өнерсіздікке екінші керегі елінің шаруа бағу жолын жақсылап білмегендігі. Қазақтың жері орысқа кеткенін айта келіп, ол:

«Мінеки мұжық келді, көшкен бұлттай,  
Қазақтың қояр емес жерін құртпай.  
Келді де егін салып байып кетті,  
Жалқау ма бұлар, тәнірі-ай, біздің жұрттай»,—

дейді. Бұл өлеңде Міржақып, жердің орысқа кеткеніне бір жақтан өкінсе, екінші жақтан мұжықтың еңбекші халық екеніне сүйінеді. Қазақша, сен мұжықтай шаруа баға алмайсың, мұжық шаруа бағудың жолын сенен жақсы білгендіктен тез байыды дейді.

Міржақыпша, қазақтың өнерлі ел болуына үшінші керегі – қазақ халқының ісіне шабандығы, дін ісіне нашарлығы.

«Ортаға, жарар еді, мешіт салсаң,  
Намазды қаза қылмай оқып тұрсаң,  
Бір ғалым фазыл заттан имам сайлап,  
Байларың жәрдем беріп, уақып қылсаң.

---

«Қазақтың көп жерінде мешіт жоқ,  
Жоғына себеп болған миссионер поп.  
Екінші, халықтың өзі ықылассыз,  
Не қылып исламға ашылсын хот?»

Бұл дін туралы.

Мектеп туралы былай дейді:

«Тәртіпті медресе жоқ бұл қазақта,  
Салады сәбилерді тек азапқа.  
Мола екем шарт жүгініп, қаһар етіп,  
Босатар күн батқанда әрен шаққа.

---

Тақтым, тархым, тасырықта жұмысы жоқ,  
Күштейді әліп-бимен әбжәтқа».

Бұдан ары мектептің сыныпқа (класқа) бөлініп оқуы, жәдит (төте оқу) керектігін, ескі – қадым оқуының қиындығын айтады. Осындай кемшіліктерді көрген Міржақып, енді не істеу керек? - деген сұрауға бір-бірлеп жауап беруге кіріседі:

### 1. Дін ретінде

«Қазаққа» дін хақында осы керек,  
Мүбәда бұл секілді болса өрнек.  
Духовный собраниеға біз қарасак,  
Дініміз қуат табар һәм бегірек.



Әр болыста бір указной болсын молла,  
Кандидат һәм музек тұрсын және.  
Сайланып үшбу заттар халық тарапынан  
Емтиханы мүфтиден алысын права».  
Некак, талақ, мирас, жаназа оқып,  
Указной балаларға есім қойса.

---

Указной молланың хилаф ісін,  
Әлбетте, оязной ахон тексерсін.  
Ахонден оязной болса қага,  
Областной ахонды тексеріп, мұны корсін.  
Областной ахонмен іс бітпесе,  
Духовный собраниеға барын кірсін.

---

Бір мешіт болсын кішік әр болыста,  
Жамағат, расходын өзің ұста.  
Және болсын медресе, бала оқытуға,  
Берсін бұған расходын земство.  
Медресеге сайлансын екі молла,  
Бірі оқытсын мұсылманша, бірі орысша.

---

Айтылмыш екі ушитіл уазифасын,  
һәр дайым земство беріп тұрсын».

Міржақыптың дін туралы бұл айтқандары, шынында өлең емес, аяғын үйлестіре салған дін пурigramы. Дін ісін бұл сықылды пурigramды мәселе қып қою: әрине, байлардың еңбекші бұқараны қанауға ұстаған әдісі ғой. Міржақып байшыл ақын болғандықтан, өсіп келе жатқан қазақ байларының бұл тілегін жырламасқа әлі жоқ.

## 2. Өнер ретінде

Бозбала өнер, ғылым үйренбедің,  
Ел кезіп, өсек айтып, сүйрендедің.  
Әрқайсың, хал-қадарлы, талаптансан,  
Сендерге мен наһақтан бүйдер ме едім?

---

Ерте жатып, кеш тұрып керіледі,  
Кәсіп қып, мал табуға ерінеді.  
Ертеңгісін ойламай, құдай ұрған,  
Қайғы жоқ, ішпей-жемей семіреді.

---

Дариға, жігіт қайда өнер тапқан,  
Жан қиып, қызмет етіп, халыққа жаққан.



Қайратпен қырық кез жерден су шығарып,  
Рахымет, ізгі дұға алса халықтан.  
Өнерін халыққа сатып бұлданбаса,  
Білгенсіп, әр нәрсені сұмданбаса.  
Халыққа хақ көңілден айт насихат,  
Не қайла, қала берсін тыңдалмаса.  
Үйренсін балаларың өнер, ғылым,  
Өткізбей ойын ойнап, бекер күнін.  
«Жатқанға жан жоламас» дегендейін,  
Көрдің ғой замананың мына түрін.

«Алма піс, аузыма түс»,- дегенге  
Халқым-ау, илансаңыз ешкім көнбес.

«Мүдәррис, 3... әпендіге жазған бір мәктүбім» деген өлеңінде  
Міржакып 3... әпендісіне:

«Қараңғы бір сарайда қамаулымыз,  
Есігін кім ашады бұл жәһалат?  
Әлбетте оның кілті сіздің қолда,  
Тәуекел, не тоқтау бар, бар да қайрат.  
Мен-дағы тілек шартым салдым сізге,  
Һәр іске болғай еді салахият.  
Құтқарсақ жаһилліктен қамын ойлап,  
Нәсіліміз оқыр бізге рақымат!», –

дейді. Бұндағы 3... Әпендісі Уфа қаласындағы «Медресе Ғалия» дейтін татардың жаңашыл мектебін төңкерістен бұрын басқарған Зияддин Қамалия болуға тиісті. Үйткені «Медресе Ғалия» ХХ ғасырдың 10 жылдары қазаққа мәдениеттің бұлағы көрінеді.

Міржакып мәдениет мәселесінде, өнер мәселесінде, ол кезде қазақты тапқа бөлген жоқ. «Жалпы өнерленіндер» деген ұран тастады: Бір жағынан қарағанда бұл – жалпы қазақтың өлең сықылды, оның ішіне кедей де кіретін сықылды. Бірақ негізінде олай емес. Ұлтшылдықтың ұлтшылдығының басы бай тілегінен басталып, аяғы байшылдықпен біткенін біз жоғарыда көрсеттік. Олай болса, үстемдік байда тұрған күнде қазақ еңбекшілері өнер-білімнің өгей ұлы болатындығында дау жоқ.

### 3. Әйел ретінде

Міржакып: қызды жастай беру, теңіне бермеу, қос қатын алу, әменгерлік, тағы сондай істерге қарсы болды. Бұндай әйел теңдігін аяққа басудың негізгі себептері: ескілік, надан байлық, сайлауға таласушылық екенін көрсетті. Бірақ осы айтып отырғандарына ол өзі қарсы келеді.  
Мәселен:



«Және біреу бес-алты қатын алар,  
Тең ұстамай мойнында хақы қалар.  
Бұл жұмыс пайғамбардың сүннеті деп.  
Дәлел айтып, оның бір шартын табар.  
Пайғамбар көп қатынды алуы рас,  
Бәрінің ризалығын табуы рас.  
Пайғамбардың пиғылы үмметіне  
Әлбетте сүннәт болып қалуы рас».

Ең алдымен, Мұхаммед пайғамбар өлгеніне мың жылдан асып кетті. Оның қасында болған Міржақып жоқ. Сондықтан пайғамбардың көп қатындар теңгеріп ұстаған, ұстамағанын ол айқындап айта алмайды. Көп қатын бір адамда тұрғанда, онда ризашылық деген және болмайды. Үйткені, әйел мен еркек семья боп (бір үйлі жан боп) қосылғанда, екеуін көбіне байлаптыратын нәрсе – жыныстық жағы қой. Феодалдық, капиталдық де әуірлерде әйел ерімен жалғыз жыныс жағынан ғана емес, күн көріс жағынан байланысты болады. Бұл әсіресе, феодалдық дәуірінде өте күшті. Қазақтың феодалы Абылдайхан 15 қатын алған. Бұқардың соңғы ханында 150 қатын болған. Орыстың XII ғасырда өткен Игорь деген феодал батыры 300 қатын алған. Мұхаммедтің үйдегі-түздегі некелі қатыны 20 шақты болған. Осылардың бәрін тамақ жағынан қанағаттандырғанымен, жыныстық жағынан қанағаттандырды деп Міржақып қалай айта алады. Егер қанағаттандырмаса, Міржақыптың өзі айтқан:

«Халал қатын болады осы қалай?  
Келсіді көңілінің хоппы қалай?  
Ол қатынның табылар досы қалай,  
Осыдан халал бала тусын қалай?», –

деген сөзі әлгілердің қайсысының басына келмейді?

Кімде көп қатын болса, содан «халал бала» тұмауы сөзсіз. Бұл арадан пайғамбарды арашалап, алып шығам деуі, Міржақыптың буынсыз жерге пышақ салғаны. Олай болса, қарсы болған көп қатын алуға қарсылық қалпымен тұрмай, «пайғамбарша ұстай алам десең, алсаң ал?» деп өсиет беруі – көп қатын алуға жол ашқандық боп табылады. Көп қатын алған байлардың бірсуі де «мен пайғамбар сүннестің ұстамаймын» демейді. Міржақыптың бұл пурграмы өзіне-өзі қарсы келетін пурграм.

Әйелге арналған өлеңінің аяғында Міржақып:

«Ойын-күлкі жастықта – гүлдейміз ғой,  
Сауық-сайран етелік, жүр дейміз ғой.  
Сыпайы сөз, сынық тіл мүләйімсіп  
Әдеппенен қатты айтпай, «сіз» дейміз ғой.  
Сұхбат еткен сағатың жылға қыйсап,  
Дүниенің қызығы қыз дейміз ғой.



Алуан-алуан шарты бар жігіттіктің,  
Хата қылмай ешбірін күйлейміз ғой», –  
деп, қыз алған жігітті, оның басында теңін тапқан жігітті айта келеді де,  
аяғында:

«Токта! бірақ, осыдан пайда бар ма?  
Қатамызды өзіміз көрмейміз ғой.  
Ұзын сөздің қысқасы, құрбыларым,  
Өнер абзал бәрінен білмейміз ғой?» –

дейді. Міне, бұдан Міржақып пікірінің түпкі қазығы өнер қуу, сол  
өнермен «халқына» жеміс шашып, алдыңғы қатардағы елге қосу екендігі  
айқын көрініп отыр.

#### 4. Жұмбақ

«Оян, қазақта!» айрықша маңызы бар өленнің біреуі «Жұмбақ» атты  
өлен. Бұл өлең былай басталады:

«Әр түрлі топанды аң жайлаған,  
Арыстанды бастық қып хан сайлаған.  
Айдаһар, жолбарыстай уәзірі бар,  
Батырдың қайратына жан тоймаған».

(Кітапта «топанды» деп басылғанмен, арыз айтушылар «бір аралды»  
деп айтады. Біз кітаптағыны қолдандық – С.М.)

Бұнысы – Романовтор.

«Арыстаннан ұсақ аңдар не көрмеген,  
Терісін төсек қылып, етін жеген.  
Бетіне қарсы келіп шақылдаса,  
Не қалды ол байғұста енді өлмеген».

Бұл – отар болған ұсақ ұлттар.

«Азырақ басқа жерде аң бар екен,  
Оларда қадіршілік заң бар екен.  
Арыстанның қол астынан аз болса да,  
Иттифақлы аңдар, өнерлі бір хан бар екен».

Бұл – Жапон мемлекеті.

«Бір өнер бұл ойлаған етейін деп,  
Мықты аңның бастығына жетейін деп.  
Ғаламға мәшһүр аңның ханы атанып,  
Дүниеден сол есіммен кетейін деп.  
Арыстан мен сол ниетпен соғысы бұл,  
Шығарды қарап тұрып жоқ істі бұл.  
Аз аңдар көп аңдарды жеңіп кетіп,  
Жерінен алды арыстанның қонысты бұл».

Бұл – 1904 жылы болатын Рүсия мен Жапонияның соғысы.



Жапонияның Русияның жеңіп, күншығысындағы көп жерін алуы. «Артур» дейтін кеме жолы Русиядан Жапония қолына көшуі, Русияның мықтап жеңілуі.

«Көрдін бе орыс текемнің мерт болғанын,  
Жеңіліп дұшпанынан дерт болғанын.  
Ісімнен күнә – сұмдық бояды ма деп,  
Зұлымдық қылмасқа енді серт қылғанын.  
Отырып бір күн арыстан ой қылыпты,  
Халқын жинап, тәубе деп той қылыпты.  
Қиянат күшті әлсізге етпесін деп,  
Андарға әмір шашып, қойдырыпты».

Бұл 1905 жылы Русияда құрылған мемлекет Думасы. Бұл дума Жапониядан қорыққандықтан емес, 1905 жылы болатын Русиядағы төңкерістен қорыққандықтан, үкіметтің жасаған думасы екенін ақын аңғармаған. Ақын, тойға «күлан, киік, қоян» сықылдыларды апарды.

«Арыстанға бұлар айтқан ғариза қыл:  
Мекеннен біздің еткен қасқырларды ал.  
Жерлерде бұлар жүрген біз жүрмейміз,  
Біздерге күн көрсетпес осылар дәл».

Бұлар ұсақ отарланған ұлттар. Арыстан бұған көнбейді. «Неге менің адамдарымды бұзық дейсіндер» деп ашуланады. Міржақып бұдан әрі Русиядағы төңкерістің дауылын азырақ коздетіп өтеді де, ақырында отар ұлттарға қайта айналып:

«Бұлардың қалды сүйтіп қоз жасына,  
Кім білер қорлық келмей өз басына.  
Арыстанның бұл хақында ниеті сол –  
Ілгері қадам басып өзбасына», –

дейді де, аяғын:

«Ойыңа қалай келсе, солай түсіп,  
Сыртын көріп құр қойма, аңғар ішін.  
Ондығымды айтуға қаймығамын,  
Секілді еді, осылай көрген түсім», –

деп бітірді. Петропавлдағы (Қызылжардағы) Дүйсембай Нұранов деген патшаның тыңшысы, қажының орысша аударатыны осы өлең. Міржақыпты абақтыға түсіруге себеп болушы да, «Оян, қазақты!» қуғынға көбірек ұшыратушы да осы өлең.

Бұдан кейін Міржақып «Насихат Гумумия» деген атпен өлең жазады да, әлгіндей қып ұстап отырған патша үкіметінен өнер ғана құтқарады, деп тағы да өнер-білімді жырлап, жастарға, шәкірттерге, «байларға барлық малдарынды, білімдерінді осы отардан құтқаруға жұмсаңдар» дейді.

«Бір айтпадым, көп айттым, керек өнер,  
Бұл айтқанға халықта көп пе көнер.  
Бұл заманда, байқасаң, бір мінез бар:  
Дұрыс сөзге табылмас кісі сенер.  
Сондағы сөйлемей тұра алмас тіл,  
Жалғандықты ақиқат ақыр жөнер.  
Жуан қоныш, кең қолтық қазақтар деп,  
Құлағынан тымақтың тартып күлер.  
Өтірік деп айтуға тағы орын жоқ,  
Намыстанып көргенде қоңілім жүдер.

«Оян, қазақты!» аяқтарда Міржақып мыпадай өлеңдер жазады.

«Гибрат жаздым жасқа еткен талап,  
Қасыппан ұран салып оттім жанап.  
Желікпей жүйрік болсаң тұра алмассың,  
Кермеде арғымақтай тұрған жарап.  
Әр баптан шіссен болсаң сөйленейін,  
Бұлбұлдай бақшадағы бейне сайрап.

Басылсын халыққа тарап бұл кншкпе,  
Жазылған келгенімде жиырма беске.  
Қадірлең, сөз асылын танығандар,  
Қолына ала отырсын мәжілісте.  
Өзіммен мәселәтас құрбыларым,  
Көтеріп лақабымды алсын еске.  
Міржақып бар сөзімен базар ашты,  
Жиылып өнерпазлар кел кесекке».

Бұдан басқасын жазудың қажеті жоқ. Бұл өлеңдерден біздің ұққанымыз: «Оян, қазақ!» салған айқай. Ондағы мақсаты аяғында желі барларды қыздырын, жарысқа түсіру. Желі барлар, әрине ұлтшылдар. Бірас, солай боп шықты. Осы «Оян, қазақтан!» кейін сол кездігі қазақ оқығандары «ұлтым, мелләтім, оян, басынды көтер, жер-суыңа ие бол, өнер ку» деген сөзді қардай боратты.

«Оян, қазақ!» тіл жағынан әдемі жазылған нәрсе емес. Бұның бір жағып тілі шұбар тіл болса (оны оқушылар корді), екінші жағынан, өлеңдік қасиеті де күшті емес.

«Указной молланың хилаф ісін,

Әлбетте оязной ахон тексерсін.

Ахонден оязной болса қата,

Областной ахон тексеріп мұны көрсін»,

деген өлең, өлең заңымен тексергенде өлең емес. Бұнда әрі күптенгендік, әрі үйлестірем деп сөз тергендік бар. Бұл сықылды өлең «Оян, қазақта!» толып жатыр. Бірақ бұнымен «Оян, қазақтың!» өз заманындағы бағасын



кемітуге болмайды. «Оян, қазақ!» отаршылдық қысымының күшті кезінде, қазақ даласының патша үкіметіне қарсы көңілін оятқан шығарма болды.

Ол кезде қазақ даласы бұны ардақтады. Ал, өлеңдік қасиетіне келгенде, Міржақып өзі де «Оян, қазақты!» өлең деп ұқпауға тиіс: айтайын деген сөзі халық арасына тез жайылуын тілеп, ол жайылуына өлеңді құрал деп түсініп, көңілде бар сөзін үйлессін, үйлеспесін, өлең қыш құрастыра беруге тиіс. Ал, татар тілінің мол кіретін себебі, ол кезде татардың мәдениеті де, ұлтшылдығы да қазақтан жоғары еді.

Сондықтан қазақ әдебиетіне әсер етпей қоймайды. Оған Міржақып айыпты емес.

### «Бақытсыз Жамал»

Міржақыптың «Бақытсыз Жамалы» 1910 жылы басылып шықты. «Бақытсыз Жамал» қазақ тілінде шыққан бірінші роман дерлік кітап болғандықтан, оған толығырақ тоқтауға тура келеді.

«Бақытсыз Жамалдың» қысқаша мазмұны: Сәрсембай дейтін бай, момып бір адамның үлкен әйелі Қалампырдан перзент болмаған соң, жасы қырықтардан асып, әркім «қу бас» деуге айналған соң, Сәрсембай тоқал алуға ойланып, ағайындарымен ақылдасады да, белін буады. Бәйбішесі ұнатпағанмен, көптің аузы бірігіп кеткен соң «қарсы емеспін» деген болады.

Қыз іздеген Сәрсембайдың көзіне Жарас дейтін өлген молланың Шолпан атты 14 жасар қызы түседі. Осы қызға кісі салып, қырық жетіні қырық матап береді де, Шолпан 15-ке шыққан жылы алады. Екі жыл отасқаннан кейін Шолпаннан Жамал дейтін қыз бала туады. Жамалдың туғанын Сәрсембай елге шыққан крестьянский нашәлнік тоқтаған ауылда жиылыста естиді.

Баладан зарығып жүрген Сәрсембай ұл, қыз демей, үйіне келіп той қылады. Жамал тоғызға келеді. Үрлеп ауызға салғандай бүлдіршін – сұлу боп өседі. Әкесі Жамалды 9 жастарында ескіше оқытатын Қасен деген молдаға бергісі келгенмен, Қасеннің тұратын ауылы жырақ болғандықтан іреті келмейді.

Жамал онға қараған жылы, жаз, Сәрсембайдікіне Упідегі Татар мектебінде оқитын, жаз елден бала оқытып, қаражат табуға шығатын Ғазер деген ноғай жігіті келеді. Осы Ғазерді Сәрсембай аулына бала оқытуға жалдайды. Ғазер ел әдебиетінен қорқып, оқуды ескіше оқытады. Бір күні Жамалдың зеректігіне сүйінген Ғазер шешесі Шолпанға оңашада «Жамалға қағаз танығайын деп ем» деген сөзді айтады. Шолпан өз әкесінен хат танып қалған, оқудың қадірін білетін адам болғандықтан,





«жасырып оқыта бер» деген ақылды айтады. Сол жасырып оқытумен Жамал мұғалімнің күз қайтар кезінде хатқа сұдай боп қалады.

Ғазерден кейін Сәрсембай молда жалдамайды. Бірақ сауаты ашылған Жамал, өз бетімен кітап оқуға, әсіресе әдебиет кітаптарын оқуға түсіп, оқуын тереңдетеді. 14-15 жасқа келген кезде Жамал, бір жағынан елді сұлулығымен таңырқатқан қыз болса, екінші жағынан әнші, өлеңші, домбырашы, ашық, сауықшыл қыз болды.

Жамалды Байжан дейтін елдің атақты бір биі, Жұман дейтін басы таз, жаратылысы нашар баласына атастырады. Сәрсембай Жамалды Жұманның жамандығын көре-тұра береді. Оған себеп мынау болады: Жамалдың жасырақ кезінде, елдің қыдырма тіл атқамінерлері Сәрсембайды Нұрпейіс дейтін бимен билікке таласуға қыздырады. Сәрсембай оған еріп, атын, асын, ақшасын шашып таласады. Бірақ Нұрпейісті ел ақсақалдары, әсіресе, елге беделді Байжан биі қуаттаған соң, Сәрсембай құр малын шашып, босқа қалады да Нұрпейіс би боп кетеді. Осы кекті ұмытпай жүрген Сәрсембай, Байжан Жамалды сұратқан соң Шолпанның көнбегеніне қарамай, Байжанмен құла болады да, келер сайлауда би боп шығады. Бірақ ол биліктен, сиез кезінде біреуді ұрамын деп түсіп қалады.

Сұлулық, ақылдылық, шешендік түгел біткен Жамал Жұманның жамандығын естіп, іштен тынады. Басындағы мұңын айтып, өлең шығара бастайды. Ол өлеңінің біреуін Шолпан тауып алып оқиды да, «осы Жамал Жұманға баратын емес, жүдеп барады, бекер бердік. Жылатпайық» десе, Сәрсембай «күдай бұйрығы» деп тыңдамайды.

Жамал өзіне тең іздейді. Ол тең бір ойында табылады. Ол табылған жігіт, көзі ашық, оқулы Ғали деген жігіт болады. Ғали сол ойында Жамалмен түсінісіп алады да, артынан көп ұзамай Жамалмен жақындасады. Сүйтіп, екеуі «ойнап-күлумен» жүргенде, Жұман қайнына ұрын барады – деген лақап жайылады – лақап рас боп шығады. Жұманнан аза бойы тік тұратын Жамал көргісі келмей, не де болса Ғалимен кеткісі келеді. Ғали бір келгенде екеуі сөздерін бекітеді де, бір жұмадан кейін Жамал Шолпанмен ақылдасып, бір түнде Ғалимен жоқ болады. Ғали сол кеткен бетімен бір шаһарға барып, Фатихолла деген саудагер ноғайға паналайды.

Жамалдың кетіп қалғанын, оны Ғали әкеткенін сезген Сәрсембай мен елі Байжанға хабар салады. Байжан елін жиып, Сәрсембайға келеді. Сәрсембайдан да, Ғалидың елінен де барымта алдырады. Ел арасы бүлінеді. Ахметжан деген указной молданы Байжан алдырып, заңға келтіру үшін Жамалды Жұманның алған қатыны ғып, неке – талақ кітабына тіркетеді. Бірақ бұл кезде Ғали Оязной начальниктен Жамалдың басына еркіндік алып қояды.

Барымталасып, бүлінген ел Ғали мен Жамалдың қайда кеткенін



астыртын іздетіп, Фатихоллада жатқанын білген соң Фатихоллаға «үйінен қашақ татарды қусын, әйтпесе, елдегі 2000 мың сомдық неснесін бермейміз» деп хабар салады. Фатихолла бұл дүмпуге шыдай алмай, Ғалиға айтады. Ғали ол сөзді мақұлдап, 300 шақырым жердегі нағашысына баратындығын білдіреді. Фатихолла мұнысын мақұлдап, ат арба, 50 сом ақша береді де, аттандырады.

Ғалиды нағашылары карсы алады. Бірақ бақытсыздыққа қарай, нағашысына барғаннан кейін, 10 күннен соң Ғали ауырып өледі. Жамалдың басына қара күн туады. Нағашылары да ренжіп, дін жолының бұйырған кәдесін істейді де. Ғали мен Жамалдың еліне хабар салады. Улап-шулап елден туысқандары келеді. Қайғылы Жамалды шешесі Шолпан еліне алып қайтады.

Дау бұл кезде сөнбейді. Жамал келгеннен кейін, ел ақсақалдары Сәрсембай мен Байжанның арасына жүріп, Байжанға Жамалды алуды, Сәрсембайға беруді ұсынады. Сәрсембай Шолпан арқылы Жамалға сөз салдырғанда, Жамал «Ғалидан кейін маған бақытты өмір жоқ, мен үшін бүлінбелдер, бере беріңдер» дейді. Осы хабар Байжанға тигеннен кейін, Жұман өзі кеп алуға арланып, Байжанның бәйбішесі кеп алып кетеді.

Байжандікіне барғаннан кейін, өзі қайғылы Жамалды Жұман ұра бастайды. Кеткенін белгіне басады. Осындай қоршылықпен күн кешірген Жамал, қыстың басында, бір күні таяқ жеген соң, түнде суытып қойған атты мініп, қапады. Қашқандағы ойы шаһарға барып, Фатихоллаға паналау болады. Бірақ ауылдан шыға боран соғып, жолдан адасалы да, үсініп, далада оледі. Таптертең жолмен келе жатқан жолаушылар қар теуіп тұрған атты көріп, атқа барса, жанында өліп жатқан Жамалды көреді.

**«Бақытсыз Жамалдың» кемшіліктері:** кемшілік дегенде біз тіл кемшілігіне тоқтамаймыз. Үйткені, «Оян, қазақ!» сықылды «Бақытсыз Жамалда» да Міржақып татар тілінің әсерімен толық пайдаланған. Сөздерінде, сөйлемдерінде татаршылағандық толып жатыр. Бірақ «Бақытсыз Жамалдың» өлең ғып жазған жерлерінде, тіл жағынан «Оян, қазақтан!» қазақ тіліне көп жақындағандық бар. Және өленнің көркемдік жағы да «Оян қазақтан» ілгері.

Романның ішкі құрылысында бас кемшіліктер, бірнеше кейіпкерлердің, бірнеше оқиғалардың үстірт жазылуы. Романның негізгі заңының біреуі – кейіпкердің не бақытына, не қайғысына себепкер болатын уақиғаларды ашып көрсету болса, Міржақып «Бақытсыз Жамалының» көп жерінде оны ескермеген. Әсіресе:

1. Сәрсембай қандай мінез, құлқы бар адам екендігі, оның өз алабында қандай қадыры бары ашық емес.

2. Шолпанды аларда ұнатпаған Қалампыр мен Шолпанның күндестік әңгімелері ұмытылып кеткен. Қалампырдың аты аталғаны болмаса, қандай адам екендігі жоқ.

3. Ғалидың Сәрсембайдікіне көп келуін, Сәрсембайдың маңайы, әсіресе боз-балалар қу жамаған. Жамал мен Ғалидың жақындығын сикім білмеген сықылды. Бұл туралы өсек-аяң атымен жоқ.

4. Жалпы кейіпкерлердің, әсіресе Ғали мен Жамалдың таршылық мүнестерде ішкі сезімдерінің құбылысы жоқ. Осыдан, романды оқығанда қынжылып, ренжитін, яки қуанатын кейбір әсерлі орындарда оқушы ойын бөгемей өте шығады.

5. Жамал мен Ғали кеткеннен кейінгі үлкен оқиға – екі елдің дауы нақ болған түрінде сипатталмаған.

6. Ғали өліснен кейін, Жамалдың басында болған қайғы, әсіресе үйіне қайтып кеп, одан кейін Жұманға қорлықпен барғандағы қайғысы айқын, ашық емес. Оқушының аянышты сезімін қозғайтын кейбір жерлер суреттелмеген.

Бірсыпыра ұсақ кемшіліктерін қоя тұрғанда, романның басты кемшіліктері осылар.

**«Бақытсыз Жамалдың» бағасы:** жоғарғы кемшіліктерін былай қойғанда, «Бақытсыз Жамал» үлкен тарихи маңызы бар роман. Бұл роман арқылы Міржақып, қазақтың өсіп келе жатқан капиталистерінің ескі феодалдық өмірге қарсылығын көрсетті. Олар мынадай кейіпкерлер арқылы көрінеді.

1. Романың бас кезінде мойнына знағын тағып алып, төре көрінсе алдынан шаба жөнелетін Бекжан ауылнай қазақарасындағы нағыз шеншіл, ұлтшыл, кекшіл, ескішіл, өз дәрежесін көтергіш атқамінер. Нашелніктен далаға шыға кеп, оның – «төре не сұрады?» деген жұртқа, төренің сұраған сөздерін айта кеп:

– Анау күні Көгібайдың мені боктағанын айтқаным жоқ. Оны айтқанда, бәләмә болатын еді, не қылайын, Қасепнің көңіліне қарадым», – деуі, жұрт алдында өзінің бағасын өсіргендік. Бекжан жаңа өмірдің кейіпкері емес. Ол феодалдық дәуірдің «тағдыршыл» адамы.

2. Сәрсембайдың үйіне көп қонған шала молда (аты жоқ - С.М.) Сәрсембайды жәдитке (жаңа оқу жолына) қарсы үгіттейді. Жамалдың қыз екенін білгеннен кейін молда... «шариғатта балаға тұлым қою дұрыс емес, және бай қызы 9 жаста балғын болады. Соның үшін намаз оқытып, шаш та қойыңыз, сіздің мұныңыз алла бұйрығына көнбеген секілді болады. Олай болғанда күнә табасыз. Бірақ оқытқанда хат жазып кетерліктей оқытпаңыз, қусусан – жадит молдаларынан оқытпаңыз. Не үшін десеңіз, олар әуелі дін, иман білгізіп, намаз оқытпай иман-шарт, бадуам, әптиектерді, ежіктерді былай қойып, орысша: 1, ба, та, деп орыстың ісін қуаттап, балаңды бұзады», - дейді. Міне, бұл ұлтшылдардың, оның сол кездегі дін ретінде ұстаған жолы жәдитшіліктің ең қарсы ішкірі. Барлық ұлтшылдардың бір ауыздан қарсы боп соңына түсетін молдасы осындай молда.



«Бақытсыз Жамалдың» аяқ кезінде «Жамал Жұманның қатыны еді» деп неке киятын кінегеге өтірік тіркейтін Ахметжан молданы да Міржакып әдейі кейіпкер ғып алып отыр. Ахметжан арқылы ескі діншілдердің жолының терістігін, ескі молдалардың өтірікшілігін, тамағы үшін, ел ақсақалының беделі үшін қылмыстан жиренбейтіндігін көрсетіп отыр. Бұл сықылды, ақсақалшыл арсыз, өтірікші, ескішіл молдаға, Міржакып Ғазер сықылды: жанашыл, арлы, алған ақшасын адалдап алатын, мақсаты халық ағартушылық мұғалімді қарсы қойып отыр. Ғазер «бостандықшыл», мәдениетшіл, казактың өсіп келе жатқан байларының тілегіне үйлесетін мұғалім. Ал, бастапқы екі молда, құлқынынан басқа пайда келтірмейтін, халықты өнерден кейін сүйрейтіндер.

3. Байжан, онын сөзін сөйлеп, өтірік билік құрған елдің билері романда аса жазылғанмен, сол кездегі елдің ескішіл ақсақалдарының мінез-құлқын айқын көрсетеді.

Оқушы, ол билерде ар-ұяттың жоқтығын, Байжан не қылмысқа жұмсаса, соған бара беретіндігін айтады. Міржакып, романында оқушыға «бұлар билеген ел оңбайды» деген пікірді құюға тырысады.

4. Сәрсембай, романда өз басымен ешнәрсені ойлап, шығара алмайтын, бір тұтам жібін алтындай көретін, мал жанды; кім не айтса, соған сене беретін аңқау, доғал адам. Осы доғалдығы арқылы оның елде жарты тиындық беделі жоқ. Онын үстіне Сәрсембайда жігер жоқ, қорқақ кісі. Сәрсембай елдің ішіндегі «тілге тәтті, тіске жұмсақ» ақсақал біткеннің әлі кеп, аунатып жей беретін адам.

Романды оқыған кісі бұл көрсетілгендердің бәрін өмірге керексіз адам ғып ұғады. Жаңа туып келе жатқан, казак байларының тілегінен туған ұлтшыл-байшыл Міржакып, бұл адамдарға қарсы. Ол қарсылықты Міржакып жоғарғы феодалдардың, оның құйыршықтарының Жамал ретіндегі қылмысымен көрсетіп отыр.

Міржакыптың жаңа кейіпкерлері мыналар:

1. **Шолпан.** Бұл үлкен саналы адам болмағанмен, бір жағынан Жамалға аналық мейірімі түссе, екінші жағынан жаңалыққа бейім кісі. Ғазиздің:

– «Жамалды усыл жәдитпен оқыта бастасам, аз уақытта хат жазып кетер еді. Бірақ бай ұнатпайды ғой», - деген сөзіне, Шолпанның:

– «Біздің отағасының сөзін не қыласың, ақырын оңаша жаздырып, хатқа үйрете беріңіз», – деуі, және Ғалимен жақындығын біле тұра, теңі деп қызғанбауы, Жамалды Ғалиға шығарып беруі – жаңалыққа бейімділігін көрсетеді. Егер Шолпанның осы сипаттарына кәрі Сәрсембайға жастай тиген наразылығын қосса, Шолпан жап-жақсы жаңашыл кейіпкер болып шығар еді. Жамал ретінде жанашылдық жолға түскен Шолпан, 45-тегі надан, иіс алмас Сәрсембайға 15-інде тиіп отырып, наразылығын көрсетпейді.

Жазушы бұл арасын ескермеген. Жамал арқылы кейпі көрінген Шолпанға Сәрсембай шынында тең болмауға тиісті.

**2. Ғали.** Ғалиды жазушы: «жасынан талапты болып, Қызылжар, Троицкідегі медреседе оқып жүріп және де қазына ушитілден оқып та, орысша азырақ сөйлеп, жарарлықтай шамасы бар еді. Мұсылманша жақсы оқыса да, елге шығып мола болмай, соңғы уақыттарда оқуды да қойып, азырақ сауда ісімен айналып еді. Әрдайым алыс-берісінде уағдасында, опашыл болғандығы көрінгенге байлар шамалап несие беруден тартынбайтын еді», – деп сипаттайды. Бұған қарағанда Ғали: әрі зиялы (пікірі ашық) жігіт те, әрі өркендеуге бет алған жаңа бай (буржуазия), жүріс-тұрыс көп, ысылған жігіт. Оның үстіне сауықшыл, ақындығы бар жігіт. Бұл сынды жігіттен, өзі романның бас кейіпкері болған жігіттен, оқушы үлкен істер күтпек қой. Жазушы Ғалиды жоғарғыдай сипаттағанмен оның Жамал іретіндегі істерінде ұзап шыққан ерліктері жоқ. Ғали романда күресшіл, өз ойындағы істі табан тіреп, қайратпен істейтін адам боп көрінбеген. Жамалға жолығу, жүру, алып қашу, тығылу істері өз беттерімен іреті келе беріп, Ғалиды қиыншылыққа салмаған. Ғали Жамалға жолыққаннан бастап, өлгеніне шейін тұрмыстың арпалысып өтетін, қайратымен ғана өтетін ешбір өткеліне кездеспейді. Өлерінде Ғалидың ішкі сезімі көрінген жоқ. Ол ел-жұртынан кетіп, жат жерге барып, қайғының қара тұманына батқалы отырған Жамалға «шыдадан» басқа түк айтпайды. Өлер алдындағы достық жан ашуын көрсетпейді. «Ештеңе етпеспен» өліп кете барады. Осыларға қарағанда, Ғали бір жағынан, оқыған саудагер, жанашыл болса, екінші жағынан, ескінің сарқынына құтыла алмаған «тағдыршыл». Жігерсіз жігіт. Ғали буржуазияның ашық кейіпкері болса, ол бірнеше қиын басқашты көптің көзіне көрсете аттап, қиындық шамадан асқанда ғана жеңілер еді, онда да арпалысып өлер еді. Бұны, әрине Міржақып өз басынан пығарып отырған жоқ. Сол кездегі өмірден алып отыр. Ғали шынында өмірде бар адам. Ғалидың мұндай шала кейіпкер болуы, қазақтың капиталистерінің өзі шын мағынасында пісіп жетпеген, бір қолы ескіде, бір қолы жаңада тұрғандығын көрсетеді.

**3. Жамал.** Ғалидан көрі Міржақып Жамалдың кейпін ашық шығарған. Жамалдың ел ішіндегі ашықтығы, ерлермен өзін тең түсініп, ойың-тойда еркін жүруі, бозбалаларды беттетпеуі, әйелмін деп ұялмауы, ойын-тойды гүлдендіруі, оның ескі өмірдің адамы еместігін көрсетеді.

Ержетіп, өзін-өзі таныған соң, Жамал алдына теңдік деген мақсат ұстайды. Ол:

«Алланың рахматына созамын қол,  
Адасқан мен бір ғарып табалмай жол.  
Ашылып біздің басқа түскен тұман  
Шаттықпен өткіз деймін – тілсізгім сол», –

деп, теңі емес адамнан басын азат қылуды тілек қылады.



«Мен қайран атам малға сатқанына,  
Бір газды жалпақ елден тапқанына  
Аты өшкір, тумай кеткір Жұман деген,  
Мал беріп, мені өзімсіп, сатқанына», –  
деп атасын сөгеді де, Жұманды қарғайды

«Қазақтың күллі ғайып әдетінде  
Түскенім бір қасқырдың қақпанына», –  
деп, қалын малшыл қазақтың жалпы ескі әдетін сөгеді

Ғалимен ойында кездескенде, Ғали  
«Сұлу қыз баға жетпес бір ғауһар тас,  
Он алты-от жетіге жеткенде жас  
Жаннаттың пісіп тұрған алмасындай,  
Қол жетсе қандай жігіт ләззат алмас», –  
деп, қарабастың нәпсісін өлең кылса, яки

«Ал сөйле, келді кезек енді, Ғали  
Керілмей ұста қолға домбыраны,  
Рухы бір мәжіліске қызмет көрсет,  
Сайратып тіл мен жақтың болса халы», –  
деп, өзін дәріптесе, Жамал олай өлең айтпайды Ол

«Сөйледі Ғали мырза жігіт жайын,  
Әр кімнің халі өзіне тұрар дайын  
Қыздарды жігіттермен салыстырып,  
Тыңдаңыз мен азырақ сөз қылайын  
Жігіттің ерік өзінде – жылдың құсы,  
Ұшса да, я келсе де отырғысы  
Мысалы, жазы болған жаққа кетер,  
Бір жердің қары жауып, тұрса қысы  
Қыз байғұс қолға түскен сандуғаштай,  
Торында өтер сорлы кілтін ашпай  
Сатады мал көп берген кісі болса,  
Кетеді жылап сорлы қарсыласпай», –

деп, қазақ әйелінің күндік тұрмысын айтады Феодалдық дәуірдің салдарынан туған әйел мен ердің теңсіздігін, әйелдің мал орнына сатылатындығын көрсетеді

«Қыз бермек пайғамбардың сүндетіндей,  
Ұзатпақ ата-ананың міндетіндей  
Әр кімнің өзіне ерік берген жоқ па,  
Алланың бұны дейміз құдіретіндей», –

деп, қыз сағудың заң еместігін, әр адамның, оның ішінде әйелдің өз басына еркі болуға тиісті екендігін айтады

Ғалидың Жамалға «бай емеспін, өзін білесін» деген сықылды сезімсіз түрде жазған хатына, Жамал

Хатында бай емеспін, деп жазыпсың,  
Бетке салық қылма деп көп жазыпсың.  
Байды сүйсем Жұманға бармас па едім,  
Мұны ойламай, әнсейін тек жазыпсың.  
Бір сенсін ғашық отын сондіретін  
Кім бізді ықтиярсыз көндіретін.  
Өлсек шұқыр бір болсын, шықсақ төбе,  
Айрылмайық болса да өлтіретін.  
Бір алла жалғыз өзі болсын айпақ,  
Тұрайық уағданы мақкем байлап.  
Сен үшін бір жанымды еттім құрбан,  
Шынжырлап жіберсе де Сібірге айдап», –

дсйді. Міне, бұл Жамалдың жігерінің қандай екенін ашық көрсетеді. Жамалда мақсат бар. Сол мақсатқа жету үшін ол өлімнен қорықпайды, не қиындыққа болса да шыдайды.

Жамал осы жігерден қайтқан жоқ. Ғали олғаннен кейін оның Жұманға баруға көнгені, жігері сонгендіктен емес, одан басқа істер шара таба алмағандықтан. Бірақ Жамал Жұманға барғанмен оны ұнатпады, Ғалиды ұмытпады. Ақырында қорлыққа шыдамай, ерлік істеп қашып, сол жігер үстінде боранда үсіп өлді.

Байлардың (буржуазия) негізгі сипатының біреуі «бас бостандығы» болса, Жамал оны ақтады. Байлардың мақсатшылдығын, соған жетуге жігер салатындығын Жамал айқын көрсетті. Жамалдың қарсылығы, жалғыз қарабастың ғана қарсылығы емес, ақсақалдық дәуіріндегі күндікте отырған жалпы қазақ әйелінің қарсылығы. Жамал осы қарсылықты көзге көрсете алды. Қазақтан ол кезде өркендей бастаған капиталистердің ұраны «бас бостандығы», әсіресе, әйел бостандығы болса, Жамал бостандық жолында белсене күресіп, күрес үстінде құрбан болды. Жамалдың кейпі Ғалидан көп ашық. Жамалдың ісі де, өлімі де, Ғалидан айқын. Ұсақ кемшіліктерін былай қойғанда, Жамалды жазушы ашық кейіпкер қып шығара алған.

**4. Фатихолла.** Фатихолла – шаһардың ірі саудагері. Ғали Жамалды алып барғанда, ол: «әйда, Ғали сен бірде қорықма. Алхамдуиллахи, біздің қораға рұқсатсыз неш бір степной қырғыз кіре алмайды. Әгәр келіп іскандал жасаса, шығармақшы болсалар, пырамы шастқа апарып, заявит етіп, желткелерін қашатармыз», деп жігер береді. Бірақ, артынан «елдегі 2000 сом несиенді бермейміз» деген ел ақсақалдарының сөзінен қорқып, Ғалиға ат, арба, 50 сом беріп нағашысына жібереді. Елде 2000 сом несиесі бар адам келей емес қой, оны айтудың қажеті жоқ. Осы 2000 сомның елде сіңіп кетуіне Фатихолла ерік істей алмайды. «Желткесін қаштармызды» қойып, «несиенді бермейміз» деген соң өзі желткесін қасиды да, Ғалиға «енді қайтесің» деп қынжылады.



Орыстың Гоголь дейтін жазушысының «Өлімтіктер» («Мертвые души») дейтін романы бар. Соның бір кейіпкері Чичиков деген өлерде баласына «ақшадан басқа досың болмасын» деген өсиет айтады. Осы сөз Фатихолланың басына келіп отыр, Фатихоллаға Жамалдың теңдігі де қымбат, ақша да қымбат. Осы екі қымбатты салыстырғанда, ақшаны Фатихолла таңдады да, Жамал мен Ғалиден үйін босатса екен, деген тілекті тіледі. Бұл, әрине буржуазияның «бостандық» атаулыны ақшаға сататындығына айқын дәлел.

Фатихолланың Байжан мен ел билерінен Ғалиға жақындығы ол «бостандыққа: қарсы емес, қарсылық былай тұрсын «бостандықшыл», оның Ғалиға ат, арба, 50 сом беруі «бостандықшылдығы». Бірақ ақшамен (несиемен) бостандық қатар тұрғанда, Фатихолла Чичиков айтқандай ақшаны таңдады.

«Бақытсыз Жамалды» қорытқанда, біздің айтарымыз, бұл роман бірінші жақтан әйел бостандығын жырласа, екінші жағынан; ескі дін, ескі салт, ескі әдетке қарсы шыққан роман. Бұл қазақтың жаңа байларының жаңашылдық сойылын соғып шыққан роман. Сондықтан роман қазақ арасында көп тарап, елдің, жаңашылдардың аузында аяттай жатталып жүрді. Роман шыққаннан кейін ауылдың ойын-тойында бозбалалар да, қыздар да бұрынғы:

«Базардан алып келген жезді құман,  
Пәлеге ұшырайды сөзді қуған.  
Бал шайнап, шекер жұтқан беу қарағым,  
Көзіңнен айналайын жаудыраған», -

деген өлеңнің орнына, немесе:

«Алып келген базардан қара қиық,  
Той қылғанға қорқамын жұртым жиып», -

тың орнына «Бақытсыз Жамалды» өлең кып жүрді.

Жамал болғысы келген, Жамалға ұқсағысы келген талай ауылдың қызын көзіміз көрді. Ғали ауыл жігітіне үлкен үлгі бола алған жоқ. Жамал ауыл қызына үлкен үлгі болды.

Жалпы романды алғанда, сол кездегі ұлтшылдар әйел бостандығын айтқанда «Бақытсыз Жамалдың» маңайында ғана айтты. «Бақытсыз Жамалға» еліктеп, «Мұңлы Мәриям» (Сәлім Қашымұлынікі) сықылды романдар шықты. «Бақытсыз Жамал» соңғы кезге шейін көп жазушының темасына үлгі болды.

«Бақытсыз Жамалдағы» әйел теңдігін көксеу пурлтариатша емес. Жамалдың теңдігінің арты Ғали сықылды онды күйеумен тұру ғана еді. Пурлтариат теңдікті бұлай түсінбейді. Бұл туралы жоғарыда айтылған. Бірақ онымен «Бақытсыз Жамалдың» өз заманындағы маңызын кемітуге болмайды. Бұл роман қазақ елінің басынан өткен феодалдық дәуірі мен жаңа байшылық дәуірінің күресін көрсететін үлкен тарихи дерек.





Міржақыптың бұл өлеңі 1912 жылы, Қазан қаласында басылып шықты. Бұдан бұрын шыққан еңбектерімен Міржақыптың бұл еңбегінде көркемдік жағынан үлкен айырма бар.

«Азаматтың» тілі «Оян, қазақ!» пен «Бақытсыз Жамалдай» емес, таза қазақ тілі. Өлеңнің үйлестік құрылыс, көркемдік жағынан «Азамат» бастапқы екеуінен көп ілгері. Бастапқы екеуін әсіресе, «Оян, қазақты!» оқығанда, Міржақыптың ақындығына адам шек келтіреді. Ал «Азаматта» олай емес: Мұнда Міржақып өскендігін, ақындық сипатының бойында толық барын көрсетіп отыр.

Мазмұн жағына келгенде, Азаматтың ішіндегі өлеңнің көбі «Оян, қазақтағы!»: «жерің орысқа кетті. Елдігің тозды. Басынды көтермесең мұнан да жаман боласың. Басынды көтер, білім біл, өнерлі шаруа бақ, қатарға кір»деп қазақты үгіттеген сөздер. Қазақты қараңғылықтан құтқар деп оқыған азаматқа салған ұрандар. Бұлар «Жұт», «Таза бұлақ», «Газет, журнал» «Айқап», «Ия, алла», тағы басқа өлеңдерінде ашық көрінеді.

«Азаматтағы» өзгешелік, бастапқы екі шығармамен салыстырғанда, екі түрлі: оның біреуі Еуропа капитализмінің жиһангершілік саясатын шетпұшпақтап көру, екіншісі – қажығандық.

### 1. Жиһангершілік

Еуропа жиһангерлерінің жалғыз қазақ елі емес, жалпы күншығыс елін отарланғанын Міржақып Лермонтовтың «Айтыс» деген өлеңі арқылы көрсетіп отыр. Бұл өлеңде Лермонтов «Қазыбек», «Шат» дейтін кавказдың екі тауын айтыстырады. Шат Қазыбекке күншығыстан сақтан десе, Қазыбек күншығысты менсінбей былай дейді.

Қорықпаймын күн шығыстан, дейді Қазбек,

Ондағы адамзатты білемін бек.

Мінекей тоғызыншы ғасыр болды,

Ғабылет ұйқысында жатыр құр тек.

Бұдан кейін Қазбек: араб, парсы, түрік, тағы басқа күншығыс елдерінің өнерсіздігін айтып, мен олардан қорықпаймын дейді.

«Мақтанба!» дейді қарт «Шат күні бұрын»,

«Әуелі байқа ақыл мен істің түрін».

Көзің солтүстікке мұнарланған

«Бір қатар көрінеді жарықтығым».

Бұл арада солтүстік деп отырған, сөз жоқ, Еуропа еді.

«Бұл хабар берді қара Қазбекке,

Қайғырды өңі қашып, тұрып текке,

Көреді қалың қара қаптаған жау,

Қараса бір мезгілде солтүстікке.

Дулыға сауыт киген әскер басы,



Қасында ең сенімді жан жолдасы.

Қаптаған күшті әскер көшкен бұлттай,  
Түсінен тұрар емес адам қорықпай,  
Бұлақтай таудан аққан шуылдасып,  
Келеді күншығысқа ол жуықтай.  
«Ой басып қорқынышты есі кетіп,  
Бұлдырап екі көзі, түсі кетіп,  
Қаралы ер Қазбек сынар еді,  
Есебін біле алмады, оның жетіп...  
«Қарады сонда батыр қайғы батып,  
Тұқымдас тауларына назар атып,  
Түсіріп дәл көзіне киіп бөркін,  
Қабағын қарсы жауып қалды қатып»

Міне, күншығыс елін менсінбей тұрған Қазбек тауы, күнбатыс (Еуропа) елін көргенде осылай қорқады. Лермонтовтың бұл өлеңді жазудағы мақсатымен Міржақыптың аударудағы мақсаты екі басқа, Лермонтов орыстың дворяншыл, «орысшыл» ақыны болғандықтан, бұл өлеңді жазғанда жалпы Еуропаның, оның ішінде орыстың күштілігін көрсеткісі келді. Күншығыстың қолынан түк келмейді, ол Еуропаның даяр жемі дегенді аңғартуға тырысты. Ал Міржақып бұл өлеңді аударғанда, жалпы күншығысқа, оның ішінде қазаққа, «сенің күнбатыс деген күшті жауың бар, ұйқынды ашып, өнерге ұмтылып, сол жаумен қатарласпасаң, тұншықтың деген сөзді аңғартуға ойлады. Еуропа жиһангерлерінің қорқынышты күшін көзіне елестетіп, қазақты шошытып, оятуға тырысты. «Айтысты» «Азаматтын» бас өлеңі ғып бастырғанда, Міржақыптың тілегі осы еді.

Әдебиетке таныс жұртының көпшілігі Абай Лермонтовтың «Теректің сыйы» деген өлеңін Лермонтовтан артық қып аударды деседі. Біз «Айтыс» ретінде осыны айтып едік. «Айтыс» түпкі иесінен артық қып аударылмағанмен орысшасынан түк кемдік жоқ. Аударманы былай қып шығару, әсіресе, өлеңді бір тілге аударғанда дұрыс шығару, өте қиын. Өлеңді басқа тілге аударған адам, сол өлеңді жазушы адаммен тілегі үйлескенде ғана нақ өзіндей ғып шығара алуға тиіс. Міржақып бұл «Айтысты» заказбен аудармай, өз тілегімен аударған. Өз тілегімен жат тілден өлеңді өз тілегіне, мақсатына үйлескен күнде ғана аударатындығын біз жоғарыда айтқанбыз. Оны бұл арада қайталаудың қажеті жоқ.

Жиһангерлердің қатерлілігін Міржақып «Шағым» деген өлеңінде де:

«Қаптап тұр күнбатыстың кара бұлты  
Адасып, сәуле көрмей қазақ жұрты».

деп, жанап өтеді. Міржақыптың жиһангершілікті түсіну реті осындай-ақ. Бұдан тереңдетіп тексеруге ол кіріспеген. Жиһангершіліктің күншығысқа шабуыл, отаршылық аузын ашуын толық ұқпаған. Жалпы



Европа жиһангерлер екпінінің Міржақыпқа ұшқыны ғана көрініп, ол жиһангерді аузына алғанда, өз көз алдындағы орысшылдарынан аса алмаған.

**2. Қажу, горығу.** «Азаматта» Міржақыптың қажыған, торыққан, уайымға кірген, кейде үмітсіздікке түскен өлеңдері бар. Бұлары: «Мұн», «Шағым», «Қажыған көңіл», «Қайтер едің», тағы сондай өлеңдерінде ашық көрінеді. Бұған толық екі себеп болуы мүмкін.

*Біреуі* – Міржақыптың 1911 жылы Семейде абақтыға түсуі. *Екіншісі* – патша үкіметінің төңкеріс атаулыға қарсылық күшінің молаюы, тізгінді қысып ұстауы.

Шынында патша үкіметі, 1905 жылы төңкерістен қорқып, мемлекет думасын ашуға рұқсат бергенімен артынан жер мәселесі үлкен кеңес боп бара жатқан соң қорқып, думаны таратқан ғой (1906 жылы 7 июльде). Осыдан келіп үкіметтің 17 октябрде шығарған (1905 жыл) «Бостандық» деген сөзінің арты сұйылды. 1914 жылы болатын Еуропа жиһангерлерінің соғысына неғұрлым жақындаған сайын, соғұрлым, жиһангерлердің жиһангерлік араны молырақ ашылды, отарға көзі көбірек қызарды. Патша үкіметі орыс арасында бостандық деген сөзді қалай қысып ұстаса, отар елдерінің бостандығы деген сөзін одан жаман қысты. Міржақып Семей абақтысына «Оян, қазақты!» жазам деп түсті.

«Оян, қазақ!» кезінде қызу қанмен шығып, «Бакытсыз Жамалды» жазып, енді «Азаматты» баспаға даярлап жүргенде, патша үкіметінен қуғын көріп, таяқ жеген соң, бұрынғы қарқыннан қайтып,

«Жүректен қашан шығар қадалған оқ,  
Күйдірген жанды нақак сөнер ме шок,  
Жасыған қам көңілді бір көтерер,  
Жанымда жаны ашитын бір адам жок»

деді.

«Сай орнына душар болды терең жар.  
Мезгіл жетпей шығу қиын, өте тар,  
Достың саны нөлге айналып азайды,  
Бой балқытып кімді ерітер ашы зар»

деді.

«Үмітпен созған қолыңды тағдыр қақса,  
Біліп өткен ізіңнен зор мін тапса.  
Оң дегенің теріске және кетіп,  
Арбан сынып, өгізін өліп жатса,  
Тіршіліктен көңілің нағып қайтпас,  
Еңбегің еккен егіндей болса, тасқа.  
Қайтер едің жігітім сырынды айтшы,  
Бақытыңа кез келсе мұндай қаста»,

деді. Мұның бәрі, әрине, қажығандықты көрсететін өлеңдер. Шынында,



Міржақыпты осындай қажытарлық жағдай бар ма еді. Бізше, жоқ ұйткені патша үкіметінің қысымшылығы қажытатын жағдай емес. Себебі, Міржақыпты патша үкіметіне ешкім зорлап қарсы шығарған жоқ. Ол өз ықтиярымен, туып келе жатқан қазақ капиталистерінің нұсқауымен тіленіп шықты. Күреске шыққанда патша үкіметінен таяқ жейтінін ол білді. Сол таяққа шыдаймын деп патшаға қарсы болған. Сондықтан патшаның қысымы оған қажытатын құрал емес, ашындыратын, қайраттандыратын құрал болуы керек еді. Ол оны істей алмады. Жаңа өркендеп келе жатқан Қазақтың жас байлар табынан шығып, жастығын қажырсыздығын көрсетті. Оның

«Достың саны нөлге айналып азайды»

деуікәте. «Оян, қазақ!» кезінен «Азамат» кезінде қазақтың ұлтшылдарының саны көбейді. Ұлт туын көтергендер қазақтың қай түкпірінен болса да шыға бастайды. Жалпы көпшіліктің боксесі салмақты болғанмен, оқығандар түгел болмағанмен, көпшілік боп ұлт ұранын шақырды. Жыл санап ұлтшылдардың қатары өсті, «Оян, қазаққа!» қосылып, жас ұлтшыл ақындардың қаламдарынан талай «Оян, қазақтар!» шықты. Осыларды көрмей, дос саны «нөлге айналды» деу, күрескіш, табанды ұлтшылдың ісі емес.

Бірақ бұл қажуды Міржақып тез тоқтады да, қайтадан жігерге мінеді; үміті қайта күшейді, оған:

«Етемін үміт жастардан,  
Жаңа гүл шашқан бақшадай,  
Мұратын оңай кім табар,  
Жар салып жұртқа қақсамай,  
Халыққа жастар басшы бол,  
Қараңғыда жетектеп.  
Терең сайдан өтер ме,  
Мың қойды серке бастамай»,

деген өлені күә. Одан кейін Міржақып:

«Бала бермей жазған қазақ жасқаншақ  
Күнің жетті мұңынды шағып зарлауға,  
Ақсақалдар көсемдік қыл ел бастап,  
Ер артынан ер азамат арланба».  
«Шаш өсірген, орыста оқып жас жандар,  
Қолды көрсет адасқанға, панданба,  
Жұрт лайдасы, деген тартынбай  
Дәулетіңмен жәрдем тигіз байлар да.  
Шариғат сағып, мал жинаған салынбай,  
Ағартып жұртты молдекелер қамдан да»

дейді. Азаматтың аяғы осымен бітеді. Бұдан кейін Махамбет туралы жазған бір өлеңі бар. Оны талдаудың қажетті жоқ. «Азаматты» бітіргенде біздің айтарымыз, бұнда Міржақып одан бұрынғы өлеңдерінен, пікір

жағынан үлкен жаңалық жасаған жоқ. Бірақ ақындық жағынан көп ілгері басқандығын көрсетті. «Азаматты» аяқтар кезіндегі жаңағы мысалға алған өлеңде, Міржақыптың қай тапқа сүйенген ақын екендігі айқын көрінеді. Ол қазақ елін бастауға тізгінін елдегі ақсақал, бай, мырза, молда, оқығандарға ұсынды. Елдегі еңбекші қара шаруа туралы бір ауыз да сөз айтқан жоқ. «**Азаматтын**» «**Оян, қазақтан!**» бір өзгешелігі Міржақыптың сүйенген табын жақтауы. «Оян, қазақта!» ол жалпы «қазағымды» көп айтса, «Азаматта» қазақтың байлары мен ақсақалдарына ғана арқасын тіреп, жәрдемді солардан ғана сұрап отыр.

### Терме

«**Азаматтан**» кейін Міржақыптың «**Терме**» деген кітабы шықты. Бірақ бұл қысқартылып, өзге атпен шыққан «Оян, қазақ!». Одан басқа өзгергені жоқ. «Азаматтан» кейін Февраль төңкерісінен кейін Міржақыптың не жазған дерегі біздің қолда да жоқ. Және көргеміз де жоқ. Бұл кездерде ол аздап оқу құралдарын жазып жүрді. «I, II жылдық есеп құралы», «II жылдық оқу құралы» деген оқу кітаптарын Міржақып шығарды. Бұл кітаптар, әрине, Міржақыптың басынан шыққан құралдар емес, құралған заттардан жасалғандар. Сондықтан оларға тоқтауды қажет көрмедік.

### Төңкерістен кейін:

«Зеңбіректің дауысы күрілдегенде, көркемдік сезім тына қалады» деген орыстың мақалы бар. Февраль төңкерісі туып, қазақтың байлары «Алашорда» атты партия жасағаннан кейін, Міржақыптар сол партияның басына отырып, әлеумет ісін басқаруға жауапты болғаннан кейін Міржақып ақындық жағын екінші дәрежедегі міндеті ғып ұстап, күшінің көпшілігін әлеумет ісіне жұмсады. Мүмкін, Міржақыптың көп өлең жазуы. Бірақ олары баспаға шыққан да жоқ, біз көргеніміз де жоқ.

Біздің қолымызда патша тақтан құлап, Февраль туғаннан кейін Міржақып аузынан шыққан азынаулақ өлеңдер бар, соларға тексеру жасаймыз да, сөзімізді доғарамыз.

Міржақыптың біздің қолымызда бар бір өлеңі «**Жана тілек**» деген өлең. Мұны Міржақып 1917 жылы не январь айына, не 1917 жылдың қазақша наурыз айына арнауы керек. Бұл өлең «Қазақта» басылған. Бірақ бізде ол саны жоқ.

«Жана жылда жаңа тілек тілейік,  
Ескі жылды ескере де жүрейік.  
Кеп жүрмесін қайта айналып түнеріп,  
Көзің жасты, көңілің қаяу алашым.  
Жұрт болудың ойланайық амалын.  
Қамсыз жатар емес енді заманын.  
Надандықтың киратайық қамалын,  
Мақсатына ұмтыл таяу алашым».



Міржақып Февраль төңкерісіп осылай қарсы алды. «Алашқа» «ескі күнің қайта айналып кеп жүрмесін. Мақсатың жақып. Оған жеткенше сақ бол» деді. «Ескі күн қайта келмесін» дегенде, Міржақып патша үкіметінің қайта тағына отырмайтынын жақсы біледі. «Ескі күн дегені қазақ елінің құлдықта болған күні ғой. Сол «ескі күннің» қайта айналып келуінен елді сақтандырғанда Міржақыптың көзіне көрініп тұрған үлкен жау кім екенінс келейік. Әрине, ол жау Міржақыпқа жиһангершіліктің қол шоқпары болған, орыстың Колчак, Дутов, Анненков сықылды жанаралдары емес. Себебі, олармен Алашорда, оның басқарушысының біреуі Міржақып дос болып, бірге ту көтерген. «Алашордаға» Колчак құрметті ақсақал боп сайланған. Міржақыптың «Жаңа тілектегі» түнеріп тұрған жауы пурлтариат, оның көссмі бәлшебек. Міржақыпқа бәлшебек Колчакты құлатса, қазақтың басына қара күн қайта туады.

Жалпы, «Алашорда», оның ішінде Міржақып, бұл қазақты «сақтандырумсың» ғана қоймаған, сақтық істеудің қамына кірісіп, қазақтың байлары, бектері, молдаларының жәрдемсімен елден «мелесия» жинады. Бұл мелесия бәлшебек орнының алдына қарсы қойған Алашорданың қорғандары еді. Февральдан кейін көп кешікпей октябрь төңкерісі басталып, азамат соғысы басталғаннан кейін Міржақып «алашорданың» күнбатыс бетіндегі әскерін басқарып, жанарал Дутовқа қосылып, бәлшебекпен соғысуға майданға шықты. Күнбатыс алаш әскерінің командирі жанарал Дашкин болса, саяси бастығы және соғыс соғының бастығы Міржақып болды. Міржақып майданға аттана «**Кер заман**» деген өлең жазды.

«**Кер заманда**» Міржақыптың нені жырлайтынын майданға кімді шақырып, кімді ұрандайтынын бір өлеңінен көрейік.

«Кез болған соң кер заман біздің баққа,  
Жау жарағын асынып, міндік атқа,  
Ел бастайтын ерлерге бұл бір зор сын.  
Жаңа талап жас ұлан қарап жатпа!  
Азаматы алаштың,  
Аттанатын күн туды.  
Тұлпар мініп, ту ұстап,  
Баптанатын күн туды»...

«Кер заман» Міржақыпқа болса-болмаса да азамат соғысы ғой. Осы азамат соғысына бел буып, бәлшебекке қарсы майданға шыққанда, ол жоғарғыдай қызумен шықты.

Міржақып майданға шақыратын, жәрдем сұрайтын достары мыналар:

«Ел бастайтын қайдасың көсемдерім,  
Сөз бастайтын қайдасың шешендерім, ...  
Бай, қайдасың, ортаға малыңды сал.  
Азды-көпті аямай барыңды сал.  
Жаны тәтті жақсылар, қайдасыңдар,



Мұсылманшын жолына жаныңды сал.  
Көп қайғырма аға, іні, жас пенен қарт  
Мұндай заман түскен соң басына қарт.  
Қаналамба ғашық жар біз кеткен соң,  
«Батанды бер қария, қолыңды жай.  
Жолымызды ондасын жаппар құдай.  
Жаудың бетін қайтарып, аман қайтсақ,  
Дос сүйініп, қас дұшпан қалсын жылай».

Қазіргі саны өсіп, тапшылық міндетін таныған бай, құлақтың тап жауы екенін білген қазақ еңбекшілеріне бұл осындай түсіндіріп жатудың қажеттігі жоқ. Міржақып майданға аттанғанда, ұрандап елдегі: ақсақал, бай, молдаларды шақырып отыр. Қазақтың батырақ, кедей, орташа, жұмыскерлерін аузына алмай отыр. Оны алмайтын реті де бар. Үйткені Міржақыптардың «Қазақшылдығы» Февральдан кейін бітіп, Февраль төңкерісінен кейін олар ашық түрде байға арқа тірсен ғой. Алашорда сол байлардың ғана партиясы болған ғой. Міржақыптарша, қазақтың еңбекші бұқарасында жарты тиындық маңыз жоқ. Қазақ елінің барлық тағдыры бай мен ақсақал, молда, үшеуінің қолында ғана. «Алашорда» байға ғана сенеді. Еңбекші бұқараға сенбеді. Оларды ел көрді. Сондықтан майданына да еңбекші бұқараны атап шақырмайды.

«Кер заманнан» кейін Міржақып «алашорда» құлап, қазақ даласына кенес үкіметі орнағанша не жазған дерегі бізде жоқ. Бізше, Міржақыптың азамат соғысы кезіндегі пурлтариат үстемдігіне қарсы болғандығына осы екі осың де куә бола алады.

Міржақып азамат соғысы кезінде «Қазақ», «Сары арқа», «Жас азамат», «Бірлік туы» сықылды бәлшебекке қарсы шыққан «Алашорда» газеттеріне төңкеріске қарсы көп мақала жазды. Оларды бұл арада келтіруді қажет таппадық.

Октябрь төңкерісінен кейін, Міржақып басқа сөздер манайын, әсіресе, «Ақжол» газетінің манайын сағалап жүрді. 1920-1921 жылдары «Ақжолды» басқарып та отырады.

Бұл кездерде, ол мақала жазу жөнінен өзінің төңкеріске қарсы пікірін ашығырақ жазды да, өлең ретінде, қанша айтқанмен жасқаншақтық қылды. Мағжан, Мұхтар, Жүсіпбек сықылды аяқты төңкеріске қарсы еркін көсіле алмады. Әйткенмен, жартылап, астарлап бұл пікірін өткізіп жүрді. Бұл кездегі өлеңдерінен біздің қолымызға түскендері мыналар:

«Қайда едің», Міржақып бұл өлеңінде:

«Кешегі қара күндерде,  
Жұлдызсыз, айсыз түндерде,  
Жол таба алмай, сенделіп  
Адасып алаш жүргенде  
Бүгінгі көп көсемдер,  
Сұраймын, сонда қайда едің?»



Енді бүгін кім жаман?  
Данышпан емес, кім надан?  
Қамқор емес, кім жауыз?  
Жомарт емес, кім сараң?  
Көсем емес, кім жалтақ?  
Шешен емес жоқ адам,  
Бәрі білгіш, бәрі ер.  
Жеткізді алла тағалам»

дейді. Мұнда Міржақып кеңес үкіметін белсенс мақтап жүрген қазақ азаматтарын, әсіресе, комунистерін «кеше отаршыл үкімет қазақ баласын сорғанда қайда сдің, бүгін неге шешенсисін» деп сөгеді. Өзін көрмегенге кінәлайды. «Билікті бізден алып кеттіңдер, мен сендерге кеше қамқор едім» дегендей қылады.

Кеңес жұртшылығына араласып жүрген көптің бірі өзіміз болғандықтан, біз Міржақыпқа мынадай кінә артамыз: «Міржақып! Сіз отаршыл үкіметке қарсы тұрдыңыз. Қуғын да көрдіңіз. Оныңызды бағалаймыз. Бірақ сіз, капитал табы мен пурлтариат қанды майданға шыққан уақытта, сіз кешегі дүспан деп отырған капиталистермен ауыз жаласып, бәлшебекке қарсы шықтыңыз. Соғыстыңыз. Бәлшебектің бұрынғы отар болған ұлтқа мейірімі Колчактан анағұрлым артық еді. Езілген ұлттың теңесуі пурлтариат үстемдігі арқылы ғана іске асатындығын сіз білетін едіңіз. Соны біле тұра, неге пурлтариат үстемдігіне қарсы шықтыңыз? Пурлтариат үстемдігі мен қазақ еңбекші бұқарасының теңдігі байланысты нәрсе. Сіз қазақтың көпшілігі болған еңбекшілерді тастап, аз ғана бай мен бектеріне арқа сүйеп кеттіңіз ғой. Егер де сіз, февральдан кейін қазақтың көпшілігі еңбекші бұқараның сойылын соғып, бәлшебекке біріккеніз, біз сізді төбемізге көтерер едік. Сіз оны істемедіңіз, сікі тап тартысқанда байлар жағына шығып кеттіңіз. Сондықтан біз, сіздей тап жауын қалай ардақтайық?»

«Қайтер ем?» деген өлеңінде, Міржақып:

«Сұлы мен сүтке семірген,  
Сулығын шайнап кемірген.  
Шапқан сайын елірген,  
Наз бедеу болса мінгснім.  
Әлідей болсам жүректі.  
Қайратты жуан білекті,  
Алғандай күшпен тілекті,  
Дулыға сауыт кигенім.  
Оқ өзіме отпейтін,  
Зәредей зиян етпейтін,  
Өз оғым босқа кетпейтін,  
Болса, дариға, күндерім!  
Осы айтқандай болсам нақ.



Құлданған бізді қандай тап,  
Қайдасың деп айғай сап,  
Өшірер едім үндерін,  
Көкке ұшырып күлдерін»

дейді. Бұл, әрине, оның туы құлағаннан кейінгі қиялы ғой. Оны тексерудің қажеті жоқ. Үстемдіктен айрылған тап осылай бармағын шайнамағанда қайтеді.

«Балқия» дейтін Міржақыптың бір пьесесі және әйелдер туралы жазған бірнеше өлені шықты. Бұлардың бәрінде де әйел теңдігі айтылады. Бірақ байлар мағынасында, «Бақытсыз Жамал» мағынасында айтылады. Олардан пікір жағынан, Міржақыптың бұрынғы әйел туралы жазғаннан айырмашылық жоқ. Сондықтан біз, Міржақып туралы сөзімізді оның «Бүркіт кегі» деген поэмасы туралы аз ғана пікір айтып, доғарамыз.

Міржақыптың бұл поэмасы 1923 жылы шығатын «Шолпан» журналының 6, 7, 8-сандарында басылды. Поэма жұмбақпен жазылған: Есет дейтін бір аңшы бір башқұрттан бүркіттің балапанын сатып ап асырайды. Балапан өсіп, бүркіт болады. Керемет алғыр болады. Осы бүркітін төре сұраса Есет бермейді. Төре оған кектенеді. Бір күні Есет анда жүргенде төре Есетті өлтіреді. Иесінің өлгенін көрген бүркіт төрені өлтіреді де, жүрегін суырып жеп, кегін тарқатып, шырқап аспанға бірақ тартады.

Өлең мейлінше жұмбақ тілмен жазылған. Жазушы ішкі пікірін білдірмеуге тырысқан. Шынында білу де қиын. Әйткенмен жазған жазуында, бірдемені айтуға тырыспайтын, айтпайтын адам жоқ. Қай ақын болса да шығармасында бірдемені айтқан.

Бірақ осы айтудың айтуы бар. Табы өркендеп тұрған ақын айтатынын жұмбақтап айтады да, табы үстемдіктен айрылған ақын үстем таптан жасқанып, шығармасының ішкі мазмұнындағы үстем боп тұрған тапқа қарсы пікірін білдірмеуге тырысып, сөзінің сыртын перделей береді. Ішкі пікірін астардан-астарға тығып, көз тез шалмайтын қылады. Әйтпесе, шығармасында пікір айтпайтын ақын жоқ. Міржақып мына поэмасында солай істеген.

Біз бұл арада поэманың кімге арналғанын айтып, орынсыз сәуегейлік істемейміз. Жалғыз-ақ айтарымыз: Міржақып сықылды, астарлы пікірге жасырын кірген адамға, сол пікірін жасырын сақтататын қыран бүркіт сықылды сенімді дос керек. Ол дос өліп бара жатса да достығын ұмытпау керек. Екі талай жерде өз жағын құрбан қып, дос үшін отқа түсуі керек. Бұл сықылды дос Міржақыпқа барлық дүниеден қымбат. Төреге баруға арналып, тамақтың құлы болмай, өлген досының достығын ақтап, дұшпаннан кек алып, аспанға бірақ шырқаған бүркіт Міржақыптың ең қымбат заты. Бізше, Міржақып өзінің саяси достарына «болсаң, бүркіттей бол, тамаққа сатылма. Дос жолында басыңды бер» деп отыр.





### III. ҚАРАШҰЛЫ ОМАР

#### ӨМІРІ

Омардың өмір тарихын білетін адамнан біздің қолымызға түскен, онымен елдес Қалел Есенбайұлы деген жолдас: ол жолдаспен сөйлескенде, Омардың жалпы өмір желісін білгенмен, басынан кешірген күндерінің мезгілдерін, әсіресе, туған жылын анықтап айта алмады. Сондықтан Омардың өмір тарихын біз бұл жазып отырған ақындарымыздың ішіндегі ең аз мәліметтісі деп санаймыз. Қалел айтқан мәлімет былай:

Омар, шамасы, 1876 жылдары туған. Туған жері бұрынғы Бөкей ордасы, Тал окпе кесімі (кесім қазақша бөлім деген сөз. Бұрынғы кіші жүздің ел билеу жөнінде өзге Қазақстаннан өзгешелігі болған ғой. Сол өзгешелік бойынша, Бөкей ордасы төңкеріске шейін 7 кесімге ауданға бөлінген. Әр бір кесімде бірнеше болыс, әр болыста бірнеше ауылнай болатын болған. Кесім дегені осы), бірінші болыс. Қырық құдық деген жерде. Руы қазақ емес. Бөкей ордасында баяғы он сан ноғай дейтін елден біраз ноғайлар қалған. Ол ноғайлар қазіргі татар емес, одан басқа түріктің бір бұғағы. Қазір ол ноғайлар ноғайлық салтын жойып, қазақ боп кеткен. Осы күні олар өздерін ноғай қазақ деп атайды. Омар осы ноғайлы руынан. Омардың әкесі Қараш момын шаруа адам болса керек, бірақ аталары, ауылы ноғайлының ішінде беделді, белді ата дейді. Омардың әкесі жасында өледі. Бір әкеден Сыдық, Құспан, Омар деген үш ағайынды жігіт қалады.

Бөкей елінің ішінде, беріш дейтін руда Құмар қалпе Жазықұлы дейтін ескіше оқымысты бір адам болады. Омар осы Құмар қалпеден сауатын ашып, оқу оқиды. Бұл молладан сауаты ашылғаннан кейін, қазақ қаласының маңында Қашқар дейтін татар поселкесінде медресе ашқан Ысмағұл деген татардың молдасынан барып оқиды. Бұл молда сол кездегі кадымшілердің ішіндегі Смағұл Қашқари атанған атақты молданың біреуі болады.

Смағұлдан біраз оқыған соң, Омар бұрынғы Орал облысы, Жалпақтал (слами хин) деген қалада медресе ашқан Ғұбайдулла Ғаликеев деген атакты Ишанның шәкірті, әрі мүриті болады. Ишан Омарға біраздан кейін ершәт (диплом есебінде) қағаз беріп, ишандық құруға рұқсат береді. Содан кейін, Омар ауылына келіп, мешіт салдырып, ишандық құрады. Бөкей ордасы ол кезде Уфа қаласындағы духовный собранияға бағынады



екен (дін жөнінен). Омар ел атынан духовный собранияға указной молда боп сайланып, имам катип (әрі оқытушы, әрі үгітші молда деген сөз) боп белгіленеді. Осы қалыппен 1905 жылға шейін келеді.

1905 жылдары Омардың пікіріне үлкен өзгеріс туады. Бұл өзгеріске себеп, 1905 жылы болатын төңкеріс. Бұл төңкерістен Омар хабардар болады. Өйткені ишан болғанмен Омар құлшылықтан басқаны білмейтін ишан болмайды. Ол араптың, түріктің газет-журналдарын оқумен қатар, татар тілінде шығатын «Уақыт», «Таржыман» сықылды газеттерді оқиды, 1905 жылдың ұрандарына ол осы газеттер арқылы түсінеді. Бұл бір.

*Екінші*, Омар «Өрнек» деген кітабында, өзіне ишандық жолының қателігін түсіндірген бір адамға алғыс айтады. Осы адамы Қалелдің айтуында, кәдімгі атақты Жәңгерей Бөкейұлы болады. Бөкейұлы Бөкей ханның барлық немерелері сықылды Саратовтағы кадетский корпусы бітірген, ғылымнан хабары мол адам екен. Сол кісі Омарды ғылым жолына түсіруге үлкен көмектеседі.

Осындай өзгерістерге жолыққан Омар, ең алдымен, мешітінің қасынан орысша школ ашады. Мұсылманша оқуды жәдит жолына түсіреді. Мешітте сөйлейтін уағыздарын казак тілімен сөйлеп, уағыздың өзін ұлтшылдыққа айналдырып жібереді. «Ассалату уассаланын» орнына қазақтың отардағы үйден босануын, білімге ұмтылуын сөйлей бастайды. Сонымен елдегі ишан молдалар оны жек көре бастайды. Осы кезден бастап Омар көркем әдебиетпен айналысады. Ең алғаш татар баспасөздеріне жазып жүреді де, артынан «Қарлығаш» дейтін өлеңдер жинағын шығарып, одан кейін: «Өрнек», «Бада тұлпар», «Аға тұлпар», «Тумыш» деген кітаптар шығарады. «Шайыр», «Көксілдер» деген халық әдебиет жинағын бастырады. Бірнеше пәлсафа мақалалар жазады. Осы бағытпен ол төңкеріске шейін келеді.

Төңкеріс артынан елі оны Уфадағы муфтиге кази ғып сайлайды. Сол қазылықпен жүріп ол 1917 жылы Орынборда ашылатын алашорданың съезіне кеп, алашорданың үкімет молдасының біреуі болады. Осы кезде бір жағынан «Қазак» газетіне, бір жағынан Бөкей ордасында шығатын «Ұран» газетіне жазып жүреді. «Тұрымтай» атты төңкеріске қарсы өлеңдер жинағын шығарды.

1918 жылдың басынан Бөкейде кеңес үкіметі орнай бастайды. Бұл кезде Омар біраз еліне барып жатады да, 1918 жылдың сентябрінде кеңес ісіне араласады. «Ұранның» орнына шыққан «Дұрыстық жолы» дейтін газет пен «Мұғалім» деген журналдың коллегиясында қызмет істейді. Соларда бірнеше өлең, әңгімелер жазады.

1919 жылдың ішінде торыққандығы ма, басқа себебі бар ма, қаладан кетеді де, еліне барады. Қалелдің айтуынша, Омар өз елінде Нұрғали дейтін бір атақты байдың көп тоқалының біреуі Жаманқыз деген адамға



ғашық болады. Елге кеткен бас себебі осы еді дейді. Әрине, ол бас себеп емес қой. Негізінде онда қажығандық, наразылық болған.

1919 жылы ол коммунист партиясына кірген. Елге кеткенде коммунист екен. Сонымен жұмысқа тиіп-қашып істеп жүргенде 1921 жылы жазғытұрым Малайөзен деген қаладан шыққан бандылар Омарды үйінде қылышпен шапқылап өлтіріп кеткен. Омардың бізде бар мәліметі осы. Енді еңбектеріне көшейік.

### «Өрнекке» шейін

Омар да жазу әлемінен Ахмет, Міржақыптармен шендес, араласқан ақын. Бірақ біздің қолымызға оның әдебиет әлеміне ең алғаш араласа бастаған кезінде жазған жазулары ғана түсті. Әсіресе «Қарлығаш» пен «Тұрмысы» табылмады. Оның алғаш жазғанының түрі соларда еді. Біздің қолымызға оның бастапқы жазғанынан бар материал, Омардың өз қолынан өткен «Шайыр» дейтін көркем әдебиет жинағында басылған өлеңдері мен Төлегенұлы Ыбырайым деген Омармен елдес бір мұғалімнің жіберген өлеңдері.

Бұл өлеңдерге қарағанда, Омар да өз тұстастары айтатын:

«Ай алла, бұл қазаққа не қал болды-ау,  
Аңғарып, айырмайды оң мен солды-ау.  
Қас болып бір-біріне ағайын, жұрт,  
«Тәйт» десе даяр тұрады күш пен қолдау.  
Залымдық жаһан жүзін қаптап кетті,  
Күнелту момын жанға қиын болды-ау.  
Шаруа мал бағуды еш білмейді,  
Болар ма мұнан артық тағы да оңбау»

деген сөздер болады. Бұл арада «Күн көру момын жанға қиын болды-ау» дегенде, ауылдағы кедейлердің байдан көрген зорлығын айтып отырған жоқ, орыс елінің қазақты отарлауын, қазақтың отар қалын айтып отыр.

Омардың ол кезде қазаққа айтатын ақылының ең үлкені:

«Ашылар өнер білсең, жолын қазақ,  
Оң менен айыарсың солын қазақ.  
Білмесең өнер-ғылым етіп жігер,  
Тұрмайды бір тиынға бұлың қазақ.  
Оқытсаң ұлың, қызың бірдей күтіп,  
Ұсынған жерге жетер қолын, қазақ.  
Бұл заман білген жандардың заманы,  
Қайнайды білмей қалсан сорың қазақ»

деген сияқты мәдениетке шақыру. Одан кейін:

«Ата-ана бізден бұрын жайлаған көл,  
Қаптатып төрт түлікті айдаған көл.

Жібектей жал құйрығын тігіп алып,  
Құлын, тай жағасында ойнаған көл.  
Қанатты ақ боз орда ауыл қонып,  
Нар, бота желісіне байлаған көл  
Пырылдап тереңінен жылқы жүзіп.  
Суынан ішіп тұнық бойлаған көл  
деп, жерін мақтай кеп, аяғында:  
«Алыстан аңсап келіп өрді көрдім,  
Кір жуып, кіндік кескен жерді көрдім.  
Ерте, кеш төнірекке көз салдырған,  
Елдегі жатқан жонайт белді көрдім.  
Кешегі кен айдынды шалқыма көл,  
Суы жоқ жалғыз қасық шөлді көрдім.  
Қай күні жау жағадан алады деп,  
Уайым жеп, түсі қашқан өнді көрдім.  
Көз көрер құлағыңның естігенін  
Деуші еді, мен тап соны енді көрдім»

деп бітіреді.

Мұнда, әрине, бұрынғы көлдің суы суалып қалды деген мағынада айтылып отырған жоқ, бұрынғы көл, отарланған орыс еліне кеткен соң, Омарға ол суалған боп отыр. Жағадан алатын жау да, Омарға орыс халқы. Осындай отаршылдыққа ызаланған Омардың ұлтшыл жүрегі оған мынадай ызалы ойлар ойлатады:

«Тіршілік дәмін тапсам тағар едім,  
Тұздықтап тұрмысыма қатар едім.  
Тұзсыз ас, түпсіз тұрмыс бұл екеуін,  
Апарып Аштарханға сатар едім.  
Ұлтшыл мен міншілдерге әлім жетсе,  
Жаңыштап, жаһаннамға атар едім.  
Өсекші, кесекшіні қолдан келсе,  
Құшақтап жер астына матар едім.  
Жаһанда екі аяқты аңдар бітсе,  
Тыныштап сонда ғана жатар едім».

«Өрнекке» шейінгі Омардың өлеңінің көпшілігі осындай, қазақты білімге үндеу мен жер жағынан кемдігін айту, бірақ бұл мәселелерді ол кезде тереңдетіп айта алған жоқ.

## Өрнек

Басы Міржақыптан бастап, қазақтың жәдитшілдері негізгі темаларының біреуі қып ескі дінмен (кадыммен) күресуді алды. Омар өзінің әдебиет майданына алғашқы кірген кезінде ұлтшылдардың



мәдениет, жер сықылды мәселелерін бірге ұрандасқанмен дін жағына ол тиген жоқ.

1911 жылы Уфа қаласында Омардың «Өрнек» атты кітабы басылып шықты. Бұл кітапты Омар дін мәселесіне арнап ара тілмен жазды. Омардың дін ретіндегі жаңалық бағыты осы кітаптан кейін ашылды. Сонымен қатар, «Өрнектің» ол кездегі ұлтшылдарға әлеуметтік бағасы зор кітап болды. Сондықтан біз «Өрнекке» толығырақ тоқталамыз.

«Өрнектің» басы егтыяғадпен басталады. Бұның қазақшасы адам әр бір істеген ісіне көзі жетіп істеу.

Омар былай дейді:

«Әммә һеш уақытта ойлай көрмеңіз» бұл құран шарипте һәр орында мақтаған иман, қазіргі заманымыздағы көп кісілердің түсінісуіне, құр ауызбен ғылымда әсері жоқ – «аманту белләһи, уамалайкәтийһил, уакутибиһилды оқу» деп құран шәріп назарында: қамалға ұйытқы бола алмайтын егтыяқаттың тозаң құрлы қадыр, құрметі жоқ. Асылда ол иманда емес.

Омарша құдайды, құранды, періштені, пайғамбарды таныған, соларға иман келтірген (сенген) адам, біреудің айтуымен емес, өз ақылымен тануы керек. Түсінбей оқыған «кәлимәтін тәйбәтіннан» түк пайда жоқ. Олай болса, түсінбей ораза ұстап, намаз оқудан да пайда жоқ. Бұл сөзден Омардың айтайын деп отырғаны «түсінбесең тәңіріні таныма. Ол саған міндет емес» деу емес. «Тәңіріні біреудің аузынан емес, өз аузыннан таны, өз көңіліңмен ұйы» деу. Бар адамды тәңірге жақындату.

Бұл пікірін Омар «Езгі ғамал» деген бөлімінде ашығырақ айтады:

«Осындай тәңірге (тағала) деп істеген екі рәкәғат намаз үшін Мәңгілік сауап күту, тәмиғ ету – ғибадаттың рухын жоятын бір әдепсіздік. Оның үшін ғаламда сауап, азап атты нәрсе болмаған күнде де бәндә (пенде – С.М.) тәңірісін әр уақыт есіне түсіріп, ол білімді қожасына құлдық көрсетіп кәмел сынықтықпен бойұсынуға (саждаға баруға) борышты»...

«Оның үшін жалданып іс еткен жалшы үкімінде болады. Жалшыда нендей ықылас, нендей сынықтық болмақ керек. Міне, соның үшін, адам жақсылықты сауап үшін, атақ үшін яки, басқа бір ғарыйза (қарыз) үшін істеу керек емес. Бәлки, тек жақсылық болғандығы үшін, һәм жақсы ғамалды істен, тәңіріне ғибадат ету пендеге міндет болғаны үшін істеу керек (6-бет).

Омардың «Ықтияһатының» арты тәңіріні шын ықыласпен кішілік ету, бойұсынуға соғып отыр. Тәңіріні пендесіне осылай танытып алған Омар, ораза мен намаз сықылды істерді, адамға «ол тәңіріні ұлықтау ретіндегі борышын» десе, одан кейін пенденің өзіне арнаулы істері туралы былай дейді:

«Алланың жолы деген сол: ол құдіреті күшті алла (тағала) өз хукіметімен біздің бұл ғаламды себеп ғаламы ғып жаратқан. Әр нәрсенің



бір себебі бар. Мәселен: екпей егін шықпайды, кәсіп, қараңғы етпей резик (тамақ – С.М.) болмайды, мал жиылмайды, өнер-ғылымсыз қарекет, кәсіп қолдан келмейді.

«Енді адамдар әр ісінде алланың көрсеткен жолымен жүрмесе, яғни, себебіне кіріспесе, ыждаһат етпесе, ғылым, өнер үйреніп орнына қолданбаса, ол аллаға иман келтіріп, оның әміріне бой ұсыну боп табылмайды» (7-бет).

Бұл сөзден шығып отырған мағына: адамның істейтін бес парызы (ораза, намаз, зекет, қажы, иман) адамның тән тіршілігіне керекті істер емес: ол істер, жаратқандығы үшін, тәңріге адамның құлдық етуі. Оған не сый беретінін тәңірі өзі біледі. Пенде одан сый күтсе әдепсіздік істейді.

Пенденің өз басына пайдалы ғып, тәңрінің артқан міндет кәсіп қылу, өнер-ғылым қуу, осы бөлімнің аяғын Омар былай деп бітіреді:

«Ғымуман (жалпы алғанда – С.М.) бүтін мұсылман, қусусан (жалпылап алғанда – С.М.) біздің қазақ халқындағы бақ дәулетінің кетуі осы жолсыз жүру, һәм жалқаулық, бекерліктің жазасы. Жалқаулық, бекерліктің не дәрежеде қайырсыз екенін бұ төмендегі баппен ашық айтармыз» (8-бет).

Міне, аллаға сену, алланың жолын қуу ретіндегі Омардың пікірі қайдап кеп шыққандығы. Ол дінді ұлтшылдықтың құралы ғыл отыр. Қазақ халқына: «сен тәңрінің жолын қумадың. Өнер-білімге таппынбадың, сол себепті орыстың отарына кіріп, елдіктен айрылдың, істеген бұйрығын істемей, тәңріге күпәлі болдың» дегенді аңғартып отыр. Бұның аты дінді ұлтшылдыққа құрал қылғандық емей немене.

Лениннің «байлар (буржуазия) дінді кара халыққа жақындатады. Жақындатқанда байлардың тілегін сіндіру үшін жақындатады» дегенін Омардың мына сөздері ақтайды. Өйткені ұлтшылдықтың өзі бай тілегі, бай ұраны екенін біз жоғарыда көрдік. Дінді ұлтшылдыққа құрал қылса, оның арты байдың құралы болғандық.

Омар бұдан былай қарай «**Өрнекте**» қарекет істеудің қазаққа жолдарын көрсетеді. Олары:

## 1. Жарысу

«Надандықтың басты залалдарының біреуі – замандас халықтардан кейін қалу болады... Қазіргі заманда бүтін дүние бір базар хукіміне кірді. Дүниенің бір шетіндегі адам, екінші бір шетіндегі адамға, бір дастархан басында отырғандай сөйлесіп, алыс-беріс мұғамала жасайды. Алыс жолға аз уақытта барып келеді... Бір майданда мұғамала еткен адамдар билік, өнері бәрі бір дәрежеде болмаса, анау білгендерге білімсіздер пар келе алмайды... Ілгер ілер соңғыларды көп есіне алмайды. Өз керектерін өздері алады. Кейін қалғандар алғылардан қалса алады.



...Кейін қалу – жалқаулықтан, оперсіздіктен, өнерсіз жалқаулық, білімсіздіктен, надандықтан болады» (11-бет).

Бұдан Омардың айтайын деп отырғаны, қазақ ұлтына «өнер ку, оқу оқы, жалқаулықты таста, өнерлі елдермен қатарлас, сонда ғана тәңірінің жолын қуған боласың» деп отыр.

Қазақты оперге шақырғанда, оған кедергі жасайтын қазақ аулының жарты бектік өмірі Омардың алдына тағы үлкен мәселе боп тұрады. Сондықтан ол бірнеше залалды ғұрыптарды санап, міне бұлар тәңірі жолына қарсы дегенді аңғартады.

## 2. Жоққа сену

«Надан адам жоқ бар әкияттарға ишанушан (сенгіш – С.М.) болады. Бұдан 50-60 жыл ілгері, біздің мұсылман халықтары бек надандық себепті ауруларын тиісті дәрілерімен ем жасатпаған. Бақсыларға бақтырған. Һәм ішінде қашып-пысып жүрген алдауыш молда, надан ишандарға үшкірттің, түкірттің әурелеткен. Қайсы бір ауруларды далада өскен бәйтерекке апарып түнетіп, жапсыз ағаштан медет, жәрдем күткен. Бұны ағашқа табыну демей не дейсіз. Бұдан артық мәжусилік (діншілдік – С.М.) бар ма?.. Бишекте тағым бір алладан қайыры (басқа) сәкімге, еш бір нәрсеге дұрыс емес... түп ғылымында (дәрігерлік) көрсеткен жолмен ол аурудың себептерін табады да (өнерлі елдерді айтып отыр – С.М.) оны кетіруге ылаж істейді...

Шәлдеген адамды сусындатуға зирағқа апару нендей ұят болса, ауруларды апару да сол дәрежеде ұят... «Надан адамдардың еншісіне тиген бір қасіреті со болады, себебін білмеген нәрселердің бәрін керемет, әулиелік деп санайды... Кеп-кеше тағон (чума) ауруын жын тұртуінен, көрмәрдің көзі түсуінен деп, сеніп жүріскен... көп қазақтан естідім. Бүй дейді: «ғажап бұ, чума біздің қазақтан шықпайды. Коршілес отырған орыс халқында жоқ». Мұнда ғажаптанарлық бір нәрсе де жоқ. Қазақ халқы аурудан сақтануды білмейді. Жұқпалы аурулардың қатерін (көңілін) сұрайды. Өлсе, сүйегіне кіреді. Бұныңыз қатер десең, «алладан еш нәрсе болмайды деп баяғы ишан қазіреттердің сіңіріп тастаған оқиалатын (фантазиясын) айтады. Қазіреттердің өздері дүниес ғылымдарынан хабарсыз, надан болады» (16-бет).

Егер осы сықылды надандықтан болатын аурулардың себебі аллада емес, адамның маңындағы залалды жәндіктер (микробтарда) болса, ол уақытта, Омарға алланы бұл араға әкелмей-ақ қоюы керек еді. Аурудың себебі сақтанбаудан екенін айта кеп, Омар сөзінің аяғын: «ауруды да алла жаратты, оған емді де алла жаратты» дегенге тіреді.



Жарты бектік дәуірінің пәнмен байланысы жоқ, надан ишандары мен молдаларын «үшкіреді, түшкіреді» деп ұрса кеп, Омар: «Әммә айтпаймыз, олардың бәрін «алдауыш шарлатан» деп. Олардың көбі сап, жақсы адамдар. Қолдарынан келгенше меллеттес халықтарына пайда еткісі еді. Мешіт салады. Қанка ашады. Мүрит тәрбиелейді. Бұл істерінің бәрінде де ниеттері дұрыс дейді (16-бет).

Өз тұзағына өзі түсті деген осы. Омардың байшылдық жүрегі феодалдық дәуірдің тозғындарынан (ишан, молда) жиренгенмен, оларды түгел көмуге, қарсы кетуге қорқады. Омар бұл ретінен ишандарды сыйлағалы отырған жоқ. Омар мен ишандар екі таптың адамдары. Оның бұл арада ишандарды да мақтап өтуі мынау: кара халық ол кезде көбінесе ишанға сенеді. Егер де ишанның бағасы көпшілік алдында түгел түссе, кара халық діннің өзіне шек келтіре бастайды. Омарға ишан арзан болғанмен, дін қымбат. Өйткені дін оның табына еңбекшілерді езісетін құрал, сондықтан ол дінді сақтап қалу ниетімен, ишанға тісін түгел қадай алмай отыр.

3. «Қиялды қастелік» (ауру – С.М.)

«Ауру, зағиптық (кемтарлық – С.М.) жалғыз тәнге ғана қас (арнаулы) емес, жанда да, яғни ақылда да болады» (17-бет) дей келіп, Омар жан ауру неден болатын себептерін өзінше тексереді де:

«Қабырыстанда қырық күн түнеп қайтқан сопылардың аруақыттармен» сөйлестік деуі жалған емес. Дұрыс» (19-бет) дегенді айтып, оған мықты дәлелдер өз басынан кешкен сопылық өмірін әкеледі:

«Жасырақ уақытымда, мен де кәдімгі сопылардай-ақ, сопыша ғана бір мүрит ем. Шариғат «ғылымнан жақсы ғана хабарым бар, өзімше ойлағанда, ғылым мен сопылықты бірдей жинаған бір кәмел адам болмақ ем. Ас-су ішпей, қатып-семіп, тілімді таңдайыма жапсырып, сол жақ емшек астындағы екі елі шамасында қалып (жүрек – С.М.) деп аталған бір орынға қарай ышқынып «алла, алла» деген сөздерді айтып жүргенде аяғымның ұшынан ғана басушы ем...

«Ол уақытта көбірек түсімде, бағзы бір қалда өнімде көп ғажайыптар (тамашалар) көрдім... ақырында сол қалға жеттім: барлық тәнім өзіме зікір айтқандай боп сезілетін еді» (21-бет).

Омар бұдан кейін түсінде біреу көрге барып жат деп аян бергенін, ишаннан рұқсат ап, өз бетімен әулиелік құруға шыққанын, талай кереметтер көргенін айтады да, ақырында, пәнмен хабары бар бір адаммен кездесіп, ол адам бірнеше мәжілістен кейін Омардың жолының қателігін көрсеткенін айтады.

«Енді таянышымның (қадымның – С.М.) түбі жінішкере бастады» (25-бет) дейді Омар. Соның үстіне, Омардың қолына Мысырда шығатын «Әлминар» дейтін журнал, сол журналда басылған



Жамалеттен Апағаныя деген пәлсафашы адамның «Санағат» деген мақаласы түседі. Бұл мақалада Жамалеттен былай деп жазды дейді Омар:

«Тәңірі адам жынысы былайғы хайуандардан басқаша жалғыз-жалғыз күнелте алмастық, бәрі бірігіп, бірінің жетпегенін басқалары жеткізерлік етіп жаратқан.

Әр адам күн көру санағат (өнер) деген пәрсеге байлаған. Неге десеніз, барша адамдарға да кіруге үй, киюге киім, жеуге азық керек. Бұлардың еш біреуі де жалаңаш қолмен жасалмайды. Ағаиған, темірден істелген неше түрлі құрал, мәшинелер қажет...

«Бір алқантағы адам жынысы бәрі бір тәннің (дененін) ағзалары (мүшелері) хүкімінде екен. Қайсысы бас, қайсысы аяқ, қайсысы тырнақ».

«Жалғыз-жалғыз адамдар жиыны деген бір нәрсе қасыл болып, қысқаша айтқанда мелләт (ұлт – С.М.) деп аталады. Әрбір адам сол мелләттің ағзасы болғандығы үшін, өзіне тиіс болған өнерді біліп, мелләтке пайда келтіріп, ол арқылы өз басынын тірлігін сақтауға міндетті».

«Егер бір адамдар өздеріне міндетті кәсіп, өнер жолын қойып, жалқаулық, іссіздік жолына кірсе, залалды жолдарды істесе, ол адамдар мелләт тәніндегі бір ауру себепті шіріген ағза (мүше) есебінде болып, ол ағзаларды тезірек кесіп алып тастамаса, бүкіл тәнге жұғып әлек етуінде сөз жоқ».

«Заманымызда мәшһүр салқын сопылық жолы осы мелләтіміз тәніне пайда болған зарарлы, жұқпалы бір ауру... оларды мелләт тәнінен кесіп тастамаса, жұға-жұға бүтін мелләтті бір күн әлек етуінде шүбә (шек) жоқ».

Омардың бұған қосқан сөзі:

«Бұл екі хакімнің (білгіштердің) сөздері мені қиял дариясынан шығарды».

«Алла разы болсын. Нәр екісіне де міндеттімін» (29-бет).

Кітап осымен бітеді. Бұл кітаптың саяси маңызына айтатын сөз: кітап қазақтың өркендеп келе жатқан байларының саяси тілегеніне дәл келтіріліп жазылған. Бұл жөнінде біз жоғарыда айтқанбыз. Омар осы кітабынан кейін қадімшілдік дін жолымен ашық күресіп, кейінгі шығармаларында үнемі жәдитшілікті дәріптетеді. «Өрнек» қазақтың жаңа байларының сойылып соққан, ұлтшылдардың қаламынап пурграм есебінде шыққан, бірінші дін кітабы еді. Бұдан кейін дін мәселесіне кітап жазған ұлтшылдардың бәрі осы «Өрнекте» қозғалған мәселелерді терендетті.

## «Тұлпарлар»

Омардың 1911-1913 жылдары ұдайымен «Бала тұлпар», «Аға тұлпар» деген екі өлеңдер жинағы шықты. Мазмұн жағын тексергенде, Омар шығармаларына атты тауыш қойған. Өйткені бастапқы «тұлпардағы» Омардың пікірі екінші «тұлпарда» өрбіген, оскен. Екі «тұлпарда» жазылған пікір біреу. Бірақ бастапқы «тұлпарда» айтылған сөздер екінші «тұлпарда» толықтырылған және қорытылған.

Екі «тұлпардың» үйлес пікірі барлығына мынадай сөздер куә:

Хан бар еді асылдан,  
Жарлығы халыққа шашылған.  
Әділдік етіп, басқарып,  
Ел билеген жасынан,  
Ақсақал билер бар еді,  
Шешілген шөніп түйінді,  
Атқарған істі басынан.  
Бай мырзалар бар еді,  
Салтанат түзең, тұрмысын,  
Хан ұлынан асырған.  
Батырларын бар еді,  
Жауға қарсы барарға,  
Арғымақ тұлпар бар еді,  
Жібектей шашын тарарға,  
Шешен, шайыр бар еді,  
Жырлап айтқан әр сөзін,  
Мың ділдәға аларға.  
Желке шашын өрмеген,  
Маңдайы күнге тимеген,  
Жібектен өзге кимеген,  
Аруларын бар еді-ау,  
Ақ шымылдық ішінде  
Зерлі орындық үстінде,  
Жанға рахат табарға»

*(«Бала тұлпар» 3-4 бет)*

«Хан бар еді ол күнде  
Ақ сұңқарға ұсаған,  
Билер, жүйрік бар еді  
Хас тұлпарға ұсаған.  
Әділ қазы бар еді  
Алмас қылышқа ұксаған.  
Батыр ерлер бар еді,  
Аш маралға ұсаған



Байлар момын бар еді  
Аузынан уызы тоғілген.  
Ақ орданың ішінде  
Кербезлер ару бар еді  
Ши жібекке көмілген.  
Толған айдай нұрланып,  
Толкып жүзі көрінген,  
Көрінсе көңіл бөлінген»

*(«Аға тұлпар» 7-8 бет).*

Бұл екі өлеңде мазмұн жағынан да, түр жағынан да түк айырма жоқ, бар айырмасы. сөздердің орнын ауыстырып, үйлесі басқалау. Осы сықылды ұйқастар екі «тұлпарда» да жарысып келеді де тұрады.

«Тұлпарларды» тексерместен бұрын, ескере кететін нәрсе мыналар: біз байшыл, ұлтшыл дәуірге сын бергенде «ұлтшылдардың кара бұқараны артына ерту ниетімен, қолға алған ұранның біреуі қазаққа ескі хандық өмірін, жеке ел болған өмірін елестету, сол өмірді елестету арқылы бүгінгі қазақтың жүрегіне ұлтшылдық отын жағу болды» дегембіз. Бұл сөзіміздің растығына барлық ұлтшылдардың шығармалары куә. «Мен ұлтшыл» дейтін жазушылардың ішінде қазақтың хандық өмірін аузына алып, дәріптеп өтпеген бір ұлтшыл жоқ. Соның бірі Омар. Бірақ Омардың хандық дәуірді суреттеуінде өзгешелік бар. Ол өзгешелік: Омармен тұстас ұлтшыл ақындардың ешқайсысы хандық дәуірді Омар сықылды ғып жырлай алған жоқ, іст-пұшпақтап, аздап қана жырлады. Омар олай істеген жоқ. Оның екі «тұлпарының» екеуі де түгеліе жақын хандық өмірді сипаттауға арналған. Омар ескі хандық өмірді жырлағанда өзге ақындарда:

«Қазақтың қандай еді мақсаты,  
Бір күнде көшіп-қонған рахаты»

*(Міржақып)*

деп қана болмаса:

«Ертедегі еркің қайда,  
Ерте күнгі көркің қайда»

*(Ахмет)*

деп, аз сөзбен өте шыққан жоқ. Хандық дәуірдің әр көрінісіне толық тоқтады.

Омардың тілінде де өзгелерден «Тұлпарларында» оскен өзгешелік бар. Ол қазақтың жортуылшыл кезіне сәйкестелген шұбыртпалы өлең түрімен жазған. Бұл түр қазақтың ұғымына өте тез қонатын түр. Оның үстіне тілі ашық қазақ тілі.

«Тұлпарларда» Омар тіл жағынан, құрылыс жағынан Махамбет, Шәңгерей, Мұрат сықылды атақты халық ақындарына көп еліктеген.



Солардан сөз құрылысын, пернелеуді көп қолданған. Сондықтан оның сінімділігі өте күшті болған.

«Тұлпарларда» тағы бір ескеретін нәрсе мынау: Омар негізінде ұлтшыл ақын ғой. Ұлтшылдық деген байшылық пікір екені жоғарыда дәлелденді. Сондықтан оған тоқтап қажеті жоқ. Хандық деген дәуір, Еуропа тілімен айтқанда – феодалдық дәуір. Бай табы мен феодал табының саяси-шаруашылық тілегі қайшы. Екеуі екі тап. Олай болса хандықты мақтау, көтеру, бай табының тілегін тілейтін ұлтшыл Омарларда болмау керек қой. Бірақ, Омар олай болмай отыр. Ол «Тұлпарларының» көп жерінде хандықты шын ықыласымен мақтап кетеді. Шын жылап кетеді. Міне, осыған карап, біреулер «е, сіз ұлтшылдар байдың сойылын ғана соғады деп едіңіз. Омардың мына өлеңдері оған қайшы келеді ғой» деуі мүмкін. Шынында солай сықылданып та отыр. Бірақ оның мәнісі бар. Ол мәнісі мынау: бұл дәуірге сын бергенде біз және былай дегембіз: «Қазақтың жаңа туып келе жатқан капиталистерін бір толық мағынасында піскен тап демей, туған тап дейміз. Қазақтың байлар табы толық мағынасында пісіп жеткен жоқ та, феодалдары тап ретінде түгел құрыған жоқ. Екеуі де қатар жасады. Бірақ феодалдың келешегі жоқ, құрып бара жатқан тап еді де, байлар өсіп бара жатқан, келешегі мол тап еді. Феодалдан басқа жаңа бай табы жасалды деген себебіміз осы».

Осы пікірді біз дұрыс дейміз. Бұл пікір дұрыс болған күнде біздің «ұлтшылдарымыздың өздері екі дәуірдің кезеңіндегі ақын боп шығады. Қазақтың ұлтшыл ақындары бір жағынан ескішілік әдетпен (калық мал, әйел күндігі, бақсылық, сопылық тағы басқалар) күрессе, екінші жағынан өздері сол ескі әдеттен толық құтыла алмады. Әсіресе хандық дәуірді жырлағанда ескіліктен арылмағандықтары көрініп жүреді.

Омарда бұл сықылды, екі кемеңнің күйрығын ұстау өте күшті болды. Ол күндікке, бақсылыққа, надандыққа, қадімшілікке қатты қарсы бола тұра, хандық дәуірін айтқанда өтс қызып кетіп, өзінің қай таптың ақыны екендігін көп жерде ұмытып кетті. Мысалға «бала тұлпардағы» «Сырым батыр» деген өлеңін алайық:

Сырым дейтін кіші жүзде атакты батыр болған адам. Мұның батырлығы Әбілхайыр ханның тұқымдарымен өштесу арқылы шыққан. Сырым көп жыл Әбілхайырдың немерелерімен күресіп, ақырында әрі ханнан, әрі патша үкіметінен устав жарлығы шығып, жол тарылып бара жатқасын Хиуа хандығына қашып барып, паналамақ болған. Соны істеген. Осы Сырымды Омар Хиуада мынадай істерге жолықтырады:

Сеңсең тоннын жүн жағын,  
Киген екеп батырым,  
Сырт жағына қаратып,  
Сол күйінде Хиуада,



Мешітке де барыпты,  
Етек-жәнін шұбатып,  
Ақ сәлделі бір молда  
Жекіріңгі батырға,  
Тонның ішін сырт қылып,  
Жалпылдатып өсіріп,  
Кигеніне сын етіп.  
Сонда батыр айтады  
Забигұлла Ысмағұл  
Оның үшін көк қошқар  
Көктеп жерге еніпті.  
Ысмағұлды құрметтеп,  
Тәңірім пайда қылыпты,  
Сенің сөзің жөн болса,  
Оның жүнін сыртына  
Жалпылдатып өсіріп,  
Тәңірім неге беріпті!

*(43-бет).*

Намаздан соң, жұрт қолын жайғанда, Сырым қолын жеңіпен шығармай жаяды. Молда оған да сын тағып, ұрысқанда Сырым былай деп, жауап қайырады:

Рахматы кең құдайым,  
Ақ жүрекпен тілесем  
Кемдігімді жоқтар ма?  
Таспиығыңнан бері өткен.  
Тәңірінің өткір рахматы,  
Токтышақтың терісінен  
Өтпей сірә тоқтар ма?

*(43-бет).*

Молда бұған қызырандап ашуланып қалады. Намаздан шыққан жұрт хан сарайына барып, ханға амандасады. Сырым да өзге жұртпен төрге шығады. Бірақ етігін тастамайды. Етігіңді таста деген ханның сөзіне өзінше дәлел қайтарып, Сырым етігін тастамайды.

«Сөйлей келе отырды,  
Ашық тұрған орынға.  
Көп сөйлейсің қазақ деп,  
Хан жекірді Сырымға.  
Болмап па едің бұрын да,  
Мұндай үлкен орында.  
Сонда батыр сөйлейді,  
Сөйлегенде бүйдейді,  
«Көп сөзді тыйсаң құран бар.



Әуел баста соны тый,  
Таппай айтсам мені тый!»

(44-бет).

Сөзін құранға теңгерді деп, қазылар Сырымды сөгеді де, дарға асуға үкім қылдырып, зынданға жаптырады. Сырым бұл ызаға шыдай алмай, у ішіп өледі. Осы өлімге өкінген Омар былай деп тоқтайды.

Тап қылмасын құдайым  
Төресіне ондай наданның.  
Көзі соқыр, көңілі тар,  
Ақылы қысқа жаманның.  
Төресі мен наданның  
Қор болғанша ер жігіт,  
Өткен жақсы дүниеден  
Ар, намыстан айрылмай,  
Шаһиты болып заманның

(45-бет).

Бізше, Хиуа ханының Сырымға ол жазасы дұрыс. Өйткені ханның да, ханға тілектестердің де, еңбекші бұқараны езуге ең мықты құрал қып отырған нәрсесі мешіт пен құран. Бұлар арқылы қара халықтың көзі боялады. Осындай барлық күн көріп отырған құранға өз сөзін теңгергесін, құранның беделін сақтау үшін ханның Сырымды жазалауы керек. Өйтпесе ол хан болмас еді.

Сырымның Хиуаға барып істеген ісі шикі «қазақшылық». Әйтпесе, өзі саяси қашақ боп барып, өзі Хиуа ханына табиғи боп отырып, оның заңына ашық қарсы шыға ма. Октябрден кейін ақтың әскерімен шет елге қашып кетіп, қазір Түркияда тұратын алашорданың Мұстафа Шоқайының «еркелігін» Түркия Республикасының бастығы Мұстафа Кемал ұнатар ма? Олай болса, Сырымның орынсыз жерге ерлік істемеуі керек еді. Ханның заңы оны қанағаттандырмаса, басқа жерге кету керек еді. Дәуіріне қарай Сырымның ісі тентек, ханның жазасы дұрыс. Омар осыған ренжіп, ханды сөккісі келеді. Етігімен ханның сарайын таптаған Сырымды ақтайын дейді. Қазақ ісін ұмытпады деп Сырымды мақтайын дейді. Егер де Хиуаның бір өзбегі қазақтың жанының ордасына кеп шаңырағына, аруағына тілін тигізсе, қазақтың ханы да өзбекті дарға асар еді. Бізше Омардың бұл арада Сырымға сүйінуі орынсыз сүйіну.

«Аға тұлпарда» Омар өткен дәуірді былай деп келеді:

«Атаңа сенің қазақ-ай,  
Бар еді-ау өткен күндерің.  
Көп еді дәурен сүргенің.  
Күндердің күні болғанда  
Мұндай болам дер ме едің?»

(7-бет).



Еділ, Жайық суынан,  
Жем, Сағыздын бойынан,  
Қысырақтар жаз жайлап,  
Көше, қона жүргенің,  
Алатаудан өткенше,  
Ыстық қолге жеткенше,  
Кіндік кесіп, кір жуып,  
Мекен еткен жерлерің,  
Күдері бел, көпшек сан,  
Арғымақ аттар үстінде  
Үдере жортқан ерлерің.  
Мыңнан-мыңнан жылқы айдап,  
Жүзден-жүзден нар байлап,  
Күнірсентің, боздатып,  
Жағалай қонған елдерің.

Сол дәулеттің шағында,  
Қияға құлаш сермедің.  
Хан бар еді ол күнде,  
Ақ сұңқарға ұсаған.  
Билер жүйрік бар еді,  
Хас тұлпарға ұсаған.  
Әділ қазы бар еді,  
Алмас қылышқа ұсаған.  
Батырлар, ерлер бар еді,  
Аш маралға ұсаған.  
Байлар момын бар еді,  
Аузынан уызы төгілген.  
Ерлер құнды мал болды,  
Болған заман бар еді.  
Өте шықты аз уақыт,  
Өң мен түстей көрінген.

(9-бет).

«Хан дегенің қазағым,  
Білемісің, кім еді?  
Жиһанға жарық нұр берген,  
Мысалы оның күні еді.  
Бұл себепті олардың,  
Асылы нұрдан жаралып,  
Таралды демек шын еді.  
Алтынды тақ үстінде,  
Олар хандық сүргенде,



Қой үстіне бозторғай,  
Жұмырткалап тұр еді».

*(36-бет).*

Жер жағына кеткенде Омардың ақындығы тіпті аласұрып кетеді:

«Кешегі өткел заманның,  
Жер сипатын сұрасаң,  
Бетеге, боз бар еді.  
Жусаған қойын жасырған,  
Көленке ойпаң көп еді.  
Белден қалың шөп еді.  
Ол күнгінің адамы,  
Шетінен тегіс баюға  
Осы қоныс сеп еді.  
Неге десең малдары  
Қаптап пішен жемеді,  
Жабағысы, тайы да  
Жерден тебін тебеді,  
Айдар салып, тебінге,  
Мал өсіру деп еді.  
Су сипатын сұрасаң,  
Еділ, Жайық су еді.  
Жағасы қалың ну еді.  
Күміс таза сулары,  
Өзен сала бар еді.  
Екі беті жар еді,  
Жаздың күні байларға,  
Қой қоздатып отыруға  
Жарастықты сән еді.  
Қаздар қонып, қаңқылдап,  
Үйректері сымпылдап,  
Бақалары бақылдап,  
Желсіз тымық кештерде,  
Жарып кірген құлаққа,  
Ғажайып бір ән еді.  
Сүйткен, қазақ, суларың,  
Қалың біткен тауларың  
Қазы қиқу шуларың  
Қайда кетті, қане енді»

*(35-бет).*

Хандық дәуірді, оның салтанатын осылай жырлап келеді де, сөзін былай деп қорытады:



Жұрдай болу мәнісі,  
Бұл халықтың бұл күнде,  
Алтын тақты ханы жоқ,  
Хансыз елдің сәні жоқ.  
Қазысы жоқ, биі жоқ.  
Бисіз елдің күйі жоқ.  
Батыры жоқ, байы жоқ,  
Дәулетсіз жұрттың жайы жоқ.  
Күні қараң малсыздың,  
Жұлдызы жоқ, айы жоқ.

*(9-бет).*

Хан заманын жырлап отырып, Омар феодалдық өмірге өте сұғынып кетеді. Оған Жәңгір ханның немересі Жангерей Сейіткерейұлына арнаған өлеңі куә:

«Сұлтандардың сұлтаны,  
Сұлтандардың ішінде,  
Алғыр қыран сұңқарым,  
Ойласа, ойшыл көсемім.  
Сөйлесе, тілді шешенім,  
Сыйласпай сырды білгенім,  
Тереңінен хабар бергенім.  
Ал шынғыстан асығым,  
Заманында өзінің,  
Әр бір ісі басымым.  
Жапанның жалғыз тірегі.  
Ақ қалпақты қазақтың,  
Күбір ініне керегі.  
Арқанның темір қазығы,  
Астана қазақ жұртының,  
Жүрек жалғар азығы.  
Таулардың биік асқары,  
Ақыл мінез үйлесіп,  
Алаштан озып, асқаны,  
Атаңнан мұра қалған су,  
Көл бұрышын меншіктеп  
Жағасынан жер алдың,  
Бағирамға ұксатып,  
Бала ғана аштырып,  
Ұйалмыш терек өстіріп,  
Көлеңкесін түсіріп,  
Жасыл ала жұрт салдың.

Атадан қалған жолды деп,  
Ендігі сыйым солды деп,  
Салтанатын арттырып,  
Шандаз сұлу ат мініп,  
Нөкер жолдас ертіп,  
Ит жүгіртін, құс салдын.

Ғұмырыңды сұлтаным,  
Бір алладан тілейміз,  
Ұзағынан жарылқап,  
Дәурен сүріп күн еткей.

*(47-бет).*

Түпкі бабаң белгілі,  
Баһадыр Шыңғыс хан екен,  
Арғы атаң атақты,  
Әбілхайыр Нұралы,  
Кіші жүздің ішінде,  
Жанған жарық шам екен.  
Бабаң Бөкей бас болып,  
Көлденең жатқан Жайықтап,  
Көктей өтіп, ел бастап,  
Қоныс алған хан екен.  
Бергі атаң хан Жәңгір  
Еділ, Жайық арасын  
Мекен етіп, жар салып,  
Шартарапқа жер салып,  
Қарағаш пен қалмақтан,  
Сыздық салып жер алып,  
Қайраты озған дана екен.  
Сақынкерей, Сейткерей  
Шахзада сұлтандар.

Қол қусырып, бас ұрып,  
Қалпыңызда сойлеген,  
Сөзім бітті бұл жерде.  
Келмегені бар болса,  
Кешірімді сұлтаным,  
Ғапу етіп, кешіріп,  
Кем кетігі жоқталмай,  
Қала берсе керекті».

*(54-бет).*



Омардың «Аға тұлпардағы» өзге сөздеріне тұқырмастан бұрын, ең алдымен, осы арасына азырақ тексеру жасап кетейік. Хан заманының аяғын, Омар кіші жүздің ханы Әбілқайырды мақтаумен бастап, Әбілқайырдың қазіргі тұқымдарының салтанатымен тындырды. Арасында хандардың, оның ішінде кіші жүз хандарының қазақ еліне мейірімі осындай ма еді? Олар қой үстінде боз торғай жұмыртқалатып па еді?

Алаяқ Әбілқайыр хан мен оның тұқымдарын: Әбілқайыр 1738 жылы барлық қазақ хандығының ішінен орыс отарына ең алғаш бағынған хан болды. Ондағы Әбілқайырдың ойы: бір жағынан Моңғол тұқымдарынан XVI ғасырда құралып, қазақтың ұлы жүз бен орта жүзін билеп тұрған Жоңғар хандығына бағынбау еді. Екінші жағынан сырт билікті орыстағып, қазақ елін шенберіне мықтап қысып, езу еді. Әбілқайыр орысқа бағынып алғаннан кейін, елге анық осы қысымды істеді. Әбілқайырдың, оның ұрпақтарының осы қысымының арты 1785 жылдан басталатын Сырым батырдың көтерілісіне соғып, оның арты Есім ханның өлуіне, Сырымның Хиуаға қашуына соқты.

Қара халыққа Әбілқайыр тұқымының тізесі Есім өлгеннен кейін тыйылған жоқ. 1850 жылдары Көтібарұлы Есет пен Нұрмағамбетұлы Жанқожаның жанжалы боп, олар Арыстан ханды өлтірді. Осының салдарынан Есет інісі Бекет батыр жер ауып барып өлді.

1824 жылы Бөкей ханның баласы Жәңгір хан таққа мінді (бұлардың бәрі де Әбілқайыр тұқымы). Өзінен бұрын хан болған балаларынан бұның қысымы өте қатты болды. Жәңгір Саратов қаласындағы Кадетский корпусдан білім алып шығып, патша үкіметінің оң көзі болды. Оның үстіне қазақ даласын Европа тәртібімен бағам деп, оған әдіс қолданбай шошытып алды. Ру-руға Жәңгір өзінің ең сенімді адамдарын төре қойды. Олар да Жәңгірдің ізімен жүрді. Жәңгір елге «зекет» атымен салық салды. Дегеніне көнбегенді орыс әкімі арқылы күшпен көндірді. Бұл салықты бай, жарлы бірдей төледі. Жәңгірдің осы қысымына кейін, Тайманұлы Исатай деген Беріш руының биі мен Өтемісұлы Махамбет батыр екеуі 1837 жылдан бастап жанжал жасап, ақырында олар да жеңілді.

Оның бер жағында отаршыл үкімет қазақ даласына қанатын кең жайып ап, Әбілқайыр тұқымына әлі де болса арқа тіреді. Бірақ қара бұқараның енді басын көтеруге шамасы келмеді. Әбілқайыр тұқымы, оның ішінде Жәңгірдің тұқымы Октябрь төңкерісіне шейін төрелік құрып, қара бұқараны рахымсыз қанады.

Міне, осы сықылды істер істеген хандарды «қазақтың күні, айы еді, қазір хандар жоқ. Сондықтан қазақта күн, ай жоқ деген Омардікі барып тұрған ескішілдік. Бүгінгі қазаққа кешегі қазақтың оңаша ел болған кезін суреттейін деп, сол арқылы ұлтшылдық туғызам деп, тым сұғынып кеткенін білмей қалғандық.



Хандық өмірді осылай біраз сарындап келеді де, Омар бүгінгі жайға түседі:

«Заман азған шағында  
Түрлі де түрлі күй болды,  
Құлдан туған би болды,  
Сансыздарға сан бітіп,  
Салмақтанар күн болды.  
Қияға пікір жүргізген,  
Асылдығын алты алашқа білгізген,  
Қара қазан қамы үшін  
Тереңнен қиял ойлаған,  
Қашағаншыл талай жүйріктің  
Биліктері өз басына мін болды»

*(11-бет).*

«Заман азған шағында  
Мұндай да мұндай хал болды.  
Ел ағасы паң болды,  
Адалдық, ақтық білмейді,  
Ар-иманы мал болды.

*(13-бет).*

Ел адасып, азған соң,  
Ақылынан тозған соң,  
Ес аударған сиқыршы,  
Ала қағаз пұл шықты.

*(19-бет).*

Ханымыз болды қарадан,  
Биіміз болды парадан.  
Болдырды жұртты баймын деп,  
Бес қарасы бар адам.

*(40-бет).*

Бұл өлеңдерде Омар қазақ ауылында, негізінде феодалдық, ақсүйектіктің кер кетіп бара жатқанын, оның орнына бұрын басқарушылық жұмысында болғандардан билер былай шыққаннан айтып отыр. «Ала қағаз деген пұл шықты», «ар-иман мал болды», «бес қарасы бар баймын» деді деп отыр. Осы үшеуі деп феодал табының сипаттары емес, байлар табының сипаттары.

Ең алдымен, «Ала қағаз» деп отырғаны ақша. Ақша капиталистердің есін аударатын сиқыршы екені рас.

Екінші, байлардың досы малы екені рас. Орыстың атақты жазушысы Гогольдің «Мертвые души» деген поэмасы бар. Соның бас кейіпкері Чичиковке әкесі – олейін деп жатқанда:

– Тапсыратын жалғыз өсиетім бар, – дейді.



– Ол не өсиет, - деп баласы сұраса,

– Ақшадан басқа туысқаның жоқ. Сондықтан, жалғыз соған ғана сен. Өзгеге сенбе, – дейді.

Чичиков орыстың күшейіп келе жатқан ақша досы капиталисі еді. «Ала қағазды» дос көреді деп, Омардың ұрысып отырғандары қазақтан шығып келе жатқан Чичиковтер.

Үшінші «бес қарасы барлардың баймын» деуі де, байлардың заманының сөзі. Өйткені қараны бесеу қып ұстап, қалтаға қалың ақша басып, сауда істейтіндер ХХ ғасырдың бер жағында қазақта аз болған жоқ. Феодалдық дәуірдей емес, жаңа байлар туа бастағасын, малдың санынан «ала қағаздың» саны көбейгені рас. Міне, бұлардың бәрі де жаңа таптың туып келе жатқандығын көрсетеді.

Жаңа күшті, жаңа тапты көрген Омар мықтап тұрып, былай деп ренжиді:

Асыл, асыл, асыл ер,  
Асыл ерлер кеткесін,  
Жаманға қалған күн құрсын,  
Оң мен солды айырмас,  
Наданға қалған күн құрсын.  
Саба құрсақ кешегі...  
Би көсемдер кеткесін  
Алымнан басқа аңы жоқ,  
Әкімге қалған күн құрсын.  
Ғаріптерді олжалар,  
Өсім алып, мал жиған...  
Байларға қалған күн құрсын.  
Бақсылық қып, сіді жеп,  
Қотыр лак, ақсақ қой,  
Феодалдан келген жеп...  
Молдаға қалған күн құрсын.

Мүрит болып табынған,  
Таспа қара, қаңқы мүрт.  
Надан сопы, бұл құрсын.  
Адастырған бұларды,  
Алдаушы ишан о құрсын.  
Болыстыққа шағылған,  
Мыңдаған топ, мал құрсын.  
Он бес жасар қыз алып,  
Сорға шыққан шал құрсын.  
Бәдел қажыға барам деп,  
Өліп кеткен адамды,



Күнәдан ләктеп алам деп,  
Кәсіп үшін алынған,  
Қажылық деген ат құрсын.  
Зияратка барам деп,  
Содан сауап табам деп,  
Молда баққан қарт құрсын.  
Бәрінен де бегірек,  
Осыларды шығарған,  
Самарқанд, Бұхар, Сарт құрсын.

Бұл қарғаған заттардың көпшілігі жаңа байдағы арнаулы сипаттар емес, феодал табына арнаулы сипаттар. Омар бұл арада феодалдық өмірдегі байлардың өсуіне кесірлік істейтін, барлық тағылық салдарынан қалған істерді карап отыр да, бірақ жанадан іс жасайтын, жаңа өмір, жаңа әдет, ғұрып жасайтын байларды да қарғап отыр. Бұл әрине, Омардың пікірінің екі дәуірдің шетінде толқып жүрген кезі болуға тиіс.

Бірақ, Омар ол толқында көп отырмайды. Феодалдық өмірден қолын жазып, байшылдық өмірге қарай, жаңалыққа қарай бет бұрады. «Аға тұлпарда» ол «Өрнек» және одан бұрынғы жаңашылдық пікірін, хандарды біраз сарындап, қарқындап алғаннан кейін тереңдетеді. Халықты өнер білімге шақырады:

Бәрін айт та, бірін айт,  
Өнер менен білім жоқ,  
Білімсіз, қазақ, күнін жоқ.  
Болған елмен тен болмас,

Білімсіз халық ел болмас.  
Көктен рахмет жауылмас,  
Жерден жауһар табылмас,  
Адамдықтың белгісі,  
Надандыққа салынбас.

(10-бет).

Құдайдан бірнеше тілектер тілеп кеп, Омар былай дейді:

«Бәрінен де тілейін,  
Ғылымның жүзін бері қыл.  
Надандықтың сөз түсін,  
Жақындагпа, ары қыл.  
Жетер енді надандық,  
Біраз міндет мойынға.  
Тышқандай түртіп халықты,  
Мықтылар тойды ойынға.

(23-бет).



Ұйқы қанды, тұралық,  
Тұрып, кеңес құралық.  
Осынау бір кездерде,  
Күліп тұрған ел де бар,  
Болып тұрған ел де бар.  
Жыламаған балаға,  
Емшек бермес анасы.  
Керегімізді сұралық,  
Тіршілік керек, жігіттер!  
Түспей тұрып мойынға  
Қылдан еспе бұғалық.  
Мойынға түссе қыл арқан.  
Пайда бермес ол күнде,  
Қырық рет шықсан, дұғалық.  
Дұғалығы бұл жолдың  
Ғылым болса керегі  
Ғылым қасыл етерге  
Жігер жағат қылалық.

(24-бет).

Өнер-білімге бұл сықылды сусау, әрине, байлар табының тілегі. Қай елдің тарихын алғанда да феодалдар өнер-білімге өзі ынтық болғанмен, өзгелерді (қара бұқараны) үгіттемейді.

Феодалдық дәуірдің мықты бір «қасиеті» еңбекші бұқараны аңшылдық түрде қолдану, феодалдар қара бастың бостандығы дегенді сүймейді. Оларға өздерінен басқа кейінгі бұқараның түк білмегені, түк түсінбегені керек. Өйткені феодалдардың тіршілігінің өзі білімге сүйенген тіршілік емес, қара күштің, қол зорлықтың тіршілігі.

Байлардың (буржуазия) ұраны феодалдан басқа. Феодалдар сыйлылық, ұлықтық (почет, уважение) дегенді қолданса, байлар бостандық, бірдейлік, туысқандық (свобода, равенство, братство) дегенді қолданады. Әрине бұл ұранын байлар іске асырмайды. Аузы айтып, іс жүзінде кім әлсіз болса соны жейді. Жоғарғы ұрандарды қара халықты алдау үшін тастайды. Байлардың феодалдан бір өзгешелігі, байлар біреуді бағалағанда, толығымен емес, малымен бағалайды. Байларға малы жоқ төренің бір тиындық бағасы жоқ, тексіз болса да малы бар адам ол бағалы адам. Байлар қолында жалшылықта жүрген біреу кенеттен байып кетсе, оны өзімен теңдес көреді. Осылай болғандықтан байлар табы өнер-білімді феодалдай емес, қара бұқараға жақындатуға тырысады. Қай елде болса да өнер-білім мәселесі капиталистер туғасын ғана іске асқан себебі осы.

Феодалдық, хандық дәуірді әуелі шын ықыласпен жырлаған Омар байлардың осы сияқты жаңашылдық (либералдық) пікіріне түсіп,



артынан байшылдықты сарындады. Оның байшылдыққа бейімделгені «жанашылдыктан жастарға» деген өлеңінде ашық көрінеді.

Балапаннан бау тағып  
Талпынып қолға өсірген,  
Сұңқарларым сендерсін.  
Құлын күннен ардақтап,  
Сүттел, сұлы жем берген,  
Тұлпарларым сендерсін.  
Қараңғыға жарық беріп,  
Жиһанға тегіс нұр шашқан,  
Толған айым сендерсін.  
Қысылғанда баратын,  
Қиналған күні табатын,  
Болған барым сендерсін.  
Ағытқан қойдай шулаған,  
Тілегімен халықтың,  
Тәнірім берген ерлерсін.  
Талма кездер жеткенде,  
Тайғақ кешуден өткенде,  
Тілектес қара халықтан  
Қолдың ұшын бергейсін.  
Сендерге айтпай, кімге айтам,  
Бір деп білектеріңнен,  
Екі деп етектеріңнен  
Ұстайды халқың сенген сон.  
Тар сонылар тап болса,  
Кең не керек деменіз.  
Бак, дәреже тап болса,  
Ел не керек деменіз.  
Халық деген қауымың,  
Ханы бірге бауырың,  
Бір туып, бірге кететін.  
Жаны бірге дененіз,  
Жаны бірге дененді,  
Жүзің сүрген көбенді (қағбанды)  
Сүйенер күндер туғанда  
Сүйеу беріп, деменіз.

(26-бет).

Омардың бұл араға тіреймін деп отырған жастары Міржақып «Оян, қазақта» айтқан:

«Қосу сан арнап жазам, бұл ақылды,  
Жиырмасыншы ғасырдың жастарына»

деген жастар. Бұл жастар хан тұқымынан кадетский корпусқа оқып,



нығына алтын қадап шыққан, офицер жастар емес. Бұлар ХХ ғасырда туған, қазақтың жас байларынан (буржуазиясынан) шыққан байшыл бұқарашылдар. Омар:

Асылда асыл, асыл ер,  
Асыл ерлер кеткесін,  
Жаманға қалған күн құрсын.  
Саба құрсақ кешегі,  
Қарасына көз тойған,  
Би көсемдер кеткесін.  
Ел ішінде осы күн,  
Алымнан басқа аңы жоқ,  
Жұрт жайында қамы жоқ.  
Сынар нық бұқа пішінді  
Әкімге қалған күн құрсын,

деп жырлаған еді. Жоғарғы айтып отырған жастар, Омардың бұл сағынған адамына үйлеспейтіндер. Бұл жастарда бұрынғы билердей саба құрсақ жоқ. Бұлардың көбінде, Омарша қарағанда, шыққан жақсы тек жоқ. Көбі қара бұқарадан шыққандар. Бұлар не орысша, не татарша мектептен оқып шыққан зиялылар (интеллигенттер).

Міне, осы бұқарашыл зиялыларға арқа тіреп, «оларға сенгеніміз сендер» деуі Омардың хандық дәуірден бетін байлық дәуірге бұрғандығы.

«Аға тұлпар» Омардың ақындық күшін көрсететін шығармасының біреуі. Ақындық күші тіл, бейне жағын алғанда, ол кездегі қазақ поэзиясының ең шебер жазылғанына қосылатын поэзия осы «Аға тұлпар». Омардың өзі өз боп қолынан жазылып шыққан шығармаларының ішінде, көркемдік жағынан бұдан күштісі жоқ. Көркемдік жағынан «Аға тұлпар» өзімен тетелес, басқа ақындардың шығармаларына ағалық істей алады.

Түр жағынан «Аға тұлпардың» қасиеті осындай. «Аға тұлпардың» түрінен пурлтариат жазушылары да үлгі алуға болады.

Мазмұны жағына келгенде, «Аға тұлпарда» Омар феодалдық идеологиямен байшылдық идеологияның екі арасында көп толқығандығы көрінеді. «Аға тұлпардың» ішкі мазмұны – екі таптың күресі. Омардың пікірі «Аға тұлпарда» екіге бөлінген де, өзара күрес жасаған. Бірақ осы күресте Омар екі пікірінің біреуіне еркін жеңдіре алмай көп әуре болады. Әйткенмен «Аға тұлпарды» аяқтағанда оның феодалдық жағы басыңқырап кетті. Оған «Аға тұлпардың» ең аяғында жазылған «Қиял», «Ақиқат» деген өлеңі куә. Омар былай дейді:

Жаздың жай бір шағында  
Жердің жүзі көгеріп,  
Көрік берген уағында,  
Жатыр едім бір түні  
Сахарада салқындап,

Жоғары аспан жүзінде  
Сансыз жұлдыз көрінді  
Сап күмістей жалтылдап.  
Көрушіден ол алыс,  
Екі арасы тым шалыс.  
Алыстықтың белгісі –  
Нұры талып шақ жетер  
Қараған көзге қалтылдап.  
Жалаң ойлап қоймадым,  
Қарадым да ойладым,  
Өз-өзіме сөйледім:  
Сөйлегенде бүй дедім,  
«Көрінген мынау көп жұлдыз  
Көрер көзге кішкене,  
Көп те болса шөп жұлдыз.  
Ғалым айтар бұлардын  
«Зорлығының шамасы  
Әр біреуі – бір дүние»,  
Деп айтуға топ жұлдыз.  
Жатқаным мынау үстінде  
Доп-домалақ кара жер,  
Кең жиһанның ішінде.  
Ноқаттай орын алмайды,  
Шеккісіне (салмағына – С.М.) ғаламның  
Тозаңдай салмақ болмайды.  
Пән көрмеген қысқа ақыл  
Бұл айтқанға нанбайды.  
Нанбаса да дұрысы,  
Жиһанға қарай өлшеніп,  
Қиясы етіп қаралса  
Мысалы, бейне жер тозаң,  
Жер үстінде қыбырлап,  
Жүрмін, жанмын десе де,  
Адам да сондай бір тозаң.  
Тозаңдай сол адамның  
Жер үстінде ғұмыры  
Көз, кірпігін қаққандай.  
Адам жүрер сонда да  
Мәңгі суын татқандай.  
Тұтқасынан асқар тау  
Ілінер болса қолына,  
Қопарып түптен, атқандай.



Ақыл, ойы жетісіп,  
Сұмдығымен жиһанды  
Екі бұлға сатқандай.  
Өзі патша, өзі хан,  
Он сегіз мың бар ғалам,  
Аның үшін түзеліп,  
Тәртіп, нұсқа тапқандай.  
Шаттық құрар мез болып,  
Қарқ олжаға батқандай.  
Қиямет мақшар таң туып,  
Жер көтерген өгізді  
Сойып салып, жайратып,  
Тойын жасап жатқандай.  
Раузан атты періште  
Қайқайып басы әр жерде  
Ылғи ғана іріктеп,  
Соныменен қажыға  
Қатарлап, табақ тартқандай.  
Көк өгіздің етіне,  
Тойып алған сабаздар  
Еріндері жылтырап,  
Әр қайсысы жетпіс қор  
Өбе, құша жатқанда.  
Ей, адамзат, адамзат,  
Бұ ғалымның ішінде  
Тозаңдай қалың жоқ болса,  
Зәредейін бір құртқа  
Қарсыласып, қарысып,  
Тұрар жайың жоқ болса.  
Барша ғалам сен үшін  
Тізілмесе керекті.  
Жаратушы бұларды  
Күдіретінің шегі жоқ,  
Ғылымының түбі жоқ,  
Жалғыз ие болғасын.  
Жалғыз ғана бір өзі,  
Сырына жетіп ғаламның  
Мақсұтын білсе керекті.  
Бір тамшыда бір миллион  
Жан иесі бар, дейді.  
Сол жұмладан сен дағы  
Жанға қожа, бір құртсың:

Сырынан бұл ғаламның,  
Мақсұтынан жиһанның  
Өлесің, жоқ құр құртсын.  
Бар болғаны сол ғана.  
Ожданына бойұсынып,  
Төреші көңіл екенін  
Әр уақытта жар етіп,  
Тіршілік ету дүниеде  
Әрбір адам ұлына  
Міндет болса керекті.  
«Ождан» деген көңілдің  
Төресіне айтады.  
Ождан түбі алланың  
Бұйрығына қайтады.  
Амал етсе кімде-кім,  
Шынымен ождан бойынша,  
Еш бір уақыт ол адам  
Бұйрығынан алланың  
Адаспаса керекті.  
Осы ғана адамның  
Ақыл тауып жеткені,  
Ақылдар халыққа,  
Ашып, баян еткен.  
Мұнан ары озуға  
Адамның әлі келместі.  
Тайы келмес нәрсеге  
Халын біліп адамзат  
Қатыспауы керекті.  
Мұнан ары дегенім,  
Бар адамзат жынысы  
Дүнияға келіппіз.  
Жиһан деген қонысқа  
Келіп, жетіп, өтіппіз.  
Келуіміз не үшін?  
Кетуіміз не үшін?  
Мұнда не сыр, не мақсат?  
Білдік десек, біліппіз.  
Кім құрады Жиһанды,  
Кім жіберді адамға  
Терең сырлы бұ жанды?  
Құраудан мақсат, мұрат не?  
Кім құрса, соның өзіне  
Мағлұм болса керекті.



XVIII ғасырдағы Еуропаның атақты қиялшыл пәлсафашыл Юм деген адамы «заттын ішкі сырын тануға болмайды» (вещь в себе непознаваем) деген қисын шығарған. Омардың мына өлені сол қисынға ағайынды өлен.

«Сырынан бұ ғаламның,  
Максұтынан жиһанның,  
Үлесің жоқ бір құртсын»

деген осы қисын. Омардың бұл қисыны ағып тұрған метафизико (метафизика). Қазақша айтқанда, діншілдіктің, тағдыршылдықтың, тәңірге табынушылықтың ең жоғарғы дәрежесі.

Омар адамзатқа: сен – дүниенің құртысың. Әлем сен үшін жаралған жоқ, неге жаралғанын сен білмейсің, оны тәңірі ғана біледі, сенің ғаламды білем деуге қақың жоқ. Сенің арыңның, ақылыңның қазығы аллада. Сен алланың «істе» дегенін істе де жүр деп отыр. Бұдан артық діншілдік бола ма?

«Өрнек» деген кітабында Омар «тәңірі себеп дүниесі ғып жаратты. Адамның ғылым іздеуі тәңірге құлшылыққа жатады. Кім де кім ғылым іздесе, тәңірге күнәлі» деп еді. Мына жерде ол сөзіне қарсы кеп отыр.

Ғылым деген адам баласының табиғатпен нешелер мың жылдардан бері күресіп келе жатқан ісінің тәжірибесі. Адамның тіршілік ретінде табиғатпен күрескеннен алған тәжірибесі – ғылым. Егер де адам жаратылыстың сырын ашуға күрессе, ғылым қайдан шығады? Адамның жаратылыспен күресіне құрал болмаған ғылымның керегі не?

Өнер деген – адамның күрестен алған тәжірибесінің сағылап жоғарылауы. Тәжірибеге тәжірибе жалғасу. Егер дүниенің сырын ашуға болмайтын болса, өнер дегеннің керегі не? Адам өнер, ғылымсыз тәңірінің өзі беретін нәубәтін жеп жүре беру керек қой!

Адам солай істеп отыр ма? Жоқ. Қазіргі пойыз, айырпылан, радио, телеграмма, мыңтүрлі машинелер, жалпы білім табыстары жаратылыстың сыртқы сыры емес, ішкі сыры. Егер ізденуге тырыспаса, дүниенің жаратылудан мақсаты не екенін ізденбесе осы жасырын сырлардың біреуін де аша алмас едім. Олай емес. Адам жаратылыстың сырын ашуға міндетті. Егер ашпаса, адамға тіршілік жоқ. Адам – адам боп тұра алмайды. Құриды. Адам жаратылыстың сырын ақтара білмегендіктен ғана, өзге жаратылысқа әмір етіп отыр. Егер де жаратылыстың сырын білуге тырыспай, арқасын аллаға тірсіп отырса, адам өспес еді. Көрінген аңның қолында, табиғаттың құбылыстарында топалаң тиген қойдай қырылар еді, де, жатар еді.

Адамның адамшылық қасиеті, адамның мәдениеті тұрмыс тәңірде емес, адамның өзінде. Адам аң да болуға, адам да болуға жарайды. Жаратылыстың жасырын сырына неғұрлым сұғымпаз, ізденпаз болса, адамның соғұрлым тіршілігі көркейеді. Неғұрлым жаратылыстың сырынан қапып, өз басымен, өз денесімен әуре болса, соғұрлым



адамның тұрмысы кері кетеді. Омардың «Таңқы мұрт, таспа қара, діншіл сопылары» осы жаратылыс күрәсінен бас тартқандар. Омар оларға «тіршілікте жұмысың жоқ» деп ұрысканмен «Аға тұлпарының» аяғында ұраны сол «сопылыққа» жығылып отыр. Бір уақытта аршып алмақ болған («Өрнекте») дін батпағына адамзатты қайта әкеп, құлатқалы отыр.

Омардың бұлай болу себебі, өліп бара жатқан феодал табының ыңғайына түсіп кеткендік. Қашан да болса өліп бара жатқан тап, өмірде аяқ басар жерін жоғалтқан тап, тіршілік күрәсінен безіп, осындай күйге ұшырамақ. Өзі сезсін, сезбесін, Омар феодал табының қиялына беріліп кетті.

### «Тұрымғай»

Омардың бұл өлеңдер жинағы 1918 жылы, Уфа қаласында басылды. Бұл жинағылда Омар феодалдық өмірмен қоштасып, байшылдыққа аулды. Февраль төңкерісі феодалдар төңкерісі емес, байлар төңкерісі еді ғой, осы февраль төңкерісін Омар былай деп қарсы алады:

«Екі талай іс болып,  
Елге қиын күн туды.  
Аспанда ай, күн тұтылып,  
Жер жиһанды қан жуды.  
Көзі ашық елдер қам қылып,  
Ертерек бекем бел буды.  
Тіршілік керек бізге де,  
Қоялық енді қаз қуды.  
Қара қазап қамы үшін,  
Ер азамат жиналып,  
Қорғалық мынау жер суды.  
Сыналатын ерлігің,  
Сакталатын серілігің,  
Көрінетін елдікті –  
Күн туды, алап, күн туды.

-----  
«Алаш» деп ұран шақырып,  
Шапқан шөптей жапырып,  
«Бауыр» деп бас қосып,  
Малта жесіп, е десіп,  
Дос жарыңды күлдіріп,  
Дұшпанды іштен тындырып,  
Іс қыласын қылатын,  
Ел боласың болатын,  
Күн туды, алап, күн туды.

(5-6 бет).



Омар февраль төңкерісінде тіс қаққандықтан, естіярлығын қылып отыр. Ол ұлтшылдардың ішіндегі жастары сықыды:

«Алаш туы астында  
Күн сөнгенше сонбейміз.  
Енді алашты ешкімнің  
Қорлығына бермейміз»

*(Сұлтанмақмет)*

деп, орыпсыз өр көппелікке түскен жоқ. Патшанын түсуін, бостандық «болуын айта келе», «Екі талай іс болғанын», «Ерлік сыналатын күн туғанын» айтты. Февраль туғанмен, басталайын деп тұрған азамат соғысын Омар жақсы білді. Азамат соғысында қазақтың байлары басқарған алашорда партиясының басына қиын істер туатынын, «Алашорда» орда бөп тұруы үшін оғап көп қиындықты басынан өткізуге тура келетінін айтты. Оның қиындығы болса, болмаса да, ол кезде алашордашылар шулап жыр қылған «Бәлшебек қаупі» ғой. Осындай күшті қауіпті көрген Омар:

«Құдай ма! Бар мұрадың әр бір істе.  
Кірмейді сырын ашу біздің түске.  
Алайда ақыл аспа ер кінәлі,  
Барлайын ой жіберіп, кей бір іске.  
Тыңдырып, зар жылаған асықтарды,  
Жіберсең күдіретіңе бұ да күш пе?  
Бағымды аң, байлауым шеш, басым бос,  
Зарлатпа қам көңілді ерте-кеште.  
Махамбет дидарыңнан енген сәуле  
Бір берген сәуле нұрды енді кеспе!»

*(7-бет)*

деп тілек қылды. Бұндағы «берген сәуле нұр» әрине, февраль. Омар жалғыз тілекпенен ғана отырған жоқ. Алашорданы, оның көссмдерін көпшілікке танытып, беделін көтеруге, сол арқылы кара бұқараны «бәлшебек қаупіне» қарсы қоюға ойлады. Сол ниетпен «...ға...» деген олеңінде ол былай деді:

Ірі жұмыс қолға алып,  
Айға шапқан арыстан,  
Таза жүрек, ақ пейілі  
Терең ақыл данышпан.  
Тайғақ кешу тар жолда,  
Тар қапылар келгенде.  
Ұлт намысын қолынан,  
Жібермесек шалысқан.  
Қалың бауыр жұрты үшін  
Жасанған қолды бұзам деп,





Жарып өтіп озам деп,  
Тізгінін бермей қарысқан.  
Жұлдені қалай берем деп,  
Жатқа қалай берем деп!  
Аж иық айқын ерлермен.  
Белсеніп шығып алысқан.  
Екі сөзді білмеген,  
Сері көңілді жүрекпен,  
Серт байласқан жерінде  
Ұрандасып табысқан.

Алдаспанын асынып,  
Айбарынды асырып,  
Мұздай болат киініп,  
Аруаққа сыйынып,  
Қабағынан қар жауып,  
Қадамыннан қан жауып,  
Шығар болсаң көңілім,  
Табаны тұрып жұлында,  
Қарсы тұрар қай дұшпан.

*(21-22 бет)*

Омардың бұл арада «...ға...» деп отырған Әлихан Бөкейханұлы сықылды алашорданың көсемі болу керек. Оны «Түс» деген өлең дәлелдейді:

Өткен жұма түнінде,  
Мен бір ғажал түс көрдім.  
Түс болғанда тамаша,  
Адам нанбас іс көрдім.

*(34-бет)*

деп бастайды Омар «Түсін». Түсінде мақшар күні болады. Қарасат майданы құрылады. Сират көпірі тартылады. Жұмак ашылады. Тамұк күжілдейді. Паракорлар, надан ишан, молдалар, өнерге ұмтылмаған пасықтар, баксы-балгерлер тамұкқа топ-тобымен айдалып жатады. Мұны көрген Омар сырғып келе жатса:

Аттар мінген қанатты,  
Айбары зор санатты,  
Қарсы келді көп кісі,  
Форма киген баршасы,  
Зиялыдай көрінді,  
Алдарында біреу жүр  
Басында бар кепкесі<sup>46</sup>.

<sup>46</sup> Орысша бас кнімі - Омар



Тани кетті ділмарым,  
«Әлекем ғой (Әлихан – С.М.) анау» деп,  
«Ұлтын сүйген ерлердің,  
Дәрежесі сол-ау деп,  
Пәлсапасын соғады,  
«Ақиқаттың жолында  
Жан кинаған ерлерге,  
Не де болса сол-ау» деп,  
Ойыма алдым: бұл қалай?  
Әлі... мұны қаралап,  
Жүрмеп пе еді молдалар,  
Түрліше айтып жаралап,  
«Дін білмейді пақыр» деп,  
«Дыйнатқа тақыр» деп,  
Аяушы еді кейбірі.  
Айтпаса да саралап,  
Маңдай алған бағыты,  
Ұжымақтың жолында,  
«Алаш» сөзі жазуы,  
Ұстаған ту бар қолында.  
Ылғи студент гимназист,  
Оңы менен солында,  
Жарқылдатып кеткенін,  
Қарай қалдық соңында.

*(38-бет)*

«..ғаның» кім екені бұл өлеңнен айқындалып отыр. Бұдан кейін Омар мыналарға жолығады:

Тап болдық мұнан кейін аз сабазға,  
Артпаған бес-алтыдан саны азға.  
Үркердей топтанысып, сауық құрып,  
Келеді құлақ салып тартқан сазға.  
Ұстаған қолдарында жарлығы бар,  
Жазылған алтын путал бір қағазға.  
Тігілген киіз үйдің ресімі тұр.  
Көз салсам алдындағы бір қағазға.

Жолдасым жөн сілтеді маған енді:  
«Сөз жазған жазушылар бұлар» деді.  
«Сары арқа, ұран, қазақ бірліктерін»<sup>47</sup>,  
Шығарып жол көрсеткен солар» деді.

<sup>47</sup> Бұлар алашорданың әр жерде шыққан газеті – С.М.)

Көрсетіп қолыменен «Анау ресім,  
Киіз үй... Мағынасын кім ұғар» деді.  
Халқыңның көзін ашқан сабаздардың  
Әлбетте, орны жұмақ болар» деді.

(39-бет).

«Үш мың ба еді? Немене» деп, Омар қасындағысынан тағы бір сол кезде шығатын газетті сұраса, қасындағысы:

«Оны айтып бұл арада не қыласын  
Шығарып, ойыңыздан таста» дейді.

Бұл айтып отырғаны «үш жүз» атты партияның газеті. «Үш жүздің» жүзін Омар әдейі білмегенсіп «мың ба еді?» деп сұрап отыр. «Үш жүз» алашордаға қарсы партия болды ғой. Бұл өлеңдерден Омардың февральдан кейін беті ашық түрде байшылдыққа ауғаны, байлардың көсемі Әлихан сияқты адамдарды дәріптегені, бәлшебекке қарсы шыққан алашорданың газеттерін, оларды шығарушыларды дәріптегені көрініп отыр. Дәріптемей Омарда шара жоқ. Үйткені ол өзі де, ұлтын сүйөмен Әлиханның артынан жұмаққа іле барам деп жүрген адам. Онын үстіне алашорда партиясының үкімет молдасы болған адам.

Омар «күн туды, алаш» деген өлеңінде, қазаққа «жер, суды қорғайық» деді ғой. «Жер, суды қорғағанда» кімнен қорғайтынын ол ашық айтқан жоқ. Әйтеуір бір үлкен күш барын, ол күш алашордаға қарсы күш екенін елестететті де қойды. Оның жоғарғы өлеңдерінде ол жаудың кім екені көрсетілген жоқ. Біз енді бұдан былай Омардың жауын іздеп көрейік!

Омардың «Тұрымтайының» ең басында «залалды торғайлар» деген бір өлең бар. Өлең былай деп келеді:

Көбейді түрлі торғай осы күні,  
Шокиды жаз егінді күні-түні.  
Серпіліп бір саябыр болмас па екен  
Сырылдап тұрымтайдың шықса үні?  
Бірдеме жасамаса қояр емес,  
Барады жас бидайға түсіп жыны.  
Жалғасып «тұрымтайға», «қырғи» шықса,  
Құрғырлар бітер ме еді қалмай дымы.  
Қалдырмай қанаттарын жұлар ма еді,  
Тартса да тоғыз екі тұрған құны.  
Жалбырап бақтың күйі аман өсіп,  
Жетісіп, толар ма еді, көрік сыны.  
Иіліп, басы толып, піссе бидай,  
Жан сая табар еді көріп мұны.  
Кесірлі торғай біткен бітер ме еді  
Құдайдан жарылғасын тиіп шыны.

(3-бет).



Бұндағы жас егін, сөз жоқ, февраль төңкерісі. Ол кездегі байлар партияларының айтуынша февральды (жас егінді) өсірмейтін жұмыскерлер мен еңбекші қара шаруаның жасағалы отырған пурлтариат төңкерісі. Шыны солай. Үйткені пурлтариат февральмен қанағаттанған жоқ. Февральдың ертеңінде-ақ, байлар партиясынан жігін мүлдем ашып, октябрь төңкерісін жасайтынын ашық көрсетті. Осы сықылды, февраль төңкерісіне қатер туғызып отырған торғайларды (жұмыскер мен еңбекші қара шаруаны) жоғалтуға байлар создерінің «тұрымтай», «қырғиларын» әзірледі. Екінші сөзбен айтқанда бәлшебек қаупін офицерлер мен жандаралдардың күшімен басқысы келді. «Алашорда» қазақтың байларының партиясы болғандықтан, онда: Әлиханға ту ұстатып, қасына студенттер мен гимназистерді (екінші сөзбен айтқанда байшыл оқығандарды) ертіп, бәлшебек қаупіне қарсы өз «Тұрымтайын» шығарды. Омардың «Тұрымтайы» – осы Тұрымтай.

Осы «Тұрымтай» екені, оның «Неден қорқам» деген өлеңінде ашық айтылады. «Торғайлар кім» екені де сонда ашық көрінеді:

Асығыс істей салған істен қорқам,  
Қандары тасыған қара күштен қорқам.  
Дос болып, бірге жүріп, қастық етіп,  
Тысына қайшы келген істен қорқам.  
Көруге бек әдемі болса дағы,  
Құбылма, тез оңатып түстен қорқам.  
Мезгілсіз ерте туған таңнан қорқам,  
Жауынсыз құр желдеткен шаңнан қорқам.  
Таң туды, мезгіл жетті деп адасып,  
Құрылған қараңғыда заңнан қорқам.  
Істері адамдыққа жанаспайтын,  
Жануар екі аяқты аңнан қорқам.  
Көлеңке елестеген бойдан қорқам,  
Түс көріп, оң деп ұққан ойдан қорқам.  
Теңгеріп жарлы, байды құрып жұмақ  
Теп-тегіс жұртқа жеткен «тойдан» қорқам.  
«Теңгердім, той жасадым жұрт үшін» деп,  
Жер-жерде шалған құрбан қойдан қорқам.  
Ұжмақ, көктен жерге еңбек емес.  
Мезгілсіз бір нәрседе келмек емес,  
Өзін ту ұл тусаң да, қыз тусаң да,  
Әкеліп біреу саған бермек емес.  
Табиғат заңы, жолы өзіне қос,  
Елкімнің жетегіне ермек емес.  
Адаспа, «аңдық» етпе адам ұлы,  
Көрінген обыр сағым көзіңе елес.



Сағымды «су таптым» деп жұрт жинасан,  
Жиындыға айтар сөз жоқ, құрып кенес.

(1-бет).

Орыстың (Крайне реакционный) дейтін өлеңі осы. Бұл өлеңді кара тілге айналдырғанда, айтып отырған сөзі мынау: Бәлшебектер түбінде тапты жойып, социалдық тұрмыс жасаймыз, дейді. Олар осыны істер жолында жарылқаймыз деп халықты алдап қан төгеді. Бәлшебектер екі аяқтының ішіндегі ан. Олар социализм орнатамыз дегенмен орната алмайды. Олардың айтып жүрген социализімі адам баласының жұмағы (рахат тұрмыс). Бірақ ол жұмақ көктен жерге енбейді. Бәлшебектердің жалпы адамды бақытты қыламыз деуі өтірік. Біреуді біреу жарылқай алмайды. Әркім өзін-өзі жарылқайды. Жұртты бірдей қылам дегенге жаратылыс заңы көнбейді. Бәлшебектердің айтып жүргені, сағым істері – аңшылық. Оларға ерсе адам баласы құриды. Міне, бұл өлеңнің кара сөзге айналдырғандағы бар айтары осы.

Бұл, әрине, Омардың басынан ғана шыққан сөз емес. Бұл сол кездегі байлар партиясының пурлтариат үстемдігіне жаққан нас балшығы. Ол кезде шыққан барлық байшыл газеттері осылай деп жазған. Оның ішінде «Алашорданың» Омар мақтаған «Сарыарқа», «Бірлік туы», «Ұран», «Қазақ», «Жас азамат» сықылды газеттері де бар.

Пурлтариатқа бұл сықылды сасық өсекті осы күнге шейін барлық байлар мемлекеттерінің баспа сөздері, ақтын кашақтарының баспа сөздері жазып келеді.

Бұл сықылды сөзді байлар табы қашан түгел жойылып болғанша аузынан тастамақ емес. Сондықтан байшыл Омарға сен неге «социализмге сенбейсің» деуге болмайды. Ол бұлай деп жазса, өзінің байшылдық пікірін жазып отыр. Пурлтариаттың жерде жұмақ жасай алатын-алмайтыны Кеңес үкіметінің он үш жылдық тіршілігінде ашық көрініп отыр. Оны бұл арада дәлелдеудің қажеті жоқ.

Омар февральдың бастапқы кезінде қарқындайды. Алашордасын құрып, «Тұрымтайларын» (Алаш әскерін) жасап, «қиялшыл» бәлшебектерді қырып, байшылдықтың егінін пісіргісі келеді. Бірақ ол тілек болмайды. Бір жағынан Бәлшебек қаупі күшейіп, октябрь төңкерісі жасалып, азамат соғысы күшейсе, екінші жағынан қазақтың еңбекші бұқарасы «Алашордаға» ермейді. Сұраған солдатын бермейді. Беттерін қайтарады, жігерін жасытады. Омардың өзі айтқандай «алашорданы» басқарған Әлихандар «гимназист, студенттермен» және байлардың балаларымен ғана қалады. Көпшіліктің ынтасы «алашордаға» қосылмайды. Осыған ызаланған Омар қазақтың қалың бұқарасына былай деп ұрсады:



Дүние толды өсек аян, жер солды,  
Елемейсің елім байқап оң-солды.  
Өтер жерің тайғақ кешу тар жолды,  
Байқамастай елім саған не болды.  
Жұрт жиналды, кеңес құрды, тарады,  
Оңар жағын өз елінің қарады:  
Ықтырмасын жел бетіне қадады,  
Ескерместей елім саған не болды.  
Жиғаныңды алды, өртеді, талады,  
Қарсылассаң, тамағыңнан шалады.  
Дұшпан шықты, жан-жағыңды қамады,  
Мұны көрмей жұртым саған не болды.

Шыңғыс, Батый хандық құрып тұрған ел,  
Қара қыпшақ Қобыландылар туған ел.  
Қарсыласқан дұшпан жауын қуған ел,  
Емес пе едің жұртым саған не болды?

*(14-бет).*

Қара бұқара, қашанда болса, өзінің мақсатының шеті көрінген жерде ғана бастаушыға ереді. Бастаушының сөзі, ісі өзінің тілегіне қабысса ғана мақұлдайды. Қазақтың еңбекші бұқарасында Алашордаға бұл сықылды сенім болған жоқ. Алашорданың еңбекші бұқараға арналған түк ісі болған жоқ. Сондықтан, жалғыз Омар емес, «жалпы Алашорда» болып үгітесе де, еңбекші бұқара оларды қостамады. Ермеді.

Бұны көрген Омар біраздан кейін қарқынынан қайтып, уайымға кіре бастады:

Қайғылы қара күндер өтер ме екен,  
Қолайсыз мінді мінез бітер ме екен.  
Ит болып ырыдасып өткен күндер  
Жоқ болып ізі, жолы кетер ме екен.  
Түсініп айтқан сөзге қазақ елі,  
Ыждағат ел болуға етер ме екен.  
Орнаған ақ жүрекке иманның  
Қадірін біліп таза күтер ме екен.  
Табылып ойға алғаны, бәрі болып,  
Еңіреп ер мұратқа жетер ме екен!

немесе:

Ақ орда алаш көріп келе ме екен,  
Жамырап келіп еңіп кіре ме екен.  
Сарғайып сағындырып қолға түскен  
Асылдың қадірлерін біле ме екен.

Ұлт ісі, жұрт намысы деген сөздер,  
Имандай жүрегіне сіңер ме екен.

(18-бет).

«Көреміз бе?» деген өлеңінде де осындай сары уайымды соғып кеп,  
Омар былай дейді:

Өз жеріне шыққан кенін өзі алғанын,  
Әдемілеп айқыш-ұйқыш жол салғанын,  
Еуропаның өнерінен үлгі алғанын,  
Тірлікте көреміз бе, көрмейміз бе?  
Алаш атты орда тігіп шалқығанын,  
Бак, дәулеті туып, өсіп балқығанын,  
Әр істе қазақ иісі анқығанын,  
Тірлікте көзімізбен көреміз бе?


(17-бет).

Әттең, Омар, тірі емес. Егер де тірі болса оған біз: «социализмді  
Алашордасыз-ақ Қазақстанда құрып, қазақ елін Еуропа мәдениетімен  
сусындатып жатырмыз. Сіздерге ермеген қазақ еңбекшілері Кеңес  
үкіметіне жан-тәнімен ерді. Бірақ, сіздер қолдайтын байларға ғана Кеңес  
үкіметі қатаң. Енді не айтасыз? дер ек.

Октябрь төңкерісі өріс ап, пурлтариат үстемдігі қанатын кең жайған,  
жалпы Русия байларына, оның ішінде қазақ байларынан жасы ажал  
жақындаған сайын, Омардың градусы төмендеп, тіршіліктен күдері  
үзіліп, қиялға кете бастады. «Өмір пәлсапасы» деген өлеңінде ол былай  
деді:

Мысал мынау жалған бір жел қайық,  
Қылт етіп қия бассан, кеттің тайып.  
Таяныш тұрағы жоқ болғанан соң,  
Бұлайша мысал етсек болар лайық.  
Таянып тұрақсызға көңіл бөліп,  
Жүрмеңіз мәңгілікті жоққа сайып,  
Тіршілік бес күн не бар тиген еншің,  
Пайдалан мейлінше қанат жайып.  
Аз еншің, екінші жолға шашпа,  
Келуі қайта айналып алмағайып.  
Қалмайды ізі-жолың бұ жиһанда,  
Кеткен күн тағдыр суы жуып-шайып.  
Нені іздеп келіп едің, қайда кеттің,  
Бұл жұмбақ шешуі жоқ таңғажайып.  
Анық сол: атқан таңдай азы ғұмыр,  
Уақыты бітсе кетер әлі ақ байып.

(8-бет).



«Тіршілік мұраты» деген өлеңде:

Әуелі қолдан келсе еліңді сүй,  
Ел үшін еңбек еткен ерінді сүй.  
Қағыба тауап ету керек болса,  
Кір жуып, кіндік кескен жеріңді сүй.

(9-бет)

деп келеді де:

Іс мұрат бірінен де табылмаса,  
Қаранғы кіріп жатар көрінді сүй.

(10-бет)

дейді. «Жетім сауал» деген өлеңінде:

Бар ма екен бұ жиһанда бауыры бүтін,  
Болса да сырты бүтін, іші түтін.  
Өлімнің тырнағынан құтылмаған,  
Татқан жан жиһан деген ана сүтін.

(13-бет)

деп келеді, аяғын:

Жиһанға өлмек үшін келген болсақ,  
Жаратып не етеді екен күдіретім.  
Пікірін сарып етсе де құламалап,  
Жауапсыз бұл бір сауал қалған жетім.

деп бітіреді.

Табынан адасуға айналған, табының табаны тайғанақтыққа түскен ақынның қашанда болса, өзге мақсатының бәрінен де қол сілтеп шығып, дене ләззәтін әсіресе, әйел құмарлықты қуаттап, соның соңына түсіп кететін бір дағдысы бар. Бұл дағды табы өлуге айналған барлық ұлттың ақындарында да болады. Бұл дағды қазақ байшыл ақындарының ішінде жалғыз Омарда емес, бәрінде бар. Барлығы әр ақынды тексергенде көрінеді.

Февральға шейін ұлтшылдықты жылауық түрінде сарнап келген Омар, октябрьден кейін жоғарғы айтқандай қажығасын, тап мақсатынан күдер үзе бастаған «ата» дағдысын істеп, мақсатының бәрін жоғалтып, бар тілегін әйелге әкеп төкті. «Достыма» деген өлеңінде ол былай дейді:

Жалғанда сенен басқа табарым жоқ,  
Бойыма әйкел етіп тағарым жоқ.  
Кеудеден шыбын жаным шыққанында,  
Көз жазып, қаранды үзіп қаларым жоқ.

---

Қал жайым көз көрмейтін қаранғы кеш,  
Шам шырақ сенен басқа жағарым жоқ.

---

Есірке, қалымды ая, көзіңді сал,





Тілегім сонан артық талабым жоқ,

Дидарың көріп көңілім бір ашпасам,  
Тапсам да сегіз жұмақ қарарым жоқ.

*(15-бет)*

«Жазғы кеш» деген өлеңде:

Мұндай жазғы түндерде,  
Жаға берме езіліп,  
Кеуденде шыбын жан болса,  
Қанағтан да құстай ұш.  
Ұшып барып қосылып,  
Ши жібектей есіліп,  
Қол ұстасып құрбыңмен,  
Көңіл ашып, сыр сөйлес.

Жетім жүрек жолдасы,  
Мұндай керім кештерде  
Өз қайғынды өзің шеш!

*(27-бет)*

Міне, әуелі ұлтшыл, содан кейін ашық байшылыққа шығып, артынан саяси шаруашылық биліктен айрылған табымен бірге сары уайымға түскен Омардың жырлары. Таптан тысқары ақын жоқ. Тап ақыны осылай болады.

### «Мұғалімде»

Омар Қарашұлы, Кеңес үкіметі қазақ даласына орнағаннан кейін коммунист партиясына кірген. Бізше, жоғарыда көрсетілген түрде байшыл болған, Социализмді адамзатты обатын обыр деп түсінген, сол түсінісімен азамат соғысы кезінде де жүрген Омар, тез өзгеріп коммунист партиясына шын ықпалымен кіре қоймау керек. Бұл кіру, қазір жалпы қазақ еңбекшілеріне мәлім болған. 20-21 алашордашылардың коммунистік партиясын істен шіріту ниетімен кірген кісі болу керек. Жалғыз Омар емес, Байтұрсынұлы, Әуезұлы, Аймауытұлы сықылды пурлтариатқа қарсы байшыл жазушылардан коммунист болып біраз жүрді ғой. Артынан партиядан қуылды. Омардың партияға кіруінде Байтұрсынұлдарынан түк айырма болмауға тиісті.

Бір партиядан нық сеніммен жүріп, ол партия құлап қап, кешегі өзін күресіп жүрген партияға кіріп арбайын деу «тағдырдың» адамға жасаған бір ойыншығы ғой. Бұл «ойын» әрине, азғана ғана санасы барға ауыр тиюге тиісті. Адам ол «ойынға да» көнер еді, егерде сол «ойыннан» өз мақсатына шығатын тиянақты нәтижелер тұрса.



Пурлтариат дүниеде жасап келген барлық таптарды төптеп кеп, комунизмнің қақпасын ашқан тап болғандықтан оның «тағдырымен» ойнаудың өзі өте қиын ойын ғой. Пурлтариатпен нелер Омарлар, нелер Ахметтер «ойнағысы» келмеді. Бірақ, адамзаттың бақытының кілті, қолында отырған, тірегі мықты тап оған болсын ба? Болмады. Сондықтан, талай «ойыншы» Омарлар:

«Еш мұрат бірінен де табылмаса,  
Қараңғы кіріп жатар көріңді сүй»

деп, көне кетті.

1919-1920 жылдары бұрынғы Бөкей губерниясы, Орда деген қалада «мұғалім» атты білім-педагогика журналы шықты. Осы журналда Омар бірнеше өлеңдер жазды. Оның біреуі «Мұғалімге» деген өлең:

Кешегі кезде,  
Жүрдіңіз сіз де,  
Аяқтарын майысып,  
Ерте алмай елді,  
Баса алмай жерді,  
Қабырғаңыз қайысып,  
Ел жұмысы есеп пе?  
Ауырлама десек те.

Кекшитіп басын,  
Бұл етіп асын,  
Шай қойдырды қонаққа,  
Бай берсе етін,  
Молда айтты ретін,  
Ашты есік жұмаққа,  
Шайын жасап солардың,  
Жұмысыңа жол алды.

Сәлделі діншіл,  
Қайлалы күншіл,  
Дін бұзды деп зарлады.  
Кесірі тиіп,  
Ақ жолдан тайып,  
Өнер алға бармады.  
Оқу дінді бұзар ма,  
Надан шауып озар ма?!

Жарық таң атты,  
Жарғанат жатты.  
Енді, бауырым, қарышта.

Аяқ бас ілгері,  
Ақымда жүр бері,  
Қатарыннан қалыспа.  
Күшті құрал қолында,  
Кеселдер жок жолында.

*(«Мұғалім», сан-1, 15-бет)*

«Тұрымтайда» Омар «мұғалім» деген бір өлең жазған. Онда мұғалім Омарға:

Ұлттын көзін ашуға,  
Ғылым нұрын шапуға,  
Ғазер жаным болады.  
Жас балалар ғұмыры  
Желге зая кеткесін,  
Асық ойнап өткенін,  
Көріп, күйіп жыладым.  
Ойдағыны етуге,  
Жол бермеді үлкендер.  
Ақ сәлделі тордегі,  
Ана отырған діншілдер,  
Не бір істі дінменен  
Өлшейтін міншілдер.  
Жаңа тәртіп, төте оқу,  
Дін бұзар деп зарлаған.  
Таспа кара, танқы мұрт,  
Дін жолына үншілдер.

*(24-бет)*

деп мұның шаққан. Омар ол мұғалімге:

Дедім бауырым жалықпа,  
Әлі ақ таң атар.  
Жарық таң атса,  
Жарғанат өзі-ақ жағар.  
Жігерің жоғалмас,  
Үйрет, ғылым шап,  
Келешек сенікі,  
Адымда алға бас!

*(24-бет)*

деп ақыл берген «Мұғалім» журналындағы мұғалімге айтып отырғаны осы өлең. Бірақ соңғы өлеңде мұғалімге жолын ашылды деп отыр. Ол жолының қай жол екенін кім білсін, егер де «Ұлтшылдық түрін шашуға» ашылған жол болса, әрине, октябрьдің жолы емес. Бұл өлеңде Омар октябрь мұғалімдерінің жолынан дәнеңе айтпаған, ұлтшыл мұғалім мен октябрь мұғалімі бір емес. Ленин бұл туралы былай деген:



«Осы күнде Кеңес үкіметінде жарты миллиондай мұғалім әскері бар. Оларға біз тиісті нұсқау беріп тәрбиелей алғамыз жоқ. Олардың көбі байлардың тәрбиесін, пурлтариатка қарсы таптың тәрбиесін алған. Біздің алдағы мақсатымыз, партия тілегін тілегім деп білетін, партия бақытын бақытым деп танитын, жұмысшы табы партия жолына толық түсірісуге жәрдемдесетін мұғалім әскерін даярлауымыз керек»

*(XVIII том. II бөлім, 160-бет).*

«Комунист» болған Омардың аузынан біз бұл сияқты мұғалімді көріп отырғанымыз жоқ. «Мұғалімнің» 3-4 санында Омар былай деп жазады:

Келте күн көргенің,  
Қорлыққа жүргеннің,  
Ұйқыда көрінген  
Түске де тұрмайды.

---

Айтылмас сөздер бар,  
Ашылмас жаздар бар.  
Қоштықпен өткізген  
Қысқа да тұрмайды.

---

Жігіттің бір жазды,  
Мың дилдә қак азды.  
Кей ғұмыр бағасы  
Жегенге тұрмайды.

*(79-бет)*

Бұл өлеңдер ағып тұрған кайғы, қорлықта өткен келте күннің көрген түске тұрмауы, бұлт басқан жаздың қысқа тұрмауы, бір күні мындаған дилдаларға берілмейтін өмірдің кейде жеген асқа тұрмауы, сол сықылды өкініштердің Омардың аузына түсе беруі өмірден оның өте торыққандығынан.

Анығында, Омар сияқты байшылдық, ұлтшылдық қазанына неше жыл піскен адамдарға Кеңес үкіметінің тұсында күн келте (қысқа), жаз бұлтты, өмір ләззатсыз болуында дау жоқ.

Омардың бұл қапалығы «Мұғалімнің» 5-6 санында басылған «Мен» деген өлеңінде де көрінеді.

Көңілім сылқым ақ ерке  
Дегеніне көнбейді.  
Шырағым ...К құр текке,  
Ол сенінше жүрмейді.

---

Мезгіл туса бір күні,  
Токқындыққа ілінер,



Ықтиярдың тізгіні,  
Кімде екені білінер.

Өлтіре ме, жоя ма,  
Ол арасы өзінде.  
Жарылқай ма, қоя ма  
Қиыр салған көзінде.  
Әуелгіде ақ сұңқар,  
Сайран салған көңілім,  
Жайың қалай бас бұлғар  
Неге мұнша жеңілдің.

(24-бет)

Омар 1927 жылы өлді. Ол көңілін, тірі болса бұдан ілгері көтерер ме еді. Болмаса бұдан да төмендетер ме еді? Бізге ол арасы қараңғы. Бірақ біздің қолға түскен материалға қарағанда, февраль құларда төмендеген көңілін Омар Қазақстан үкіметі құрылып, қазақ еңбекшілері теңдік алып, Омардың өзі партияға кіргенде де күтее алған жоқ сықылды.

Омардың бізде бар шығармалары осылар-ақ болды. Оның «Қарлығаш», «Қырғи», «Тумыш» дейтін шығармалары (кітаптары) қолға қанша іздегенімізбен түспеді. Оларды түсіргенде, Омар туралы берген мәліметіміз толығырақ болар еді. Әйткенмен олардың негізгі сарындары біз көрсеткен шығармадағылар. Сондықтан шамалы түрде Омарды тануға осылар да жарайды-ау дейміз. Толықтыруды алдағы өмір тағы да көрсетеді.





#### IV. МАҒЖАН ЖҰМАБАЙҰЛЫ

##### ӨМІРІ

Мағжан Жұмабайұлы 1894 жылы қазіргі Бейнетқор ауданында (бұрынғы Сары айғыр болысы, Ақмола облысы, Қызылжар уезі) туған.

Мағжанның өз әкесі Бекен деген адам (1867 жылы туған). Жұмабай Бекеннің әкесі (1827 жылы туған). Жұмабайдың әкесі Шонай. Оның әкесі Өтеген, оның әкесі Өтеміс. Қазір Өтеміс деген арғынның Атығай деген танабының бір руы.

Шонай момын, жуас, шаруа адам болған. Жұмабай ат арқасына мінгеннен кейін, сауда істеген де байыған. Бертін келе қажыға барған. Елде беделді кісі болған. Жұмабайдан: Нұрмағамбет, Бекен, Батай деген үш ұл туған. Соңғысы өлген, екеуі әлі тірі. Жұмабайдың өзі 1899 жылы өлген.

Бекен екі әйелді болған адам. Бастапқы әйелі Малика Құдайбердіқызы. Одан бала болмаған. Соңғы әйелі Қызылжар қаласында тұратын Әшір деген өзбек саудагердің Гүлсім деген қызы. Жасы 55-те, әлі тірі. Бекеннен: Абау мүсін, Қарман, Мағжан, Мұхаметжан, Қалижан, Салтай деген бес ұл туыпты. Осылардың ішінен Абау мүсінді Жұмабай көзі тірісінде қолына алып қап, Бекенді еншісін беріп шығарған. Нұрмағамбет бұдан бұрын бөлінген. Жұмабай өлгеннен кейін Абау мүсінмен малға дауласып, әкесінің дәулетін қолына алған. Бұл кезде Жұмабайдікі елдегі белгілі бай.

Бекен жасында бозбалашылық соңына түскен, малға қарамайтын адам екен. Бертін келе ол кәсібін тастап, саудаға кіріскен. 1906-1910 жылдары Бекен би сайланған. 1911 жылдан бастап 3 жыл болыс болған. Бұл болыстықты ол Қызылжар уезіндегі меликер байлар Қуанышовтардан тартып алған. 1914 болыстықтан түсірілген де, Колчак тұсында бір жыл болыс болған. Одан бергі өмірінде елдің қабырғалы ақсақалы боп келген. Әлі тірі.

Мағжан сегіз жасында Кәрім дейтін ауыл арасындағы дүмше молдаға сабаққа беріледі. Одан бір жаз оқығасын, сол қысында Қызылжар қаласында медресе ашқан Мұхаметжан Бегешев деген молдаға (қазір мешіттің имамы) беріледі.

1902 жылы Данияр қажы дегеннің ауылына келіп мұғалім болған Ақия Ақанов деген мұғалімнен (Ақия қазір қазақ болып кеткен. Комунист. Қазақ ауданында қызметкер) бір жыл оқиды. 1903 жылы Ақияны Бекен



өзі жалдап алады. Ақия Бекенде үш жылдай тұрады. Осы үш жылда ол Мағжанды пәнмен жақсы таныстырады. Арапша тілді білдіреді. Және Мысырда сол кезде Мұхамет Гапдылов деген адамның жәдит жолымен жазған тапсырмаларын алдырып, сонымен таныс қылады.

1906 жылы Мағжан Қызылжар қаласында Қасен Папамаров деген молданың (жәдит молдасы. Қазір Омбы қаласында имам) медресесіне кіреді. Осы медреседе ол 1910 жылдарға дейін оқып, 1910 жылы Қызылжарға барып, судьяға бірнеше ай переводчик болған Міржақып Дулатұлынан орысша оқиды.

Одан кейін Уфа қаласындағы медресе Ғалияға барады да, оны бітірместен, бірер жыл оқығаннан кейін, 1913 жылы Омбы қаласына келіп аздап орысша даярлық жасайды да, Омбыдағы орысша семинарияға түседі. Семинарияны 1916 жылы бітіреді. Осыдан кейін Мағжан тиянақты мектепке түсіп сарылып оқыған жоқ.

Колчак тұсында бір жыл политехникалық институтта жабайы тындаушы болған. Сонымен Мағжанның оқу жағы бітсді. Оқу мәселесінде Мағжан көп тарлық көреді. Ойткені Бекен Мағжанды оқытқанда өзінің болыстық, билік мақсатына құрал қылуға оқытады. Мағжан олай болмай шығып әлеумет адам боп кеткесін Бекен оған көк тиын қараспайды. Кәтте Міржақыптың жалдатып оқытқан ақшасын төлей алмай, Ғазман дейтін Мағжанның ағасы Бекеннің бір өгізін ұрлап әкеп сатып төледі деген сөз бар.

Мағжанның ақындық қызметі 1910 жылдардан басталады. Оның ақындығын жарыққа шығаруға себеп болған нәрсе оның өз үйінің ішінен басталады: Жұмабайдың алпыс сегізінде алатын тоқалы Сызбай деген кісінің қызынан Ғазиза деген қыз туады. Мағжан Ақиядан оқып жүрген кезде бұл қыз бой жеткен көркем қыз болады. Бұл қызға Жұмабайдың бәйбішесінің інісі Ғали Құдайбергенұлы деген әрі жаңашыл, әрі саудагер жігіт ғашық болады. Осы қызды Жұмабай өлгесін малқұмар Бекен Қызылжар қаласында тұратын Есентай деген байға тоқалдыққа береді. Бұған Ғали (қазір тірі, 45-тер шамасында. Қажылыққа барған. Жаңашыл адам болған. Қазір қара шаруа, колхозға мүше) наразы боп өлең шығаралды. Бұл өлең 1906 жылдары татар тілінде шығатын «Уақыт» газетінің «әдебиет қапшығы» деген бөлімінде әлденеше рет басылады. Мағжанды білетіндер Мағжан сол кезде «Уақытты» оқитын еді. «Уақытта» өзінің апасы туралы жазылған өлең оған үлкен әсер етті дейді.

Мағжанның ақындығын қозғауға екінші себеп – Міржақып болуға керек. 1910 жылдары Міржақып Қызылжарда тұрып Мағжанды оқытқанда, өлең жазуына көп себепкер болды, деседі. Осыдан кейін ол өлең жаза бастап, ең алғаш жазған «Шолпан» атымен 1912 жылы басылып шықты. Содан бастап ол әдебиетке белсене қатынасты.

Саясат мәселесіне Мағжан басқа ұлтшыл ақындар сықылды, көркем әдебиеттен бастап кірісті. «Шолпанда» оның ұлтшылдық бәсті көрінді. Осы



бетпен ол февральға шейін келді де февральдан кейін таза байшылдыққа ауды. Алашорданың белсенді мүшесі болды. Учредительное собраниеге мүше боп сайланды. Сібірде уақытша Сәбдеп билік құрып тұрғанда, Сәбдеппен бірлесіп іс істеген «үш жүз» партиясы Мағжанды абақтыға алды. «Абақтыда айды, күнді жанылды ма» деген өлеңді, «Ғазизаға» деген өлеңді ол сонда жазды. Сәбдеп құлап, чехословақтың өзгерісі боп, үкімет басына Колчак мінгесін «алашорда» іске кіріскесін, Мағжан Ақмоланың Омбы қаласында ашылған облыстық «Алашордасына» белсенді мүше болды. Қызылжар қаласында Алашорда атынан шығатын «Жас азамат» газетіне, Семейде шығатын «Алаш орда» газеті, «Сарыарқаға», Семейде шығатын «Абай» журналына қатынасты. Оларда байшылдық рухта кеңес үкіметіне қарсы түрде көп өлеңдер жазды. Сол кезде Омбы қаласындағы «Алашорда» жастары шығаратын «Балапан» дейтін қолжазба журналға редактор болды.

1917-1918 жылы Мағжанның күрделі істеген істерінің біреуі Алашорда тарапынан ашылған күрестерде сабақ беру болды.

1919 жылы Сібірді Кеңес үкіметі алғанда Мағжан еліне барып, біраз жасырынып жатты да, өзінің тілектестері партияға кіріп алғаннан кейін, солардың көмегімен Қызылжар келіп, 1919 жылдың қыс ортасынан бастап Қызылжарда шығатын «Бостандық туы» газетіне жауапты редактор болды. Бұл қызметте ол 1929 жылдың күзіне шейін болды. Газетте редактор боп тұрғанда «Бостандық туын» Кеңес үкіметіне қарсы газет қып ұстады. Бірнеше байшылдық өлеңдер, үкіметтің беделін жоятын мақалалар жазады. 1922 жылдары еңбекші таптан шыққан жастар оны құжай бастады. Сондықтан ол Қызылжарды тастап, Тәшкен жағына кетті.

Тәшкенде ол кезде Қожанұлының жігі үстем боп тұрған кез. Қожанұлы негізінде алашорда жолы үшін күресті (Голощекин). Әуезұлы, Досмұқамбетұлы, Аймауытұлы, Кемеңгерұлы, Жұмабайұлы бәрі бастарын қосты. Қожанұлы бұларды қарсы алу былай тұрсын, қолдарына «Ақ жол» газетін берді. «Шолпан», «Сана» сықылды соларға арнап журнал шығарады. Кітаптарын басты. Мағжанның Кеңес үкіметіне ең қарсы шығармалары осы кезде басылды.

1925 жылдары Мағжан Тәшкеннен де қуғын көре бастады. Еңбекші жастар оны бетке қаға бастады. Сондықтан Мәскеуге кетті. Онда бір жағынан күншығыс баспасының қазақ бөлімінде кітап аударушы қызметін істеді де, бір жағынан Бреусов атына ашылған көркем әдебиет институтына кірді.

1928 жылдары бұл қызметті тастап еліне қайтты. Осы кезде оның торыққандығын көрсететін «Тоқсан тобы», «Толғау» деген өлеңдері жазылды.

Сол жылы Бурабайда ашылған ағаш мамандарын даярлайтын мектепке қазақ тілінен сабақ берді. Келесі жылы Қызылжарға кеп, Кеңес



партия мектебіне сабақ берді. Бір қыс онда болып, 1929 жылдың жазында қызметті тастап, бірде елінде, бірде қалада бос жүрді.

1930 жылы, Алашордашылдардың Кеңес үкіметіне қарсы ашқан жасырын ұйымына қатынасқандығы үшін абақтыға алынды.

Мағжанның өмірі туралы біздің білеріміз осы. Енді оның шығармаларын талдауға кірісеміз.

### «Шолпан»

1912 жылы Қазандағы Каримовтер баспаханасында Мағжан Жұмабайұлының «Шолпан» атты өлең кітапшасы шықты. Бұл кітап Мағжанның әдебиет әлеміндегі адымын көрсетумен қатар, ол кездегі Мағжанның саяси бетін, ой-қиялын көрсететін құрал. Сондықтан кітапшаны оқушылардың алдына сыяға тартамыз.

#### 1. Өнерге ұмтылу

Басқа ұлтшылдар сияқты Мағжан да қаламды «оқумен» мәселесін ашқан «Шолпандағы» «Өлең» деген өлеңінде ол:

Бұл жарыққа шыққасын,  
Іздейді көңілім күн-түні,  
Қайдасың, ләззат, рахат деп,  
Таппады сал боп еш мұны.  
Ойындама бос өткен?  
Қайғыланған ойда ма?  
Жүйрік қазы, сұлумен  
Қыз ойнақ, я тойда ма?  
Байлықта ма? Бектікте?  
Бетіне шіркеу шықпаған,  
Ас-ат беріп жұрт аузын,  
Алып, оған ақтаған.

Баяулады жалғыз-ақ,  
Мінекей деп тұрақтап.  
Ләззаттанып сөзіне,  
Қолына кітап, құранды ап,  
Айтар сөзім мінекей,  
Аласұрған көңілге,  
Оқу оқы, өнер қу!  
Басқалардан түніл де.  
Жұрттың қамын көп ойла,  
Уайым, қайғы жеп айла.  
Артта қалған сорлы жұрт,  
Алға бассын деп ойла!

(2-бет)



деп жырлады. Бұл кезде Мағжанда ұлт туралы тұрақталған пікір жоқ. Ол өзінен ерте оянған ұлтшылдардың кетіп бара жатқанын көреді. Бірақ неге кетіп бара жатқанын, қайда кетіп бара жатқанын ұғарлық білім жоқ. Сондықтан, ең алдымен, өз білімін толықтырып, «оқу оқуды, өнер оқуды» талап етеді. Өзі аз-маздап оқудың дәмін татқасын, ол қазақтың басқа жастарын оқуға шақырады.

Қарағым оқу оқы, босқа жүрме,  
Ойынға құр қаласың көңіл бөлме.  
Кідірме, аяңдама көкке ұмтыл,  
Алам деп көктен жұлдыз қолын серме,  
Жасынан оқу оқып, өнер қуған,  
Жан жетпес көңілі жүйрік кемеңгерге.

Оқуы ұлғайған сайын, өзінен ілгергі ол кездегі ұлтшылдармен жақындасқан сайын, Мағжанның саяси білімі жоғарылай бастайды. Ол енді, жастарды жалғыз оқуға шақырумен ғана қанағаттанбайды. Белгілі «қазағым» дәуірінің жыршысы болуға ұмтылады. Өнер-білімді, өзі ғана:

«Жан жетпес, көңілі жүйрік кемеңгер»  
болу үшін ғана қумайды, жалпы қазақты өнерге шақырады.  
Басқа жұрт аспан көкке асып жатыр.  
Кілтін өнер-білім ашып жатыр.  
Бірі ай, бірі жұлдыз, бірі күн боп,  
Жалтырап көктен нұрын шашып жатыр.  
...От жегіп, көкте ұшып, суда жүзіп,  
Тәңірінің рахматына қанып жатыр.  
Ойламай біздің қазақ текке жатыр,  
Бір іске жанаса алмай шетте жатыр.

---

Байлары мыңды айдаған шалқып жатыр,  
Бар малын болыстыққа сарқып жатыр.  
Барымта ұрлық, қарлық кісі өлтіріс,  
Ішінде сорлы қазақ қалқып жатыр.  
Кең жері күннен күнге құрып жатыр,  
Сұр жылан бар қан-сөлін сорып жатыр.

(5-бет).

Сорлы қазақ жан алқымға тығылып,  
Қара күн кеп, тіккен туы жығылып,  
Алға баспай, біткен ісі кер кетіп,  
Нәр тата алмай күшсіз, әлсіз бүгіліп.  
Оқу, білім жақындатпай, жолатпай,  
Қырын қарап, қазақ ісін ұнатпай.

---

Кітап әпер, оқысын балаң қолына,  
Малды аяма оқу білім жолына.

Өнер алып басқалармен қатар бол,  
Жер жүзі бір адамзаттың ұлына.

*(11-бет).*

## 2. Отаршылдыққа қарсы

«Шолпан» кезінде Мағжанда ұлтшылдықтың белгілі пурграмасы жоқ. «Қазағым» дегенде, Мағжан сол қазақты оқудан басқаға шақырмайды. Пәлен ел күшті, сен осалсың дегенде, қазаққа «оқу жағынан ғана осалсың» дегенді көрсетеді. Оқуы орыс жұртынан артық болмаса кем емес Польша, Латвия сықылды елдердің ішінде де ұлтшылдық қозғалысы барын, ұлтшыл болудың тетігі ұлтты жалғыз оқумен ғана қанағаттандыру емес екенін, «ұлтын» бөліп байлар басқаратын ұлт мемлекеті қылуға тырысатындығын жас ақын білмейді, «Шолпандағы» оның өлеңдерінің түп сарыны қазақты оқытуға тіреледі.

«Оқуды» жырлаумен қатар Мағжанның саяси бағыты ашыла бастайды. «Қазақ өнерсіз, қазақты өнерлі елдер жеп отыр» дегенде оның көз алдына, болса-болмаса да келімсек мұжықтардың келуі өз еркінде емес екенін, жерлерін алпауыттар (ірі жер иелері) тартып алғандықтан келгенін, мұжықтың келуіне, қазақтың жерін алуына айыпты нәрсе өнерде, мұжықта деп түсінеді. «Туған жерім Сасықкөл» деген өлеңінде, көлді мақтап келеді де:

Білмеймін не боларын қайран көлім,  
Жарайды тең болмаса күн мен түнін,  
Итіп қара шекпен келіп қонса,  
Басыннан құсың ұшып, кетер сының.

*(15-бет)*

деп зәресі ұшады. Алынбаған көлің алынады ғой деп жориды. «Қазағым» деген өлеңінде:

Бар жерді күннен күнге алып жатыр,  
Қақолдар алып қала салып жатыр.  
Қырылысып өзді-өзімен қазақ сорлы,  
Жерінен аузын ашып қалып жатыр.

*(24-бет)*

дейді. «Туған жерім Сасықкөлдегідей» ақынға «жер кете ме, қайтеді?» деген ғана, ақынға қауіп тумайды. Ақын «Сасықкөлдердің» алынып жатқанын, қала салып жатқанын көреді де:

«Жер қалар, біз жиылып қала салсақ,  
Қайдағы оңды жерді таңдап алсақ.  
Сол шақта көп түкіріп көл де болар,  
Көлден толқын айдайтын жел де болар.  
Мектеп, медреселер көп салынып,  
Ағайын тату-тәтті ел де болар!»

*(25-бет)*



дегенді мақсат етеді. Бірақ, қазақ қала бола қоймайды, жер кетеді. Отаршыл үкімет өз саясатын үдете береді. Сондықтан Мағжан «Осы күнгі» деген өленде:

Олайма, отқа күйген неткен жанбыз,  
Сөз ұқпас, мылқау меніреу жүрген жалғыз.  
Тыңдамас, сөзге түспес, ырыққа көнбес,  
Болды ма қайран қазақ тастай жансыз.  
Жер кетті, жаның кетті, кам жемедің,  
Құл болдың қара табан енді малсыз.

(42-бет)

деп қазаққа ұрсады. Ұлтшылдықтың сатысын оқумен, қала болудан артық, Мағжан «Шолпан» кезінде ұлтшылдықтың сатысын өсіре алған жоқ.

Сол шақта көп түкіріп көл де болар,  
Көлден толқын айдайтын жел де болар,  
дегенмен, толқынды қандай жел айдайтынын жоспарлай алмайды. Қала болып, оқу оқысақ, неге қалымыз бұдан өзгермес екен деген пікірмен «жел де болар» дейді. Бірақ «Желдің» түсін, ісін көрсетпейді.

### 3. Әйел туралы

«Шолпан» жазылған кездегі ұлтшылдардың ірі темасының (тақырыбының) біреуі әйел бостандығы екенін оқушылар жоғарыда көрген. Біз бұл арада, Мағжан да сол көп ұлтшылдың біреуі болып әйел бостандығын жырлағанын көрсетпекпіз

Дүрілдеп сұп-суық жел соққан шақта,  
Қар борап, үй айнала тыққан шақта  
Шыдамай жан-жануар жел өтіне  
Бүнжиіп, теріс қарап ыққан шақта.  
Балтабай Оразкенді шаштан ұстап,  
Нығарлап, әр түкпірге сүйреп тастап.  
Құт ұштырар естілген қатты дауыс,  
Атаң... Енең... Шық үйден жолыңды тап!  
Бейшара, Оразкеннің түсі кашқан,  
Жылауға, қозғалуға есі адасқан,  
Аяғым ауыр ғой деп айтқанында,  
Дүр қамшы ойнап кеткен қайран бастан.  
Балтабай бір қолымен есік ашты,  
Тепкен соң, сорлы Оразкен далаға асты.  
Кірме, өл далада, иттің баласы деп,  
Бекітіп іште тұрып есік басты.  
Оразкен екпінімен құлай кетті,  
Есі ауып, жансыз болып сұлай кетті.

Әдейі өшіккендей тас бауыр жел,  
Дүрілдеп астын үс қып бұрай кетті.

*(23-бет).*

Бұл арада Оразкен мен Балтабайдың бірін-бірі ұнату-ұнатпауы жоқ, «шал, жаман, таз» деген сықылды міндер жоқ. Тең болсын, болмасын, бұл кәдімгі қазақтың ескі әдет ғұрпында әйелін мал есебінде көретіндігі. Бұлай ұру, аяғының ауырлығына қарамай дүрсілдет, теңімін деп қосылған ерлі-байлы адамдарда да, қазақ ісінде бола беретін әдет.

Жаңа түскен жас келін,  
Кемпірлерге ас келін,  
Орамал шаршы бермесе,  
Абыройсыз тас келін.

Жаңа түскен келіншек,  
Болмайды тіпті еріншек,  
Құдайдың берген тоқтығы –  
Ас болады ірімшік.

Бұрқыраған дауылда,  
Сабап құйған жауында,  
Ө, ә деп аң шығармай,  
Жас келін жүрер сауында.

*(8-бет).*

Бұл да кәдімгі ескі әдет-ғұрыпта жаңа түскен келіншектің қандай болатынын ғана елестетін өлең.

Қайғыландын, зарландын,  
Ісінді тастап мұңайып,  
Ойнамайсың, ойлайсың,  
Күлкіне салды кім айып.

Ерініңді қозғалтып,  
Қай жауызды қарғайсың.  
Сені бүйткен бейбақтың  
Санадан жүзі сарғайсын!

Бұны Мағжан «жас қызға» арнап жазып отыр. Әлі ерге шықпаған тұрмыс көрмеген жас қыз неге жылайды. Әрине, оның барайын деп отырған адамы тең емес. Ол соған берген адамды қарғайды. «Тілегім» деген өлеңінде Мағжан қазақ қызына мынадай тілек тілетеді:

Жасыл шешек, қызарған гүл солмаса,  
Қанығып, көрі бітіп қуарып,  
Періштедей жас қыз қатын болмаса,  
Алмадайын қызыл беті қуарып.

*(37-бет).*



Әрине, бұл жалғыз қыздың емес, жалпы қазақтың болымсыз үміті ғой. Қыз, одан ары:

Берсін атам малға сатпай теңіме,  
Маған жолдас ол мал емес, ер болар,  
Құр қызықсаң аты заты, теңіне,  
Көзің нұры, балаң өмірі шер болар.

(38-бет)

дейді. Мағжан «Шолпанда» қазақ әйелінің жайын бұдан артық жырлаған жоқ.

«Шолпанды» біз ақынның алдағы өмірінің елесі бар шығарма болған соң ғана тексеруге алып отырмыз. Әйтпесе «Шолпанда» тұрақталған пікір де жоқ. Жөнді көркемдік те жоқ. Ақынның ол кездегі қазағымды, сол дәуірдің жалпы сарынның бір бұтағы. Соңғы кездегі Мағжандай «Шолпан» тұсындағы Мағжанда табанды, өзімдік дерлік жол жоқ. Жол дегені жол емес, ұлтшылдық бағыттың сүрлеуі ғана. Әсіресе, «Шолпандағы» өлеңдердің түр жағы. Мағжанды осы кезде кейбіреулер қол жетпейтін ақын дейді ғой. Және біреулер күшті ақын енеден ақындық күшін қабат алып туады дейді ғой. Мағжан, рас, соңғы кезде түр жағынан күшті адам болды. Сол күшті Мағжанның «Шолпан» кезіндегі өлеңдеріне көз салған адам ақынның туа емес, жүре өркендейтініне таласпау керек. «Шолпанды» тарихы жағынан алмасак, ондағы өлеңдердей өлеңді, осы күні «нашар» деп санайтын пурлтариат жас жазушыларының қайсысы болса да құрастыруға әлі келеді.

### Февраль алдында

Біз бұндай терминді бұл арада әдейі қолданып отырмыз. Өйткені Мағжан «Шолпан» кезінде әдебиетте шәкірт (жас) кезі. «Шолпан» шыққанның артынан Мағжанның оқу жағы болсын, сана сезім жағы болсын ілгеріледі. Нак сол кезде «Айқап» журналы мен «Қазақ» газеті шықты. Бұл газет пен журнал қазақтың жас ұлтшылдарына пурграма сызғандай болды. Ұлтшылдық ағымды белгілі ағысқа түсірді. Бытыранды ұлтшылдардың бастарын қосты. Ұлтшылдарға, қара бұқараға беделін жүргізу ретінде құрал болды. Мағжан жалғыз бұлармен ғана қанағаттанған жоқ. Уфада ашылған «Медресе Ғалияға» түсіп, ол кездегі татар ұлтшылдарының түрікшілдік бағытына еліктеді. Мағжан сол бағытпен әуреленіп жүрген уақытта 1914 жылғы жиһангер соғысы жарияланды. Қазаққа ауыртпалық түсті. Ол ауыртпалықтың арты 1916 жылдың оқиғасына соқты. Міне, осы болған істердің бәрі де Мағжан шығармасына әсер етіп отырды. «Шолпан» кезіндей емес, бұл кезде Мағжан жүрер жолын ашты. Ол жолдары мыналар:

## 1. Ұлтшылдық

Ұлтшылдық басын бәйгеге тігіп, саяси мақсат көздеген Мағжан, былай деп өлең жазады:

Гүілдейді дария,  
Гүрілдейді дария.  
Бетінде толқын ойнайды.  
Көбігін шашып,  
Көргенді басып,  
Жолында жан қоймайды.

Мұнысы, әрине, отаршыл үкімет.

Толқыннан қорықпай,  
Дауылдан ықпай,  
Міндік, міне, біз қайық.  
Есен-сау өтсек,  
Тілекке жетсек,  
Сонда біздің шын айт!  
Бұл ұлтшылдар.

Патша үкіметі бостандыққа ұмтылған отар елдерін, әрине, «есен-сау өтсек» деген ниетке жеткізбеуге тырысады. Ешбір өзіне қарсы «қайыққа мінген» адамға жол беру былай тұрсын, «жолында жан қоймауға» тырысады. Патша үкіметі осы саясатын қазақ ұлтшылдарына да істеді. «Оян, қазақты!» жаздын деп Міржақып Дулатұлын абақтыға жапты. Міржақыппен ұлтшылдық қайыққа бірге мінген Мағжан оған қамыққан жоқ.

«Жауға түскен жанға» «М.Д.-қа хат» деген өлеңінде:

Болса да бейнет қанша ауыр,  
Қиялға ескі бата бер.  
Қайра өзінді дәрменмен,  
Уайымсыз үйсіз жата бер.

Деуші бұлар бірталай,  
Ұмытпаған өз ұлтын.  
Қайратты жас жігіттер,  
Жұрт үшін салар бар мүлкін.

Өрнек болар мұндай іс,  
Кейінгі жанған жастарға.  
Қайраттанып, күйіп іш,  
Аузын шайнар қастар да.

Жігерленген жас ұлтшыл, осы өлеңінде:

Қараңғы болса қанша түн,  
Жұлдыз сонша жарқырар.



Бұлт басса да алтын күн  
Бір шығар жерді жарық қылар,  
деп абақтыға келешекті бел қылады.

Мейірімді күшті кең ием,  
Сорлы жұртты оң баста.  
Дұшпан құлаш, бір сүйем  
Рахматыңнан ұшқын таста!

деп тәңірге жалбарынады. «М.Д. абақтыдан шыққанда» деген өлеңінде қуанышын айта кеп:

Оннан есті жел біраз қырын ескен,  
Соң туса да оң туса қалмас көштен.  
Өткен іске салауат, күтіп қалдық,  
Өткір қимыл, іш үміт, жаңа күшпен

деп, бұрынғы жігерге жігер қосады.

Отаршыл үкіметтің таяғын 100 жылдан артық жеген қазақ жұртшылығы, қазақ ұлтшылдарының үгітіне тез селт ете қойған жоқ. Ұлтшылдарды жақтаушылар жыл санап өскенімен, жалпы бұқара кейін жатты. Осы кейін жатқан бұқараның көңілін ұлтшылдыққа, отаршыл өкіметке қарсы көтеру үшін ұлтшылдар әр түрлі әдіс іздеді. Сол әдісінің біреуі қазақтың Рүсияға бағынбай тұрған кезіндегі тіршілігін алдына тартып, жақсы көрсетіп, сол жақсы көрсету арқылы «өзіміз бөлек ел болсақ тұрмысымыз былай болады екен ғой» деген бұқараға ұғыныс туғызу болды. Бұған Мағжанның «Есімде... Тек таң атсын?» деген өлеңі куә:

Ол күнді ұмытқам жоқ, әлі есімде,  
Таянып келгенінде күн бесінге.  
Кең дала ұқсап тұрды қол тимеген,  
Керілген кербез сұлу ақ түсіне.

---

Жиналып сол мезгілде шықтық жолға,  
Қыранша көз жүгіртіп оң мен солға.  
Ақ найза алты құлаш белге байлап,  
Айнымас алдаспанды алдық қолға.

Осыдан ары қарай қазақтың жауынгер заманы суреттеледі де, отаршыл үкіметке бағынғанын сөйлейді:

Жолбарыс жүргенінде маң-маң басып,  
Жүрегі қайратына көңлі тасып,  
Ойлай ма қу қаңбақты таса қылып,  
Жатқанын жасырынып мерген пасық.

---

Су жүрек мана қашқан жасырынып,  
Жақындап келген бопты алдап, бұғып,



Қорқақ құл ұрлықты да ерлік санап,  
Қуанып алласына басын ұрып.

Мезгілше мейлі келсін тісі батсын,  
Сұр жылан өзі оятар қатты шақсын.  
Жанадан жолбарыстай ұмтылармыз,  
Көрерлік төңіректі тек таң атсын.

«Өткен күн» деген өлеңінде:

Қасымның қасқа билігі,  
Есімнің ескі билігі.  
Ақназар сынды әділ жан,  
Абылай сынды ер сұлтан.  
Қара керей Қабанбай,  
Қанжығалы Бөгенбай,  
Қаз дауысты Қазыбек.  
Қара балуан Жәнібек,  
Кешіе Шөже, Орынбай

Жанақ, Біржан, Наурызбайларды айта кеп,

Батқан екен ол күнің,  
Жеткен екен бұл түнің,  
Өткенді ойлап қайғырма  
Әр кәмалға бір зауал  
Заман түлкі тазы бол,  
Базарша дүкен құр енді,

деп, ескі заманды көзіне оңды көрсетумен қабат, сондай заманға жетуге «тазы бол», «өткенге өкінбе» деп қазақ еліне жігер береді.

«Жаралы жан» деген өлеңінде:

Жаралы бір жан жатыр құба жонда,  
Бір қисық жалғыз аяқ сұрлеу жолда,  
Пернесі нұры кеткен көзіменен  
Қарайды бейшара жан оң мен солға.  
Қысылған сорлы адамның шыбын жаны,  
Шапшып тұр жүрегінен ыстық қаны,  
Ішті өртеп, жүрегінді елжіретеді,  
Ыңыранып сол сорлының жылағаны.

Осыдан әрі қазақты жаралы жан ғып, өткен күнін көксетіп, өлеңінің аяғын қазақ оқығандарын «жаралы қазаққа» жәрдемге шақырумен бітіреді.

Азамат, анау қазақ қаным десең,  
Жұмақтың суын апар жаным десең,  
Болмаса, ібіліс бұздан алып бар,  
Тоқтатам тұншықтырып зарын десең.

Мағжан Сұлтанмақмет сықылды сайлауға таласу, билердің ел жеуі,



молдалардың алдауыштығы сықылды ескішілдік әдетке қарсы күрес аспаған. «Сайлауға таласпаңдар» деген сөзді ол «Шолпан» кезінде болмашы түрде ауызға алғаны болмаса, соңғы пікірі тұрақталған кезде айтқан жоқ. Мағжанның «дін үйреткенге» деген өлеңін кейбіреулер дінге қарсы өлең дейтін көрінеді. Ол, бізше, қате. Бұл Мағжанның февраль төңкерісінің иісін сезе бастағандағы жігерін көрсететін өлең:

Ақылға, жан жүрекке кісен салды,  
Көрмейтін көзді көр ғып, артты, алды.  
Үйретіп дін дең құлдық қорқақтықты,  
Қандай қол бізге молда бола қалды.  
Ойламай қорқақ құлдың тіліне еріп,  
Жай жатып тәуекелге тізгін беріп.  
Мінеки, айрылдық қой бақ пен тақтан,  
Қайтейін әсіресе есіл ерік!

Біз жаңа көрдік таңның жел ескенін,  
Салқынмен сескендірмек боп ескенін.  
Сылдырлап су, сыбырлап жапырақтар,  
Есіңді жи, енді алаш тұр дескенін.  
Міне, күң! сәулесі алтын берді қошты,  
Жарыққа қуанысып құстар ұшты.  
Ізгі оймен, ерік тілеп, жарық тілеп,  
Ұшамыз біз де жиып есті күшті!

Әрине, бұл өлеңдегі көрінген күн февральдың елестеген толқыны болу керек. Әйтпесе, ұлтшылдардың ол кезде өз қолына ешбір «күнді» туғыза алмайтынын Мағжан «Жаралы жағда» анық көрсетті.

Мағжанның ішкі сарайы дінсіз бе, дінді ме, біз ол арасына сәуегейлік істемейміз. Ленин айтуы бойынша, буржуазия пәнге сусыны қанған тап. Пән мен дін үйлесе алмақ емес. Сондықтан буржуазия (байлар) діншіл деуге болмайды. Бірақ олар, дінді танымауымен қатар, еңбекші бұқараның еңбегін жеу үшін дінді өзіне құрал қылады. Ескі дінді жамап, еңбекші бұқараның алдына дін пердесін тарта береді. Мағжан байшыл ақын, оның байшылдығы дін жағынан көрініп отырады. Ол қысылған жерінде «тәңірге табына, сыйына бастайды. Мысалға «Тәңір» деген өлеңін алайық:

Зор тәңірі, күштісің сенеміз біз,  
Әрдайым дегеніңе көнеміз біз.  
Өз құлын өзі еңіретпес тура ие деп,  
Өзіңе ерік тізгінін береміз біз.  
Аузыңнан алла атыңды тастамаймыз.  
Алласыз ешбір іске бастамаймыз.  
Әділ хан бұйрығына бас ұсындық деп,  
Бұйрықсыз бір адым да аттамаймыз.

Кеш тәңірім, болса ісім бөндешілік.  
Мінекей, айқын жолым қайда әділдік.  
Сонша мәкең рахматынан күр тастайтын

Баласы алты алаштын біз не қылдық!  
Кеш тәңірім, сорлы құлға қаһар етпе,  
Рахым қыл, бір сорлыны шетке теппе,  
Сөз шықты сан асумен әділ тәңірім  
Тиген соң ашы таяқ тұщы етке.

Бұл өлеңге түсіндіру болмаса, талқылау жазатын дәнеңе жоқ. Өлең – астарсыз ашық, айқын, тәңірден жәрдем күткен, діншілдік өлең.

## 2. Түрікшілдігі

Түрікшілдің пікірі Мағжанға «Медресе Ғалияда» оқып жүрген кезінде татар түрікшілдерінен жұққан. 1914 жылы болатын жиһангер соғысында түрік немістермен одақтасып орысқа қарсы соғысты. «Қазақ» газеті бар, жалпы ұлтшылдар бәрі шынында түрік тілегін тіледі. Сол тілегін олар ауыл арасына да жайды. «Түрік жеңсе екен» деген тілекті даласы түгел тіледі деуге болады. түрікке казак байларының (байларының дейтініміз келей түрікті ол кезде қайдан білсін) ынтасы құлағандығы сондай, балаларынан Ануарбек, Талғатбек, Мұстафа, Кәмал, Әмірбек, Жамалбек, Сұнғатбек сықылды түрік патшаларының аттарын қойды. Ануар паша туралы ел арасында ертегі тарап, ел іші оны ертедегі Бабақұмар сықылды сиқырлы, айлакер адам және адамзатқа бітпеген күш бар палуан деп жүрді. Міне, елдің ол кездегі алдыңғы қатардағы адамдарына сондай түрікшілдік пікірді таратқан Мағжан сияқты оқығандар. Мысалға, Мағжанның «Алыстағы бауырыма» деген өлеңін алайық:

Алыста ауыр азап шеккен бауырым,  
Қураған бәйшешектей кепкен бауырым,  
Қамалған қалын жаудың арасында,  
Көл қылып көздің жасын төккен бауырым.  
Алдыңды ауыр қайғы жапқан бауырым,  
Өміріңше жапа көрген жаттан бауырым,  
Түксиген жүрегі тас жауыз жандар,  
Тірідей терін тонап жатқан бауырым.

Бұдан әрі қарай қазақтың түрік тұқымы екенін, түріктің өткен жауын күндерін айта кеп:

Бауырым! Сен ол жақта, мен бұл жақта,  
Қайғыдан қан жұтамыз біздің атқа.  
Ылайық па құл боп тұру, кел кетейік,  
Алтайға, ата мирас алтын таққа!

дейді. «Орал тауы» деген өлеңінде:

Бір күнде сенің иен түрік еді,



Орын ғып, көшіп, қонып жүріп еді.  
Қорықпайтын таудан, тастан батыр жүрек  
Қойнына жайыменен кіріп еді.

Қарашы төңірекке мойын бұрып,  
Алтай, Орал бойында тұрған түрік.  
Аты да, заты да жоқ, дыбысы жоқ  
Жоғалған әлдеқайда іріп-шіріп.  
Оралдай атамекен жерлеріне,  
Қасиетті атанын көрлеріне  
Аузы түкті шет елдер ие болып,  
Көрсетіп тұр қысымды ерлеріне.  
Атамыз бізді өсірген қайран Орал,  
Мойның бұр, тұнғышыңа қайтып Орал.  
Қосылып батыр түрік балалары  
Тапталпа, қолын кесіп, тізгінге орал, –

деп, түріктің ескі өмірін көксейді. Былай қарағанда, осы көксеу шынында қаны қызып, бауырмалдығы ұстап тұрған сықылды. Түріктің көрген кемшілігіне ақын бауырмалдық жүрекпен қымсынатпай сықылды. Бірақ, анықтап тексергенде олай емес. Біз еңбек жеуші мен еңбегін жегізуші атты адам баласы екі тапқа бөлінген дәуірдің адамымыз, тап бар, таптын тартысы бар дәуірде, жалпы түрік былай тұрсын, қазақтың өзін де түгел сүйо деген саясы адамда болмақ емес. Бұл сөзімізге дәлелді кейінде Мағжанның өз өлеңдерінен-ақ келтіреміз, әзірге түрікті айта отырайық. 1920 жылы апрель айында Түркияның сұлтанын құлатып, Мұстафа Кемел патша байшыл-бұқарашыл үкімет жасады. Бұл жаңа үкімет, әрине, Түркияның байларының тілегінсіз туды. Ескі феодалдық негізінде құрылған ескішіл-сұлтаншыл үкімет қаулап өсіп келе жатқан Түркия капиталистерінің тілегін орындауға жарай алмайды. Егер түріктер Мағжан айтқандай, бір-біріне өзегі үзіліп тұрған ел болса, неге өзара қырқысты? Феодалдар мен капиталистер неге өзара сүзсіз, бірін-бірі құлатты? Бұқарашылмын, жалпы түрікті бірдей көрсемін деген Мұстафа Кемел феодалдарды тізгіндеуімен қоймай, неге қазіргі Түркиядағы жұмыскер қозғалысын күшпен басып отыр? Міне, бұлар «қан» деген, «түрікшілдік» деген нәрсенің алдауыштығын көрсетеді.

Мағжан шынында түрікшіл емес. Оның түрікті «бауыр» көре қалуында өз мақсатына сәйкес ойы бар. Біз жоғарыда, Мағжан қазақтың ескі күнін көксегенде баяғы хан дәуірін қайта орнатпақ емес, қазіргі қазақтың көзіне ескі, еркін өмірін елестетіп, басын көтертпек. Басын көтертіп алғаннан кейін байшыл республика құрмақ десдік. Мағжан «түрік» деген сөзді осы мақсат үшін ғана керек қылды Түріктің ерлігін айта кеп, қазақты отаршыл үкіметке қарсы қайрап салғысы келді. Оған Мағжанның өз өлеңдері куә. Сөзіміз бос болмау үшін дәлел келтірейік:



Жер жүзіне ер атағым жайылған,  
Жан емеспін оттан, судан тайынған.  
Қайраты мол, қанды балақ қыранмын,  
Күн болған жоқ жаудан жүрек шайылған.  
Еркін ырғып шыққан атам Алтайға,  
Қырда тұрып садақ тартқан Қытайға.  
Талай тайғақ тар кешуден таймаған  
Батыр жүрек, қайрат енді алдай ма?

Бұл «Жер жүзі» деген өлең. «Қазақ тілі» деген өлеңінде сол түріктің ұрпағы қазақ, отаршыл Русияға бағынғасын мынадай халге келді дейді:

«Бірлік, ерлік, елдік, қайрат, бақ-ардың,  
Жауыз тағдыр жойды бәрін не бардың.  
Алтын күннен бағасыз бір белгі жоқ,  
Нұрлы жұлдыз бабам тілі сен қалдың.

«Тез барам!» деген өлеңінде:

Тірілтейін алып атам аруағын,  
Тазартайын Сарыарқамның топырағын,  
Жан-жағына тегіс билік жүргізіп,  
Кемеліне келсін кейінгі ұрпағым.  
Дұғада бол алтын Алтай қарт анам,  
Алып ана қуды жолын ер балаң;  
Ақ шашыңды, көкірегіңді ніскеуге,  
Тәңір жазса сәулетпенен тез барам, –

дейді. Мағжаның «түрік қайратына мінгендегі бар тілегі» Сарыарқаның топырағын тазарту «кімнен тазартатыпы, әрине, ашық: отаршыл үкіметтен. «Сарыарқа тазарғаннан» кейінгі ақынның ойы, түрікке қосылып кету емес. Одан басқа, ол ойы «балапан қанат қақты» деген қара сөзбен жазған өлеңінде ашық көрінеді.

Балапан қанат қақты...

Ойы, жан дәрменмен жылы жаққа жетпек егіз Есіл, Нұраның тәтті суларынан ішіп, Аралдың ыстық құмын құшпақшы. Терең Балқаштың мөлдір суына шомылмақшы. Алтайдың етегіне ух деп демін алып, Марқакөлдің қаймағында жүзбекші... Бостандық алғаннан кейінгі Мағжанның қандай жерді мекендейтіні осыдан ашық көрінді. Ол, босанып алғаннан кейін, Еуропа капиталистерінің қамауында тұрған түрікке жәрдемдесем деп отырған жоқ. Қазіргі Қазақстан топырағынан шықпаймын деп отыр. Демін өз жерінде алып, құмға аунап, суына шомылып жайланбақшы боп отыр. Осының өзі-ақ, Мағжанның неге түрікшіл болғанын дәлелдей алады. Қысқартып айтқанда, Мағжан түрікшілдікті өз мақсатына жетуге құрал үшін алды. Оның өз мақсаты, өзі айтқан «Қазақшылдық» емес, байшылдық. Байшылдық екенін біз мынамен дәлелдейміз:



«Зеңбіректің гүрсілі шыққанда, көркемдік сезім сақау болады»<sup>49</sup> деген Троцкий, ертерек, тәуір коммунист кезінде, февраль төңкерісі туғанда, ұлтшылдар «енді ақ түйенің қарны жарылды, бостандық құрият болды» деп қол шапалақтады. Сұлтанмақмет сықылды байшыл ақындар «берілгенде тілектер, жарылмай ма жүректер» деп, февральға қуанғаннан жүрегі жарыла жаздады. Төңкеріс алдында өлеңді қардай боратып жүрген Мағжан февраль туғаннан кейін, көркемдік сезімнің тілін байлады. Ол февральға арнап өлең жазған жоқ. Февраль туа сала бұрынғы мақсатын тілмен емес, қолмен орындауға кірісті. Елге сайлауға шықты. Ауылда «Алашорданың» бұтақтарын – комитеттерін ашты. Одан келе ояздық, облыстық комитеттерді ұйымдастыруға белсеніп ат салысты. Одан Орынбордағы «Алаш» съезін шақыруға көмектесіп «Алаш» партиясының орталық комитетіне мүше боп өтті. Қысқасы, Мағжан февраль туған кезде өз тілегін орындау үшін ғаламды сандыққа сала тұрып, таза байлар партиясының тез құрылуы, үкіметке ие болу ісімен шұғылданып кетті. Мағжанның нақ февральға арнап шығарған өлеңдері жоқ. Ол февральды тілмен емес, қолмен, іспен қарсы алды.

Февраль төңкерісінің байшыл төңкеріс болғаны, пурлтариат оған қанағаттанбай, октябрь төңкерісі арқылы февральды құлатқаны оқушыға мәлім. Октябрь жасалмай тұрып, 1917 жылы «сәбдеп» деген октябрінің ұшқыны – ұйым ашылды. Осы ұйым ақтар мен қазақ байларының құрған «Алашордасына» қарсы болып, біраздан кейін «Алашорда» адамдарын да, басқа қастарын да абақтыға ала бастады. Сол абақтыға түскендердің ішінде Мағжан да болды. Мағжан аз күн жатқан абақты тұрмысында бірсыпыра өлеңдер жазды. Сол өлеңдерден оның бәлшебек пен ақтарға, Февраль төңкерісі мен жұмыскер кеңесіне қалай қарағандығы ашық көрінеді.

Мағжанның Омбы қаласындағы пәтері, жаңа жақыны Ғазерай дейтін саудагердің Ғазиза дейтін гимназияда оқыған жас қызы болған. Сол қыз Сәбдептің абақтысына түскен Мағжанға ас апарып бергенде, Мағжан былай деген өлең жазып берген:

Қарашығым, Ғазизажан бауырым,  
Ағаң сорлы көрді бейнет ауырын.  
Сарғайып қараңғы үйде қамалып,  
Ағаң байқұс көрді бейнет ауырын.

Осы өлеңде, Мағжан абақтының ауыр тұрмысын айта келе:

Қалың қара бұлт арылып басымнан,  
Тәңірі жазса өш алармын қасымнан.

<sup>48</sup> Сәбдеп 1917 жылы февральдан кейін құрылған «жұмыскер өкілдерінің кеңесі» деген ұйым

<sup>49</sup> Когда гремит пушка, муза молчит

Жан бауырым, жыламашы егіліп,  
Мен садака мөлдіреген жасыңнан, –  
дейді. «Сарғайдым» деген өлеңінде:

Жайылды бар демеуі ауыр дертгін,  
Мінекей екі ай болды, жалын жұттым.  
Күндіз күн, түнде күміс ай көрмеймін,  
Дарига, жаным азат, денем тұтқын.

Жасаған, тез алатын ажал жоқ па?  
Қинама, тез өлейін ұшыр окка.  
Шыжылдап дене, шырқырап жан берейін,  
Жалыны көкке шыққан түсір отқа  
деп назаланады. «Тілегім» деген өлеңінде назалануды былай тастап,  
қайтадан жігерге мінеді.

Көрген сайын көп қысым,  
Зарлы, ащы дауысым  
Шырқырар Сарыарқада  
Өзегіне өтпей ме,  
Зарлы жырым жетпей ме,  
Қазағыма, халқыма?

«Сағындық» деген өлеңінде де абақтының ауыр тұрмысын айта кеп:

Не көрсем де Алаш үшін көргенім,  
Маған атақ, ұлтым үшін өлгенім.  
Мен өлсем де, Алаш өлмес көркейер,  
Істей берсін қолдарынан келгенін.  
Қалың елім, қалын кара ағашым,  
Қайраты мол, айбынды ер алашым.  
Өзі ақ құлар, сырың берме, сабыр қыл,  
Ақымақтар байқамаған шамасын –

деп, қазақ халқына бәлшебектің құлауын сендіреді. Төңкерістің бастапқы кезінде, Сібірде нашар ұйымдасқан Сәбдеп, 1918 жылдың май айында, чехословактардың күшімен құлады. Мағжандар абақтыдан шықты. Оларша «ақ түйенің қарны қайтадан жарылды». Сібірде құрылған уақытша үкіметтің ақсақалы жандарал Колчакқа «Алашордашылдар» сәлем берді. Мағжанның Колчак тұсындағы шығармаларын кейінге қалдырып, құлаған Сәбдепті не деп жырлағанын айтайық: «Төбет» деген өлеңінде Мағжан қазақтан ол кезде бәлшебекке жазылғандарды төбет қып көрсетеді де, чехтардың аударысын дауыл қып көрсетеді.

Жабыны тұлпар қылам деп,  
Қарғаны сұңқар қылам деп,  
Талайдың ісі шала ғой.



Неден есіл сақалға,  
Жуан қарын тапалға  
Сенген сәрсен бола ғой.

Рас, Сібірдегі Сәбдеп чехтардың дауылына тез құлады. Алдан болжап тиісті даярлық істей алмады. Гәп Мағжанның Сәбдепті тез құлады деп сөгуінде емес, «Жабыны тұлпар, қарғаны сұңқар қылам делін» деп мысқыл қылуында. «Жабы» мен «Қарға» сөз жоқ жұмыскер мен кедей шаруа. «Айырсақал көк теке» деген өлеңде Мағжан мысқылды зорайтады. «Көк теке» деп отырғаны Сәбдепке мүше болған Ершік (Ермағамбет) Токбайұлы деген Көкшетау уезіндегі оқыған бір шал. Бұл шал Сәбдепке мүше болды да, Сәбдеп құлағанда абақтыға түсіп, артынан белгісіз себеппен босады. Бұл шал Кенес үкіметі келгесін партияға кіріп, паракор болды да, партиядан шығарылып, жазасын тартты. Ершіктің өз басына біз «Көк текедегі» Мағжанның мысқылын көп демейміз. Әнгіме «Көк текеде» емес, Мағжанның құлаған Сәбдепке келуінде:

Айыр сақал көк теке,  
Дейді де бір мікерке,  
Секіріп шықты қораға,  
Жүрді басып алшандап,  
Қарнын керіп, талтандап,  
Қаза айдаса бола ма,  
Керді теке көкірек,  
Көрінді оған жақын көк.  
Созайын деп ойлады,  
Мікерке деп кекірді,  
Қора ішіне құлады.

Бұл, әрине Сәбдептің құлауы. Одап әрі:

Қорада айғыр тұр еді,  
Мінілмеген күр еді,  
Жаңа ұсталған үйірден.

Бұл чехословақтың тыш қол әскері.

Текені келіп дұрыс еткен,  
Бірдемесі бырс еткен,  
Тепті келіп бүйірден.  
Қайтсін жануар күйген соң  
Тастай тұяқ тиген соң,  
Көк теке мал бола ма?  
Айыр сақал көк теке  
Деді де бір міке-ке,  
Қалды сұлап қорада.

Міне, Сәбдептің құлауын Мағжан осылай сипаттады.



## Колчак тұсы

Колчак үкіметі мен «Алашорда» үкіметінің арасында кеңес үкіметі үшін түк айырма жоқ. Оған дәлелді «Алашорданың» өз материалдарынан-ақ келтірейік. Колчак үкіметінің атынан шығатын журналдың 1919 жылғы 30 августінде шыққан санында мынадай мақала басылған:

Жоғарғы басқарушыға (Колчакқа – С.М.) Оралдағы қазақ-орыс әскерінің өкілі мен сол маңайдағы қазақтың өкілі келді. Орал маңындағы қазақтар қазақ-орыстармен бірлескен көрінеді. Бұл өкілдер жасаған баяндамасында: Орал қазақ-орысымен күнбатыс «Алашорданың» бірлесуін қазақтан әскер жинап басқару ісін жанарал Толстовқа тапсырудың қажеттігін қазақ әскеріне үкімет қаржысынан алты миллион сом ақша шығару керек екендігін айтты. Қазақ өкілі жоғарғы басқарушыға (Колчакқа – С.М.) сізді жалпы қазақ съезі құрметті ақсақал қып сайлады деген сөзді айтты<sup>50</sup>.

Бұл дәлелге сөз қосудың қажеті аз. Қысқасынан қайырғанда: Колчак пен «Алаш» бір табақтан ас ішті, бірігіп бәлшебекке, пуритариат үстемдігіне қарсы тұрды. «Алашшыл», «Колчакшыл» Мағжан Сәбдеп құлап «Алашордасын» тіге бастаған кезде ақындықтың желісін жаңадап ағытты. Ақындық қиялы қайта қозды. Ол ең алдымен «Мен жастарға сенемін» деген өлеңінде:

Арыстандай айбатты,  
Жолбарыстай қайратты,  
Қырандай күшті қанатты,  
Мен жастарға сенемін.

Айбынды Алаш ерім дер,  
Алтын арқа жерім дер,  
Мен жастарға сенемін.  
Қажу бар ма тұлпарға,  
Талу бар ма сұңқарға,  
Иман күшті оларға,  
Мен жастарға сенемін.  
Алаш атты ұраны,  
Қасиетті құраны,  
Алаштың олар құрбаны,  
Мен жастарға сенемін,

деп, байлардың жасына жігер береді. «Алаш» туының астына шақырады. «Мен кім» деген өлеңмен:

<sup>50</sup> Октябрь в Казахстане Издание юбилейной комисси. 1930 г. Алма-Ата, стр. 20-21.



Арыстанмын, айбагыма кім шыдар,  
Жолбарыспын, маған қарсы кім тұрар?  
Көкте жын, жерде желмін гулеген,  
Жер еркесі желдің жөнін кім сұрар?!

---

Өзім тәңір, табынамын өзіме,  
Сөзім құран, бағынамын сөзіме.  
Бұзушы да, түзеуші де өзіммін,  
Енді ескілік келдің өлер кезіне,

деп байдың дарашылдық пікірі арқылы, өзінің жаңа жігерін көрсетеді. Бірақ жігер бір басқа да, пәкті тұрмыс бір басқа. Тұрмыстың, тартыстың кей кезі жігерден еш нәрсе шығармай қоятын уақыты да болады. Ұраны «Алаш», өзі «тәңір» болғанмен, бәлшебектер «Алаш» пен Колчакты жай қоймағасын, байшыл ақын бәйгеге басын тікті. Күреске белін буды. «Жарыма» деген өлеңінде:

Жан жарым ұзын, қиын түстім жолға,  
Алдымда түпсіз дария, сор да, ор да.  
Бетпақ шөл, отсыз, сусыз, қайнаған құм,  
Ысқырған жылан-шаян оң мен солда.  
Өткелсіз қарлы отты таулар асқар,  
Мейрімсіз табан тілер қара тастар.  
Кім біледі, қуат құрып, арып талып,  
Төгетін күндер болар ыстық жастар.

---

Жол ұзақ жақын үшін жаннан кештім,  
Бауырдың халін көріп бейнет құштым.  
Құшақта, сүй, күл, жыла, қайраттандыр,  
Жан-жарым, ұзақ ауыр жолға түстім,

деп, алдында тұрған тап тартысының қиындығын айтады. Бұл қиындықтан қорықса, әрине, ол таптың ақыны бола алмайды. Сондықтан, жарымен қоштасып атқа мінгеннен кейін Колчак, Дутов, Анненков, Толстовтармен тізе қосқан «Алаш» әскеріне «Жауынгер жыры» деген жыр жазып берді:

Желе бер жаным қаракөк,  
Желкілде желмен айдарым.  
Қолымда найза, көк болат,  
Ерлігіме айғағым.  
Ұлт дегенде көпіріп,  
Жарайсың жаным қайнадың.  
Ұлтымнан мен садаға,  
Бекіндім басты байладым.  
Білгенін енді істесін,  
Өліммен енді ойнадым.



Қазам жегсе майданда,  
Басымда найза сайғағым.

«Бесік жыры» деген өлеңінде байшылдық пікірді ененің сүтімен балаға жұқтыру ниетімен баланың шешесіне былай дегізеді:

Туған жерден,  
Өскен елден,  
Ерге не қымбат?  
Жас жолбарыс,  
Жаумен алыс,  
Шаңға, канға бат.  
Айбатыңды, қайратыңды,  
Көріп қарт анаң,  
Төгіп жасын,  
Жайып шашын,  
Тілер, бұл аман!

Мағжан осы бағытпен біраз тартады. Өз белін буумен жалшы қазақ жастарын белсендіріп бәлшебекке қарсы айдауға тырысады. Ол тілегі болып: күнбатыс «Алашордадан» Дулатов әскері, күншығыс «Алашордадан» Капитан Тоқтамысов басқарған әскер бәлшебекпен соғысады. Бірақ, Мағжанның тілегі болмайды. Бәлшебек күн санап қазақ даласына жақындай береді. Бәлшебектің дауылынан «Алашорда» мен Қолчак үкімстінің керегесі сықырлай бастайды.

Сәбет тұсындағы Мағжанды сөз қылғанда толық айтуға қалдырып, бұл арада Мағжанның торыққан көнілін, оған махабатшылдыққа, тән қызығына беріле бастап, ерлік, намыстан шегінуге айналғанын аздап көрсете кетейік. Қолчак құлардың алдында, Мағжан «Жарыма» деген өлеңдегідей:

«Құшақта сүй, күл, жыла, қайраттандыр,  
Жан-жарым ұзақ, қиын жолға түстім»

демейді. Жарынан, сүйгенінен қайрат сұрамайды. Белдегі мылтық, найзаны керегеге іледі. Кеудедегі «ұлтшылдыққа қайнаған қанын» намысты сездіреді. Жарының қасына шешініп жатады да:

Сүй, жан сәулем, тағы да сүй тағы да,  
Жылы, тәтті у тарады қаныма.  
Бұл ләззаттың бір минутын бермеймін,  
Патша тағы, бүкіл дүние малына.

Шашын қара, денең ақ бұлт, жүзің ай,  
Тісің меруерт, көзің сәулем құралай.  
Ләззат, рахат, бакыт бар қойнында,  
Сұрамаймын енді жұмақ, жақсы жай,

деп, бұрынғы «ұлы бақытының» орнына әйел бакытын қояды. Ұлтты, жігер-намысты, жауға аттанатын жүректі әйелге айырбастайды.



Сылдыр-сылдыр,  
Өзекті өртеді құрғыр,  
Әдейі іргеден жүреді  
Сұлу қыз санадан солғыр

деп, қарасын көрген әйелге тәжім етеді. Бұндай әйел құмарлық Мағжанның ұлтшылдық сенімі күшті кезде онда атымен жоқ. Бұл кәдімгі, табының өлеріне көзі жетіп, бәрібір еш нәрсе болмайды, одан да қызық көріп өтейін» деген қайғылы мейрам. Ашулы күлкі. Осы «мейраммен» ол жалғыз жарының қасында ғана жатпай, қабаққа (арақ ішетін орын) барды. «Жан» деген өлеңінде ол:

Дарияға дауыл қуып кірген кеме,  
Еркі жоқ толқын айдап жүрген кеме.  
Жайнаған жемісі көп бір аралға  
Кез келсе, тастап оны кетсін неге!  
Табылған арал тастап не керегі,  
Кеткенде толқын оған не береді?

дейді. Мұндағы дауыл – төңкеріс. Кеме – өзі, арал – қыз. Бұрын «ұлым үшін жан құрбан» деген Мағжан бұл өлеңде қызға «сені тастап кеткенде, күрес не береді» деп болашағынан күдер үзгенін көрсетеді. Бұл халдегі жалғыз өзі емес, өз табының ұл-қызының бәрі де осындай халге (тән қызығына) түскенін осы өлеңде ашық айтады:

Қытайдан Карпатқа да жеткен жүрек,  
Карпат асып атласқа кеткен жүрек.  
Қазақ, сарт, татар, шеркес, орыс, неміс,  
Француз, чех бәрін өз еткен жүрек.  
Сұм сұлу сағынғандай қолын берді,  
Қолымен бір сиырдың тілін беред...  
Бұл тілді сүйе ме екен, я жей ме екен,  
Онысын Мусье «Жираф» өзі білет.

Бұл сол кездегі қазақтың байынан шыққан оқыған қыз. Барлық қазақ азаматы осы қыздың соңына түседі. Азаматтардың, Мағжанның өзінің, бұл арада ұлты, майданы қайда қалды? Неге олар:

Өтсе де шеті тұрсын, дәл ай он бес,  
Есімнен бір минөт те шықпайды еш.  
Түкпірде, бір кең аулақ кабинетте,  
Ішінде «алтын мүйіз»<sup>51</sup> өткізген кеш!

деп, «алтын мүйізге» барып отырып алды? Неге Мағжан осы өлеңде «алтын мүйізге» апарған қызына:

Өмірдің толқындары ұрған кезде,  
Иманнан айрылғалы тұрған кезде,  
Жасаған жебірейілін жіберді ғой,  
Жолықтым сен сәулеме нәркес көзге!

<sup>51</sup> Золотой рог дейтін Омбыдағы шімдік сататын кәстеница (қонақ үй)



деді. Міне, мұның бәріне себеп, «Алашордаға» ажалдың жақындағандығы. «Алаштың» өлерін Мағжан, жалғыз қыз, арақ, қызыққа құмарланған өлеңдерімен емес, басқа өлеңдерімен де айтады. Мысалға «Қысқы жолда» деген өлеңін алайық:

Қараңғы түн, сар дала,  
Көрінбейді айнала,  
Боран соғып тұр борап,  
Жолды басқан құр сұрап.  
Астындағы жануар,  
Құлағын қайшыландырып,  
Зорға борт-борт желеді.  
Ызғарлы жел долданып,  
Екі иіннен дем алып,  
Ішін тартып оқырып,  
Кейде қатты ысқырып,  
Аңдай ұлып бір мезгіл,  
Екі санын шапақтап,  
Біресе сақ-сақ күледі.  
Барады үдеп бұл боран,  
Жанымда жоқ тірі жан.  
Тоңазыды денем де,  
Адаспай дұрыс келем бе?  
Қорқып жүрек ойнайды,  
Көз алдыма елестеп,  
Әлде нелер келеді.  
Боранын тәңір ашпады,  
Жол білінбей бастады.  
Көрінген бір жарық жоқ,  
Босаңсыды қара көк,  
Сар далада адасып,  
Суық кебін жамылып,  
Қалармын кім біледі?

«Айда атыңды Сәрсенбай» деген өлеңін алайық:

Қарашы кейін бұрылып,  
Таудай болып созылып,  
Қала бір жатқан дәу пері,  
Айналасы тұман түн,  
Демалысы от түтін.  
Жарқ-жұрқ етер көздері,  
Сөзі у-шу, ың да шың,  
Сасық иіс ауыр тым,  
Тұншықтым-ау, құдай-ай.  
Кейін қарап нетеміз,



Ауылға қашан жетеміз,  
Айдашы атты Сәрсенбай!

Қайрылып кейін қараман,  
Шықтық па ұзақ қаладан,  
Айтшы, жаным ағатай?  
Кейін қарап нетеміз?  
Ауылға қашан жетеміз?  
Айдашы атты Сәрсенбай.

Мағжан неге қаладан қашады? «Неге қайрылып кейін қарағысы келмейді?» Қашатын, қарамайтын реті бар. Қарайын десе өз қолынан өмірі сарылып қалада тіккен «Алашордасы» Октябрьдің дауылына жығылғалы тұр. Оны құлатпауға дәрмен жоқ. Сықырлап, сынып жатқан ордаға қайрылып кейін қалай қарасын? Сәрсенбайға атты пәрменімен айдатып, қаладан ұзағанша қалай асықпасын!

Ордасы құлауға айналғанда, қаладан шыға қашқан Мағжан февраль төңкерісін «Бостандық» деген өлеңінде періште қып көрсетіп, Февральды құлатқан октябрьді былай деп сипаттады:

Шірік жүрек, сасықтар,  
Арамдыққа асықтар.  
Жетілді, жетті мұратқа,  
Қыбырлаған қоныздар,  
Қорылдаған доңыздар  
Көктен келген қонаққа,  
Тілін, қолын тигізді.  
Сасық сайтан дегізді,  
Жауыздық тағы өрледі.  
Ізгі елшісі жұмақтың,  
Қасиетті қонақтың  
Ақ халатын кірледі.  
Қыбырлаған қоныздар,  
Қорсылдаған доңыздар,  
Тілегің болды қуан, құл,  
Бостандық езгі періште,  
Кетуге ұшып ғарышқа  
Ақ қанатын қомдап тұр.

«Алаш» пен Колчак құлаған күні Мағжан «Зар» деген өлең жазды:

Көз жетіп жердің жүзі солғын тартса,  
Алтын күн түрі кеміп салқын артса,  
Жер жүзі өлім күтіп тұрса жылап,  
Сексенде селкілдеген байқұс картша.

Бұдан былай осы өлеңде қыстын (төңкерістің) болуын, бірақ ол қыс өтіп (Октябрь құлайды деген ғой), жаз жететінін сөйлей кеп:

Жоғалды, бағты, кетті сәулем күнім,  
Жинаған жүз құлпырып қызыл гүлім.  
Сәулесіз, айсыз, күнсіз қараңғыда  
Өтермін аһ ұрумен шықпай үнім.  
Жалғанның бір көрермін көп пен азын,  
Өмірімде енді болмас жылы жазым.  
Енді бір жүргенімде, өлгенімде  
Қолымнан ұшқаннан соң қоңыр қазым.

«Қоңыр қазы» әрине, «Алашорда». Міне, байшыл Мағжан октябрьге осылай қарады. Мағжанның қазақшыл емес, байшыл екеніне, тегі «Қазақшыл» ешкім бола алмайтынына, тап бар дәуірде жалпы ұлтты сүйеу қолдан келмейтін, болмайтын іс екеніне Мағжанның жоғарғы өлеңдері айқын дәлел.

### Кеңес үкіметінде

Колчак пен «Алаш» құлап Кеңес үкіметі орнағаннан кейін, Мағжанның пурлтариат үстемдігіне қарсылығы бұрынғыдан күшеймесе төмендеген жоқ. Бірақ оның осы қарсылығы жазғытұрғы күндей бір бұлттанып, бір ашылып Мағжанды бір үміттендіріп, бір үмітсіздендіріп әуре қылды. Кеңес үкіметінің аз ғана әлсіреген жері болса, не болмаса осы әлсіретеді-ау деген бір нәрсенің қарасыны елестесе, Мағжан құтырған бурадай кенеске қарсы тұра шабынып, ол дегенінен ешнәрсе шыға қоймағасын жанның қойнына, көрінін аузына қайта паналап жүрді. Осындай төңкеріске қарсылық градусының бір көтеріліп, бір басылуы, Кеңес үкіметі орнағалы Мағжанда әлденеше рет болды. Сұрағымызды дәлелдеу үшін Мағжанның өз еңбектерін алдымызға сала отырайық.

### 1. ҚЫЗЫЛЖАРДА (ПЕТРОПАВЛА)

Біз, Мағжанның қысқаша өмір тарихын жазғанда «Мағжан Колчак құлағаннан кейін 5-6 айдай елінде жатып, Қызылжардағы партияға кірген тілектестерінің шақыруымен «Бостандық туы» газетіне редактор болды» дедік қой. Ауылда не жазғанын өзі біледі. Қызылжарға келе ол Қызылжарға (кеңеске) қараған қазаққа «Қайың» деген өлеңінде былай деді:

Қайғылы қайың,  
Аяныш жайың.  
Сыбырлайсың,  
Дірілдейсің,  
Еңкейесің,  
Күбірлейсің.



Қайғылы қайың,  
Қалың уайым,  
Бастан сені,  
Жазды ойлап,  
Тұр үскірік,  
Боран ойнап,  
Жасыңды тыйсын,  
Бір құдайың.

(9-бет).

Мағжан Кенес тұсына дейін жазған өлеңінде не айтатыны ашық көрінетін еді. Октябрьден кейін ол «Қайың», «Толқын», «Жел», «Сен» деген сықылды жұмбақтармен өзінің іптегі жарасын сыртқа шығарып жүрді. Кей біреулер: бұлар таза табиғатты суреттеген өлеңдер, онда түк те саясат жоқ дер. Рас табынан адасқан адамда, қоғам тұрмысынан қол сілтеп шығып, табиғат көркемдігіне бас иіп, соған сәжде қылатын ақындар болады. Мағжанда да осындай өлеңдер бар. Бірақ ол, көбінесе, табиғат суреттеген өлеңдерінің ішіне ретін келтіріп астарлап бәлшебектің өзі ұнатпайтын бір мінезін енгізіп отырады. Бәлшебектің қолынан өлген «алашын» Мағжан қалай тірілтуді ойлайды. Олай салыстырады, бұлай салыстырады, еш бірінің реті келмейді. Сондықтан «**Ой**» деген өлеңінде:

Ой деген у,  
Ауызға алсаң қандырад...  
Ой деген у,  
Жанды есінен тандырад...  
Ой деген у,  
Ішесің, мас боласың,  
Ой деген у,  
Ішесің де, сұласың.  
Ой улады,  
Жаным ессіз, жаным мас.  
Ой улады,  
Жүреkte зар, көзде жас.  
Ой улады,  
Көмір болды жүрегім.  
Ой улады,  
Сарғаямын сөнемін,

(75-бет)

деді. «**Ауру**» деген өлеңінде:

Дәрігер, дәрі, бақсы деп,  
Алмаңдаршы мазаны.  
Тірліктен өлім жақсы деп,  
Сұраймын өзім қазаны.



Дене ауырса дұрыс-ақ,  
Дәрігер бақсы дем болар.  
Жан ауырса ойлап бақ,  
Жанға емді кім қылар!

(75-бет)

деп, жанның ауырғанын айтты. Жаны неге ауыратын себебін жоғарыда айттық, оны бұл арада қайталаудың қажеті жоқ. Неге ойлайтындығы, ойдан неге ауру болатындығы «Дала» деген өлеңінде көрінеді:

Дала, дала, сар дала,  
Жапан түзде бір қара.  
Келем жалғыз, жаяумын.  
Жаныма ерген жолдас жоқ,  
Төрт жағым дала, жерде көк.  
Жылауға да таяумын.

Бұл өлеңді жаяу жүргенде, кен даланы көріп жаза салғаны деуге бола ма? Әрине, әдебиеттен аз саңлауы бар адам, дей алмайды. Неге жапан түзде, жолдассыз жаяу қалдым деп жазып отыр дейсіздер? Әрине, саяси жолынан жазып қалғандықтан жазып отыр. Осы өлеңінің аяғында:

Айнала өлім, ешбір үн,  
Жапан түзде жалғызбын,  
Персі неге келмейді?!  
Денесі аппақ жалаңаш,  
Көкпеңбек көз, сары шаш,  
Сақ-сақ неге күлмейді?

Жол жыландай иірілед,  
Шаң ерініп үйрілед...  
Еш бір леп жоқ тып-тымық,  
Аңсап, есім жия алмай,  
Көзімнің жасын тия алмай,  
Өлсем екен тұншығып,

дейді. Жүрер жолының шеті қайда тірелерін білмеген, табының үстемдігі құлап, саясат майданында жалғыз қалған адам осылай десегенде не дейді. «Мені де өлім әлдиеле» деген өлеңінде тұншығып өлсем екен деп, жоқ өлімді шақырумен ғана қоймайды. Өлімді қасына алып отыр, олетін өзін тербеттіреді:

Қажыдым енді, күш бітті,  
Көңілсіз салқын күн бұлтты.  
Жел бұйығып тербелед,  
Әлде кімнің өлгенін,  
Оны қалай көмгенін,  
Әңгіме қып күңіренед.  
Жел күңіренбе, жасың тый.



Өлім күйі тәтті күй,  
Балкыды жаным бұл күйге,  
Мені де, өлім, әлдиле,  
Әлдиле, өлім, әлдиле.

Бетімнен татты бір сүйіп,  
Алдына алшы әлдилеп.  
Келші өлім тезірек,  
Жан ашудан тоқтады.  
Жынданып енді соқпады,  
Кешегі асау жас жүрек.  
Балкыды жаным бұл күйге,  
Мені де өлім әлдиле.

Бұндай «Әлдилені» жалғыз Мағжан ғана жазған жоқ. Пуритариат төңкерісі жалындай бастағанда, орыс капиталистерінің иманын айтқан байшыпал ақыны Александр Блок та жырлаған<sup>52</sup>.

Екеуінің «әлдилесінде», бірі қазақша, бірі орысша жазылғаны болмаса, түк айырма жоқ. «Жан сөзі» деген өлеңінде «жазғы жылдадағыдай» неге өлім шақырғанын астарламай ашық айтады:

Өмір теңіз, жоқ оның түбі, шеті,  
Сылақ-сылақ күлген сиқырлы толқын беті,  
Осы өмірге аяқты аттағалы,  
Енді бір ай толады жиырма жеті.

Бұдан әрі қарай туып өскенін, саяси жол қуғанын айта кел:

Өміріңді екі қылмай орындадым,  
Есімде отқа суға ұрынғаным.  
Өтті жылдар жапанда жалғыз қаппын,  
Өмірімді осынша улап не қылғанын

дейді. Мағжанның қызылдар алғаш орнаған кезіндегі барлық өлеңдері осындай: Талу, Шаршау, Ауру, Күні бату, Өлу, Өлімге әлдилету.

Кейбіреулер Мағжанның осы кездегі әйелге арнап жазған өлеңдерімен, оның қазақ әйеліне қозқарасын айырғысы келетін көрінеді. Бізше бұл дұрыс емес. Бірінші жақтан: «Н-ға», «З-ға», «Д-ға», «Қарындасқа» деген сықылды өлеңдерін Мағжан қазақ қызына ғана жазды деу қате. Ол жылдары Мағжанның сүйюіне жарайтын мұнша альбомшыл қыз қазақта жоқ.

Қара көз, сиқырлы сөз, ханым Гүлсім,  
Аспанда күн күлмесін, Гүлсім күлсін

дегендегі Гүлсім татар әйелі. Саяси жолынан адасып, тән қызығын коруге салынған Мағжанға кімнің қызы болса ол қызы болсын, аты қыз болса болды. «З-ға» легендегі «З» Зайра ма, Зоя ма, Зухра ма, біз білмейміз.

<sup>52</sup> Убаюкивай мне смерть, убаюкивай, деген өлеңі бар



Біздің жалпы алғанда айтатынымыз Мағжан ұлтына қарап емес, ажарына қарап, кім әдемі болса, соны періште көрді. Бұл «Періште» көру заманында, онда әйелдің теңдік, теңсіздік деген мәселесі жоқ. Ол әйелдің теңдігін керек қылған жоқ, «қойынын» керек қылды.

Хор силатты қарындас,  
Оттай сұлу ыстық жас.  
Құшақта да, қойныңды аш,  
Бұғақтан бір сүйейін.

Міне, Мағжанның саяси жолы торыққан кездегі әйелге көзқарасы. Бұл сүюі Мағжанның өмірлік сүюі емес. «Сүйгенім анық» деген өлеңінде ол:

Алдағаным жоқ,  
Арбағаным жоқ.  
Сен сөзіме, сұлу қыз.  
Тап сол сағат,  
Сүйгенім хақ,  
Қуә болсын көп жұлдыз.

дейді. «Тап сол сағатта» ғана сүюі, оның махаббатының қаншалық ұзақ екенін көрсетеді. Тағы бір өлеңінде:

Мен сүймеймін әйел сүйсем сендерше,  
Мен сүйемін жанын, тәнін бергенше

деді. Бұл кәдімгі өлер алдындағы байлар табының шіріген әдеті. Сырты мәдениетшіл, сыпайы көрінгенмен, ішін ақтарғанда, неше түрлі сасық бейілдер табылатын өлетін байлар, жалғыз әйел мәселесінде емес, барлық өмірде де осындай. Оларда шындық, тұрақтылық, адамгершілік (өздері «Адамгершілік» деп тақылдағанмен) деген нәрсе жоқ? Бәрі алдау. Сыртқа сыпайы көріну. Іштері толған мерез. Бұл бір.

Екінші Мағжанның әйелге құмартқанда «қойынан» басқа, әйелді күйген жанына жұбаныш, сүйеніш қылады. Әйел арқылы шерін тарқатады. Мысалға «8 альбомына» деген өлеңін алайық:

Өтеді өмір,  
Жүрекке шер байланды.  
Өтеді өмір,  
Жүрек көмірге айналды.  
Өтеді өмір,  
Бітеді жыр, жүрек күл.  
Жырсыз жырау,  
Тыйып қарау солды гүл.

Досым жырақ,  
Сөнді шырақ, сөнемін,  
Сөнеді ай,  
Мен де ұзамай өлемін.



Өмір дала,  
Сен бір бала сайран ет,  
Гүлдер жиып,  
Сәуле сүйіп ойнап өт.  
Қырға шықсаң,  
Тілін ұқсаң жел жылар.  
Жер жыламас,  
Жел жыламас, ел жылар.  
Күні батып,  
Қайғы батып ел жылар.  
Ерке бала,  
Сен де жыла төгіп зар.

«Н-ға» айтатын сөздің аяғын Мағжан қайдан апарып шығарғанын көріп отырсыздар. «...ға» деген өлеңінде:

Жас өмірімнің көгін бұлттар басқан күн,  
Қайғы қасірет, тасып бастан асқан күн.  
Жан жағымнан жылы жүзді жан таппай,  
Жақын, жаттар қастық уын шашқан күн.  
Жауыз тағдыр созған қолды қаққан күн,  
Жан денемді жылан, шаян шаққан күн.  
Жапан түзде, кара түнде жалғыз қап,  
Қан дария боп көздің жасы аққан күн.  
Сен көрдің де, келдің тура қасыма,  
Сусын беріп, қойдың жастық басыма,

дейді. Бұл өлеңде Мағжан бұл айтып отырған әйелді жалғыз тән жұбанышы деп отырған жоқ. Тілегі бірге, тартқанда басын сүйеген жан жолдас деп отыр. «Гүлсімге» деген өлеңінде февральды жұмбақтап, әйел қып көрсетеді де, жердің сасықтарына қол болған періштені (Мағжан «Бостандық» деген өлеңінде февральды ақ қанатты періште деп еді ғой, бұл жолы періштенің аты Гүлсім боп отыр):

Мен бір жанмын өлген дейді,  
Періштелер көмген дейді.  
Бір қарады кете берді,  
Жүзіндегі жұмақ түрі.  
Аузындағы мұнды жыр,  
Жүрегіме сіңіп қалды.  
Жүрегімнен кетпес бұл жыр.  
Құбылса да мыңға өмір,

дейді. «Әйелді жанын, тәнін бергенше ғана сүйетін» Мағжан, бұл арада қалайша, өмірі құбылса да өзгермейтін боп қалды. Оның әйелді сүйінде, өз тілімен айтқанда сенім жоқ. Өйткені ол:

«Ақын,  
Ағын»

сылдырап ағады да кетеді. Ешкімге тұрақтамайды. Оның өзгермейтін жалғыз нәрсесі, байшылдық идеясы.

Осындай күйректікке, жылауға түскен Мағжан, 1921-1922 жылдары жанадан жандана бастайды. Біздіңше, бұған үлкен себеп: 1921 жылы Сібірде үлкен көтеріліс болуы, одан келе Кеңес үкіметінің жұт пен аштыққа ұрынуы. Кәтте конференцияларында капиталшыл үкіметтің кеңеске көз алартуы, Түркістанда басмашылар көбейіп, Ануар пашаның басмашыларына жәрдемдесуі, тағы сондай себептер болуы керек.

Мағжанның бұл жандануының басы «Тірілдім» деген өлеңмен басталады:


Сансыз күндер ой астында көмілдім,  
Қор болып ем, көңілін талпай көңілдің,  
Жаспен жасып, оймен азып тозып ем,  
Өліп едім, бүгін тағы тірілдім.  
Жаным өлік еді, жанға жан кірді,  
Тамыр кеуіп еді, ыстық қан жүрді.  
Жиегінде қорғасындай көгімнің  
Бүгін ғана бақыт таңы білінді.

Өзім ғана білем, қандай жан құштым,  
Жер құшпадым, шаң құшпадым, таң құштым.  
Жанды жуып жүрегімді тазалап,  
Бүгінгі күн тән құшпадым, жан құштым.

Жиырма жеті жыл жүрекке берілдім,  
Түнін көрмей, күнін көріп өмірдің.  
Ескі жаспен жүріп алдым жанымды,  
Өлген жерден бүгін мәңгі тірілдім.

Мағжанның тірілгендегі мақсаты, әрине, жалғыз өзі тіріліп қою емес, өлген алашты тірілту. Алашты тірілту үшін оның ертеде үйренген әдісі бар. Ол әдіс қазақтың өткен хандық дәуірін қолына ала жүру. Өткен дәуірін сағындырып, қазақтың бетін орыстан бұрып, артына қарату. «Ал кешегі еркін ел, тағы еркін ел болайық» деген ойға келтіру. Өзін-өзі «тірілдім» деп түсінген Мағжан, алашты тірілту үшін, ескі әдісін қайта бастады. Қазақтың өткен хандық дәуірін қайта жырлауға кірісті. Қызылжарда тұрғанда оның осы жүйеде жазған үлкен екі поэмасы болды. Біреуінің аты «Ертеке», екіншісінің аты «Оқжетпестің қиясында».

«Ертеке» Қызылжарда шығатын «Бостандық туы» газетінде басылды. Ол өлең соңғы шыққан кітапта жоқ. Газеті қолға түспеді. Сондықтан оның өлеңдерін толық келтіруге болмады. Әйткенмен қысқаша мазмұны былай:



Ертек, ертек, ертек, ертек, ерте екен,  
Ерте күнде сшкі жүні бөрте екен,  
Хан Абылай немересі Кенехан,  
Аспанға ұшып, дулап тұрған өрт екен.  
Елім дейді, жерім дейді жанады,  
Жеткіншегі Ернаурызбай баланы,  
Ертіп алып, қорғамақ боп қазағын,  
Өз бауыры қырғыздан қаза табады.

Бұдан әрі Кенесарының баласы Сыздықты айта кеп:  
Орыс алды, қимылдаған қазақ жоқ,  
Қайран Сыздық құса болды шерменен

дейді.

Ашулы Сыздық, қаңғырып бетпақтың шөлін кезеді. Жез тырнаққа жолығады. Жез тырнақты атып өлтіреді. Аяғы сонымен бітеді. Әңгіме «Ертектің» ішіндегі Сыздықта емес, Мағжанда. Мағжан Кене мен Сыздықты айта кеп:

Сол ерінен, сол жерінен айрылған,  
Алты алаштың өзегінде өрт екен,  
Ертегі айтад, дертті балаң Жажекен!

деп бітірді.

«Оқжетпес» Көкшетаудың бір тауы. Осы күнгі курорт боп жүрген Бурабайдың ішінде. «Оқжетпес» туралы ертегі көп. Оны Сәкен «Көкшетау» деген поэмасында толық айтқан. Мағжан «Оқжетпестің қиясынданы» былай бастайды:

Арқада Бурабайға жер жетпейді,  
Басқа жер, ойды ондай тербетпейді,  
Арқада Бурабайға жер жетпесе,  
Алашта Кенекеме ер жетпейді.  
Көкшеде күңірсенген Кенем қайда,  
Даярға жүрегімді дерт өртсіді.

Бұдан былай қарай, Көкшетаудың суреті, Кенесарының ол тауды иеленуі, бір күні тауды аралап жүргенде бір шалды көруі айтылады. Шал Кенеге былай дейді:

Кенежан берірек кел сырттан балам,  
Ел үшін елсіз жерде жортқан балам.  
Сақтайтын қолдан, тілден сендей ерді,  
Ата пір, қасиетті, мен қарт бабаң.

Сен улаған қазақтың қайғысы ғой,  
Дариға, қазағынның күні қараң.  
Алаштың алдын қара тұман жапқан,  
Мынау орыс обыр ол еміп жатқан.  
Заман азған шағында адам азған,



Көп ерлер жаумен бірге елін шапқан,  
Кешегі Абылайхан азып туған,  
Уәли анау, қарқатынмен басы қатқан,  
Шормандай шолтандаған шолақ билер  
Орыстың шекпеніне елін сатқан.  
Кенежан елің қалды-ау жау қолында,  
Алып кет алашыңды осы жақтан.

Кенесары мына сөзді ести салысымен орыспен соғысады. Қырғызбен одақ болғысы кеп жүргенде қырғыздан өледі. Кенесары өлгеннен кейінгі қазақ күйін Мағжан былай деп келтіреді:

Содан бері бірталай заман өтті,  
Алашты улай-улай жаман өтті,  
Тұлпар тулақ, ер арық аруақ боп,  
Сарыарқа сайран жердің сәні кетті.  
Жолбарыстар жортатын сардала  
Қорсылдаған доңыздар мекен етті.  
Жалғыз-ақ Оқжетпестің қиясында,  
Шөккен қарт, күн шығысқа түзеп бетті.  
Көп заман талмай, тозбай тау басында  
Алаштан Кенекемдей бір ер күтті.

Кенесарыны айтқан ақын, поэмасының аяғын алаштан тағы да бір Кенесары шығуын күтуге әкеп соқты ғой. Жаңадан туатын «Кенесары» кім екенін біз болжамай-ақ, ақынның өзіне сөз берейік. Мысалға «Пайғамбар» деген өлеңін алайық:

Мағжанның ерте кездегі (Февральға шейін) доңызы жалпы орыс болса, февральдан кейін орыстың бәрі емес, бәлшебегі ғана болды ғой. Өйткені орыстан туған Колчакты, жанаралдарды, Февральға ие болған Орыстың байлар партиясын періште қып, Октябрьден кейін ғарысқа ұшырып жіберді ғой («Бостандық» деген өлеңінде). Жаңағы мысалға алған Кенесарыдағы Сарыарқаны мекендеген қорсылдаған доңыздар – осы бәлшебектер. Мағжанның қазақты ояту үшін қолданатын құралы жалғыз қазақтың өткен заманы емес, түрікшілдікті, күншығысшылдықты да пайдаланады дегенді біз жоғарыда айтқанбыз. Мағжан «Пайғамбарында»:

Күнбатысты қараңғылық қаптаған,  
Күні батып, жаңа таңы атпаған.  
Түнеріп жүр, түннен туған перілер,  
Тәңір ісін табанында таптаған

деп, күнбатыс елін тапқа бөлместен тұп-тұтас тозып бара жатқан елге ұқсатады. Тозып бара жатқан күнбатыстың капиталистері екенін, оны тоздырушы жаңа социалдық өмірдің іргесін қалаушы күнбатыс пурлтариаты екенін, осы пурлтариаттың үстемдігі ғана күншығыс елін отардан шығарып социалдық құрылысқа қатынастыратынын байшыл ақын көре тұра айтпайды.



Қарқара түн, толқынданған қараған,  
Қара түнде өңшең соқыр шұбырған.  
Сол шұбырған сансыз соқыр алдында  
Ентелеген кәдімгі Иван есалаң.

Иван дегені – орыс. Мағжан бұл арада, не пурлтариатты басқарған Ленинді «Есалаң» деп отыр да, не болмаса, Еуропа пурлтариатына үлгі боп, октябрьді жасаған орыс пурлтариатын айтып отыр. Пурлтариаттың пайғамбары комунист партиясы екенін жасырып отыр. орыстың Мережковский сықылды табы өлген байшыл ақынның:

Устремляя наши очи  
На бледнеющий восток  
Дети скорьби, дети ночи  
Ждем, не придет ли к нам Пророк!

деген өлеңін мысалға алып, күнбатысқа пайғамбар күткізіп отыр. Бір жағынан – отаршыл обырлар, екінші жағынан өз байлары мен бектері сорып жатқан күншығыс еңбекшілері, күнбатыстан (пурлтариатынан) пайғамбар күтіп, қан жылап бостандық іздеп отырғанын байшыл ақын бүркеп отыр. «Окжетпестің қиясы» деген поэмасын Мағжан:

«Алаштан Кенекемдей бір ер күтті»

деп бітіріп еді ғой. Әрі күнбатыс, әрі «Алаш» күткен пайғамбардың кім екенін, Мағжан осы «Пайғамбар» деген өлеңінде өзі айтады:

Қайғыланба, соқыр сорлы шекпе зар,  
Мен күн ұлы, көзімде күн нұры бар.  
Мен келемін, мен келемін, мен келем,  
Күннен туған, күннен туған пайғамбар.

Мағжан өзін-өзі «пайғамбармын» дегенмен, күншығыс былай тұрсын, Қазақстандағы Қазақ еңбекшілерінің өздері-ақ пайғамбар емес, Мағжан біздің тап дұшпанымыз, ол байдың пайғамбары, біздің пайғамбарымыз – пурлтариат, біз пурлтариат арқылы ғана дегенімізге жетеміз» деп отыр. Қытай еңбекшілері Шанхайшы басқарған гомендан партиясынан үнді еңбекшілері ұлт кеңесінен пайғамбарлық күтіп, пайғамбар дегені жалмап бара жатқасын, қазір ол пайғамбарлардан безіп, Еуропа пурлтариатына арқа тіреп, өз байларымен майдандасып жатқан жоқ па? Пайғамбар боламын деп Мағжанның күте-күте көз еті сарғайған жоқ па?!

Мағжан «Күншығыс» деген өлеңін де «Пайғамбар» сарынымен жазды. Пайғамбар болам деп еді, бола алмады. Барлық күншығысты былай қойып, Қазақстанды алғанда, жалғыз Қызылжар қаласының өзінде пайғамбарлығы жүрмей, еңбекші жастар «сен біздің дұшпанымызсын» деп қаужай бастағасын, пайғамбарлығын арқалап отырып, 1923 жылы Түркістанға тартты.





## 2. Тәшкенде

Жолдас Қожанұлы Сұлтанбек, 1928 жылы «Еңбекші қазақ» газетінің бетінде, жолдас Исаұлы Ораздың сұраған сөзіне жауап қайырганда, жік жасап жүрген кезінде, оның жігі төңкеріске қарсылармен ауыз жаласқан жік екенін айтты («Е.Қ». 1929 жыл). Сұлтанбектің осы сөзін біз мынадай дәлелдермен толықтырамыз:

1920-1924 жылдардың ішінде Ескі Түркістан республикасына Алашорданың қаймақтары жиналды деуге болады. Мәселен: Досмұхаметовтер, Әуезов, Жұмабаев, Аймауытов, Байтасов, Кемеңгеров, Дулатов, Даниалов, тағы басқалар. Алашордашыл, төңкеріске қарсы, байшыл жазушы дейтін адамдарымыз жоғарғы атағандар. Осы төңкеріске қарсы ақын, жазушылар Қожанов жігін паналағаннан кейін «Ақжол» газетін қолдарына алды. «Шолпан», «Сана», «Терме» сықылды қалың-қалың жорналдар шығарды. Осы қалың жорналдардың ішінде қалың-қалың Кеңес үкіметіне қарсы өлең, әңгімелер шықты. Байшыл ақындар қалың жорналдарға қанағаттанбай, «Шолпанды» қосымшамен (приложение) шығарып отырды. Бұл туралы, біз жоғарыда толық айтқанбыз. Бұл жолы Мағжанның, жаңағы Кеңес үкіметінің ақшасымен шыққан жорналдар мен газеттерге не сөз жазғанына келейік. Бұл арада азырақ ескертіп кететін бір нәрсе: қанша іздегенмен «Ақжол» газетінің 1924 жылға дейінгі сандарының табылмауы. Мағжанның сол табылмаған сандарда көп өлеңдері бар. 1923 жылы Түркістанда басылған Мағжан кітабына оның 1923 жылы газетке басылған кейбір аса қажет өлеңдері кірмеген. Біздің материалдарымыз : «Шолпан», «Сана», «Ақжолдың» 1924 жылдан бергі сандары.


Мағжанның Қызылжардағы әдебиет өмірін айтқанда, біз 1922 жылдардан бастап Мағжан қайтадан тірілді, сол тірілудің арты ескі түрікшілдікке соқты дедік қой. Түркістан республикасына келе сала, Мағжан түрікшілдігінің қызуын 200 градусқа жеткізді. Онысы «Түркістан» деген өлеңінен ашық көрінеді.

Түркістан екі дүние есігі ғой,  
Түркістан ер түріктің бесігі ғой.  
Тамаша Түркістандай жерде туған,  
Түріктің тәңірі берген несібі ғой.  
Ертеде Түркістанды Тұран дескен,  
Тұранда ер түрігім туып өскен.  
Тұранның тағдыры бар толқымалы  
Басынан көп тамаша күндер кешкен.

(187-бем).

Бұдан былай түріктің ескі тарихын айтып келеді де:

Тұранда түрік ойнаған ұқсап отқа,  
Түріктен басқа от боп жан туып па?



Көп түрік енші алып тарағанда,  
Қазакка қара шаңырақ тиген жоқ па.

(190-бет).

Бұдан ары, қазақтың хан мен батырларын айта келе өлеңін:

Шер батса кім іздемес туған елін,  
Тұлпар да көксемей ме туған жерін,  
Арқаның ардагері қалың алаш,  
Тұранда біле білсең сенің жерін.  
Қырағы Тянь Шань мен Памир, Алтай,  
Күтеді көптен сені қарай-қарай.  
Кене мен Абылайдың жолын қумай,  
Жапанда жайылудың мәні қалай.

(191-бет)

деп бітіреді. Кене мен Абылайдың жолын қумай, неге жайыласың деген сөзді шын мағынасына аударса, бәлшебекке қарсы неге соғыспайсың, жауласпайсың деген сөз. «Ақсақ Темір сөзі» деген өлеңінде:

Жиһан деген не нәрсе,  
Алақанның ауданы,  
Бір ауданда көп тәңір,  
Болудың тіпті жоқ мәні.  
Көк тәңірісі тәңірінің,  
Тұқымы жоқ, заты жоқ.  
Жер тәңірісі Темірмін,  
Тұқымы – түрік, заты – от.

(192-бет)

дейді. «Көк тәңірі керек жоқ, жерде жалғыз тәңірі мен болам» деген ақсақ Темірдің сөзі, Темір айтқан сөз емес. Бұл ағыл тұрған монархизм (патшашылық) тілі, Мағжан тілі. Түрік деген сөздің қасына Мағжан ылғи «от» деген сөзді қосып, «Түрік от» деп жырлайды. Енді «От» деген өлеңін алайық:

Күннен туған баламын,  
Жарқыраймын, жанамын.  
Күнге ғана бағынам,  
Өзім күнмін, өзім от,  
Көзім қысық, көзім де от,  
Өзіме өзім табынам,  
Жерде жалғыз тәңір от,  
Оттан басқа тәңір жоқ.

Бұдан әрі түріктің қайратын, оттылығын айта келеді де:

Кеше маған тіл келді,  
Күн батыстан жел келді.  
Қараңғылық қаптаған,  
Ұяттан әсер қалмады.



Енді заулап жанайын,  
Күнбатысқа барайын.  
Бір шетінен тиейін,  
Қараңғы, тас қаласын.  
Жалмауыз, жауыз баласын,  
Жалынменен сүйейін,  
Не қалар екен қаладан,  
Жалмауыз, жауыз баладан.

(197-бет)

дейді. Бұл Мағжан тілі ғана емес, Түркістандағы басмашылар тілі. Олар пурлтариат үстемдігін оттай жалайын деп еді, жалай алмай, төңкеріс отына өздері жаланды.

«Алатауда» деген өленінде Мағжан Қырғыздарға былай деп ақыл үйретгі:

Ай шырайлы аяшың,  
Күн болып күйіп солмасын.  
Бозаға толып шанашың,  
Семетей мен Манасың  
Қысыр бір қысқа болмасын.

(«Ақжол» № 409. 1924 жыл).

Семетей мен Манас – Қырғыздың халық ақындары. Қырғыз ұлғшылдары оларды пір тұтады. Өйткені олар Қырғыздың хан мен батырларының ерлігін жырлайтын қазақтың Шортанбай жырауы сықылды ақындары. Міне, сол ақындар «қысыр бір қысқа болмасын» дейді Мағжан. Ол не деген сөз? Қырғыздың хан батырының ерлігі өлен боп қана қоймасын, іске ассын деген сөз. Қырғыздың хан батырларындай Қырғыздан Кеңес үкіметіне қарсы батыр тусын деген сөз. Мағжан өзін Кеңесарының орнына Кеңесары боп туған «Пайғамбармыш» десе, қырғыздан да Мағжап шықсын деген сөз.

Мағжан осындай бірнеше өлең жазып, өлген батырлығын қайта тірілтем деп талаптанып еді. Ол ойы болмады. Онын осы «Түрікшілдік» талапта жүрген кезінде жазған «Батыр Баян» деген ұзақ поэмасы бар. Ол поэманы әдейі кейінге қалдыра тұрып, әзірше ұсақ өлеңдерін аяқтайық.

Біз, Мағжан өлген ерлігін Түркістанда түрікті жырлап тірілтем деп еді, бірақ онысы болмады дедік қой. Расында болмады. Кеңес үкіметі сыртқы саясатта да, ішкі саясатта да күн санап алға басты. Күн санап орныға бастады. Дәмеленген Түркістан басмашыларынан шығар жеміс шамалы болып, олар жыл санап бордай тоза бастады. Мағжан тағы дағдарды, іші тағы пыса бастады. Алдағы күн не болар екен деп бал ашады. Ол ашқан бал «Асық үйіру» деген өлеңінде айтылады:

Сынайын бір сақаны,  
Ирейін «құрғырға».



Айттырғанға қалғаны,  
Толды ма екен он жылға.  
Алшы түссең болғанын,  
Тәйке түссең тәуекел,  
Бүге түссең ұрғанын,  
Шіге түссең ит боп ұр,  
Танмын өзім үй алда,  
Өсіп қапты апырай,  
Мен баяғы халымда,  
Ай, қыз деген кәпір-ай.

(«Ақжол» 24 жыл, № 415).

Мұны, әрине, аздап саяси саңлауы бар адам қызға ашқан бал дей алмайды. Мағжан кеңес үкіметіне бал ашады да:

«Мен баяғы қалпындамын, бұл қалай өсіп қалған» деп таңданады. Өшірем деген үкімет өшіп қалғанын көргесін Мағжан тағы ескі санауға, жылауға, үмітсіздікке, өлім шақыруға түсе бастайды. Бірнеше мысал келтірейік.

«Қоңыр жыр» деген өлеңінде былай дейді:

Үміт:

Әлдеқайда бір кара,  
Елпең-елпең етеді.  
Айды күткен жас бала,  
Әлдеқайда бір кара.  
Күте-күте жап жара,  
Дариға қашан жетеді.

Бұл өлеңге түсіндірудің керегі жоқ. Осы өлеңде тағы:

«Тауда, түнде үн берген,  
Тәңірі ме, әлде байғыз ба?  
Үн іздеп жаным күнірсенген».   
Тауда, түнде үн берген,  
Тәңірі болсаң кел бермен.  
Қолымды желге жайғызба

деп, көзіне елестегеннің не екенін біле алмай шатысады. «Қолымды желге жайғызба» деп жалбарынады. Осы өлеңінің бір жерінде:

Өмір тұлкі сен төбет,  
Арсалаңдап келесің.  
Тақымда, тез дөнгелент,

деп, мақсатын тағы да қуғысы келеді. Өлеңнің аяғында:

«Келешек», «кеше», «бүгін»,  
«Келешек» пен «кеше» анық,  
«Бүгін» деген бір бу ғой.

(«Ақжол» № 413, 1924 жыл)

дейді. «Бүгін» кеңес үкіметі, ол оған әрине бу. «Кеше» оған айқын



екеніне және таласымыз жоқ. Бірақ «Келешек» оған анық емес, оны білмейді. «Келешек» анық деп отырғаны жай ғана арсылдаған төбет болғандығы.

Үміті ұзаған Мағжан, бүгінгісі тағы буалдырланған Мағжан баяғы «Қазағын, бізше айтқанда, байын» тағы қайғыра бастайды. Ол «Жылқышы» деген өлеңінде ашық көрінеді.

Бораны борап ұлып тұр,  
Төбеттей тынбай үріп тұр.  
Жіп қағылды қантарға.  
Аман ба екен жылқышы,  
Аман ба екен жылқысы,  
Малға барған жан бар ма?

Бір бұта жоқ айдала,  
Аппақ кебін айнала,  
Қалтиып қос тұр ма екен?  
Құрт көшені сіміріп,  
Тұмақты қойып жымырып,  
Қасқиып қасқыр тұр ма екен?

Бораны әлде даланың  
Бейітіндей баланың  
Қосын басып шығып па?  
Қайран қасқыр жылқышы.  
Ығып кетіп жылқысы  
О да бірге ығып па?

Аласұрып ісініп,  
Есі кетіп шешініп,  
Есіл ер үсіп өліп пе?  
Ердің солай өлгенін,  
Қардың қалай көмгенін  
Құрығынан басқа көріп пе?  
Боран мынау қабандай,  
Қатуланған қаба алмай,  
Түбі қайыр болса игі.  
Басында өлсе сайғақ жоқ,  
Өліміне айғақ жоқ.  
Жылқышы сорлы не күйде.

*(«Ақжол» № 408, 1924 жыл).*

Кеңес үкіметінің кезінде, өлсе басына сайғақ қойылмайтын, әрине, байлар. Байлардың сайғақсыз қалуға айнала бастағанын Мағжан «Сәрсембайдың жыры» деген өлеңінде айтады:



Ай, албарды, албарды,  
Сәрсембайда зар қалсын,  
Зардан басқа не қалды,  
Шықпаған құр жан қалды.  
Бетегелі барқыттай,  
Белес белден айрылдым.  
Балдан қалған сарқыттай,  
Күміс көлден айрылдым.  
Ай мүйізді ақ қошқар,  
Ақтылы қойды бөрі алды.  
Шұрқыраған жануар,  
Жылқыларды ұры алды.  
Ұры алмады, түн алды,  
Түн алмады, жын алды.  
Жаяу қалдым, әйтеуір,  
Біле алмадым кім алды.  
Домбырамның құлағын,  
Бостау қылып бұрамын.  
Жылқымның жөнін сілтеші,  
Өркенін өссін шырағым.  
Домбырам менің қарағай  
Қылдын-ау, шіркін, заман-ай,  
Жат бауыр болған жас шіркін  
Кеткенің бе қарамай  
Қалампырлы насыбай,  
Насыбайды атқан соң,  
Жазылар менің басым-ай,  
Жазылса да бас шіркін  
Тыйылмайды жасым-ай.

(206-бет).

Мағжанның «Түн» дейтіні пурлтариат екенін біз жоғарыда көрсеттік. Сәрсембайдың жылқыларын сол «Түн» алды деп отыр. «Түн» емес, қазақ еңбекшілерінің өзі кәмпескелеп, колхозға салып жатқанын ол көре тұра айтбай отыр. Жерден, көлден, малдан айрылған барлық Қазақ емес, бай. Еңбекшілер айрылған жоқ, жер бөлісінде жер мен көл алса, кәмпескеде мал алып отыр. Байларды осындай күйге түсірген Қазақ еңбекшілерін Мағжан өзі де біліп, жаңағы өлеңінде:

«Жат бауыр болған жас шіркін,  
Кеткенің бе қарамай» деп отыр.

Байдың насыбайға басы жазылғанмен, көзінен жасы құрғамайтынын ақын өлеңінің аяғында өзі-ақ айтып отыр.

Мағжан осы құлағаннан онған жоқ. Сеніп барған Түркістаннан шығар іс шамалы болып, таянышы қылған байларының күні қараңға



айналғасын ол жылауды үдетті. Үдеткенде құр ойбайлай берген жоқ, социалдық құрылыстың ірі табыстарын, Қазақты жейтін обыр деген сөзді қоса жырлады.

Кенес үкіметінің ерікті ұлы болған кенесті Қазақстанда өзге өнер ордаларын, кәсіп ордаларын қоя тұрғанда, **Түріксіб, Ақмола темір жолы** деген екі темір жол жүрді ғой. Бұл темір жолдар Қазақ даласын отарлану саясатымен емес, мәдениеттендіру, Қазақстанды Еуропа өнерімен құшақтастыру ниетімен салынды. Бұл жолдардың Қазақ даласына қандай пайда келтіргенін қазақ еңбекшілеріне түсіндірудің қажеті жоқ. Осы шойын жолдарды байшылы Мағжан «Шойын жол» деген өлеңінде былай дейді:

Бір қаладан шығарып,  
Ызғындай елді қақ жарып,  
Шойын жол сала бастап ед.  
Өтіп кетті талай жыл,  
Бітті ме екен сонау жол,  
Пұл жетпей баста тастап ед.  
Өтінішім інішек:  
Со жаққа барсаң несіп боп,  
Елге барып қайтарсың.  
Басқан анау жол жайын,  
Басылған анау ел жайын,  
Әдейі көріп айтарсың.  
Қаншама пұл төгіліп,  
Неше мың жан жегіліп,  
Бастаған жол бітіп пе?  
Қара айғыры арсылдап,  
Қара қабан қорсылдап,  
Елді басып өтіп пе?

Бұдан ары малдардың атын атап, солар үркіп пе деп келеді де, аяғында:

Сұр кетіп кара жұрттын жүзінен,  
Сары қымыз көзінен.  
Бұл-бұл ұшып жүр ме екен?  
Қымызды жасық су ғой деп,  
Ендігі жас жеткіншек  
Ащы су ішіп жүр ме екен?  
Кешегі маңғаз бәйбіше,  
Қолында құрттай бір кесе,  
Қатық сатып тұр ма екен?  
Сорлының жанын жаралап,  
Саудалап тұрған бір сары ит  
Қалжыңдап шатып тұр ма екен?  
Аллыстағы аналық



Сатарына заты жоқ,  
Көзін сатып тұр ма екен?  
Көзін сатса дариға,  
Жанында бір қыз бала...  
Қызын сатып жүр ме екен?  
Өтінішім інішек,  
Бара қалсаң несіп боп,  
Елге барып қайтқайсың,  
Басқан анау жол жайын,  
Басылған анау ел жайын,  
Әдейі көріп қайтқайсың.

(«Ақжол» № 410 1924 жыл).

Қазақ еңбекшілеріне өнер, білім әкеп неше мың жылғы өлік қаланы тірілткен Түріксіб пен Ақмола темір жолын байшыл ақын осылай деп отыр. Бұл туралы жолдас Бухарин комсомолдардың сегізінші одақтық съезінде былай деген:

«Қазақ ақыны Жұмабаев көркем сөзбен Қазақстанда шойын жол жүргізуге қарсы болды. Ондағы дәлелі шойын жол қазақ даласына бұзықтық, жаңа жұқпалы аурулар әкеледі дейді. Шойын жолдың бұлай істеген уақыты болды. Бірақ, қазір шойын жол ауруы көп Қазақстан сықылды көшпелі, мәдениетсіз елге ауру апармайды, ауруға дәрі апарды».

«Осындай ұлтшылдық, ұлы кеуделік біздің кеңес орындарымыздың қолына өтіп отырады. Қазақстандағы саяси ағарту ісін басқаратын мекеме 1927 жылы бір әдебиет жинағын шығарды. Сонда мынадай өлең басылған:

Шаттан, қуан, бұқара,  
Келеді сенің әмірің.  
Жарқыратпақ әмір ай,  
Жабыңқы тұрған сен көгін.  
Айсыз аспан түнеріп,  
Өзін жарық қыла алмас.  
Айсыз аспан тұрмаса,  
Әмірсіз бұқара тұра алмас.  
Бақшаға пальма келеді,  
Бақша көркі пальма ағаш!

«Ақын тілімен жазылған төңкеріске қарсы патшашылдық деп біз осыны айтамыз» (*Стенографич, отчет, стр. 25, Москва, 1928г.*).

Мағжанның «Шойын жол» деген өлеңі нағыз кер тартпа, өзіме жоқ аз нәжіспен піссін дейтін қазақ байларының құрып бара жатқан кезіндегі мәдениетке бұқпантай қарсылығы. Мағжан байшыл ақын болғандықтан, оған бұны неге жаздың деп пурлтариат өкпелемейді. Ол жазса өз табының тілін жазып отыр. Осындай байшыл, патшашыл, кертартпа, төңкеріске,





пурлтариатка қарсы өлендерді «Біздің» кеңес баспа сөздеріміз («Ақжол», «Шолпан») басты-ау, қалтасында партия билеті бар «комунистеріміз» пурлтариат жұртшылығына келешекте қара жүзді боламын дегенді ойламайды-ау!

Мағжанның Тәшкендік дәуірін аяқтардың алдында, оның біраз ірі еңбектерін талдай кетейін:

### «Шолпанның күнәсі»

Мағжан бұл шығармасын қара сөзбен жазған. Әңгіме «Шолпан» журналының 4, 5, 6, 7, 8 сандарында басылды. Әңгіменің қысқа мазмұны мынау:

Сәрсембай дейтін атақты байдың баласы. Оның сүйіп алған Шолпан деген келіншегі бар. Шолпан мен Сәрсембай 6-7 жыл отасады. Бірақ, бала болмайды. Сәрсембай баланың болғанын жақсы көреді, Шолпан келіншек қалпында тұруын, бала болмауын жақсы көреді. Бірақ, екеуі де осы ойларын іштеріне сақтап, біріне бірі айтпайды.

Бір күні Сәрсембай бір үйден кеп, түнде Шолпанның жанына жатқанда, бір құрбысының балаларының қылығын сөйлеп, өзінде бала жоқтығын аңғартады. Нақ осы арада Шолпан бала керек екен ғой деген ойға келеді. Осыдан былай Шолпан жатса, тұрса бала тілейді. Бала табудың жолын іздейді. Бірақ, бастапқы кезде жамандыққа бармай, бала табу әйел мен еркектің жақындық түрінен болатын шығар, мен оған олақ шығармын деп әр түрлі тәсілдер, шаралар істеп байқайды. Оған да болмағасын құдайдан тілеп «сопылыққа беріліп» сопы келін аталады. Оған да болмағасын, не Сәрсембай, не мен бедеу шығармыз деп, амалсыз көңілін суық жолға бұрады.

Осы ойға келіп алғаннан кейін Шолпан жақындасатын адам іздейді. Ананы бір, мынаны бір ойлап кеп, ақырында, ойын өз күйеуімен атасы теңдес Әзімбай деген 18-19 дағы жігітке тоқыратады да, осы Әзімбайға жақындасады.

Бұл жақындық біраздан кейін жұртқа жайылады. Шолпан екі қабат боп қалады. Әуелде бала үшін жақындасқан Шолпан, артынан Әзімбайды шынымен жақсы көре бастайды. Осы кеңес Сәрсембайға жетеді. Сәрсембай Шолпанмен бұрынғыдан, мына сөзді естігенсін салқындайды. Бірақ көзбен көрмегенсін үндемейді.

Бір күні Сәрсембай түнде бір жақтан кеп, Әзімбайдың үйден шыға қашқанын көріп қалады. Сол жерде үйге кіріп барып Шолпанды таяқтың астына алады. Айыбы мойнына түскен Шолпан дыбысын шығармай, жанына қанша батса да жылай береді. Сәрсембайдың дауысымен көршілер жиылады. Сәрсембай зорға араша береді. Шолпан осы ұрудан, бала тастап, бір күннен соң өледі. Әңгіменің бар мазмұны осы.



Өңгіме қазақ тұрмысында болатын шындықты жазған. 18-19 жастағы Әзімбай Шолпанға «бұдан үш жылдай бұрын қыңқылдап жүруші еді» дегені ғана шындық емес. 15-тегі бала 25-тегі келіншекке қыңқылдамайды ғой, жай қалжыңдағаны болмаса.

Өңгіме, жалпы алғанда, Қазақтың бектік дәуірінің Қазақ тіршілігінде қалған сарқыншағына жатады. Тегі балалы болу, балалы болғанда ұлды болу, ұлды болғанда көп ұлды болу таза буржуазия дәуірінің идеологиясы емес. Буржуазия ұл-қыз демейді. Бала болса болады. Екеуі болмаса да, нақ қыжылып, Шолпан істеген іске бара қоймайды. Қазақ жұртының ескі уақытта баладан түсінетіні, бала деп тілейтіні ұл болатын ғой. Біреудің бес қызы боп, жалғыз ұлы болса:

Көп заман жетеледі жыңды жүрек,  
Ойладым жүрек жетер, ой не керек.  
Тәтті у еді, сол удан неге айныдым,  
Дарига жүрек өлед, өмір сөнед.  
Бір күнде жолдас болдым құйынменен,  
Өмірді алмақ болдым ойынменен.  
Ойын тыңды, жолдасым жоқ боп кетті,  
Бұл күнде уланамын ойымменен.  
Енді менің жолдасым жалғыз қобыз,  
Сарна қобыз, мұн, зарлы шығар лебіз.  
Сен жыласаң жылармын мен де бірге,  
Жан жыласа жыламай қала ма көз.  
Өмірде арманым жоқ Қорқытқа ерсем,  
Қорқыттай жанды жаспен жуа білсем.  
Жас төгіп, сұм өмірде сарнай, зарлай,  
Құшақтап құр қобызды көрге еңсем.

*(«Шолпан» № 2-3, 1923 жыл).*

Бұл өлеңге сөз қосудың қажеті аз. Өзінен-өзі ашық тұрған өлең. Мағжан неге мұндай халге келгеніне жоғарыда біраз дәлелдер болғанымен, нақ осы «Қорқытты» жаздыруға қандай себеп болғанын қысқаша айта кетейік. Біз жоғарыда Мағжан Түркістанға баспашылардан дәмеленіп барды дедік қой. Ол үміт болмады. Баспашылар жыл санап тозды. Оның үстіне, Түркістан еліндегі еңбекшілер жұртшылығы өсті. Түркістан жұмыскерлерімен диқандары Кеңес үкіметіне сеніп, соңынан ерді. Баспашылар, байлар, ишандармен күресе бастады. Партия қатары өсіп, төңкерістің бастапқы жылдарында Алашорданың оң көзі болған өтірік коммунистердің орнына, партия жолын танып соған белсене қатынасқан шын коммунистер шықты. Қазақстан мен Түркістан қосылмай тұрған кездің өзінде-ақ, партия жолына түскен еңбекші жастар, Қазақстаннан қашқан Мағжан, Мұхтар сықылды саяси қазақтарды қаужай бастады.



Баспасөзді қолдарына ала бастады. Міне, осындай қысымшылықтың алдын көрген Мағжанға, шынында, қайда барса «Қорқыт» көрі көрінді. Кеңес үкіметінің қай бұтағына барса да байшылдарға көр екенін көргесін тірілген үмітті қайта өлтіріп «сөнем, өлемді» қайта жырлады. Сонымен 1925 жылдардың басында қобызын арқалап Мәскеу тартты.

### 3. МӘСКЕУДЕ

Мағжанның Мәскеуге неге барған себебі бізге қараңғы. Әйткенмен оның Мәскеуде істеген істерінің түрін қарап, аздап жорамалдауға болады.

Мағжан Мәскеуге бара сала күншығыс баспасөз бөлімінің қазақ секциясына кітап аударушы қызметіне кірді, әрине, Мағжан: Бөкейханов Әлиханға ұқсап, орысшадан аударғанда, өзінің сасық саясатын аудармасына білдірмей тыққыштаған жоқ. Орыс тілінде не жазылса соны ғана аударды. Мүмкін оның қате аудармалары болуы. Бірақ біз танысып жүрген аудармаларында Бөкейхановтікі сықылды «күпінің бейітіндей өрген комунист адыра қалсын» деген сөздер жоқ.

Мағжан бұл аудармаларды, біздіңше, әдейі аударғысы кеп, орыс тіліндегі социализм мәселелерін қазақ бұқарасына түсіндірейін деген жоқ, қаражат үшін, ақша үшін аударды. Бұл жағынан ол, шынында, көп пайда істеді.

Мағжанның Мәскеуге барғандағы ойы, жалғыз осы аудармамен тамақ асырау болмауы керек. Оның барған ойы төмендегі болу керек: Мәскеудегі күншығыс баспасының бастығы Нәзір Төрекұлұлы деген кісі болды ғой. Осы Нәзір отырған заманда күншығыс баспасының қазақ бөлімін Әлихан Бөкейханұлы биледі (1922-23).

Мәскеуде шығатын «Темір қазық» журналын оқыған кісі «Қыр баласы» деген аттан аяқ алып жүре алмайды. Осы «Қыр баласы» Бөкейханұлы. Бөкейханұлы жалғыз «Темір қазық» емес, күншығыс баспасөзіне: «Жоқтаулар», «Ерсайын» тағы толып жатқан ертегілер бастырды. Сол жылы күншығыс баспасөзіне Мәжит Дәулетбайұлы бастыруға өлеңдер жинағын жіберген. Сол өлеңдер жинағын Бөкейханұлы қарап, Кеңес үкіметі туралы жазылғандарға «жарамайды» деген көлденең сызық қойып, үкіметтің кемшілігін айтқан өлеңдерді «жарайды» деп отырған. Мен өз жинағымды Орынборда бастыра алмай, Байтұрсынов білім кеңесі боп тұрып жібермеді. Мәскеуге апарып, жолдас Сталиннің таңдап басу керек деген запискасымен Төрекұлұлына бердім. Бір жылдан кейін Бөкейханұлының басылмайды деген қорытындысымен жинағым қайтып келді.

Тәшкенде қағажу көрген Мағжан, Мәскеуде мынадай нәрсенің иісін сезгесін содан бірдеме шықпас па екен деген оймен барды. Күншығыс баспасының қазақ бөлімі оны қабыл алғанмен, Мәскеуде оқып жүрген



казак еңбекшілерінің балалары қабылдамады. Қазақстаннан какқы жеп барған Мағжанды сынға алды. Қатесін бетіне басты. Талқыға түсірді. Бұл бір, екінші Мәскеу пурлтариат төңкерісінің штабы тұрған жер пурлтариат үстемдігінің көрінісі Мәскеуде жергілікті қалалардан көрі айқын. Осындай пурлтариаттың күшін көрген, екінші жақтан қазақтың еңбекші оқушыларынан соққы жеген Мағжан «Жанғырық» деген өлең жазды. Бұл өлеңін оқыған өлең болғанмен нақ осы арада қолға түспеді. Өлең 7-8-ақ жол қысқа өлең. Бірақ мағынасы қою өлең. Қысқаша мазмұны: Мағжан есік алдындағы жанғырықты салып қалса, жанғырыққан дауыс естіледі. Ол дауыста: үмітің жақын деген үн тұрады. Тағы салып қалғанда, тағы жанғырыққан дауыс естіліп «үмітің алыс» дейді. Міне осы бір «алыс», бір «жақын» деген үннің арасында Мағжанның басы қаңғырады.

Қолынан саяси, шаруашылық билігі кеткені болмаса, Мағжан сүйенген бай табы әлі тірі ғой. Ол тап қашан социализм боп, тап құрғанша, пурлтариат үстемдігі қолайлы деп дәмелене бермек қой. Жанғырықтың «үмітің жақын» дейтін себебі осында. Бірақ, Мағжанда Тәшкен мен Қызылжардағыдай «ерлік» Мәскеуде жоқ. Ол Мәскеудегі кезінде жанғырық дауысынан дәмеленіп, басы қаңғырғаннан басқа берекелі ешнәрсе көзге көрсетіп жазған жоқ. Оның осы кезде біз білетін «Жүсіп хан», «Өтірік ертеке» деген екі поэмасы шықты. Бастапқысы біздің қолда жоқ. Біз соңғысын аздап талдап көрейік.

### ***«Өтірік ертектің» қысқаша мазмұны мынау:***

Шираз дейтін Персияның бір қаласы бар. Осы қалада жеміс көп шығады. Жемістен Шираз адамдары арақ ағызады. Осындай ағызылған (істелген) бір оңаша үйдегі құмырада тұрған араққа тышқан келеді де, арақтан тойғанынша мас болады. Мاستың көпірмелі болатын әдеті. Тышқан сол арада өзінен-өзі көтеріліп сөйлейді. Ежелгі жауы мысықты сөз қып былай дейді:

«Ай дүние жалған-ай!  
Іште кетті-ау арман-ай!  
Не көрмедік мысықтан.  
Қанымызды ішті ғой,  
Баста қайғы күшті ғой,  
Өтті-ау өмір құсып қан.  
«Өттең дүние-ай не керек,  
Көп жаманға кез болып,  
Тасып жүр ғой ол жаман.  
Бір көрінсе көзіме,  
Көрсетер ем өзіне,  
Қалмас еді ол да аман!»

Арақтың осындай қызуынан екіленіп тұрған тышқанды мысық ұстап алады да:

«Жаман мұндар есіріп,  
Мұнша сөйлеп кесірді,  
Сазайынды берейін!»

деп, тышқанның жалынғанына болмай жеп қояды.

Мысық біраздан кейін ашығады. Тышқан іздесе табылмайды. Содан алдау ойына кіріп, басына сәлде салады. Мешітке барып, мінбеге мініп, тәңірге жылап, күнәмді кешір деген болады.

«Сүттей аппак ниетпен,  
Бір өзіңе ант берем,  
Енді өмірімде ет жемсн.  
Ұшыраса аш тышқан,  
Тәжірибесіз жас тышқан,  
Етімнен кесіп ет берем!»

дейді. Осы «тәубені» тышқандар тыңдап тұрады да, басқа тышқандарды ортасына жиып аш, естігендерін дәттетеді. Мұны естіген тышқандар қуанысып той қылады.

«Отағасы баладай,  
Бәрі де, айқай, алақай,  
Бәрі ортаға ағылды,  
Шербет, шарап, бал, сыра,  
Сырнай, керней, домбыра  
Дабыл даң-дұң қағылды.  
Соныменен сөз қысқа,  
Опыр-топыр көп тышқан,  
Ию-кию тойда отыр.  
Жалғыз-ақ, бір қария,  
Өзінше ойлы дария,  
Тойда отырып, ойда отыр.  
Қария айтты «әлеумет,  
Құтты болсын ғанибет  
(Күнгірт көзін көтерді).  
Сонікі сұмдық болмасын,  
Сол сұм алдап ұрмасын,  
Малданбайық бекерді.  
Арак ішкен өншен мас,  
Есі шала өншен мас,  
Дүрсе қоя берісті.  
Көр көрінер көзіңе  
Өз ақылдың өзіңе,  
Сен бүйдеме игі істі.



Кері тартпа кәрісін,  
Етек басу бар ісін,  
Қой сөзінді оттамай!»

Қариясының сөзін тыңдамаған тышқандар тойдың артынан мысыққа тарту таралғы апарады да, «тәубеге келді деп есіткію» деп тартуын береді. Сол арада, мысық жақындаған тышқандарды бас салып, елшілерден екеуі-ақ құтылады. Құтылған елшілер ордаға барып, оқиғаны айтқан соң, хан әскерлерін жинап мысықпен соғысады. Көп тышқан құрбан боп, ақырында:

«Сонымен көп сөз қысқа,  
Шөпте болса көп тышқан  
Мысықты ұстап байлайды.  
Қанішер неме деп,  
Басқа, көзге төпелеп  
Ханға ордаға айдайды.  
Хан бүйірді таянды,  
Осылай болу аян-ды,  
Көрсетпе итті көзіме,  
Жап зынданға қараңғы,  
Қатыр аптан бәлемді,  
Қыл бұрау сал өзінс,  
Ертең аш кел ордаға.  
Сот құрамыз ордада,  
Бүгін пәлен демелік.  
Бүгін өңшең майталман,  
Қаза тапқан майданда,  
Шейіттерді көмелік!»

Тышқандар майданда өлген «шейіттерін» ардақтап көміп, бата оқырын істегеннен кейін, ертеңіне мысықты дарға асуға апарады. Дарға асар жерінде мысық жанталасып, бұғауды үзеді де, тышқандарды тағы тас-талқан қылады. Тышқандарды жусатқаннан кейін:

«Өңшең шірік сасықтар,  
Ажалына асықтар,  
Көрді көрмей қазулы,  
Олар менің азығым,  
Бұл құдайдың жазуы,  
Өзгертпек пе жазуды»

дсн күпінеді.

Жеңілген көп тышқан есін жиғаннан кейін, ішіндегі ақылдылары:

«Мысықты ата жау деуші едік,  
Ханды асқар тау деуші едік.  
Кімге пана болды хан,  
Даналығы осы ма?»



Паналығы осы ма?  
Елді жалмап сорды қан,  
Күні кеше мысықты  
Ұстасымен кешікпей,  
Керек еді дарға асу.  
Зынданға оны жапқызды,  
Тынықтырды жатқызды,  
Ақымақ ханда жоқ сасу»,  
деп өздерінің хандарына тісін қайрады да:  
«Қой хан деуді қоялық,  
Ханның көзін жоялық,  
Мысық та жау, хан да жау»

деп, хандарын құлатады. Содан кейін мысыққа жабылып, көп қан төгіп, оны да ұстайды. Хан мен мысықты қаңғыртып айдайды. Бостандық алған тышқандардың ішінен тойда қап тесер сөйлеп былай дейді.

«Кет екі жау қаңғып өл,  
Еркін қалдың, қалың ел.  
Еңіреме енді жасың тый,  
Енді сені талау жоқ,  
Енді құл боп қанау жоқ,  
Өзіңе өзің болдың би».

Тышқан кеңесі осымен бітеді де, акын өлеңін:

«Тоғызымды торқа де,  
Сегізімді серке де,  
Жетімді енді желке де,  
Ертек, ертек, ерте де,  
Ешкі жүні бөрте де,  
Құйрығы оның келте де»

деп аяқтайды. Бұл өтірік ертек былай қарағанда жай ғана бір нәрсе сықылды. Бірақ әдебиетке, әсіресе Мағжанның соңғы жылдары шығармаларына таныс кісіге бұл жай ғана ертегі емес. Мұнда үлкен саяси астар бар. Мағжанның октябрь төңкерісінен кейінгі «Жел», «Толқын», «Сең» деген өлеңдеріндегі астардай, мұнда да үлкен астар бар. Ол мынау: «Ертектегі» мысық – болса-болмаса да, патша үкіметі. Тышқандар – жұмыскер мен кара шаруа, тышқанның ханы – есер партиясы. Жұмыскер мен кара шаруаның төңкерісшілдік қозғалысының бас себебін Мағжан аштыққа емес, мастыққа тірейді. Мас болмаса тышқан (жұмыскер) мысыққа (Патша үкіметіне) жігерленбес еді, ішкенін көтере алмады. Арақтың қызуымен бойында жоқ күшті айтты дегендей қылады. Жұмыскерлердің (Мағжанша тышқанның) қозғалысы мастықтан емес, шу дегенде аштықтан екенін акын жауып қояды.



Мысықтың мешітке кіріп «тәубә» қылғаны, оған тышқандар қуанып, мысыққа тарту-таралғы әкеп, мысықпен бауыр боламыз дегенде мысықтың тышқандарды жусатып салуы, 1905 жылы Русияда болатын январь оқиғасы болу керек. Құдайға құлшылық қылған боп бұқараны қырғызған Гапон поп болу керек.

Тышқандардың жиылып ап, мысықты ұстап байлау, оны ханның басқаруы, сөз жоқ, Февраль төңкерісі. Ондағы хан есерден құрылған, Керинский басқарған уақытша үкімет.

Мағжанша, осы үкімет, құлаған патша үкіметіне тиісті жазаны қолданбай, жұмыскер мен қара шаруаға патшашылдықтың тұяғын қайта тигізген. Тышқандардың екінші рет бас қосып ханын да, мысықты дауыстап, қаңғыртуы октябрь төңкерісі.

«Жасасын бостандық» дейтін қаптесер – Октябрь басқарған не Ленин, не коммунист партиясы. Мағжан бұл «Ертегісін» бастағанда жұмыскер мен қара шаруа қозғалысын мастықтан болды десе, аяғында:

«Ертек, ертек, ерте де,  
Ешкі жүні бөрте де,  
Құйрығы оның келте де»

деп отыр. Келте деген қысқа деген сөз ғой. «Ертек» деген Мағжанша: тышқан мен мысық оқиғасы, бізше: жұмыскер мен қара шаруаның патша үкіметіне және уақытша үкіметке қарсылығы ғой. Осы қарсылықтың, төңкерісінің (Мағжанша «Ертектің») Мағжан «құйрығы келте» деп отыр.

«Бір дегенім білеу,  
Екі дегенім егеу,  
Үш дегенім үскі»

деп, Кеңес үкіметінің соғыс коммунизмі кезіндегі байларға қатаң шарасын жұмбақтай кеп, «Тоғызында торқа» болатынын (Шаруасы толатынын), «Онында оймақтай» шағындалып, «Он бірінде қара жұмбақ» болатынын айтып отыр. Тоғызында торқадай түрленгенімен, он бірінде «Қара жұмбақ» күн кездеседі деп отыр. Мағжан ертегісінің саяси астары осындай. Мағжанның бұл ертегісі «Жана мектеп» журналының 1926 жылы шыққан 6 санында басылды. Жанағы талдаудан кейін «Ертекті» оқыған кісі оның астарын айқын-ақ көреді.

Тегі, Мағжан кеңес үкіметінің 10 жылынан дәмелі еді. Дәмелі болғанда түзелуінен емес, құлауынан. «Ертекте» ол «Он бір қара жұмбақ» деп, «Жүсіпхан» деген поэмасында да ханды құлатқан құлдарының он-ақ күндік өмірі болды деген. Бірақ Мағжан үміті орындалған жоқ. Кеңес үкіметі «Онның» бер жағында 4 жасап отыр. «Ал құлайды» дейтін «Қара жұмбақты» біз әлі көргеміз жоқ.





## Балалар әдебиеті

Мағжанның Мәскеудегі өмірінде күрделі көз салған нәрсенің біреуі балалар әдебиеті. Бұл әрине, Мағжанға керекті құрал болды. Оның себебі мынау: Мағжан саяси адам. Бай табының саяси тілегіне қаламымен жетекші болған байдың ақыны. Тап тілегін басқарған адам қашанда болса, күндік өмірін ойлап қоймақ емес. Өз мақсатын жүзеге асыруға өзінше ұзақ уақыттық жоспар жасамақ. Біз ұлтшыл-байшылдық дәуірге сын бергенде «алашордашылдардың» Октябрьден кейінгі үлкен көз салған ісінің біреуі жастарға әсер ету, жастарды артына ерту, жастардың көзін тапшылдықтан бұрып, ұлтты сүйеге шақыру болды» дегембіз. Мағжан балалар әдебиетіне көңіл бөлгенде осы жағын көздеді.

«Ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» деген мақал бар. Бұл тәжірибеден алынған мақал. Жас баланы тәрбиесіне қарай: байшыл да, кедейшіл де, түзік те, бұзық та, қорқақ та, қылмысты да қып өсіруге болады. Кеңес педагогикасы, кеңес мектебі, балалар бақшасы, тағы сондай тәрбие орындарын ашатын себебіміз, балаларға жасынан пурлтариат тәрбиесін беріп, социалдық құрылыстың саналы құрушысы қып шығару. Жас балалар тәрбиелесу ісін Кеңес үкіметі қатты қойып, оған есепсіз көп қаражат төккенде осы мақсатпен төгеді. Мектеп жасына жеткенше де, мектепке жеткеннен кейін де, балалар тәрбиесіне үкіметтің назар салатын себебі, пурлтариат мақсатына балаларды бесіктен тәрбиелеу, «сүтпен кірген нәрсе сүйекпен кетеді» деген қазақтың мақалы осындай жастағы тәрбиесін елестетіп айтқан мақал.

Мағжан балалар әдебиетін жазғанда балаларға өзінің дарашылдық, қиялшылық, күйректік пікірін сіңіру үшін жазды. Мағжанның балаларға арнап жазғандарының көпшілігі Қазақстан оқу комиссариатының атынан шығатын «Жаңа мектеп» журналының 1926 жылғы 6-санына «Тегін қосымша» боп басылған кітапшаға кірді. Онда ол «Мағжан», «Жәжеке» деген екі атпен қол қойды. Мағжанның балалар әдебиетіне қалай қарағандығына, қалай жазғандығына өз өлеңінен бірнеше мысал келтірейік (өлеңдерінің бәрі де «Тегін қосымшадан» алынды).

«Бөбектің тілегі» деген өлеңінде бала былай деп тілек қылады...

Токтышағым тоғыз тап,  
Саулық қойым сегіз тап,  
Сегізін де семіз тап.  
Құла бием құлын тап,  
Құлын таппа құнан тап,  
Құнан тапсаң егіз тап.  
Бөкен жүзді бөрте ешкім,  
Төрт айда бұл төрт ешкім,  
Төртеуі де бөрте бол,



Өлмей, жетпей есен боп,  
Қой алдында көсем бол,  
Төртеуің де серке бол.  
Әукем бұзауды алты тап,  
Әукелері салпылдап,  
Өгіз болсын атандай...»

(11-бет)

Бұл кәдімгі құлақтардың (кулаков) батасы. Бұл нағыз, баланы қарақшылыққа, малды көбейтуге, байлыққа тәрбиелейтін өлең. «Ана» деген өлеңінде баланың анасы баласына былай деп бата береді:

«Бұрыл тайға мін бөпем,  
Ақ кызы бар ауылында,  
Балпаңбайдың үйіне  
Бұрала басып түс бөпем.  
Қымызынан іш бөпем,  
Қымызынан бермесе,  
Қызын ала қаш бөпем...»

(7-бет)

Бұл кәдімгі қыз, қымыз аңдып, еңбекке қол тигізбей, біреудің еңбегін қанаумен тіршілік етіп, өзі мықынын таянған мырза атанатындарға арналған өлең. Баланы мырзалыққа, серілікке баулитын өлең. «Балалар атасы» деген өлеңде атасы балаға былай дейді:

«Қырдан берсін, ойдан берсін,  
Қызыл құнан қойдан берсін,  
Бөденедей қорғалап, қырғауылдай жорғалап,  
Қыдыр келіп дарығай...»

(20-бет)

«Ойын» деген өлеңінде:  
«Асық ойнаған ақтық,  
Доп ойнаған тоқтық,  
Қой бағып, көтен,  
Мойын жеген боқтық».

(19-бет)

Мағжан балаларға арнаған өлеңінің жазу әдісіне, көбінесе, бұрын ауылда балалар айтып жүретін бір өлеңдерін негізге алады да, соған «ұзын күн» астарлап өткізіп отырады. Жаңағы өлеңді балалар ауылда ойнағанда:

«Асық ойнаған азар,  
Доп ойнаған тозар,  
Бәрінен де қой бағып,  
Көтен жеген озар»

дейтін. Артынан:

«Асық ойнаған ақтық,  
Доп ойнаған тоқтық,  
Бәрінен де қой бағып,  
Көтен жеген боқтық»

дейтін. Мағжанның «Боқтығы» мен «Шоқтықтың» арасында жас баланың санасы үшін үлкен айырма бар. Мағжан реті келген жерде бай табының «әдепке жатпайды» (не прилично) деген «сыпайышылығын» тастап кетеді:

«Көк ала иттің құйрығын,  
Көленке қып берейін,  
Көтіндегі сатпағын  
Быламық қылып берейін»

(7-бет)

деп айдай береді.

«Жаңа мектепке» қосымша ғып «Балаларға тартуды» шығарғанда, әдейі Мағжан өлеңдерін тартуға ғана шығарған сықылды. Үйткені «Тартудың» екі бөлімі ылғи Мағжанның өлеңі және жаңағыдай өлеңдер. Бұл, әрине, Смағұл Садуақасұлының жігі өркендеп тұрғандағы «бұқарашылдықтың» салдары. Әйтпесе, бұл сықылды ылғи дарашылдық, қиялшылдық, байшылдық өлеңдерді кеңес журналы кеңес балаларына тартуға тарта ма.

«Тартудағы» Мағжанның балаларға арнаған өлеңдерін тексере берсең шатағы толып жатыр. Біз оның бәрін тере беруді қажет деп таппай, осымен доғарамыз. Мағжанның балалар әдебиетіне қалай, қандай оймен жазғандығына осы дәлел болады деп ойлаймыз. Бұл арада бір ескертетін нәрсе, Мағжан басқа өлеңдерінде астарға түскені сықылды балалар әдебиетінде де жарқыраған пікір жаза алмай, жұмбақтаудың маңынан шыға алмайды. Сондықтан өлеңінің көбі ұғымсыз бірдемелер боп шықты.

«Тартудан» кейін Мағжан балалар үшін тағы нелер жазғандығы туралы біздің қолымызда дерек жоқ.

#### 4. ЕЛІНДЕ

Мағжан Мәскеуде жұмбақтан басқа ешнәрсе жаза алмайды. Ылғи жұмбақпен жаза беруден қажыды. Мағжан жұмбақ жазған екен, соны шешейік деген байлар болмаса, еңбекші жастар, «Белгілі сарын ғой» деп оқымайтын болды. Саяси жақтан күткен тілектері «Жаңғырыққа» айналды. Құлайды деген үкімет соғыс комунизмін басып өтіп, шаруашылық жағынан нығая бастады. Капиталшыл мемлекеттер үкіметті таныды. Ішкі жау түгел жеңіліп, құлақ пен байдың ұрлық-қастығына ғана айналып қалды. Осының бәрі Мағжанды қажытып, Мәскеуден іс



шығара алмаған Мағжан 1927 жылы өзінің туған жері Қызылжар округі, Бейнеткор ауданына қайтты.

Мағжан елінде екі өлең жазды. Біреуі «Толғау», екіншісі «Токсан тобы».

*«Толғау»:*

Бұл Мағжанның өзінше декларациясы (сырын ашқан хаты). Сұлтанмахмұттың «Адасқан өмір» деген поэмасымен «Толғаудың» басталуы бір. Өлең құрылысында өзгешелік болған емес, айтайын дегендерінде айырма жоқ. Шәкірттік кезін Мағжан «Толғауда» былай дейді:

«Он бестен аса жыл болды,  
Балдырған бармақ майысып,  
Қолыма қалам алғанға.

---

Мен, мен дедім, мен дедім,  
Мен деуімді жөндедім.

---

Өмірім менің күн дедім,  
Күнім менің гүл дедім,  
Айқасып шағыл шуақпен,  
Аяқсыз боп қоныр бейуақпен.  
Күнгірт ойға кірмедім.  
Екпінім ұшан лепірген,  
Асқарладым, өрледім,  
Аспан деген ескі сөз,  
Алысқа құлаш сермедім».

Ұлтшылдық сарынға түскен кезін былай дейді:

«Өтті солай күн талай,  
Ес тылсымнан босады.  
Төнірекке көз салдым,  
Елімді көрдім еңіреген.  
Көкірегін күйік кернеген,  
Енді ел демей болмады.

---

Тек ел деген сөз үшін,  
Ергенде ердім ұранға.  
Болмаса аяқ досыма,  
Досым түгіл қасыма,  
Аты бар деп атшы боп,  
Қошемет қып қосшы боп,  
Ел бастаған ағаға  
Адьютант боп ермедім».

Октябрь төңкерісін қалай қарсы алғанын былай деді:

«Ағаның аузы қасарып,  
Аузына ауыр тас салып,  
Үн шығып ой мен жатқанда».

(Бұлары Октябрьге қарсы болған Алашорда бастықтары ғой – С.М.)

«Құрбының көбі тез түлеп,  
Топырлап тойға шапқанда,  
Жапанда жалғыз күңіреніп,  
Мен ойыма ергемін».

«Тез түлеген құрбылары» – болса-болмаса да алашшыл боп жүрген, Кеңес үкіметі келе кенес жағына шыққандар. Ардақты ағаларын қимай, «жапанда жалғыз қап, күңіренгендегі» ойын былай келтіреді:

«Жасаған жаспен елімнің

Суынған қаны қызсын деп,  
Онын арысқа асырып,  
Терісін көміп жасырып,  
Сонан өткен ерлердің  
(Ерлері – ертедегі хан, батырлар – С.М.)  
Аруағын тербедім.

---

Еділ кездім, шөл кездім,  
Кезгенімде не көрдім?  
Айдарлысын құл қылып,  
Тұлұмдысын тұл қылып,  
Еңіреген ел көрдім.  
Қара көптің ішінде  
Қара салып басыма  
Еліммен бірге еңіредім.

---

Жылағанда жалпы жұрт,  
Жылама, құл дегенге,  
Көне алмадым, көнбедім...»

«Толғаудың» өзге жағын қоя тұрып, осы арасына бір тоқтап өтейік. Мағжан «Толғауда» шынын айтып, кеңеске «жақындасам ба» деп жазған болған. Егер шын жақындасқалы келсе, ол неге өтірік айтады. Кеңес үкіметі алғашқы келген жылдары Мағжан «ағаларына» еріп, кеңеске қарсы болса, онысын өз идеясын таза сақтағаны үшін теріс демейік. Бірақ үкімет қазақ даласына келе сала «Қазақтың» айдарлысын құл, тұлұмдысын тұл қылды ма, жалпы жұртты жылатты ма? Жалпы жұртты жылатса, Мағжанға неге жыладың демесек, Кеңес үкіметі Мағжан айтқандай қазақ даласын ала сала қан жылатқан жоқ.



Қазақ еңбекшілерінің өмірінде ешкім сипамаған мандайынан сипап, бауырына тартуын былай қойғанда, Мағжан сүйенген байларға да алғашқы жылдары тиген жоқ. Қазақ байлары тепкіні 1925 жылдардан бастап көре бастады. Онда да қазақтың еңбекшілері тапшылдық сезіммен сезімденіп алғаннан кейін, өз қолдарымен байларға тепкі көрсетті. Міне осындай шындықты бұрмалап, «Ел зарлаған соң мен зарлап ем» деуі, Мағжанның ескі байшылдығын «қызыл қылшықтың» астымен өткізем дегені.

«Толғауда» Мағжан, біраздан кейін мен Октябрь төңкерісін жек көргем жоқ, оның бұзықтарын жек көрдім деген өтірікті айтты:

«Төбіренген толқын бетінде  
Бұзықтар болды көргенім.  
Көргенім анық. Алайда  
Тезекке бола толқыннан,  
Ат-тонымды ап безбедім.

Сұрадым тоқсан<sup>53</sup> саулығын  
Оқтанбаймын. Қалайда  
Толқынға жоқ-ты жаулығым...»

«Толқынды» – «Төңкеріс» деп түсінген уақытта, февраль төңкерісін айтпаса, Мағжан Октябрді сүйіп ем, жау емес ем десе, ол жалған айтқандығы.

«Жеті жыл бұрын осыдан  
Төңкерістің таңында.  
Алты алашқа әйгілеп,  
Не бостандық, не құлдық,  
Не патшалық, не кеңес  
Екіден бірі дер ме едім»

дегендегі «Кеңес» кеңес үкіметі болмауға тиіс. Өйткені ол 1918 жылы оны бәлшебектер абақтыға жапқанда «Сағындым» деген өлең жазып, бір жерінде:

«Қалың елім, қалың қара ағашым,  
Екпіні мол, айбынды ер алашым,  
Өзі-ақ құлар сырың берме, сабыр қыл,  
Ақымақтар байқамаған шамасын»

деген. Бір күн жамандасам да, бір күн мақтаймын десе Мағжанның өзі біледі. Әйтпесе «Ертең құлайтын ақымақ» деп отырып, Кеңес үкіметі оңды деп жазып ем деуі табанды саяси адамның ісі емес. Мағжан 1922-23 жылдары «Кеңес жақсы» деген еді дейікші, мәселен, ал, 1924-25 жылдары:

<sup>53</sup> «Тоқсан» деп Мағжанды еңбекшілерді айтады – С.М.



«Кенеке, елің қалды-ау жау қолында,  
Алып кет алашыңды осы жақтан».

(«Көкшетаудың қиясында»)

дегендей жау кім?

Қызыл тіл қолым емес кісендеулі,  
Сондықтан жүрек күйіп жанады да.

(«Батыр Баян»)

дегендегі қолын кісендеген кім?

Міне, бұдан Мағжанның «не патшалық, не кеңес» деп, жеті жыл бұрын кенесті жақсы көріп ем деуі күнәсін жасырып жағынғандық (подхалимство). Мағжан ондай қате сөзді айтпай-ақ, егер шын бұрылса, «Ағаларына ергенін, кеңеске бас болғанын, бірақ шын ниетімен келгенін айтса, мынадан онысы жүз есе сыпайы болар еді.

Кеңес үкіметіне бетінің «бұрылғандығын» көрсетуді Мағжан «Толғаудың» аяғында былай әкеледі:

«Өтті солай күн талай,  
Удан айни бастадым,  
Өзімді көрдім ойдағы,  
Тоқсанды көрдім тойдағы.  
Теңдікке жеткен тап көрдім,  
Елге орнаған бақ көрдім.  
Езілген елді тең қылу  
Осы емес пе еді әуелден,  
Жылай, жылай күткенім.  
Олай болса ол неге,  
Тойда емеспін, шетте мен.

Жанымды удан аршыдым,  
Сүйтіп жарлы, жалшының  
Кірлі, күсті басына  
Жалаңаштап жанымды  
Ұстап міне бергенім».

«Толғау» осымен аяқталады. «Толғауды» аяқтағанда біздің айтарымыз мынау: дүниеде өзгермейтін нәрсе жоқ. Ол диалектика заңы. Осы өзгеріс саяси адамдарда да болады. Өзгені қойып, қазақты алсақ, күні кеше ғана «Алаш» туын аспанға көтеріп шапқандардың ішінен коммунист партиясына кіргендер жоқ емес. Бұлардың ішінде, әрине, Алдар көселері де болуы мүмкін. Бірақ шын ықпалымен пурлтариат жұртшылығына қызмет істеп, ескі пікірден арылғандар да жоқ емес. Мұндайларды пурлтариат бетке қақпайды. Өткен қатесін бетіне айтумен қатар, сеніп тізгінің ұшын береді, іске қосады. Мағжан өзгеріп, пурлтариатшыл болса, ол ғажап нәрсе емес. Егер шын өзгерсе, пурлтариат оны да



ардақтайды. Бірақ Мағжан «Толғауда» біріншіден, шынын айтып келмеді. Екіншіден, «езілген елді тең қылуды ежелден жырлап ем, ол тілегім болды» деп, кеңес негізіне құрылған Қазақстанды ұлтшылдық бағытқа құрылған республика деп түсінді. Орыстың байларының соңғы көсемі «Смено - веховцы» (сменавсховец) Устралов «орыс отанын молайту үшін Кеңес үкіметі патша үкіметінен орысқа көп пайдалы, сондықтан Кеңес үкіметіне қолдау керек»<sup>54</sup> десе, Мағжан да Кеңес үкіметіне «қазақты ерікті ел қылды, сондықтан мұны қолдаймын» деп қарады. Бұлай қарау байшылдықтың, ұлтшылдықтың жөнін бояған бір түрі. Қазақ еңбекшілері олай қарамайды. Қазақ еңбекшілері Қазақстанды автопомия деп түсінгенде бөлек «елмін» демейді. Басқа кеңестік республикалармен одақпын, менің досым ұлтына қарамай барлық еңбекшілер, қасым барлық байлар, соның ішінде қазақ байлары да бар дейді. Үшіншіден, Мағжан «Тоқсанға» (еңбекшілерге) шын жақындасам десе, «Оннан»<sup>55</sup> анық безсе, «Тоқсан саған келдім, күнәмді кеш» деп орынсыз жылағанша, «Онның» «Тоқсанға» қас ексін, өзі өз болғалы «Онды» жырлағанын, «Тоқсанмен» қосылып, «Онға» жау болатынын жазу керек еді. Ол уақытта Мағжанға «Тоқсан» сенер еді. Тапа-тал түсте «Онды» жақтағам жоқ деп өтірік айтып, өткенін жасырып, жасырмаса теріс айтып, құр көз жасын мөлдіреткенге еңбекші қалай илансын. Пурлтариатқа Мағжанның қоз жасы, не «күпәсінен» қайтқаны керекті жоқ, жауымен белсеніс күрескені керек. Мағжан «Толғауда» «жаздым, жаңылдым» деп құрғақ жылағаннан басқа мен сенімсіз бірігіп енді байға қарсы аттанам деген батырлықты айта алмады. Сондықтан «Толғаудың» пурлтариат үшін түкке маңызы болған жоқ.

### «Тоқсан тобы»

Мағжанның бұл өлеңі 1927 жылы пыққап «Еңбекші қазақ» газетінің 189-санына басылды. Бізше, бұл Мағжанның кеңес үкіметіне ең жақын келдім деген өлеңі. Және басқа өлеңдерімен салыстырғанда, мұнда, кеңес жұртшылығына бейімделгендіктей белгі барды. Бірақ айналып келгенде «Толғау» мен «Тоқсан тобының» арасында пәлендей айырма шамалы. Толғау сықылды «Тоқсан тобы» да жалтақпен, өткен кінәні бүркеумен, жүрегін шын жарып келмеумен бітеді. Поэманы талдап көрейік. «Тоқсан тобының» басы былай басталады:

«Құмды көл басы қара құрт,  
Қара құрт емес, толған жұрт.  
Қалың құба дөңесте.  
Жұрт ақ жарқын кеңесте.

<sup>54</sup> «Смена вех», 1921 г. Прага

<sup>55</sup> Еңбекшіні «Тоқсан» байды, «Он» деген Мағжан термині, әрине дұрыс емес – С.М.



Арам пікірлі күбір жоқ,  
Самбыр сөз бар, сыбыр жоқ,  
Сапырылған қымыз жоқ,  
Сойылған бағлан семіз жоқ,  
Жұрт ынтасы жұмыста».

Бұл жиында кімдерге орын жоқтығын ақын былай келтіреді:

«Балдырлайтын ардалап,  
Пара алатын арбалап,  
Атымен обыр орыс жоқ».

Бұдан былай, орыстан кейін, бай, би, болыс, төре, атқа мінерлердің жоқтығы айтылады. Содан әрі кімдер барына көшеді. Жиында кімдер барлығын Мағжанға айтқызбай тұрып, жиылыста жоқ дегендері туралы азырақ талқылап кетейік.

Қазақ арасындағы еңбек жесушілердің кеңес жиылысынан орын ала алмайтындығы, қуылатындығы дұрыс айтылған. Бірақ сол еңбек қанаушылардың ішінде «Орыс» деген сөз тұтасымен кетіп отырған. «Сары орыстың бәрі орыс» боп шыққан.

«Сары обырдың серігі,  
Жеті басты жебірі,  
Қарғылы құтпан болыс жоқ...»

Мағжан бұл арада қазақ ауылының кедейіне Кеңес үкіметін көктен түскен нәрсе қып көрсетіп отыр. Қазақ еңбекшілеріне сол кеңесті әперіп, анау байларынан, билерінен, атқа мінерінен, молдаларынан, тағы басқа еңбегін қанаушылардан құтқарған Октябрь төңкерісі екенін, қазақ еңбекшісіне орыстың байлары, төрелері, поптары ғана қас екенін, орыс еңбекшілері мен қазақ еңбекшілері бір жеңіс қол, бір жағадан бас шығарып отырғанын Мағжан неге көрмейді. Егер көрсе оны айтпайды. Қазақтың бек пен байларының «Сары орыстың бәрі орыс», «орыстан досын болса, жаныңда балтаң болсын» деген сасық сарқытын еңбекшілердің алдына тартады. Қазақ еңбекшілеріне «Ішінде сары орыс жоқ» деп олардың туыскандық социалдық негізіне құрған кеңесті Қазақстанның орыстан онаша ұстағысы келеді. Бұл әрине, Мағжанның ұлтшыл байшылдық пікірін «еңбекші» деген сөздің астымен астарлап өткізгісі келгендігі. Байшылдық иісі аңқып тұрған кездегі:

«Орыс алды қимылдаған қазақ жоқ,  
Қайран Сыздық құса болды шерменен»

(«Ертектен»)

деген орысқа қарсылығын, қазақты орысқа қарсы қайрап салу әдісін қазір өзгертіп, «Онды» қас көрген боп, «Токсанды» орысқа өштестіргісі келгендігі.

Жиындағы жоқтарды санап болғаннан кейін, Мағжан жиында таза



еңбекшілерін бәрін айтады. Әрине, олардың өткен күндегі қорлығын жақсы келтірген. Жұныға ауылда кімдер жиналатындығын бұдан әдемі қып айту қиынға соғар еді. Бірақ, гәп ылғи кедей, батырақтың бір дөнге шығып ап гуілдесіп сөйлескен шуында емес, сол арада не сөз сөйлесіп, қандай кеңес бітіргенінде ғой. Бізге еңбекшілердің тобыры қажет емес, сол тобырдың ісі қажет қой. Бұл өлеңнің жазылған және басылған уақыты 27 жылдың июль, август айлары. Сол жылы егіндік, пішендік жерді бөлу туралы үкіметтің декреті шықты. Декретті шығарудан мақсат, жақсы жерді «Ата қонысым» деп ұстап отырған бай мен ақсүйектердің жерін кедей, батырақ, орташаға күшпен әперіп, сол арқылы тап жігін ашу еді. Шынында солай болды. Октябрь төңкерісінің таяғын оңдап жемеген қазақ байларына жер бөліс заңы бірінші қамшы боп тиді. Қазақ байларының пурлтариат үкіметінен алғашқы қатты жеген таяғы осы еді.

Жер бөлісте кедей, батырақ та белсеніп, үкімет ұранының соңына ерді. Байлармен бет ашысты. Кей жерде араларында қан төгіс те боп қалды. Міне осындай ірі саяси науқан жүріп жатқан кезде Мағжан «Токсан тобын» жазды. Бізше, Мағжан не үндемей отырып қалу керек еді. Егер үндегісі кеп, «Толғауға» қосымша, жарлы, жалшыға мен сендік деп дауысын қосса, құр ғана топырлаған топтын басын көрмей, сол топтың не істеуге жиналғандығын ашып айту керек еді. Екінші сөзбен айтқанда, нақ сол кезде болып жатқан жер бөлісін жырлап, кедейге қосылып, «Аулақтанған онына» шабуыл жасау керек еді. Міне, осыларды істемей, «Пәлен көлге топ жиналды, онда пәлен бар, түген жоқ» деп сыдыртып өте шығу пурлтариатқа жақындасқандық емес. Әңгіме топырлаған топты көруде емес, сол топтың не істеуге топырлағанын, не істеп шығарғандығын көре білуде.

«Токсан тобының» ақырында «Толғаудағы» бетін бүркегендікті Мағжан тағы да істеген. Біз «Толғауға» сын бергенде «Қателесу айып емес, қатені мойынға ашық алмау айып» дегембіз. Сол сөзді бұл туралы да айтамыз. «Токсан тобы»:

«Ес біліп, ойлап, толғанып,  
Қолыма қалам алғалы  
Сөйлеген емен жасыра  
Мен мұндымен мұндастым,  
Адассам ел деп адастым.  
Он деген емен асылы,  
Он демедім, демеспін,  
Ой кезінде көмескі,  
Жырладым елді жалпылап.  
Жасырман, жүзді жоқтадым,  
Токсанға енді тоқтадым,  
Толғанып, ойлап, талқылап,

Сөздің тоқтар түйіні,  
Бұл тоқсанның жиыны.  
Осы армансыз білгенім  
Тоқсаннан сонау он аулақ,  
Сонау оннан мен аулақ,  
Мен тоқсанмен біргемін»

деген сөздермен бітеді. Осында өткен қатесін мойынға алғандық бар ма. Мағжан «мен әуелде ұлт деп жырладым, Февральдан кейін қазақтың байлары жағына шығып, байлардың партиясы алашорданы ұйымдастырушының біреуі болдым. Октябрьге қарсы шықтым. Ленинді жынды Иван дедім, қазақ бұқарасын кеңес үкіметіне қарсы үндедім, бірақ ойлай келе ол пікірден қайттым» деп неге ақтан жарылмайды. Айдай әлем білетін ашық байшылдығын, төңкеріске ашық қарсы бош келгендігін не бүркейді? Неге тапа-тал түсте «Он деген емен асылы» деп өтірік айтады. Ашық байшылдығын өз көзімен көріп отырған қазақ еңбекшілері көз алдында өтірік айтып отырған адамның достығына қалай сенер? Шын келген жоқсың, алдайсың, бұл озіңше профессор Увыстыраловка ұқсап жаңадан тапқан табысың, біз саған сенбейміз деп қалай айтпас!

«Тоқсан тобының» мәп-жайы осылай. Байлардың, байшылдардың кеңес үкіметіне қарсы әр дәуірде, әр түрлі істеп жүрген тәсілдері бар. Бізше, бұл Мағжанның көз тайдырайын деген жай бір әдісі. «Тоқсан тобында» шындық, шын шешілгендік жоқ.





## ҚОРЫТЫНДЫ

Ақындық жағына келгенде Мағжан, әрине, қазақтың күшті ақындарынан саналады. Қазақтың тілін байыту ретінде, әдебиетіне жаңа түрлер енгізу ретінде Мағжанның еңбегі көп. Абайдан кейін тіл өнегесіне Мағжаннан асқан ақын қазаққа жоқ. Мағжанның және бір еңбегі мынау: Мағжанға шейін өткен қазақ ақындары көбіне өлең үлгісін күншығыс елінен, әсіресе, Араб, Парсыдан алатын. Рас, Араб пен Парсы әдебиетінің бір кезде құсы ұшқан, дәрежесі көтерілген кезі болған. Ол кездерде бұл елдердің саяси, шаруашылық, мәдени өмірлері де кезіне қарай өзге елден биігірек болған. Соңғы ғасырларда Араб, Парсы мәдениеті тоқырап қал, өнер, білім әлемнің бәйгесін Еуропа елі әкетті. Мәдениеті, техникасы, шаруасы, санасы өркендеумен қатар, Еуропа елі әдебиет майданында да бәйгеге алдын алды. Еуропа әдебиетінің соңғы ғасырларда өсуімен салыстырғанда Араб, Парсы әдебиетінің қасиетті тарихи мұралығында боп қалды.

Мағжан орыс мектептерінде оқып, көбіне Еуропа пәндерімен суарылған адам болғандықтан, Еуропаның, оның ішінде, әсіресе, орыстың әдебиетін тез меңшектенді. Абай қазақ әдебиетіне Еуропа түрлерін шетпұшпақтап кіргізсе, Мағжан дендеп кіргізді. Еуропаның әдебиет түрлерімен қазақ оқушылары Мағжан арқылы толық танысты.

Әдебиетте оның екінші зор еңбегінің біреуі: алған теманың пікірін өрбіту ретінде, кейінгі жазушылардың көбіне жол ашты. Ұзақ поэмалар жазудың желісін қаққан адамның біреуі болды. Онымен қатар, Мағжан өлеңдерінде сыршылдық (лирика) жағы күшті келеді. Мағжанның өлеңін оқып отырғанда, оның сол өлеңді жазып отырған уақыттағы жан-жүйесінің құбылысы (душевное переживание), ішкі сезімінің толқыны көрініп отырады. Мағжан өлеңінен құр ғана үйлескен сөздерді көрмеймін, ақыпның ішіндегісін әйгілестірін айнасып көресің. Сыршылдық жағынан Мағжан көп ақынға бәйге бермейді.

Мағжан қазақ әдебиетінде бейнешіл (символист) ақынның орнын алады. Әдебиетте бейнешілдік дегеннің өзі, қашанда белгілі бір таптың дағдарысқа ұшыраған кезінде туатын нәрсе. Орыс бейнешілдерінің ең көзге көрнекті адамы, Александр Блокты алсақ, оның бейнешіл болуына зор себеп, XX ғасырдың басынан бастап, Блок сүйенген байлар табының көзіне төңкеріс дауылы естестей бастады.



Мағжанда осындай оның «Толқын», «Мені де өлім әлдиле», «Қайын», «Жұмбақ» сықылды өлеңдері бейнешілдіктің ең көрнекті өлеңдері.

«Толқыннан толқын туады,  
Толқынды толқын қуады,  
Толқынмен толқын жарысад.  
Сыбыр-күбір кеңеспен,  
Бітпейтін бір егеспен  
Жарысып жарға барысад».

Немесе:

«Қайғылы қалың,  
Аяныш жайың».

Осы өлеңдерді оқыған адам, жалпы әдебиет заңымен, оның ішінде бейнешілдік заңмен таныс болмаса, не айтайын деп отырғанын білмейді. Тегі мақсатсыз өлең жазылмайды ғой. Бірақ сол мақсат (мазмұн) кей өлеңде ашық болады да, кейінде көмескі, кейбірінде атымен ұғуға болмайтын қиын болады. Маркшілдердің айтуынша: үстем таптың, өсіп келе жатқан, не өскен таптың әдебиетінің пікірі ашық болады. Оқыған адам ойланбай-ақ, не айтқанын біліп отырады. Мәселен:

«Атпен жүрсе, алты айлық жол жерін бар,  
Советстан сан рулы елің бар.  
Сан рулы,  
Заң құрулы,  
Бірақ түрлі  
Бір-біріне туысқандық сенім бар».

(Сәкен).

Ал, өшіп бара жатқан, келешегін жоғалтып бара жатқан таптың әдебиетінің сырты сұлу болғанмен іші дәнсіз, мазмұнсыз, не айтатыны ұғымсыз болады. Мағжан өлеңдерінің көпшілігі осыған жатады. Бұл бір, екінші Мағжан өлеңдерінің біразында негізді мақсат жоқ, өз қара басының ләззатын көксеген өлең онда көп кездеседі. Оның кітап боп шыққан өлеңдерінің қақ жартысы әйел құмарлыққа арналғандар. Бұның бәрі, әрине, Мағжанның саяси мақсаты күнгірттеніп, келешегі жоғалғандықтан.

Біз жоғарыда Мағжан қазақтың ірі ақындарынан саналады дедік. Мағжанның әдебиет майданындағы істерін түгел жазу үшін өз алдына бір үлкен кітап керек. Біздің мақсат Мағжанды түгін тастамай сынау емес, оның әдебиет тарихында алатын орнының мөлшерін көрсету. Мағжанды тексерудің бұл алды-арты болмақ емес, бұдан кейін де талай тексерулер болмақ. Біздің қолымызға түспеген оның еңбектері табылар. Бұл, әрине, келешектің ісі.



Мағжан туралы әзірге сөзді осымен доғарып, біздің айтарымыз: Мағжанның пурлтариат үстемдігіне қарсылығының пурлтариат үшін екінші жақтан зор пайдасы бар. Үйткені, Мағжанның төңкеріске қарсы жазған өлеңдерінің көпшілігі пурлтариат төңкерісінің қандайлық күшті болғанын, пурлтариатқа қарсы тап пурлтариат үстемдігін құлату үшін не істегісі келгенін, не ойлағанын, пурлтариаттың не ісіне қаттырақ ышқынып, қандай ісінен дәмеленгенін айқын көреді. Мағжан өлеңдері, әсіресе, қазақ еңбекшілеріне көп пайда береді. Ол беретін пайда: Мағжан өлеңін оқыған еңбекші қазақ байларының, оның партиясы алашорданың, ақыны Мағжанның қай кезде не әдіс ұстағанын көріп отырады.



## V. СҰЛТАНМАҚМЕТ ТОРАЙҒЫРҰЛЫ

### ӨМІРІ

Сұлтанмақмет Семей губерниясы, Павлодар уезі, Шідерті ауданында 1893 жылы октябрьдің 15-інде туған. Өз әкесі – Шоқпыт. Торайғыр – жетінші атасы. Сұлтанмақмет бір жасында шешесінен жетім қалады. 6 жасқа толғанда оны әкесі Шоқпыт ескіше «әліпбиге» үйретеді. Әкесінен «тіл сындырарлық» қана сабақ алып, әр молладан тиіп-қашып сабақ оқып, недәуір жыл жүреді. 12-13 жасында Мұқан молда дегеннен оқиды. Ол молда өлең шығаратын молда екен. Сұлтанмақмет соған еліктеп, сол жасында-ақ өлең жаза бастады. Бұдан кейін Баянауыл қаласында Әбдірахман молладан оқып, ол молда өлеңге теріс қарайтын молда болғасын Сұлтанмақмет бастап келе жатқан өлеңді біраз жыл тастап кетеді. Біраздан кейін ол молдамен ыңғай келмегесін, Сұлтанмақмет оқуды тастап еліне барады да, сопылық жолына түседі. Сөйтіп жүргенде Троицкіден Нұрғали деген жәдитшіл молда кеп, Сұлтанмақмет сонан оқып, пәнмен таныса бастайды. Білім дүниесінің есігінен сығалағаннан кейін ол кадымшыл (ескішіл) діншілдермен қастаса бастайды. Осы кезде өлеңді де үдетіп жазады. Нұрғали Сұлтанмақметке ілгері оқуға ақыл беріп, Сұлтанмақмет 1912 жылы Троицк қаласына барып, медресеге кіреді. Бірақ оқи алмай, көз ауруы пайда болып, көзі жазылғанша оқудан шығып қалады. Осы кезде қаражаттан көп таршылық көреді. Сол кезде ептеп жөтел ауруының белгісі білінеді. Көз ауруы көпке ұзамайды. Жакын шәкірттерінің жәрдемімен жазылып, мектебіне қайта кіреді.

1913 жылдан бастап ол ұлтшылдық қозғалысына бейімделе бастайды. Сол жылы бірінші рет шығатын қазақ газеті «Қазақтың» шығуына ат салысады. Біраз оқығаннан кейін мұсылман медреселерінен көңілдегідей білім ала алмайтынын біліп, орысша оқуға талап етеді. Бірақ ол тілегін орындауға қаражаты болмай, жаз елге қайтып, Троицкіге келе «Айқап» журналының редакторы Мұхаметжан Серәліұлымен танысып, «Айқапқа» хатшы боп кіреді. «Айқапта» ұзақ тұрмай шығады.

1914 жылы жазда еліне барып «шоң серіктігі» деген ағарту серіктігін ашуға талап етеді. Бірақ өз аталастарында (шоң тұқымында) оған жетерлік күш болмағасын атақты Шорман тұқымына қол артқысы кеп, одан іс шығара алмайды. Сол үмітсіздікпен Семейге кетеді. Семейден өтіп, Алтай тауының елдеріне барады да, бір жағынан өзі қазақша




оқып, бір жағынан Әбдікәрім деген сол елдегі ашық пікірлі бір адам ашқан орысша мектептің мұғалімінен орысша оқиды. Әбдікәрімдікінде тұрғанда ол Әбдікәрімнің Бағила деген қызына құмартып, ол қызды ала алмай қалғасын ол елден кетіп, Зайсанға келеді де, екі ай жатып, «Қазақ» газеті жариялаған бәйгеге «Әжібай болыс» немесе «Кім жазықты» деген өлең роман жазып жібереді. Сөйтіп жүріп ауруға шалдығады. Қалада тұруға мүмкін болмағасын, Тарбағатай еліне мұғалімдікке келіп, ауруынан ол елде айыға бастайды. 1916 жылғы үлкен жарлық шыққанда Сұлтанмақмет сол елде боп, ел біткен Қытайға ауа бастағасын Семейге келеді де, Семейдегі орысша семинарияға кіруге талаптанып, орысша жағы нашар болғасын кіре алмай қалады. Содан кейін Том қаласына барып жоғары дәрежелі мектепке даярлайтын студенттер курсына кіреді. Бұл кезде қаражат жағы өте нашар болады. Әйткенмен 1916-1917 жылдың қысында ол-пұл қып оқып шығады.

Іске өте қызу кіріскендіктен, осы жыл ескі жөтел ауруы қайта қозады. Томға барып, 1918 жылы оқуын жаңалағысы келгенмен, дәрігерлер кеңес бермегесін, Семейге келіп ондағы азаматтардың ұсынысы бойынша еліне Баянауылға қайтады. Бұл жолы ел іші оның кім екенін жақсылап таниды. Ел ішінің көпшілігіне ол ақылшы бола бастайды. Ел ішіне араласумен қатар, ол социализм мәселесін зерттеп Плеханов, Катицкийлердің кітаптарымен танысады. Осы адамдардың әсерімен «Кедей», «Адасқан өмір», «Қала ақыны мен дала ақыны» деген поэмалар шығарады.

1919 жылы бәлшебектерді қарсы алып, қызыл әскердің бастығы Жигаров деген адаммен сөйлеседі. Жигаров оны іске қосып, елге ревком сайлаушы қып жібереді. Сұлтанмақмет осы қызметте жүріп ауруын молайтады. Содан кейін қалаға қайтады. Ең соңғы жазғаны «Кедей», «Қала ақыны мен дала ақыны». Соңғысын бітіре алмай кетті. Сұлтанмақмет 1919 жылдың күзінде Колчак үстемдігі жүріп тұрған еді ғой. Ішкі болыс 3-ауылда мұғалім болып тұрды. Сентябрь, октябрь айларында Кеңес үкіметі Колчакты жеңгенде Сұлтанмақмет мұғалімдікті қалдырып, Сыдырғы болысына ревком болады. Екі айдан кейін ауырып үйінде өлді. Қалаға барғанда оның өмірден үміт үзгендік, жол жоғалтқандық зарлары шықты. Бұрынғы ұлтшыл-байшыл ақын пурлтариат үстемдігін толық көтере алмай, саяси пікір жағынан торықса, қайда бара жатқанын білмей жыласа, екінші жағынан ауру күші де көңілін жүдетеді. Әрі тән ауруы, әрі жан ауруы қабаттасқан Сұлтанмақмет жылауға берілген бірнеше қиялшыл өлеңдер жазды.

Февраль төңкерісі болғаннан кейін жалпы ұлтшылдық сарынының құлы болып жүрген Сұлтанмақмет оқуды тастап, Семейге келеді. Ол кезде Семейдегі ұлтшылдық бағытына көсем боп жүрген азаматтардың «Алашорданың» облыстық комитетін құрғалы жүрген кезі. Сұлтанмақмет сол іске белсене кірісіп, Семейдегі алашордашылардың облыстық съезін





өткізіп, комитет сайлағанда өзі комитетке кіші хатшы боп кіреді. «Алаш» уранын көтеріп әлденеше өлеңдер жазады.

Сұлтанмақметтың жөтелі 1920 жылдың басында меңдейді. Сондықтан ол қызметті тастап еліне қайтып, төсек тартып жатады да, сол сырқаттың салдарынан 1920 жылы май айының 21-і күні қайтыс болады.

## Ұсақ шығармалары

Сұлтанмақметтың қай таптың ақыны екендігін, қандай ой қиялы болғандығын, не нәрсеге қуанып, неден ренжігендігін көрсету үшін оның шығармаларын алдымызға салып отырмай болмайды. Біз бұдан былай осы мақсатты орындау үшін оның шығармаларын жүйелеуге тырысамыз.


### 1. Ұлтшылдығы

1905 жылдағы Ресейде болатын төңкерістің салдарынан отар ұлттардың бір-сыпырасында сол жылдан бастап ұлт қозғалысы бола бастағандығы, осы қозғалыс қазаққа да шарпуын тигізіп, қазақ зиялылары (Оқығандары) ұлтшылдық сарынға түскендігі жоғарыда айтылды. Осы ұлтшылдық қозғалыс Сұлтанмақмет Троицкіге барып оқуға кірген 1912 жылдары жалпы Қазақстандық маңызы бар қозғалыс болуға айналып қалды. Осы кезде орысша, мұсылманша оқыған жастардың көпшілігі «ұлт» деген тудың астына кіріп, ұлтшылдық бағытты басқарып жүрген адамдарға көмекші болды. Ұлтшылдық бағытта жүргендердің ол кездегі ірі мақсаттарының біреуі қазақ халқын ағарту, оқуландыру еді. Қазақты оқытып саналандырып алғаннан кейін, Орыс отаршылдығына қарсы көтеру еді. Осы мақсатпен ұлтшылдар ауылында қазақ тілінде мектептер ашуға ойлады. Мектеп ашқан уақытта татар, араб, парсы, орыс тілдерінің қазаққа қанағат бола алмайтынын біліп, жаңадан қазақ тілінде оқу кітаптарын жазуға кірісті, тіл мәселесі қолға алынды. Мектеп кітаптарын ескерумен қатар, қазақтың көңілін оятып, өз тілектеріне бұқараны баулау үшін қазақша газет, журнал дегенді қолға алды.

Сұлтанмақмет оқығандар арасына араласқасын-ақ, жалпы ұлтшылдық бағытын көксейтіндердің бірі боп ұлтшылдық тілегіне болыса, ол да соны жырлады. Ұлтшылдардың ұлы мақсатының біреуі оқу дедік қой. Сұлтанмақмет өзінің әдебиет майданындағы ісін осы оқу жұмысынан бастады. Мысалға «Оқып жүрген жастарға» деген өлеңін алсақ, ол былай деп жазды:

«Үмітпенен жоқ қуған,  
Талабы алда баламыз.  
Басқалар жоғын тапқанда,  
Біздер қайтіп қаламыз»

деп, сәулесі түспей, отаршылдық тұманының құшағында тұрған ұлтшылдық бағытты жүзеге шығаруды айтады да, ар жағында:



«Тәуекелге бел бусак,  
Көрдегіні аламыз.  
Жеткізбей кетер жүйрік жоқ,  
Қусақ бәрін шаламыз»

деген жігерге мінеді. «Жалғыз қаздың үні шықпайды» деген мақал бар. Қанша талаптанғанмен, бытыранды болса деген мақсатына жете алмайтынын біліп:

«Іс істейік бір болып,  
Ашылмасын арамыз»

дейді. Одан әрі қарай не іздейтінін, не нәрсеге жігерленетінін, кімге қарсы бірігетінін сөйлейді:

«Сұмдар салған жүректе,  
Аз ба біздің жарамыз.  
Тепкісінде басқаның  
Қор боп жүдеп барамыз.  
Көрінер көзге азапта  
Мәңгі қайтіп қаламыз»

дейді. Осы Мақсаттардың бәрін орындап шығу оңай емес екенін түсініп, мойындағы міндетті өтеу үшін:

«Ойынды енді азат қыл,  
Қалсын былай балалық»

деп, өзі салмақты іске жегуді мақсат етеді. «Талиптарға» (шәкірттерге) деген өлеңінде Сұлтанмақмет осы пікірін тереңдетеді:

«Миләттің, кел майданға, талиптары!  
Дергі бар, дәрмені жоқ ғарыптары,  
Оқыған жастарының арқасында  
Көз ашты көрші жұрттың халықтары.  
Көрдің бе, миләтінді ұйқы басқан,  
Төбіренбей жер қозғалып, жарылса аспан.

.....  
Миләтқа бек зор үміт шәкірт халқы  
Ат болса да біздерде, жоқ қой шарты»

деп, Сұлтанмақмет сол кездегі шәкірттердің (оқушылардың) мән-жайын қарайды да, сынға салады:

«Кейіміз пәнді оқу арам дедік,  
Қашия жаттап ұжмаққа барам дедік.  
Бұрынғы тақыр талас қалпымызда  
Атаның жолын қуып қалам дедік.

.....  
Кейіміз оны көріп, оған ердік,  
Кейіміз бұны көріп, бұған ердік.

Көңілді еш біріне бой салғызбай,  
Токтаусыз ортасында аттай желдік»  
деп тұрақсыздыққа, пайдасыз өмір өткізушілікке, ескі, ата баба жолы деп тоғышарлық істеушілікке қарсы болады.

«Ата тұрсын, бабаның жолы болсын,  
Залалды жолдан безіп қашам дедік.  
Дөңінен надандықтың асам дедік,  
Миләтке раушан нұр шашам дедік.  
Үйреніп әрбір түрлі өнер-білім,  
Теніздей дария боп тасам дедік»

деп, осы өлеңінде бір жерінде жоғарғы халыққа пайдасы жоқ оқығандармен пайда істеймін дейтіндерді салыстырады. Соңғылардың артықшылығын, игі бас жолы үшін, мақсатқа жету үшін «ата түгіл баба жолын» құрбан қылатынын айтады.

«Идея, мақсат» дегендегі Сұлтанмақметтың негізгі тілегі, жалпы сол кездегі ұлтшылдар тілейтін: орыс отарының қол астынан шығып, қазақты өз алдына ел қылу ғой. Қандай түрдегі ел қылу ойы, әрине, ол уақытта оларда жоқ.

Сұлтанмақмет әдебиет майданына кірісе бастаған кезде орыс отаршылдарын:

«Сұмдар салған жүректе,  
Аз ба біздің жарамыз».

деп астарлап айтса біраздан кейін ашық айта бастайды. «**Жазғы қайғы**» деген өлеңінде қазақтың өткен дәуірін, орысқа бағынбаған дәуірін мақтап келеді де, аяғында:

«Бетінді қайыстырып мұжық басқан,  
Тітіреп ызғарынан жер мен аспан.  
«Ал, құтыл, жау жетті» деп қойдай үркіп,  
Иен мен өлмей жүрмін әзер аштан.

.....  
Қасиетті бабалардың зираты,  
Қойды ма, тасыңды да монша жағып,  
Ал, енді бізге келген заман қандай,  
Заманға қарсы тұрар шаман қандай,  
Мұжықтың көк желке боп тепкісінде  
Талассыз неден болдын, ah, сормандай!»

1913 - жыл

деп бітіреді.

Отаршыл үкіметтің саясатын түсінген сайын Сұлтанмақмет бірлік, ынтымақ деген нәрсені жырлайды. Құрғақ үгітті тастап, ұлтшылдық антының басына мінген азаматтарды қара бұқараға дәріптеуге, беделін көтеруге ойлайды. Міне, «**Алқай**» деген өлеңінде:



«Қараңғы тұман түнде еді,  
Қара қазақ баласы.  
Ай мен күн, һәм жұлдыз жоқ,  
Жым-жырт сахара арасы.

.....  
XX ғасыр басында,  
Міне алланың панасы,  
Бір жағынан ай туып,  
Бір жағынан күн туып,  
Жарық көрді алашы!  
Шолпаннан үміт тағы да,  
Біріксе елдің данасы.

.....  
Көңілменен көзді ашып,  
Алға сүйреп барады,  
Бұл жарықтар барында  
Кім адасып қалады?»

1913 жыл

дейді. Сұлтанмақметтың 1912-13-14 жылдары жазған өлеңдерінің көпшілігі осындай, халықты өнерге шақыру, бірлікке, ынтымаққа шақыру боп отырады.

## 2. Ескілікке қарсылығы

Сұлтанмақмет өзінше, істейтін ісіне, алдағы мақсатына үлкен екі кедергі бар деп түсінді. Оның біреуі ақсақалдық дәуірдің әдет-ғұрып жағы. Бұлар туралы ұзақ жазған романдарында пікірі толық айтылған. Сондықтан Сұлтанмақметтың әдет-ғұрыпқа қарсы аттанысын сол ұзақ еңбектерін тексергенде айтуға қалдырып, оның екінші түрдегі күрескен ісіне келейік. Ол ескі дін.

Феодалдық-ақсақалдық дәуірдің өмірін тарылтып, оның орнына өзі жасауға өркендей бастаған қазақ байларының (буржуазия) жаңа дін керек қылғанын, ол жаңа діннің исламнан басқа бір дін емес екендігін, қайта діннің жаңаланған өмірге, тозып жарамай қалған жерлерін жамап, ондап, өңдеп, еңбекші бұқараны езу үшін, майда, тәсілді дін жасауға тырысқанын жоғарыда біз айттық. Бұл жолы басқа ұлтшыл ақындармен қатар Сұлтанмақмет ескі дін (қадым) түріне шабуыл жасағанын аз да болса айта кету мақұл.

«Оқудан мақсат не?» деген өлеңінде ол:

«Оқудан мақсат не? Медреседе жату ма?  
Ескі нұсқап бақастарды татуға.  
Қанша жыл «кашия» мен «мантық» жаттап,  
Күрсілдесіп шатуға.

Көп жатып «хакім керде» атын алып,  
Елге апарып сатуға?  
Ә, олай болса,  
Керек енді сәлде, шапан киюге,  
Мүрит болып ишанға бас июге.

.....  
Молда боп төрде отыру ма?  
Ет, кымызға қарнын толтыруға.  
Педия, зекет, бітірге қашшық болып,  
Миләтке мекір об тігі тие отыруға.  
Бұлардың бар тапқаны көзін салу,  
Кім өліп, кім жеткенін аңдып жату.  
Білмесе де әлхамның гебирасын  
Жемдік «көрсө молдамын» деп тістей қату».

«Мағынасыз машит» деген өлеңінде Сұлтанмақмет хакім оқуының пайдасыздығын көрсетумен қатар, дінді қара халыққа жақындатуды, араб тіліне қазақтың түсінбейтіндігін жазды:

«Мешіт көзге көрем өзі биік,  
Тұрады жұмасына жұрт жиылып,  
.....  
Қасіретті қара толқын қайғы көрнеп,  
Қан қайнап әзер шықтым ішім күйіп».  
Неге іш күйгендігін былай келтіреді:  
«Білмеймін ол не нәрсе тұрған зарлап,  
Қулардай құрт жинайтын халықты алдап,  
Жұрт отыр ұйықтайын деп, қалғып-шұлығып,  
Түсінбей, дауысты естіп айтқан сарнап.

.....  
Айттым деп ол ойлайды дұғай сөзін,  
Айтты ма, алдады ма жұрттың көзін,  
Түсіндірмей сырдайша дәурендетіп,  
Құдай қашан сайлапты оның өзін.  
Ішімнен мен ойладым «құдай» дедім,  
«Міне, Миләт рухы былай» дедім.  
Сарнауға қанша уақыт ысырап болып,  
Өмір қарға өттің бе жылай дедім».

1912 жыл.

Бұл өлеңнің басын оқыған кісі, қазіргі дәуірде «мынау мешіттен пайда жоқ, оны мектепке айналдыр» деп айтады ғой деп ойлар еді. Бірақ шын оқығанда ол жоқ, Сұлтанмақметша, «мешіт пайдасыз» болғанда, оған адам баласының өмірге жаратар дәнemesі жоқ демейді,



құдай сөзі түсініксіз қалды деп ренжиді. Ескі, қадым діннің түріне қарсы болғанмен, діннің жалпы мазмұнына жетеді, «Айт» деген өлеңінде:

«Жер жүзін көк шөп басып түрленгендей,  
Қызарып бәйшешектей гүлденгендей»  
деп, айтты да сынайды. «Шоң» деген серіктік ашқанда:  
«Баршаға мейірімін салған, мейірманды тәңірім!  
Ісімізді өзің онғарып, онға бастыр!  
Қазағынды ақ, түзу жолға бастыр!  
Әлемге шамшырақ болған пайғамбар.  
Қолдай көр!Саған салауат жолыңды қудық,  
Әулие, аруақ жебе, қолда!  
Қазақ қалмасын қорқынышты жолда.  
Құдай өзің білесің ниетіміз ақ,  
Берсейші бізге бақ!..»

*1914-жылы*

дейді. Бұл Сұлтанмақметтың «алла-ай, ойбай-ай» сықылды дағдымен ауыздың екпінімен абайсыз айтқан сөзі емес, құдайдан шын жылап тілеген тілегі. Сұлтанмақметтың ескі дінге көзқарасын басқа еңбектермен табысқанда тағы да сөз қыламыз. Қорытындыны да кейін жазармыз. Әзірге басқа жақтарын тексерсе тұрайық.

### 3. Әйел теңдігін жақтауы

Ұлтшылдық дәуірдің екпінді ұранының біреуі әйел теңдігі екендігі, оның себебі осы дәуірдің бағалауында, жоғарыда айтылды. Біз бұл арада Сұлтанмақметтың әйел теңдігі туралы бірнеше шығармаларын мысалға келтірумен ғана қанағаттанамыз:

«Анау-мынау» деген өлеңінде:

«Мұнайып, солып қыздар тұр,  
Арқаларында ызғар тұр.  
Қызыл көзді қакбас шал,  
Үсті-үстіне беріп мал.  
Жүзі сары соғылған,  
Сорлы қызға ызғар тұр»

дейді. «Жұртыма» деген өлеңде:

«Тағы да қазақ байдың қыз баласы,  
Ешкімнің сенде жоқ қой еш жаласы.  
Солдырып сені осынша көп зарлатқан,  
Атаңның шалдан алған бес қарасы.

.....  
Қазақы бес жасыңнан атаң ұрды,  
Қарайды малы көпке онды-солды.



Таз болсын, тазша болсын, кеттің жылап,  
Жігерсіз мұнша неге болдың сорлы»

деп әйелдің нашар халын айта келіп, әйелдерге сол күндіктен құтылуға жол сілтейді. Ол сілтейтін жолы:

«Теңіз тап, кемге барма, қор болма деп,  
Шарифат, заң көрсетті саған жолды».

Шарифат дегені – дін. Оның әйел мәселесіне ең езуші құрал екенін, дін жолынша әйелдің адамдық жағы жарты екенін, дін бойынша екі әйел бір еркектің кісілігіне ғана тұратындығын әйелге шарифаттын жасайтын қысымшылығын, сол дін арқылы ислам дініндегі күш шығыс әйелдерінің халіне келгенін Сұлтанмақмет айырмайды. Осы өлеңнің аяғында:

«Жаныңа жалмау түгіл жақын бармас,  
Қазақтан оқушылар шыкса андап»

дейді. Міне, мұнысы әрине, шарифаттан көрі туралау жол, бірақ жалпы ұлтшыл жазушылардағы кемшіліктей Сұлтанмақметтегі әйел мәселесінде үлкен кемшіліктің біреуі ол – әйелді оқыған ерлер арқылы азат болады деп түсінеді. Әйел өзі оқып, оң қол, сол қолын өз ақылымен танығанда ғана ермен теңмін деп түсіне алатындығын білмейді. Шалға тимей, кемге барма, теңел дегенді барлық ұлтшыл ақындар жырлады. Бірақ осылардың көпшілігі теңелудің салмағын әйелдің өз санасына тіреген жоқ, оқыған ерлерге тіреді. Осы кемшілік Сұлтанмақметте де мол.

Сұлтанмақмет бертін келе қазақ қызынан жиренеді. «Қазақ қызына» деген өлеңінде:

«Маңайымнан арман кет,  
Жанды қуыршақ арам ет.

.....  
Анадайдан қарасам,  
Жанды ерітер жандайсың.  
Жуып кетсем маңыңа,  
Екі аяқты малдайсың.

.....  
Бір көрмеге асылсын,  
Көп көрмеге масылсын.  
Тек ішіп-жеп, жүк тартар  
Сарттар мінген кашырсын.  
Не сөйлерге тілің жоқ,  
Не сұрауға білім жоқ.  
Саған кімдер бас ұрсын,  
Бірақ жазық қазақта,  
Ұлы-қызы азапта»

дейді. Соңғы екі жолы Сұлтанмақмет дәуірі үшін өте асыл сөздер. Бірақ



Сұлтанмақмет «не сұрауға білім жоқ» дегенше, білім білсең, сен де білімді елдің қыздарындай пәлен дәрежеге жетесің деп, қандай болудың шартын көрсетсеіші. Құр бекер «екі аяқты малдайсың» дегенмен қазақ қызы жетіле ме. Осы арасын ол білмеген.

Ұлтшылдық пен байшылық ағалы-інілі жақын нәрсе екендігін, екеуінің аты болмаса, затында өзгешелік жоқ екендігі жоғарыда айтылды. Байшыл-ұлтшылдардың әйел мәселесінде бір үлкен қателігі, олар әйелді еңбек иесі деп ұққан жоқ. Олардың әйел теңдігінен түсінгені теңіне бару. Арғы өмірін зерттеген ұлтшыл ақын жоқ. Әйелді еңбек майданымен байланыстырмай, «теңіне беруді» ғана жырлау, екінші тілмен айтқанда: Әйел тән тілегін орындайтын ғана, төсекке арнаулы еркектің мүлкі деген сөз боп шығады. Сұлтанмақметтың осы жағын алып қарасақ, байшыл-ұлтшыл ақындардың махаббатшылдығы одан да табылады. «Қыз сүйю» деген өлеңінде ол былай дейді:

«Қыз десе әркім кетер қызуланып,  
Көңілге әлдеқайдан от кеп жанып,  
Ең арты аппақ кубас шалдар дағы,  
Қояды бір қикандап қоңырланып.  
Дүниедс жан саясы қыз дейсің ғой,  
Құмартып құлқың құрып іздейсің ғой,  
Мылқау, кеше, таз, тазша болсаң дағы,  
Қыз тимес деп күдерді үзбейсің ғой».

Одан арғы жақта қызды мақтап келіп аяғында:

«Қайтер едің жігітім қолға тисе»

деп тынады. «Жан қалқам» деген өлеңінде қыздың еркектің табысы үшін құрал екенін, жалпы жігіттеп аударып, өзіне әкеледі:

«Қарадың неге жан қалқам,  
Күйдірейін дедің бе?  
Етіп қалдың бір жалтаң,  
Сүйдірейін дедің бе?  
Өзсімді жандырдың,  
Идеямнан тандырдың,  
Өмірлік кетісс қайғымды  
Бір көз салып қалдырдың.

.....

Көлеңкенді көрейін,  
Құрмандық боп өлейін.

.....

Сені көріп тұрғанда,  
Күн мен жұлдыз ай да жоқ,  
Жүрегім лепіріп шолқанда.  
Патша да жоқ, құдай да жоқ,  
Бәрі сенің бір өзің.



.....  
Маған салсаң еңкейіп,  
Қартайып кет, жасып кет.  
Ары барсаң теңкейіп,  
Өлексе боп сасып кет,  
Айнымас менің сүйгенім».

«Ақ сәуле» деген өлеңінде құмартуды төсекке апарады.

«Омырауы ашық ақ көйлек,  
Етегі қысқа кисең-ау,

.....  
Жаным, сәулем күнім деп,  
Суырып тұрып сүйсең-ау.

.....  
Ақ торғынға оранып,  
Тау ішіне кірсең-ау.

.....  
Гүл, бәйшешек ішінде,  
Ісімді өзім білсем-ау.

.....  
Ақ көйлекті түрсем-ау,

.....  
Аппак санын көрсем-ау,  
Соған қарай төксем-ау,  
Әр ырқыма көнсем-ау...

.....  
Кәрілік келмей, жас өтпес,  
Сондай түрде қалсам-ау».

1918 жыл

Міне, әйелді теңіне қосқандағы Сұлтанмақмет теңдігінің арты осыған соғады. Бұдан арғы әйелдің өмірі оған есеп емес. Бұл жалпы ұлтшылдардың ұраны.

#### 4. Рушылдығы

Ұлтшылдықта бір-бірімен өмірінде үйлесе алмайтын бір шатақ бар. Ол мынау: ұлтшылдар «біз ұлтты сүйеміз» дегенмен, сол ұлтының өзінше келгенде тапты (байлар табын) сүйеді. Оны өздері басады. Ұлтшылдардың февраль төңкерісінен кейін байшыл болғанын тұрмыстың өзі аңқаны жоғарыда жазылды, «ұлт» деп жүргендер «руға» тартып, «атаға» тартып кететін әдеттен де сау емес. Ұлтшылдардың арқа тірейтін сенімді адамдары елдегі бсделді ақсақалдар ғой. Сол ақсақалдардан сұрасаң (мәселен керей деген рудан болса) әуелі қазақты, қазақ ішінде керейді, керей ішінде балтаны, балта ішінде пәленді жақсы көрем деп,



аяғын өз үйінің ішіне әкеліп тірейді. Осы шапатақтан олар өмірінде құтыла алмайды. Сұлтанмақметте де осы мінез болған.

Оның алтыншы атасы барлық қазаққа әйгілі Шоң деген би. Шоннан ары бұл деген адам қазақ ішінде мықты кісі болған. Ел іші Шоңды атақты Шорманмен теңестіріп, Шоң-Шорман деп жұптап сөйлегенмен, шығармаларының ішінде осы Шоңды көзге көрсетіп, аталықты екенін дәріптеп отырады. Екі мысал алайық:

Біреуі 1914 жылы Сұлтанмақмет өз аулынан халық ағартуды мақсат қылған «Шоң» деген серіктік ашады. Серіктікті ашарда өлепмен:

«Мынау жол Шоң баласы адамдыққа,  
Сіздерді бастамайды жамандыққа.

деп, серіктікті түсіндіре келе, артынан:

Алашқа өрнек болсып Шоңның аты.  
Ұлтқа пайда, бір жағы Шоңға абырой,  
Емес пе біз де оның жұрағаты.

.....  
Ә, құдай, ашшы біздің бағымызды,  
Көтеріп, Шоң мен үлкеп тағымызды.

.....  
Жан пайда аруақ үшін, абырой үшін,  
Қияметке кетеді мындай ісін.  
Жүз жылғы өлген Шоңның, көмген Шоңның,  
Әлемге танытайық өстіп түсін!»

деп бітіреді. Бұл өленде, әрине, ұлт жайы да айтылады. Бірақ, негізгі тірегі «Шоң аруағы».

Екінші, сол жылы қаражаттан тарылыққырап, атакты Шорман ауылына барып, Садуақас Шормановтан жәрдем сұрағанда:

«Шоң Шорман едік,  
Бір-бірімізге құрман едік.  
Шоңның түрі айғырдың көк жапырақтары  
Бұтаңа кеп қонған едік» –

деп, қазіргі теңсіздігін білс тұрса да Садуақасқа Шоң арқылы өзін теңестіріп тастайды. Әрине, байлардың өзінен екі елі төмен түскенді ұмытып кететін таптық дағдысы, сол дағдысын істеп Садуақас Сұлтанмақметке илікпейді, жәрдем көрсетпейді. Сондықтан ол:

«Малға басым имеске,  
Рия тонын кимеске,  
Аштан өлсем де адамға,  
Намысымды брмеске...»

деп ант етеді. Терезесі тең емес атасы Шоң емес адам Садуақасқа көңілі қалғанмен, «намыс» қылмас еді. «Ит екен» деп тарта берер еді. Шондығын айтқанда жәрдем көрсетпегесін намыстанған намыс, оның өз ары емес, Шоңның ары.

## 5. Байшылдығы

Ұлтшылдық пен байшылдықтың түп қазығы бір дедік. Әйткенмен екеуінде мазмұн жағынан бөтендік болмағанмен, түп жағында, сыртында өзгешелік бар.

Қазақ ұлтшылдары 1917 жылғы февраль төңкерісіне шейін жалпы қазақты тұтас атап «қазағым» деп келді. Сұлтанмақмет те осы ұранның ішінде болды. Февраль төңкерісі туғасын, қазақ зиялыларына (оқығандарына) үкімет құруға мүмкіндік туғасын енді ұлтшылдарға бой жасыруға болмайды. Олар бойын жасырайын дегенмен құратын үкіметінің түрі кімді жақтайтынын ашып берді. «Алашорда» партиясы, байшылдар партиясы болғаны, ол партия алаш туының астына қазақтың байларын ғана жиғаны жоғарыда айтылды, оны бұл арада қайталаудың қажеті аз.

Февральға шейін «қазақшыл» боп келген Сұлтанмақмет февральдан кейін ашық байшылдыққа көшті. Алашорда партиясының ашық байшыл партия екенін, пурлтариат үстемдігіне қарсы партия екенін біле тұра, ол «Алашорданы» қол шапалақтап қарсы алды. Алаш ұраны деген өленінде ол:

«Алаш туы астында,  
Біз алаштың баласы.  
Күніміз туып көгерді,  
Сарыарқаның даласы»

деп алаш атын біраз дәріптейді. Содан кейін ұлтшылдық рухты күшейтіп, қазақ байларының қанын қыздыру үшін:

«Құрт аурудай жайлаған,  
Құртпаққа бізді ойлаған,  
Қанымызға тоймаған.

.....

Ерімізді айдаған,  
Жерімізді шимайлаған,  
Өшті зәлім қарасы»

деп, қазақтың отар күнін алдына бір елестетіп өтеді. Содан кейін:

«Берілгенде тілектер,  
Жарылмай ма жүректер,  
Заң жасайтын орынға  
Жұртпен бірге барамыз,  
Қатардан орын аламыз»

деп, құрылтайды<sup>56</sup> дәріптейді. «Заң жасайтын орыны» – құрылтай, «қатардан орын беретін» де, сол құрылтай. Құрылтайдың қорушысы «құрт аурудай жайлаған» орыстың отаршыл байлары екенін Сұлтанмақмет

<sup>56</sup> Учредительное собрание



түсінбейді. Февральдан бұрын қас болса, февральдан кейін сөзде бөлек, істе біріккен қазақ пен орыс байларының бірлігін ол «теңдік» деп ұғады. Бұл теңдіктің қазақ байлары үшін ғана теңдік боп, қазақтың еңбекші бұқарасына кемдік екенін түсінбейді. Одан ары қарай сол өлеңде:

«Көркейтуге алашты,  
Құрбандық біздің жанымыз.  
Былай тұрсын малымыз.

.....  
Төгілсін біздің қанымыз»

деп, алашты күреске шақырады. Ол күреске түсетін, қанын төгетін кім? Әрине, құрылтай атымен алдан отырған, Алашпен ауыз жаласқан орыстың байлары емес, құрылтайға қарсы болған, байға қарсы болған, өз үстемдігі арқылы адам баласын бақытқа жеткізем деген пуртгария, оның көсемі бәлшебек партиясы.

«Ұранның» аяғын Сұлтанмақмет:

«Алаш туы астында  
Күн сөнгенше сөнбейміз,  
Енді ешкімнің алашты  
Құлдығына бермейміз.  
Жасайды алаш, жасайды.  
Жасасын алаш, жасасын!»

деп өзін-өзі жұбатты. Қазақтың байларын жұбатады. Жігерленеді.

Сұлтанмақмет «ұран» жазып, «Алашорданы» ғана дәріптеп қоймайды. «Алашорданын» беделін ел ішіне көтеру үшін оны дәріптеумен қатар, сол «Алашорданын» басты адамдарын, көсемдерін бұқараға таныстырады. Бастықтардың қадірін көтеру ниетімен «**Таныстыру**» деген өлең жазалды. Бұл өлеңде: Байтұрсынов, Бөкейханов, Ермеков, Ғаббасов, Дулатов сықылды Алашорданың көсемдерін шамасы келгенше, тілі жеткенше көтереді:

«Ешкімнің Әлиханда бар ма сөзі,  
Демейді қандай қазақ оның көзі.  
.....  
Ел үшін құрбандыққа жанын берген,  
Бит, бүрге қандалаға қанын берген.  
Ұрыдай сасық ауа, темірлі үйде,  
Зарығып Алаш үшін бейнет көрген.  
Түймеге жарқылдаған алданбаған,  
Басқадай бір басы үшін жалданбаған  
Болса да қалың тұман, қараңғы түн,  
Туатын бақ жұлдызына көзі жеткен»

деп Әлихан Бөкейханұлын сипаттайды.



«Тек ұзақ ғұмыр берсін бар құдайым,  
Дулатов, Бөкейханов, Байтұрсынов,  
Бірі күн, бірі шолпан, бірі айым»

деп Дулатов пен Байтұрсыновты көтереді.

«Әлімхан Ермекұлы жас жігіттен,  
Келеді екінші боп бұл ретпен,  
Қазақта мұндай жігіт көрмедім деп,  
Ардақты қарт Потанин айтып кеткен.  
Ақ жүрек, алғыр ойлы, адал жан деп,  
Тумай жатып жастарға даңқы жеткен»

деп Ермекұлы Әлімханды көтереді де, Әлімхан туралы жалған мәлімет береді:

«Бір іні танымайды бай ыңғайын,  
Бар ынтасы жақсарту нашар жайын»  
деп Әлімханды кедейшіл, байға қас қып көрсетеді.  
«Жеттім деп көкірек керіп, ауырсынып,  
Байларменен шанаға бірге мініп,

.....

Кететінін көрдік қой талайлардын»

деп Әлімханды, баймен ауыз жаласқандарға қосады. Алашорда байдың шанасы екенін, сол шанаға Әлімхан байлармен бірге мініп, Алашорданың басты адамының бірі болғанын Сұлтанмақмет көрмейді. Көрссе де айтпайды.

«Одан соң Ғаббасұлы Халел мырза,  
Түрі емес, көрген адам сөзіне риза.  
Тап басар, әдісі көп артты ойлайтын,  
Не аңқау, не болмаса емес қызба.

.....

Алданбас, алдын болжар, алдан көрер,

.....

Бізаны ұмыта алмай, өшін алмай.  
Шын деп ұққан мақсатқа жету үшін,  
Бір істі өз ойындағы ету үшін.  
Сол жолда қабылдаудан бас тартпайды,  
Болса да оған керек қандай пішін»

деп Ғаббасовты көтереді де, оның мақсатын орындау үшін, қандай пішінді іске болса да баруға батылы жететінін айтады. «Алдын болжағыш» адам ғып көрсетеді. Бұдан былай қарай біраз адамдардың жақсылы-жаманды мінезін көрсетеді. Олардың бәрін көрсетуді қойып, осы адамдарға азырақ тоқтайық. Бұл айтылған бес адамның қандай кісі болғанын, ақырында кім боп кеткенін қазақ еңбекшілері жақсы біледі. Бұл адамдар, рас февральға шейін төңкерісшіл боп келді. Онысында да дауымыз жоқ. Бірақ



февральдан кейін қазақтың байлары мен бектері құрған «Алашорда» партиясының басына мінді. Қазақты байшыл республика қылуды мақсат етті. Осы мақсатты орындау үшін:

«Бірі істі ойындағы ету үшін,  
Сол жолға қабылдаудан бас тартпайды,  
Болса да оған керек қандай пішін»

деп сипаттаған Ғаббасовтар Сұлтанмақметтің сөзін расқа шығарды. Жоғарғы айтқан бес адам (ішінде Ғаббасов та бар), тағы солардың серіктері әр пішінді істерді істеп, бәлшебекке әр түрлі қарсылықтар жасап бакты. Олар құралды әскер жинап, Колчак, Анненков, Дутов сықылды жанаралдармен тізе қосып, ауыз жаласып, бәлшебектермен соғысты. Оның үстіне «Бәлшебек» талағынш, қатын-балана, мал-мүлкіне ерік жоқ» деп неше түрлі өтіріктерді қолданды. Бұл өтіріктер, шынында, Ғаббасовтардың «мақсатына жету үшін, не пішінді істен болса да бас тартпағандықтарынын» белгісі еді. Сұлтанмақмет алашордашылдардың мінезін дәл сипаттады, бірақ істерін дауыстап айтпады. Бөкейханов, Дулатов, Байтұрсыновтарға дәуірі өткен «қазақшылықты» жапсырды. Ермековке үйлеспейтін кедейшілікті, байға қарсылықты таңды. Әрине, бұларды Сұлтанмақмет білмей жазған жоқ. Біле тұра жазды. Ондағы Сұлтанмақметтың ойы «Алашордашылдарды жалпы қазаққа (бай, кедейге) жеделді көрсету болды». Тегінде партияны басқарып отырған адамдардың бұқара арасында беделі болмаса, партиясы партия болмақ емес қой. Сұлтанмақметтың мақсаты әлгі айтылған адамдардың қара басын дәріптеу емес, байшылдық бағыттағы адамның бірі болғасын, байлардың партиясы «Алашты» дәріптеу, «Алашорданың» бастықтарының беделін көтеру арқылы бұқараға беделді көрсету.

«Соғыстың кесірі» деген өлеңінде ол, баяғы:

«Көркейтуге алашты  
Құрбандық біздің жанымыз,  
Төгілсін біздің қанымыз»-дың орнына:

«Неше қыршын жастардың  
Кеудесіне оқ тиіп,  
Аузынан қан кетіп,  
.....  
Елестеп көзше арманы,  
Жетем деп ойға алғаны»

деп соғыстың дәл өзін жырлайды. Бұл соғыс қай соғыс, әрине Колчак пен Алашорда бір жақ боп, бәлшебек бір жақ боп соғысқан соғыс.

«Елестеп көзіне арманы»

дегендегі арман, қай арман? Әрине, Алашорданың орда боп жасап тұру арманы. Ғаббасовтардың «жету үшін не істі болса да толғамайтын»



арманы. Бұл арманның бәлшебектер тас талканын шығарды. 1918-19 жылдары Колчакты, Алашты, тағы сонын үрім-бұтақтарын талқандап, 1919 жылы қазақ даласын алды. Алғанда қан төгусіз алған жоқ, Сұлтанмақмет өзі айтқан алашорда мен Колчак әскерінің:

«Аузынан қан кетіп,  
Жын тартылып көздері,  
Ыңырану болып сөздері,  
Елестеп көзіне арманы»

боп алынды. Сұлтанмақмет осындай кимыл жасап келе жатқан бәлшебектерді халыққа «**Соғыс кесірі**» деген жанағы өленінде қалай түсіндірді:

«Міне сондай заманда,  
Жәуіскері қаланда,  
Мал-мүліктен күдер үз,  
Ажары тәуір қатын қыз,  
Зорлау менен талауда.

.....  
Сондайларды ойламай,  
Қосармысын адамға».

1918 жыл.

Сұлтанмақмет «Алаш ұраны» деген өленінде Алашты мақсатына жеткізу үшін:

«Төгілсін біздің қанымыз»

деп еді. Мақсатына жету үшін не қылмыс болса да баруға батылы жететін Ғаббасовты ардақтап еді. Бәлшебектер қан төгіп, үстемдігін орнатқанда, неге оларды:

«Қосармысын адамға»

деді. Өзі қан төккенін көтермелеп, өзіне қарсы таптың қан төгуін адамшылыққа қоспау, әрине, таза байлар табының өз мақсатын ғана ойлағандығы. Бұдан басқа дәнене жоқ.

«Мал-мүліктен күдер үз,  
Ажары тәуір қатын қыз  
Зорлау менен талауда»

деген Сұлтанмақметтың өз сөзі емес, ол сөздер сол кездегі «Қазақ», «Сарыарқа», «Азамат», «Бірлік туы» сықылды байшыл газеттердің сөзі, «Алашорданың» сөзі.

«**Қайғы**» деген өленінде Сұлтанмақмет бәлшебектер алған даланың сиқын мынадай қып көрсетеді:

«Үскірік, күнгірттенген әуе шаңыт,  
Жүрегім шыдамайды түрін танып,  
Өз көзіме сенбей тұр өз көңілім,  
Құдай-ау, мен де кедей болдым ба анық?»



Майда жел, қаз мойынды тобым қайда,  
Бәрінен сыпырылдым бір-екі айда,  
Терлесем жаным шыға жаздаушы еді,  
Кім мініп, кім түспеді бар ма айла.  
Құдайдың рахметінен үміт те көп,  
Болғанмен ел болатын сиқымыз жоқ.  
Шойын жол даласынан салып жатыр,  
Елдікті күйдіретін сол қызыл шок.  
«Құрт ауруы, сол құртады» деп жүргенде,  
Жылқы жыл көлденеңнен қадалды оқ».

*(1919 жылғы 26 февраль.)*

Бұл өлеңді ол Құтпан деген байдың баласы айтқан қылады. Бұл Құтпанның сөзі емес, Сұлтанмақметтың өз сөзі. Үйткені бұл өлең жазылғанда большевиктің Семей даласына орнағанына 2-3-ақ ай болған. Нақ ол кезде ұлт саясатының қазірден басқа түрі болғандықтан, бәлшебектер қазақ байларына қолын батырған жоқ. Қазақ байлары шабуылдың зорын 1917 жылдан бастап көрді. 1919 жылы Құтпандар ондай халге келген жоқ. Онымен Құтпан бай, өз жылқысын ғана уайымдамайды, «ел болатын сиқымыз жоқ» деп жалпы қазақ байын қайғырады. Бұндай қайғыру Сұлтанмақмет сықылды байдың идеологының (саналысының) қолынан келмесе, жеке байдың қолынан келмейді.

Бәлшебек нығайған сайын Сұлтанмақмет үмітсіздікке салына береді. Мақсаттан, «Алаш үшін қанын қиюдан» айырылады. «Әкелші» деген өлеңінде:

«Әкелші, құй арақты,  
Көтерейін көңілді.  
Қолдан шаттық жасауға  
Арақ тәуір көрінді.

.....  
Арақпенен сыйлайын,  
Шаттықсыз аз өмірді.  
Шаттығым жоқ бәрі бір,  
Арақтан артық өнімді.

.....  
Біздің мақсат бәрі бір,  
Ірі мақсат қуа алмас.  
Пайғамбар боп зиянды,  
Жауыздықты жуа алмас.

.....  
Көңіл тірер мақсат жоқ,  
Сонан көңіл уанбас.  
Ертең өлу, жоғалу,





Ұмытуға біздер мас.

.....  
Білеміз бе, жолдастар,  
Ертең қалай боларын?  
Ектің талай егінді,  
Білесің не орарын?

.....  
Қанады деме, құя бер,  
Арақ достым, арақ жан.

.....  
Өзім патша, өзім хан,  
Құя бер, міне, босады».

1919 жыл

Қысқасын айтқанда, араққа мұндай құмартып, бұл сықылды сөздерді айту, табын жоғалтқан, қайда барарын білмеген адамда болады. Оны осы «Әкелші» деген өлеңнің өзі де айтып тұр. Оған сөз қосу артық.

## 6. Кедейшілігі

Біз жоғарыда Сұлтанмақметты ұлтшыл-байшыл ақын деп көрсеттік. Оған толық дәлел келтірдік. Сөйткен байшыл ақын неге кедейшіл болады? Кедейшілдік пен байшылдық деген бір-біріне қарсы екі пікірді бір адамға сиғызуға бола ма деген сұрау тууы мүмкін. Осы сұрауға шамасынша жауап беруге тырысайық.

Біз бұл еңбегімізде Сұлтанмақметке көбірек тоқтадық. Үйткен себебіміз, Сұлтанмақметте өзге байшыл жазушылардан өзгешелік бар. Ол негізінде байшыл бола тұра, «Қазағымды» жырлай отыра қазақтың өз ішіне келгенде кедейдің байдан көрген кемшілігін көрмей өте алмайды. Көргенде Міржақып сықылды:

«Базарға бұлға шыққан қалашылар,  
Күн бар ма кедей сордың бағы ашылар.

.....  
Біразын бұрын басқан қазасы бар»

деп, өлеңнің үйлесі үшін ғана көрмейді. Көзін тоқтатып, арнап көреді. «Анау-мынау» деген өлеңінде:

«Орталықта молдалар,  
Алдына түсіп жорғалар.  
Нашарларға жарып сап,  
Бай алдында қорғалар»

деп діннің байға арнаулы, кедейге қырындығын көрсетеді. «Қымыз» деген өлеңінде:

«Кәсіпсіз көзін сатқан сорлы кедей,  
Қоя ма піспек аңдып тентіремей.



Атағыңды көтер алғыс айтып,  
Байқұсқа бір жұтқызсаң кет, шық демей!»

деп, кедейдің кәсіпсіздігін, байдың кедейге қымызды қалай қоятындығын айтады. «Айт» деген өлеңінде аты бар, асы барлардың айтты қалай айттайтынын айта кеп:

«Жалғыз-ақ дорба асынған кедей кәріп,  
Аштықтан өңі кеткен беті арып,  
Әркімдер тиып-тебен беріп жатыр,  
Деген «құтты болсын айт шәріп!»

деп, кедейдің қайыршылық күнін елестетеді. «Осы да әділдік пе?» деген өлеңінде:

«Дүниенің дөңгелегі айналады,  
Кімі үстінде гөләйттап жайланады.  
Кімі астында езілер саз балшықтай,  
Білмеймін түбі неге айналады?

.....  
Үстідегі сындырмаған шөптің басын,  
Сондадағы тамақ тоқ, киімі асыл.

.....  
Он жыл қызмет бір кедей қылып ташпас,  
Қондырған бір жүзікке асыл тасын.  
Бір кедей жылдық тамақ етер еді,  
Өңдеген бояуына бет пен қасын.  
Бір қонағы тұрады он мың теңге,  
Нөмірлерге барысы одан кем бе?

.....  
Жолы бос жиһан кезсе тамашалап,  
Алдында үстел, пеш қыз, қызыл арақ.  
Зауыты, пәбірігі, жер жалынан,  
Жыл сайын миллион-миллион доход тауып.  
Астыдағы жұмыс қылған қолы жаурап,  
Жасынан терге жуылып, арқасы ауырып.  
Жер астының кендерін шығарам деп,  
Жөтелді, онда жоқ денге саулық».

(1920 жыл.)

Міне, осы тәрізді өлеңдер Сұлтанмақметте көп ұшырасады. Оның әсіресе, «Кедей» деген поэмасында кедей халі толық суреттелген. Оны сол поэманы тексергенде толық айтамыз. Әзірге айтарымыз Сұлтанмақмет өзге байшыл ақындардай емес, кедейді көрді. Оның аянышты халін жазды. Кедей Сұлтанмақметтің негізгі темасының (тақырыбының) бірі болды. Сондықтан ол кедейшіл. Бірақ кедейшіл болғанда, ол түр жағынан ғана кедейшіл, мазмұны жағынан кедейшіл



емес. Бұл сөздерді ашығырақ түсіндіру үшін мынадай сөздерге арқа тіреуге болады.

«Кедей» дегеніміз еңбекші таптың бір бұтағы ғой. Бұл бұтақ, капиталдық дәуір жасап тұрғанда, байлардың қанауында боп келді. Осындай қанауға, еңбегін жегізуге душар болған кедейдің Сұлтанмақмет ауыр халін айтты. Бірақ әңгіме кедейге сен кедейсің, сенің күнің нашар, сені бай пайдаланды деп, оқиғаны, фактіні сол тұрған күйінде бұлжытпастан айтуда емес, ондай құлдықтан құтылуға кедейге жол көрсетуде ғой. Жол көрсетіп қана қоюда емес, өзі бастауда ғой. Сұлтанмақмет «кедей, кедей» дегенмен, кедейге қанаудан құтылу үшін жол көрсетіп көрген жоқ (бұл туралы әлі «Кедей» деген поэмасында толық айтармыз). Ал, сол кедейді езіп отырған байға байшылық жолын мықтап жүргізу үшін жол көрсетті, ол жолы «Алашордасын» езу.

Алашорда – екінші сөзбен айтқанда, қазақ байларының үкіметі. Марксистілердің көз қарасынша, мейлі қандай үкімет болса да, белгілі бір-ақ таптың сойылын соғады. Бар тапқа бірдей бола алмайды. Алашорда қазақ байларының үкіметі болса, байлар сол үкімет арқылы қазақ еңбекшілерін қанар еді. Бәрі бір қанау болғасын, отаршылдық пен Алашорданың арасында қазақ еңбекшілері үшін айырма болмас еді.

Сұлтанмақмет байларға үстемдік алудың жолын көрсетсе, «кедейге еңбегінді жегізесін» деген жалпақ тілден басқа жол көрсетіп көрген жоқ. Сондықтан Сұлтанмақметтің «кедей» деуі тұр жағынан кедейшілдік болғанмен, мазмұны жағынан байшылық.

## 7. Сұлтанмақметтің социализм туралы пікірі

Кеңес үкіметі орныққаннан кейін әлеуметсіздікке түсіп жүріп, өлуге бет алған байлар табын қайғыра отырып, үкіметінің негізгі мақсатын зерттеуге айналған. Өмір тарихында оны Плеханов, Кавитскийлерді оқыды дейді. Солардың кітаптарының салдарынан ба екен? Болмаса Кеңес үкіметінің іс жүзінде қанішер боп шықпағанын көргендіктен бе екен? Немесе коммунист партиясы мен Кеңес үкіметінің жолын зерттеді ме екен? Әйтеуір Сұлтанмақметте 1920 жылдан бастап айрықша көз салу бар. Бұған «социализм» деген мақаласы және бірнеше еңбектер (әсіресе, «Адасқан өмір» деген поэмасы, оны кейін айтамыз) куә. Ол социализм деген сөзді жалпы жұрттың білімі деп, білімі теңесу деп ұғады.

«Қазаққа ілгерілеу керек болса... жетілген жұрттардың қатарына қосу керек. Жалпы адам баласының... бақытты болуына ат салысу... сол жетілген жұрттардың қатарына кіріп алғасын болатын жұмыс».

Осындай Қазақты басқалармен қатарластыру ісін жоспарлағаннан кейін ол қалай қатарласуды көрсетеді:

«Біздің Қазақ ұғыныс,.. күн көріс жағынан ер жеткен жұрттардың мұнан бірнеше жүз жылдап емес, неше мың жылдар бұрынғы қалпында



жатыр... Адам пайғамбармен құрдас бір бала осы күнгі ер жеткен жұрттардың білгеніндей, білімнің бір тарауын (айталық дәрігерлікті) білу үшін осы минутке дейін олмей тірі жасауы керек... Осы заманда 1895 жылы туған бір баланың туған күндегі білімі Айса пайғамбардың құрдас баласының туған күніндегі білімінен артық емес. Бірақ сол баланың, Айсаның құрдас баласының білімін алу үшін 1918 жыл жасау керек емес, 23-ақ жыл жасау керек... Осы күнгі біз сұқтанатын халіне (Еуропаның – С.М.) қазақтың жетуіне мыңдап, жүздеп жылдар керек емес, ондап, жиырмадап, көп болса отыздап жылдар керек... Себебі олардың даяр салып қойған жолымен барамыз».

Осыдан ары Сұлтанмақмет Қазақ мәдениетті ел болу үшін қандай шарттар керегін айтады. Бірнеше мысалдар келтіреді. Қазақты өнерлі елдің қатарына қосып алғаннан кейін Сұлтанмақметше социализмнің адамы болу үшін жол бар: біреуі «Тән азығы», онысы: өнер-білім құралдары (От арба, аэроплан, электр, машиналар, тағы басқалар); екіншісі: «Жан азығы» біреуге біреу қияпат қылмай тату тұру. Сұлтанмақмет жер жүзінде болып жатқан тап тартысындағы қан төгісті, «тән азығы» орынсыз өсіп, «Жан азығы» өспегендіктен деп түсінді. Сондықтан:

«Не құрлым дене азығы, өнер өскен сайын,  
Адам баласының бақытсыздығы өседі»

деген қорытындыға келіп, Толстойдың «мәдениетті жер жұтса жарар еді» дейтін кәдімгі кертартпа қуатын шақтап барып қалады. Бірақ Сұлтанмақмет өзінше бұл қиын халден шығу жолын табады, ол:

«Біздің мектептеріміз, мағбұғаттарымыз Еуропаның дене азығы – өнерімен қатар әр азығында үйрету керек. Онсыз келешекте қазақ бақытты бола алмайды».

Сұлтанмақметтің социализмнен түсінгені осы. «Социализм» деген терминді талқылағысы келгенмен ол оған түсінбейді. Өзі түсінбейтін тереңге көп беріп түсіп кеткесін қайда барарын білмей, беті ауған жаққа малтиды, қолына не іліксе соны құрал қылады. Сұлтанмақметтің «социализмінің» арғы шеті байшылдық. Үйткені ол Еуропаны, қазақты, яки басқа бір елді алғанда тапқа бөлмей, жер ыңғайластық түрімен алады. Өнерлі елді жіктестен, тапқа бөлместен, сол «өнерлі» қалпымен алып кеп, өнерсіз сяге тұп-тұтас қас қылады да қояды. Сұлтанмақмет заманында өнер құралдарының капиталистерде ғана болғанын, сол құралмен олар өз ұлтының жұмыскер мен қара шаруасын рақымсыз түрде қанап, жеуіне олар аздық қылғасын өнерсіз елдерді отарланғанын ол айырмайды. Еуропаны жіксіз ғып көргені сықылды қазақты да тапқа бөлмей алады. Қазақ байларының отаршылдар байлармен ауыз жаласып, қазақ еңбекшілерін екі жақтап езгенін білмейді. Қазақты өнерлі елдер қатарына қосқанда, тапқа бөліп емес, кедей-байын түгел оқытып, бөлшектемей тұтас апаруға, тапсыз тұтас ел қылуға тырысады. Социализмнің негізі тап күрес екенін,



тап күресінде ұлт жоқтығын, Еуропа, Азия деп жерге бөлу, өнерге бөлу жоқтығын, тап күресі арқылы пурлтариат қана социализм орнатқанын, пурлтариаттан басқа, «онын» үстемдігінен басқа, ешбір «тән азығы», ешбір «жан азығы» социализм орната алмайтынын білмейді. Тап тартысы деген нәрсені, отар мен отаршылдықтың негізін, социализмнің бастапқы, соңғы бағытын маркшіялдерше қарамай, Сұлтанмақметше (ұлтшыл-байшылша) қарағасын, Сұлтанмақмет бір шытырман талға кіреді де, қамалады да қалады. Осы қамалудан шыға алмай, ақырында адасып, «Адасқан өмір» дегенді жазады.

Сұлтанмақмет туралы қорытынды айтуды кейінге қалдырып, енді ірі еңбектерін талдауға көшейік.

### «Әжібай болыс немесе кім жазықты?»

1. **Мазмұны.** Бұл өлең романды Сұлтанмақмет 1914 жылы «Қазақ» газетіне жарияланған бәйгеге арнап жазады. Романның қысқаша мазмұны: Тасболат деген әрі бай, әрі қажы, әрі елге беделді бір адамның Жакан дейтін ержеткен баласы өледі, осы баласын Тасболат болыс қоюға ойланып жүрген кезінде көлденеңнен мынадай қаза келгесін оған түйініп, әйткенмен өзі қартайғандықтан қолынан кетейін деп тұрған «бақ» (болыстықты) қимай, туған ағасы Жакыптың Байболына береді. Жакып туысқаны болғанмен кедей болады. Сондықтан Тасболат қиса да амалсыз қияды. Қимаймын десе өзі қартайған, баласы Жакан орысша білмейді. Әжібай деген баласы жас және оқып жүр, орысша білмегенді, хат білмегенді болыс қоймайды.

Жакан өлгесін одан Жаңыл деген әйел және бір бала қалады. Жаңғабыл деген бір байдың Жәмілә деген қызын тоқалдыққа айттырып қойғанмен, Жәмілә оң босағасында қалады. Жаңғабыл қазақтың дағдылы «жылын күтуін» күтіп, артынан Тасболатқа не жесірінді ал, не басына ерік бер деп кісі салады. Елден таңдап құда болған Тасболат, қысылғанда бел қылатын құдасын қимайды да, оқуда жүрген Әжібайды жылатып алып келіп, алмайын дегеніне болмай 20-дағы Жәміләні 14 жастағы Әжібайға әпереді. Ал, Жаңылды да Әжібайға ал деп, Әжібай болмағасын оны Садық дейтін 65-тегі бір жақын ағайынына қосады. Жаңыл шалға тұқырамай, өз ісін өзі біліп, ақырында екі қабат болғаннан кейін, өз сүйген жігітімен бір түнде жоқ болады. Арты үлкен дауға соғады.

Әрі оқудан шыққан, әрі өзі сүймейтін, өзінен көп үлкен әйел алған Әжібай, өз өміріне өзі қанағаттанбай, жиіркенішті өмірге түседі. Бір жағынан әйелін жөн-жосықсыз ұрып, екінші жағынан мал шашып, жігітшілік базардың қызуына түседі. Ел қыздарымен айналысып, ел ішінде ғана бозбалашылық істеп қоймайды, қалаға барып арақ ішуге салынады. Сөйтіп жүріп Аппақай деген қаладағы бір жатақтың сұлу



қызына ғашық болады. Аппақайдың араққұмар, карташыл Жүсіп деген ағасы болады. Сол ағасын араққа суарып, саудасына ақша беріп жақындасады да, ағасы арқылы Аппақайға сөз салады. Аппақай оған көнбей өзінің сүйгенімен кетіп отырады. Бұрынғы өмір күйігі Әжібайда мына істен кейін күшейеді. Үй іші де тиышсыз болып, Жәмиләні ұра бергесін, Жәмилә төркініне қашып, төркіні оны әкеп тастайды. Әжібай сонда да қоймайды. Суық жүрісті үдете береді. Өзінің немерелес бір қызымен жақын боп, ол қыз Әжібайдан екіқабат болады.

Тасболат осыларының бәрінде де оны көп бетке қақпай, дегенін істейді. Ақырында Зықыш дейтін Әжібайдың өзіне таңдатып бір қыз әпереді және Байболдағы болыстықты тартып әпереді. Әжібай Зықышпен де тез суысады. Екеуі екі жолмен кетіп, Зығыш басқа біреуден бала көтереді. Үй ішіндегі ұрыс-жанжал үдейді. Сөйтіп жүргенде Байбол өліп, қазақша намыспен атаусыз қалдыруға арланып, Әжібай 15 мың сомның сомасын шығарыл әкесіне ас береді. Бұл шығыннан кейін жұтка ұрынып, тақыр таза кедей боп қалады. Сүйтіп жүргенде балалары ер жетеді. Өзі мосқалданады. Күлтай дейтін қызын қытайдағы керейге беріп, одан мал алысып, қайта көтеріледі. Енді салмақтана бастайды. Алымды білдірмей жейтін сырты адал болыс бола бастайды. Енді бетім түзелді ғой деп келе жатқанда, Қапшы деген баласы баяғы өз әніне басып, арақ ішіп, қарға ойнап, басын әлекке түсіреді. Орыстың қызын алам деген шатақ шығарады. Роман осы араға кеп тіреледі, аяғы жоғалған.

Бұл романды Сұлтанмақмет «Қазақ» газетіне жіберген екен. Онда басылмапты. Одан дерек жоқ. Ал, бастапқы жазылған күйінен бірнеше қағаздар араларынан жоғалып отырған. Оны жинаушы көп нокатпен көрсеткен. Романды оқып келе жатқанда, жоғалған жерлеріне кеп ой тіреліп қалатын жерлері бар.

Әйткенмен, жалпы пікірін ұғуға олар бөгеттілік істемейді. Жалғыз-ақ романның бітпеген аяғын, жазушының қандай қорытындымен тоқтайын дегендігі бізге қараңғы. Мүмкін ақынмен жақын адамдар білуі. Бірақ олар Сұлтанмақметтің еңбектерін құрастыруға қатынасқан уақытта ешнәрсе айтпаған.

Романның тілі, көркемдігі туралы біз бұл арада тоқтауды артық көрдік. Үйткені біздің мақсатымыз тексерген ақынымызды түгін қалдырмай талқылау емес, әдебиет тарихында қандай маңызы барын айту. Егерде әрбір шығармаларының көркемдік, тіл жағына жеке тоқтай берсек, онда әрбір ақын туралы онша бір кітап жазуға тура келеді. Сондықтан Сұлтанмақметтің көркемдік, тіл жақтарын жалпы қорытынды бергенде бірақ айтып, бұл арада романның әлсуметтік (социальный) маңызына ғана тоқтаймыз.

**2. Романның бағасы.** Роман қазақтың феодалдарының шіріп бара жатқан тұрмысын, өмірге үйлесе алмайтындығын, аяқ басар:

саяси, шаруашылық тірегі болмағасын, бұзықтыққа, тән қызығына салынағындығын көрсетеді. ХХ ғасырдың басынан казакта капитализм туа бастағандығы, капитализм туа бастауымен феодалдық дәуірге ажал елестейтіні, таптық өмірінің арты таяздығын көрген феодалдар:

«Бұл күнде арғымақтан мәстек озды,

Бұрынғы жақсылардың бәрі тозды»

деген уайымға түсіп, жаңадан байыған тексіздерді күндеп, өткен өмірін қайтара алмайтын болғасын:

«Бір қызық ит жүгіртіп аң ауласа,

Мінген ат шабуылмен танауласа»

деп, аң артына, әйел артына, арақ, қарта артына түсіп кеткендігі мәлім. Жеті атасынан бақ айрылмаған Әжібай, Байбол, Сайболдардың үкіміне шыдамай, романда көрсетілген халден болу керек. Кейінгі кезде аздап тоқырағандығы болмаса, Әжібай кәдімгі Гогольдің «Өлімтіктер»<sup>57</sup> деген поэмасындағы Ноздревтің типіндегі адам. Мүмкін Сұлтанмакет романның аяғында сондай адам қылуға тырысуы, бірақ ол арасы бізге қараңғы.

Романда өте маңызды нәрсенің біреуі бай мен кедейдің рушылдық ретінен байланысының күшті еместігі. Байдың өз руынан шыққан кедейді өзінен төмен санайтындығы. Тасболатты ақын былай бағалайтын:

«Тасболат таптан асқан малды кісі,

Сол үшін өз табының (феодалдың – С.М.) алдыңғысы

.....

Он бес жыл болыс болған, Мекке барған,

.....

Қазак түгіл начальник түрлері де,

Қағысып «пожалуйста» етпеттеген,

Қазақша барып тұрған жуан тұқым...»

Бұдан кейін:

«Бұл дәулет жалғыз ғана өз басында,

Жоқ еді Жакып деген ағасында.

Баласын ағасының болыс қойды,

Билеген өз халқының арасында.

Мырзамыз болыс болған Байбол атты.

.....

Тасболат қимаса да болыстықты,

Тіл білмесе қоймайтын закон шықты.

Не баласы, не өзі оқымаған,

Болғанмен қара күшке сондай мықты.

.....

<sup>57</sup> Гоголь «Мертвые души»



Байболды амалсыздан қоя салды  
Кететін болғанын соң басқа адамға».

Байболдың оқып жүрген күнінде Тасболаттың оған көзқарасын:

«Жақан мен Тасболаттың оңі қашып,  
Сырты жай болсадағы жүрегі ашып,  
«Қонақ күт, оқып саған не бар» дейтін».

Байбол өз ісіне әділ болады. Жақаны өлген Тасболат Әжібайдың ер жетуін және тоқырауын (жастықтан) күтіп жүреді. Бірақ Байболға разы болмайды. Бір уақытта Байбол мен Тасболат араздасады.

Оған себеп:

«Елінен көп ұзамай біреу өлген,  
Ақ жуып, таза арулап оны көмген.  
Өлімнің тездігіне қарағанда,  
Қылды деп біреу қастық ойға келген».

Елдегі би мен ақсақалдар (ішінде Тасболатта бар) осы өлімді, өздері ұнатпайтын Қарт деген бір нақақ байға жабады. Барлық ел жақсысы бірігіп Қартты шаппақ болғанда, Байбол адамды нақақ күйдірмеймін деп болмайды. Ал, билер:

«Қырық жылқы, алты жамбы құнға салды,  
Өздері қақ жартысын олжаланды.  
Сойылған барымта мен он ту бие,  
Олдағы қартқа тимей әткез қалды».

Байбол мен Тасболат бұдан былай шисленіседі. Байболды жақтаушылар бір аттан жығылған қойшыны Байболға «өлтiрейiк те, пәлесiн Әжібайға жабайық» дейдi. Байбол оған көнбей, қойшыны үйiне әкеп, адам қылады. Осыған тiлектестерi өкпелесiдi. Екiншi жақтан, кедей Байбол қанша таласуға жарайды. Бір ретте топ жинағанында:

«Бір кісі бір табағын лақтырды итке,  
«Байбол сен сіре, аруақты қорлап, бүйтпе!  
Ішінде жаясы жоқ тартқан еттің,  
Көзіңді аш мені қара кісі ме, ит пе?  
Қарамай жалынса да боқтап-боқтап,  
Жөнелді атқа мініп атой беріп».

Бұл өлеңдер, бір жағынан ру ішінде де бай, кедей жігі болатындығын, бай өзінің туысқанын менсінбейтінін көрсетсе, екінші жағынан елдің атқа мінер қулары, малы, аты, асы барға ғана бас иіп, «жаясы» жоқтарға сырт қарайтынын «бақтың» баста емес, малда екенін көрсетеді. Осыны көрген Байбол арамгерлігін тоқтатты. Кішіреймесе Тасболат мерт қылатынын білді де:

«Бұдан соң Байбол кеміп Тасболатқа,  
Ағасын разы қылды шапан, атқа,  
Сайлауда «Әжібай болыс болды» деген





Естілді құлақ түрген жамиғатқа».  
Әжібай болыс болғасын, болса-болмаса да,  
«.....Шығын жиып,  
Момынды әлі жеткен типыя қылды,  
«Табайын малын сатып» дегенінше,  
Ұрылып, бейшараның сағы сынды».

Осы арада болыс-билердің нашарға істейтін жыртқыштық мінезін, байдың көзін бай, мықтының көзін мықты шұқымайтындығын айтады:

«Тұғылып «шлек жалап тамам нашар,  
Әлділер құтырысты айран ішкен.  
Әлділер неге десең тағы керек,  
Момынды жемегенде кімді жемек».

Міне, осы түрдегі мықтылардың еңбекші шаруаны қалай қарайтыны романда, көп жерде көрсетіліп отырады:

Романның бір мақсаты көп қатын алу мен сол қатындарын байының қалай ұстауын көрсету:

«Әжібай жүрсе үйінде айғай-ұйғай,  
Тынысымыз басылмайды салған ойбай.  
Көзіне бәрін қылған солар (қатындар – С.М.) көрініп,  
Ұрушы еді жүрегі ішке сыймай».

.....  
«Бір күні үндеместен бекітіп ап,  
Зығышты жаман ұрды шашын жұлып,  
Тұра алмай Зығыш сонда үш күн жатты  
Аузы қан, күрек тістің бәрі сынып».

Сұлтанмақмет өткен дәуірдегі әйел күндігін көзге елестету ретінде бұл романында мақсатын көңілдегідей орындай алған. Зығыш, Жамалдардың жігерсіздігі мен жалпы қазақ әйелінің ол заманындағы адамдық правосын тани алмайтындығын, ерінің не дегеніне көне беретінін Сұлтанмақмет көзге көрсетумен қатар қазақ әйелінің жаңа кейіпкерін жасаған. Ол кейіпкер – Аппақай. Мұндай кейіпкер Сұлтанмақметтің өз тұстасы ақындарда ол кезде жоқ.

Аппақай қалада тұратын бір адамның қызы – ажарлы қыз. Жасында біреуге атастырған. Аппақайдың Жүсіп деген арақ құмар ағасы бар. Осы ағасы арқылы жігітшілік базарын дүрілдетіп жүрген Әжібай Аппақайды алмақ болады. Тегі мал шашуға, салдыққа ысырапқорлыққа салынғаны болмаса, Әжібайдың атағы ешкімнен кем емес: пысық, сол мырза, аздап оқыған, жас, байдың баласы. Осындай жігіт кез кеп, оның үстіне ағасы бар деп тұрса, роман жазылған кездегі (1915 жылы) қазақ қызы аумап тұра алмақ емес. Аппақай бірақ қызықпайды. Оның уәде берген оқыған жас қазақ першілі болады. Әжібай мен Жүсіптің нелер амал-айласына болмастан, оның үстіне ебін тауып Әжібайды Жүсіпке жем қыл, тап-



таза қалшымен першіле кетіп отырады. Бұл сықылды әйелдің беріктігі Еуропа әдебиетінде көп ұшырасатын нәрсе, Сұлтанмақмет бұл арада әйелді көрінген теңіне беру емес, сол теңдердің ішінде таңдағанына беруді мақсат қылған. Қазақ қызынан мақсатшыл, табанды кейіпкер жасауға ойлаған.

Романның айрықша ескеретін бір жері, қазақ ішіне орыстың арақ, карта сықылды жаманшылық жағының ауысуы. Сол жаман әдеттері қазақтың таптық сенімін жоя бастаған казак феодалдарының тез қабылдауы. Онымен қатар қазақ жігіттерінің орыс әйеліне үйлесіп, орыспен араласа бастағандығы. Бұл арасы бірақ роман жыртылғандықтан шала қалған.

Романның кейіпкерлері өсіп бара жатқан таптікі емес, өшіп бара жатқан таптікі. Роман жазылған дәуірде қазақтың байлары (Буржуазиясы) лепіріп келе жатқан беті. Ал, ескі аталықтардың тұрмысқа үйлесе алмайтындары құрып бара жатқан кезі. Роман кейіпкерлері (Тасболат, Әжібай) тұрмысқа үйлесімді, күн көріске түсімді, тәсілді адамдар емес. Сондықтан Романды феодалдық дәуірді сипаттаған роман деуге болады. Бұл буржуазияны негізгі тема қылып алған роман емес.

### «Қамар сұлу»

**1. Мазмұны:** Қамар Омар деген жанашыл, ашық пікірлі адамның қызы. Қамардың Қасен деген орысша оқып жүрген ағасы бар. Осы Қасенмен бірге оқып жүрген Ахмет Жәуке баласы дейтін, шаруасы кедей, бірақ жігітшілігі оңды жігіт бар. Осы Ахмет Қамарға ғашық болады. Қамар Ахметті жақсы көреді, бірақ ол кездегі әдет-ғұрыптың күштілігін ойлап, Ахмет сықылды кедейге үйінің бермейтінін болжап, жақындаспайды. Ахмет хат жаза бастағасын Қамар жауап қайтарып күдерін үздіреді. Сүйетіндігін, бірақ ол сүйоден іс шықпайтындығын көрсетеді. Ахмет бұған әуелгі кезде қарсы болса да, артынан Қамардың қиналғанын, шынын айтқанын көріп, оған разы болады да, құмартуын ішіне сақтап, сөз салуын тоқтатады. Хат жазысу дәуірінде жүргенде, елдің Қамарға қолы жете алмаған боз балалары Ахметтің бір хатын қолға түсіріп ап, неше түрлі өсектер қосып, Омардың ағасы Оспанға береді. Оспан елдің жуан ақсақалы мынадай кемшілікті (ерте кезде кедейдің бай қызын алам деуге де байға кемшілік көрінді ғой) көргесін, Ахметке пәле жауып, 18 айға абақтыға жаба жаздатып аллалатып әзер тастайды.

Сол елде жорға Нұрым дейтін өзі бай, өзі болыс, өзі беделді, жасы қартан тартқан бір адам болады. Осы адам Қамарды көңіл етеді. Омар оған көнбейді. Бірақ Оспан еріксіз деп, Омарды талдырып көндіреді. Өзіне несіп болмаған Қамарды Ахмет жорға Нұрымға қимай, теңіне бармағанына назаланып «жар-жар» орына «зар-зар» деген өлең шығарады.



Жорға Нұрым малын беріп болғасын Қамарды алмақ боп келеді. Қамар бармаймын дейді. Әкесі берейін дейді. Той жасалып неке кияр оқылатын кезде Қамар көнбей отырып алады. Неке кияуға шақырған молда Жорға Нұрымның сойылып соғып, Қамарды көндірмекші болады. Бірақ Қамар көнбейді. Молда айтып көндіре алмай, ақырында зорлай алмаймын деп кетіп отырады. Оспан мен жорға Нұрым молданы кеткеніне кінәлап, айыпқа астындағы атын алып қалады. Сол күні кешке Қамарды қатындар зорлап күйеуге апарды. Еріксіз барған Қамар, мен саған араммын деп, Нұрымның қасына жатпай қашып кетеді. Қызынын мынандай еріксіздігін көрген Омар «бермеймінді» енді табан тіреп айтады. Оспан мен ел адамдары айтқанға көнбейді. Ақыры, Оспан мен Жорға Нұрым жасырын алып қашу шартын жасасып, Нұрым қайтып отырады. Артынан қапысын тауып Нұрым көп адаммен келіп Қамарды тартып әкетеді.

Қамар көнбейді. Құсамен ауруға шалдығады. Елі оны Ахметтің дуасы деп түсінеді. Доктор чахотка деп таниды. Нұрым оған сенбей бір ишанды алдырып, ишан емдейді. Жазылады дейді. Қамар оған да жазылмайды. Ишаннан кейін бақсы емдеп, өлуге жақын отырған Қамарды «ауруын көшіруге» өлген адамдардың моласына апарды. Сол арада Қамарды іздеп Ахмет пен Омар кеп қалады. Қамар Ахметті тани кетеді. Жылайды, Ахмет те жылайды. Қамарды үйіне апарғанда Нұрымның ренжігеніне қарамай Ахмет те барады. Жанжал, төбелес болады. Романның бұдан былайғы жері жоғалған. Ақыры немен тынғаны жоқ. Жалғыз аяғында емес, ортасында да жоғалғандары бар, бірақ, олар романның жалпы мазмұнын ұғынуға кемшілік келтірерліктей емес.

**2. Романның бағасы.** «Әжібай болыстағы» Аппақай сықылды ақын Қамар сұлуды да өз денесіне өзі ие, берік, саналы, аз күндікке алданбайтын, өмірлігін ойлайтын қыз ғып көрсеткен. Қамар Аппақайдан да ашығырақ, саналы кейіпкер. Үйткені Аппақай Әжібайға беріктік істесе, бір жағынан оны ұнатпағандығынан, екінші жағынан өзінің сүйген жігіті першіл болғандықтан істеген. Ал Қамар Әжібайдай емес, Ахметті ұнатады, сүйеді, оның Ахметтен басқа сүйетін жігіті жоқ. Әйткенмен Ахметті сүйюін қысқа өмірлік қызық деп түсініп сүйе тұра бой тазалығын сақтайды. Қамар тәсілшіл қыз. Ол әуелгі кезде Ахметтің көңілін қайтару үшін:

«Қарасам сүйгендіктен қарамаймын,  
Сүйсем де ол сөзіне жарамаймын.  
Арыстан айға шауып мертігіпті,  
Секірме қолың жетпес көктегі аймын»

деп, Ахметтің кедейлігін алдына тартады. Ахмет бұған қайырған жауабында ренжіп:



«Әрине қолым жетпес көктегі айсын.

.....

Жетпесе де сермедім ал қолымнан.

.....

Не шара айтқан сөзім ем болмаса,  
Сұңқар мен сұқсыр үйрек тең болмаса.  
Сен үшін мұнша қапа болмас та едім,  
Алды-артым бәрі қысқа кем болмаса.  
Қылмаса құдай нәсіп амал бар ма,  
Біраз күн ойнайықшы ең болмаса»

деп, түбінде қосыла алмайтындығын мойындап, аз күндік қызық көруді ұсынады. Қамар бұл сөзге қысылып, бұрынғы жалтақты тастап, сырын аша жауап қайырады.

«...Тіпті жоқ сенен өзге сүйер кісім  
Мағұлым бір аллаға ішпу ісім.  
Хатынды көрген сайын қайран болып,  
Жол таппай құр қайнайды іші-тысым».

Бұдан ары қарай Қамар Ахметке кедейлігін, кедейдің баймен тенесе алмайтындығын сөйлейді:

«...Ту бие, қара сабаң болмағасын,  
Икемге менің елім қайдан көнсін.

.....

Бейшара-ау түкірініп (бай болсан – С.М.) жатпас па едің  
Қымызды ішіп, насыбайды атпас па едің?

.....

Ағайын айдынына ермес пе еді.  
Жиылып жылпылдақтар келмес пе еді.  
Аузыңнан шықса құдай берді ғой деп,  
Өзі іздеп мені саған бермес пе еді.

.....

Түсінсен де түсінбей көп жазасың,  
Өткелсіз орайы жоқ кеп жазасың.

.....

Шыдайық тілімді алсаң қараланбай,  
Досқа күлкі, дұшпанға табаланбай.  
Өтейік бір күйікпен арманда боп,  
Тағы да жара үстіне жараланбай.  
Қарағым, қаралама, ая мені!  
Мен үшін бұдан былай әуре болма,  
Біржола үзіл-кесіл айтқаным сол».

Романның бұл арасында өте еске алатын нәрсе, кедей мен байдың

адамгершілік дәрежесі патша уақытында қандай болғандығы. Ахмет Қамарға тең, Қамар оны менсінуі былай тұрсын, сүйеді. Бірақ, мал жағы тең болмағасын, Ахмет қанша талаптанғанымен қолы жете алмайтынын көрсетеді.

Қамар тегі екі өмірдің арасындағы адам. Біреуі Ахметті тең көреді, малды емес, басты, адамгершілікті бағалауға санасы жетеді. Бұл оның жаңашылдығы, саналы адам екендігі. Екінші сондай көзі ашық қыз бола тұра, ескі әдет-ғұрыппен күресуге батырлық істей алмай, әке-шешесінің, әділетсіз дәуірдің ыңғайына көнеді. Ал, Ахмет те Қамарға жігер бере алмайды. Екеуі де ағысқа қарсы аға алмайды. Алдарында тұрған кедергіге күрессіз мойындарын ұсына қояды. Әрине, мұндай ағыстың ыңғайына ағатын кейіпкерлер байшыл жаңашылдар (буржуазный либерализм). Пуртариат, бәлшебек кейіпкерлері ондай келмейді. Олар ағысқа қарсы ағады. Күресті таниды.

Қамарды жазғанда, Сұлтанмақметтің көз алдында меніңше, Пушкиннің «Евгений Онегин» дейтін поэмасындағы Татьяна отырған. Татьяна Евгенийді сүйе тұра, қосылуға реті келмейтін болғасын, таза достық пен «тағдырға» көніп, айырылысуды ұсынған. Қамар айнамаған сол Татьяна.

Жалғыз Қамар мен Ахмет емес, ағысқа қарсы малти алмайтын адамдарға Омар мен Қасенді де қосуға болады. Омар, шынында жабайы, надан қазақ емес. Ол балаларын оқытатын, ұлы, қызының алдағы өміріне қайғыратын, өз тұрмысы да, «сасық байдан» өзгеше жаңашыл адам. Омар «азамат тендігі» (гражданское равенство) деп сөйлейтін жаңашыл буржуа. Ол Қамарды сүйеді. Бақытты болуын, теңіне баруын тілейді. Осыдан кеп, Қамарды Нұрымға бер дегенде маңайына жолатпайды:

«Сыпыра бұзылған иттер, дендерің сау ма,  
...қара жүрек болмасаңдар... қызармай,  
Періштедей қарашығымды аяқты малдан,  
Жаман дүңкиген жауызға ұйғардық деп,  
Не беттеріңмен айтып отырсыңдар» дейді.

Жұрт та, Оспан да жабысып болмағасын:

«Омар бермеймін десе, ағаларынан безейін десе, азып-тозып әр кімнің аузында кетсек, тұқымымыз онбайды ғой деп қорқып барады».

...Берейін десе Қамар сықылды қарашығының жылаумен күні өтуіне көзі жетеді... «Обалы мойындарыңа, мейлің итке, мейлің құсқа бер» деп, Омар көнеді.

Қыз да көнеді. Ақынның бір кемшілігі Қамардың Қасен сықылды оқыған ағасы бар деп жазғанмен, осы Қасенді Қамарға жәрдемші ғып көрсетпейді. Кәтте Қамарды Нұрым алып қашып, жарты жылға жақын еріксіз әйелденгенінде Қасеннің қайда екендігі, бұл іске қалай қарайтындығы атымен ұмытылып кеткен. Ақын Қасенді оқыған адам ғып



романның басында көрсетпеу керек еді. Көрсеткесін, Қасенді Қамарға жәрдемші қылу керек еді. Үйткені ол кездегі оқығандардың мақсатының біреуі әйел теңдігі болды ғой. Қасен өзінің жанындай көретін қарындасы жылап, зорлықпен шалға кетіп бара жатқанда, жанын салып арашаға түсіп, аты болдырған жерде қалу керек еді. Ақын Қасенді не мақсатпен оқыған жігіт қып көрсеткенін өзі біледі. Бізше, не Қамарды, не ескілікті әдетті жақтаушы адам болмағасын, Қасен романға кірмей-ақ қоятын адам.

Оспан, Нұрымдар қазақтың кәдімгі жыртқыш ниетті, қара жүректі ақсақалдары. Бұлардың Тасболат пен Әжібайдан айырмасы жоқ. Бұлардың түсіне ісі сәйкес, кертартпа қиянатшыл, обырлар. Сондықтан бұлар туралы сөз қозғаудың қажеті аз.

Романның ол кездегі өзге романдардан өзгешелік бір жері молдалардың, ишандардың кімнің сойылын соғатындығы, қара бастарының қандай адам екендігі. Екінші бақсы-балгерлердің ісі, қара халықтың оларға алдануы. Осы екеуін қысқаша баяндап өтейік. Неке қиярда Бәйгік дейтін молда келеді. Молда «бармаймын» деп жылап отырған Қамарға:

«Шырағым ренжітпе атаңызды,  
Бұзбаңыз құдай дескен батаңызды.  
Сүннетін пайғамбардың қабыл қылмау,  
Зор күнә, мен айтайын қатенізді»

деп шариғатпен жұбаныш айтады. Оған Қамар:

«Күнә емес, кемге бармау сауап шығар,  
Қарының үшін қайтарған жауап шығар»

десе, молда:

«Әуелде бір алланын жазуы сол,  
Шал болса да бара көр маңдайыңнан»

деп, «алласын» әкеп қазық қылады. Онын үстіне:

«Пәленшенің баласы солай демей,  
Сөкпеңіз құдай қосқан еріңізді»

деп елдің надандық әдет-ғұрпын алдына тартып, сонымен бір мұқамас па екен деген ойға келеді. Қамар молданың не дегенінің бәріне қарсылық қыла бергесін, молда:

«Көп сөзді қой, су әкел, неке оқимын,  
«Аятыл күрсі» мен алхамды жеті оқимын,  
«Біссмілла» деп ішіне ақ күміс сал,  
Бір-бірін сүйгендей ғып жеке оқимын»

деп бел күшке салады. Қамар ол зорлыққа да көнбей, молданың сай-сүйегін сырқырататын сөздер айтқасын, молданың көңілі жібіп:

«Қайтесің шал болса да малы бар шал,  
Мал болған соң аузында балы бар шал.



Сен бұлбұл, ол қарақұс болсадағы,  
Қосатын сені өзіне халі бар шал»

деп, неке оқымастан жылап шығып кетеді. Оспан мен Нұрым молданың мұнысын кек алып, неке оқымадың деп астындағы атын алып қалады. Әрине бұл жері шындыққа жатпайды. Байды жақтап отырған молданын кенеттен пайғамбаршыл бола қалуы шындық емес. Молданы ондай байшыл ғып көрсетпеуі керек еді. Көрсеткесін некені зорлап оқытқызу керек еді. Бұндай тұрмыс қазақта мың сан рет болған. Молдалар разы, разы емесіне қарамай, некені «ежеп қабылмен» айдай беретін, ақынның бұл арадағы молдаға таққан көңілшектігі орынсыз көңілшектік.

Қамар чахотка (құрт ауруы) боп ауырғаннан кейін, сол ауруды бір ишан емдейді. Ишанды ақын, барып тұрған өтірікші, қылмыс иесі, тамағы үшін нендей отірік айтуға, не қылмыс істеуге болса да жиренбейтін нағыз арам көңіл, қара жүрек қып көрсетеді. Ишанға надан елдің сенімін, ишанның надандарды сендіріп, құлқынын тойғызатынын айтады. Ишан «әзірстәліден» қалды деп, қырық құрақ бір кітаптан бал ашып, Қамардың ауруын дуа деп табады. «Зияндаш дұғасы бодыр»(таблицаны жасау керек) деген сықылды манызсыз, мағынасыз, алдаушы дұғалық жазып береді. Зікір саламын деп, өзі аурудан әлсіреп отырған Қамарды түн бойы жұлқылап, ұрғыштап талдырады. Жанындағы алдаушы сопыларының біреуі Қамардың үш зияндасы бар екен, аттары: «амине, сәлиме, қылиме» екен деп соғады.

Ишан ат-шапан ап, сопылары да сый ап қайтады. Аттанарда ишан: «Енді жазылады. Азырақ қалған-құтқаны бар болса, бақсы да қағып тастар» деп кете барады.

Ишанның артынан Қамарды бақсы қарайды. Бақсы мен ишанның емдерінде, өтіріктерінде, алдаушылықтарында түк айырма жоқ. Бірақ ишанның сыйынатыны «алласы», бақсының сыйынатыны «аруағы».

Романның аяғын ақын қалай бітірейін дегені бізге мәлім емес, үйткені аяғы жоғалған дедік, әйткенмен, бізше, Қамар өлер алдында Ахметтің келуі шындыққа жатпайды. Ахмет тегі қазақшылыққа қарсы тұра алатын адам емес. Оны біз жоғарыда көрсеттік. Сөйткен Ахмет жорға Нұрым сықылды әрі мықты, әрі өзіне қас кекті ауылға неғып батып келді. Егер келсе, Нұрым сықылды адам неге оны жігіттерін жинап жіберіп ұрып-ұрып көгендеп қоймады. «Ұры ұстадық» деп пәлені соңына неге жапсырмады. Қаншама Ахметтің Қамарға қастығын көрсетем дегенмен, Ахметтің батылдық істеп Нұрым ауылына бара қалуы, Қамарға сөйлесе қалуы бізше, қазақтың ол кездегі шындығына нақ үйлесе қоймайды.



## Кедей

«Кедей» деген Сұлтанмақметтің ұзақ поэмасы. Сұлтанмақмет бұл поэмасында бір кедейді сөйлетіп отырады. Бұл романтика емес, практика (С.үстіндегі өмір). Мәселені созбау үшін поэманың өзін сөйлете отырайық. Кедей балалық өмірін былай деп жырлайды:

«Анау Жакып, сән түзеп сауық қуған,  
Құрдасым емес пе еді бір күн туған.  
Мен туғанда табылмай қара сабын,  
Ол туғанда иіс сабын тәнін жуған.

.....  
Ол туғанда малына тойға сойған,  
Ауыл тұрсын бір тайпа елі тойған.

.....  
Сүйіншіге тай берді жақындары...  
Құтты болсын айтысты жас пен кәрі.  
Мен туғанда білген жоқ аулым тегіс,  
Ол туғанда жиылды жұрттың бәрі.  
Кісі даяр көтеріп тербетуге,  
Тілектес жанның бәрі ержетуге,  
Мен жылаймын бесікте биттер шағып,  
Шешемді байға ұрысқызып жерлетуге.  
һәм оның атқа мінер сүндет тойы,  
Тойға сойған үйінің жылқы, қойын.  
Құдалық үй түскенде сойған малын  
Еңбек қып кедей таппас өмір бойы».

Бұдан ары байдың жасынан тап дұшпаны болатынын айтады:

«Ойнамап па ек онымен топай асық,  
Соқыр теке, ақ сүйек шапқыласып,  
Ойында бізге зорлық қылғаннан соң,  
Ойнамай жүрмеп пе едің одан қашып.  
Дау қылып сақамызды тартып алып,  
Тыйыштық беріп пе еді келген шалға.  
Кедей келсе атына мініп алып,  
Боқтамап па еді атын сұрағанда.  
Шиттейінен малшыны сөгіп, жерлеп,  
«Сақалды ит, етігім тарт, бермен кел» деп.  
...Көршінің қыз-қатынында дамыл бар ма,  
Олар сөз айта алды ма малы барға  
...Төре келсе бір кедей кебіс салар,  
Есік ашып бір кедей құман алар,





Киінсе киімдерін кісі әперер,  
 Білмеймін өзіне өзі неге жарар».

Бұдан ары қарай байдың қанауын жазады:  
 «Күзгі түн, шөптің басын қырау көмген,  
 Ызғар шашып бұлт мынау жерге төнген.  
 Қараңғы итпен бірге қой күзетіп,  
 Мен ояу, ел ұйқыда, оттар сөнген.  
 ...Өкпемнен барады өтіп ызғар суық,  
 Бір жағынан қышытып биттер буып.  
 ...Жұрт айтады «еңбек қып ерінбесең,  
 Маңдай термен ас тауып адал жесең.  
 ...Сонда сен көгересің» дейді халық,  
 Көп өмір өтпеді ме, бұған нанып.  
 Ес біле бастағаннан бері қарай  
 Бір күн тыныш жаттым ба ұйқым қанып.  
 ...Мен сорда жастан бері дамыл бар ма,  
 Не еңбек істемедім малы барға.  
 Бетті үсікпен шірітуге көнбедім бе  
 Малды қорғап қалам деп аяздарда.  
 Келгенде шаршап, тоңып малын қарап,  
 Бай үйінен жедім бе тойып тамақ.  
 Өзі жеуге арланған асын беріп,  
 Ол жетпесе отырар ит шошқалап.  
 ...Мен емес пе шалғы алып шөбін шапқан,  
 Малына құдық қазған, қауға тартқан.  
 Балшық илеп, қорасын, үйін салып,  
 Ағашын түсіріп, төбесін оның жапқан.  
 ...Мен емес пе ас қылған малын сауған,  
 Күндіз бағып, айырған түнде жаудан».

Ауылдағы жалшы кедейге байдың жоғарыдағыдай рақымсыз, жыртықшытық қанау жасауын айтып кеп, қаладағы жұмыскерлердің халін суреттейді. Оларды қанайтын капиталистер мен саудагерлерді былай деп танытады:

«Мен жалғыз ел қызметін істедім бе.  
 Қаланың да дәм-тұзын ішпедім бе?  
 Тірі көрге кіргендей жер астының (шахтаның – С.М.)  
 Кендерін шығарғалы түспедім бе.  
 Тірідей жердің асты көрім болып,  
 Көрден тұрған адамдай өлім болып.  
 Пұшпағымнан талай тер ақпап па еді  
 Өне бойым қап-қара көмір болып.  
 Жер қазып, құм, тас төсеп шойын жолға



Сүйелдер шықпады ма біздің қолға.  
Күніне он төрт сағат жұмыс істеп,  
Тамақтан қанша артылды ақым сонда.  
Орын көп жаздай терлеп тапқаныма?  
Әкімдер алым алмай жатқаны ма?  
Кәрі әкем қысқаннан соң ақша сұрап,  
Кеп түскем саудагердің қақпанына».

Бұдан әрі далада еңбекші бұқараның қаналуы, бай, құлақтың, капиталистің, саудагердің рақымсыз уысына түсуі жалғыз-ақ кедей мен жұмыскердің өз басында ғана емес, ата-бабасынан бері келе жатқанын, екінші сөзбен айтқанда, еңбек жеуші тап пен еңбегін жегізуші таптың көптен жасап келе жатқанын сөйлейді:

«Әке-шешем, арғы атам солай өскен,  
Олардың да оқпесін есік тескен.  
Мен істеген жұмысты олар да істеп,  
Мұқтаждықтан құтыла алмай күнін кешкен.  
Сайдауыттай алты ұл бар Мақат шалда  
Оларда да жасынан дамыл бар»

Осындай рақымсыз қанаудан еңбекшінің қайыршы болатынын айтады:

«Кеше шал келмеді ме қайыр сұрап,  
Белі аспанда, көзі ірің, мүкіс құлак.  
...Байы оған теріс қарап ұрыспады ма,  
«Неге тірі қойды деп тентіретіп»  
...Талайлар зауыттарда қылған кәсіп.  
...Тас құласа қалады үстін басып,  
...Еңбекші тамақ тапшай отырғанда  
Жүретін бар, сауыққа ақша шашып».

Діннің байлардың құралы екенін айтады:

«Ишандар келмейді сәлде киіп,  
Байларға бермеді мен батаны үйіп.  
...Ол сонда атырды ма кедейге таң  
Демеді ме мырзанның тілдерін ал.  
Бір сабақ жібін алсаң тозақтасың,  
Оңбайсың, құт кісіге бітеді мал.  
...Егер дерт берсе қалса құдай басқа  
Молдекеңе емдетуге бір боз қасқа,  
Өңгертпеп пе ем жан үшін борыштанып,  
Жарымай отырғанда ішер асқа.

Үкіметтің байшыл екенін айтады:

Қырға келген төрелер, оқығандар,  
Соны білер (байды - С.М.) соған барар, соған қонып.



...Пәленше жүр ғой анау жуан қарын.  
Быртиғапға сатады ар-иманын,  
Кедейменен тартады бірдей алым.  
Азсынып бықып жатқан сонша малын,  
Пәлен болыс, пәлен бай, пәлен билер  
Кедейдің қанын сорып, жүндей илер».

Осының бәрін көрген кедей арын былай сипаттайды:

«Малым кедей болғанмен жаным биік,  
Жүрегім жек көре алар және сүйіп.  
Қара көз, алтын сәуле, ақ ерке үшін  
Бай ұлындай тарта алам мен де күйік».

Өзінің баймен жаратылысы бірдейлігін, бірақ байдың артықтығы малында екепін таныған кедей жігерленеді:

«Жок, мен бұған разы тіпті болмаймын,  
Бақытты іздеу керек басқа жолдан.  
...Бұған көніп жүргеннен өлген артық  
Іштен тынып жатқаннан сөнген артық».

«Кедей» деген поэманың басынан бері қарай келтірілген мысалдарды оқып, аяғындағы мынадай жігерленуіне қарағанда бұл жұмыскер енді тап мақсатын таныған екен, тап тартысына белсенген екен деген ой оқушының алдына сап ете түседі. Бірақ поэманың қорытындысын оқығанда ақынға да, «Қанауға разы болмай бұлқынған» жұмыскер мен кедейге де көңілің суып жүре береді. Бұлқынған кедей:

«Жол қайсы құдай салған, шайтан салған,  
Білмеймін осы жері маған арман.  
Мейлі құдай берсін, шайтан берсін,  
Мақсатым оқу оқу көңілім алған.  
Құдай беріп мен болсам ишан молда,  
Байлар сыйлап түсірмес қолдан-қолға.  
Дөкей-дөкей кітаптардан мен оқысам,  
Байдың сөзін келтіріп ылғи оңға.  
Шайтан беріп төмені тілмаш болсам,  
Байың тұрсын болысың болар жорға.  
Жүрегімді белгісіз нәрсе қысып,  
Шақырып тұр мінекей, кеттім сонда».  
Осымен поэма бітеді.

Поэма 1919 жылы жазылған. Бұл шамасы, сібірді, опың ішінде Сұлтанмақмет тұрған Семсиді бәлшебектер алған уақыт.

Поэманың түріне қарағанда ақын капиталдық дәуірдің мәнісін айыра алатын болған. Оны айыратын жөні де бар. Үйткені өмір тарихында біз оны 1918 жылы Кавицкий, Плехановтардың бертіп келе пурлтариат төңкерісіне қарсы боп іс жүзінде байлар жағына шығып кеткенін



былай қойғанда бұл екеуі де ірі марксистік, тап тартысының қисынын зерттеген адамдар. Сондықтан олардың кітаптарында тап тартысының түрі бәлшебеккше, Ленинше болмағанмен, жалпы жобасы болуы керек. Олар Сұлтанмақметше пурлтариаттың жетілуі жалғыз оқу оқуда ғана деп айтпау керек.

1930 жылдың бас кезінде, Ленин өлген күнге арналып шыққан «Правда» газетіне жолдас Луначарский мақала жазып, «Ленин еш уақытта тап тартысының алдына оқуды қойған жоқ. Таптың бірлігін қойды. Таптың тартысын қойды. Тап өзінің үстемдігін жасау үшін ең алдымен, тартысқа ұйымдасып алып, ынтымағын күшейтсін. Содан кейін оқуды қолға алсын. Бұдан тапқа оқу керек жоқ деген сөз шықпайды. Оқу өте керек. Бірақ тап күресі оқудың алдында жүреді» деді. Сталин жолдас 1930 жылдың басында шыққан «Ұлы жылдағы жаңа беталыс»<sup>58</sup> деген мақаласында көп жерде қисынның тәжірибеге мойын сынып отыратынын, қисын тәжірибеден үйренуден болатынын айтты.

Сұлтанмақметтің айтқанындай, тапшылдық бағытпен еңбекші бұқараны ұйымдастырмай, тап тартысына, қандай майданға шығармай, оқу оқумен ғана қанағаттансақ, бұл кәдімгі Америка байларының «социализм тап тартысымен емес, отанды байытумен жасаймыз» деген байшылдық қисыны боп шығар еді. Ленин мен Маркс пурлтариатты бұлай үйреткен жоқ. Олар: пурлтариат өзі байлармен теңесіп, жалпы адам баласын социалдық тұрмысқа жеткізу үшін қанды төңкеріс жасау керек, капиталшыл – қанаушы дүниені күшпен талқандап, пурлтариат өз үстемдігін орнату керек. Сол үстемдік арқылы социализм жасау керек деді.

Сұлтанмақметтің жұмыскер мен еңбекші қара шаруаны капиталистер мен құлақтардың қанауын көрсетуі, ақ дін мен үкіметтің де байға құрал екенін айтуы дұрыс. Осындай қанауды дұрыс көрген Сұлтанмақмет сол қанаудан пурлтариат пен еңбекші қара шаруаның қалай құтылуына келгенде шатасқан. Тап тартысын айтуға жұмсақ жүректік, ақсаусақтық істеген. Ескі өмірді жаңашыл өмірді күшпен, қан төгіспен талқанда деуге батылы жетпеген. Поэма жазылған кездегі қызу жүріп жатқан капитал дүниесі мен еңбек дүниесінің тартысын жұмыскер мен кедейге көрсетпеген. Комунист партиясының көсемдігіне, Кеңес үкіметінің туының астына еңбекші бұқараны шақыра алмаған. Шақыру былай тұрсын, бұлардың бәрін, пурлтариат пен қара шаруаның еңбекшілерінің бастап тартысып жатқанын айтпаған. Партия мен үкіметті поэмасында аузына алмаған. Поэманың басы пурлтариатша келгенмен аяғы басқаша біткен. Сондықтан біз Сұлтанмақметті бұл арада мақтай алмаймыз. Әрине, оған біреулер: «Сұлтанмақмет ол заманда осынан артық жаза

<sup>58</sup> Год великого перелома

алмас еді, осыны көргеніне де шүкіршілік. Оны кінәлауға болмайды» дер, біз бұл арада Сұлтанмақметті кінәлап отырғамыз жоқ, поэманы кінәлап отырмыз. Поэма пурлтариаттың, кедейдің қаналуын бастамау керек еді, бастағасын, аяғын басына сәйкес сәйкестендіріп, аяғын тап күресімен, Пурлтариаттың төңкерісімен бітіру керек еді.

Амстердамский интернационал<sup>59</sup>, Американская федерация трудалар<sup>60</sup> жұмыскер ұйымымыз дейтін қазіргі байлар мемлекетіндегі ұйымдар пурлтариаттың қамқоры болғансығанда Сұлтанмахмұттан әлденеше рет алда. Бірақ олардың бәрі осы күні іс жүзінде «жұмыскердің» қас дұшпаны боп отыр. Манданальт басқарған Ағылшынның жұмыскер партиясы 1926 жылы болатын Ағылшын пурлтариатының көтерілісін байға жығып береді. 1918 жылы Германияда болатын төңкерісті жұмыскершілмін деп жүрген Карл Кавицкий басқарған социал-демократ партиясын құлатты. Міне, осылардың бәрі сөзде пурлтариатшыл да, іске келгенде байшыл. Іс дегеніміз пурлтариат төңкерісі, сол төңкеріс арқылы үстемдігін орнату. Сол үстемдік арқылы адам баласын бақытқа жеткізу. Сондықтан пурлтариат төңкерісін, пурлтариат үстемдігін алға қоймай, жұмыскершілдердің бәрі де іс жүзінде байшыл – болар болса, Сұлтанмақмет те байшыл.

### «Қала ақыны мен дала ақынының айтысқаны»

Сұлтанмақметтің бұл айтыстырған ақындарындағы қала ақыны қалада ғана тұратын адам емес, орыс. Ал, дала ақыны, сөз жоқ, өзі. Үйткені қала ақыны айтыстың бас жағында дала ақынның кім екенін сұрағанда, дала ақыны:

«Мен қазақ, қазақтың деп мақтанамын,  
Ұранға «алаш» деген атты аламын.  
Сүйгенім қазақ өмірі, өзім қазақ,  
Мен неге қазақтың сақтанамын!» дейді.

Егерде айтысқан ақын нағыз «шикі қазақ» (оқымаған) болса, ол «Алаш» деген ұранды қайдан білсін. «Қазақтың өмірін қайдан сүйсін». Белгілі ұран болу, белгілі бір ұлтты саналы түрде «сую» әрине, сол ұлтқа қамқормын деп жүрген адамдарда болады. Ондай «ұраны» барлар, «қазақты сүйетіндер» Сұлтанмақмет сықылды ұлтшыл ақындар. Бұған оның жоғарыда көрсеткен еңбектері айқын куә. Дала ақынында жалғыз ғана қазақшылық емес:

«Ер түрік ұрпағымен даңқы кеткен,  
Бір кезде Европанды тітіреткен».

деген түрікшілдің:

<sup>59</sup> Голландияның астанасы Амстердам қаласында 1919 жылы ұйымдасқан сөзде жұмыскершіл, істе байшыл кәсіпшілдер одағы

<sup>60</sup> Америка байларының жұмыскерлерді алдау үшін «жұмыскершіл» қып құрған байшыл ұйымы



«Кешелі хан Шынғыстың ұрпағына,  
Талай царь патша, талай князь тәжім еткен»

деген жалпы күншығысшылдық бар. Әрине мұндай ірі ойға дала ақынының әлі жетпейді. Даладан шығып қаланың оқуын оқыған, қаланың мәдениетін алған қала адамы болған, бірақ дала ақыны бола тура, ұлтшылдық пікірі бұқараға сіңіру үшін дала ақыны мен деп, өзін далаға сүйрейтін Сұлтанмақметтердің ғана әлі жетеді.

Сұлтанмақмет, қала ақынның (дұрыс ақынның – С.М.) қазақта не бар еді сүйетіндей деген сөзіне табиғат байлығын айта келе, қазақтың байларының өмірін әкеп салады:

«Ақ орда, ақ бәйбіше, қара саба,  
Алдында қымыз толып тұрған шара.  
Ертеден кешке дейін мейман күткен,  
Алмастан бір тиын да тамашаға.  
...Маңғазбай дастарханы көпке жеткен,  
Келген кісі үйректей жүзіп кеткен.  
...Қонақ үшін арналып бір жеке ақ үй,  
Қара саба тұрады иындаған.  
...Нашарға көссе көлік, конса тамақ,  
Бәріне, жарқын жүзді, түзу қабақ.  
Не берсе нашарлығы үшін берер  
Қызмет қыл деп отырмас тиын санап».

Сұлтанмақмет бұл арада ұлтшылдық-байшылдығы козып, «Кедей» поэмасындағы байдың нашарды қанауын, нашардың «нашарлығы үшін» емес, еңбегін жеу үшін бай саумалын беретін, малын бағып келгенде, өзі жиіркенген тамағын беріп:

«Ол жетпесе шығарар ит, шошқалап»  
дегенін ұмытады.

«Біреуден сүт, біреуден күш табылып,  
Тату өмір жасайды ойнап-күліп»  
деп, қазақты тату-тәтті, тапсыз ел қып көрсетеді.

«Қылсам да мұны көріп шүкіршілік,  
Жүрегім сескенеді нені біліп?  
Қорхамын бұл заманы кете ме деп,  
Қаладан қазағыма мінез жұғып».

Әрине, жұғатын мінез қаладағы тап тартысы. Сол тап тартысынан оның жүрегі сескенеді.

Байларды мақтап болғаннан кейін қазақ ауылы «қаланың мінезін жұқтырып ала ма» деген қорқынышпен Сұлтанмақмет ауылдың ойын өткен заманға қарай бұрды:

«Даламның мен сағынам бек пен ханын,  
Ел үшін аямайтын шыбын жанын.

...Сағынам билерімді кең ақылды,  
Арамға жеткізбейтін ақ мақұлды.  
Құдай өзі туғызған іштен би қып,  
Білмейтін төре айтқанда жат-жақынды.  
...Қағазсыз, полицейсіз кимыл қылған  
Сонда да істің бәрі бітіп тынған».

Бек пен ханның, бидің ақсақалдық, бектік дәуірдің адамдары екенін, ол дәуірлерде де енбекші бұқара болғанын, сол бұқараға ақсақал таптың бек пен хан арқылы, би арқылы үкімін жүргізгенін, үкімет бар жерде (ақындық үкіметтің бір түрі емес пе) жалпы бұқара бірдей болмайтындығын, үкімет сол дәуірді басқарып отырған таптың құралы екенін, ол тап ақсақал бектер екенін ақын білмейді. Ескі билер мен орыс сотын (қала деп Сұлтанмақмет орысты алады дедік қой) салыстырып:


«Қазақ өмірін білмейтін шаштыларға,  
Теріс төре айтқызып тартылдырма.  
Кәуірдің сақта құдай қаламынан,  
Дала жайын білмейтін наданынан.  
Қазақ ісі қалаңа қарасын,  
Аз айрылды арам іс адалынан»

дейді. Бұл әрине, Сұлтанмақметтің жалғыз Николай шенеуніктерін жамандағаны емес, жалпы қаладан (орыстың байы болсын, пурлтариаты болсын) жақсылық болмайды дегені. Бұл ақынның барып тұрған кертартпа ұлтшылдығы. Бұл жалпы ұлтшылдардың ойы. Ұлтшылдар бұл пікірін октябрьден кейін де санап «орыс отаршылдарының пішкен тоны қазаққа тон болмас» деп бәлшебектерді тілдеген. Аты орыстан атын үркітіп, орыс ондырмайды деп сарнаған («Енбекші қазақ» 1922 жыл шыққан сандарын қара) ақын бұдан былай қарай:

«Ту алып, тұлпар мінген бағырларым,  
Жатқа жем қылмау үшін жақындарын.  
...Сескенуді жүрегі бір білмеген,  
Не көрсем елім үпін көрдім деген.  
...Сондықтан, қорқып емес, сенгендіктен,  
Ел ұстап етегінен, басшы қылған»

деп бектік дәуірдің, бек табының қол шоқпары батырды мақтайды, одан ары дін адамдарын көтереді:

«Пірді сағынам үйреткен құдай жолын,  
Надандарға танытқан оң мен солын.  
...Байларға, пір, кедейге тамақ болған,  
Нағыз-ақ пайғамбарға мираскорым.  
...Өмірде мал жимаған өз басына,  
Бәрін берген нашары, жолдасына.  
...Құдайға жақын жан деп ұғылғаннан  
Көп ауруға ем болған лебіздері».



Бақсыларды мақтайды:  
«Мен айтсам сардаламның емшілерін,  
Оларды жаратпаған құдай тегін.  
...Теңей жаздап сөйлейін кей біреуін  
Ауруды жазуында бір құдайға».

Ақын бұл арада Қамар сұлу деген романдағы ишан мен бақсыны жамандауынан айрылады.

Ақышдарды мақтап келіп:

«Жер қайысқан қол желекті туларды айтар,  
Алаш деп ұран салып дүрсілдеткен  
...Жауыздықты көре алмас салқын қанмен,  
Алла оған солай бұл деп қылған пәрмен.  
Токтағуға болмайды бұл мінезін  
Түрмен, дара ағашпен, ешбір әлмен»

дейді. Абайды:

«Ханнан күш, қарындастан қайырым кеткен,  
Қоңілден ар, һәм ұят кеткен беттен.  
Ұлтшылдық, намысшылдық қарсы ұшып,  
Есі-дерті болған онда шеп мен шекпен»

сықылды заманды мінген ақын деп бағалайды. Ахметті:

«Маса» (А.Б.) түс елдігін қазақ жойған,  
Ұмытқан «едік» деген сөзді қойған.  
Мал секілді үрку мен қорқу болған,  
Кезінде жат пышағы жанын сойған».

Заманды жырлады деп мақтайды. Мағжанды да осылай түсіндіреді. Колчакпен ауыз жаласып, байдың туын көтеріп жүргенін көре біле жасырып кетеді. Одан әрі, Қазақтың заманың түлкі болса, тазы боп шал, «таспен атқанды аспен ат», «өз етігің тар болса, дүниенің кеңдігінен не пайда» деген сықылды ағартушылдық заман ыңғайына көңілшілік күреске осалдық, қара басын қаралаушылдық мақалдарын мақтайды. «Өз етігің тар болса, дүниенің кеңдігінен не пайда» деген мақалды:

«4, 5 де Марксінен,  
Өмірді ұғынуға кеткен әрі.  
Байқасаң қазақтықтың өзінде бар,  
Дүниенің генийлігі, пайғамбары»

деп дәріптейді. Өз етігі тар болғанда дүниені ұмыту – байлардың ісі. Пултарнат олай емес. Ол төңкеріс жасағанда өз етігін ғана кеңейтіп сонымен қоймайды. Жалпы адам баласының етігін кеңітеді. Олай болса «өз етігін ғана ойлайтындар» Маркстен өмірді қалайша артық ұға алады. Марк тап тартысының қисынын жасап, сол тартыс арқылы жалпы адам баласына кең етік – коммунизмді ұран қылған адам. Өзі байып, өз





етігін кеңігенсін соң жұмыскер мен еңбекші шаруаны ойламайтындық  
Капиталшыл тапта ғана болатын мінез.

Ақын қаланы ардақтап, біраз бой жазғаннан кейін қалаға (орысқа)  
бетін бұрып, қаланың қайдағы жаман мінезін бетіне салық қылады:

Жасаған бояумен қолдан ішін,  
Шыбжықтай қалаңдаған әйел құрсын.  
Отты жүрек, оларда уәде жоқ,  
Қаншама бояғанмен сыртқы түсін.  
...Бас алғыштың түріндей түсі суық,  
Төреннің керегі жоқ жарқылдаған.  
...Қол басындай ет жейді, шөп сорпа ішіп,  
Қалаңның қандай жерін мақтамақпын.  
...Қалаңның сасығында кім жүреді,  
Ұжмақтай кең даланы бір ұмытып.  
...Егін-сегін мәшинен керегі жоқ,  
Бәрінен мал бағудың жемісі өнік.  
...Сауданмен, ішігіңмен ілдалдалап,  
Күн көрдің біздей момын елді талап.  
...Қалада он бай кісі, он мың кедей,  
Соры қайнар бір түйір тамақ жемей.  
Қырда кедей байға онша жалынбайды,  
Жерсіз, малсыз көп кедей табылмайды».

Сұлтанмақмет бұл өлеңінде жалғыз төре, капиталистерге қарсы емес,  
қаланың жалпы мәдениетіне, жалпы қалада тұратын халыққа қарсы.  
Қалада да тартыс барын, қала бүтін емес екенін, қаланың мәдениеті адам  
баласын бақытқа жеткізетінін, бірақ сол мәдениетті байлар өз мақсатына  
жұмсап, сол мәдениетпен еңбекшіні езіп отырғасын, сондықтан  
еңбекшіге байдың мәдениетін күшпен қолына алып, байға қарсы жұмсау  
қажеттігін ақын керек қылмайды. Бұл өлеңінде бұрынғы барлы-жоқты  
өнер-білімге ұмтылудан айырылады. Қаладан қашқанда ол біржола елге  
кетіп жоқ болмайды. Онда мақсат бар, ол мақсат:

«Өз сүйегін қалыбымда қалмақ үшін,  
Өз жолыммен ілгері бармақ үшін.  
Елді, жерді бір майлы жем қылмауға  
Қалаңның салған жауыз қармағы үшін.  
Еркімді, елдігімді жұттырмасқа,  
Алашқа автономия алмақ үшін».

Міне, ақынның ойы қайдан кеп шықты. 1919 жылы шаңырағы  
ортасына түскен «Алаштың ордасын» қайтадан тірілтуге ойлайды.  
Қаладан безгендегі мақсаты, қаланы тапқа бөлмей далаға түгел жау  
қылған себебі қазақтың байлары құрып, құлатып алған байшыл ордасын  
тірілтуге кеп тірейді. Қала ақынның дала ақынына қайтарған жауабы  
дала ақынның жігерін жасытатын сөздер емес:



«Алаштың автономиясын алмақ үшін» –  
жігер беретін сөздер. Мәселен:

«Бірінші ел болуға намыс керек,  
Мал, жанды намыс үшін салыс керек.  
...Жок сенде, мұндай намыс көптен өлген,  
Бабанды тұрғызбасаң қайта көрден.  
...Ел болып, еркін жасап кетпек үшін,  
Ынтымақ, бірлік деген тірлік бар ма.  
...«Бар!» десе от ішіне бару керек,  
«Қал!» десе ок астында қалу керек.  
...Тіпті жок, мұндай бірлік қайда сенде,  
...Істің бәрі құдай да деген таныс.  
Бір қадам бастыра ма сендерді алға,  
...«Читаю, пишуды» білгендердің  
Қазаққа көріп жүрмін не қылғанын».  
...Басқа ғылым тарауы былай тұрсын,  
Бір кісі хат тани ма бір мың жанда.  
...Көкпеңбек қару киіп, қарсы ұмтылып,  
«Алаш» деп киіп жарған пішін бар ма.

Одан ары қарай қала ақыны қаланын пароход, пойыз, аэроплан, зауыт, фабрика сықылды өнер ордаларын айтып, осының бірі қазақта жок, несіне мақтанасың дейді.

Біздіңше, Сұлтанмақмет бұл айтысты қала ақыны мен дала ақынын құр ғана ерегестіру ниетімен жазған жок. 1919 жылдары «Алаштың» ордасы қирады дедік қой. Сол қираған орданы қайта тұрғызбас па екембіз деген ниетпен, бірінші жақтан қазақтың өз өмірін дәріптеп, екінші жақтан өнерлі елді қазақтың алдына үлгі қыла сөйлейді. Алдына:

«Алаштың автономиясын алмақ үшін»

деген мақсат қойып жазды. Алаш автономиясын құру үшін қарасы өшкен қазақ бірлігін тірілтіп, алаштан көнілі суынған қара бұқараның ұлтшылдық отын тұтатуға кірісті. «Қала» деген сөздің астымен қазақты орысқа қарсы салуды мақсат қып, көре тұра қаланын тап тартысын бүркеп қойды. Қаланы далаға құбыжық қылып көрсетуге, сол көрсетумен даланы қаламен араздастыруға ойлады. Әрине, ол дегені болмады. Алаштан түңілген қазақ еңбекшілері қаланын пурлтариатын қарсы алып, кеңес туының астына кірді, коммунист партиясының сонынан ерді. Сұлтанмақметтің үмітін ақтамады. Сондықтан ол Алашордасынан біржола түңілді, деген мақсатының бірде-біріне жете алмады. «Ордасы» пурлтариаттың дауылынан құлап, бір-бір жапырақтан әр қолда кеткен соң Сұлтанмақмет жел азынаған жұртта қалды. Маңайына қарап еді, жан көрінбеді. Идеясы, мақсаты, жолы дауылдың шаңына көмілді. Сондықтан Сұлтанмақмет адасып, айдалада өліп, жалғыз қалып, «Адасқан өмір» деген поэма жазды. Бұл поэмамен оның әдеби өмірі біржола өшті.



## «Адасқан өмір»

«Адасқан өмірдің» басы былай басталады:

«Мен сәби мейірімді ана құшағында,  
Ақ мамасын емемін, құшамын да.  
Алтын ана жек көрер шамасы жоқ  
Былғанам ба, мейлі құсамын ба?  
...Қастық деген не нәрсе көрінген дос,  
Қайғы деген не нәрсе көңілім құш.  
Алдау, күндеу, айла не мен білмеймін,  
Жүрегімде түк кір жоқ сүюден бос.  
...Мен білмеймін жалыну, жағынуды,  
«Ресім», «ұлық», құдай деп табынуды.  
...Мен білмеймін не нәрсе өмір деген,  
«Қорқу» деген, «Көму» деген, көрдің деген.  
...Мен сыйлар деп, дүние, келдім міне,  
«Бір жас» деп есігіңнен ендім міне».

Бұл Сұлтанмақметтің жаңа ғана оқуға кіріп, ұлтшылдық үміт көзіне елестеген, бірақ ол үмітке тереңдеп кірмеген, қайғы-уайымы аз, шәкірттік кезі:

«Мен жігіт он бес, отыз арасында,  
Бұл жаста көп бересі, аласым да.  
Алдымда толған мақсат, толған таңдау,  
Алайын мынасын ба, анасын ба?  
Жазғы гүлдей түрленіп толған түсім,  
...Күн сайын тұрады артып қайрат-күшім.  
...Жұлқынады жүрегім әлдеқайда  
Сақтауға күші келмей іштегісін.  
...Іздейді, түсін әлі бір көргем жоқ,  
Қандай түрде, қай жерде білемісің.  
...Асығыс жоқ, мен әлі жетем деймін,  
Дәл бүгін жетпедім деу бекер деймін.  
Сондай бақыт табуға мен әуелі,  
Сондай бейнет хәм еңбек етем деймін».

Бұл Сұлтанмақметтің ұлтшылдық жемісі пісіп, саяси жолы марқайып, не істеуді анық түсінген кезі. Бұл кездегі оның серігі: талап, жігер, қайрат, еңбек. Осындай талапқа кірген ол әуелі ұлтшылдықты мақсат қып біраз қуады да, одан байшылыққа кіріп, оның арты алашорда құлауға соғады. «Алаш» құлағаннан кейін торыққан Сұлтанмақмет осыдан не шығар екен деп, аздап социализмді айналдырады. Жалпы адам баласының бақытын көздеуге тырысып



кіреді. Бірақ одан іс шықпайды. Әуелі қазақшылдыққа, одан кейін байшылдыққа суарылған жүрегі өзгермейді. Сондықтан ол дағдарды:

«Адамда бақыт бар ма қуанатын,  
Жазғы шөп күз түскенше қуаратын.  
Құрт түсіп кей біріне көк кезінде,  
Мезгілсіз гүл аша алмай суалатын.  
...Өмірді ой жіберіп ойлау деген,  
Нәрсе ғой бал орнына у алатын.  
...Дүние өзен, ағысын кім тоқтатар,  
Ағып кетіп барамын мен бір салам.  
...«Әділдік», «ар», «адамдық» деген сөздер,  
Күшсіздерді алдауға қылған амал.  
...Ақ ниет, адал ойлар түкке тұрмай,  
Барады ешкім оған мойын бұрмай.  
Әділдік орнамасқа көзім жетті,  
Дүниеден ет жейтін ауыз құрымай.  
...Мен де өз шамамша бар ғой зейін,  
Кімде зейін кем болса соны жейін.  
...Дүние, жеу, жегізу майдан екен,  
Жеңе алмасам, жеймін демей мен не дейін».

Бұл дағдарыстан шығам ба деп Сұлтанмақмет ойлағанмен шыға алмайды. Социализмге байшыл көңілі үйлесе алмайды.

Одан ешнәрсе шықпайды. Қолын қалай сермесе де байшылдық тұйыққа камала береді. Сондықтан ол енді ажалының (саяси ажалының) жақындағанын, саяси бағыты тоқырап, қартайғанын айтады:

«Мен кәрі, халім кеміп, тәнім тозған,  
Алдымда қараңғы көр қолын созған.  
Аяқ бассам алдымда көр тұрғасын,  
Күндерімді сағынам бастан озған.  
«Ол күндердің келмеске кеткені рас»,  
Дегендей аппақ болған сақал мен шаш.  
...Бар денем кәріліктен қуырылған,  
Кішірейген, сиық кеткен, күш құрыған.  
...Көрмейді еш нәрсені екі көзім,  
Тістен түк жоқ, бұзылып шығар сөзім.  
...Дүние менің үшін жаралғандай,  
Өзім соның кіндігі саналғандай,  
Ойлаушы ем сонша үмітті, сонша биік  
Түк емес екемін ғой, амал қандай.  
...Бұл күнде ұйқы, тамақ, қайғы жолдас,  
Мұндай өмір ешкімге қызық болмас.  
...Боламын-ау дүниеге келмегендей,




Ә, дүние, қызық бар ма өлмегендей?  
...Бұл зорлық көрмес едім, көнбес едім,  
Егер де амал болса көнбегендей».

Әрине, амал жоқ. Үйткені Сұлтанмақмет байшыл пурлтариат баймен өмір сүре алмайды. Оны өлтірмей қоймайды. Бай табы өлмей тыныш таппайтынын өзге байшыл қазақ ақындарынан Сұлтанмақмет бұрын біледі. Сондықтан ол өз өлгенін (әрине саяси олуін айтамыз) өзі жырлады.

«Мен өлік, мен суық тән, менде жан жоқ,  
Жүрегімде өмір жоқ, ыстық қан жоқ.  
Үміт жоқ, жек қору жоқ, махаббат жоқ,  
Сезім жоқ, кірпігімді қозғар хал жоқ.  
Бетім түрі қараңғы, тіс ақсып,  
Көзімнен жарық сөнген түр ақиып.  
...Мені апарып жібер бол деп жерге қойды,  
Жалғызбын, жарығы жоқ көрге қойды.  
Мен жоқпын, мен деген бір саңырау қор  
Мінексі су топырақ басты бойды».

Міне, байшыл ақынымыздың ұлтшылдықтан басталған байшылдығының арты пурлтариат үстемдігі орнағасын немен тынығады.





## ҚОРЫТЫНДЫ

Біз жоғарыда Сұлтанмақметтің негізгі еңбектерін тексеріп, шамамызша баға берген болдық. Былай карағанда, бұл қорытындының бір есептен, қажеті де жоқ сықылды. Әйткенмен біз қорытынды жазуды мақұл деп таптық. Өйткені бұл жолы тарихтың көлемінен шықпаймыз деп, ақынның еңбектері түр, мазмұн жағынан түгел, толық талданған жоқ. Екінші бұл тексеруге еңбегінің бәрі енген жоқ. Олай болса, қорытынды жазуды артық деп ойламаймыз.

*1. Мазмұн.* Барлық шығармаларын бастан аяқ оқығанда Сұлтанмақмет кім? деген сұрауға мынадай қысқа жауап беру керек. Ол әдебиет әлеміне жаңа кірісе бастағанда сол кездегі қазақ оқығандарының ұлтшылдық ұранынан кірісті. Ұлтшылдық дәуірінде Сұлтанмақмет табанды, мақсатына берік, күресшіл адам болды. Алашорда ашылып, қазақтың байлары үкімет құрғасын Сұлтанмақмет таза, ашық байшылдыққа ауды. Алашорда құлағаннан кейін, ол торығып, өз жолынан адасып, жол іздеді. Сол іздеуінде алдынан социализм жолы елестегесін, сол жолға ұмтылып, біраз жүріп байқады. Осы жолға түскен кезінде ол бұрынғы немқұрайды ғып, қалай болса солай аузына ала салатын жұмыскер мен еңбекші бұқараны жырлады. Солардың капитализм дәуірінде көретін қорлығын айтты, қаналуын жырлады. Бірақ ол жырды аяқтамады. Социализмге қанша жармасқанмен, байшылдық жүрегі бұл бағытты бөтенсі берді. Сондықтан ол 1920 жылдары социализмнен біржолға бетін теріске бұрып, өзінің адасқан жолын таба алмай, өзінің өлімін өзі жырлады. Бұл өлім жыры, әрине, оның өз жыры емес, өлуге бет ала бастаған табының жыры.

Сұлтанмақмет, сөз жоқ, байшыл. Бірақ осы байшыл күйінде оның пурлтариат жұртшылығы үшін үлкен бағалы бір жері бар. Ол мынау орыстың Лев Николаевич Толстой дейтін жазушысы орыстың ХІХ ғасырдың орта кезіндегі өлуге бет алған дворян (ақ сүйек) табының жырышысы екені әдебиетпен таныс адамға мәлім, осы Толстой туралы Ленин «Толстой орыс төңкерісінің айнасы» деген мақаласында былай деген:

«Толстой орыс төңкерісіне түсінген жоқ. Түсінбеген соң одан ат тонын ала қашты. Осындай төңкерістен үріккен адамның атын төңкеріске әкеп жансыру, шүү дегенде таңсық көрінеді, орынсыз сөз сықылданады. Әрине, не нәрсе болған істі болған түрінде елестете алмаса, оны айна деуге болмайды. Біздің төңкеріс оңай нәрсе емес, оны ұғу қиын. Төңкерісшіл



боп, төңкерісті қолымен жасасып жүрген адамдардың ішінде де болып жатқан істің мәнісіне түсінбей тарихи міндеттерден бойын аулаққа салып жүретіндер жоқ емес. Егер де шын суретші адам кездессе, ол адам төңкерістің бәрін көрмегенмен, көзге түсер жерлерінің кейбірін көрмей қоймақ емес<sup>61</sup>.

Толстойдың шығармаларында, көзқарасында, оқуында біріне-бірі қайшы келетіндер толып жатыр. Ол бір жағынан, орысты былай қойғанда, жер жүзінің әдебиетінен ірі орын алатын жазушы, екінші жағынан Айса дінінің құйрығына ошағандай жабысқан надан дішпіл, бір жағынан қарағанда: капиталистердің қанауып, үкімет пен соттың капиталистер қолында ойыншық екенін, байлық пен қайыршылықтың қалай өсетіндігін, жұмыскерлердің тамақ тұрмысын ашып жазатын жазғыш сыпшы, екінші жақп: «Жауыздыққа күшпен қарсы тұра көрме» дейтін жұмсақ жүрск. Бір жағынан қарағанда: өмірді ашып, шынын сөйлейтін шыншыл. Екінші жақтан – өмірде қандай сасық пікір болса, соған бас иетін, қазына күшімен тұратын поптың орнына өз сапасымен тұратын попты отырғызуга тырысқан, өперленген дінді, онерлі попты сүйетін адам<sup>62</sup>.

Лениннің осы айтқан сөздері Сұлтанмақметке дәл келетін сықылды. Сұлтанмақмет шынында, төңкерістен бұрынғы ауыл тұрмысының айнасы, ауылда тап жоқ дейтін байшылдыққа Сұлтанмақметтің «Кедей» деген поэмасы іздесе табылмайтын қамшы. Осы қамшымен ауылдағы еңбек жеушілер мен жегізушілерді көрмейтіндерді көзге шұқып, қалай болса солай сабауға болады. Лениннің «онды суретші» болса, болып жатқан істерді көрмей кете алмайды» дегені дұрыс. Сұлтанмақмет байшыл болумен қабат, байдың жырын жырлаумен қабат, ауылдағы екі тапты көрмей кете алған жоқ. Жалғыз ауылда емес, қазақ еңбекшілерінің мал мүліктен айрылғандары зауытқа кетіп, фабриканттардың қанауына түскеніп де көрсеткен. Қазақта жалғыз еңбекші ғана емес, пурлтариат барын айтқан. Сұлтанмақметтің бұл еңбегін бағаламау мүмкін емес. Бұл жағынан қарағанда Сұлтанмақмет қазақтың бұқарашыл әдебиетінің басын бастады деуге болады. Пурлтариат оның бұл ісін бағалайды.

Сұлтанмақметтің «Кедей» деген поэмасын еңбекші бұқараның езілуін суреттегендіктен пурлтариат әдебиетіне қосқысы келетін пікір бар (Смағұл). Әрине, ол дұрыс емес. Ленин мақтап отырған Толстой «Воскресенье» деген кітабында патша үкіметі төңкерісшілдік ісі үшін абақтыға жапқан саяси тұтқындардың халін оқығанда дененді мұздатарлық түрде жазды. «Соғыс және татулық» («Война и мир») деген кітабында Наполсон әскері Бородиноға жақындап қалғанда князь Балконский Марияның қолдары көтерілгенін, князьдің мүлкін

<sup>61</sup> Ленин и Толстой, стр. 49, изд. Комокад., Москва, 1928 г.

<sup>62</sup> Сол кітаптың 51-беті.



талағанын қандай ғып суреттеді. Некрасов дейтін ақын «Русияда кім жақсы күнелтеді» («Кому на Руси жить хорошо») деген поэмасында бірнеше қайыршы крестьянды қаңғыртып, жақсылық бар жерді іздеткен бол, патша үкіметі мен байлардың неше түрлі қылмыстарын, еңбекші бұқараның бейнетін жазды. Бірақ осы еңбектері үшін оларды пурлтариат ақыны деп сүкім айтпайды. Пурлтариат ақыны болу пурлтариаттың тұрмысын көруде ғана емес, сол тұрмысты пурлтариатша түсіне, ұға білуде. Толстой да, Некрасов та, Сұлтанмақмет та пурлтариат пен еңбекшілер өмірін көре алды, бірақ сол өмірді пурлтариатша түсіне алмады. Пурлтариаттың негізгі жолы Маркс-Ленин жолын біледі. Сондықтан олар пурлтариатшыл болудан аулақ.

**2. Түрі.** Қорытындыда Сұлтанмақметтің шығармаларын түр жағынан аздап бағаламай болмайды.

Сұлтанмақмет өлеңнің түрі деп, осы күнгі кейбір ақындарша, жаңа сыншыларша өлеңнің буындарын ғана түсінбеген. Ол өлеңге буын іздеп әуре болмаған. Қазақта буын бар: 11 буын мен 8 буынды қолданған да қойған. Буын іздеудің орнына ол шығармаларының мазмұнын толық қып, өлеңнің сыртқы көрінісін сырлы көрсетуге тырысқан. Сұлтанмақмет жоғарғы айтқан 11, 8 буындардан мысқалдап шықпайын демеген.

«Мен білмеймін не нәрсе өмір деген,

«Қорқу» деген, «көму» деген, «көрің» деген» –

деп, 12 буынға барған. Кей жерінде одан артығы да бар. Әрине, бұл оның кемшілігі емес, сөзді еркін біліп отырғанда, сөз екпінімен шамалы мөлшерден асып түскендігі.

Шәкірт кезіндегі жазғандары болса да, есейген кезіндегі шығармаларынан көркемдік жағы күшті, мәселен «Тұрмысқа» деген өлеңінде:

«Өмірімнің өрлерін

Жазы шықпас қыс қылшы!

Жылай-жылай жер десем,

Аждаһардай ысқыршы!

Құлдық ұрып жалынсам,

Арт жағына қыстыршы.

Тұрмыс, маған от шашып,

Бар дүниені лау қылшы.

Түйдектеп үйіп қайғыңды,

Абылай аспас тау қылшы.

...Сөндірі ай мен күніңді,

Тек денемді сау қылшы» –

дейді. «Шәкірт ойы» дегенінде:

«Қараңғы қазақ көгіне,

Өрмелен шығып күн болам.





Қаранғылықтың кегіне,  
Күн болмағанда кім болам?  
Муздаған елдің жүрегін,  
Жылытуға мен кірермін.

.....  
Тұрмыс, тағдыр бірі де,  
Бұл мақсаттан бұралмас.  
Қаһарман әрі үстем, әлі де  
Бұрам деп жолда тұра алмас.  
Сыланған жардың күлкісі,  
Алдандырмас бір ісі!»

дейді. Бұл өлеңдер, мейлінше күшті жазылған өлеңдер, мұндайлар Сұлтанмақметте толып жатыр.

Қара сөзбен жазғандарының түрі күшті болғанмен, тілі онша емес. Сөйлем құрылыстары ұзақ. Сөйлем жүйелері, тыныстары байламды емес. Әринс бұған бас себеп ол кезде қазақ тілінің заңы жоқтығы, қазақ оқығандарының қолданатын әдіс татар, араб, парсы, орыс тілдері скендігі болуы керек. Мұндай тіл кемшілігін ақын өзінің әдебиет туралы деген мақаласында да айтады. Әрине бұл тіл кемшілігі Сұлтанмақметтің кара сөздерінің түріне, мазмұнына кемшілік келтірмейді.

Тілін алғанда Сұлтанмақметте үлкен екі әсер бар, біреуі ақындық өмірінің бастапқы кезіндегі татар лексикасының (сөз құрасыны) көп кіруі, екінші соңғы кезде орысша оқығаннан кейін орыс сөздерін көп қолдану. Бұлардың бәрі «жат сөздерге түсіндіргіш» дегенде көрсетілген. Әрине ол мәдениет сатысында жоғарғы елдердің қазақ мәдениетіне істеген әсері, онда айтып шам жоқ.

Жалпы алғанда, Сұлтанмақмет күшті ақын, қазақ әдебиетінде ірі орын алатын ақын. Зерттелетін және зерттеуді керек қылатын ақын.





## VI. ДӨНЕНТАЙҰЛЫ СӘБИТ

### ӨМІРІ

Өмірі дегенде Сәбит Дөнентайұлының өмір тарихынан қолымызға керекті мәлімет түспеді. Әйткенмен оны аздап білетін Жаманқұлұлы сықылды жолдастардың берген қысқаша мәліметін жазуды мақұл көрдік. Сәбит Дөнентайұлы әлі тірі кісі болғандықтан оның өмірінде болған істерді кейін толықтырармыз дедік. Дөнентайұлы бұрынғы Кереку уезі, Аққу болысында (қазіргі Павлодар ауданы) 1884 жылы туған. Әкесі Дөнентай молдасымақтау кедей адам дейді. Жас кезінде Дөнентайұлы жартымды оқу оқи алмаған.


Ересектеу болған кезде Павлодар (Кереку) қаласында тұратын Қасым қажы Ертісбаев дегеннің мектебіне түскен. Бұл мектеп бас кезінде ескіше болып, артынан медресе Ғалияның ізімен жәдитшілдікке көшкен. 1914-15 жылдары Дөнентайұлы осы мектепте болуға керек. Онын «Уақ-түйек» дейтін өлеңдерін бастырған Сәния Қасымқажықызы дейтін адам, жоғарғы мектеп иесі Қасымның қызы болу керек. Бұл әйел осы күні Уәлихан Омарұлы дейтін оқыған азаматта әйелдікте дейді.

1915 жылдары Дөнентайұлы Павлодарда бір жылда орыс тілінде ашылған бір школда жабайы тыңдаушы болады. Содан төңкеріске килігіп, төңкерістің бастапқы кезінде мұғалімдер курсынан сабақ тыңдап жүреді де артынан «Сарыарқа» газеті мен «Абай» журналының қызметіне беріліп кетеді. Бұл кезде ол Алашордашылы ақын болады.

Кеңес үкіметі келген кезде ол аз уақыт елде болады да, 1920 жылдың басынан 1922 жылға шейін елде судьялық қызмет істейді. 1922 жылдан бастап, әйелінің науқастығы арқылы 1924 жылға шейін елінде болады. Бұл екі арада не істегені мәлім емес.

1924 жылы оны «Қазақ тілі» (Семейде) газеті шақырып алып қызметке қосады. Осы қызметте ол 1930 жылға дейін болады. 1930 жылы округ тарардың алдында газеттен шығып, Павлодарға мұғалім болып кетеді. Қазіргі қызметі сонда.

Дөнентайұлының әдебиет қызметі қалай басталғанын, әлеумет істеріне қалай қатынасқанын толық білетін адамды таба алмадық. Сондықтан оның пікірлерін, ақындығының өркендеуі желісін өзінің шығармаларынан іздеуге тырысамыз.



## «Уақ-түйек»

1915 жылы Сәбит Дөнентайұлының Уфа қаласында «Уақ-түйек» деген атаумен екі өлең жинағы шықты. Кітапты бастырушы Қасым қажының қызы Сәния Ертісбаева. Сәбит өленін:

«Сия әзір, қағаз мынау, жазсаң қалам,  
Қолымды әм еркімді бердім саған.  
Өзіннен жүрген бұрын басшы бар ғой,  
Азбассың сүрлеумен бассаң кадам»

деп бастайды. Бұл өлеңде Сәбит өзінен бұрын үлгі салған адам барлығын, ол солардың ізімен жүретіндігін көрсетіп отыр. Ол адамдары әрине, Міржақып, Ахмет сықылды ұлтшылдықты бастап жүргендер.

«Уақ-түйекте» Сәбитте өзіне ағалық істейтін, яки өзімен тұстас акындарша:

«Жабысайық өнерге,  
Ынтықпай қарап өлерге.  
Сақтанбасақ бір қақтар (Сауып таусат – С.М.),  
Келешек мырза келерде.

.....  
Ұмтылайық оқуға,  
Өзіміз керек демесек,  
Керек қып бізді келер ме,  
Айналмай көр-жер қокырға.  
Жара болып ұлғаймай,  
Дәрі іздейік қотырға»

*4-бет*

деп, замандастарын өнер-білімге шақырды одан басқа «қазақ жерін кетті» дегенді жырлайды. Әйткенмен Сәбиттің бұл кітабында бас тема екеу:

### І. Ұлт ұйымшылдығы

Сәбит Дөнентайұлының жарыққа шыға бастаған кезі – ұлтшылдық пікірдің өркендеген кезі. Бұл кездегі ұлтшылдардың мықты араны, бұрынғыдай «Көзінді аш, көтеріл» деп қазаққа қорқақ сөз айту емес, көзін ашқан ұлтшыл жастарды ұйымдастырып, келешектегі ұлт бостандығына даярлану. Күш даярлау. Сондықтан осы кезде кездескен Дөнентайұлы ұлт ұйымшылдығы дегенді өзге үгіттен көрі ілгері қойды.

Тап жасап тұрған дәуірде әр таптын өз көсемі болады. Тапшылдықты жалпы тап бұқарасы боп қолтықтағанмен, сол тапты тарихи кезеңдерінен өткізуші серкелері болмай қоймайды. Ұлтшылдық деген қазақ байларының тілегінен туған қозғалыс екендігі жоғарыда айтылды.



Осы байшылдық түрін қазақтың байшыл оқығандары басқарғандығы көрсетілді. Солардың ішінде көсемдері де, қатардағылар да болды. Көсемдердің міндеттері жол басшылық істеу болса, қатардағы ұлтшыл оқығандардың міндеті басшыларына көмектесу, солардың беделін көтеру болды.

Дөнентайұлы қатардағы ұлтшылдардың біреуі. Сондықтан ол ұлт ұлтшылдығы деген пікірін, ұлтшылдық туды қолына алғандардың беделін көтерумен бастады.

**«Қазақтың білгендеріне»** дегенде ол былай дейді:

«Қазақтан шыққан білгендер,  
Халқыңды өрге сүйреңдер!  
Қазаққа да туды «ай», «күн»  
«Жарық мұнда, жүр» деңдер,  
Бақытымызға берді алла,  
Сіздер дайын кемеңгер.  
«Сөзді ұғарлық адам жоқ,  
Не қыламыз» демеңдер.  
Еңбек кетпес далаға,  
Жығылғанын демей бер.  
Тарт қолынан, ет жәрдем,  
Оттан шықсын күйгендер.  
«Оңсын миләт» десеңдер,  
Алалықты сүйендер,  
Түзу жетсін мақсатқа,  
Арттарыңнан жүргендер.  
Сіздер қалай бастасаң,  
Соқырларың арттарыңнан  
Солай қарай сүмендер!»

*(I-бөлім, 6-бет)*

**«Досқа»** дегенінде:

«Дос тұттым, болдым жақын, соныаң ердім,  
Басқадан бір түсінді артық көрдім.  
Көрініс шырайында еш кіршік жоқ,  
Өзің мен жүрегіңді қаққа бердім.  
Мейлің, суыққа үсір, суға тондыр,  
Әйтеуір «сені құда» (құдай – С.М.) дедім сендір».

*(II-бөлім, 6-бет)*

Бұл екі өлең Дөнентайұлының ұлт көсемдерін дәріптеген өлеңдері, бұнда ол ұлтшыл көсемдерді тәңірім деп табынып отыр. Шын ықпалымен артына ергенін, қайда жетектесе де баратынын айтып отыр.



«Бірлік» деген өлеңінде Дөнентайұлы:  
«Әйтеуір, бірлік қылып басыңды қос,  
Содан соң әр мұраттан қалмасын бос.  
Жеке-дара үнің шықпас, ісің бітпес,  
Жан қорқып, жалғыз қурай көрініп бос.  
Деген бар бұрынғыдан «көп қорқытар»  
Бұларды тұрсаң тұтас дұшпан да дос.  
Алтауың ала болып туған кезде,  
Асыңның аузындағы кетуін тос».

*(I-бөлім, 10-бет)*


деп ұлтшылдарды жоғарғы көсемдердің маңына жиналуға, бірлесіп іс істеуге шақырады. «Талап» деген өлеңінде:

«Әр дәулет саған даяр етсең талап,  
Бақ келмес іздеп сені жатсаң қарап.  
«Нұр жауар талаптыға» деген қарттар,  
«Жүргенге жөргем» бар ғой бұрыннан-ақ,  
«Жалғызбын, жарлымын» деп қорғаламай,  
Сал құлаш бір өзінді жүзге балар.  
Өзінде еңбек етіп тапқан мал жоқ,  
Қалайша күн көресің ұрттап жалап?  
«Құл болмас сатып алмай» дегендейін,  
Қиын ғой жұрт болуың қолға қарап».

*(I-бөлім, 11-бет)*

деп ұйымшылдықпен қабат, өнер қууға, соған талаптануға шақырады. Өзінде оқыған жоқ. Жаттың оқығаны сені жарылқамайды, өзінді өзін жарылқайсың дейді. «Заман кімдікі» деген өлеңінде қазақ өзі оқымай оңбайды дегенді тіпті ашық айтады:

«Бұл заман байқағанға күштінікі,  
Азулы, тырнақты мен тістінікі.  
Дүниенің патшалығы, батырлығы,  
Тыпырлап тыныш жатпаған естінікі.  
Жуас қой ен жайлаған қасқырдікі,  
Кұл еркі қожайыны тақсырдікі.  
Құр жалмақ әр орында қырсық шалмақ,  
Тартыншақ, жалқау қара басқырдікі.  
Жарысқа тіккен бәйге озғандікі,  
Ем болмас өңешін құр созғандікі.  
Талайда талай үшін талап та жоқ,  
Әлсіреп кеміп бағы тозғандікі.  
Жаным қақ, қаз басым патшанікі.  
Абырой кісілігім ақшанікі,  
Білімім, жиған мәлім, сөйлер сөзім,



Ашулы, жұдырығы зор баспанікі.  
Жансыздық іссіз қарап тұрғандікі,  
Құр тілек құдай әбден ұрғандікі.  
Күш-қуат жанталасып жинамасаң,  
Мал басың бұрын үміт қылғандікі».

*(II-бөлім, 9-бет)*

Дөнентайұлының өзге ұлтшыл ақындардан өзгешелігі ол өзімен пікірлес ұлтшылдарға сын көзімен қарады. Кемдігін жасырмай, бетіне басты. Қашанда, қай тапта болса да, ауыз сөзге бай, іске кедей айқайшылар болмақ қой. Ондай құрғақ сөз иелері пуритариатта да бар, байларда да бар. Дөнентайұлы ұлт бірлігін айтумен қатар, ұлтшыл көсемдерді дәріптеумен қатар ұлтшылдардың арасындағы кемшілікті, ауыл жастарының кемшіліктерін жасырмай айтып отырды.

«Ұлтшылға» деген өлеңінде ол былай деді:

«Аһ ұрып, «жұртым» дейсің, «елім» дейсің,  
Қалғанын елдің артта өлім дейсің.  
Халқыңа жайшылықта ақыл айтып,  
Жолын жан қылуға шегінбейсің.  
Қарның тоқ, жұмысыңның жоқ кезінде,  
Милләтқа қызметке ерінбейсің.  
Расында қайғы келіп сасса жұртың,  
Неліктен маңайыңда көрінбейсің.  
Көрсетіп жол жобаны бастау түгіл,  
Табалап, ұрсып, жекіп, жәбірлейсің.  
Қабағың қатып бір күн қарның ашса,  
Бас салып сол «милләтті» өзің жейсің.  
Дегенде ал істейік ұлттың ісін,  
Атыңның басын тартып кежімдейсің.  
Әр істі аузың айтып, қолың қылмай,  
Қай түрмен әлде бастап едім дейсің.  
Өзіңнің қайда жүрсең қамыңды ойлап,  
Ұялмай жұрттың қамын жедім дейсің».

*(II-бөлім, 22-бет)*

«Қайтіп қарғыс алмайын» деген өлеңінде:

Жігіт-ақсын, маңдайысын,  
Келбеттісің қандайсын.  
«Ағайынға айбарлы,  
Биік-ақсын, дардайсын.  
Бетіңе адам келтіріп,  
Алдыңа жан салмайсын  
Елі төмен болғанды,  
Ілтипатқа алмайсын.



Ант ауғандай күн болса,  
Амалдайсың, алдайсың.  
Басшы қылып бағынса,  
Түгіменен жалмайсың.

.....  
Жат мінезің, жай сөзің,  
«Ө, құдайшыл» қандайсың.  
Іске кірсен адамды,  
Құшақтайсың парлайсың.  
Жақсылықтың жолына  
Жалғыз қадам салмайсың.  
Жамандықтың жолынан  
Жарты ширек қалмайсың.  
Өзің шыққан ұлтыңнан,  
Басшы қылған жұртыңнан,  
Бұл мінез бен құлқыннан  
Қайтіп ақыл алмайсың».

Бұл екі өлеңнің бастапқысы сөзге бай, іске цоркак ұлтшылға айтылған да, соңғысы ауылдағы байдың мырзасына айтылған. Ексуіне де Дөнентайұлының артың отырған кінәсі аз кінә емес. Бұл сықылды өзара сынды басқа ұлтшыл ақындар ол кезде айтқан жоқ.

Өзара сып деген қай таптың болса да қисығын түзететін құралы. Дөнентайұлының осы құралды қолына алуы оның байлар табына шын жаны ашып, кем-кетігін ащы тіл, өткір қаламмен түзеткісі келгенін көрсетеді. Бұл сықылды сындар «Уақ-түйекте» көп жерде кездеседі. Оның бәрін көрсетуді қажет көрмедік.

## 2. Қажу

«Уақ-түйек» шыққан 1915 жылдары Русия үкіметінің отаршылдық саясаты ең жоғарғы шегіне жеткен кезі еді. 1914 жылғы жиһангерлер соғысына Русияның араласуы, осы жиһангершілік нәпсісінің оспегендігіне мықты дәлел еді. Жиһангерлік неғұрлым күшейсе, соғұрлым ұлт бостандығына да қысым күшейеді. Үйткені жиһангершілік пен ұлтшылдық қасқыр мен қой сықылды, басы бір жерге симайтын тілектер. Ұлтшылдық ұлт «бостандығына» сүйрейді. Қол астында отарланып отырған ұлты босанса, ерік алса, жиһангерлер тіршілік ете алмайды. Сондықтан олар қол астында отырған елдердің ұлт бостандығына қарсы шара қолданады.

Бұны біз іс жүзінде көрдік. 1905 жылғы төңкерістің қарқынымен сөз бостандығы деген атты жамылып қазақ ұлтшылдары баспасөзге, әсіресе, газет, журнал шығаруға үлкен ынта салды және шығарды. Патша үкіметі



бастапқы кезде бұл газеттерге рұқсат берді де, артынан ол газеттер ұлт бостандығын кенейтіп бара жатқасын, газеттерге қуғын жасады. Ол кезде шығатын «Қазақ» газеті әлденеше рет штраф тартты. Патша үкіметі мұнымен ғана қойған жоқ. Ұлтшылдарды қудалап, көрнектілерін абақтыға жауып, тыйюға айналды (Міржақыптың Семейде, Ахметтің Қарқаралыда абақтыға түсуі). Осы қыспақ, осы тартыншылық қазақтың ол кездегі көркем әдебиетіне де әсер етті. Жазушыларды ойға түсірді. Шаршатты. Осындай шаруашылық ойға берілгіштік, ауырлыққа ыңкылдауықтық өзгеден көрі Дөнентайұлының шығармаларында ашық көрінеді.

«Бұлбұлға» деген өленде ол былай дейді:  
«Зарланып, көрмей дамыл не ай, не жыл,  
Сондағы бар мұрадың бір қызыл гүл.  
Не гүл жоқ, не даусыңды тындаушы жоқ,  
Бейнеті босқа кеткен сорлы бұлбұл.  
Дабыл жеп акырында қаршығадан,  
Бұл күнде болып сақау, қырылдаған тіл».

*(1-бөлім, 6-бет)*

Бұл, әрине, ұлтшылдық пікірі үшін патша үкіметінен қуғын көргендер. «Биік тау» дегенінде былай дейді:

«Біз келдік биік таудың панасына,  
Жиянтының сыймай сақара даласына.  
Құйын мен жел дауылдан аман-есен,  
Биік тау, бізді сақтап қаласың ба?  
Тынышты алып, төбемізге тас құлатып,  
Әлде өзің тырнағыңды саласың ба?  
Келген тау панасына оны қылса,  
От болып, есіл жүрек, жанасың да?»

*(1-бөлім, 6-бет)*

Бұл сөз жоқ, патша үкіметі. Бұл өленде патша үкіметін ашық жамандауға ерік істей алмаған Дөнентайұлы «**Менің жайым**» деген өлеңінде ашық кетеді:

«Кез келіп арыстанның арбауына,  
Тап болдым ку түлкінің алдауына.  
Бірі ойнап, бірі шыңдал, итермелеп,  
Тықсырды жердің биік жарлауына.  
Бірі айдап, бірі түртіп түсінгендер,  
Болар ма менің себеп қалмауыма.  
Кетуге су түбіне тұрмын таяу,  
Қолымның қай тал жақын қармауына...  
Тұншығып, әлім бітті, есім шықты,  
Бұрқылдақ жердің кез боп шаңдауына...





Кімнің дос, кімнің дұшпан екендігін,  
Менде жоқ тырнақтай іс аңдауыма,  
Соқырдай жетекшіден мықтап ұстап,  
Лаж жоқ бір ерген сон бармауыма».

*(II-бөлім, 10-бет)*

Патша үкіметінің отаршылық қысымын бұдан артық қалай айтсын. Осындай қысымды көрген Дөнентайұлы қиялмен үкіметке беріліп арпалысады. Ойға беріледі. «Ой» деген өлеңінде былай дейді:

«Қарай берсе түбі жок,  
Қазбағанда суы жок,  
«Ой» деген бір шынырау.  
Талаптыға жеткізбей,  
Талапсызға еткізбей,  
Жылынды қылған құрғыр-ау!  
Сені қуған кісі-ау,  
Қумағанның ісі әуре».

*(I-бөлім, 9-бөлім)*

«Қиял» дегенінде былай дейді:

«Таза жүн, түсі әдемі бір құс болсам,  
Бұтаққа көңлім сүйген ұшып қонсам.  
Зарымды жұртқа айтарлық сайрағыш боп,  
Уа дүние, шағым мұным көрсем Шолпан.  
Бойда күш, жанда канат болған күнде  
Кім тұрсын, құмдық, таулық жерде сортаң.  
Жүзсем көл, қонсам орман, ұшсам дала,  
Не қажет маған байлық, патша, сұлтан.  
Бұл істі ұнатсам да бір жағымда,  
Қаршыға тұзақшы бар содан қорқам.  
Ойлаймын кім қызықпас мені ұстауға,  
Иліксем қаршыға жер үзіп қолқам.

.....  
Қиялым, лаға бермей айнал бері,  
Құлдарша өнімсізге етпей құртан.  
Енбек ет, боларға ұмтыл, шынға баста,  
Өлімше сонда артыңнан мен де жортам».

*(II-бөлім, 1-бет)*

Бұл өлеңнің аяғында қайратқа мінген Дөнентайұлы қанша ақ көңіл болғысы келгенмен, жауы күшті қаупін айтады. «Үміт» деген өлеңінде тіпті қажығандық бар:

«Жұмсаған не қиынға салған үміт,  
Тіл алған қайда болса барған үміт.  
Сөз байлап, қол алысып жөнелгенде,



Шығармақ едік сүйреп жардан үміт.  
Арғынан әуре қылып ертіп қанша,  
Бұл күнде сол уағдадан таңған үміт.  
Жолдассыз азық түлік һәм қарусыз  
Астында әр табанның қалған үміт.  
Қарамай шамасына таудай істі,  
Өзінің міндетіне алған үміт.  
Ақырда әлін білмес әлек болып,  
Алысқан, қалжыраған талған үміт.  
Болды да жорғалармен жорғаласпақ,  
Ере алмай тәлтіректеп шалған үміт.  
Батыр да, бай да болмақ ойымда еді,  
Олардың бәрі боп тұр жалған үміт.  
Іздесен дертке дәрмен, адаспасаң,  
Қалайша құр тастайды Аллаң, үміт.  
Арбамен асыкпаған қоян алған,  
Жалықпа жолыңда бол тарлан үміт».

*(II-бөлім, 6-бет)*

Бұл өленде толық шаршағандық барлығы түсіндірусіз-ақ көрініп тұр. Бірақ бұл шаруамен ұлтшылдардың октябрьден кейін шаршауында айырма бар. Октябрьден кейін ұлтшыл-байшылдар шаршауының артын өлімге тірейді. Дөнентайұлы жоғарғы өлендерінде үмітін өлімге тіремейді, «арбамен қоянға жетем» деген дәмені шаршаса да қоймайды, тілектен күдер үзбейді. Оның себебі: октябрьден бұрын қазақтың байларында тіршілік үміті мол еді. Октябрьден кейін ол үміт тұманданды. Социалдық құрылыс оларға ажал көрінді. Октябрьден кейінгі байшылдардың шаршауының арты өлімге соғатыны осы.

«Уақ-түйекте» Дөнентайұлының айтқан басты пікірлері осылар. Бұдан басқа өзге тілден аударған мысалдары бар екен, оларды тексеруді қажет көрмедік. Ол мысалдардың Ахмет Байтұрсынұлының мысалдарынан айрықша, жаңадан туғызған пікірі жоқ.

### **Байшылдығы**

Февраль төңкерісін Дөнентайұлы былай деп қарсы алды:

«Тілекті бүгін қақтың берген күні,  
Көл дария көздің жасын көрген күні.  
Талайдың тіршіліктен қол сермеген  
Қайғысын тас талқан ғып бөлген күні.  
Жаз шығып, бір сағатта күркіреп күн,  
Тырбандап тайынша, торпақ өрген күні.  
Құл болған екі аяқты айуандардың



Қатарға адам болып енген күні.  
Ақ деп қан, «шахит» деп жан, өлсек енді,  
Шын жасын әлеуметке берген күні.  
Қаламға тұзын ашқан айдаһардың  
Мерт болып мақсатының өлген күні.  
Аллаһың азат қолы екеніне,  
Әркімнің көзі жетіп сенген күні.  
Тендестік, адамишылық, құрдастықтың  
Малдыңға мойынсұнып келген күні.  
Бостандық өмір сүріп, өңсін құлдық.  
Деп жұрттың мойын созып төнген күні.  
О, құдай! Ұзағыннан жаза көр деп,  
Іркілдеп көзге жастың келген күні».

«Жаңа жыл» деген өлеңінде Сәбит Дөнентайұлы жалпы февральдан пьығып ұйымдасып жатқан Алашордаға келді (Мұндағы «Жана жыл» әрине 1918 жылдың январы болмауға керек. 1917 жылғы февраль тоңкерісінің артынан марттың 22-сінде болатын қазақтың «наурыз» мейрамы болу керек. Үйткені «бостандық» туа салысымен қазақ ұлтшылдары «наурызды» жаңа жыл, қазақ жылы деп жариялаған «Жаңа жылшыл» өлеңінің «Қазақ» газетіне басылу түрі өзі осы «наурызға арналғанын көрсетеді).

«Жаңа жылың құтты болсын Алашым,  
Мал мен басын өссін, өңсін, тарасын.  
Жаңа талап, жаңа дәулет, жаңа бақ,  
Беріп жұрттың толықтырсын шаласын.

.....  
Жанын, малын аямайтын ұлт үшіп,  
Етіп берсін, мұнда туған баласын.  
Ақ көңілдік, ақ пейілдік несіп қып,  
Жұрттың жойсын жүректегі қарасын.  
Тілск те бір, ниет те бір, іс те бір  
Тістейтіндер жаңа жылдың шаласын.  
Бірсу аяқ, бірсу ауыз, біреу қол  
Болып, әр кім қызметіне тарасын».

(«Қазақ»№110).

Бұл өлеңде Дөнентайұлының жаңа жылды құттықтаумен қатар Алашорданы ұйымшылдық ісіне ат салысқаны көрініп отыр. «Жаз» дегенінде былай дейді:

«Жаз келіп жайды құлаш халайыққа,  
Өлшейік, ғибрат көзбен қарайық та.  
Жадырап жазылды жан қысылғаннан,  
Дәулетті қақтың берген қанайық па?



Бәрі әзір, бәрі тегін түрлі неғымет,  
Мұны бір «ұжмақ» деп санайық та...  
Құс-құрттар білген әнін жырламақ та,  
Тым-тырыс біз де үндемей қалайық па?  
Жер жайып түрлі кілем той қылмақшы  
Кел қазақ, тойға таман барайық та...  
Кеңіген, бейілдеген мезгілінде,  
Тосаңсып жатырқауың лайық па...»

*(«Қазақ» №122).*

Мұндағы «Жаз» деп отырғаны февраль төңкерісі. Болатын той ол кезде Керенский үкіметінің ашпақшы боп жариялаған құрылтайы (Учредительное собрание).

«Бейімбет» деген атпен «Адаспасыз» деп жазған өлеңінде Дөнентайұлы байшыл алашордашылдығын тереңдетеді:

«Біз бәйгеге ат қосамыз «Алаш» деп,  
Аянбай шап, «егей түс» пен «талас» деп.  
Барды аптап, тілеп тұрмыс құдайдан,  
Ия, жасаған, аруақ көтер, бақ аш деп!  
Кежімдедік талай тарлан шұбарды,  
Сүзіп құйрық, тағып үкі, тұмарды.  
Әулекі жоқ қосып күлкі боларлық,  
Ақыншылды «айт» дегенге құмарды.

.....

Бар шолпаның «Алаш» қазақ ортаңда,  
Бар шығарың қайнатқанда сорпаға.  
«Махамбет те кісі боп па» дегендей,  
Түк көрмейтін соқыр ма едің соншама.  
Құдай бізге бадырайтып көз берді,  
Тәжірибе мен ақыл деген тез берді.  
Үш жүз түгіл үш мың болсын көптігі,  
Ит те иіскемес ондай арам бездерді».

*(«Сары арқа» №25).*

Мұнда Дөнентайұлы февральдың артынан Алашордаға қарсы ашылған «үш жүз» партиясын жамандап, «мұндай ит иіскемейтін арам бездерге ермейміз» деп отыр. Егер «Алаш» ұранын шақырмай, «Үш жүзге» ермейміз десе, біз Дөнентайұлын сөзге алмас едік. Үйткені бұқарашылдық тонын жамылғанмен «үш жүздің» өзі де байшыл партия еді ғой. Оған мына документ те куә:

«Үш жүздің» саяси партиясы қазақ уәлаятының әнін зор шаһар Омскі қаласындағы орысша-қазақша жазса қаламы бар, сөйлесе тіл-аузы бар қазақ жастары алдындағы «Алаш» ағасының көздеген мақсаттарын (программа) киіз туырлықты қазақ байдың төрт түлік мал шаруасына



оте тапшы тауып, кең қолтықты, күпілі «үш жүздің» баласына «Алаш» ағасының қып-қысқа, шоп-шолақ тон кигізуге айналғанын, салып пішіп жатқан үлгісін көргесін, қаны бір, жаны бір бауырларына шыдай алмай, іші ашығандықтан, ағасы болса да қарсы келіп, әдейі ашып отыр. Ашқанда асса атақ шығаруға, қалса жұмыс таба алмай еріккендіктен ашып отырған жоқ. Бәлкім осыдан ардақты ұлтынын жер-су деген жайына, дін, мұсылман нәміне, қызыл қарын жас бала мен қара қазан қамына бір дауа болар ма екен деген зор үмітпен ашып отыр...

Сары орыстын бәрі орыс... Орысты аға қылу керек деп «Алаш» айтады... Өмірінде онбаған қауға сақал қоқолды аға қылып, мақталы көрпеге үйренген артына мінгізсек, бұрынғы қотыр үстіне шикан шығарған боламыз... үш жүздің баласына он сегіз мың ғаламды жаратқан қақты танытқан өзбек, ноғай...

*(«Үш жүз» № 2. 24.XII. 1917 ж. Қызылжар).*

Үш жүз» партиясының програмы да, өзі де осылай. «Үш жүзді» «Алашорда» бәлшебекке таңып, күні бүгінге шейін бәлшебекті ұруға құрал қылғысы келгенмен, «үш жүздің» пурлтариатқа үш қайнаса сорпасы қосылмайды. Пурлтариатқа Алашорда мен үш жүз бірдей. Екеуі де байшылдар. Сондықтан Дөнентайұлының «үш жүзді» «арам без» дегеніне біз қарсы емеспіз. Бірақ ол бір үш жүзден» безгенмен, саяси маңызынын мақсатының сол «үш жүзден» түк айырмасы жоқ «Алашордаға» дауысын беріп отыр. Алашорданың жігітін сайласып, атын жаратысып отыр. Ол сайланған жігіттер мен жаратқан аттар пурлтариат үстемдігіне қарсы аттанатындар.

Дөнентайұлы айтып отырған сайланған жігіт, жараған аттар оның өлеңінде ғана емес шынында Алашорда, алдағы ашылғалы тұрған тап тартысында байлардың үстемдігін қорғап қалу үшін мелесия жиған. Сол жиналған мелесияның бір бөлігі Семей қаласында ойнап жатқанда алтыншы март күні бәлшебектер әскерімен араларында жанжал шығып, Алаш әскерін үйретіп жүрген Қазы Нұрмағамбетұлы деген жігіт оққа ұшып өлген. Осы Қазиды Алашордашылар үлкен дәріштеген. Оның жаназасында Міржақыш Дулатұлы, Шәкәрім Құдайбердіұлдары сөз сойлеген. Артынан Қазидың жетісіне үлкен бата оқыр жасалған. Бір інісі қазынаға оқуға алынған. Үй ішіне жеті мың сом ақша берілген. Және бір жасар баласы өскенше қамтамасыз болатын болған. Осы Қазидың өлген күнгі қайғылы мәжілісін Дөнентайұлы жаза келіп, былай деген өлең айтады:

«Тірі жанға қылмыссыз,  
Қисыны жоқ оққа ұштын.  
Қара өмірден тұрмыссыз,  
Періште боп көкке ұштын.



Қандай жанға қастық қып,  
Кіммен баққа таластың?  
Жат жігерің жастық қып  
Қаһарманы Алаштың.  
Ойланып қал шағынды  
Таңба салдың жүрекке.  
Бірақ сенің бағыңды  
Таппас адам тілеп те.  
Әрі тұңғыш, әрі тақ,  
Күнәсі жоқ мейман дос.  
Қонағыңды күтіп ап,  
Алаштың ұлы, қош бол, қош».

*(«Сары арқа» №34).*

«Жанға» деген өлеңінде Дөнентайұлы алашорданың әскерін ауызбен ғапа сайласпайды. Өзі де әскер болуға даярлығын көрсетеді:

«Уай, жаным, дүниеде сен аз күн қонақ,  
Заман жоқ көп тұруға өмір шолақ.  
Жас мезгіл, екі айналмас, мойын бұрмас,  
Жұмыс ет оқтай зырлап, қардай борап.  
Көп жүрген қара жолмен қадам бассаң,  
Кім саған зорлық етер талап, тонап.  
Отқа күй, оққа байлан, адалды тап,  
Киген тәж, мінген тағың болсын сол-ақ!  
Күнің бұл іс ететін, орның осы,  
Мұнда бақ, мұнда дәулет, мұнда зор ат...  
Қорқасың, аяқ басып аттамайсын,  
Алғасын алды-артыңды жылан орап...  
Орынсыз орға түссең көппен бірсің,  
Тіл алсаң тек жатпауың деймін жол ақ».

*(«Қазақ» №103).*

Алашорда жалпы қазақ атынан сөйлегенмен, қазақтың таза байларының партиясы еді ғой. Сондықтан оның қанша «қазақ» деп қақсағанымен аз күн жасаған өмірінде жалпы қара бұқара арасында беделі болған жоқ. Қара бұқараның көпшілігі Алашордаға ерген жоқ. Сөзін тындаған жоқ. Көп жерде сұраған әскерін берген жоқ. Жалпы қара бұқара көпшілігінің Алашордаға осындай беделсіз көзбен қарағанын Дөнентайұлының «Қаулы» атты өлеңі көрсетеді. Мүмкін мұнымен Дөнентайұлы қара бұқараны ертуге ойлаған шығар. Бізге онысы қажет емес, осы өлең арқылы сол кезде қазақ көпшілігінің Алашорданы қалай тындауын көрсеткендігі қажет. Бұл өлеңді, мәселе түсінікті болу үшін, біз түгел аламыз:

## Қаулы

«Жұрт тығыз, терлеп отырыстық үйде,  
Желпініскен ағытып, тана түйме.  
Бай да бар, шешен де бар, косем де бар,  
Мешкей де толып отыр, тоқпақ шүйде.  
Біреу сөз инабатты бастап отыр,  
(Сірә бір игілікті қостап отыр).  
Халық үшін қарайғанын құрбан қылып,  
«Керек» деп дос жаранға қақсап отыр.  
Бұрыннан әңгіме еді ойда жүрген,  
Айтылып талай жиын-тойда жүрген.  
Жарайды әлі де болса кештік қылмас,  
Қайратын жұрт жұмсасын бойда жүрген.  
Ұятты басқалардан қалғанымыз,  
Далаға кетпес бұған салғанымыз.  
Бай малын, батыр күшін аямасын,  
Ендігі осы болсын арманымыз.  
«Пәлі-ай», деп шұлғып отыр оған жұрты,  
Бәрінің ауған білем солай мұрты.  
Басшысының айтқанынан шықпайтұғын,  
Бұл елдің болса керек сондай ғұрпы.  
Мына бай алалық жоқ, анау кедей,  
Бұл найман, алалық жоқ, анау керей.  
Бәрі де шамасынша салмақ болды  
Ат демей, атан демей, ақша демей.  
Қаулыдан көрінбейді қалатындар,  
Бәрі де өлімге айда, баратындар.  
Қалса да жалғыз өзі қайтар емес,  
Жоқ болса көк шолағын салатындар.  
Сонымен жұрт тарапты асып ішіп,  
Таң атса таз калыпқа қалған түсіп.  
Қаулыны күнде-күнде жасайтұғын  
Ет бар ма табақ-табақ тұрған пісіп.  
Сөз бітті, ет желінді, қаулы қалды,  
Халыққа өкпе бар ма аузына алды.  
Еттің де, халықтың да өркені өссін,  
Ермектің бір әңгіме болды, қалды».

*(«Сары арқа» №24).*

Қазақ даласына кеңес үкіметі орнауымен февраль төңкерісінің арасында Дөнентайұлының қаламынан өткен шығармалардан біздің қолға түскені осы. Бұл шығармаларында Дөнентайұлы ұлтшыл адамның



байшыл екендігін ашық дәлелдеп отыр. Бұрын ұлтшылдық ұранына ат салысқан Дөнентайұлы тап күресі ашылғанда ашық түрде байлар табына жәрдемдесіп отыр.

### Жолбикелігі

Қазақ даласына кеңес үкіметі орын теуіп, қазақ еңбекшілері үстемдікке ие бола бастағасын, Сәбит Дөнентайұлының идеологиясында пікірінде үлкен өзгеріс болды. Ол салған жерден кеңес тілегіне күп беріп түсіп кетпегенмен, алғашқы жылдан-ақ бейімделе бастап, бертін кезде, әсіресе шаруашылық тұрақталуы дәуірінде (восстановительный период) Кеңес тілегіне түгелімен құлады деуге болады. Бұл кездегі оның шығармаларында қазақшылдық емес, тапшылдық, тап тілімен сөйлеушілік көрінді.

Біздің қолымызда Дөнентайұлының соғыс комунизмі кезінде жазғандары, тұрақталу дәуірінің бастапқы жылдарында жазғандары жоқ. Сондықтан біз қолдағы бірнеше өлеңімен Дөнентайұлының кеңес пікіріндегі жолбике бола алғанын дәлелдейміз.

Дөнентайұлының тұрақталу дәуірін аяқтау кезіндегі жазған өлеңдерінің бәріне үлгі бола алатын «10 жылдың жемісі» деген өлеңі бар. Бұл өлең октябрь төңкерісінің 10 жылдығына арналған, өлең былай деп келеді:

«Бұрын бізде хан боп еді,  
(Ханда қанша заң боп еді).  
Хан жарлығын екі стерлік,  
«Құлда» қай бір жан боп еді.  
Бұрын бізде би боп еді,  
Би түсерлік үй боп еді.  
Түскен үйі дауын жықса,  
Биекеме сый боп еді.  
Бұрын бізде батыр боп ед,  
Ел талауы мақұл боп ед.  
Жорық сүймес момын жандар,  
«Ерлігі жоқ қатын» боп ед.  
Бұрын бізде «абыз» боп ед,  
«Абыз сыйлау парыз» боп ед.  
Жомарттарға шек келтірген,  
Абыздарға жауыз боп ед.  
Не құрлым хан кәрлі келсе,  
Би түнерген зарлы келсе,  
Абыз жиі «түс» көрімпар,



Батыр қолы қанды келсе,  
Елге мақтау аңыз боп ед.

Бұдан кейін «заман азып»,  
Қазы шықты мизам жазып.  
Дуан басы аға сұлтан,  
(Ханға, биге қабір қазып),  
Ол «патшаға» бағынған кез,  
Қазы қарғы тағынған кез.  
Орыс «төре» оң келмесе,  
Өткен күнді сағынған кез.  
Көп кешікпей болыс шығып,  
Көрді ме одан оң іс шығып?  
Ақшасыздың көзі ойнады,  
Болыс қойса орыс шығып.  
Ел шолпаны болыс еді,  
Жер шұрайы қоныс еді.  
Кім мақтанса «баймын» дейтін,  
«Мен кедей» деу жок іс еді.  
Жок іс түгіл қорлық еді,  
Дұшпан айтса зорлық еді.  
«Оңбаған ит» кедей болса,  
«Ит» атану оңды ма еді,  
Сүйтіп байлық зор іс еді.

---

Сондықтан ел байлық іздеп,  
Мал соңында өлеміз деп.  
Күші асқанның аты келді,  
Жарысканда мындап, жүздеп.  
Аты озғандар қайда серпіп,  
Қалғандарын басқа шертіп.  
Алды ұпайды мың, жүз күнде,  
(Әлсіздеуі улап, елтіп).  
Бұрын сүйтіп әлсіздерді,  
Кедей кепшік, сәнсіздерді  
Байлар үшін жаралған деп,  
Ойлаушы едік аспан, жерді.  
Ол тұрмысты, ойды бұзып,  
Бай жасаған тойды бұзып.  
Талқан-тапыр қылды октябрь,  
Дүние өзгеріп, болды қызық,  
Іштен, тастан жау жиылды,



Қан дария боп жан қырылды.  
Тепкіде үлкен «тесік өкпе»,  
Жеңіл шығып көңілі тынды.  
Самсаған сары қолды бұзып,  
Құлдықта өскен ер жетілді,  
Нелер бейбақ кем жетілді.  
Жұрт ылажсыз теңдік алып,  
Талай жетім ел жетілді.  
Міне, соған 10 жыл толды,  
Содан бері онды-солды,  
Бақсыздарға бақ орнатты.  
Еңбекші елдер үзбей қолды.  
Бізге жүздің күші бітіп,  
Тауды тесіп, тасты тұтып.  
Ертеңінің алабындай  
Еңбек етті, жанды ұмытып.  
Талай игі істер туып,  
Талай жаздың көңлі суып.  
Жер жүзінің күң мен құлы

Кеңес жұртын көрді жуық.  
Біздер жеттік, көзге түстік,  
Бойды жидық, қаттық, пістік.  
Байқап болар тегіс тынбас  
Бізге деген енді күштің  
Жалпы құлдың беті суық.

---

Жаңаланған қаламыз бар,  
Жаңғырыққан даламыз бар.  
Тегісшілдік мектебінде  
Миллиондаған баламыз бар.  
Шаруасы өскен еліміз бар,  
Шарасы артқан кеніміз бар.  
Өскен бақты өркендетер  
Ленин жолы – беліміз бар.  
Жолы кеңес жұртымыз бар,  
(Кеңесуге ырқымыз бар).  
Көп тілегі бір болғасын,  
Бұзылмайтын шырқымыз бар.  
Дүние жарған даңқымыз бар,  
Еңбек бағы халқымыз бар.  
Құлдай істеп, бидей ішкен



Көз сүзбейтін қалпымыз бар.  
Он жылдағы олжамыз бұл,  
(Келешекке қордамыз бұл).  
Әлемге айқын қызыл тумен  
(Сірә, қайтеді ордалы «құл»)  
Ұрандайтын салтымыз бар».

*(«Қазақ тілі» 1927 жыл, № 44).*

Біз Дөнентайұлының бұл өлеңін әдейі түгелімен жаздық. Үйткені оның ішкі өзгерісінің бұл өлең толық айнасы. Бұл өлеңде ол өзгерумен қабат қазақтың басынан өткен әлеумет өмірлеріне пурлтариатша баға бере алып отыр. Және қазіргі олжалардың түбін дұрыс көрсетіп отыр.

«Тоғыз жылғы олжамыз» деген өлеңінде ол осы пікірін тереңдетіп былай дейді:

«Тоғыз жыл Қазақстан дәуірінде  
Істелген ішкі істің әр біріне,  
Көз салса, дұшпан жылап, дос күлерлік  
Оңбаса қазақ елі, қане, бұл не?  
Жер алды, шаруаланды кедей көбі,  
Бас қосқан кедейдің бар қосшы тобы.  
Кеңесті кедейлерден сайлап алып,  
Жоқталған қайда болса кедей жоғы.  
Оқуға, жұмысқа да кедей кіред.  
Жер болса шығын шыққан кедейге үлкен (льгота)  
Жалшы мен кедей келсе кооператив,  
Таңдаған бұлын беред, зыр жүгіред.  
Сынған сон кәмпеске боп байдың сағы,  
Кедейдің көтерілді аруағы.  
Басталған осы күнгі колхоздықта  
Кедейдің ендігі үміт-болашағы.  
.....  
Бізде өнер айшылдықты аттап келед,  
Бізде зауыт-фабрик қаптап келед.  
Темір жол күншығысты белден басып,  
Құла тұз, тауды-тасты таптап келед.  
Біздергі ылғи кара домалақ та  
Әскер боп, міне, биыл тұрды сапқа.  
Тоғыз мешеулікте мұны істеген  
Қалмақшы Қазақстан қалай артта?»

*(«Қ.Т.» 1929 жыл, № 74).*

Бұл өлеңде Дөнентайұлы Қазақстанды жалпы қазақтық деп отырған жоқ. Қазақстанға қазақтың еңбекшілері ие деп отыр. Байлар мен кедейлердің жігі ашылғандығын көрсетіп отыр. Сонымен қатар,



Қазақстанда өсіп келе жатқан кәсіп орындарын, шойын жолдарды, ұйымдаса бастаған колхоздарды дәріптеп отыр.

«**Бай мен комсомол**» деген өлеңінде Дөнентайұлы бай мен комсомолды кеңестіреді. Бай комсомолға «қолымда өсіп едің мені қорға» дегенді ұсынса, комсомол оған:

«Мың азапты кедей тартып,  
Берді еңбегін саған сарқып.  
«Пітір», «ескің», жуындыңмен  
Риза қылып, өстің шалқып.  
Туды октябрь, сынды шөлмек  
Қызыл жалау желпелеңдеп.  
Салған үнді елемейсің,  
Үштің бағын көрде күндеп.

.....  
Кедей жағын бекер дедің,  
Үнемі өстіп өтем дедің.  
Бұрын зорлық. Еппен енді,  
Байқалмай-ақ кетем дедің.  
Жоқ, жалшы меш кедей де адам  
Бәріне аян «өткен заман».  
Сыйға сыйлық көрсете алмай  
Болып жүреді несіне адам.  
Ұлы октябрь бізсіз өтіп,  
Сізге ұятты екі сыйсыз кетіп.  
Он бір жылдан бердік міне  
Кіші октябрь шыр-мыж етіп».

*(«Қазақ тілі» 1928 жыл, № 60)*

деп жауап береді. Бұл да ауылда тап жігі ашылғанын дәлелдейді. 1928 жылы болатын ірі байларды кәмпіскелсеу ісі партия документтерінде «кіші октябрь» аталады ғой. Мұндағы кіші октябрь делінін отырған сол Ауыл комсомолы. Бұл өлеңде «кіші октябрьмен» ғана қанағаттанамыз деп отырған жоқ. Әлі де сыйынды береміз деп отыр. Онысы – тап ретінде мүлдем жоямыз дегені ғой.

«Ескі өмір күйеді» («Қ.Т.» №51, 1928 жыл), «Жаңа жыл мейрамында» («Жаңа ауыл» № 1, 1929 жыл), «Ленин өлгенінің 5 жылдығына» («Жаңа ауыл» № 5, 1929 жыл), «Әйелдердің 10 жылына» («Жаңа ауыл» № 71, 1929 жыл), тағы осындай өлеңдері жоғарғы айтқан түрде боп отырады. Бәрінде де жалпы қазақ тілегі емес, Қазақтың еңбекші табының тілегі көрсетіледі.


«**Жалғыз құрлықтағы әйелдер мектебіне**» деген өлеңінде Сәбит Дөнентайұлы кеңес тіршілігін құр мақтай бермейді. Кеңес құрылысына қатынасып жүрген бірнеше кейіпкерлерді сынға алып былай дейді:

«Лениннің белгісін тағып,  
Егессе, кеудесін қағып,  
Жүретін де «комсомолдар» бар  
Сөйлесе бетімен лағып.  
Шаш тарап, «сапо»-ны тартып,  
Кей-кейде бөтелке сарқып  
Қоятын да «белсенді» бар,  
Көретін оны бір «тәртіп».  
«Байлық» пен шаруадан қашып,  
Әкенің бергенін шашып,  
Жүрген де, кедейшіл» бар  
Құр сөз қуып, құр өсек тасып.  
Уставты оқымай «біліп»,  
Ылауды ақшасыз мініп.  
Жұмсаусыз «қызметкер» боп,  
Жүрген бар «төрелік» құрып.  
Тасқожа, Ертай мен Молдаш,  
Ойлардай өмірі болмас,  
Көргенде игіліктерін»  
Қалайша көңілің толмас.  
Мектепті кім үшін салған:  
Ақшасын не жол мен алған,  
Жасасын тіл алғыш елі  
(«Обал» да бір үйі қалған).  
Әйелге арнаулы мектеп,  
Салыпты алпыс үй көптеп,  
Бұл тауып басшылық қыпты  
Өлгі үш жігіт өктеп.  
Әне, шын кәмсамол жастар!  
Жас болсаң солардай басқар!  
Бұл істі туғызған елді  
Демейміз күтусіз тастар.

(«Ж.А.» 28-жыл. № 62).

Әрине, жалғыз мектеп ашу мен кәмсамол міндеті бітпейді. Кәмсамолдардың мектеп ісі көп міндетінің бірі. Әйткен мен мұнда Дөнентайұлы іске шорқақ кәмсамолдарды сөгіп, сөзін істе көрсететін кәмсамолды қып Тасқожа, Ертай, Молдаш үшеуін мысалға алып отыр. Дөнентайұлының бұл кәмсамолдарға берген бағасы толық болмаған мен, негізінде дұрыс.

Біздің қолымызға түскен Дөнентайұлының барлық шығармасы осы болды. Бұларға қарағанда Дөнентайұлы да, басқа байшыл – ұлтшылдармен қатар, байшыл-ұлтшылдықты басынан өткізген адам.



Әйткен мен кейінгі кезде ол пікірінен қайтып Кеңес ілегіне қосылған адам. Қосылғанда Аймауытұлдары сықылды ұстары қосылыс, сырты сырлы, іші улы қосылыс емес, шын қосылған адам. Үйткені бұның соңғы шығармаларында ұлтшылдық емес тапшылдық басым.

Бұны мен, әрине, Дөнентайұлын пурлтариат бағытына түгел көшті деуге болмайды. Ең алдымен Дөнентайұлы Қазақстанды қазақтық деп түсінеді. Қазақстанға жалғыз қазақ еңбекшілері ғана ие емес, екенін, оған, Қазақстан топырағында отырған елдерді еңбекшілері түгел ортақ екенін ол білмейді. Білсе де айтпайды. Байларға шабуыл жасау ретінде де тым сұғынып бара алмайды. «Бай мен кедей жіктенді» деген сықылды жеңіл сөзбен тап тартысын шарпып қана өтеді. Әйткен мен өзге ұлтшыл ақындар мен салыстырғанда Дөнентайұлы кеңес тілегіне көп жақындасты. Дөнентайұлының бұл бағытын өсіруге еңбекшілер жұртшылығы көмектесуі керек.

Дөнентайұлында, ауыл социалдық қайта құрылысқа көшкенде, осы күні шабандық пайда боп жүр. Бұрынғы байшылдығы мен салыстырғанда, ол тұрақталу дәуірінде кеңес тілегіне көп жақындасып еді. Сол жақындасын социалдық қайта құрылыс дәуірінде тереңде те – алмады.

**Тұрақталу дәуірінің өзі кеп** (жана үнем саясаты) **дәуірі еді ғой.** Ол дәуір Ленинше айтқанда, ілгері басатын адымды күшейту үшін екі адым кейін шегінгендік еді. Тұрақталу дәуірінде өскен шаруа, негізінде социалдық сектір емес, кәпиталдық еді. Қайта құрылыс дәуірінде патша сол кәпиталдық сектірге шабуыл жасап, меншікті шаруаның бай-құлақ жағын жоюға айналды да орташа кедейлерін колхозға тартты. Тап тартысы бұл дәуірде күшейді. Кеңес үкіметі өзінің негізгі мақсаты қәмунизм ісіне социалдық қайта құрылыс дәуірінен бастап мықтап кірісті. Сондықтан бұл дәуірдің міндеті бастапқы екі дәуірден өзгеше.

Кімде-кім соғыс қәменезімі мен тұрақталу дәуірлерінде кедейшіл боп жүріп, қайта құрылыс дәуірінде тотықса, ол адам пурлтариатшыл бола – алмайды. Ондай адамды ашып айтқанда құлақшыл деуге керек. Үйткені тап тартысы қызғанда не ол жаққа не бұл жаққа шықпай, әрелдікте тұрам десе, ол адамның құлақ табын жойғанға жаны ашығандығы, ашығандығын айта – алмағандығы. Социалдық секторды ұнатпағандығы. Ұнатпаса қарсылығы. Олай болса, тұрақталу дәуірінде кедейшіл болған мен қайта құрылыста үндемей қалған ақынды біз, байшылдығына қайта қайтты дейміз.

Дөнентайұлына мұндай баға беруден әзірге қаламды тарта тұрамыз. Оның социалдық қайта құрылыс дәуірінде шабандауын өсіне салып, белсенуін күтеміз.



## VII. БЕРНИЯЗ КҮЛЕЙҰЛЫ

### ӨМІРІ

Бернияз Күлейұлы 1899 – жылы бұрынғы Ақтөбе губернасы, Қара бөрте болыс, 3 – ауылда Бекен деген кісіден туған.

8 жасында әкесі оны ауылдағы қазақша мектепке берген. Одан кейін Орынбордағы Құсайыныш мектебінде, екі класты ішкөлде, Ақтөбеге гимназиясында, Орынбордағы қазақ семинариясында оқыған. 1918 – жылы кеңес қызметіне қатынаскан. Сол жылы Торғай облысының облыстық кеңестер съезінде облыстық комитетке мүше, оқу бөлімінің пурзидөміне мүше боп сайланған.

1919 – жылы қазақ даласын басқаратын төңкеріс комитеті Берниязды кемесар қылып сайлап, ірі міндеттер жүктеген. Сол жылы бір жағынан соғыс мекемесінде қызмет еткен де, екінші жағынан «Ұшқын» гәзетінің алға мүшесі болған.

1920 – жылы Қазақстан кемесериаті Берниязды оқу құралдарын бастыруға Қазанға жіберген. Сол қызмет пен 23 – жылға шейін жүріп, 1923 – жылы январьдың 29-ында, қазан қаласында Бернияз өзін өзі атып өлтіреді.

Қалам қызметіне келгенде, Бернияз өлеңді 14 жасынан жаза бастаған. 16 жасында тұрақталып жазуға кіріскен. Әйткен мен отырып, өлеңді өнер ғып қуған мезгілі 1918 – жылдан Біздің қолымызда бар өлеңі осы 18 – жылдан басталғандар.

Бернияздың өлімі туралы әр түрлі болжаулар бар. Біреулер қызға ғашық болған екен, соның күйігінен өлді дейді. Расында Бернияздың бір татар қызын атып өлтіріп, сонсоң өзін-өзі атқаны анық. Атылу түнгі сағат 12лер кезінде пәтерінде болған. Мылтық дауысын естіген көршілері есікті бұзыш кіргенде өліп жатқан қыз бен Берниязды көрген.

Біреулер – Бернияз наркөмпростын көп ақшасын жұмсап қойған екен, сол ақшанын сотынан қаймығып атылды дейді. Біреулер тағы бірдемелерді айтады.

Бізше, бұлардың біреуі де дұрыс емес. Бернияз саяси адам. Саяси ақын, сондықтан оның өлуіне, өзінің саяси жолынан басқа себеп болуға тиіс емес. Біз алдағы жерде Берниязды өлтіруге себеп болған зағтарды іздейміз. Ол себепті іздеу, үшін өзінің шығармаларын ақтарамыз.

Бернияздың өз шығармаларына кіріспей тұрып, бізге, Бернияз



өлгеннен кейін, көп кешікпей, Тәшкенде шығатын «Ақ жол» газетінде байшыл, төңкеріске қарсы ақын Мағжан Жұмабайұлының «Берниязға» деп жазған өлеңін оқушылардың алдына тартып оту керек. Үйткені бұл өлең Бернияз шығармаларын тексеруге көп жеңілдік берді. Мағжан былай деп жазды: (түгел келтіреміз).

...Ұлан өлді батып қаңға,  
Тыныштық тапты асау жан да).  
Өмір дала, ақын бала қаңғырған,  
Жан сусынын көз жасы мен қандырған.  
Ақын бөбек, өмір көбік тілсімді  
Ойнап, арбап ақынды естен тапдырған:  
Күңіренеді кенес айтып қария:  
Әлде қайда жер шетінде дария.  
Тұңғиықтың түбі толғап тамаша,  
Дарияның үні жоқ, қай жария.  
Дарияның астында алпыс ақ отау,  
Ақ отаулар алтын уық, жібек бау.  
Отау сайын судай сұлу толқын шап,  
Толқын тербеп, әлди-әлди дейді бау.  
Әлди-әлди, тербеледі ордалар,  
Ордаларда өңшең сұлу ән салар.  
Сұлу жанның күлкісі де сиқыр ғой,  
Күлкілері көбік болып жоғалар.  
Көрінсе егер сонау күміс күлкілер,  
Жас ұланның жүрегін жүз тілгілер.  
Шерлі ұланның көрін суға шомғанын  
Мылқау жартас жыңды ма әлде деп күлер.  
Кенес айтып күңіренеді бір күні,  
Есімде жоқ, әйтеуір бір күні  
Майдан құрып қарсыласқан екі жау,  
Таудай мылқау, бірінің де жоқ үні.  
Екі жаудың бірі өлім, бірі – өмір,  
Бір-біріне қайрасады тіс шықыр.  
Бір мезгілде жаны жалын жас ұлан  
Әлдеқайдан қан майданға келіп тұр.  
Жап-жас бала келе сала қабағын,  
Түйіп тартқан екі жаққа садағын.  
Тастан қайтқан оғы тиіп өзіне  
Қан майданда қайтыс болған қарағым.  
Ұлан өлген, мұны көрген екі жау,  
- Мына ұланның емес сірә, дені сау  
Десті дағы ішегі қатып күлісті.



Ей, есалаң, ха, ха, ха, ха, хау!  
Жаны жалын, жалын жырлы жеткіншек  
Күлсін сенен, сөксін мейлі көк есек.  
Мен сөкпеймін сені сонау толқын мен  
Қан майданға неге ғана кірдің деп.  
Мен күңіренем ұлы ойлар кеп басыма,  
Жырласаң ед, шомылып көз жасыңа!  
Тұңғиықтың түбіндегі тамаша  
Өзі ақ көшіп келмес пе еді қасыңа.  
Өмір, өлім, мәңгі аңдысқан екі жау,  
Екі жауды бауыр қылар жыр бар-ау.  
Сол жыр таппай, садақ тартпай сабыр қып,  
Қан майданда күңіренсең ед сор бала-ау.  
Ойлайын да, өкінем ақылдылығыңа  
Жаным сеніп еді жақындығыңа.  
Жастай сезген жалын жырлы жеткіншек,  
Күнәнді ауыр кештім, ақындығыңа.

Мағжанның бұл өлеңдегі терең теңіз, сырлы толқындар бізге таныс нәрселер. Бұл толқындар табы өліп бара жатқан Мағжандарды тұншықтырып бара жатқан төңкеріс дауылы екенін біз Мағжанды тексергенде айттық. Сондықтан бізге бұл өлеңдегі толқындар қажет емес, Мағжанның Берниязға «жаным сеніп еді жақындығыңа» деген жалғыз ғана жолы қажет. Өзгесі белгілі қоқыр.

Бұл жалғыз жолдан Мағжан Берниязды сенетін кісім ең деп отыр. Сенуі болса-болмаса да тапшылдық жағынан ғой. Мағжан байдың ақыны екенінде талас жоқ. Сол сынды байшыл ақын Берниязға жаны мен сенсе, Берниязда байдың бел баласы болған боп табылады ғой. Рас, осылай. Шынында Бернияз бай табының ақыны.

Бір есептен, Мағжан Берниязды сырттан өзімсініп жүрген шығар, «сеніп ем» деп сондықтан айтқан шығар десек, ол ойымыздың қателігіне Бернияздың «Мағжанға» деп жазған мынау өлеңі куә:

(Сүгірет сыртына)  
«Мен» менен сен, «сен» менен мен,  
Сөзде, басқа істегіп,  
Таусылып дәм, тоқталып дем  
Айрылғанша болсын бір.

*(Қазан. 22 – жыл 1 – март).*

Бұдан Мағжанның сенуі сырттан иемдену емес, Бернияздың өзі сендіргесін сену екені көрініп тұр. Енді Бернияздың өз шығармаларына көшейік.



## Шығармалары

1926 – жылы Қазақстан оқу кемсеріетіне Бернияздың өлеңдер жинағы кеп, түскен. Бұл жинаққа Бернияздың 1918 – жылдан бастап жазған өлеңдері түгел кірген. Одан ерте жазғандары мүмкін шәкірттік өлеңдері шығар, мүмкін қолға түспеген шығар. Әйтеуір бұл жинағында жоқ.

18 – жылы Бернияз 19 дан 20 жасқа қараған кезі ғой. Жана өмір тарихын білетін адамдардың айтуынша бұл кезде ол, Қазақ даласына жана кеп қарасын шанша бастаған Кеңес үкіметіне белсене қатынасып жүрген кезі. Әрі албырт жас жігіт, әрі белсеніп жаңа құрылысқа түскен жігіт, былай қарағанда екпінді, жалынды болуы керек қой. Бірақ іс жүзінде олай емес. Бернияздың 1918 – жылы жазған шығармаларын оқысаң көңілің қала бастайды. Басына аяғына шейін ағып тұрған бір күйректік.

«Жас жүрегіме» дегенінде:

От жұтасың ойланасын,  
Тіпті көңілің тынбайды.  
Сондадағы тақыр басым,  
Құрттай рақым қылмайды».

*(18 – жылы ауыл)*

«Қиял» дегенінде:

«Жалғыз өзім жолдасым жоқ,  
Сөз сөйлесіп сауығар.  
Ыза болып тигендей оқ,  
Еркі көңілім ауырар.  
Зарлада, жібер жыр – жырлап,  
Қиялдың шиі шешілсін.  
Бұл-бұлша сайра жыр жырлап,  
Көсем тілің көсілсін».

*(18 – жыл, 19 март)*

Жырла, зарла көңілім,  
Қалың қайғың қайнасын.  
Қиялдың құсы егісіліп,  
Іштегі дертті айтсын.  
Жұрт жатқан жеті түндер де  
Ұйқым неге келмейді?  
«Сайраған құс үндерге  
Ой неге көңілім бөлмейді.  
Аязда тұрған алмадай  
Ай жүзім неге суыды?  
Айбары суық найзадай  
Қай қиял маған жуыды?»

*(18 – жыл, 19 июнь)*



Осылардай өлеңдер біразға дейін жалғасады да отырады. Бұл өлеңдерді оқығанда, апырай, мына Бернияз неге мұнша қайғының қара тұманына кіре береді? Неге көңілі бір көтерілмейді? – деген ой келеді де отырады. Осы ойды Бернияздың өзі бір аздан соң шеше бастайды. Оған «қымыз» деген өлеңі дәлел!

«Қатарлап қолын байлатып,  
Сабаға құйған сары кымыз.  
Сапыртып, әбден сайлатып,  
Қазағым ішкен жазы-күз.  
Күмбездей үлкен ақ орда,  
Сәні тек оның кымызбен.  
Шөлдей ме елі ол бар да  
Бәйбіше мырза, пейілі кең,  
Сүйікті сырлы піспекпен  
Күңіретіп келіп пісетін.  
Аралас сырбаз жас етпен,  
Бар еді әдет ішетін.  
Айран кымыз асынды  
Осы күн қазақ ұмыттың.  
Дәмі жоқ тілге татымды  
Сары суға неге құнықтың!...  
Қожайын сөзді мен жым-жырт,  
Тарта бер жақса түріне  
Айтпады деме аңқау жұрт,  
Сол жетер сенің түбіне?»

*(1918 жыл, 18 июнь).*

Бұл өлеңінен мәселе ашылып отыр. Бернияздың көкірегі сыздап, қайғының қара тұманына сүңги беруі жай сүңгу емес, қаз сабалы ақ ордалардың желісі қысқарып, қымызы азайғандығы, сары суға қамалғандығы боп отыр. Сары су былай қарағанда кәдімгі шай сияқты. Бірақ бұл арада айтып отырған «сары су» шайдан көрі кеңірек бір нәрсе. Үйткені шайды қазақ Бернияздан пәлен жүз жыл бұрын ішті ғой. Содан бері қазақтың қара сабаларының түбіне шай жеткен күні аз емес пе? Олай болса, сары су, шайдан көрі Берниязша кәтерлі зат болып шықпағанда не болады?

Бернияз ілгерірек барған кезде қорқақ қиялдан жігерге міне бастады. «...қа» деген өлеңінде ол былай дейді:

«Құтты болсын жас... М қадамын,  
Алға бассын ақ ниетті талабың.  
Тілегінді үлкен, кіші азамат  
Ерік үшін еңіреген қазағың.  
Алтын алтай, еділе, жайық, сарыарқа,



Сауыт киіп, садақ тартқан ер бар ма?  
Ару азып, ер үркек боп, жер тозып,  
Жауға жаға жыртылмаған ел бар ма?  
Алты алаштың алтын туын қолына ал!  
Ерте де еркін өткен күнді ойына ал.  
Елді жерден, ерді еріктен айырған,  
Дұшпаныңды табан тіреп қасыңа ал».

*(18 – жыл).*

Бұндағы «...Қ» сы кеңес ері емес екендігі көрініп отыр. Үйткені кеңес ері қазақ болған күнде де алты алаштың алтын туын көтермейді, Кеңестің қызыл туын көтереді – ғой. Мұндағы жау деп отырғаны былай қарағанда патша үкіметі сықылды. Бірақ тексере келгенде олай емес. Үйткені, осы өлеңге тіркесе жазылған «Ел ерлеріне» деген өлеңінде де, жанағы сөздер қайталап айтылып, өлеңнің аяғы:

Аз шыдасаң елді жаудан ашарсын,  
Жау жүрегін жасқанбастан басарсын

*(20 – жыл, 5 – январь)*

дейді. Бұндағы жауы 20-жылы қазақ қаласында бірен-саран ұшырататын бандиттер дейін десен, ол бандиттермен күресетін «ерлеріміздің» туларының түрі жаман.

Берниязға бандиттер емес, кеңестің құрылысы ұнамайтыны бұдан кейін жазылған мына өлеңінен көрінеді:

Түсіндіріп айтсам (көктегі періштеге. – С.М.) шын көңілмен,  
Жауыз жердің еткен істерін.  
Ұлда ұят, қыз қылық қалмай,  
Ар-намыстың мәңгі біткенін.

*(1920 жыл, 20 ноябрь).*

Бұл жылғы қазақ даласында орнап отырған үстемдік кеңестікі ғой. Бернияз, жердің жеке бірдемелеріне өкпелеп отырған жок.

«Жердегі жалпы тәртіпке разы болмай,  
Жауыз, жалған, күншіл, киянатшыл  
Жер жүзіне қайтпан оралып»

деп отыр. Бернияздың кеңес құрылысына қарсы болғаны, өзі көменест бола тұра (Байтұрсынұлы, Әуезұлы, Аймауытұлы, Күлейұлы сықылды байшылдардың көменест болуының өзі–де «тағдырдың» бір мазағы сықылды нәрсе еді ғой) алдыңғы күннен үміт кесіп, көзін қазақтың хандық заманына салғаны оның көп өлеңдерінде бар. Бұл тақырыпқа Бернияз сан өлең, сан поэма жазған. Бәрінде де «әттең өткен заман-ай, мына заман тынысты тарылтты» дегенде жүрегі қақ айырыла жаздай-ды. Әсіресе, «Қайда екен!» деген өлең. Бұл өлеңде ол:

«Ерте – ерте, ерте күнде  
Ерте дегі заманда



Бұрынғы ел қазіргі жер,  
Тегісінен аманда.  
Ел ерікті, жер көрікті,  
Нуы қалың, суы мол.  
Дәулеті асқан, ері арыстан,  
Әділдігі қасқа жол»


деп, осы сарынмен «қазақ бай еді, мырза еді» деп айдай береді. Поэманың аяғында жарын жоғалтқанын былай дейді:

«Арыз, жансыз, жарсыз, зарсыз  
Жатқа мойын бұрмайын,  
Жарым идеал, барым қиял,  
Болсындағы өтейін.  
Опасызға, ұятсызға,  
Қойнымды ашып не етейін.  
Арыз деген, жар іздеген,  
От жүрегім, жас уызым  
Солсын, кепсін, сөнсін, өлсін,  
Тастай қатып, болсын мұз.  
Көкпе, жерме, сума, жел ме?  
Әлде алған ай ма екен,  
Айтшы қайын,  
Менің жаным  
Айтшы, айтшы қайда екен?!»

Бұнда жар түгіл дәнеңе жоқ. Бұл жоғалып бара жатқан Бернияздың байшылық тілегі. Кеңес құрылысы күшейіп, ауылдың еңбекшілері саналана бастаған сайын, Бернияздың идеалы алыстап, қиялы құлдырағаны ырас. Бұл Бернияздың ғана сарыны, соның ғана қайғысы емес. Пурлтариат үстемдігінен көзіне ажалы елестей бастаған байлар табының сарыны, қайғысы. Бернияз сол таптың ақыны болған соң бұл сарынға түспей шарасы жоқ.

Бернияз екінші сөзбен айтқанда Мағжанның копиясы. Бернияздың түскені де Мағжанның толқыны. Екеуінің де мінгені байдың кемесі. Бірақ, Мағжан айтқандай, Бернияз тап қайығына мінгенде жастық, албырттық қылды да, тапшылдық ызаға шыдай – алмай өліп кетті. Мағжан тіс қаққандығын, бұрын күрес көргендігін істеп, Берниязға бекер өлдің деп ұрысты да, өзі толқын астына көмілген. Ақ отау (алашордасы) толқынынан шығып қалмас па – екен деп, 1930 – жылға шейін дәмелі боп келді. Бірақ ол дәмесі болмады.

Мағжанның әйел жандылығы тап мақсатын жоғалтқасын тап қызығын үлкен мақсаты қылып ұстауы Берниязда да болды. Берниязда талай «Н...», «Р...», «З...», «Г...» ларға өлдім, талдым, ар-иманым сен, сенен басқа өмір маған керек жоқ дегенді айтты. Мағжан:



«Мен сүймеймін әйел сүйсем сендерше,  
Мен сүйемін жанын, түнін бергенше»

десе, Бернияз да:

«Мен сүйсем мәңгіге емес, азға сүйем,  
Онда да өзі сүйсе ойнап, күлем».

*(23 – жыл, 20 – январь).*

«Жоламас ең табиғаттын заңы бар,  
Бірді сүйсең «қор» болса да тағы бар.  
Бірінен соң бәрін қоймай сүйер ең,  
Ит жүректің «аздың» дейтін шамы бар»

*(1922 жыл, 13 декабрь)*

деді. Бернияздың әйел мәселесінде Мағжаннан бір өзгешелігі:

«Сен айбынды түрік-татар қызы,  
Родина Н-ың жың қалада.  
А, мен, мен қаны басқа қазақ ұлы,  
Еркелеткен ең далада»

деген сықылды ұлтшылдық сөздерін қыз мәселесіне де араластырып отырды. Екінші өзгешелігі: Бернияз көп өленінде байлардың «сүйдім, күйдім» сыпайшылығынан аттап өтіп Сергей Есенин сықылды кәдімгі бейбастақтыққа (хулиганство) салынды. Бейбастық өлендер жазады. Оның «**Мас болып отырғанда**» деген өлеңі қаламмен қағазға түсіруді көтеретін өлең емес. Бұл өлеңде, ол айуандық нәпсінін неше түрлі былықтарын былшылдатқан. Осы өленнің аяғында ол:

Арақ ішу, мас болу ер жігітке,  
Өнер іс пе, өзгеше әлде дерт пе?  
Сау басымды шырғалға салып қойған  
Мен тентек пе, құдай-ау, сен тентек пе? –

*(22 – жыл, 21 ноябрь)*

деп ызаланып жылайды. Бұл бейбастақтық, әрине байлар табының таптық өлім есірігінің бейбастықтығы.

Бернияз шынында 1923 – жылы өлді ғой. Бірақ ол осы өлімді 3 жыл бойы әзірледі. 20 – жылдардың өзінде, «өмірдің керегі не?» деген сұрауды ол алдына қоя бастады:

«Өткен өмір өкініш,  
Келесіден үміт аз.  
Осы күнгі өткен іс,  
Әурелікпен мен араз.  
Ертенгісін ойламас,  
«Көк есекпен» саудам жоқ.  
Есепте жоқ удай мас,  
Ода менен ауған күн.  
Өмірімнің ертеңін



Әурелікпен оздырып,  
Таба алмай кейін төтесін  
Жолда қалдым болдырып!»

*(21 жыл, 7 ноябрь)*

деген өлең толық шаршағандық.

«Шарқ ұрып жаным түсіп сергелденге,  
Бірде ыстық, бірде салқын тартып денс,  
Бүрк етіп қайнап шыққан қызу қанмен  
Көзге жас тығылып тұр тамбай жерге»

*(21 жыл, 21 ноябрь)*

«Қара басым жалғыз жан,  
Жүрегіме толды қан,  
Тағы қайғы, тағы зар.  
Көңілім зарға толады,  
Жүрек зорға соғады,  
Алшы тәнірім, алшы, ал!..  
Идеалым – қиялым,  
Жаным – жарым, иманым.  
Жатсам, тұрсам жалғыз зар,  
Зармен жалғыз олейін,  
Жанымды жырмен комейін.  
Алшы тәнірім, алшы, ал!»

*(22 жыл, 17 декабрь)*

«Өмір», «өлім» екеуі саңырау көз,  
Не қылсаң да барар орның кара жер.  
Бір айналыш түбінде соғар болғасын  
Тыныштық тап, осы бастан бара бер.  
Қолдан келсе жан иесін тілек ет,  
Тым болмаса айналанды ала кет.  
Мақсат та жоқ, мақсат деген зат та жоқ,  
Арттағына ұйытқыңды сала кет».

*(23 жыл, 9 январь)*

Бұл арпалысудың басталуы.  
«Мен естіген көп адам,  
Өсіресе ақындар.  
Тойған болып дүниеден,  
Күрсын деп тұрмыс тақылдар.  
Опасын білген сон,  
Неге сонда-ақ өлмейді,  
Қия алмай көзі жүргесін  
Несіне босқа сойлейді?»

*(23 жыл, 21 январь)*



Бұл жолдар өлімге белін бұғандығы болса, өлер алдынан 2-3 сағат бұрын ғана жазған өлеңі мынау:

Ал, жүрегім, өлейін,  
Дегеніңе көнейін.  
Аз күн тұрған жалғанға  
Келіп едім демейін.  
Өлер жерің осы деп,  
Дәл жүректің тұсы деп,  
Қорғасын оқ өткізіп,  
Өз қанына өзінді  
Қарық қып мәңгі бөлейін.  
Қаным тасып, ми қайнап,  
Бәрі білді-ау денемнің.  
Өлтіріп-ақ барады,  
Сөйле деп тіл мен көмейім.  
Бүгін өлер болғасын,  
Қай тілегін берейін.  
Артымда адыра қалған сон  
Несін қызық көрейін.

*(23 жыл, 29 январь, сағат - 5).*

Бұл өлең Бернияздың үш жылдан бері шақырып жүрген өлімінің қорытындысы.

Бернияздың өлу себебін біз жоғарыда көрсеттік. Өлі де айтарымыз – Бернияз пурлтариаттын темір тегеуірініне шыдай алмады. Пурлтариат үстемдігі барда табына тіршілік жоғын оның тапшылдық жүрегі сезді. Ол сондықтан өлді. Бірақ оның өлімі бір күнде ғана басына келген жоқ (3-4 жыл бойы ойдың сазына батты. Одан шығуға жанталасып, тырманып еді, пурлтариаттың байларға сала бастаған темір құрсауы үзілместей мықты көрінді. Осы мықты құрсауда бұлқынып, бұлқынып, болмағасын өзіне өзінің шамасы келді). Пурлтариат үстемдігінің күші осындай.

Бұл сияқты өлу Берниязда ғана болған жоқ, бас атақты байшыл ақын Сергей Есенин боп, орыстың байшылдарында да болды. Сергей Есенин өзін-өзі асып өлтірді. Ол да Бернияз сияктанып өз өлімін өзі пәлен жыл даярлаған адам еді. Бұлардың бәрінің табы да бір. Көрген қысымы да бір, қайғысы да бір, өлімі де бір. Бұндай өлушілер пурлтариаттың байларға шабуылы күшейген социалдық күнде де болып тұрмақ.







## VIII. ӘУЕЗҰЛЫ МҰХТАР

### ӨМІРІ

Мұхтар Әуезұлы 1897 жылы бұрынғы Семей округі, Шыңғыстау ауданында туған. Өз әкесі – Омархан деген кісі. Әуез – Омарханның әкесі. Мұхтардың тұқымы төмен ата және басқа рудан келген кірме болса керек.

Мұхтар әкесінен 6-7 жасында жетім қалады. Омарханның бастапқы әйелінен қалған Мұхтардың ағасы (аты беймәлім) Омархан өле салысымен еншісін алады да, Мұхтар өз шешесімен шаруаға ие болып қалады. Бұл кезде оларда ортадан жоғары шаруа болады.

Мұхтардың әкесімен туысқан Қасымбек деген учитель ағасы болады. Бұл ағасы Ахмет, Міржақыптар басқарған ұлтшылдыққа қатынасқан, ұлтшыл адам, әрі пікірі ашық адам болады.

Мұхтар 7-8 жасында ауыл молдасынан ескіше бірер жыл оқығаннан кейін. Қасымбек оны 10 жасқа келген шамасында ауылдық орысша школаға береді. Онда үш жыл оқығасын Қасымбек Мұхтарды Семейдің орысша қалалық школына береді. Бұл школда 4 жыл оқып, Мұхтар оны 1915 жылдар шамасында бітіреді. Содан кейін Мұхтар Мұхатай Молдабайұлы дейтін байдың қолында бір жылдай учитель болып тұрады.

1916 жылы Мұхтар Семейдегі мұғалімдік семинарияға түседі. Оны 1920 жылы бітіреді.

1920 жылы ол Семейде ұсақ ұлт бөлімінің (ол кезде Семей Сібір ревкомына қарағандықтан, қазақ ұсақ ұлт болған ғой) бастығы болады. Сол жылы жазғытұрым Семей Қазақстанға қарағанда Қырғыз секциясының (қазақ бөлімінің) бастығы болады. Жиырмасыншы жылдың аяғында губерниялық заң бөлімін (губерниялық юстиция) басқарады.

1921 жылдың басында губерниялық ревкомға мүше болып өтеді. Июнь айында губерком бастығы Смағұл Садуақасұлы орнынан алынғасын, губеркомға бастық болады. Сол жылы күзде ашылатын Қазақстанның бірінші кеңестер съезінде Мұхтар Қазақстан орталық атқару комитетіне жауапты хатшы боп белгіленеді.

1922 жылы ол қызметті тастайды да, Тәшкенге барып, Тәшкен университетінен сабақ тыңдайды. Бір жағынан оқытушы болады. «Ақ жол» газеті, «Шолпан», «Сана» журналдарына қатынасады.

1923 жылы Ленинградқа кетіп, онда Ленинград университетінің тіл-



мәдениет факультетіне түседі. Осы университетті 1929 жылы бітіреді. Сөйтіп Тәшкенге оқытушы боп кетеді.

Мұхтар ең алғаш 1917 жылдары үйленеді. Ол әйелін 1921 жылы тастап, Абай Құнанбайұлының тұқымынан бір әйел алады. Бұл әйел 1925 жылға дейін Мұхтардың ауылында шаруасын басқарып тұрады. 1924 жылдары Мұхтар оқуды бір тастап, елінде боп, аңшылықпен әуейленеді. 1925 жылы бұл әйелін де тастап, содан қайтып еліне бармайды.

Саяси бағытына келгенде Мұхтарға ұлтшылдықты ең алғаш сепкен адам, тәрбиелеген адам өзінің ағасы Қасымбек. 1917 жылға дейін ол соның тәрбиесінде, саяси жетегінде болады. 1917 жылы болатын февраль төңкерісінен кейін ол кәдімгі ұлтшыл жастың біреуі боп істейді. 1918 жылы май айында Омбы қаласында «Бірлік» ұйымы шақырған ұлтшыл жастардың жиналысына Мұхтар Семейдегі ұлтшыл жастар ұйымынан өкіл боп барады.

Бұл жиылыс одан кейін көп кешікпей ұйымдастырылған алашорда партиясының салқыны деуге болады. Жиылыстың қаулысында бәлшебек қауімімен күресу, сақтану ісі қолға алынған. Жиылыс жастарды саясатқа баулитын газет шығармақ боп, оның атын «Жас азамат» қойған.

«Жас азамат» көп кешікпей шықты. Онын бірінші санында-ақ пултариат үстемдігіне қарсылық ашық көрінді. Оған дәлелді ұлтшыл байшыл дәуірдің сынында айтамыз.

Осы жиылыс Мұхтардың да пурграмасын ашып берді. Осы съезден қайта сала ол «Абай» журналында да, «Жас азамат» газетінде де бәлшебекке қарсы үзбей мақала жазды. Сол бетімен ол кеңес үкіметі орнағанға дейін келді.

Кеңес үкіметі Семейге келе ол комунист партиясына кірді. Бұл кіруі, қазір дәлелденіп болған, Әлиханнның ақылымен кіру. Олай скендігін Мұхтар көп кешікпей істе дәлелдеді.

1920 жылы Міржақып Дулатұлы Семейге барып халық сотына бастық болды. Мұхтар да онда заң жұмысын істейтін еді. Бұл екеуі ол кезде бірігіп істейді. 1921 жылы Семейге ұлтшыл Смағұл Садуақасұлы губеркомға бастық боп барғанда Мұхтар Садуақасұлының жігінде болды. Онда да Міржақып, Смағұл, Мұхтарлардың саяси жолында айырма болған жоқ. Бәрінің әдісі – отаршылдықты сылтау ғып, алашорда жолын іске асыру еді.

1922 жылы Қазаткомға хатшы болғанда (осы кезде ол «Ұшқын», одан кейін «Еңбекші қазақ» газетінде коллегия мүшесі еді) ол байшылдық жолынан танған жоқ. Газеттер де осы жолын жақтап мақалалар жазды. Әсіресе 1922 жылы февральда болатын қазақстандық II партия конференциясында сөйлеген сөзі оның байшылдығына айқын куә (есебін кара).

1923 жылы Ташкенте бару себебі басмашылармен сабақтас болу екені



осы күні айқындалып отыр. Сонымен қатар, ол «Ақ жол», «Шолпан», «Санада» байшылдығын, идеалистігін айтып көрсетті.

Ленинградта Мұхтар Бөкейханұлымен бір үйде тұрды. Бұл кезде ол 1929 жылы ашылатын алашорданың кеңеске қарсы жасырын ұйымында болғандығы ашылып отыр. Осы ұйымға қатынасқандығы үшін 1930 жылдың аяғында Мұхтар абақтыға алынды. Басқа пікірлерін енді жазғандарымен дәлелдейміз.

### Кеңес үкіметіне шейін

Біздің қолымыздағы материалдарға қарағанда Мұхтар Әуезұлы февраль төңкерісіне дейін жазуға араласқан адам болмауы тиісті.

Февральдан кейін Семей қаласында 1918 жылдың январынан бастап «Абай» атты көркем әдебиет, жаңа саясат журналы шықты. Бұл журнал негізінде Алашорданың Семейдегі облыстық комитетінің тілі болды. Әйткенмен журналдың барлық санын алып қарағанда да үзбей жазған және көп жазған адамдар Аймауытұлы Жүсіпбек пен Мұхтар Әуезұлы. Жүсіпбек журналдың шығарушысы болды. Мұхтар үнемі жазушысы болды. Мұхтар мен Жүсіпбектің ең алғаш әдебиет өленіне атын шығарған да, жазушылық тұсауын кескен де осы «Абай».

Мұхтар «Абай» журналында көркем әдебиетпен шұғылданған жоқ. Саясатпен шұғылданды. Ол үнемі саясат мәселелерін ғана жазды. Бірақ осы саяси мақалалар Мұхтардың келешекте кімнің адамы болуға даярланып жүрген бетін ашты. Сондықтан біз оның мақалаларынан бірнеше мысалдар келтіреміз:

**«Бірінші жалпы жастар съезі»** дегенде ол былай деді:

«Өткен майдың 5-інен 13-іне дейін Омбы қаласында жалпы қазақ жастарының съезі болды. Съезді шақырушы Омбыдағы қазақ жастарының «Бірлік» атты ұйымы. Съезге қазақ-қырғыз ұйымдарының бәрінен бір-бір өкіл шақырылып еді. Өкіл жіберген ұйым 15 болды. Съездің шақырылған себебі әркімге де мәлім. Ол – еркіндік, жұрттың жауы бәлшебек билігі дәуірлеп, жұрттың ақ жолды қамқорлық жасап келе жатқан ісінен, көздеп келе жатқан мақсатынан айырып әкеткендігі.

Тұлынған жолына кедергі боп шыққан бәлшебекті ашылып, ниеті көрінген соң бәлшебек сиғызбады. Әрбірін әр жаққа қуып, бытыратып тоздырды. Басшының жоғын көрсетпей, жұрттың тізгінін мықты ұстап қалуға тырысу – әрбір азаматтың борышы еді. Жастар әр жердегі ұйымдар арасында бұл борышын бұрын ұғып, өз қайратымен көсемдік қылған «Бірлік» ұйымы.

Ұйымдардан басқа жерлерден өкіл шақырылмағасын келген өкілдің аздығына қарамай, съезд жалпы қазақ жастарының съезі деп ат қойылып, айдар тағылды. Бұл жиылысты жалпы съезд деп атауға себеп болған –



бірінші, заман қалының ауырлығы, уақыттың «кемеліме келіп, кер тұрымды мінемін» деуге қаратпауы. Екінші, қазақ жастарының рухына ұлтшылдық сіңсе де саясат майдапына бел шешіп түспеген көк қауырсын балапандай тез жұмылып, тез құралмайтындығы болды.

*(«Абай» №6. 18 жыл, 4-бет).*

Осы санда Мұхтар «жастар ұйымдарына ашық хат» деген мақала жазып, съездің маңыз-мақсаттарын түсіндірді де аяғында: «Съезд бес кісілік комитет сайлады: Қазір Мурзин, Гуля Досымбекова, Әбдірахман Байділдаұлы, Мұратбек Сейітұлы, Смағұл Садуақасұлы... Съезд «Жас азамат» атты газет шығаратын болды» деді.

Алап жастарының газет шығаруы іс жүзінде жарыққа шықты. «Жас азамат» атты газет 1918 жылы июль айында Қызылжар (Петропавл) қаласында шықты. Редакторы Қошмұхамбет Кемеңгерұлы, шығарушы жанағы сайланған комитет.

«Жас азамат» газетінің не айтқанына бірінші санында Сібірде сәбден құлағаннан кейін жазған мына мақаласы куә.

«Бәлшебек бұлты басқан бостандық күні жарқырап, жанадан шықты... Құдай алаштың тілегін берді. Дұшпан көңілі басылды, үні өшті, қозғалмастай күйге түсті. Алашорда тірілді, ақ ту көтерілді...».

«Бірлік» ұйымы съезінің өзін Сібірде сәбдеп (жұмыскер өкілдерінің үкіметі деген сөз. Бәлшебектер ең алғашқы үкіметті осы атпен жасаған) құлағанның артынан шақырған. Съездің қаулысы, оның шығарған газеті, съезде қатынасқан Әуезұлының сөздері жоғарғы бұл сөздерді еңбекшілер жұртшылығына түсіндіріп жатудың қажеті жоқ. Пурлтарнат үстемдігіне съезд де, газеті де, Мұхтар да қарсы екені ашық көрініп тұр.

«Мәдениет хәм ұлт» деген мақаласында Мұхтар мәдениетті ел мен мәдениетсіз елдің қарым-қатынасын ұлтшылдық бағытпен талқылап келсді де мынадай деген қорытынды жасайды.

Барлық дүние жүзіндегі ұлттарды бір адамшылық жалауының астына кіргізем деген мақсат шықты. Ол мақсатты көздеп отырған социализм ғылымы мен эсператто тілі. Бұлардың ішінде бабы келмеген елге социализм жолын Русия халқы көрсетіп отыр... Социализм мен Эсператто тілі жайылса бір жайылатын жер осы соғысып жатқан Европа патшалығындай-ақ болады. Өнер-білім мәдениетін сол жолдарға жұмсаймып десе, Европа патшалықтарына жау болып шығып жұтып қоятын жуан ел жоғы мәлім еді ғой. Бірақ бәленің басын өздері бастап отырғасын не лаж бар?.. Русияның мына омбылап жатқаны кейінгі жұрттарға жақсы сабақ. Енді талай жылға дейін социализмнің бүйтін топыр салуы қиын жұмыс. Осы себептерден әр бір ұлт мәдениет пен ұлтшыл қалыпты сақтауды ғапа иман қылатын күйге келді.

*(«Абай» №10. 5-бет).*

Мұхтардың бұл сөзінен ашық көрініп отырған нәрсе ол социализм болмайды. Социализмді шығарушы Еуропаның өзі дүниені бүлдіріп жатыр. Оған Россия куә. Сондықтан қазақтың социализмде жұмысы болмай, ұлттық мәдениетін өсіруі керек деп отыр.

Ең алдымен социализмді тілек қылған барлық Еуропа емес, пурлтариат ғана. Мұны Мұхтар жақсы біледі. Еуропада социализм тонын жамылып, еңбекші тапты капиталистерге жығып беріп отырған социал-демократ сияқты жалған социалшылдар да бар. Мұхтар оны да жақсы біледі. Социализмді тап күресінің қисынына айналдырған пурлтариаттың бас көсемі Карл Маркс, оның төңкерісшілдік жолын іс жүзінде жарыққа шығарған – Ленин, Ленин жолын дұрыс әкетіп бара жатқан бәлшебек партиясы, мұны да Мұхтар жақсы біледі.

Мұхтардың Еуропа қырылып жатыр дегенде айтып отырғаны 1914 жылы басталатын жиһангерлер соғысы. Бұл соғыс жиһангерлердің базар таласынан шықты. Бұл соғысқа социалистердің ішінде бәлшебек партиясы ғана қарсы боп, өзге социалистердің бәрі өз ұлттарының шашбауын көтерді. Бәлшебектер бұл соғыс тап соғысына айналсын, барлық ұлттың еңбекшілері өз капиталистерін жоюға тырыссын, байлардың базары үшін қандаспсын деді.

1917 жылы бәлшебек басқаруымен Русия пурлтариат азамат соғысын ашып, байлар үстемдігін құлатса, Мұхтар айтқандай мелитаристігінен емес, байларды құлатпай, пурлтариат үстемдігін орнатпай адам баласы бақытқа жетпейтін болғандықтан, адам баласының бақытына капиталистердің кесірлігінен еді.

Мұхтардың өзі айтқан Еуропа капиталистері тұрғанда қаншама ұлттығын сақтаймын дегенмен қазақ сықылды мәдениеті төмен елге жуық арада теңдік болмайтын еді. Пурлтариат үстемдігі орнамағанда, қазіргі мәдениет, шаруашылық, саясат істерінде өзге ұлттармен теңеліп отырған қазақ елінің не болғанын көрер едік!

200 жылдан артық билеген отаршыл Русияның, оның бер жағында Колчактың қазаққа не көрсеткенін де көріп едік. Осылардың бәрін Мұхтар білмей отырған жоқ. Біліп отыр. Білсе де социализмді қазақ халқына жұтатын обыр көрсетіп отыр.

Неге бұлай?

Бұлай болатын себебі бар. Ол мынау: егер де шын мағынасында социализмге аттай бастаса, басқа ұлттардың байларымен қабат қазақ байларына да қара күн туады. Олар да тап ретінде жойылады. Шынында солай болғанын октябрьдің 14 жылдық тәжірибесінде көріп отырмыз. Байшыл Мұхтар, оқыған, саясаттан хабары бар, алашорданың сенімді Мұхтары социализмнің осындай қылығын көріп отыр. Сондықтан социализмді жамандау арқылы қазақ байларын тап тартысының



талқысына түсіргісі келмей отыр. Мұхтардың қазақ бұқарасына социализмді түкке тұрмайтын қиял ғып көрсеткен себебі осы.

Мұхтар «Абай» журналына, «Сары арқа», «Жас азамат» газетіне әлденеше мақалалар жазды. Бәрінің сарыны жоғарғы көрсеткендер. Қысқасын айтқанда, Мұхтар бертін ғана байшыл болған адам емес. Оның төңкеріске қарсылығы қолынан қалам ұстағанынан-ақ басталған. Осы қарсылықты ол қазақ даласына кеңес үкіметі орнағанша саяси мақалалар арқылы көзге көрсетіп жүрді.

### Кеңес тұсында

Кеңес үкіметі қазақ даласына орнағаннан кейін, алашорданың коммунист партиясына тәсілмен енгізген сенімді адамының біреуі Әуезұлы болды. Ол кезде қазақ еңбекшілерінің сана-сезімі уланбаған кезі. Қазақ даласына әкел, кеңес үкіметінің алғашқы қадасын қаққан орыс пурлтариаты ол кезде қазақ оқығандарынан кімнің дос, кімнің қас екенін танымайтын еді. Сондықтан кеңес үкіметін ішіне кіріп ап құлату ниетімен іске кіріскен Мұхтарлар төңкерістің бастапқы кезінде кеңес үкіметінен жылы орын алды. Жауапты қызметке кірді.

Егерде өзінің жолына шеберлік жасай алмаса, әр жағдайдың ретіне қарай әдіс қолдана білмесе, ол адам белгілі бір тапқа көсем боп, күшін басқара алмайды. Мұхтар қазақтың байшыл жастарының ішінде «Әлихандыққа» даярланған жігіт еді. Сондықтан оған да әдіс, айла, тәсіл керек болды. Кеңес үкіметінің көзін алдау керек болды. Сондықтан ол бай деген сөзді кіргізіп, көз тайдыру ниетімен азын-аулақ нәрселер жазды. Бірақ Мұхтар қанша боянғысы келгенмен Аймауытұлы Жүсіпбектің түлкі бұлғағына салына алған жоқ. Ол боянам деген жердің өзінде де байшылдығын сездірмей отыра алған жоқ.

Кеңес ісіне кірсе, Мұхтардың бір білетін шығармасы – «Қорғансыздың күні» дейтін 1921 жылы Орынборда басылатын әңгімесі. Ол әңгіме біздің қолымызға түспеді. Әйткенмен онын қысқаша мазмұны: бір болыстың қысты күні қаладан келе жатып бір үйге конуы, ол үй жесір әйелдің үйі болуы, үйінде 15 жасар қызы болуы, түнде төсек саларда қыз далаға шыққанда болыстың зорлауы, осы зорлыққа ызаланған қыз үйіне келе алмай, әкесінің моласына кетуі, сол кезде боран соғып, қыздың үсіп өлуі еді.

Мұхтарға тілектес коммунистер, әсіресе, Смағұл Садуақасұлы талай жерде: «Мұхтар кедейшіл». Ол болыстың зорлығын жазды деп, осы «Қорғансыздың күнін» Мұхтарды жақтауға құрал ғыш жүр. Біздіңше, мұнда кедейшіліктің исі де жоқ. Міржақыптың «Бакытсыз Жамалында» Жамалға қайыны зорлық қылмады ма? Сонымен Міржақыпты кедейшіл дей аламыз ба?



«Қорғансыздың күніндегі» болыс – ескішіл, нәпсінің құлы, қазақтың феодалдық салтын жақтағыш адам. Бұндай адамдарға Мұхтарлардың қарсы екені рас. Үйткені ондай адамдар феодал табының адамы да, Мұхтарлар қазақтың өсіп келе жатып, октябрьден тұғырған жаңа байлар табының адамы. Екеуінің таптық тілегі қайшы. Мұхтарлардың тілегі қайшы. Мұхтарлардың тілегі ол болыстікі сықылды қол зорлық емес, Мұхтардың зорлығы жіңішке, шебер, жақсылап бақыламаған адамға білінбейтін зорлық. Мұхтардың табының ұраны – «свобода, братство и равенство», оның табы еңбекші таптың дінкесін осы ұранмен құртады. Бұл ең нәзік жолда еңбекшілер үшін ең қатерлі жол. Мұхтарлар әйелді болысша зорламайды. Оларда «махаббат» бар.

Міне, сондықтан Мұхтар болыстың зорлығын көрсеткенде еңбекші тапқа істеген зорлығы емес, Мұхтардың таптық тілегіне қайшы келетін зорлық.

Еңбекші тапқа болыстардың істеген ісін Мұхтар еш уақытта жазған пенде емес. Олай болса, «Қорғансыздың күнін» Мұхтардың пурлтариатшылдығына байланыстырудың түк қисыны жоқ. Бұл байшыл жазушылардың белгілі «жаңашылдығы» (либерализм). «Еңлік-Кебек» туралы бір-екі сөз. Бұл пьесаны Мұхтар 1922 жылдары жазды. Пьесаны айрықша тексермей отырған себебіміз, бұл – Шәкәрім Құдайбердіұлының 1910 жылы Семейде басылып шығатын «Жолсыз жаза» деген поэмасы. Оқиға да, тема да, адамдары да сонда айтылғандар. Мұхтар Шәкәрімнің поэмасының тілін пьесаға аударған. Әйтпесе, пікірінде түк айырма жоқ. Сондықтан «Еңлік-Кебекті» түгел таяқылауды Шәкәрімнің сыбағасына қалдырамыз.

Бұл туралы біздің қосымша түрде аздап қана айтатын сөзіміз мынау: «Еңлік-Кебекте» де «Қорғансыздың күнінде» көрсетілген болыстың кейіпкерлері бар, бірақ сонымен қатар Қараменде сықылды қазақтың қамын жалпы ойлайтын қазақ үшін қабырғасы қайысқыш билер бар. Қараменде би жұрттың сөзі тентек Кебек пен Еңлікті өлтіруге бет бұрғанда былай дейді:

«Ағайын, көзіңе қан толып, түгінді сыртына теуіп, бүгінгі сөзге осынша түйіліп отырсың. Осының артынан туатын ертеңгі сөзге, ертеңгі пәлеге көзінді салдың ба? (аз тым-тырыс наймандарға қарап). Тастап отырған сөзіңнің жөні, білегіңнің күші бар, жүрегіңнің түгі бар, осы отырған басшылар! Абылайдың ала туын ала аттансаң, артыңнан еретін аламаның, бір батырын, бір туысқан бауырыңның қанын төгем дейсін. Ол болмаса екі елдің жақсысы бас қосқанда ауыздарыңнан шыққан сөздеріңе құлағы мен көзін салып, телміріп тыныштықты тілеп отырған екі ру елдің еңкейген кәрі, еңбектеген жасының қанын төгіп, көз жасын ағызам дейсін, ел шыркын бұзам, нақақ қанды мойыңға жүктеймін дейсін, қай сөзінде мақұлдық бар».

(68-бет).



Мұхтарға Қараменденің бұл бірлігі күні бүгін де керек. Мұхтар үшін бұл өте қасиетті сөз. Ол осы сөзбен бүгінгі қазақтың ойын ұйытқысы келеді. Бүгінгі қазақтың жіктелмей (тапқа бөлінбей), ұлт болып тұтас тұруына осы сөзді құрал қылады. Олай болса Мұхтар Шәкәрімнің шығармасын поэмаға аударғанда әлдеқалай аударған жоқ, осындай пайдасын көріп аударды. Қазақтың берекесіз биін көрсетіп, бүгінгі қазақты берекесіздіктен жиіркендіргісі келді де, Қараменденің сөзін алдына тосып, ұлтшылдық жұбын қатайтқысы келді. «Енлік-Кебектің» бар сыры осында.

Мұхтардың осындай әдістерін оның коммунист достары еңбекші бұқараның алдына оның кедейшілігі, ескі өмірге қарсылығы деп тартқысы келді. Және тартты да. Бірақ бұларда кедейшіліктен түк иіс жоқ.

### «Шолпанда»

Соғыс коммунизмінің бастапқы жылдары өтіп, Русия пурлтариаты кімнің кім екенін тани бастап, қазақтың еңбекші табының аз да болса санасы өсіп, партия мен үкіметтің тізгініне жармаса бастағасын, Алашордадан партияға қулықпен кірген Байтұрсынұлы Ахмет, Әуезұлы Мұхтар, Аймауытұлы Жүсіпбек сықылды байшылдарға қуғын ашыла бастады. Саясат, білім әлемінде қабырғасы катып, қанаты еркін жетілмегенмен қазақтың еңбекші жастары олармен күрес ашты. «Қазақстанда бастапқы жылдарда болған жік таласы негізінен байшылдық пен интернационалдың таласы еді» (Голошекин).

Осы таласта, осы күресте Әуезұлы, Аймауытұлы сықылдылар ескі Қазақстаннан сырғып, ескі Түркістан республикасына барып Қожанұлы Сұлтанбектің жігіне барып сая тапты. «Смағұл мен Сұлтанбек негізінде алашорда жолы үшін күресті» (Голошекин). Алашорда жолы үшін күрескен Сұлтанбек, Мұхтар сықылды саяси саяктарды қарсы алып, қолдарына кенес үкіметінің баспасөзі «Ақ жолды» берді. Оны місе тұтпай, «Шолпан», «Сана» сықылды журналдар шығарды. Бұл журналдар кенес ақшасына шыққанмен мазмұны байлардікі, байшылдікі болды. Мағжан сияқты, Мұхтар сықылды байшылдар кенеске қарсылығын осы журналдар арқылы жүргізген.

Мұхтардың «Ақ жол» газетінде басылған сөздері біздің қолымызға түспеді. Біздің қолымызға бар түскені «Шолпан» журналы болды. Мұхтар бұл журналда кедейге өз атымен жазды да, кейде «Жаяу сал» деген атпен жазды. Бұл шығармаларында Мұхтарда екі түрлі бағыт болды. Біреуі байдың ашық кейіпкерін жасап шығару, екінші байлар өмірінің жұмбағын шеше алмай, күйректікке түсу (сентиментализм), мақсат қызығын тастап, көз қызығын, дене қызығын сүю.

Мысалға «Қыр суреттері» деген әңгімесін алсақ, Мұхтар бұл





әңгімесінде жазғы кеш пен жазғы түннің көрінісін суреттейді («Шолпан» №2-3, 52-55 бет). Бұл суретте қырдың әдемі табиғатынан басқа Мұхтардың көзіне адамзаттан пенде түспейді. Бірен-саран көзіне түскен адамдар құс салушы, қыз аулаушы ғана болды. Одан басқа «қырда кім тұрады, олар не істейді, олардың мақсаты не?» Бұл жағына Мұхтар көзін салмайды. Көргісі келмейді. Ол туралы ләм деп ауыз ашпайды. Бұл әңгімені оқыған адам қырда да не қызығын іздеген Мұхтар сықылды бірен-саран «Жаяу салдардан» басқа дәнене көрмейді.

Мұхтар «Жаяу сал» деген атты әлдеқалай алып отырған жоқ. Оның өз сөзіне қарағанда «Қазақ қазір кедейленген. Бұрынғы салдар атсыз жаяу қалған». Мұхтар өзін бай табының салымын деп ойлайды. Бірақ, жаяу салмын, баяғы атым жоқ деп түсінеді. Мұнысы, біздіңше, дұрыс. Үйткені кеңес үкіметі орнағасын, Мұхтар сықылды еңбекші ет жейтін салдардың астындағы аты алынып (конфескеленіп), кедейге беріле бастады ғой. Мұхтарлардың осы себепті жаяу қалғаны, қалмаса тез қалатыны Мұхтарға айқын. «Жаяу сал» деген атты ол осы себепті алды.

Мұхтар ауылынан безіп, қырдың даласын кезуі, көзіне адам түспей, дала түсуі жайдан-жай болған жұмыс емес. Ол жаяу қалудың қайғысы. Өзі сүйенген табы жаяу қалатын болғасын, өзі сүйенген табының таптық ажалы елестеп тұрғасын, тіршілік кілті бұларды жоғалтатын пурлтариаттың қолында тұрғасын Мұхтарға шынында адамның керегі қанша? Өзіне қас таптың тіршілігіне көз салып, оны Мұхтар жазып не қылсын?

Міне, Мұхтардың дала суретіне берілетін себебі осы.

«Қысты күні далада» деген әңгімесінде Мұхтар Рабиға деген бір әйелге әмеңгерлік істеп бір шал зорлағасын, Рабиға түнде қашады да, далада үсіп өледі. Мұнда әйелдің аянышты халі суреттеледі. Бірақ онымен кедейшілдік бар деуге болмайды. Ол туралы біз пікірімізді «Қорғансыздың күнін» жазғанда айтқанбыз. Мұнда да сондай. («Шолпан», № 45, 49-бет).

«Оқыған азамат». Бұл әңгіме «Шолпанның» №2-3 және 4-5 сандарында басылды. Әңгіменің қысқаша мазмұны мынау: қаланың әрі оқыған, әрі байы Мақсұт деген жігіт өледі. Мақсұттың артында жас баласы, Қадидша атты әйелі, кәрі шешесі қалады. Мақсұттың жақын жолдастары Жұмағұл, Ақытай, Мейірхан деген оқыған жігіттер болады. Мақсұт өлгеннен кейін осылардың ішінен Жұмағұл Қадидшаға көңіл айтып, барғыштап жүреді де, ақырында Қадидшаны алады. Бұған Мейірхан қарсы болады.

Той өтеді. Жұмағұл демалысқа еліне қайтады. Әкесі Әміре ауылдағы нағыз ауқатты кісі болады. Жұмағұл біраз жатқаннан кейін Әміре мен оның бәйбішесі Жұмағұлдың құлағына бай кемпірдің мүлкін қолына алуды ескертеді. Әміреден бұрын ескеріп жүрген Жұмағұл ол сөзге күп дейді де, қалаға келе кемпірге «қолымызда тұрсын, күтейік» десе,



кемпір ыршып жолатпайды. Мұны көрген Жұмағұл тиісті орынға жас баланың атынан арыз жаздырып, ол орын мүлікті Жұмағұлдікі деп қағаз береді. Мұны естіген кемпір одан жаман шаптықса, Жұмағұл оның зарына қарамай, мелесия алып барады да, кемпірдің мүлкін қолмен алуға ойлайды. Кемпір бұл қорлыққа шыдай алмай сол арада ақылынан шатасады да, өліп кетеді. Бұл әңгімеден бізге керегі Жұмағұл. Ол мал десе арып сататын, малдан басқа досы жоқ, қазақтың малға ашқарақ байы. Бұл байдың «Малға достың мұны жоқ малдан басқа» дейтін адамы. Жұмағұл Қадишамен еліне кетіп бара жатып Мақсұттың үйінің қасынан өткенде:

– Сен де маған тиер ме екенсің, жоқ па, - дейді.

Жұмағұлдың әкесі де Жұмағұл мінезді. Жұмағұл қулықты адам. Жұмағұл Қадишаны алды дегеннен-ақ ол да дәулет молаяды деп аллаға шүкіршілік қыла бастайды. Келін, баласы келіп, олармен ауыл үй қонғаннан кейін Әміре Жұмағұлға:

– Жұрты құрғыр кісіге жақсылық ойлаушы ма еді? Сен мал тауып байып бара жатсаң көре алмайды. Өпе бойы жұрттан қорқам деп сыбағаннан қалып жүрме. Арсыз болмай, абыройлы болмайсың, - дейді.

Жұмағұл қалаға қайтып келіп, мал мүлікті ізденіп жүргенде Мейірхан «бұның не?» деп ренжісе, Жұмағұл оған: «мен емес, Қадиша» деп танады да, «егер бұндай арамдыққа мені қисаң сені де сынармыз» деп қоқанлоққы көрсетеді. Қысқасы, әңгімесінің бас-аяғында Жұмағұл малдың құлы, мал жанды адам көрінеді. Бұның типін Мұхтар келістіріп шығарған. Бұл қазақтың жаңа байы.

Әңгіменің бір өрескел жері кемпірдің табан аузында аурусыз, сырқаусыз жынданып өле қалуы. Оның, әрине, шындыққа байланысы жоқ.

Бұл әңгімеде және бір өте керекті нәрсе, Мұхтардың Жұмағұлдың қылығына ренжіген кейіпін көрсеткендігі. Мұнда біздіңше, саяси астар бар. Ол мынау: байлар (буржуазия) ескі күнге, феодалдық өмірге өзі өсіп келе жатқанда ғана қарсы болады. Егер пурлтариат төңкерісі бастала бастаса олар феодалдармен ауыз жаласып, феодалдарға күшін қосып, пурлтариатқа қарсы тұруды ойлайды. Бір кезде қайшы екі тілек бұл арада қосылып кететін әдеті бар. Сондықтан байшыл ақындар белгілі жағдайда феодал табының байлармен бірлігіне елші болатын әдеті болады. Мұхтардың мына әңгімесінде осы бар. Кемпір ескілік істеп, баламнан қалған малымды бермеймін десе, Жұмағұл оған зорлық істесе, Мұхтар ренжиді. Екеуің неге араздастың дегендей қылады. Жұмағұл жолдастық қақынды ұмыттың деп ұрысқандай болады.

Мұхтардың бұдан басқа да жазған бірнеше әңгімелері бар. Олардың бәрінде де ылғи байдың өмірі, байдың қылығы суреттеледі. Мұхтар осы әңгімелерінің ішінде көлденең уақиға есебінде болса да, кедей



батырақгың өмірінен шумаңдай белгі көрсетпесіңді. Мұхтардың әңгімесін оқып отырғанда дүние жүзінде байдан басқа жасаған адам бар деп ойламайсың.

Төңкерістен бұрын алашордашыл болған, төңкерістен кейін көркем әдебиетпен айналысқан Мұхтардың мән жайы осындай.

Мұхтар сын мәселесіне көп араласты. Ондағы оның пікірлері көркем әдебиеттегі бағытынан бұрылған жоқ. Ол сындарында өзі сықылды жазушылардың шашбауын көтерді де, өз тілегіне қарсыларға (мәселен Сәкеннің «Қызыл сұңқарлар» атты төңкерісшіл пьесасына) қарсы болды. Мұхтардың ол сындарына тоқтауды біз қажет көрмедік.

### «Қилы заман»

«Қилы заман» Мұхтардың 1916 жылғы қазақ көтерілісінен алып жазған тарихи ұзақ әңгімесі (повесі). Бұл 1928 жылы Қызылордада Қазақстан баспасында басылып шықты. Повестін қысқаша мазмұны мынау:

Бұрынғы Жетісу облысы Жаркент уезіне қарайтын Алатаудың бір саласындағы Албан дейтін елдің жайлауда отырған кезінде, 1916 жылы қазақтан майданға қара жұмысқа жігіт алу туралы патша үкіметінің жарлығы шығады. Осы кезде Албан елінің жайлауының қас ортасынан ашылған Жетісудағы атақты «Қарқара» жәрмеңкесі жүріп жатады.

Жарлық сн алдымен жәрмеңкеде тұрған приставқа келеді. Бұрын қазақты сүліктей сорып, параға сүйеніп қалған пристав (ақ желке) өзімен жемтіктес Плотников деген уряднигі шақырып алып, келген жарлықты оқиды да, екеуі оңай олжа табылды деп іштерінен қуанып, жарлықты естіртпек үшін ертеңіне болыстарды жинамақ болады.

Болыстардың бәрі жәрмеңкеден табылады. Ертенінде жиылыс болып пристав жарлықты естіртеді. Болыстардың ішінде Рахымбай дейтін приставтың тілсктесі бір қу болыс бұл жарлыққа ішінен қуанады да, өзгелері төбесіне жай түскендей тұнжырап, қабақтарын қарс жауып үндемейді. Жалғыз-ақ Әубәкір дейтін болыс «біз жарлықты жариялаймыз, бірақ ел бұған көнбесіңді» десе, пристав сен бүйдеп отырғанда ел не демейді. Сөзді қой да, жігіт жина! деп тұжырып тастайды.

Болыстар жігіт беруді елге хабарландырмақ боп, жігіттердің тізімін үш күнде приставқа тапсырмақ боп тарайды. Бұл хабар сол күні-ақ елге тарайды. Ертенінде болыстар жайлау ортасына барып ел жинайды да, хабарды естіртеді.

Жиылыста Рахымбайдан басқа жігіт беру жағына жан шықпайды, өзге ел қарсы болады. Әсіресе, Жәмеңке, Ұзақ, Серікбай деген елдің қабырғалы ақсақалдары және Әубәкір болыс қарсы болады. Жұрт бір ауыздан жігіт бермеуді ұлыққа хабарландыруға, егер зорлық істеуге бет



алса көтеріліс жасап қарсы тұруға қаулы қылады. Бұл жауапты ұлыққа беруге Серікбай, Тұрдығұл, Айтбай дейтін үш адамды сайлайды да, Жәменке ақсақалдың үйінен бәрі құрмалдық жеп тарайды.

Жиылыстан жұрт қайтқанда жиылысты басқарғанның біреуі Ұзақ деген ақсақалды туысканы Тұнғатар деген сен жұртқа ерме, патшаға әлін келмейді. Өзімізге қарағандарды мал беріп алып қалармыз дейді. Ұзақ бұған көнбейді. Пристав елдің бұл қарсылығын тыңшы арқылы естіп жағады. Ертенінде ел жиылып келеді де, сақтық қып құралданып тұрған ұлықтарға тобымен келіп жұрттың қаулысын естіртеді. Пристав олай-бұлай деп әкімшілік еткісі келсе де жұрттың болмайтын түрін көріп қасындағы төрелерімен бұл жолы бас сауға қылуға ойлайды.

Жұрт ұлыққа тиісті сөзін айтып тарайды да, алдағы болатын көтеріліске қам жасайды. Жігіттер атын жаратады. Бар мылтық жиналады. Бар найза сапталады. Қолдан қарулар жасайды. Қырғыз бен тараншы көтеріліп жатыр деген хабар естіледі. Бұған ел қуанады. Егін, шөптің піскен уақыты болғанмен ел оған қарамайды. Боз балалар елден ет жеп ат үстінде жүрумен болады. Осымен екі жұма уақыт өтеді.

Осы хабар Алматыға жетеді. Алматыдан 9 солдат пен ояздың көмекшісі Клуновский деген адам шығып, Қызыл бөрік деген елге келеді де, болыстарды, ақсақалдарды жинап алып, табан аузында тізімдерінді әкеліндер деп жарлық береді. Бірнеше адамды жүрек шаю үшін қамап қояды. Бұл қысымнан сасқан болыс тізімді әкеп береді.

Тізімнің Клуновскийдің қолына тиген хабарын ел естіп, енді қайттік деп жанталасады да, тізімді тартып алуға ойлайды. Осы ниетке кірген жігіттерді ұрлықпен атағы шыққан Ыбырай деген жігіт басқарады. Жігіттер ұлықтың үйіне шабуыл жасайды. Ұлықтар бұл шабуылдан сескеніп, тізімді тастап үйден шыға қашады. Атыс болады. Біраз жігіттізімді жыртып, өртейді де, біраз жігіт Клуновскийлермен атысады. Екі жағынан да кісі өледі. Ақырында Клуновский жағының бірнеше адамдары құтылып кетеді.

Бұл хабар жәрмеңкеге жетеді. Пристав бұдан сасып маңайындағы казак, орыстан 20 шақты құралды әскер құрады да, қазақтың бетін қайтару үшін сол әскерлерін жіберіп, Жәменке, Ұзақ, Серікбай сықылды елдің бас адамдарын қапылыста ұстатып алдырады.

Бұлардың ұсталғанын көрген ел ертеніне топталып жәрмеңкеге келіп, ұсталған кісімізді босат деп, ұлықтардың кеңесін қамап тұрып алады. Бірақ құралданған тобын көбейткен ұлықтар елді сырғытып, іштерінен өкіл жіберіндер, бәріңді бірдей тыңдамаймыз деседі. Сырылған жұрттан мен барайын деп, Әубәкір шығады. Жұрт оған Қартбайды қосады. Екеуі ел сөзін айтпақ боп ұлыққа барғанда, ұлық оларды Жәменкелерге қосып, Әубәкірді жаптырып тастайды.

Жұрт бұрынғыдан жаман өшігеді. Топтану, шабыс көбейеді. Осыдан

қауіптенген пристав қамауда жатқан он шақты адамды Қарақол қаласына түнде жөнелтеді. Бұлардың жөнелетінін естіп, Қартбай жолдан тосып тартып алуға елге шабады. Ол күні жігіттердің бейқамдау болған күні болады. Далаға жіберген аттарын жинастырып, жол тосуға шапқанша таң атып қалады. Бұл кезде тұтқындағыларды алып солдаттар Қарақолға жетіп те қалады.

Қарақол қаласы бұл кезде абақты қаласына айналып кеткен кез болады. Бос сарайлар, берік үйлер қырғыздан, тараншыдан, қазақтан ұсталған адамдарға лық толған кезі болады. Жәменкелер осы көп тұтқындарға кеп қосылады. Ертеңінде прокурор Ұзақ пен Жәменкені шақырып алып жауап сұрағанда бұлар жігіт бермейміз деген сөзді айтады. Қайтадан камалады.


Жәменкенің елді көтеруге бас себеп болған адам екенін көрген Қарақол ұлықтары оған түскі тамаққа қосып у береді. Ондағы ойлары өзі өлдіге жабу. Тамақты ішіп, құмалақ тартқан жұрттың қасында отырған Жәменке бір кезде ішін басып аунақши бастайды. Жұрт шошынады. Жәменке біраз арпалысып жатады да, өледі. Бірге отырған жұрт тамақтан болғанын түсінеді. Бұл хабар елге сол күні Әубәкірге жолығуға келген қатыны арқылы жайылады.

Ел бұл сөзге тағы көтеріледі. Ұлықтан Жәменкенің сүйегін сұрап алуға өкілдер жіберсе, ұлық өзіміз көеміз деп бермейді. Осыған ызаланған ел Қарқарадағы приставты қайтадан қамап, қорқытып, пристав атынан Жәменкенің сүйегін сұратып Алматыға телеграмма соқтырады.

Телеграм алған ұлықтар Жәменкенің сүйегін беру былай тұрсын абақтыға түскендерді жоғалтындар, бас көтерген елді қырындар деп Қарқара мен Қарақолға телеграмма береді.

Осы телеграмманы алғаннан кейін Қарақолдың ұлықтары абақтыдағыларды отырған жерінде атып өлтір деп абақтыларға әскер жібереді. Әскерлер есіктен сығалап тұрып абақтыдағыларды атқылайды. Жанталасқан жұрт есікті бұзады. Қолма-қол төбелес болады. Осы кезде қазақ камерасының ішінде отырғандардың біразы өледі де, Әубәкір, Ұзақ, Сыбанқұл үшеуі есікті бұзып қашып шығады. Сыбанқұлға көшеде оқ тиіп құлайды. Әубәкір Ұзақты биік шарбақтан лақтырғанда Ұзақ мертігіп қалады да, Әубәкір Ұзаққа қоштасып қашып отырады.

Қарақолда болған қырғынды ел естиді де, елге бұл бір үлкен зор жұмыс болады. Елде қалған басшы боларлық: Қартбай, Көкбай, Баймағамбет, Ыбырай сықылды адамдар ер-азаматты түгел жинап, тым болмаса, приставтан кек алалық та, қытайға ауайық деген ниетпен Қарқараға шабуыл жасайды. Бұл – приставтың әскерленген, пулемет алып құралданған, даярланған кезі болатын. Жүз шақты мылтықты әскер және пулемет ентелеп келген елді шыдатпай бетін қайтарады. Әйткенмен Ыбырай басқарған топ көп атыс қылады. Ол күні ұлық жақтан да кісі



өледі. Бірақ қазақ көп қырылады. Қазақ жағы орыстың қалаларын талағаннан басқа ірі қырғын жасай алмайды.

Қазақ жағының осындай шабуылын көрген ұлықтар ертеңіне атыс қылады да, қазақтың сирей бастағанын көріп, түн ішінде артынып-тартынып, Жаркентке жүріп кетеді. Үшінші күні қазақтар ұлықтардың орнын сипап қалады. Жәрменкөнің қалған жұртын халық күйдіреді де, Қытайға ауады. Өңгіме осымен бітеді.

Өңгіменің жақсы жақтары – ең алдымен, құрылысы және тілі. Жазушылық күшін алғанда Мұхтар Әуезұлы соңғы кездегі қазақ жазушыларының күштілерінің біреуі. Мұхтар, әсіресе, кейіпкерлердің ішкі сезімін сыртқа шығарып көрсетуге шебер. Сол шеберлігі «Қилы заманда» да көрініп тұр. Мұхтардың «Қилы замандағы» кейіпкерлері ашық өңделген, тұрақталған кейіпкерлер. Өңгіменің басынан аяғына дейін пікірі жалғасып, өсіп отырған. Көмескі, жұмсақ жерлері жоқтың қасы. Болған уақиғалар сол болған түрінде көрсетілуге көп ынта салынған.

Жалғыз-ақ, Қарақолда қамауда жатқандары есіктің тесігінен аттырғаны болмаса, Жәменкеге у бергізгені болмаса, өзге оқиғаларында нағыздық бар.

«Жәменкеге у берді» деген қазақтың ерте кезден бері қауесет боп келе жатқан сөзінің біреуі болу керек. Шорманның Садуақасына, ағалары Ерденге, тағы сондай адамдарға у беріп өлтірді деген қазақта қауесет бар ғой. Мынау да сол сықылды қауесет болуға тиісті. Әйтпесе, құралданып отырған үкімет қолында қамауда отырған адамды у беріп өлтіре ме? Атпай ма? Бұнысы шындыққа жатпайды.

Абақтыдағыларды есіктен шығарып атыпты деп жазу да елдің алып қашты сөзіне ергендік болады. Үкімет ат деп жарлық бергесін, өздері атуға бел байлағасын, жергілікті үкімет абақтыдағыларды ХХ ғасырдың өлтіру жолдарымен-ақ өлтірер еді. Топ-тобымен апарар еді, пулеметпен, не көп мылтықты солдатпен қырап еді. Абақтының есігінен сығалап ату, еш жердегі ережеде жоқ жағдай. Мұндай оқиға жан-жақтан жау қамап келіп қалып, сасқанда болуы мүмкін. Бірақ абақтыдан сығалап атарда ондай шабуыл болған жоқ.

Міне, осы екі жері болмаса, екі жақтың шабуылы да нанымды көрсетілген.

Енді «Қилы заманның» таптық, саяси бағасына келейік. Жолдас Тоғжанұлы «Әдебиет және сын мәселелері» деген кітабында «Қилы заманның» негізі – байшылық. Әйткенмен, «Қилы заманына» қарағанда Мұхтар бұрынғысынан аз да болса ілгері басайын депті, еппен болса да ауылдағы байдың кедейге зорлығы айтыла бастапты» дейді.

Біздіңше, «Қилы заманда» кеңеске жақындасқан дәнеңе де жоқ. Кедейді ауызға алғанмен, оны жақсы көргендік яки тапшылдықты көрсеткендік

табылмайды. «Қилы заманда» бай мен кедейдің тапшылдануының исі де жоқ. Мұхтардың бұл әңгімесі бұрынғыдан кеңеске жақындаған әңгімесі емес. Қайта кеңес тұсында шығарған шығармаларының ішіндегі ең залалдысы, ең байшыл әңгімесі. «Еңлік-Кебек», «Қаракөз» сықылды соңғы жазған шығармаларында Мұхтар кеңеске қарсылығын, ұлтшылдығын бүркеп, астармен, Абыздың қобызымен, Сырымның домбырасымен, пердемен айтса, «Қилы заманда» перде-мердені жиып қойып, ашық, айқын айтып отыр. Сөзімізді дәлелдеу үшін мысал алайық:

Әңгіменің бас кейіпкерлерінің біреуі Ұзақ деген қартан тартқан бағыр, жігіт бермеуге елді қарсы үндеуде болғаннан кейін бір мәжілісте отырғанда былай дейді:

«Орыс тоз-тоз қып әкетіп еді. Құдайға шүкір, қартайған шағымда болса да елдің бір әкесінің баласындай жамырап табысқан күнін бір көрдік. Жалғыз арман жас шағымызда кездеспеді» (98-бет).

«Баяғыда сен оязды сабап едің» деген қасындағылардың мақтауына көтеріліп Ұзақ тағы былай дейді:

«Ол бір тепсем темір үзбеймін бе деп, екі-інді жұлып жеп, құтырып жүрген заман еді ғой. Талай ұлықты талай жерде ит қылып едік. Бірақ соның бірде-бірі берекелі іс емес, керегі не? Жұлқыласып-сілкілескенің ылғи өз қазағың. Өз Албаның. Соны жасаң дегенге мәз болып, сандалып, адасып өттік... Киіз туырлықты қазақтың бүгінгідей ынтымақ, тілегі қосылып, ел болам деп ту көтерген, ұран салған бір күнін көре алмай өттік. Қазақты сойған қойдай бұзып-жарып, 12 жілікке бөліп, боршалап тастаған заманда шығып, біз де кісі болдық дейміз...» (99-бет).

Ұзақтың бұл сөздерінен оның жалғыз 1916 жылға ғана наразылығы көрініс отырған жоқ. Ол 1916 жылды бетіне перде қып ұстап, қазақтың отар болғаннан бергі кегін қозғап отыр. Ол жігіт бермеуге көтерілген көтеріліске қуаныш отырған жоқ, қазақ боп бас қосып орысқа қарсы шыққанға қуанып отыр. Баяғыдан бері жегеніне шыдап кеп, қазақ енді басын көтеріп ел болды деп қуанып отыр. Бұл жігіт бермеудің қуанышы емес, қазақ деген орыстан бөлек ел болудың қуанышы. Бұл ұлтшылдық қуанышы.

Біреулері бұған...

Е, оның не айыбы бар. Империалистікке ұлт болып қарсы тұру кеңес үкіметінің тілегі емес пе? Кеңес үкіметі Үндістандағы, Ауғанстандағы, арабтағы, тағы сондай отардағы елдердің ұлт қозғалысын сүйіп отырған жоқ па? Отаршыл үкіметке қазақтың ол кезде басын қосып қарсы шығуы өз алдына бір төңкеріс емес пе? Олай болса Мұхтарды сөгетін не рет бар дер?

Біз Мұхтарды сөгіш отырғанымыз жоқ. Байшылдығын ғана айтып отырмыз. Кеңес үкіметі отар елдердің ұлтшылдық қозғалысын сүйгенде түбінде сол ұлтшылдықпен ауыз жаласу ниетімен сүйемейді.



Отар ұлтқа отаршылдықтан босанса, өз ішінде тап тартысы күшеюге жол ашылады.

Бір ұлт отар боп тұрғанда оның байлары кашанда болса, еңбекші халықты өз қанауларын отарланып отырған елдің байларына жауып, ұлтшылдық пердесімен отар ұлттың ішіндегі тап тартысын бүркейді. Еңбекші бұқараның көзін алдайды. Егер империалистерден олар босанса «сені анау жеп отыр» деген алдауға жол болмай қалады. Бұл бір, екіншіден отар елдер босанса, империалистердің күші әлсірейді. Социалдық төңкеріске мүмкіндік толығырақ туады. Кенес үкіметінің ұлт қозғалысын қолдайтыны осы. Әйтпесе, ұлт қозғалысы негізінде бай қозғалысы. Сондықтан Мұхтарды бір ұлтшылдық қозғалысты жазғандығы үшін емес, сол қозғалысты ұлтшылша түсінгендігі үшін кінәлаймыз. Әңгімесін аяқтағанда Мұхтар былай дейді:

«Баяғыдан бері албан жайлауын обырдай обып, тәтті-дәмдісін сіміріп, жұтып, жонданып тұрған жәрменке бүгін ең ақырғы сағатына, өлім күніне жетті. Көп заманнан бері үлкен көңтерілікпен шыдап келген ел, енді бұлқынып қатты тулады. Астын үстіне келтіріп тастағандай дүниесін ойран қыла тулады. Сонымен, өмір бойы дұшпан ниетімен келген жәрменке үлкен өрттің құшағына кіріп, кара түннің астына кіріп жоғалып бара жатқан шақта қалың албанның елі де Қытайға қарай бетін түзеді...

«Қалың албан тобынан ауысқан қаздай жырылып, далашықтың байы Дәулетбақ қалды...».

«Дәулетбақтан басқа Текестің, Сырттын тауының тас-тасына тығылып жүрмек боп Тұңғатар қалды. Жұртта қалған бұралқы иттей боп, ұлықтардың абызының артынан ере бермекке тілмәштар: Оспан мен Жебірейіл қалды» (174-бет).

Мұхтар мұнда елдің арасынан шөп өтпейтін бірлігі болды дегенді көрсету ойлаған. Ол шынында солай дейді:

«Бұл ниеттің жолында баласы солдатқа ілінетін де, ілінбейтін де бәрі бірдей жұмылған.

...Белгісіз үлкен қиын сапар бар деп бір әкенің баласындай бір үйдің ішіндей буынып, түйініп дайындалған ел» (148-бет).

Мұхтарша солдат алу қазақтың ұлтшылдық қозғалысына дәлел есебіндегі ғана жұмыс болды. Бұрыннан орысқа тіс қайрап жүрген ел, мына уақиғадан кейін тайлы-таяғы қалмастан, кедей-бай деместен бір ауыз болып, елдігін сақтауға жұмылды.

Рас осылай ма?

Жоқ олай емес. Ұлтшылдықты 1916 жыл арқылы жарыққа шығаруға ойлаған жалпы қазақ емес, қазақтың байлары. Байшыл оқығандар. Алғашқы қарқында кедейлер байлардың тіліне еріп, олардың сойылын соғысты. Бірақ артынан қазақтың байлары, ақсақалдары орыс үкіметімен





келісіп, өз балаларын малмен алып қалатын болғасын кедейлер байлардан жігін бөліп, бір жағынан үкіметке қарсы шықса, екінші жағынан қазақтың байларына қарсы шықты. Байларды өлтірді, мал-мүлкін талады, ұрды. Мүмкін албан елінде бай мен кедей арасында мұндай соқтығыс болмауы. Бірақ жалпы Қазақстанды алғанда оқиға осылай болды. Мұндай оқиға албанда да болмауы мүмкін емес.


Мұхтар 1916 жылды дұрыс көрсеткісі келсе осындай бай мен кедейдің арасында болған жанжалды неге айтпайды? Мұндай жанжал бір жерде емес, барлық Қазақстанда болды. Жалғыз жарым жерде ғана болса, ол жалпылық емес қой дер едік.

Мұхтар қазақ ауылында 1916 жылы болған бұндай таптық жікті әдейі көрмей отыр. Егер ол тал жігін жазса, онда қазақтың ұлтшылдығына зиян келеді. Мұхтарға не қылған күнде де осы әңгімесінде жалпы қазақ, жалпы орысқа қас деген ұғымды ұғындыру керек. Сондықтан ол көз алдындағы «мені айт» әйгіленіп тұрған оқиғаны көзін жұмып әдейі көрмей отыр.

Орыс мәселесіне келгенде де осындай: Мұхтарша 1916 жылы қазаққа орыстың байшыл-отаршыл үкіметіне ғана қас болған жоқ. Қаланың бай-құлақтары ғана қарсы болған жоқ. Барлық орыс (байы, кедейі) қазақтың қырылғанын, бүлінгенін жақсы көрді. Мейлі кім болса ол болсын орыс атаулы қазаққа дұшпан болды.

Бұлай көрсетуден Мұхтардың олжасы қазаққа сары орыстың бәрі орыс деген ұғымды бұрынғыдан да қатты сіңдіру, әйтпесе, қазақты отарланған жалпы орыс емес, отаршылдар. Орыстың еңбекші шаруасы қазақ жеріне кеп қоныс салғанда ықтиярымен келіп салған жоқ. Орыстың байлары жерін тартып қаңғыртып жібергесін салды. Бірақ отаршыл үкімет орыстың қара шаруасын ұлт ала ауыздығын туғызу ниетімен қазақ халқына өшіктірді. Сөйтіп екі елдің арасын жанжалды қып ұстады. Бірақ бұған орыстың қара шаруасы айыпты емес, отаршылдық саясат айыпты еді.

Осыны көре тұра Мұхтар орыс қара шаруаларының жазықсыздығын көрсетпей, қазаққа оларды приставпен бірдей көрсетіп, орыстың бәрі дұшпан деген сенім туғызуға тырысқан Мұхтарға пристав, урядник, прокурор тағы сол сияқты патша үкіметінің қарауылдары туралы не айтса да сияды. Орыстың бұл жүйесінің қазақтың кедейін ғана емес, жалпы қазақты жұтуға тырысатыны анық. Және солай істеді де. Бірақ оған орыстың еңбекші бұқарасы жазықты емес. Орыстың төрелері мен байлары орыстың еңбекші бұқарасын қазақтан артық қанамаса кем қанаған жоқ. Қазақ жігіт бермейміз деп шуылдап жүргенде орыс еңбекшілерінің балалары байлардың отарға таласы үшін қан майданда мыңдап қырылып жатты. Орыс еңбекшілерінің 1916 жылы патша үкіметінен көрген залалы қазақтан артық болмаса кем емес. Осындай



жағдайды Мұхтар сияқты байшылдар ғана көрмейді. Байшылдар ғана «сары орыстың бәрі қазаққа қас болды» дейді.

Біз «Қилы заманға» толық сын жазғалы отырғанымыз жоқ. Сондықтан оның ішіндегі нүкте, үтірді талдап отыруды қажет көрмедік. Біздің міндетіміз «Қилы заманның» тарихи бағасын ғана көрсету.

Біз жоғарыда «Мұхтардың бұл әңгімесі оның барып тұрған байшылдық әңгімесі» дегеміз. Енді сол сөзімізді қорытып, «Қилы заман» туралы сөзімізді аяқтаймыз.

«Қилы заманның» басын бастағаннан-ақ Мұхтар байшылдық-ұлтшылдық құралын қолына ала тұра келгені көрініп тұр. Олай албан жайлауын, Қарқара жәрменкесін сипаттай келе былай дейді:

«Бай, момын елдің молдекесі обырдай обып жатқан комағай ұртқа бойындағы тәтті-дәмдісін игендей төсеп жатыр. Ақ желегі түскендей ақтарылып сүйсінгендей мекірене түсіп, сүтті желінін керіге беріп тұр...».

«Саудагер сумасы, қазақ даласына құда түсіп, құйрық-бауырды асап, аузы қанданып қолы байланып жүр...».

Мұхтар қазақ ауылында 1916 жылы болған бұндай таптық жікті әдейі көрмей отыр. Егер ол тап жігін жазса, онда қазақтың ұлтшылдығына зиян келеді. Мұхтарға не қылған күнде де осы әңгімесінде жалпы қазақ, жалпы орысқа қас деген ұғымды ұғындыру керек. Сондықтан ол көз алдындағы «мені айт» әйгіленіп тұрған оқиғаны көзін жұмып әдейі көрмей отыр.

Орыс мәселесіне келгендеде осындай: Мұхтарша 1916 жылы қазаққа орыстың байшыл-отаршыл үкіметіне ғана қас болған жоқ. Қаланың бай-құлақтары ғана қарсы болған жоқ. Барлық орыс (байы, кедейі) қазақтың қырылғанын, бүлінгенін жақсы көрді. Мейлі кім болса ол болсын орыс атаулы қазаққа дұшпан болды.

Бұлай көрсетуден Мұхтардың олжасы қазаққа сары орыстың бәрі орыс деген ұғымды бұрынғыдан да қатты сіңіру, әйетпесе, қазақты отарланған жалпы орыс емес, отаршылдар. Орыстың еңбекші шаруасы қазақ жеріне кеп қоныс салғанда ықтиярымен келіп салған жоқ. Орыстың байлары жерін тартып қаңғыртып жібергесін салды. Бірақ отаршыл үкімет орыстың қара шаруасын ұлт ала ауыздығын туғызу ниетімен қазақ халқына өшіктірді. Сөйтіп екі елдің арасын жанжалда қып ұстады. Бірақ бұған орыстың қара шаруасы айыпты емес, отаршылдық саясат айыпты еді.

Осыны көре тұра Мұхтар орыс қара шаруаларының жазықсыздығын көрсетпей, қазаққа оларды приставпен бірдей көрсетіп, орыстың бәрі дұшпан деген сенім туғызуға тырысқан Мұхтарға пристав, урядник, прокурор тағы сол сияқты патша үкіметінің қарауылдары туралы не айтса да сияды. Орыстың бұл жүйесінің қазақтың кедейін ғана емес, жалпы қазақты жұлуға тырысатыны анық. Және солай істеді де. Бірақ оған орыстың еңбекші бұқарасы жазықты емес. Орыстың төрелері



мен байлары орыстың еңбекші бұқарасын қазақтан артық қанамаса кем қанаған жоқ. Қазақ жігіт бермейміз деп шуылдап жүргенде орыс еңбекшілерінің балалары байлардың отарға таласы үшін қан майданда мыңдап қырылып жатты. Орыс еңбекшілерінің 1916 жылы патша үкіметінен көрген залалы қазақтан артық болмаса кем емес. Осындай жағдайды Мұхтар сықылды байшылдар ғана көрмейді. Байшылдар ғана «сары орыстың бәрі қазаққа қас болды» дейді.

Біз «Қилы заманға» толық сын жазғалы отырғанымыз жоқ. Сондықтан оның ішіндегі нүкте, үтірді талдап отыруды қажет көрмедік. Біздің міндетіміз «Қилы заманның» тарихи бағасын ғана көрсету.

Біз жоғарыда «Мұхтардың бұл әңгімесі оның барып тұрған байшылдық әңгімесі» дегеміз. Енді сол сөзімізді қорытып, «Қилы заман» туралы сөзімізді аяқтаймыз.

«Қилы заманның» басын бастағаннан-ақ Мұхтар байшылдық-ұлтшылдық құралын қолына ала тұра келгені көрініп тұр. Олай албан жайлауын, Қарқара жәрменкесін сипаттай келе былай дейді:

«Бай, момын елдің молдекесі обырдай обып жатқан қомағай ұртқа бойындағы тәтті-дәмдісін игендей төсеп жатыр. Ақ желегі түскендей ақтарылып сүйсінгендей мекірене түсіп, сүтті желінін керіге беріп тұр...».

«Саудагер сумасы, қазақ даласына құда түсіп, құйрық-бауырды асап, аузы қанданып қолы байланып жүр...».

«Шардай, тотияйын, бұрыш сықылды көр-жерді «дүнием» ғып, итініп келген істің мұрын, шегір көз, енді жоны шыққан кезде алғашқы көрген жайлауға кергімесе, кесірленбесе бола ма» (4-бет).

Мұхтар қазақтың «байлығын» шеттен келген саудагерге қимай тұр. Іші ауырып тұр. Сталин жолдастың «ұлтшылдыққа баулитын бас мектеп базар» дегені осы арада айқын түрде дәлелденіп отыр.

Қазақтың байлары көтерілісті алғаш бастағанда жігіт бермеу ниетімен басқарған жоқ. Оқиғамен пайдаланып, шамасы келсе, қазақ даласының базарын орыс саудагерінен өз қолына алуға, өзі емуге ойлады. Әңгіменің бір кейіпкері Көкпай деген жігіттерді көтеріліске аттандырып жатып былай дейді:

«...Біз өлсек ертең тағы бір ұл туады. Түбінде ел туы жығылмасын. Аспасақ, атар таң, шығар күн жоқ. Енді шыдар, тоқтар жайымыз қалған жоқ... Осындай жолда бұрын қазақ баласы іс қылып та, өліп те көрген жоқ. Бетімізден жарылқасын...» (153-бет).

Көкпай бұл сөзінде жігіт бермейік деп отырған жоқ, орыстан елді аршыық деп отыр. Аршығандағы мақсаты жоғарғы.

«Қилы заманда» Дәулетпақ, Тұңғатар сықылды ел қаулысынан шыққан бірен-сараң байлар бар. Рахымбай сықылды төреші шеншіл болыс бар. Сейітжан, Оспан сықылды тамақтың құлы тілмәштер бар. Бұлардың мінез-құлқы жақсы көрсетілген. Бұлар ел денесіндегі шіріген



мүше екені рас. Бірақ онымен әңгімені бұқарашылдыққа тап жігін көрсеткендікке соғуға түк қисыны жоқ. Бұлар сықылды жаман-жаракай таптың денесінде болса да шығып, жазылып жүреді.

Қорытқанда айтарымыз: «Қилы заман» Мұхтардың кенес үкіметі орнағалы сыртына шығара алмай жүрген байшылдығынын сарқыны. Мұхтар мұнда астарсыз ашық түрде орысқа қарсылығын, ұлтшылдығын айтып берген.

Байшыл-ұлтшыл дәуірге сын бергенде біз ұлтшыл жазушылар 1916 жылдың оқиғасын кезінде жазған жоқ. Үйткені олардың ол жылдан күткен жеміс болмай, қазақ боп орысқа қарсы шығудың орнына ауылда тап жігі ашылып қалды. Сондықтан олардың ақындық қарқыны ол жылы ұйықтап қалды. 1916 жыл сол себепті олардың жүрегін қозғамады дегенбіз.

«Қилы заманды» Мұхтардың 1916 жылы жазуы, жазғанда 1916 жыл оқиғасына 10 жыл толғасын жазуы – 1916 жылы болған ауылдағы аянышты халді, әсіресе, кедейдің аянышын көрсету емес. Қалай десе де, ол кедейдің сол жылы байдан көрген кемшілігін, тым болмаса, сөз арасында айтар еді. Әйтпесе ашып айтар еді. Ол олай істеген жоқ. Мұхтардың мұны жазғандағы мақсаты қазіргі кенестік Қазақстанда жасап отырған қазақтың көзіне 1916 жыл арқылы орысты жек көрсетіп, орыс еңбекшілері мен қазақ еңбекшілерінің бауырмалдық одағына іріткі жасау. Сол себепті ол әңгімесінің басынан аяғына дейін орыс халқын қазақ халқына түгел жау көрсетуге тырысқан. Сол себепті қазақты бай, кедейге бөлмей, түгел ұйымдастырып, орысқа қарсы аттандырған.

Олай болса, «Қилы заманда» Мұхтар Ғаббас айтқандай, бұрынғысынан бері келіп отырған жоқ, әрі кетіп отыр. Өзінің неше жылдан бері ішінде шер боп келе жатқан байшылдығын осы «Қилы заман» арқылы төгіп отыр.

«Қилы заман» – Мұхтардың шығармаларының ішіндегі ең барып тұрған байшылы.

## Қаракөз

Адам баласы тұрмыс үшін күреседі. Жер үстінде қалай өмір сүруге шаралар іздейді. Жер жүзінде көп жылдар өмір сүрген адам балаларының көрген тәжірибесінен өмір сүрудің неше түрлі әдістері табылады. Өнімді қалай қолға алып, оған қожа болу, қожа болу үшін саяси билікті қолға алу, бұларға қоса салт-сана, әдебиет бетін де өздеріне аударып, тұрмысқа құрал қылу қамын іздейді. Осы әдістерді тапқан адам екі талқа бөлінеді. Бір жағында жұмысшы, еңбек етушілер болса, екінші жағында жатыпшер еңбек етуші капиталшылар болып бөлінді. Тұрмысқа таласушы жұмыскерлер ертеден қара кешке дейін еңбек етіп



жаратылыстың жасырын жатқан кендерінің бәрін тауып, кімді асырап, кімге құл болып келді. Жоғарыда айтылған әдістердің билігі қолдарында отырған жатып-ішерлерге құл болып келді.

Осыдан келіп тап күресі туып, жер үстінде бір жағы тегістікке таласушылар, екінші жағында тегістікті болдырмай, адамды айуан орнына жегіп, пайдаланушылар отырды.

Осы күрестің нәтижесінде Кеңестер одағында пурлтариат үстемдігі орнады. Бірақ жалғыз кеңестер одағында пурлтариат үстемдігі орнауымен айтылған тап күресі аяқталып біткен жоқ. Олай болса бізде әзірге тегістік те (социализм де) орнап болған жоқ. Ол әбден орнап болғанша тап күресі де құрымақшы емес. Тап күресі дүние жүзінде қызу үстінде тұрғанда біздегі пурлтариат үстемдігі үнемі саясат, салт-сананы өзінің тап жауы капиталшыларға қарсы салып отырады. Социалшыл тұрмысқа жету үшін осы әдістердің бәрін соның негізіне бейімдей береді. Мәселе осылай қойылса, біздің қазіргі сын жазбақшы «Қаракөзімізге» келейік.

«Қаракөз» үш перделі алты суретті драма, Мұхтар Әуезұлы жазған. Қазақстан халық ағарту комиссары пьесалар бәйгесін жариялағанда бірінші бәйгені алған пьеса. Бірақ анығында бәйге аларлық, пурлтариат үстемдігіне, оның еңбекшілеріне келтіретін пайдасы, зияны қандай, оны соңынан көреміз.

Салт-сана майданы – қай таптың болса да үстемдігіне күшті құралдың бірі. Мына «Қаракөз» де сол құрал болушы әдебиеттің бірі болуы керек. Құрал болғанда мақтаулы бәйге алып отырған нәрсе әдебиетіміздің алдыңғы қатарынан құрал боларлық орын алуы керек.

Біреулер: Қаракөз көркем жазылған, сыршыл, сұлу, әдемі дейтін көрінеді. Қандай әдебиет пурлтариат үстемдігінде жазылса да, соның бәрі еңбекшілерге тәрбие беру, өнеге көрсету, үлгі болу жағынан саяси бағыты түзу, тап тілегіне қайшы келмейтін болсын. Сол әкімшілік, көркемдік жағымен салт-сана майданында пурлтариат тілегін орындаса дейміз, міне біз Қаракөзге сын бергенімізде көбінесе осы жағынан қараймыз. Егер Қаракөздің пурлтариат тілегіне қайшы келетін, салтына сиымсыз жері болса, онда Қаракөз біздің әдебиетімізден орын да, бәйге де ала алмайды.

Осы тілекті орындау үшін жалғыз Қаракөз емес, пурлтариат үстемдігіне жазылатын барлық әдебиет кітаптарының тілегі осы болу керек. Осыны орындау үшін әдебиетшілер болған оқиғаны қалай жазды, болмаған оқиғаны жалай жазады деген мәселе келіп туады. Болған оқиға болса: болғанынша өзгертілмей жазылады. Жалғыз-ақ, сол болғанды әдемілеп, сөзбен өңдеу, тәртіпке салу – жазушының міндеті. Сонымен қатар, ол тақырып қандай, мазмұны негізінен дұрыс па? Пурлтариат бағытына қайшылығы жоқ па? Болғанымен жазушы оны өндегенінде сол



бағытқа боямалап, қайшы келтіріп жібермей ме? Осы жағы бағаланып отырады.

Болмаған оқиға болса, үгіт-насихат жөнінде көркем шебер тілмен емін-еркін отырып, әдебиет жүзінде пурлтариат бағытымен болашақ социалшыл тұрмысқа әдебиетті құрал қылу, оған жолшыбай болатын кедергілерді еңбекшілерге масқаралап көрсету.

«Қаракөз» осы тақырыптардың қайсысымен жазылған? Қаракөзде болған да, болмаған да тақырып бар. Анығында болған оқиға болса керек. Бұлардан басқа жазушы асырып жіберемін деп, Қаракөздің бүтін маңызын пурлтариат салтына қайшы келтіріп қойған.

Қаракөздің тұрмыста болған-болмағаны, теріс бағытпен жазылғандары төмендегі кемшіліктердің ішінде көрсетілген. Біз тарихи нәрсенің шын, өтірік, болған-болмағанын тексеру үшін сол оқиға болған замандағы елдің дәстүрін алып, салыстырып көруіміз керек. Осы «Қаракөзді» жазған Әуезұлы «Еңлік-Кебекті» де жазды.

«Еңлік-Кебек» пен «Қаракөздің» оқиғасы болған дәуір бір дәуір, барлығы орта жүз арғын, найманның ортасында болған оқиға. «Еңлік-Кебек» Қаракөз оқиғаларын бір жылда болды десек те өтірікші бола қоймаймыз. «Еңлік» – сол дәуірдегі әйелден шыққан бір рудың аруы. «Кебек» – екінші рудың ардагері, азулы батыры, қазаққа нағыз батыр керек кезінде туған теңдесі жоқ батыр.

Бұл екеуінің сол кездегі елге істеген жалғыз-ақ айыбы бірін-бірі сүйіп қашты. Сүйісіп қашуында екеуі де өздерінің руларынан рұқсатсыз қашты. Екеуін екі рулы ел айыпты санап, сол күндегі елге екеуі қаншама қымбатты болса да, оққа байлап ит жемеде өлтіреді. Еркін жасай алмай шіркін ерлер жауыздықтың тырнағында өлді дедік. Бұлардың өлімдері – аянышты болған оқиға. Ол замандағы қазақ салты осы. Тап сол заманда арғын ортасында болған Қаракөзге келсек, бір рудың еркесі, өзінің ағасы Сырымға ғашық болады. Сырым – сол рудың салы да, тентегі де, екеуі кәдімгідей қосылады. Қашпақшы да болады. Бірақ Қаракөздің әкесінің беріп отырған жері жуан рудың тұқымы.

Қаракөздің күйеуі Нарша өзіндей біреудің ай мен күні, жалғыз баласы. Қаракөзбен ол да теңмін дейтін жігіт. Қаракөздің осы күйеуі келіп жатқанда Сырым жолығысып отырған жерінде Қаракөздің ауылы, келіп жатқан қайны олардың үстінен шығады. Сырым құтылып кетіп, Қаракөзді ұстап қалады.

Қаракөз бен Сырымның руына, онымен қатар, Қаракөздің қайының руына мұнан артық қандай масқарашылық бар. «Еңлік пен Кебектен» артықшылығы болмаған Қаракөз бен Сырымды екі ру бірігіп, неге ат құйрығына тақпайды. Оның үстіне, Сырым мен Қаракөз қазақ елінің тарихында болған істерді істеп, бір әкенің балалары бір-біріне ғашық болып, жікшілік жөнінде масқара болып отыр. Ол күндегі рулы елге



Наршаға не жоқ? Наршаның өлу себептерін көрсетіңіздерші. Ойлап-ойлап біз таба алмадық.

Бұл арадан еңбекшілер қандай үлгі алады? Ең бір үлгі боларлық іс жоқ. Жалғыз-ақ, біреуге біреу қызықсын, қолы жетпей өле берсін деген сықылды. Олай етіп біз өлмейміз де, мұндайларға сенбейміз де, жалғыз-ақ, бұл арасының пайдасы діннің «ішін тығында» дегенмен, қиялдардың шын махаббат деген қияли пікірлерін күшейте беретін құрал. Ғашықтықтан адам өле беретін болса, Сырым неге өлмейді. Нарша мен Қаракөздің өлімінен Сырымның өлімінің себебі толық болар еді ғой. Бір мінезді, аңғалақ, өлімнен қорықпайтын жігіт, әрі елінен, әрі сүйгенінен айырылған, әрі өзінің қарындасының қойнына барып маскара болған адам. Сырым қалай өлсе де жөні бар емес пе, тіпті біреуге біреудің ғашықтығынан, қызығуынан кісі өлмейдіге Сырымның өлмей тірі қалуының өзі дәлел ғой. Жазушы Сырымды өлтірмегеннен кейін, Нарша мен Қаракөзді өлтіргеннен кейін, Қаракөздің саяси бағытын теріс қылғанымен қоймай, дәстүрінен шығарады. Болған оқиғаны әдемілеп, соза түсемін деп бұлдірген. Сырымды тірі алып қалғандағы мақсаты оны Қаракөздің моласының басына апарып жылатпақшы болғаны көрініп тұр. Пурлтариат үстемдігінде адам сенбейтін қиял, адам баласында болмаған ғашықтық, өнегесіз сурет, тағдырға сену осы. Бұл өткен замандағы «Жүсіп пен Зылиха». Жарайды, мұнан былайғысына келейік. Қаракөз өлді. Қаракөздің артында тірі қалған Сырым дуана болып қаңғырып, Қаракөздің моласының басына барады. Барып көп уақыт Қаракөзді жоқтап, зарлап отырады. Бір уақытта Сырымның көз жасына құдайдың рахымы түсіп (кітапты сахнаға қойғанда әлеумет осылай түсінеді), найзадай жарқылдап күн күркіреп, бір жақтан ақ жамылған Қаракөздің аруағы шығады. Сырыммен сөйлесіп, ақыретте жолықпақшы болып (кітапты сахнаға қойғанда әлеумет осылай түсінеді). Зарлаған Сырымды жұбатып, көзден ғайып болады. Сырым тұрып жұбанды. Қаракөз жебеді. Міне Қаракөздің ең маскара жері.

Қазақта жойылып келе жатқан жаман әдеттер: молаға (аруаққа) түнеу, оны жебеді деп, оған сену, ұлы аруақтың құрметімен құдайдың рахымын түсіру, өлген ғашықтар ақыретте қосылады деу. Ас беру, езілген таптар езіле беру керек, үндемеуі керек. Ақыретте езушіден кетін құдай әпереді деу сықылды сүйекке сіңген жаман ғұрып, салт бар.

Мұны нығайтушылар дін бастығы, молдалар. Надан еңбекшілерді күл етуші байлар, олай болса, мына көрсетіліп отырған жаман әдеттер олардың құралы, солардың салт-санасы, енді пурлтариат үстемдігі езілген ұлт, бүтін еңбекшілерді теңгергенмен, оларды социалшыл тұрмысына жетектеймін деп отыр. Ол үшін түрлі әдістер, жолдар сызып отыр. Бір жағынан шаруасын, екінші жағынан жауыз



байлардың қолындағы саяси билікті алып, үшінші жағынан салт-сананы байлардың қолынан алып, осы күштің бәрін сол еңбекшілердің пайдасына жұмсайды. Байлардың пайдасына жұмсалып жүргендегі түрін өзгертеді. Олардың күшің байларға қарсы қолданады. Олай болса, Қаракөз нені көрсетіп отыр. Байлардың сол молаға түнеуін, аруак, құдайға жалбарынуын, одан құдайдың, аруактың анық жебейтінін, ғашықтар ақыретте бір-біріне қосылады дейтіндерін анықтап, еңбекшілерге Сырым мен Қаракөзді дәлел қылып көрсетіп отыр. Байлардың болмайтын өтірігін, діншілдердің еңбекшілерді алдайтынын күшейтіп үлгі бола ма? Пуритариат салт-санасын өсіре ме, жаман әдеттерді жоғалта ма деген «Қаракөз» оны күшсөйтуге құрал болып отыр. Мұны көрген ауылдың қазақтары енді дінге, аруакқа, молдалардың алдауына қалай сенбейді.

Бұл арасы жалғыз-ақ, байлардың салт-санасын еңбекшілердің арасына кіргізе береді. Молдалардың өтірігіне еңбекшілерді үндей береді. Діннің құралы. Қаракөздің бұл жағынан біздің қарсы тапқа тиетін пайдасы көп. Бізге зияннан басқа келтіретін пайдасы жоқ. Ендеше, біздің пуритариат бағытына Қаракөз түгелімен қарсы жазылған. Біздің пуритариат әдебиетінен орын ала алмайды.

Тағы да бір масқара жері: басындағы «бісіміләсі» пролог бірінші бетінде: «Сарыарқадай, сары жайқын даланың кешегі бір кезде еркін өскен желіндей, айдынның күйіндей шалқып өскен сері жігіт, ерке қызы шығады. Хан мен кара, би мен бек, ана мен баланың қиялын тербеткен жыршысы шығады. Заманның жігіт ерке тотысы келеді, танырмысың... танымассың? Ол аса бір соққан желдей. Алыста сары белдей, Арқаның ақ төсінде ақ айналы көлдей. Толықсып аққан селдей.

Шырқап кеткен келмей, алыстағы асқардай, алқынсаң да күлімсітін аршындап өткен заман ғой. Сол күн сенің есінде қалмады ма екен. Із қалдырмай жоғалды ма екен? Жасыл бел басына тіккен ала туды ұмытты ма екен? Қайғылы сары өзен сыбызғы үнін ойлай ма екен?

Қаракөздің барлық маңызы, түйіні осы прологына көрінуі керек. Сонда қандай маңыз, түйіні көрінеді. Мұнда кімдердің өмірін жоқтайды?..

Қаракөз өткен дәуірлерді, даланың еркін өскен желі осы күні еспейді дейді. Осы күні жел неге еспейді. Жел еспейтін ақсап қалып па? Жоқ, олай емес, еркін өскен желіндей еркін үстем болушы табым жоғалды деп көксейді. Би мен бек, хан-қараның сері жігіті шығады.

«Ол заманның ерке тотысы келеді» дейді. «Соны сен танырмысың» дейді. Ол күндегі би мен бек, ханның қиялын тербеткен серіні бұл күндегілер (еңбекшілер) танып не қылсын? Әрине танымайды. Сондықтан жазушы шал болып қамығады. Жылайды. Ол заман алысқа кетті ғой, алыстағы таудай, белдей, ақ көлдей (келмеске





кеткен ақтардай) алқынсаң да жете алмайсың дейді. Осы заманды есінде қалдырғаның бар ма? Ала туды білесіңдер ме? деп сұрайды. Ала ту Абылайдың ала туы ма? Болмаса, патшаның ала туы ма? Ол ала туды, хан мен қараның жырын, салтын бүгінгі біз не қыламыз. Естуге, көруге керек болғанымен, оны имандай кеудеге жаттап жүре алмаймыз ғой, үлгісіз бұрынғының байларының еріккендерінің қиялына әдебиетімізден орын бере алмаймыз ғой. Біздің мұнымызға жазушы ашуланып келіп былай дейді: «бүгінгі далада жай болып сарылған бүгінгі ән мұнайған, жүдеу, қаралы. Жел шалқып еспей, күрсінеді... домбыра күй тартпайды... жылайды... қыз ән шырқатпай сыбырлайды...» (пролог 2-бетте).

Бүгінгі дала неге жай болып сарылған? Жүдеу, жел шалқып еспей, неге күрсінеді... Домбыра неге күй тартпай, неге жылайды. Қыз ән шырқатпай неге сыбырлайды... Байлардың тынған жерлеріне неге көп ноқат қойып кетеді? Ол ноқаттардың астында тығулы, жасырулы, елге көрсетпейтін қандай жұмбақтар бар? Ол жұмбақтар, біздіңше, мыналар болуы керек.

Бүгінгі дала жай болып сарылатын қазақтың бәрі көшіп келіп, орны өртенген бе? Бұларша ойлағанда солай екені рас. Ондай жерге иелік істейтін бай, оның малдары еді. Осы күнгі даланы еңбекшілер қолға алып, тесік жер қоймай қала болып, колхозданып, егін салып, емін-еркін жатқан жоқ па. Олай болса, байлар үшін сарылу рас, еңбекшілер үшін сарылу қане.

«Қазіргі ән мұнайған» деп отырғаны да байлардың әні. Еңбекші таптың үні, әні де жаңа шықты. Жаңа естілді.

«Жел шалқып еспей, күрсінеді», жел бұрын ессе, бүгін де еседі. Желге қандай өзгеріс болды. Желге өзгеріс болған жоқ. Үстемдікке өзгеріс болды. Бұрын желдей есетін бай, бек, би бүгін тұғырынан түсті. Жалшылар оларды әдемілеп шідерледі. Енді желше есе алмайды. Жазушының жел деп отырғаны күресуге дәрмені жоқ іштері қазандай қайнаған өткен заманның зары.

«Қыз ән шырқатпай сыбырлайды» дейді. Жаным-ау, біздің қазіргі қыздар неге ән шырқатпай сыбырлайды? Қайта сыбырлайтын қыздар жазушының ескі заманының қыздары емес пе еді. Біздің қыздар қазір ерік алып, сүйгеніне кетіп отырған жоқ па? Ендік, Қаракөзге ұқсап біздің қай қыздарымыз зарлап үнін шығара алмай отыр?.. Қазақ қыздары оқып жатыр. Қоғам ісіне еркектермен қатар қатынасып, социалдық құрылыстың біреуі боп жүрген жоқ па? Жазушы азамат осыны неге жасырады? Кеңес үкіметінің еткен ісін неге көрмейді. Кеңестің ақшасын ала білгенде оны неге ақтай білмейді. Еңбекшілердің салтына келтіріп неге жазып бермейді. «Дәм татқан құдыққа түкірме!» деген қайда? Еңбекшілердің тілегіне, салт-санасына қарсы кітап жазып, ақша алудан неге ұялмайды?!...



Ұсақ кемшіліктері: бұларын да ұсақ деуге сыймайды. Бірақ ана қатерлерінің жанында ұсақ. Қаракөз бен Сырымды жақын қылғанда, Қаракөздің шешесі өліп, бораннан Қаракөз үш күн адасып кеткен. Осы қайғының үстінде адасып жүрген Қаракөзді Сырым зордың күшімен тапқан. Сол тапқан жолда Сырым мен Қаракөз жақын болып кетеді. Бұл арасы өте ұйқасымсыз, адам қайғылы уақытында желік, сүйіспеншілікті іздесейді. Әсіресе, бораннан ығып, үсіп өлейін деп жүрген қыз бен жігіт жақын бола алмайды, мұнан көрі басқа бір мезгілде көрсетсе тәуір болған болар еді. Тағы да үш күн ұдайымен ыққан, адасқан қыз бораннан тірі қалатын жөні жоқ. Жазушы бұл арасын байқамаған.

Сырым мен Қаракөз тоғайда жолыққанда Қаракөздің жанында Ақбала деген жеңгесі ере келген. Қаракөз бен Сырым сөйлесіп отырғанда, Сырымның үш салы Ақбаланы қолтықтап алып қараушы халықтың алдында олай, бұлай өтіп жүреді.

Тап осы арасына келгенде жазушының көзінен Еуропаның театрға қолтықтасып баратын қызы мен жігіті елестеп кеткен, болмаса ол күндегі ауылда оскен қазақ әйелі, боз баласы қолтықтасып жүруді білмейді. Кез келген көгалға отыра салып сөйлесе беретін, өлеңді айта беретін. Тағы да бір әйелдің соңынан көрінер көзге үш жігіт саландап жүру қазақ салтында болмаған.

Жазушыда еліктеу көп, Қаракөзді бүтін суретімен татарлардың «Сонген жұлдыздар» деген пьесасынан аудармай жіберген. Ғашықтардың өлуі, күннің күркіреуі, әйелі сүймеген Наршаның олуі ондағы «Махтумның» олуімен бара-бар. Екеуі бірінен бірі аумайды, көшірші жазғандай ағасы мен қарындасы біріне-бірі ғашық болып жақындасуы, аруақ, құдайға түтелімен қарсы. Аруақ, құдай олардан дүниесін алмайды, олай болса, Сырым мен Қаракөз сол салтқа мойынұсынған адамдар, аруақ пен құдайдың не берген жазасына көніп, жақын болып отыр. Осылай болып жүрген Қаракөз бен Сырымды құдай мен аруаққа жақын қылудың жөні жоқ. Қаракөз бен Сырым жақын боламын дегенімен, құдай мен аруақ жақын қылмайды. Сондықтан Қаракөз бен Сырым құдайдан, аруақтан түтелімен безген адамдар. Бұлардың ешбір аруақ, құдаймен жұмысы болмауы керек. Ендеше Қаракөз бен Сырым бір құдайшыл, аруақшыл болып жүреді... Бірақ мынау жат іс қой... Бұл өлі аруақты жүдететін іс қой...» демейді. Онымен қатар бұларға құдайдың да рахымы түседі. Сырым Қаракөздің моласына зарлап барғанда, күнін күркіретеді, найзағайды жарқылдатады. Өлген Қаракөз тіріліп, Сырыммен сөйлесуге рұқсат береді. Бұл арасы да өте қате. Сырым мен Қаракөз әңгімесінің аруақ, құдаймен байланысатын жері жоқ. Аруақ, құдаймен байланыстырып отырған жазушының өзі.

## Ендеше Қаракөзге бәйге неге берілді?

«Қаракөзді» Мұхтар жазғанда, онын ішіне неше түрлі қиялшылдықты, діншілдікті, күйректікті кіргізгенде бұл ойлар өз кара басынан шыққан жоқ. Мұхтар өліп бара жатқан қазақтың байлар табынын ақыны. Онын табында өмір жоқ болғасын, байшыл Мұхтар өмірге берік, жігерлі кейіпкер жасай алмас та еді. Жасаймын дегенмен ол кейіпкер пурлтариаттын қатты құрсауына қысылып бәрі бір жағынан безер еді. Сырым сықылды тән қызығына түсер еді. Аяғы өліммен, құрумен бітер еді.

«Қаракөзді» жазғанда Мұхтарда жалғыз-ақ есеп бар. Ол қазақтың өткен өмірін «қызықты» түрде көрсетіп, бүгінгі қазақты, кеңес тұсындағы қазақты артына қарату, тілекті алдынан емес, артынан тілету. Социалдық құрылыстан бетін бұрып кері сүйреу.

Бұған, әрине, байлардың іші елжірейді. Сырымдар көзіне көрінген байлардың «ай, заман-ай» дегенде жүрегі қақ жарылады. Үйткені, оларға кеңес режимінде тіршілік жоқ. Олар өлімін күнде күтіп отырған халық.

Еңбекші тапқа Сырымның жарты тиындық керегі жоқ. Онын өмірі байлардай артында емес, алдында. Еңбекші жақсылықты өткен Сырымның өмірінен күтпейді. Оған Сырымның өмірі тамұқ өмір еді. Сырымдар үстемдіктен айырылғасын ғана еңбекші тап тіршіліктің тұтқасын ұстай бастады. Еңбекші тап сол тұтқаны өз еркімен құрайды да, өзіне-өзі жерді жұмақ жасайды. Социалдық тұрмысты құрады. Сөйтіп өз үстемдігі арқылы адам баласын коммунизмге жеткізеді. Олай болса еңбекші таптын бетін Мұхтарлар кейін бұрам дегенмен, бұра алмайды. Және бұрылып та отырған жоқ. Бұрылу былай тұрсын, еңбекші тап қазір Сырым сияқтыларды, Нарша сияқтыларды конфискулеп тап ретінде жойып жатыр. Өлген Сырымды іздеу түгіл тірі Сырымдарды жоғалтып жатыр. Осы сықылды байшылдық пьесаның пурлтариат оқу ордасы «наркомпростан» қалай бәйге алғанына келейік.

Пьесаға бәйге жарияланды. Бәйгенің басына комиссия сайланды. Комиссия бастығы, барлық казак еңбекшілеріне байшылдық атағы жайылған, партиядағы байлардың, алашорданың агенті Смағұл Садуақасұлы болды. Ол сол кезде оқу комиссары еді. Комиссияның түрін көріп, біздер шет қалаларда жатып «бәйгені Мұхтар, Жүсіпбектер алады» дедік. Комиссия оларды жақсы біледі. Оларға бәйге шапса да, шаппаса да беріледі. Олар бәйгеге кітап жазарда бәйгені алатын болып, комиссиямен келісіп жазады. Баскалар бәйгеге түсіп, әуреленбесе де болады дедік. Осыны айтушы жолдастардың осы күні бәрі тірі.

«Қызыл Қазақстан» журналында бір жолдас: «бәйгенің қаракшысы



пурлтариат үстемдігі, кімде-кім бәйгеге түсетін болса, сол қарақшыны көз алдына келтірмей, нысана қылып жазсын, сонда ғана бәйгеден келеді, ол нысананы көрмеген, білмеген жортақыларға бәйгені бермеу керек» деді. Анығында ол жолдастікі дұрыс еді. Бірақ жоғарыдағы саудагерлердің пікірі де далаға кеткен жоқ. Өтірік болса айтушының жаны шықсын. Бәйгеге түскен отыз кітап қаралмай қалып, Мұхтар Қаракөзді жаза салып бәйгені алды. Бәйге емес, комиссияның жай бере салған ақшасын алды. Қаракөз басылып шықты, сахнаға қойыла бастады. Көргеннен кейін кіруші жұрт «бәйгені Қаракөз алған жоқ екен, Мұхтар алған екен, сүйкімділігі алған екен...» десті. Осыны айтушылар да тірі, әлі де айтады.

Пурлтариаттың мұнарасының басында отырған кәмесие Қаракөз байлардың қарақшысына шауып келсе де бәйгі берді. Бұл арада комиссия өте қателесті. Қателескенде эдейі қателесті. Бәйге емес, бердік деуге ұялмаған комиссия мүшелерінің беттерінің қалынын айтсаңдаршы!.. Болмаса ұялмақ түгіл өліп қалатын жұмыс қой.

Бізде Мұхтардың атағына, ізіне сиынатын, еретін азаматтар әлі де бар. Мұхтар пурлтариат тілегіне келтіріп кітап жаза білмейді. Жаза білсе де жазбайды. Мұхтардан өзіміздің қойшымыз әдемі жазады дегенде: «қойшы түгіл Мұхтардың жазғанын мен де жаза алмаймын» деп ашуланатын «үлкен» азаматтарымыз да бар. Әрине, өліп жатса да Мұхтардың Қаракөзін жаза алмайды. Жазбайды да. Бірақ пурлтариаттың тілегіндегі қойшы жаза алады. Қойшының бағасын білмеген жолдастар, пурлтариат үстемдігін де білмегені дейміз. Болмаса қойшы үстемдігіне ие бола білгенде, социализмді құра білгенде, салт-сана майданына да түсе біледі. Жаза да біледі. Өзіне керекті әдебиетті де біледі. Мұхтардың кім екенін де біледі. Осының бәрін іс жүзінде көрсетіп те отыр. Ендеше сол айтқанымыз айтқан.

Мұнан былай әдебиет бағыты – пурлтариат қарақшысы, сол қарақшыға тура келгендер бәйге ала алады. Ол қарақшыны көрмей, байлардың қарақшысына шапқандарға бәйге беру деген дұрыс емес.

Олай болса мұнан былай Мұхтарлар сықылды «шаппай бәйге алатындарға жол жоқ. Отынды шапқанға жақтыр, малды тапқанға бақтыр» дейтініміз де осы.

Қаракөзге бәйге түгіл басылғанына тан қаламыз. Басылмауы керек еді. «Қаракөзді» мұнан былай еңбекшілердің театрына қоюды доғарып, тараттырмау керек. Дін құралы, киялилардың құралы қазақ еңбекшілерінің әдебиетін былғамай, еңбекшілерді байлардың әдебиетімен үгіттеп, үндетпей, тез арада тиісті орындар қарап, Қаракөзді зерттеп, керекті шарасын қолдансын.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Мұхтар көп жазған адам. Біздің қолымызға олардың бәрі түспеді. Әсіресе «Таңда» (Семейде шыққан журнал), «Ақжолда» басылғандары табылмады. Әйткенмен Мұхтардың осы шығармаларының өзі де оның кім екендігін дәлелдер деп ойлаймыз.

Мұхтардың соңғы жазғанының біреуі «Көксерек» деген әңгіме. Бұл әңгіме «Жаңа әдебиет» журналының 1929 жылы шыққан 2-3 сандарында басылды. Тіл жағына келгенде бұл әңгімесі өте сұлу жазылған.

Мазмұнын қысқаша айтқанда былай: таудың арасында отыратын бір елдер қасқырдың апанынан күшік алады. Осы күшіктің біреуін Мұқаш дейтін бір байдың жалғыз, жас баласы асырайды. Атын Көксерек қояды. Көксеректі Мұқаш жақсы көреді. Жанына алып жатады. Итке талаттырмайды.

Көксерек өседі. Бірақ оны иттер талай береді. Күзге қарай Көксерек үлкейеді. Бір күні қойға қасқыр шапқанда Көксерек қашқан қасқырды қуады. Сол қасқырға жетіп, тістемей қайтады да, осыдан кейін өзінің де қасқыр екенін түсініп, талай беретін бір қара ала төбетпен таласып, осыдан кейін сол кеште ауылдан шығып қашып отырады.

Далаға қашқаннан кейін оған басқа серік қасқырлар табылады. Ауылға үйреніп алған әдісшіл Көксерек күнде қойға шауып, күнде мал жеп, дамыл көрсетпейді. Баяғы өзі өшіккен қара ала төбетті алдымен құртады.

Бұдан кейін ол адам баласынан жериді. Бір қатынды жеп қоя жаздайды. Бір жолаушыны жеймін деп әуреленгенде, жолаушы мылтық атып, оның санын сындырады. Бұдан кейін ол адам баласына тіпті өшігеді. Кек алуды мақсат қылады. Жылқыға шауып дамыл бермейді. Осылай жүргенде оның даладан табысқан қасқырын (қаншығын) қазақтар соғып алады. Бұл Көксерекке тіпті батады. Ызалы Көксерек бір күні өзімен барабар бір көкжал қасқырды жарып жейді. Оның артынан далада қой жайып жүрген баланың қойына шабады. Бала Көксерекке ұмтылғанда, Көксерек қашпай қарсы шабады. Қарсы шапқан қасқырдан үріккен аттан бала түсіп қалғанда, Көксерек баланы жейді. Ол бала баяғы Көксеректі асырайтын Мұқаш боп шығады.

Мұқаштың қасқырға желінгенін білген ел, ізімен Көксеректі қуады. Бұл қуғында Хасен дейтін атақты аңшы, оның ақ қасқа дейтін қасқыр алғыш иті болады. Осы итпен жұрт Көксеректі соғып алады. Қысқаша мазмұны осы.

Әңгіме өте терен астармен жазылған. Қанша қазғанмен ішінен



айқын мағынасын ашу өте қиын. Біз бұл арада қасқыр пәленше, Мұқаш түгенше деп орынсыз жорамалдау жасамаймыз. Біздің айтарымыз жалғыз-ақ, Мұхтар мұны жазғанда қасқырды аң қып алып отырған жоқ, адам қып алып отыр. Үйткені Көксеректе мақсат бар. Сол мақсатқа ұмтылушылық, өз мақсатына ұмтылушылық, түптеушік бар. Қасқыр атаулының малға шабатыны, шаруаға зиян істейтіні анық. Бірақ ол адам емес, аң.

Аң болғасын онда сезім бар, нәпсі бар, бірақ сана жоқ. Қасқыр малға зиян салғанда адамды дұшпан көріп, содан кек алу үшін шаппайды. Тамақ керектігінен шабады. Қасқыр адамға саналы қастық істей алмайды. Егер қасқыр сықылды аңдар адамға саналы жау бола бастаса, адамның тіршілігіне көп зиян келер еді. Келері былай тұрсын, адамға тіршілік қиынға соғар еді. Арыстан, жолбарыс, аю, қасқырлар ұйымдасып алар еді де, қапысын тауып, адамды қиратар еді. Біз білетін тарихта мұндай аңдардың саналы табылуы болған емес.

Көксерек, сөз жоқ, адамның біреуі. Біреуі болғанда Көксерек бүкіл бір ұлтты елестете ме, тапты елестете ме яки жеке адамды елестете ме, ол жағы бізге қараңғы. Не қылғанмен Көксерек адамның, адам болғанда қара ниет адамның көлеңкесі.

Мұхтардың саяси бағытымен жорамалдағанда бұл қараниет (Көксерек) ескі заманша алсақ, отаршыл үкімет болар еді. Бірақ ол үкімет қазақтан тәрбие алып, қазақтың қолында өскен жоқ. Мұхтардың бір дұшпаны осы еді.

Мұхтардың екінші дұшпаны бәлшебектер, бәлшебек басқарған еңбекші тап. Біз Көксеректі осыған келе ме дей береміз. Үйткені еңбекші тапқа қазақтың еңбекшілері де қосылады ғой. Мұхтарша еңбекшілерді тәрбиелеген «қасқырлар» (бәлшебектер) ақырында өзі жеді.

Осы жорамал дұрысқа жата береді. Көксерек өлді. Бәлшебек әлі тірі. Көксеректі Мұхтар егер еңбекші тап деп ойласа, соны өлтіруі, алдағы мақсатының елесі болуға тиіс. Мұхтарша Көксеректі асырағанмен дос болмайды. Ол дұшпандығын істейді. Мұхтардың адамнан дұшпаны еңбекші тап болса, еңбекші таптың тап тартысын Мұхтарлар аңшылық деп түсінсе, еңбекші тап та, Мұхтарша қанша асырағанмен ел болмайды. Жобамен айтқанда, Көксеректе осындай сыр болуы керек.

Көксеректі таза аңшылық қызығынан алынған әңгіме деуге болмайды. Мұнда үлкен саяси астар бар. Бұл әңгіме Мұхтардың байшылдық пікірінің қорытындысы болуға керек. Сол қорытындыны еңбекші тапқа білдірмей жырлау үшін, ол ішкі мазмұнын астардан астарға көміп байқатпай отыр. Таза аңшылықты сипаттап адам



өміріне араластырмау көбіне күйректікпен байланысты болады. Мұндай күйректіктен жігер шықпайды. Аяғы жылау, уайымдаумен не мағынасыз күлкімен бітсді. Жігер, қайрат онда болмайды. Көксерек олай емес. Мұнда қаптап тұрған ерлік пен қайрат, талап, жігер, мақсат.

Мұхтардың басқа шығармаларына біз тоқтамаймыз. Ақындық, жазушылық күшін алғанда Мұхтар күшті жазушы. Тіл сұлулығының үстіне, Мұхтар кейіпкер жасауға шебер. Мұхтардың кейіпкерлерінің сыртқы көрінісі мен ішкі сезімі айқын көрініп отырады. Оның кейіпкерлерінің көбінде жасырынбақ қылық жоқ. Қай тапқа жататын кейіпкер екенін айқын көріп отырасың. Мұхтардың кейіпкерлері, қай шығармасын алсаң да, өзінің таптық бетін бүркемейді. Өсе береді, өркендей береді. Бастаған ісін аяқтауға тұрақтылығы жетеді. Жүсіпбектің кейіпкерлері сықылды басқан ізін аңдып, жалтақтап, бір оңға, бір солға, бір алға, бір артқа шығып отырмайды.

Байшыл жазушылардың ішінде байлар табының таптық кескінін оның кейіпкері арқылы көрсету ретінде Мұхтардан асканы жоқ.

Біздіңше, Мұхтардың жақсы жерлері тап дұшпандығын көлеңкелемей ашық айтып отыруы болу керек. Бұл сықылды бетпе-бет тұрып, мен саған дұшпанмын дегенді ашық айтқан адамға пурлтариат алғыс айту керек. Үйткені одан сақтану үшін шара қарасатыру оңай. Айқын, ашық жаудан жақсы жау жоқ.

*«Көңілдің ұшқырлығы құстан артық, Досыңнан көлгірсіген дұшпан артық»* дегенді ақын тәжірибеден алған. Бұл рас.

Жазуға шеберлік жағынан пурлтариат жазушыларына Мұхтардан үйренетін нәрсе көп. Мұхтардың байдың айқын кейіпкерін шығара білгеніндей, пурлтариат жазушылары пурлтариат кейіпкерін шығара білсе, бұл үлкен олжа.





## IX. АЙМАУЫТҰЛЫ ЖҮСІПБЕК

### ӨМІРІ

Жүсіпбек Аймауытұлы 1893 жылы бұрынғы Кереку уезі, Семей облысы, Қызылтау болысында туған. Руы арғын ішінде сүйіндік. Аймауыт – Жүсіпбектің өз әкесі. Аймауыттын әкесі – Дәндебай, оның әкесі – Жуан, Қуан бай адамдар болған. Дәндебай шағын шаруалы адам болған.

Дәндебайдан Иса, Аймауыт, Оспан, Абайділдә деген төрт бала туған. Дәндебай өзі шаруа адам болғанымен, балаларына, әсіресе, Оспанға мал біткен, бай болған. Абайділдә мен Иса орта шаруа, Аймауыт кедей.

Жүсіпбектің ауылы Сүйіндік ішінде беделді, мықты ауыл болған. Үйткені жоғарыда айтылған Оспан, жасырақ кезінде орысша оқып, першіл боп шығады да, артынан байып, болыс болады. Болыс болғанда ол паракор болыс болады. Қиянатшыл болыс болады. Дәндебайдың бұдан басқа үш баласы момын шаруа, оның ішінде өге момыны Аймауыт.

Аймауыттан: Ахмет, Жүсіпбек, Жақыпбек деген үш бала туады. Бұлардың ішінде Ахмет пен Жақыпбек ағаштан түйін түйген, зергершілік, ісмерлік істеріне түгел жетік, ұсақ қол өнер шебері болған. Ахмет 1926 жылы өлген. Жақыпбек әлі тірі.

Жүсіпбек жасында үй шаруасында болады. Ескіше оқу оқиды. Онын оқу қанша оқығаны, қай жылдан оқығаны мәлім емес. Оқу, шаруасымен қатар, Жүсіпбек те қол өнер кәсібін қылады. Кейде, ара-тұра кісіге жалшылыққа тұрып жүреді.

Шамасы 15-16 жастарында, Жүсіпбек Павлодарға (Кереку) оқуға қашып барады. Барған бетінде қазақ оқығандары оған жәрдемдесіп, орысша-қазақша екі класты школға түсіреді. Бірақ бастапқы жылы пансионға іліге алмай, әркімге қонақтап жүріп оқып, кейістік көреді. Келесі жылы пансионға алынады. Содан кейін жаз елде бала оқытып, қыс оқып, 1914 жылдары ол мектепті бітіреді. Бұл оқуда жүрген кезінде Оспан дейтін жоғарғы аталған болыс, оқыса төбеме шығып кетер деп, Жүсіпбекті оқытпауға тырысады. Айтушылар: «Мансапқорлар» деген пьесадағы Қасқырбай деген жемқор болыс осы Оспан еді дейді. Қасқырбай Мүсілім дейтін інісін оқытпауға тырысқан ғой. Онда Мүсілім Жүсіпбектің өзі еді дейді. Бірақ Мүсілім Оспанды өлтіріп, орнына болыс болды емес пе? Жүсіпбек болыс болған жоқ. Ал Оспанда тоқал болды ма? Жүсіпбек онымен қалай болды? Ол арасын біз білмейміз.





Оқуын бітірген жылдың келесі қысында Жүсіпбек Семейдегі мұғалімдік семинарияға түседі. Мұнда оқып жүргенде ол жаз бала оқытып, қыс өзі оқиды.

1918 жылы семинарияны бітіреді. Семинарияда оқып жүріп бір жағынан ол «Абай» журналына жазушы болады. Осы қызметте кеңес үкіметі келгенше тұрады.

1919 жылдың декабрінде Семейге бөлшебектер келе ол партияға кіреді. Сөйтіп партия комитетінің қазақ секциясына бастық болады. Біреулер осы кезде ол барып тұрған солақай коммунист болды дейді. Онысының анығын біз білмейміз. Біздің қолдағы деректерге қарағанда, онда солақайлық болған жоқ, Ол алашорданың жастарын партияға кіргізу науқанын істегенде кірген сықылды.

1920 жылдың жазында Аймауытұлы сайлау комиссиясына бастық боп, Павлодарға кетеді. Күзге дейін жүреді де, күз күні Орынборда болатын Қазақстанның бірінші кеңестер съезіне өкіл болып барады. Съезде оқу комиссары болған Ахмет Байтұрсынұлы орынбасар боп сайланады. Ол қызметте 1921 жылдың күзіне дейін болады. Күз күні Семейдегі губерниялық оқу бөліміне бастық боп келеді. Бірақ онда көп отырмай, жұмыс бабымен елге шығып, ұзақ уақыт елде жүреді. Осы кезде партия мүшелерін қайта қаттау ісі жүріп, Жүсіпбек санақтан өтпей қалады. Елден келгенде Жүсіпбек партиядан өз бетімен шығып қалған адамға есептеліп отырады. Жүсіпбек бұлай болғанына ренжімейді. 1921-1922 жылдардың қысында ол «Қазақ тілі» газетінің редакторы болады. Осы істе жазға дейін болып, 1922 жылдың жазында помгол (аштарға жәрдем) комиссиясының ісімен елге шығып, жаздай мал жинайды да, күзге қарай жиналған малдарын Торғай елінің ашыққандарына деп айдайды.

Торғай еліне барып малын таратқаннан кейін, күз Семейге келеді де, онда қызметке тұрмай, Қарқаралы кетіп, екінші басқа школға учитель болады. Келесі жылы тағы сонда болады.

1924 жылы жаз елінде тұрып, күз Ташкенге барып, «Ақжол» газетіне қызметке кіреді. 1926 жылы Жүсіпбек Шымкент қаласындағы педтехникумға бастық боп сайланады. Сол қызметінде жүргенде, Торғайға аштық жылы апарған малдар туралы сотқа тартылып, абақтыға жабылады да, артынан ақталады. Содан Шымкентке қайтадан келіп, бұрынғы орнына қайтадан тұрады.

1930 жылы Ж.Аймауытұлы алашорданың кеңес үкіметіне қарсы болған жасырын ұйымына қатынасқандықтан абақтыға алынды.

Жүсіпбек өмір тарихы туралы біздерге бар мәлімет осы. Оның әдеби қызметі қай жылдан басталғанының анығын біз білмейміз. Біздің білетін мәліметіміз бойынша, Жүсіпбек «Абай» журналынан бастап қана жазушылық атын алуға тиіс. Оның жазуда қандай бағыттары болғанын, саяси беті қалай болғанын біз еңбектерімен дәлелдейміз.



Мұхтар Әуезұлы туралы жазғанда біз, Семейдегі алашорда жастары шығарған «Абай» журналында Жүсіпбек Аймауытұлы мен Мұхтар қатар шықты деп едік. Бірақ «Абайда» Мұхтар көркем әдебиет емес, саяси мақаламен айналысқанын айтып едік. Жүсіпбек олай еткен жоқ. Ол саяси мақалалар жазумен қатар, «Абайда» жазушылық, ақындық бетін ашты. Сонымен қатар, «Абай» журналының жауапты құрастырушысы болды.

«Абайдың» бірінші санында Жүсіпбек «Ұран» деген мынадай өлең жазды.

«Қазағым, қақтықпа, қамалма,  
Ел болар қамыңды амалда.  
Батты түн, атты таң, шықты күн,  
Сал малды, сал жанды, аянба.  
Мал баққан, жай жатқан ел едің,  
Бейнетті көп тартқан ел едің.  
Қаны жат, тілі жат, діні жат,  
Жат елден таяқты жеп едің.  
Жатқа жем бай едің кен едің,  
Қақың жоқ биліктен кем едің.  
Партия, сұрқия, қым қиғаш,  
Басы аман көп надан сен едің.  
Зарыққан, тарыққан шағында,  
Тап болды бостандық бағыңа.  
Ұйымдас, ұрандас, жағалас,  
Сен де мін бабаңның тағына.  
Құның жоқ, құлдықтан өліп ең,  
Терезең төремен болды тең.  
Намыстан, қайраттан, қатарға ен,  
Басқадан кем болған сенің нең.  
Ұраным, қорғаным сен алаш,  
Жолыңа құрбандық мал мен бас.  
Өнер тап, өрге шап, қару ап,  
Аллалап алға бас, ал алаш!»

Осы өлең алашорданың «интернационалы» болды. Алаш әскері осы өлеңнің әр шумағының аяғына «ұраным, қорғаным сен алаш» дегенді қосып айтты. Мектептерде осы өлеңді ұран сықылды қып айтып жүрді. Жүсіпбектің біз білетін еңбектерінің ішінде байшылықтың, төңкеріске ең алғаш қарсылығын көрсеткен осы өлең.

Осы санда Жүсіпбек «байлық – кедейлік» деген мақала жазды. Бұл мақала Жүсіпбекке Сұлтанмақмет Торайғырұлының «Кедей» деген поэмасының әсері болғандығы көрініп тұр. Бірақ Сұлтанмақмет кедейдің



кемшілігін айта кеп, «бұл қорлықтан құтылу үшін оқу оқу керек» дейтін еді. Жүсіпбек олай демейді. Жүсіпбек мақаласын былай бітіреді:

«Мұны айтқандағы мақсат: байдан келейді бөліп алмақ емес. Халықтың қамын ойлағандық.

Елдің қамы немен табылады? Қайтсе тұрмыс жеңілденеді? Міне осыны шешу керек» (15-бет).

Жүсіпбектің қорытындысы ашық. Кедейдің мұңын ойлағандағы оның қамы кедейді байдан шектеу емес, қайта екеуінің арасын жымдастыру, жақындастыру. Осы әдісті Жүсіпбек күні бүгінге дейін (1931 жылға дейін) ұстап келді. Оның шығармаларынан кедей қалған емес, бірақ сол келдейлерді байға теңсуін Жүсіпбек қойған да емес. Бұл байшылдықтың ішіндегі ең қате жолы. Осы күні жұмыскер табына социал демократтан дұшпан партия жоқ. Үйткені социал демократ жұмыскер табына қамқор болғанын, жұмыскерді артынан ертіп, байларға тез жығып береді. Жұмыскер табына социал демократтан фашистер жақсы. Үйткені жұмыскерлер фашисті ашық дұшпан деп түсінеді. Одан сақтанады. Ал социал демократ «жұмыскерге қорғаным» деп отырғасын жұмыскер оған алданады. Социал демократ жұмыскерді құрт аурудай іштен тауысады. Жүсіпбектің мына әдісі сол социал демократ әдісі. Кедейлер үшін бұл «қамқорлық» Мағжанның ашық байшылдығынан көп залалды.

Не себеп екенін кім білсін, «Абайдың» 2-санында, журналдың сыртына «алғашқы шыққан санында шығарушы Жүсіпбек Аймауытұлы деп қате басылған. Анығында шығарушы басқарма ұйымы» деген сөз басылған. Бұл сөзге қарағанда алашорда партиясы Жүсіпбектің жоғарғы кедей туралы айтқан сөзінен қорқып қалды ма деген күдік туады. Оны келешек айқындар. Сол 2-санда шығарушы: «басқарма ұйымы» деген. Бірақ көп кешікпей (4-саннан) шығарушы боп Жүсіпбек тағы қол қойды да, қашан журнал жабылғанша шығарушы (редактор) боп тұрды.

Егер алашорда Жүсіпбектің байшыл мақаласын кедейшілік болды деп үстірт түсінсе, Жүсіпбек ол қатесін тез түзеп, іле қатты кетті. Журналды төңкеріске ашық қарсы (реакционно-контрреволюционный) журналға айналдырды. Журналдың 6-санында бас мақала боп «Саяси хал» деген мақала жазылды, авторы жазылмаған. Бірақ жауапты шығарушы Жүсіпбек болғасын, ол мақала сөз жоқ Жүсіпбектікі.

Осы мақалада мынадай сөздер жазылған:

«Ұрандасып бас қосып, кеңесіп ұлт жұмысына кірісе бастағанда қожасының артынан құлы келіп (патша үкіметінің артынан жұмыскері кеп деген сөз ғой – С.М.) басымызға, міне, түсті. Ол құл ойдан-қырдан жиылған жігіттер, саяқ, олжа тапқышсығандар, социализм атын сатқан бәлшебектер. Төңкерістің берген бостандығы бәлшебектің найзасының ұшымен кетті. Бәлшебектің істеген жұмысы ел шауып, олжа табу... Бәлшебектің бұл сықылды хайуандығын көргендер жағасын ұстап,



Николай бір сәрі екен ғой деген де болды (Николай артық еді дегені ғой – С.М.)... Бәлшебек үкіметі тұрса қазақ та аман қалатын емес еді. Бәлшебек жұрт қамын ойлаған басшыларымыздың қолға түскенін жапты. Өлтірмекші де болды. Бірақ жауыздың тілегін құдай бермеді... Қазақ басшыларын бұл халге түсірген өзімізден шыққан соғылғандар.

Бұдан әрі қарай Сібірде болған Чехословактардың өзгерісін, сәбдеп құлағанын, ақтар мен қазақ «басшылары» жасаған отрядтың бәлшебекпен соғыса бастағанын айтып былай дейді:

«Бәлшебектің тұқымын құртуға әпесер, қазақ-орыс, қазақ әтіреттері жіберілді. Қазақ әтіреті бәлшебекті қуып, бірнеше адамдарып тұтқын қып қайтты».

Бұдан кейін Түркістан пыронтын жазды. Петроград бәлшебектен газаланды. Сібір тазаланды. Сібірде уақытша үкімет жасалады. Бұл үкімет халық тізгінін өзіне береді дейді. Онысы көзімізбен көрген кәнішер Колчак. Бұдан кейін алашорда құрылғанын, әскер жасағанын, әлі де жасау керектігін, бәлшебек қаупіне қарсы тұру керектігін айтады. «Бәлшебек үкіметі автономия берем деп емексітіп алдап кетті» дейді. Бас мақаланың мәнісі осы.

«Абай» журналы түгелімен, оның ішінде, әсіресе, Жүсіпбек бәлшебекке қарсылығын осы мақаладан кейін тіпті күнсітіп әкетті.

«Абайдың» 7-санында былай деп жазылды:

«Бәлшебектің істеп қайтқан хайуандығын адам айтар емес. Тұрғын халықты (қазақ, мұжық, орыс) қойдай қырып, қорасын өртеп, малын, қазынасын талап алып жағыр. Тұрысбековтердің мешітін бұзып, қорасын өртеп жіберіпті. Біздің найман отыншы басшы болып (Отыншы Әлжанұлы майданда бәлшебектер қолынан өлді – С.М.), Көктуманы алыпты. Бәлшебектерді ұстап, көгендеп қойыпты... Қазір қазақ билігі өз қолында. Алым шығып Алашордаға жиналады. Не жарлық болса алашордадан тарайды. Қазақ үкіметі алашорда кеудесінде жаны бар алаштың мал-жанды ортаға сап қимылдайтын күні келді-ау!» (15-16 бет).

Бәлшебектерді Отыншы Әлжанұлы сықылды алашорданың сенімді адамдары бастаған алаш әтіреті қырғанына мәз болған Жүсіпбек жүрегі жалындап, көңілі көтеріліп, күлкілі қуанышпен мынадай өлең жазды:

Арғы атам ер түрік,  
Біз қазақ еліміз,  
Самал тау, шалқар көл,  
Сарыарқа жеріміз.  
Сай сайлап, мал айдап,  
Сайрандап иен жайлап,  
Ерке оскен арқаның,  
Еркесі серіміз.  
Біз жүрген алаштың,

Шын кемеңгеріміз.  
Егессек ес бермес,  
Еңіреген еріміз.  
Бұғадан босанған,  
Біз долы арыстан,  
Долданса болмайтын,  
Және дәу, періміз.  
Ат мінсек, жел болып,  
Дауылдап шабамыз.  
Лап десек ерленіп,  
Дуылдап жанамыз.  
Алаштың ақ туын  
Қолға ұстап, ақырып,  
Алаш деп шапқанда  
Жауға ойран саламыз.  
Ер түрік ежелден,  
Оқ тескен етіміз.  
Қаймығып еш жаудан,  
Қайтпаған бетіміз.  
Жаусын оқ, ақсын қан,  
Шықсын жан, қорқу жоқ.  
Алаштың жолында,  
Жан қимақ ниетіміз.  
Біздерге сөз бе екен,  
Жауыңның көп-азы,  
Өлсек хақ шәһитпіз  
Өлтірсек біз қазы.  
Жол болып, жау шауып,  
Сау қайтсақ боламыз  
Қазақтың шын ұлы,  
Қаһарман сабазы.  
Алаштың аруағы  
Жебесін, қолдасын.  
Ақсақал тілей көр,  
Сапарды оңдасын.  
Жасаған жар болсын  
Қазақтың еліне.  
Жасасын, сақтасын  
Алаштың ордасын.

(№7, 14-бет).



Мұндай күшті төңкеріске қарсы өленді қазақ байшылдарының ішінде еш қайсысы да жазған жоқ. Кәтте байшылдардың ішінде пурлтариатқа ең дұшпан деп жүрген Мағжаннан да, ол кезде мұндай (контрреволюционный) өлең шыққан жоқ. Шықты, бірақ мұндай күшті жазылған жоқ. Бұл өлең алашорданың пурлтариат үстемдігімен күрескен күресінің ішінде алашордашыл ақындардың жазған өлеңдерінің ең төңкеріске қарсысы.

«Абайда» Жүсіпбектің пурлтариат үстемдігіне қарсы шыққан сөздері толып жатыр. Олардың бәрін келтіре беруді қажет көрмедік. Жүсіпбектің төңкеріс дұшпаны екені осыдан да айқын көрінеді деп ойладық.

«Алашорда» кезінде Жүсіпбектің «Абайдан» басқа көрнекті жазылған нәрселері – екі пьесасы. Біреуінің аты «Мансапқорлар» (бұрын аты – «Жебір болыс» еді. 1918 жылдың қысында Омбыдағы алашорда жастары осы пьесаны ойнап, бәлшебекке қарсы майданда соғысып жүрген Алаш әскеріне жәрдем жинады. Ғаббастың «Сарыарқа» газетінің 1919 жылғы шыққан 70-санында сауықтан түскен түсім деп жазғаны осы сауық). Жебір болыстың қысқаша мазмұны: Қасқырбай деген болыстың паракорлығы, оның бір әкеден, тоқал шешеден туған інісі Мүсілімнің Қасқырбайдың болыстығына қызығуы. Күләндә деген болыстың тоқалын айналдырып жақындасуы, ақырында сайлауға таласып, Күләндә арқылы Қасқырбайға у беріп өлтіруі.

Пьесада Қасқырбайдан жәбір көрген бірнеше адамдар көрсетіледі. Бірақ бұлар кедейлер емес, ел ақсақалдары. Мүсілім Қасқырбаймен болыстыққа таласқанда елді өзіне қаратуға жаңағы зорлық көрген «ел адамдарын» құрал қылып, қолына ел қаратқанда ісін солар арқылы бітіреді. Қасқырбай улап жатып сандырақтағанда «нелер нашарды жылаттым» дейді. Осыдан басқа пьесада болыстың кедейге істейтін тізесі, Раматқа тандайына татып отырған жалғыз сиырын қуғызып алатыны атымен көрсетілмейді. Болысқа жылап бір де кедей келмейді. Пьесаның бас кейіпкері Мүсілім мен Қасқырбай екеуі де паракорлықтан басқа түк білмейтін қазақтың нағыз аң мінезді (зверский) феодалдары. Бұнда еңбекші бұқараға күштің істейтін зорлығы айтылмаған.

Екінші пьеса «Қанапия-Шарбану» деген. Мұнда 1916 жылғы қазақтан майданға жұмыскер алу айтылады. Біз оған тоқтауды қажет көрмедік. Үйткені бұл пьесадағы пікірі «Қартқожа» романында толығырақ айтылған. Сондықтан Жүсіпбектің 1916 жыл туралы көзқарасын біз сол Қартқожада толық айтпақпыз.

«Алашорда» дәуірінде Жүсіпбектің бар жазғандары осылар. Мүмкін басқалары да болуы. Олар біздің қолда жоқ. Кеңес тұсындағы Жүсіпбекке келмей тұрып, бұл арада айтарымыз: Жүсіпбек кеңес үкіметіне дейін нағыз Алашордашыл, нағыз пурлтариатқа қарсы, нағыз дұшпан жазушы болды. Пурлтариатқа дұшпандық ретінде Жүсіпбектен

басым болған жазушы болған жоқ. Мағжандардан да Жүсіпбек асып түсіп отырды. Осындай төңкеріске қарсылығымен қатар, Жүсіпбек жоғарыда көрсеткендей кедейді қамқорсыз, байға жақындатқыш қып кедейді ішінен тауысатын жегі құрттығын сол кезден бастады. Бертін келе онысын тереңдетті.

### Ұсақ еңбектері туралы

Жүсіпбек Аймауытұлы кеңес үкіметі келе сала белсене іске кірісті. Сол белсенділігінің ішінде оның жазуы ең негізгі ісі болды. «Қазақ тілі» газеті (Семейде), «Еңбекші қазақ» (Орынборда), «Жас кайрат» (Орынборда, комсомол газеті), «Ақжол» (Ташкенде), «Таң» (Семейде, журнал) беттерінде оның толып жатқан ұсақ әңгімелері, мақалалары басылды. Олардан басқа Жүсіпбектің ондаған ұсақ кітапшалары, пьесалары шықты. Бізге оның бәрін тауып алуға мүмкіндік те болмады және қажет те көрмедік. Шығармаларының ішінен осынысы маңызды-ау деп табылған таңдамалыларын алып, соларға тексеру жасауға ойладық. Сонымен мәселе шешілер деп түсіндік. Сондықтан бұдан былай Жүсіпбектің таңдамалы, мақтаулы, ірі еңбектеріне тоқталамыз да, ұсақтарын тексермейміз. Басты шығармаларын талдап болғаннан кейін қорытындыны бірақ береміз.

### «Қартқожа»

Жүсіпбекті жол бике деушілер, Смағұл сықылды, кәтте пурлтариатшыл деушілер қашан да болса Жүсіпбек туралы сөз қозғағанда қолдарына осы «Қартқожаны» ала тұра келеді. 1927 жылы Қызылордада болатын әдебиет мәселелері туралы бір мәжілісте жолдас Тоғжанұлы «Қартқожа сықылды кедейшіл шығарманы әлі пурлтариат жазушысынан деп жүргендер жазған жоқ» деді. Бұл пікірлердің қателігін бір «Қартқожаның» өзімен дәлелдейміз. Әуелі «Қартқожаның» мазмұнын айтып алайық:

Жұман дейтін «кісіден тіленбейтін, кісіге жағынбайтын, бес уақыт намаз оқып, барға қанағат, жоққа сабыр ететін» бір адамның Қартқожа дейтін баласы болады. Қартқожаның шешесі де Жұман мінезді биязы адам. Үй ішінде қазан бұзары жоқ. Қартқожаның өзі де жасынан әкешешесінің мінезін алған жуас бала болады.

Қартқожа 1910 жылдары молдаға оқуға беріледі. Ескі тәртіппен оқытатын, садақашыл, байшыл молда Қартқожаға қорлық көрсетеді. Байдың балалары да басынады. Қартқожа осы қорлыққа жасында кектенеді.

Молдадан аз оқып шыққасын, Қартқожа бала молдалыққа тұрады. Молдаларға еліктейді. Бірақ оның ойынан орысша оқысам-ау деген ой



кетпейді. Осы дағдымен біресе бала оқытып, біресе шаруасына айналып жүргенде, оның ауылына қаладағы медреселердің біреулерінде жәдитше оқып жатқан бір шәкірт кездесіп, осы шәкіртті Қартқожа ылаулатып алып жүреді. Жолшыбай шәкірт оған қаланың қызығын, оқуын айтып, бұрынғы құмарлығының үстіне құмарландырады. Қартқожаға «Тумыш» деген кітап (Омар Қарашұлыныкі – С.М.) сыйлап, шәкірт Қартқожамен достасады. Еліне келе жағып, Қартқожа кітапты оқиды. Кітап оған өте қызық көрінеді. Ол енді оқимын деп табанын бекітеді.

Бұл тілек бірақ іске аспайды. Қартқожаның шаруасына кенеттен апат кеп, малдары шетінен өле береді де, сатып ақша қыларлық қалмағасын, Қартқожа қаражаттың жоқтығынан амалсыз оқудан тоқтайды.

Оның үстіне жұт болады. Қартқожаның үйінде астық болмайды. Қыс орталанған кезде Жұман аптан өлін бара жатқасын, Байбек деген бір саудагерге қызылдағы бұзауға (тумаған бұзауға) бидай береді деген соң, жаяулап, жалпылап, Байбекке барады. Байбек бір бұзауға бір пұт астық берелі. Осы астықты Жұман алып келе жатып, жолда үсінеді де, үйіне келе өледі.

Үйі осындай күйзелушілікке түскен Қартқожа тағы молдалыққа тұрып, пидия алуға кіріседі. Қартқожаның балалық, ересектік өмірі осылай бітеді. Бұл романның бірінші бөлімі.

Бір кезде Қартқожаның қолына орысша оқыған бір жігіт түседі. Қартқожа оны жалдап орысша оқып, хат таниды. Екеуі өте жақын болады. Орысша оқығанның ауылдағы жігітшілік ісіне Қартқожа жеңгетай болады. Екеуі күндіз оқумен алданып, кешке жігітшілік істеп жүрген бір түні ауылда патшаның жарлығы деген у-шу дауыс естіледі. Ертеңінде бұл жарлық расқа шығады. Қартқожаның жасы ол кезде 18-де болады. Сондықтан ол ілікпесін деген есек дәмелі болады. Әйткенмен қауіп те көңіліне келеді. Ағасы Тұңғышбайдың жасы 25-те болғандықтан ол ілінетінін жақсы біледі. Сондықтан үйін уайымдай бастайды.

Оқиғаға құлағы әбден қанығып алғаннан кейін ол молдалыққа тұрған ауылынан ат сұрап алып үйіне қайтады. Ауылына келсе жігіттер дүрлігіп, болыстан списокты тартып аламыз деп даурығып жүр екен. Қартқожа да бұларға ереді. Бәрі болыстың кеңсесіне барып, книганы зорлықпен тартып алуды басқарған Дәрмен болады. Бәрі дөнге барып, книганы оқымақ болғанмен оқи алмағасын, не пәле болса да осыдан ғой деп күйдіреді. Жұрт тарқайды.

Бұдан кейін жігіттер біраз бейқам жатады. Қартқожаның ағасы да, өзі де іліккен болады. Шешесі де уайымдайды. Қартқожа да уайымдайды. Ел ішінде бірде «алады дейді» бірде «алмайды» деп өсек жайылып Қартқожаның басын дал қылады.

Бір күні түнде Қартқожа ұйықтап жатқанда ауылға жылқы айдап көп кісі келеді де, Қартқожаны оятып ап, астына бір ат мінгізіп, көп жігіт бір



жаққа қарай тарта жөнеледі. Қартқожа не екенін білмейді. Лақпыртпен шаба береді. Біраз шапқаннан кейін алдарынан біреулер шығып, болыс пен тілмаштың қашып кеткенін, списокты алып кеткенін айтады. Болысты қуып шыққан, ауылына барған жігіттердің байлардың жылқысын талап мінгенін Қартқожа сонда көреді.

Даярған жігіттер енді сол тобын жазбастан маңындағы малы барларға зорлық қыла бастайды. Асын тартып ішеді. Малың сояды. Сөйтіп далада сайрандап жатады, дойбы ойнайды. Күресседі. Өлең айтады. Жастық қылықтарын кенеседі. Осы істердің бәрінде де Дәрмен дейтін, баяғы жігіттерді басқаратын қараторы жігіт басым болады. Ол дойбыға да жүйрік, ол балуан, ол әнші, ол сері.

Осы сайранның ішінде жүрген Қартқожа түс көреді. Түсінде суға кетеді. Одан жанталасып шығады. Сөйтіп адасып жүргенде, өлтірейін деп жағқан біреуге кездесіп арашаламақ болса, жемгесі жібермейді. Сол тартыспен тұрғанда құлағына күй естіліп, олар оқыған шәкірттер болып шығады. Шәкірттердің біреуі Қартқожаға сен неғып жүрсің дегенде, ол оянып кетеді.

Топтан біраздан кейін беркесіздік шыға бастайды. Тері-терсекке төбелес боп, жігіттер біртіндеп тарауға айналады. Дәрмен ұйымдастыруға осынша тырысқанымен іс шығара алмайды. Осыдан көңілі суыған Қартқожа байталына мінеді де, жәрдемді болыстан күтіп, болысқа аттанады.

Іздеп келген болыс оған жылы жауап бермейді. Кісі екен деп елемейді. Қайта, жалшылары байталын мініп, әурелейді. Болыстан жауап ала алмай, Қартқожа жасаққа қайта қайтады. Жолда тасаттық беріп жатқандарға соғады. Ондағы молдалардың жемқорлығына тағы да ренжиді.

Қартқожа топқа келген кезде, үкіметтің әскері қамап келіп қалған хабары естіледі. Көп сасады. Сол сасқан көпке Дәрмен бас боп, оққа қарсы шабады. Бірақ мылтықтың екпініне шыдай алмай, жұрт кейін серііледі. Содан кейін жігіттер бет-бетімен қашып, елді-еліне тарайды. Қартқожа да еліне қайтады.

Қартқожа үйіне келгеннен кейін болыстың шабарманы жалғыз кашарын қуып әкетеді. Ондағы сылтауы жасаққа қатынасақтың дейді. Болыс жалғыз бұған емес, көп кісіге осылай істейді. Қартқожа жауға еш қайрат істей алмайды. Ақырында, жұрт орнына жарымжан кісіні жалдап көрсетіп жатыр дегенді естіп, Байжұмыр деген тазға ақша беріп, орнына көрінуге жалдайды. Бірақ Байжұмыр артынан көп ақша берген біреуге сатылып, айнып кетеді. Сонымен қысқасын айтқанда Қартқожа майдандағы қара жұмысқа алынады. Романның екінші бөлімі осымен бітеді.

Қартқожаға майдан, оның жері, тұрмысы әуелі жат көрінеді. Артынан үйреніп алады. Көңілі жадырайлы. Сөйтіп жүрген кезінде елдегі



Тұңғышбай деген ағасының өлген хабарын естіп, бір жүдеп қалады. Осы кезде оған бір башқұрт, бір Андрей дейтін орыс жақын боп, ол солар арқылы болып жатқан соғысты түсінеді. Төңкеріс болатынын естиді. Көп кешікпей-ақ төңкеріс болады. Төңкеріс бола салысымен Қартқожалар еліне оралады. Үйіне келеді. Жайласқаннан кейін ағасының өлген себебін сұраса, Қартқожа кетерде шабарман әкеткен тайыншаны іздеп барам деп, суыққа шалдығып өлгендігі көрінеді. Қартқожа осыған ызаланып, байларға қарсы оқонған келген жігіттерді ұйымдастырғысы келгенмен, одан мәнісі шықпайды. Ешкім көнбейді.

Қартқожа жазға қарай Баян қаласындағы бір орысқа жалшылыққа тұрады. Сол қыста Баянда бала оқытқан бір ушительден жұмыстан кейін оқу оқып, оқу біткесін еліне қайтады да, елінің зорлауымен амалсыздап жеңгесін алады.

Осы қалыппен біраз жүргеннен кейін, Қартқожа күзге қарай, шешесі мен жеңгесінің еркіне қарамай, Семейге барып, мұғалімдер курсына кіреді. Бірақ степендия ала алмай жүдейді. Әйткенмен оқып шығып, күз мұғалім болуға елге шыққанда, бөлшебектер кеп қалады. Олардың кім екенін Қартқожа түсінбейді.

Қартқожа қыстай Қарашолақ ауылында бала оқытады. Бір жағынан өлікке құран оқу сияқты істерді де істейді. Сонымен қысты өткізіп, жаз үйіне қайтады.

Үйіне келе сала Семейге барса, Алашорда мен Сәбденгінің арналысып жатқан уақыты болады. Өзіне таныс Хасен дейтін ушитель оған оқиғаның мәнін түсіндіреді. Көп ұзамай бөлшебектер алашорда комитетін қуады. Қартқожа мұны көргесін келген делегаттармен еліне қайтады.

Еліне келіп 2-3 ай бала оқытқасын, ол тағы да Семейге баруға ойлағанда, жеңгесін «не айрыл, не барма» деп жібермей қалады. Сол күзде ақтардың үкіметі құлайды. Ақтар елге көп зорлық істейді. Дәрмен сықылды бірен-саран ер жігіттер ақтың шетке шыққан солдатын өлтіріп, кек алғаны боимаса, жалпы қазақ көп азап шегеді. Көп зиян тартады.

Бөлшебектердің үкіметті қолға алғанын Қартқожа белгілі ақын Сұлтанмақмет Торайғырұлынан естиді. Бірақ үйінен шығып бара алмайды. Қолы тигенде Баянда кәсіп істеп, қолы тимегенде шаруасын бағып жүре береді. Сөйтіп жүргенде бір күні Баян қаласына сайлаушы болып шыққан Хасенге жолығады. Бұл баяғы алашорданың әскері Хасен.

Хасен Қартқожаны ертіп Керсүге келеді. Жолшыбай Алашорданың қалай құлағанын, өзінің қызметке қалай кіріскенін айтады. Керсүге келе Қартқожа Семейге кетеді. Онда барып қазақ үністетігіне кірседі. Бірақ тұрмыс оңды болмайды. Отаршылдық күшті болады. Оқуын бітіргесін Қартқожа елге шығып, Кәрібай қажы дегенге тұрады. Осы кезде елде жастар ұйымы ашылып, тиышсыз бола бастайды. Артынан развериске шығып, елді кедейлендіреді. Қартқожа ұйымға түседі. Елдің келешегі



не боларына көзі жетпейді. Осыдан торыққан Қартқожа Семейге тағы жүріп, жолда табын-табын разверискенін малын көреді. Ол малдарды жеп-бытыратып жатқандарды көреді. Оған және жаны ашиды. Семейге келе коңілі жадырайды. Үйткені Семей ол кезде Қазақстанға қарайды, саула ашылады. Және оқу бөліміне бастық Хасен болады. Хасен оны әрі оқуға алады, әрі бастауыш мектептің біреуіне сабақ бергізеді.

Бұл оқу оны канағаттандырмайды. Ол үнестетті тастап, інісін ертіп, Омыбаға барады. Жолда бір нашар әйселдің 14 жасар кызын мен асырайын деп сұрап алады. Жолшыбай азап көріп, Омбыға келеді де, бір күні талкучкаға шығып, ақшасын жоғалтып алады. Содан кейін үшеуі де ашырқайды. Қаладағы бір «Хан» дегенді тауып алса, ол жауап бермейді. Сөйтіп өлдім-талдым дегенде Палувдипке барып, оқуға алынады. Қызды да, ұлды да орналастырады.

Қартқожаның тұрмысы түзеледі. Әйткенмен оның ойынан бір түйткіл кетпейді. Ол – елі. Қартқожа – қазақ елінің қамқоры. Оның уайымы – өз қара басы емес, елі. Қыстай оқыған Қартқожа жазда дем алуға тағы еліне қайтады. Осымен роман бітеді.

«Қартқожаны» тексерместен бұрын айтатын сөз, бұл ең алдымен, роман (орысшасында жазылған) емес, ұзақ әңгіме (повесть). Романның бір өзгешелігі болуы керек. Кейіпкерлер жасауда ол кейіпкерлердің сезім жүйесі, әлеумет ісі айқын көрінуі керек болса, «Қартқожада» ол жоқ. «Қартқожаның» ішінде пәлендей қоғамның өмірін елестетіп беретін, пәлендей айқын кейіпкер шықпайды. Кейіпкерлерінің бәрі де тұрақталмаған, белгілі бір таптың әлеуметтік кескінін көрсете алмайтын кейіпкерлер. Сөзімізді мысалмен дәлелдейік:

## 1. Қартқожа

Шаруа жағына келгенде Қартқожа бастапқы кезде өзімен-өзі, тоқ, ауылдық, біздің тілмен айтқанда, орта шаруа. Оның сол орта шаруасы бергін келе кенеттен келген кесір арқылы төмендеп, кедейленеді. Қартқожаның шаруа ретінде пурлтариатка залалы жоқ адам. Қартқожа сықылды орташалар кеңес үкіметінің кезінде колхозға кіріп, үкіметтің көмегін көретін, өзі де көмектесуге жарайтын адамдар. Сондықтан оның шаруа күйінен, шыққан тегінен кеңес үкіметіне залалды еш нәрсе табуға болмайды.

Қартқожаның қара басына келгенде, ол тегі орташадан шыққанмен, өз еңбегімен күн көретін, еңбек иесі адам емес. Ол ұсақ интеллигент. Әуелгі бала молда болуға, пидия алуы, содан кейін орысша азырақ оқып, одан кейін мұғалімдікке кіруі, кейінгі жағында да оқушы боп кетуі оның ұсақ интеллигент екеніне дәлел. Ол өз қолын күстендіріп, өз маңдайының терін сыпырып, сол еңбегінде байлардан тепкі көрген адам емес. Бергін келе



Баян қаласындағы орыстың байына аз ғана күн жұмыс істеуі әлдеқалай кездескен бір нәрсе сықылды.

Қартқожаның жұмсақ қол, ұсақ ентелегент скеніне бір дәлел, солдат хабары естілгенде, ол жасы 18-де бола тұра, ағасының солдатқа кесуін уайымдап былай дейді:

«Ол кетсе (ағасы С.М.) мен шаруаны ұқсата алармын ба? Өз бетіммен шөп шауып, пішен таси алмаймын. Боранда малға бара алмаймын. Мен қораның жыртық-тесігін бүтіндесуді, етік жамауды, пені қалауды білмеймін» (40-бет).

18-дегі қолақпандай жігіт. Осы жаста бола тұра оның мынадай уайымға түсуі еш нәрсені өз қолымен істеп көрмегендігінен.

Қартқожа жұмсақ қол, тәтті жан, ұсақ интеллигент болғандықтан оның романдағы қылықтары да тұрақты, табанды қылық боп шықпаған. Онда «пәленге жетпей қоймаймын» дейтін ірі мақсат жоқ. Басына түскен қиындықпен Қартқожа күресе білмейді. Бәріне «төзімділік» етеді. Осындай табансыз, болжыр, жуастығынан ол өз ортасының қалжың құралы болады.

Әлеумет жұмысына кейіпкер болу былай тұрсын, өзі оқыған мұғалім бола тұра, өзі майданға барып ысыла тұра, өзі роман ішіндегі «кедейшіліктің» бас кейіпкері бола тұра, ол өзінің қара басын билей алмайды. Шешесінің ықпалынан шыға алмай, ықыласы шаппай тұрса да өлген ағасының әйеліне (жеңгесіне) үйленеді. Сүймеген адамды алмаймын, ықыласым шаппайды деп шешесіне қарсылық қылуға әлі келмейді. Осыған жігері жетпеген, өз қара басының тілегіне қайшы іске қарсы күресе білмеген Қартқожа әлеумет кейіпкері бола ала ма? Әрине жоқ.

Майданға баратын жігіттер ылғи кедей болуы, байлардың балалары үйде қалуы Қартқожаны ренжітеді. Майданнан қайтып келе, үйіндегі жалғыз қарасын болыс тартып алғанын естіп, байларға қарсы кедейді ұйымдастыруға да ойлайды. Осылардың бәрінде жігерсіздіктен, тиянақсыз жұмсақ жүректіліктен ол түк бітіре алмайды. Егер Қартқожа жігерлі жігіт болса, кеңес үкіметі орнағаннан кейін, бұрын өзіне тізесі батқандарға бүліншілікті салар еді. Малың алдырар еді, абақтыға жапқызар еді. Төңкерістің бастапқы жылдарында-ақ, мұндай белсенді кедейлер болды. Әрине, олардың көпшілігі ол кезде өз қара басының құнын жоқтады. Әйткенмен сол қара басының кегін жоқтаудың өзі, соңғы кезде кедейлердің ұйымдасып тап күресіне шығуының салдары еді. Мұндай кек алушылардың ішінде милиция боп кек алғандар да болды. Қартқожа, ең болмаса, соны істей алмады.

Бергін келе (1925 жылдары) кедейлердің ұйымдаса бастаған уақыты еді. Осындай уақыттарда Қартқожалардың міндеті кедейге басшылық істеу болу керек еді. Қартқожа сықылды байдан қорлық қорғендер төңкерістің



не боларына көзі жетпейді. Осыдан торыққан Қартқожа Семейге тағы жүріп, жолда табын-табын разверискенің малын көреді. Ол малдарды жеп-бытыратып жатқандарды көреді. Оған және жаны ашиды. Семейге келе көңілі жадырайды. Үйткені Семей ол кезде Қазақстанға қарайды, сауда ашылады. Және оқу бөліміне бастық Хасен болады. Хасен оны әрі оқуға алады, әрі бастауыш мектептің біреуіне сабақ бергізеді.

Бұл оқу оны қанағаттандырмайды. Ол үнестетті тастап, інісін ертіп, Омыбаға барады. Жолда бір нашар әйелдің 14 жасар қызын мен асырайын деп сұрап алады. Жолшыбай азап көріп, Омбыға келеді де, бір күні талкучкаға шығып, ақшасын жоғалтып алады. Содан кейін үшеуі де ашырқайды. Қаладағы бір «Хан» дегенді тауып алса, ол жауап бермейді. Сөйтіп өлдім-талдым дегенде Палувдипке барып, оқуға алынады. Қызды да, ұлды да орналастырады.

Қартқожаның тұрмысы түзеледі. Әйткенмен оның ойынан бір түйткіл кетпейді. Ол – елі. Қартқожа – қазақ елінің қамқоры. Оның уайымы – өз қара басы емес, елі. Қыстай оқыған Қартқожа жазда дем алуға тағы еліне қайтады. Осымен роман бітеді.

«Қартқожаны» тексерместен бұрын айтатын сөз, бұл ең алдымен, роман (орысшасында жазылған) емес, ұзақ әңгіме (повесть). Романның бір өзгешелігі болуы керек. Кейіпкерлер жасауда ол кейіпкерлердің сезім жүйесі, әлеумет ісі айқын көрінуі керек болса, «Қартқожада» ол жоқ. «Қартқожаның» ішінде пәлендей қоғамның өмірін елестетіп беретін, пәлендей айқын кейіпкер шықпайды. Кейіпкерлерінің бәрі де тұрақталмаған, белгілі бір таптың әлеуметтік кескінін көрсете алмайтын кейіпкерлер. Сөзімізді мысалмен дәлелдейік:

## 1. Қартқожа

Шаруа жағына келгенде Қартқожа бастапқы кезде өзімен-өзі, тоқ, ауылдық, біздің тілмен айтқанда, орта шаруа. Оның сол орта шаруасы бертін келе кенеттен келген кесір арқылы төмендеп, кедейленеді. Қартқожаның шаруа ретінде пурлтариатқа залалы жоқ адам. Қартқожа сықылды орташалар кеңес үкіметінің кезінде колхозға кіріп, үкіметтің көмегін көретін, өзі де көмектесуге жарайтын адамдар. Сондықтан оның шаруа күйінен, шыққан тегінен кеңес үкіметіне залалды еш нәрсе табуға болмайды.

Қартқожаның қара басына келгенде, ол тегі орташадан шыққанмен, өз еңбегімен күн көретін, еңбек иесі адам емес. Ол ұсақ интеллигент. Әуелгі бала молда болуға, пидия алуы, содан кейін орысша азырақ оқып, одан кейін мұғалімдікке кіруі, кейінгі жағында да оқушы боп кетуі оның ұсақ интеллигент екеніне дәлел. Ол өз қолын күстендіріп, өз маңдайының терін сыпырып, сол еңбегінде байлардан тепкі көрген адам емес. Бертін келе



Баян қаласындағы орыстың байына аз ғана күн жұмыс істеуі әлдеқалай кездескен бір нәрсе сықылды.

Қартқожаның жұмсақ қол, ұсақ ентелегент скеніне бір дәлел, солдат хабары естілгенде, ол жасы 18-де бола тұра, ағасының солдатқа кетуін уайымдап былай дейді:

«Ол кетсе (ағасы С.М.) мен шаруаны ұқсата алармын ба? Өз бетіммен шөп шауып, пішен таси алмаймын. Боранда малға бара алмаймын. Мен қораның жыртық-тесігін бүтіндесуді, етік жамауды, пеш қалауды білмеймін» (40-бет).

18-дегі қолақпандай жігіт. Осы жаста бола тұра оның мынадай уайымға түсуі еш нәрсені өз қолымен істеп көрмегендігінен.

Қартқожа жұмсақ қол, тәтті жан, ұсақ интеллигент болғандықтан оның романдағы қылықтары да тұрақты, табанды қылық боп шықпаған. Онда «пәленге жетпей қоймаймын» дейтін ірі мақсат жоқ. Басына түскен қиындықпен Қартқожа күресе білмейді. Бәріне «төзімділік» етеді. Осындай табансыз, болжыр, жуастығынан ол өз ортасының қалжың құралы болады.

Әлеумет жұмысына кейіпкер болу былай тұрсын, өзі оқыған мұғалім бола тұра, өзі майданға барып ысыла тұра, өзі роман ішіндегі «кедейшіліктің» бас кейіпкері бола тұра, ол өзінің қара басын билей алмайды. Шешесінің ықпалынан шыға алмай, ықыласы шаппай тұрса да өлген ағасының әйеліне (жеңгесіне) үйленеді. Сүймеген адамды алмаймын, ықыласым шаппайды деп шешесіне қарсылық қылуға әлі келмейді. Осыған жігері жетпеген, өз қара басының тілегіне қайшы іске қарсы күресе білмеген Қартқожа әлеумет кейіпкері бола ала ма? Әрине жоқ.

Майданға баратын жігіттер ылғи кедей болуы, байлардың балалары үйде қалуы Қартқожаны ренжітеді. Майданнан қайтып келе, үйіндегі жалғыз қарасын болыс тартып алғанын естіп, байларға қарсы кедейді ұйымдастыруға да ойлайды. Осылардың бәрінде жігерсіздіктен, тиянақсыз жұмсақ жүректіліктен ол түк бітіре алмайды. Егер Қартқожа жігерлі жігіт болса, кеңес үкіметі орнағаннан кейін, бұрын өзіне тізесі батқандарға бүліншілікті салар еді. Малын алдырар еді, абақтыға жапқызар еді. Төңкерістің бастапқы жылдарында-ақ, мұндай белсенді кедейлер болды. Әрине, олардың көпшілігі ол кезде өз қара басының құнын жоқтады. Әйткенмен сол қара басының кегін жоқтаудың өзі, соңғы кезде кедейлердің ұйымдасып тап күресіне шығуының салдары еді. Мұндай кек алушылардың ішінде милиция боп кек алғандар да болды. Қартқожа, ең болмаса, соны істей алмады.

Бергін келе (1925 жылдары) кедейлердің ұйымдаса бастаған уақыты еді. Осындай уақыттарда Қартқожалардың міндеті кедейге басшылық істеу болу керек еді. Қартқожа сықылды байдан қорлық көргендер төңкерістің



бастапқы кезінде ашу арқылы жұдырықпен кимыл қылғанмен, бергін келе ұйымдастырушылық ісін атқарды. Ауылда партия ұясын ашты, сайлау жұмысына жегіліп, кеңеске кедейлерді тартты, корпорация, қарыз серіктігі сықылды істерді істеді. Қартқожа мұнын бірі де болған жоқ. Сондықтан еңбекшілер көзқарасымен қарағанда Қартқожаны «тапсыз» адам деуге болады.

Бірақ Қартқожа олай да емес. Түпкі қазығын қопара берсек, Қартқожа ұлтшыл.

«Алашорда» жасап тұрған кезде Қартқожа Семейге оқуға барады. Оқуға Кірген күні мектеп ашылған құрметіне сөз сөйлеген шешеннің (алашорда адамы болуы даусыз ғой) сөзіне ол бойы балқып жылай жаздайды. Майданнан еліне қайтқанда туған жерін көргенде тағы жылай жаздайды. 1921 жылдары байлардан алынатын разверiskeге Қартқожаның іші күйіп, даланың халін қайғырады. Қайғысының аяғында қазақ енді бітті, ел бола алмайды деген қорытындыға келеді. Солан кейін қалаға барғанында бір қазақ жігіті:

«Қазақ саудагер болмаса ұтылады. Тұрмыс – күн-көріс тартысы. Шаруа жүзінде тартысқа жарамаған ел ел бола алмайды... Қазақ саудасаттыққа араласпай, қағылып қалса, ұтылғаны» десе, Қартқожа соған имандай ұйиды. (188-бет).

Бергін келе, рабфактан оқып, әбден саналы адам болған күннің өзінде де Қартқожа «ел үшін оқу», «ел үшін қызмет етуді» мақсат қылады.

Кейбіреулер «ел» деген сөзде оқа жоқ дейді. Ол кате. «Ел» деген сөзге бай да, кедсй де кіреді. «Қазақ елі» деген сөздің ішінен қазақтың байын алып тастауға ешкімнің қақы жоқ. Орыс коммунистері русский народ деп сш уақытта айтады. Бүтін ел жоқ. Ел таптық. Олай болса тап жүйесімен атап алмай, «ел» деп сыпыртып өтсе, оның аты ұлтшылдықтың боянған түрі.

Қартқожа комунист бола тұра, кедей бола тұра еш жерде қазақты, елді тапқа болс сөйлемейді. Қай жерде болса оның аузына тап смес «ел» түседі.

Жалпы романда орыс деген халық қазаққа дұшпан боп сурсттелген. Қазақты орыс патша заманында таласа, кеңес заманында да талайтын боп шыққан. «Орыс қазақты оқуға алмайды», «орыс қазақтан пара алады», «орыс разверiskeмен қазақты жейді», «орыс қазаққа тендік бергісі келмейді» деген сөздерді Жүсіпбектің өзі де айтады. Қартқожаға да айтқызады. Басқаларға да айтқызады. Жалғыз-ақ, Қартқожа майданда жүрген кезінде Андрей деген орыс бұған ақылшы боп, көп жақсылық істейді. Қартқожа Андрейді көріп, орыс болса да қазақтан артық екен дейді.

Бірақ осы Андрейлер Қартқожа еліне қайтқанда сол жерде қалады да, еліне кетуден бастап, роман біткенше Қартқожаға ондай бір де (жақсы



орыс) Андрей кездеспейді. Басқа орыстың бәрі отаршыл болып шығады. Қазақ даласына кеңес үкіметін орнатқан алғаш орыс пурлтариат. Қазақ сибекшілері үстемдікті орыс пурлтариаттарының арқасында алып отыр. Олай болса, майданда жалғасқан пурлтариатшыл, епирнатсианалис Андрейлер кеңес үкіметін орнатуға ауылға да келу керек қой. Романда олай емес. Майданнан кейін жақсы Андрейлерді Қартқожа көрмейді (жалғыз оқуға алдырған Палувдиштен басқа). Өзге Андрейлердің бәрі қазаққа жау Андрейлер боп көрсетіледі.

Романның аяқ кезінде Қартқожа Маркстің пікірінен Толстойдың пікірін басым көреді, адам баласын теңдестіруге сенбейді.

Міне, Қартқожаның кейпі осындай. Әрине Қартқожаның ұлтшылдығы күшті ұлтшылдық емес. «Ұсақ» ұлтшылдық. Осы «ұсақ» ұлтшылдардан ол кеңес ісіне араласқан сайын арыла ма деп дәмеленсең де, Қартқожа оны ақтамайды. Оның «елді» сүюі, қазақты сүюі тереңдей береді.

Пурлтариат үшін ұлтшылдықтың «ұсағы да» ірісі де, бәрі бір. Екеуі де пурлтариат жолына қайшы. Олай болса Қартқожа сияқты ұсақтан өсіп бара жатқан сяшілдік (ұлтшылдық) пурлтариат үшін пайдалы емес. Қайта залалды. Залалды болғанда бұл залалдың күштісі. Үйткені, ашық ұлтшылдық пурлтариатқа мәлім нәрсе. Мынадай жымысқы, ұсақ ұлтшылдық қояққа түскен жылжыма құрт сықылды залалын көрсетпейтін шебер ұлтшылдық. Мұндай ұлтшылдық пурлтариатқа залалын қобінесе «кеңес», «кедей» деген сөздің астымен өткізеді. Пурлтариат оның залалдылығын көп жерде айыра алмай қалуы мүмкін. Олай болса Қартқожа кеңес кейіпкері емес. Кеңес тонымен байшыл, ұлтшылдықты астарлап өткізетін «ұсақ» ұлтшыл кейіпкер.

## 2. Дәрмен

Романда Қартқожадан ана құрлым айқын, ашық шыққан кейіпкер Дәрмен деген жігіт. Бұл өзі әнші, өзі балуан, өзі сері, өзі ақылды жігіт. Ел жігіттері патшаға қарсы көтерілгенде жігіттерді ұйымдастыратын да, басқаратын да осы Дәрмен. Дәрменнің пікірі жағынан кім екендігін айқын көрсететін нәрсе мынау:

Жазушы Дәрменге өлең айтқызады да, оның өлеңінің мазмұны былай еді дейді:

«Ол қазақтың еркін күнін, ескі дәуірін жоқтады. Бұрынғы өткен ерлерді, батырларды, билерді жоқтады. Ол күндегі батырлықты, байлықты, берекені, ерлікті, серілікті өлеңге қосты. Бері таман келгесін, қазақтың алты ауызы болып орысқа бағынатын елдің азғанын, жаттан көрген зорлығын, қала салғанын, жерді хохол алғанын, қол, аяқты кісендеп жылдан жыл тарылта бастағанын сөйлейді. Бір жағынан қазақтан шыққан жақсылар елдің қамын ойламай, шенге, шекпенге мастанып, елді





қанап, пара жегенін жауыздыққа теңеді... Бұл күнде қолдан күш кетіп, азамат басына күн туып, қазақтың басы қанғырып, не болары белгісіз екенін сарнап, сар даланы басына көтеріп, күңіретті. Тындаушылардың сүйегі сырқырап, көзіне жас алды. Дәрмен домбырасын тастап, сылқ етіп жантая кетті» (78-бет).

Дәрмен кейбір жерде байға қарсы болған болады (94-бет). Бірақ Дәрменнің кім екенін ондай ұсақ қылықтар емес, мына өлеңі көрсетеді. Бұл өлеңде ол барлық ұлтшыл біткеннің 30 жыл қақсап жүрген ұлтшылдық сөзін қысқа түрде толық айтып беріп отыр. Ұлтшылдардың пурграммасын өлеңмен сөйлеп отыр.

Дәрмен романның әр жерінде әрегідік көрінеді. Бірақ Дәрмен романның бас кейіпкері. Мінез, қылығы айқын көрінбегенмен, ол сияқты табанды кейіпкер романда жоқ. Олар орыс әскеріне қарсы соғысады. Ол Колчактың солдаттарын өлтіреді. Ақырында Дәрменді комунес боп қазақты қан қақсатқан Барныков деген орыс атып өлтіреді.


### 3.Хасен

Бір қызық кейіпкер – Хасен. Ол Семейдегі алашорданың әскерін басқарысқан, оған өзі тіленіп жазылған, оқыған байшыл жігіт. Қартқожамен осы Хасеннің көп байланысы бар. Қашаң да болса Қартқожаға осы кездесіп жүреді. Осы Хасен Баянауыл ауданында сайлаушы боп, байларды сайлауға кіргізбей қылықты қылады (117-бет). Сол арада Қартқожа кездеседі. Хасен бір жағынан жаңағы істерді істей отыра, екінші жағынан Әлихан Бөкейханұлының үй-ішін сақтап қалған Қыстай деген байға сүйінгендігін айтады. Бұдан кейін Хасеннің орысқа қарсылығы екі беттің бірінде көрінеді. Хасен әрі Әлиханшыл, әрі кедейшіл, әрі орысқа қарсы. Осы үш сипатты (біріне бірінін үш қайнаса сорпасы қосылмайтын) жазушының Хасенге қалай сифызғанын біз миымызға сифыза алмадық.

### 4.Мықтылар

Жазушы елдегі болыс пен билердің зорлығын көрсетпекші болған. Және біраз жерде көрсеткен де. Бірақ сұғынып жаза алмайды. Болыстың, бидің, ақсақалдың зорлығын айтып келе жатып, тайқып шыға берген. Қазаға бата алмаған. Оған мына бір сөз куә:

«Аяулы оқушылар! Қартқожаның тартқан бейнетін оқып, жандарыңыз жабыққан шығар, сондықтан сіздерді Қартқожамен бірге қалаға апарып, жігіт алған (прием болған) жерде қаланың саудагерлеріне, бай-болыстарға алдап жегізгенін, доктырдың пара алғанын көрсетіп, Қартқожамен бірге жалаңаштап, моншаға апарып,



ауыртып, тоғыз тазбен бірге қамап, әуре қылмай-ақ тура майданға алып барғалы отырмыз» (124-бет).

1916 жылдың оқиғасын, кедейге байдың зорлығын, байлардың, төрелердің неше түрлі қылмысын, кедейдің аянышты халін суреттейтін жер осы прием кезі. Бұл араны Жүсіпбек қаза жазуға бата алмай отыр. Солдат алынар алдындағы болыстың хал жайын жаза кеп, жазушы былай дейді:

«Бізден көрі батыл жазушы болса, болыстың қалада не бітіріп қайтқанын, енді үшеуі далада не істеп отырғанын естіп тұрған кісіше айтып берер еді. Біреудің ішіндегісін білетін қырағылығымыз жоқ... Азмаз құлағымыз шалған хабарды қазір айта қоюға, пәленше сөйдеп жүр деген өсектен қорқып, аузымызды бағамыз» (103-бет).

Жазушы бұл арада өз сырын өзі ашып отыр. Болыстың қылығын (зорлығын) батыра айтуға әлім келмейді, өсектен қорқам, оны менен батыл жазушы ғана жазады деп отыр. Жүсіпбектің бұл имандай шыны.

Осы сөзін Жүсіпбек романда түгел айтқан. Ол 1916 жылдың оқиғасы басталуынан бастап, романды бітіргенше, еш жерде, кедейге байдың зорлығын жарқыратып жаза алмады. Жазғаны өзі айтқандай «ауыз бағу», «қорку» арқылы тісінің арасынан зорға шықты. Байдың, болыстың бір кедейге зорлығын бастап айтып келе жатып, ілгері сұғына алмай, аузын тез жаба қойды.

«Қартқожаны» тексере берсе, осындай жерлері толып жатыр. Оның бәріне тоқтауға орын тар. Біздің мақсатымыз романға сын жазу емес, тарихи маңызын көрсету, сол маңызға үлгі боларлық кейіпкерлерін көрсету.

Біздіңше, «Қартқожада» еңбекшілдік көзқарасына сәйкестендіріліп жазылғандық жоқ. «Кедей» деген сөзді айтқанмен, «кедейшіл» бола алмайды. Кедейшілдік «кедей» деген сөзді ауызға алуда, не болмаса кедейдің мақсатын кедейше қоя білуде.

Лев Толстойдың «Воскресенье» деген романында саяси қылмыстардың халі жазылады. Жазылғанда ең аянышты халде жазылады. Бірақ онымен Толстой төңкерісшіл емес. Оны жазғанда Толстой төңкерісшілдіктен емес, қоғам өмірінің күнделік көрінісінің біреуі болғандықтан жазып отыр. Көз алдындағыны көрмей кете алмай отыр.

«Война и мир» деген романында Толстой: француз әскері Мәскеуге жақындап қалғанда, Андрей Волконскийдің мүлкін құл, крестьяндар талағанын жазады, мұнымен Толстой кедейшіл емес.

Біздің пурлтарнатшыл жазушылар байлар табының жойылу оқиғасын жазғанда, кедей байдың басына түскен қиындықты қоса жазады. Мұнымен олар байшыл емес.

Біреудің бір тапқа беріле жырлауы, оның сол тапты көруінде емес, мақсатын мақсат қыла білуінде. Егерде еңбекші таптың таптық мақсатын

қоя білмей, оның көрген қорлығын ғана пұшпақтап жазса, ол жазушыны біз кедейшіл дей алмаймыз. Оны көлденең қараушы (объективный зритель) деп қана айтамыз.

«Қартқожада» енбекшілдік жоқ. Ондағы келсйдің аз-маз қорлығын жазушы көлденең қараушының көзімен ғана көрген. Өзі сол тұрмысқа сұғына кіріп, анау алай, мынау былай деп, беріліп жаза алмаған. Олай сұғынып жазуға өзі айтқандай қорқақтық істеген.

Оның үстіне «Қартқожаның» іші толып тұрған тымырсық ұлтшылдық. Жазушы бұл ұлтшылдықты аузын ашып, көсіліп айта алмайды. Әйткенмен анда-санда аузынан шығып кетеді.

Қорығып айтқанда, Қартқожада пурлтариаттық маңыз атымен жоқ. Жолбикелік деген нәрсе белгілі жағдайда пурлтариаттың жырын жырласып кету болса, «Қартқожада» ондай жоқ. «Қартқожа» ұсақ ұлтшылдық негізіне құрылған. Сондықтан Жүсіпбектің бұл романымен оны жолбике дей алмаймыз. Бұл Жүсіпбектің бұрынғы байшылдығының әдіс өзгерткен, тон жамылған, екінші жіңішке түрі.

Жалпы алғанда, роман пайдасыз емес. Романның тілі жақсы. Оқиғалардың көбі шындықтан алынған. Жүсіпбектің қорқа жазған ұсақ байшылдығының ішінен қазіргі енбекші бұқараның көзіне өткен өмірін слестететін орындар көп. Кітап ол бағасын алдағы күнде де жоюға тиісті емес.


Біз кітаптың тарихи маңызы барына таласпаймыз. Біздің таласымыз «Қартқожа» енбекшілер тілегімен жазылды деген сөз, «Қартқожаны» бұлай деу не түсінбегендік, не Жүсіпбектің байшылдығын жақтаған оншылдық.

## Шернияз

Аймауытұлының бұл пьесасы 1926 жылы Қазақстан оқу комиссариаты бәйге жариялағанда екінші бәйге алды. Сол жылы басылды. Пурлтариат оқу ордасынан бәйге алған пьеса, сыртқы көркемдігімен қатар пурлтариаттың идеологиясына жанасатын, таптың сойылын соғатын болу керек қой. Пьеса солай ма екен, жоқ па екен, оқушыға ұсынып көрейік:

Мазмұны: бірінші пердеде қаладан оқыш қайтқан Шернияз деген жігіт, қасына Базарбай деген жолдасын ертіп, қазақ әдетімен құда болған қалыңдығы Раушанның ауылына жасырын келеді. Түнде Раушанның жеңгесі Жаңылтай Шерниязға қалыңдығын далада жолықтырады. Оңашаланған екі жардың арасында екеуінің шынықыласпен сүйіскендігі көрінеді.

Екінші бөлімінде Шернияз Раушанды алады. Бірақ екеуінің арасы тез суынып, Раушанды Шернияз надан көріп, менсінбеуге айналады.



Сол кезде елдегі жауапты қызметтің біреуіне кіріп, бірақ ол қызметінде ағайын-туғанының көңілі үшін қылмысқа кіріскендіктен, үстінен арыз берушілер шығып, қалаға шақырылады (сотқа). Шернияз соған жүріп кетеді.

Үшінші бөлімінде Шернияз қалада болады. Ауылдың қылығынан күдер үзеді. Қалашы да ұнатпайды. Сөйтіп жүріп Жәмила деген оқыған қызбен таныс боп, соны алады. Жәмила Шерниязға тигенмен, Шернияздың баяғы жолдасы Базарбаймен жүрісі болады. Базарбайдың өйтетіні: Шерниязбен ауылда бір ұрысқан.

Төртінші бөлімінде Шерниязды іздеп елден Раушан келеді. Раушаннан Шокан деген бала туады. Раушанның келісін ұнатпай, Жәмила жанжал салады. Шернияз Раушаннан қаймыққанмен, Жәмиледан шыға алмайды. Ақырында баланы Шернияз тартып алып, Раушан әкесі Қордабаймен еліне қайтады. Осы бөлімінде Жәмила мен Шернияздың арасында салқындық біліне бастайды. Жәмила бұл кезде Базарбаймен жүрісін тоқтатпайды.

Бесінші бөлімінде Шернияздың төңкеріске қатынасы көрінеді. Бәлшебектерді қарсы алмақ боп, жасырын жиылыстарда жүргенде Жәмила Базарбаймен ісін бітіре береді. Шернияз бір күні жиылыстан келсе, Базарбай мен Жәмиланың сүйісіп тұрғанын көреді. Сол арада жанжал боп, Жәмиланы Шернияз ұрады. Жәмила үйден шығып кетеді. Осы күйіктің ішінде тұрғанда Шернияздың құлағына төңкеріс күйі естіледі. Бұл бәлшебектердің алуы. Пьеса осымен бітеді.

«Шернияздың» қандай пьеса болуы оның ішіндегі бас кейіпкер Шерниязбен байланысты ғой. Шернияздың кім екендігін пьесаны бастамай тұрып, Жүсіпбектің өзі-ақ мынадай сөзбен айтып береді.

Шернияздай шері бар, Шерлі қылған елі бар, Көзіңде қанды селі бар, Аузында зарлы желі бар, Ел ниязы – Шернияз.

Бұл сөздерден көретін нәрсе: Шернияз пьесада бәлшебекшіл делінгенмен, еңбекші таптың Шерниязы емес, елдің Шерниязы. Елге бай да, кедей де, қысқасы, қазақ атаулының бәрі кірестінін біз жоғарыда айтқанбыз. Шерниязды жазушы ақын қып көрсеткен. «Аузында зарлы желі бар» дейтіні осыдан. Ол зарлы жел еңбекші тап үшін емес, ел үшін.

Шернияздың тапшыл емес, «елшіл» екендігі оның мына сөзінен көрінеді:

«Қазақтың кең сахара даласында,  
Даланың суы тұнық ауасына,  
Біз түгіл келеді орыстар да,  
Қызығып қымызы мен мол асына»



Шернияз бұған да місе тұтпай, Мағжанның «Туған жеріме» деген өлеңіндегі:

«Жаратылдың топырағыңнан сен түбім,  
Жалғаны жоқ, бәрі сенде жан-тәнім.  
Сенен басқа жерде маған қараңғы,  
Жарық болар шолпан айым, сен күнім»

(9-бет)

дсгенін айтып, оны айтқанда денесін билей алмай қалады. Даланың ойын-сауығына, айт-тойына дүниенің жұмағын айырбастағысы келмейді:

«Шіркін, қырдың ән-күй, ойын-сауығы,  
Еркіндікті, ерлікті еске салғаны»

дейді.

Шернияз мұны айтқан кезде оң қол, сол қолын таныған, оқыған, саналы жігіт, Жүсіпбек оны осы кезде кедейшіл еді дегендей қылады. Жоғарғыдай «даланың», «қырдың» қызығына дүниеде ешнәрсені айырбастамайтын адамда кедейшілік бола ма? Кедейшіл ақын даланы осынша сүйе ме? Елді осынша сүйе ме? Далаға мұндай берілушілік байшылдықтың аңқып тұрған өзі емес пе? «Қазақ даласынан басқа жер қараңғы болса, жан-тәні қазақ даласымен байланысты болса», ол тап сойылын қалай соғады? Қалай бәлшебек болады? Мұндай бәлшебектік жоқ. Бұл нағыз барып тұрған ұлтшылдық. Мұнда бәлшебектік пурлтариатша бәлшебек болу емес, ұлтшылдарша бәлшебек болу. Екінші сөзбен айтқанда, нысана өзгерту, Ахмет Байтұрсынұлының айтқанда: бояумен түсін ғана өзгерту, ұлтшылдығын ішіне сақтап қалу, іші өзгермеу.

Шернияз бір жерінде былай дейді:

«Ой, кер заман, кер заман,  
Талан-тараж қан жылау.  
Қабак қату қансырау,  
Азаматы жабылу,  
Малы күнде сабылу,  
Ұлып жатыр ұлы жүз  
Қырғын тауып аптықтан,  
Ел еңіреп егілу,  
Ел іргесі сөгілу,  
Кіші жүзі тұншығып,  
Елін әскер жеміру,  
Орта жүзі ойсырап,  
Сұм Колчактан езілу,  
Сордатам деп қазақты,  
Қазақтың бар көз қарақты



Азаматын қырам деп,  
Атаман Рейнов желігу.  
Кеше бір туған жарық күн  
Көріне түсіп шегіну.  
Бұ не деген кеп болды,  
Қанды соғыс ішінде,  
Қанды пайза ұшында,  
Қарусыз, қамсыз қайран ел!  
Қан жылаған пішінде  
Қасқыр тиген қойдай боп,  
Қырғын тауыш қалар ма?!

(83-84-бет).

Бұл өлеңнің алдында:  
Көшеде, үйде, кенседе,  
Күнде естіп, көргенің,  
Кедейлердің мұң-зары,

(Мұң-зары оның шын зары)

дейді. Кедейдің осындай зарын тыңдап, соны зарлатпау жағына Шернияз бірақ шара ізденбейді. Кедей тілегін табан тіреп мақсат қыла алмайды. Бар тапқаны қасындағы әйелі Жәмилә болады (Жәмилә қай бір кедейге жанасымды адам). Соның «жанында, құшағыңда жанына сая табам» деп ойлайды.

Шернияздың бұл «кедейшілігінен» қазақшылығы күшті. Қазақ даласына түскен жоғарғы ауыртпалықта ол кедейдің ғана емес, жалпы қазақтың қамын қайғырады. Оның үстіне, тарихи отірік айтып, жалпы қазақтың қамын ойлаған қазақ азаматын Рейнов, Колчак жауып қойды, жазаға тартты дейді. Осы рас па?

Колчак, бәлшебек болған қазақ азаматтарын ғана қудалаған, жапқан, атқан жоқ па? Колчак алашордаға бастық болған жоқ па? Алашорданың әскері Колчак әскерімен қосылып, бәлшебекпен соғысқан жоқ па?

Осыларды көре тұра, Жүсіпбек неге отірік айтып, барлық қазақ азаматы қуғын көрді дейді? Егер Шернияз бәлшебекшіл болса, оның аузына алашорданы жамандау неге түспейді? Неге ол кеңес үкіметін мақтайды? Тілемейді?

Қазақ байшылдарын, қазақтың пурлтариатқа қарсылығын астарлап өткізіп, орыстың жандаралын ғана жек көремін деген Шернияз қалай бурлак болады? Қазақтың төңкеріске қарсылығына бұлай «қамқорлық» істеу, олардың байшылдық пердесін ашпау, нағыз астарлы ұлтшылдықтың өзі емес пе?

Пьесаның мұңы еңбекші таптікі болу үшін, жалғыз Шернияздың андасанда бір «төңкеріс» деген болмашы сөзімен емес, барлық көріністерімен көрсетілуі керек еді. Пьесаның негізгі темасы Шернияздың ауылдап бір



әйел, қаладан бір әйел ап, екеуін де тастауы емес, азамат соғысының көріністері болуы керек еді. Өзгермелі «махаббаттың» ішіне апарып, «төңкерісті» болмашы сөзбен құрастырумен төңкерісшілдік табылмайды.

Біздіңше, Шернияз төңкерісшіл емес. Оның бар төңкерісшілдігі ұлтшылдардың «нысана өзгертуі» ғана. Шернияз «елшіл» қазақшыл. Ол даланың ерке ақыны. Оның өмірі әлеуметшілдікке байланысты өмір емес, әйелге, «сүйеге» байланысты өмір. Төңкерісшілдік оның бас ойы емес, 3-4 қатардағы, әлде қалай ой түкпірінде жата қалған бірдеме. Шернияз егер тірі болса, осы күні (1931 жылы) кеңеске нағыз қарсы адам. Үйткені кеңес үкіметі оның елін екі тапқа бөліп, бір-бірімен жауластырды ғой. Біреуіне біреуін жойғызды ғой. Ауылдағы жеке байлықты бітіріп, оның орнына колхозданған шаруалар ұйымдастырды ғой. Тапты емес, елді сүйген, қазақтың ғана жерін сүйген Шернияз бұл істерге дұрыс қарай алмақ емес, шыдай алмақ емес.

Шернияз жалпы алғанда, табанды кейіпкер емес, Жүсіпбектің қандай шығармасын алсаң да табанды, деген жерінде қатып қалатын кейіпкер жоқ қой. Шернияз соның бірі. Ол елінде, бір іске бастық боп тұрғанда, Алшағыр дейтін ағасының көңілін қимай, өзі қияпат екенін көріп тұрған іске кіріседі (30-бет).

«Шернияздың» Шернияздан басқа кейіпкеріне тоқталуды қажет таппадық. Оның ішінде көрнекті бір кейіпкер Жәмилә. Ол кәдімгі өз денесіне өзі мырза, сайқал әйел. Базарбай да сондай. Басқалары қазақ аулының кәдімгі өзімшіл атқамінерлері. Пьесада не ауылдағы кедейдің қорлығы, не қаладағы жұмыскер кедейдің қорлығы көрсетілмейді. Тұтасымен алғанда, пьесада кедейшілік жоқ. Пьеса ұлтшыл бұқарашылдық көзқараспен жазылған. Ол да айқын көрінбей, ерск пен әйелдің «махаббатына» көмілін кеткен.

Пьесаның тілі, сөз құрылысы тәуір. Бірақ қай таптың көзқарасымен алып қарасаң да, ішкі сезімі, идеясымен (мақсатымен) тиянақталып көзге көрінген кейіпкер жоқ. Сондықтан, еңбекші бұқараға жаттығын былай қойғанда, пьесаның пьесалық қасиетінің өзі нашар. Мұхтардың пьесаларындағы кейіпкерлердей «Шерниязда» пәлендей тапқа ғашық кейіпкер бола алатын адам жоқ. Бәрі де шалағай.

Мазмұны жағынан «Шернияздың» пурлтариат оқу ордасынан бәйге алатын қасиеті жоқ. Жоғы былай тұрсын-ау, бастырудың қажеті шамады. Пьесалық қасиетін алғанның өзінде де Шернияз бәйгеге ілігетін пьеса емес. Бұған бәйге берген Смағұл Садуақасұлы сықылды байшыл «коммунистеріміздің» комиссар боп тұрғандағы мырзалығы болу керек. Басқа жауапты біз іздеп таба алмадық.



## «Ел қорғаны»

«Ел» деген сөз, «жұрт» деген сөз, әрине, сөкет емес. Бұл сөздерді айту айып емес. Бірақ ел, жұрт деген сөздің айтылатын орны бар. Айтылатын кезі бар.

Патша заманында татардың белгілі ұлтшыл көсемі Жүсіп Ақшораұлы «Түрік жұрты» дейтін журнал шығарды. Ақшораұлының мақсаты, патшалардың қанды тұяғына ілігіп, еріктен айырылған «түрік жұрттарын» ояту, бірлестіру еді. Күреске шақыру еді. Патша заманында «түрік жұрттарын» сол патша саясатына қарсы күреске шақыру орынды іс еді. Орындысы былай тұрсын, дұрыс.

Ақшораұлының ұранына дауыс қосып, казак ұлтшылдары Ахмет, Міржакып та, патша заманында патшаның, урядник, приставтардың табанында езілген отар елдің «елім-ай, жұртым-ай» деген зарын күйледі. Әрине, бұл патша заманында дұрыс еді, орынды еді.

Ал қазір, «елім-ай, жұртым-ай» деп жалпақ елдің атынан күй күйлеу дұрыс па? Әрине, дұрыс емес. Дұрыс емес екені: Русиядағы «түрік жұрттары» татар, казак, башқұрт, өзбек, қырғыз, түрікпен, т.б. бұрынғы патша заманындағыдай қазір табан астында езіліп жатқан жоқ. Русиядағы бұрынғы езілген түрік жұрттары қазір сол Русиядағы өзге жұрттардың бәрімен тең. Қазір Русиядағы жұрттардың өз еркі өзінде. Біріне-бірі үстемдік қып отырған жоқ. Бірін-бірі жаншып, бұрынғыдай зорлық қып отырған жоқ. Сол себепті «елім, жұртым» деуге қазір орын жоқ. Бұл бір.

Қазір Русиядағы «түрік жұрттарының», тек түрік жұрттары ғана емес, барлық жұрттардың «бұрынғы еркінсі» айрылып отырғаны, еркінен айрыла бастағасын зар илеп отырғаны жүзден 15-20 пайызы ғана шығар. Яғни байлар ғана шығар. Қайта бұл байлардың өздері де әлі түгел еркінен айрылып болған жоқ.

Русиядағы патша құлағанына 10 жыл. Патшамен бірге оның обыр саясаты да құрыды. Қазір Русияны пурлтариат табының әкімшілігі билеп отыр. Пурлтариат табы ешкімнің қай жұрттық, қай елдігіне қарамай, ұлтқа бөлмей, барлық, жалпы қалың еңбекшілердің тілегін көздейді. Пурлтариат табы «түрік жұрттары» болсын, орыс, еврей, неміс жұрттары болсын, бәрінің бірдей қалың еңбекшілерінің қамын көздейді. Пурлтариат қай ұлттың болсын байларына қарсы.

Қазір бір елдің байлары мен еңбекшілерінің тілегі үйлеспейді. Сол себепті, қазір Русиядағы бар жұрттардың, оның ішінде түрік жұрттарының, оның ішінде казак жұртының еңбекшілерінің тілегі мен байларының тілегі бір емес. Екі басқа.

Байлар мен еңбекшілердің тілегі бір деп не байлар ғана айтады. Не байлардың сөзін сөйлегендер ғана айтады. Не сапа-сезімі қараңғы кісілер ғана айтады.





Өзеркі өзінде жүрген жұрттың байлары мен еңбекшілерінің еш уақытта тілегі бірікпейді. Бұл екеуінің жігін айырмай, «елдің қорғанымын», «жұрттың қорғанымын», «ел атынан айтамын» деу – байлар табының пайдасын сөйлегендік.

Байлар табының жырын жырлағандық. Ал, «еңбекшіл ел», «пәлен жұрттың еңбекшілері» десе, онда, әрине, ол елдің байларын қоспай айтқандық.

«Елшілдік», «жұртшылдық» мысал есебінде Жүсіпбек Аймауытұлының «Ел қорғаны» деген пьесасын алуға болады.

«Ел қорғаны», «елге қорған» деген сөз тексермей алғанда санасы төмен адамға «қымбатты» болуы мүмкін. Жүсіпбек сықылды байшыл адамға бұл сөздің қымбат екені де рас. Үйткені, «ұлтшылдар» елді «алаламай қорғаймыз» дейді ғой.

Совет үкіметі «елді» ұлтшылдарға «қорғатып» қоя бермейді. Ұлтшылдарды совет үкіметінің азаматы, «комунес» қып көрсету керек.

Жүсіпбектің елін қорғататын батырлары совет туының астына кірген, (бәлкім «комунес» те болған) қазақ оқығанымен, сол оқығанның үгітімсен қызыл отрядқа кірген кедей жігіттер.

Совет үкіметінің атынан елге шыққан әлгі оқыған жігіт «ел қорғауға» қызыл отряд, мелесия жасауға үгіт айтқанда кедей мен байды бөлмей, бәріне бірдей айтады. «Е, қауым, әлеумет, елдік қылайық» деп сөйлейді. Сарлайды.

Әлгі Алашордамыздың әскері қайда жүр? Алаш ордамыз бар ма? - деп сұраған байға:

Алашорда азаматтары қашып кетті, енді Алашордадан қайран жоқ, - деп қынжылады.

Алашқа автономия аламыз, өз алдымызға жұрт боламыз дейтін солар емес пе еді? Өздерін қазаққа не пайда келтірмексіңдер - деп сұраған байға:

...Біз де қазаққа автономия алу жолындамыз. Бірақ біздің көздегеніміз байлардың автономиясы емес. Елді кедей билейтін автономия алмақпыз. Алашорданың басындағы патшаға бұрын қызмет қылған төрелер, ақ сүйектер, ескі оқығандар болатын. Олар саясат білмейді. Төңкерістің бақытын болжай алмайды. Аласқандығын кейбіреуі жана білді. Енді бізге қосылып жатқандар да бар. Ахмет Байтұрсынұлы қазаққа пайдалы үкімет осы бәлшебек үкіметі деп кенес жұмысына араласты. Бәлшебек жолы қазаққа зиянды болса, Ахмет оларға қосылмас еді. Ол кісі қазаққа автономия алуға Мәскеуге барды» дейді.

Міне, Жүсіпбектің ел қорғайтын «комунес». Әлеуметке, оның ішінде байға айтқан сөзі осындай. Жүсіпбек:

- Алашорда қашып кетті, енді олардан қайран жоқ. Алашорда басындағылар ескі оқығандар еді. Олар саясат білмеді» деп қынжылады.



Егер олар саясат білсе, мұндай болмас еді дегендей қылады. «Енді Алашордадан қайран жоқ дейді. Әйткенмен, бір тәуір жері «Ахмет автономия алуға Мәскеуге кетті» деп тындырады.

Сөйтіп оқыған «бәлшебек»:

- Не онда жоқ, не мұнда жоқ, қазақ қосақ арасында бос кетер, малға, жанға қайткенде не боласыздар, қайткенде шығыннан толас боласыздар?.. Сендер де ел екендіктеріңді білдіріп, отрядқа жігіт беріңдер, біз қару-жарақ берейік. Сөйтіп ел өзін-өзі қорғасын» деп ақсақалдарға, бұқараға қақсайды (бұл құралдану Алашордашылардың Кеңес үкіметіне қарсы амал істегісі келгені екендігі, құралданып ап, Түркістандағы басмашыларға қосылуға ойлағандықтарын Голощекин жолдас жоғарғы мақаласында айтқан – СМ.).

Қысқасы, «Ел қорғанындағы» оқыған «бәлшебек» саясат білмеген Алашордашылардың орнына «саясат білетін» ел қорғаушы боп көрінеді (Оның саясаты жоғарғы ғой – СМ.).

Отрядқа жазылған кедей жігіттер:

- Бізге енді атты кім береді? Жолдас соны айтыңыз! - десе, оқыған:

- Ел беру керек - дейді.

- Отрядқа жазылған Әбіш деген кедей:

- Атты ел бермейді, байлар берсін, ел берсін десеніз, мына отырған байлар кедейге шығын қып салады. Қолымызға мылтық беріңіз, атты кімнен аларымызды өзіміз білеміз - десе, «бәлшебек» оған «жарайды» дей алмайды. Аузын ашпайды.

«Ел қорғанының» бандыны өлтірген бір Ораз деген кедей жігіті Байбек деген байдың:

- Сендер кімді қорғайсыңдар? - дегсініне:

- Біз елді қорғаймыз. Сен ел емеспісің? – дейді.

«Ел қорғанының» кедейлері байды да қорғайтыны осында көрінеді. Ораз бандының бастығын өлтіргенде тап намысы үшін емес, «бір құранды шылым қылғандығы» үшін, соған шыдай алмай өлтіреді.

Манағы «ел қорғауға» бастық болатын Әбіш дейтін жігіт отрядқа ту іздегенде:

- Қатындардың дамбалы болса да табыңдар! - дейді.

Мінс, Жүсіпбектің «қорғаған елі» Байбек бай сықылдылар. 1925 жылы басылып, төңкерісшіл кітап саналып жүрген «Ел қорғанымыздың» мәнісі осындай.

Меніңше, Жүсіпбекке неге бұлай жаздың деп кінә қоюға болмайды. Неге десеніз былай:

Патша заманындағы «елім-ай», «жұртым-ай» деген сөз кеңес үкіметінің тұсында айтылса, байлардың зары болатындығы көрінеді. Совет үкіметі мұнда «елім-айға» жол бермейтін болғасын, аяғындағы «айы» алынып тасталып, «ел», «жұрт» деген боянған түрге көшті. Құлаған



алашорданын «аңғал» Міржакыптары сықылды саясат білмегендіктен құлап «қалғандар сықылды болмай», бояған алашордашылар, «саясатты жақсы білетіндер» Совет үкіметі орнағалы «ел қорғаны» дейтін болды. Екі сөздің бірінде қазақ елі, қазақ жұрты дейтін болды. «Қазақ жұртшылығы» дейтін болды. Алашордашыл Жүсіпбекті былай қойғанда, кейбір «саясатты жақсы білетін» комунес болған, оқыған адамдар да солай соғатын болды.

Сондықтан «елді» бөлмей сөйледің деп, Жүсіпбекті кінәлауға да болмайды. Ол сөзінің «саясатымен» жазып отыр. Бұдан былай мұндай «елшілдікпен» күресу керек.

Сәкен макаласын қысқартып айтқанда бар маңызы осы. Біздіңше, бұған қосатын кеңес шамалы. Мақала дұрыс жазылған. Мақалада алашорданың бұлай астарға түсуінің себебі толық жазылмаған. Оны біз де қазбаймыз. Үйткені, олардың кеңес үкіметі орнағаннан кейінгі ұстаған әдісі байшыл, ұлтшыл дәуірге сын берілгенде толық айтылған.

### Соңғы кездегі еңбектері

Жүсіпбектің соңғы кездерде шыққан күрделі еңбектері «Ақбілек» деген ұзақ романы мен «Күнкейдің жазығы» деген ұзақ әңгімесі. Өзгелері ұсақ шығармалар.

«Ақбілек» ерте кезде «Әйел теңдігі» журналында басылып жүрді. Бірақ түгел басылған жоқ. Әйткенмен, оны толығымен Жүсіпбектің өзінен оқыған едім, бірақ күні бүгін қолда болмағандықтан, толық тексеру жасап, анасы алай, мынасы былай деу қиын болды.

«Ақбілек» Жүсіпбекті жолбике, кеңес жазушысы дейтіндердің мысалға алатын шығармасы. Сондықтан біз оған қысқаша болса да тоқтала кетейік.

Романның қысқаша мазмұны: Ақбілек дейтін бір байдың қызына күйеуі Бекболат жасырын келіп жатқанда, ауылға бандылар келіп қап, Ақбілектің шешесін атып өлтіреді, бұл жұмысты істеуші Мұқаш дейтін жұмыскер болады. Мұқаш ақтарды бастап алып келеді.

Таудың ішіне барғаннан кейін бандылардың бастығы Қарамұрт дейтін офицер Ақбілекті әйелденеді. Сонымен біраз күн өтіп, бандыларға қуғын көбейеді. Манағы жұмыскер Мұқаш комунес болады. Сонымен қатар, бәлшебектердің ақтарға сырын таситын адам болады. Бір күні Мұқаш ақтарға қатердің күшейгенін хабарландырғасын, ақтар Ақбілекті әуелі атып кетпек болып, артынан атпай, тау арасына жалғыз тастап кетеді. Түнде Ақбілекті қасқыр жеп қоя жаздайды. Ертенінде еліне қарай беттегенде, жолда бір дуана кездесіп, дуана оны мойнына мінгізіп, еліне алып келеді. Бұл кезде Бекболат та ауруханада жатып шығады. Бекболат Ақбілекті алғысы кеп, келгіштей бастайды.

Осы кезде Ақбілек екі қабат боп қап, Бекболат бала офицерден болды ма? деген күдікпен Ақбілектен безіп кетеді.



Ақбілектің әкесі тоқал алады. Тоқал Ақбілекке өте тиышсыз болады. Ақбілек бала табарда оны үйінен қуып шығарады. Ақбілек баласын тапқасын, бір кемпірге баланы өлтір дейді. Кемпір өлтірем деп алып кетеді. Бірақ өлтірмейді. Ақбілекке дос бір ағайынының әйелі Ақбілек екіқабат болғанда мен де екіқабат болдым деп жұртты алдап, Ақбілек босанған күні, ол да босанған боп, баланы бауырына басады.

Ақбілекті өгей шешесі осылай шыдатпағасын қалада қызмет ететін туған ағасы оны қалаға алдырады. Қалада Ақбілек сабақ оқиды. Сонан кейін Орынборға оқуға кетіп, онда біраз оқығасын күйеуге шығады. Білімді адам болады. Артынан еліне кеп, баяғы баласының тірі екенін көреді. Қысқаша айтқанда романның мазмұны осы.

Бұл романда Жүсіпбек төңкеріске қарсылығын өте ішкер әдіскер, шұқылап қарамаған адам көрсетіп әдіске түсірген.

Романның ішіндегі барлық қылмысқа себеп болатын адам Мұқаш. Мұқаш – батырақтың баласы. Өзі жасында кісі есігінде көп жүріп, тесік өкпе болған жігіт. Артынан ауылдан кетіп, параходқа жұмысқа кірген жұмыскер. Осы Мұқаш төңкеріске дейін еңбектің шын ері боп келеді де, төңкерістен кейін бақ іздеп, қызыл келсе қызылға, ақ келсе аққа сағылып, не қылмыс болса да бас тартпай істей береді. Бізге бұл әлдеқалай алынып отырған жоқ.

Төңкерістің бастапқы кезінде Мұқаш сықылды, Увгар сықылды (Жәнібекұлы Мұқатайдың аты), Қали Тәтімұлы, Зікірия Мұқайұлы, Кәрім Дүйсекейұлы сықылды жұмыскер қызыл әскер қатарына жазылып, партизан боп, Кеңес үкіметін жақтады. Сонын жолы үшін күресті. Қан төкті. Оларда, әрине, білім болған жоқ. Олардың ондай күреске шығуы тапшылық сезімінің итеруі ғана еді. Голощекин жолдас 1930 жылғы «Еңбекші қазаққа» басылған (№229) мақаласында қазақ коммунистері ең алғаш негізінде жұмыскерлерден шықты деген.

Алашордашылар бұлардың партияға кіруін, бұзықтық үшін, мал үшін, атақ үшін, талау үшін кірді деп ойлайды. Сондықтан олар жұмыскер еңбекші қара шаруадан шыққан сауаты аз, төңкерісшілдік сезіммен ғана жүрген адамдармен күрес ашты. Оларды халық көзіне талғыш, бұзық, олжагер, қанішер көрсеткісі келді. Жүсіпбектің Мұқашты мысалға алуы осыдан. Романның ішіндегі кеңес тілегіне үйлесе алатын кейіпкер де осы, нағыз қылмысты адам да осы. Мұның аты жұмыскер деген сөздің астымен жұмыскер табын қылмысты көрсеткендік емей немене.

Романның орта кезінде Ақбілектің қызметкер ағасы қаладағы қызметкер қазақтарды қонаққа шақырады. Қонақтың ішінде өлкеден келген бір комиссар да болады. Жұрт араққа қызғаннан кейін айтыс басталады. Айтыстың бастамасы «қазақ жағдайында социализм бола ма» деген мәселе болады. Осы айтыста бір ұлтшыл оқыған күшті-күшті дәлелмен социализм қазаққа болмайды деп дәлелдесе, «сорлы» комиссар оған жауап таба алмайды. Сасады. Демагогияға салады. Онда ұлтшыл



оған: сендер қашан да болса демагогиямен ғана жеңесіңдер, сендерде негізгі іс жоқ дейді. Мұның арты төңкеріске қарсылық (контрреволюция) емей мемене?

Романның аяғында Ақбілек күйеуге тиіп, тіркелуге зағсқа барады. Зағстың басында отырған адам баяғы Ақбілекті алып қашатын бандылардың бастығы офицер болады. Ақбілек оны таниды. Бірақ бейшараны не қылайын, күнін көре берсін деп үндемейді. Бұдан артық сасық байшылдық бар ма? Бандының офицері Кеңес мекемесіне қалай басғык боп отыр? Оны біздің саяси орындар неге көрмеген?

Көрмеген екен дейікші: сонда өзін масқаралаған офицерге Ақбілек неге осынша жұмсақтық қылады?

Бұл кәдімгі Толстойдың «жауыздыққа қарсы тұрмасы» сықылды діншілдіктің аңқып тұрған сасығы. Толстойдың ол пікірін Ленин барып тұрған төңкеріске қарсылық деп сипаттайды (XI том, 1 -бөлім, 114-118 беттер).

«Ақбілекте» бұл сықылды қарсылықтар толып жатыр. Бірақ роман қолымызда болмағандықтан, оларын мысалға алмадық. Әйткенмен осы келтірген үш мысалдың өзі де романның кеңес тілегіне үш қайнаса сорпасы қосылмайтынына дәлел бола алады. Мұнда жолбикеліктен иіс те жоқ. Роман ішінде бірлі жарым жалшының кемшілігін көрсету жолбикелік емес. Ол романның ішкі залалды мазмұнын көрсетпеу ретінде көз алдау үшін кіргізілген кедейлік.

Романда ақтардың қылығы көрсетілсе, онда да жолбикелік жоқ. Ақтардың қылығын көрсетуде Жүсіпбек пурлтариат көзімен қарай алған жоқ. Ақтардың бандылық қылықтарын, пурлтариатқа қарсы күресін көрсеткен жоқ. Романда Ақбілекті алып қашқаннан басқа ақтарда жазық жоқ сықылды. Өзге жазықтарының бәрі көмескі.

«Күнікейдің жазығы» немен бітетінін біз білмейміз. Үйткені «Жана әдебиет» журналында басылғаннан басқасын оқығамыз жоқ. «Жана әдебиетте» басылған жерлерінде кедейдің байдан көретін қорлығынын шаруашылық жағы айқын көрсетілмейді. Өңгіменің көпшілігі еркек пен әйелдің «жігітшілік» мәселелерінің маңайында ғана болады. Шаруашылық жағынан байдың кедейді қанауы Күнікейдің күйеуі жасырынып жүрген жерлерінде, әкесінің тойға союға таба алмаған жерінде ғана айтылады. Күнікейдің әкесі өз малындай көріп бағып жүрген көп қойдан бір қой таба алмағанына кейиді. Мұнымен, әрине, кедейшілік көрінбейді.

Өңгімеде кедей біткеннің әйелі жезөкше болып көрінген. Шекер, оның қызы Күнікей, түйешінің қатыны, бәрі де кім көрінгеннің мазак құралы, нәсі құралы. Рас, жоқшылық салдарынан денесін сатушылық болады. Оны жазудың, сырын ашудың көп саяси маңызы бар. Пурлтариат ондай темадан жерімсіді. Қайта тілейді. Дене сатудың сырын ашу пурлтариат үшін пайдалы.

Жүсіпбектің «денеге мырза» әйелдері (Шекер, Күнікей, басқалар)



денесіне мырзалық істегенде, күн көрістен қысылып істемейді. Құмарлықпен, күйеуін менсінбеушілікпен істейді.

Олай болса, біздіңше, кедейдің қызы жалшыға тисе, ойнас қылады деп жазуға кедейшілік, жолбикелік жоқ. Тапшылдық жоқ. Бұл қайта тапшылдыққа қарсы. Еңбекші таптың мінез-құлқын (мораль) бұзатын зат. «Күнікейдің жазығындағы» біз оқыған жерде мынау келешекте таптық болар-ау деп үміт қылатын бір кейіпкер жоқ. Бар кейіпкерлердің істейтін басты істері – біреуінің әйелін бірі айналдыру. Одан басқа мақсат та, тілек те жоқ. Егерде «Күнікейдің жазығы» осы бетімен бітсе, бұл нағыз еңбекші таптың мінез-құлығын бұзып (деморализация), жыныстық, әйел құмарлықтан басқа дәнеңе бермейтін бірдеме боп шығар еді. Ондай романның жолбикелігі былай тұрсын, залалы күшті болар еді. Еңбекшіні теріс тәрбиелер еді.

Біздіңше, біз оқыған жерінде «Күнікейдің жазығын» жазған Жүсіпбекте жолбикелік жоқ. Жолбикелік кедейдің атын атауда емес, кедейдің мақсатын мақсат қып, сол мақсатқа жету жолына көмектесуде дегенді біз жоғарыда айтқанбыз, бұл арада да соны айтамыз.

«Күнікейдің жазығының» біз көрген жерінде ешбір кейіпкер де, жазушы да кедейдің тапшылдық мақсатына дәннені қоя білмеген.

Жүсіпбек сын мәселесіне, психологиялық мәселесіне кітаптар жазды. Балалар әдебиетін жазды. Сын тұрарлық оның қате пікірі Тоғжанұлының «Жүсіпбек сыны, Мағжан ақындығы» деген кітабында жазылған. Тоғжанұлының көрсетулері негізінде дұрыс. Жүсіпбек арқылы байшыл Мағжанды пурлтариатқа майлап өткізгісі келген. Балалар әдебиетіне Жүсіпбектің бар жазғаны қияли ертегі. Ол кітаптарда жас балаларға социалдық тәрбие алатын дәнеңе жоқ.

Психология мәселесінде Жүсіпбек барып тұрған байшылдығын көрсетті. Саудагер де, бұзық та, жақсы да, жаман да, ақылды да іштен туады дейді. Кім де кім іштен ала тумаған өнерін қуса ол адам:

«Азат басың болсын құл,

Қолдан келмес іске ұмтыл»

деген Абайдың сөзінде айтылғандай шатасады. Бұл пікірдің Маркс дүние тануына жанасуы былай тұрсын, барып тұрған байшыл пікір екеніне талас болмауға тиіс. Жүсіпбекше: жұмыскер мен батырақ, кедей сол қалпында жаралады. Олардың саудаға, басқа іске әлі келмейді. Көпестің (саудагердің) өнері енесінен туғанда бар.

Мұның бәрі, әрине, сандырақ. Комунистерді, маркшілдерді былай қойғанда, пәнмен жақсы таныс, жабайы оқымысты адам да бұған қосыла алмайды. Бұл Жүсіпбектің көп жіңішке жолының біреуі. Біз оның бұл кітабына тоқтамаймыз. Мұндай маскаралықтар кітапта толып жатыр. Біздің мақсатымыз – кітаптың осы сықылды байшылдық сандырағын оқушылардың есіне салып кету.



## КОРЫТЫНДЫ

Жүсіпбек туралы күрделі пікір айтқан адам Ғаббас Тоғжанұлы. Тоғжанұлының «Әдебиет және сын мәселелері» деген кітабында Жүсіпбектің төңкеріске қарсы бағыттарының біразы айтылған. Және дұрыс айтылған. Сонымен қатар, Ғаббас үлкен саяси кате жіберген. Ол қатесі – Жүсіпбекті кеңес тілегіндегі жолбике болды деуі.

Жүсіпбек еш уақытта жолбике болған жоқ та, боламын деп ойлаған да жоқ. Оның ұстаған саясаты Увыстраловтың жолы болды. Увыстраловтың кеңес үкіметі құласын десең, бұған қарсы шықпа, мінін көрсетпе, мақтай бер десе, бұл ақылды қазақта Жүсіпбектен жақсы ұққан адам жоқ. Жүсіпбектің «кеңес», «кедей» деген сөздерінің залалы өте күшті еді. Одан Мағжандардың коммунистерді «соқыр Иван» деуі пурлтариат үшін көп пайдалы еді. Үйткені еңбекші бұқара «кедей» деуіне қарап, Жүсіпбекті дос екен дейді де сонынан ереді. Және ерік берсе, Жүсіпбек кедейді ертудің әдісін жақсы біледі.

Жүсіпбекке дейінгі өзін алдау ретінде 1905 жылғы жұмыскерлерге камқорсып, қанын ағызатын Жапон поптың ісін атқаруға кірісті. Кедейге камқорсығансып, байды жамандағансып, кедейдің көзін бояп, байға жығып беруге тырысты. Кедейлерді ұлтшылдық тәрбиелеумен тәрбиелеуге, социалдық негізге құрылған кеңесті одақтан жекелеуге, «қазақ» иісін сіңіруге, пурлтариаттың мақсатынан теріс тәрбиелеуге ойлады.

Социал демократтардың «кедейшілігі» Жүсіпбектің әкесіндей, бірақ пурлтариатқа социал демократтан артық дұшпан жоқ. Пурлтариатқа фашистерден социал демократ дұшпан. Үйткені фашистер ашық дұшпан да, социал демократтар жұмыскерге жаны ашығансып, жұмыскер қозғалысын ірітетін, жұмыскерді капиталға жығып беретін дұшпан. Аймауытұлының қатерлілігі осындай.

Жүсіпбек барлық шығармаларында да кедей дегенді аузына аз да болса алмай кетпейді. Бірақ Жүсіпбек ешбір шығармасында (әрине, ірі еңбектерін айтамын) кедейдің кеңес үкіметінің арқасында ұйымдасып, тап белгісін алғанын, үстемдікке ие боп, социалдық құрылыс құрумен қатар, тап дұшпаны байларымен күрескенін айтқан емес. Жүсіпбектің алатын кедейлері төңкерістен бұрынғы, надан, тап намысынан белгісі жоқ, санасыз, зердесіз кедейлер. Біздің коммунист сыншыларымыз Жүсіпбекті кеңес бәлшебектерінің өріне сүйрегенмен, Жүсіпбек еш уақытта кеңес тұсындағы кедейді аузына алған емес, оның таптық міндетін танығанын көрсеткен емес. Еңбекші таптың құрылысына,



күресіне көмектескен емес. Кеңес жолбикесінің атына бір күн де болса сәбекші таптың тартысына белсене қатынасқан адам ғана ие бола алады. Құр «кедей» деумен ғана жолбикелік шықпайды. Жүсіпбектің осындай қызметін көрмей, «кедейдің» әйелдерінің дене мырзалығын жазғаны үшін оны жолбике деген сөзді Ғаббас сықылды марксшылмын дейтіндердің қалай айтқанын біз білмейміз.

Ертерек кезде жолбике дегеннің кім екенін толық білмейтін кезімізде менде бір қате болды. Ол қате «жолбикелер тамақ үшін ғана жазатындар, бұлар тамақ болса кеңес үкіметін жақтайды, тамағы ашса, боктайды» («Е.Қ.» 1927 жыл, № 3) деу, бірақ оның мынандай бір тарихы болды: осы мақала жазылған кезде Тоғжанұлы сықылды жолдастар Аймауытұлы, Кемеңгерұлы – жолбикелер, бұларды нурлтариат жазушыларының ішіне, ұйымына алу керек, ұйым басқармасына кіргізу керек деді.

Жүсіпбек Аймауытұлының әдісшіл жау екенін, мен сол кезде түсінетін едім. Сол кезде Жүсіпбекті жолбике деген әңгіме қызу айтысқа түскендіктен, мен Жүсіпбекті алдар көсе деп айтамын дегеннің орнына жолбикені түгел «тамақ үшін» деп жіберген. Ондағы «жолбике» Жүсіпбек пен Қошқе еді. Оларды ашып айтпағам. Сондықтан менің ол пікірім қате. Солақай пікір. Ғаббас жолдас «Әдебиет және сын мәселелері» деген кітабында менің осы қателесуімді айта кеп:

«Сәбиттің мына жолбикелер туралы пікірін Ленин естісе, не дер еді? «Әулиелік қылайық», салған жерден мынау «жынданған» екен дер еді» (136-бет) деді. Дұрыс егер жалпы жолбикені осылай ұғынсам, Лениннің мынау айтуында дау жоқ. Ал Жүсіпбек сықылды әдісшіл, төңкеріске қарсылығын кеңес тонының астымен шеберлеп өткізетін, кеңес үкіметінің ен қауіпті жауының әдістерін түсінбейді, оған сын көзімен қарамай, «кедей деді, болды» деп сенсе қалған Ғаббасты не дер еді? Біз де «әулиелік» қылайық:

Саясаттан сауатсыз, үстемдіктен айрылған байлардың жіңішке, шебер әдіске түсінетіндігін білмегендік, дұшпанға сенгендік, алданғандық, дұшпанға сын көзімен қарай алмағандық дер еді. Я болмаса, байшылдарға жасаған правооппортунистическое примиренчество дер еді. Жүсіпбек сықылды жіңішке болды, әдісшіл, айлакер жаулардың қылығын көрмейтін миы су болған ба? «Жынданған» ба? Байшылдарға «марксшіл» Ғаббастың бұл қай достығы дер еді? Сөйтіп, Лениннің Ғаббас екеуміз бірдей сөгіс естір едік. Менің сөгісімнен Ғаббастың сөгісінің салмағы артық болмаса кем болмас еді.

Ғаббас жолдас «Әдебиет энциклопедиясының» V томына «Қазақ әдебиеті» деген мақала жазды, мақала 1930 жылы жазылған. Бұл кезде Жүсіпбектің кім екені айқындалған. Ғаббас осы мақаласында да Жүсіпбекті «ұсақ байшыл жазушы, басқа байшылдардан өзгешелігі бар» депті. «Ұсақ байшыл» жазушының екінші аты «қара шаруа жазушылары», жеке қара шаруаны жырлайтындар. Бұлардың жекешілдік темалары





пурлтариат тілегі емес. Әйткенмен ұсақ байшылдар пурлетариатқа дұшпан емес. Жекеше қара шаруалардың еңбекшілері бүгін ұсақ байшылдың бір ұшқыны болса, «ертеңгі колхозшылар. Сондықтан оларды сыртқа теппей тәрбиелеп, көмектесу керек» (XVI партия съезі қаулысынан). Егер біз Жүсіпбекке бұлай қарасақ, онымыз үлкен қате болар еді. Ғаббас Жүсіпбекке беретін бұрыңғы «жолбикесінің» орнына, мына мақаласында «ұсақ байшыл» дей салған. Бұл ат өзгерту болмаса, затында екеуі бір сөз. Тап дұшпандығы айқындалып отырған Жүсіпбекті Ғаббас «бұлғақтатпай-ақ», тұп-тура төңкеріске қарсы деп бағалау керек еді. Ондағы басқашалық шамалы. Бірақ Ғаббастың бұлай деуге аузы бармай отыр. Ғаббас жолдас бұл қатесін әлі де болса түзер деп сенеміз.

Жүсіпбектің мәнісі осындай. Оның осындай жіңішке жолды дұшпан екенін, 1930 жылы алашорданың жасырын ұйымына қатынасқандығы көрсетті. Кеңес үкіметіне қарсы жасырын ұйымға қатынасып жүріп, оның қаламынан кеңес тілегін тілейтін жазу шықты десе Ғаббастың өзі біледі, бірінсі-бірі әсер етпеуге бола берген болады-дағы.

Біз білген тарихта олай емес. Іс жүзінде пурлтариат үстемдігін құлатуға жасырын ұйым ашып жүрген адамның қаламынан пурлтариат тілегіне шын үйлесетін сөз шықпайды. Оның пурлтариатты аузына алуының өзі сол дұшпандығының бір нәзік әдісі болады. Сондықтан біз оны еш уақытта жолбике дей алмаймыз. Және болған да жоқ.


Жүсіпбектің тіл жағы жақсы. Сөзге ұста, шебер жазатын жігіт. Сөз құрастырудың техникасын одан үйренуге болады. Мазмұны жағына келгенде, байшылдық залалы былай тұрсын, көркемдік ретінде Жүсіпбектен үйренетін нәрсе көп емес. Ең алдымен Жүсіпбектің қай шығармасын алсаң да, пікірге пікір ұштасқан, өрбіген, өркендеп отыратын шығарманы аз кездестіреміз. Бірді айтып, бірге кетіп, бір айтқаның нәтижесі қорытылмай, шарлана береді. Жүсіпбектің еш бір кейіпкерлерінде де табанды мінез жоқ. Кедей де, бай да, қай жерімнен ұстап алады дегендей жалтақтап, о жаққа бір, бұ жаққа бір сырғи беретін тайғақтар. Бір нәрсені мақсат қып, соған табан тіреп отырып қалатын кейіпкер Жүсіпбекте атымен жоқ.

Жүсіпбектің байдан алған кейіпкері де, кедейден алған кейіпкері де (деклассированный) адамдар.


Әйткенмен оның шығармасында пайдалы жерлер де бар. Оның кедейді ұлтшылдыққа, жіңішке әдіске үйретемін деп отырып, көп жерде кедейдің байдан қоретін қорлығын айқып, ашық айтын беріп қалатын жерлері көп. Осы жерлер арқылы кедейлер өзінің өткен өмірінің сәулесін көреді.

Жалпы алғанда, Жүсіпбек жолы пурлтариат үшін ең залалды жол. Одан Мағжан, Мұхтарлар «жақсы». Үйткені, олар дұшпандығын ашып айтады. Пурлтариат одан сақтанады. Жүсіпбектен сақтану қиын.





# **ҒЫЛЫМИ ҚОСЫМШАЛАР**



## ТҮСІНІКТЕМЕЛЕР

С.Мұқанов «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті. I-бөлім (ұлтшылдық, байшылық дәуірі)» атты монографиясын Мәскеудегі Қызыл профессорлар институтының әдебиет бөлімінде оқып жүргенде жазып, 1931 жылы 28 сәуірде бітірген. 1932 жылы Қызылорда қаласында «Қазақстан» баспасынан 460 бет көлемінде жеке кітап болып жарық көрген. Кітапты «Жазушыдан» деген кіріспе мақала ашады. Зерттеу еңбек «Әдебиеттегі ұлтшыл, байшыл дәуірдің сыны» және «Ұлтшыл, байшыл дәуірдің ақын, жазушылары» деген екі үлкен бөлімнен тұрады. «Әдебиеттегі ұлтшыл, байшыл дәуірдің сыны» атты бірінші бөлім «Ұлт деген не?», «Ұлтшылдық неден шықты?», «Қазақтың ұлтшыл ақындары», «Ұлтшылдықтың өркендеуі», «Алашорда», «Төңкеріске қарсылық» атты алты тарауға бөлінген. «Ұлтшыл, байшыл дәуірдің ақын, жазушылары» атты екінші негізгі бөлімге «Байтұрсынұлы Ахмет», Дулатұлы Міржақып», «Қарашұлы Омар», «Жұмабайұлы Мағжан», «Торайғырұлы Сұлтанмахмұт», «Дөнентайұлы Сәбит», «Күлейұлы Бернияз», «Әуезұлы Мұқтар», «Аймаубітұлы Жүсіпбек» портреттік тараулары енген. Соңында шағын қорытынды мақала берілген.

Зерттеудің жаңа басылымын дайындау барысында 1932 жылғы латын әрпііндегі нұсқа қазіргі қолданыстағы кирилл әрпіне еш өзгеріссіз сол қалпында түсірілді, сонымен бірге осыған дейін 2008 жылы «Атамұра» баспасынан жарық көрген осы еңбек нұсқасымен текстологиялық салыстыру жұмыстары жүргізілді. Осы жұмыстар барысында төмендегідей жайттар анықталды:

1. XX ғасырдың басында «серіктестік» деген ұғым болған. Сәбит бұл туралы Сұлтанмахмұт туралы жазып отырғанда ақынның ауылында «Шоң» деген серіктестік ашылғанын айтады. Серіктестік деген бұл бір топ адамның ауыл шаруашылық жұмысын жолға қою мақсатында біріккен ұйымы.

2. Гогольдің «Мертвые души» атты романының атып Сәбит «Өлімтіктер» деп аударған.

3. Еңбекте першіл деген сөз бар. «Оның уәде берген оқыған жас қазақ першілі болады» деген сөйлемдегі першіл – кәдімгі фельдшер, яғни дәрігер деген мағынада.

4. Тұқымымыз деген сөз кейінгі кітапта тұғырымыз болып қате басылған. Сол сияқты «талқандап» сөзі кейінгі кітапта «тапқандар» болып оқылған.



5. «Лексиканы» Сәбит «сөз құрасы» деп аударған.
6. «Бар жерді күннен күнге алып жатыр, Қақолдар алып қала салып жатыр» деген Мағжан өлеңінің жолдарындағы «қақол» сөзі кәдімгі қарапайым қолданыстағы «хохол» сөзі – украиндардың екінші аты.
7. Әубәкір Диваев – Сәбит еңбегінде Әубәкір Дебейұлы деп берілген.
8. Асқар Ойыл – Оскар Уайлд деген ағылшын жазушысының атын Сәбит қазақшалап берген, ал Александр Блокты Әлексаандр Былок деп жазыпты.
9. Сәбит Сұлтанмахмұтты Сұлтан Мақмет деп жазған. Сосын оның атын мәтінде толығымен жазып отырмай «С.М.» деп беріп отырған.
10. Тырақома деген ауруды кейінгі кітапта қоз ауруы деп өзгерткен.
11. Сұлтанмахмұттың «Сағаш салауат жолынды қудық» деген өлең жолындағы «сағаш» кейінгі басылымда «саған» деп жазылған.
12. Тәртіп /система/ кейінгі басылымда жүйе болып өзгерген.
13. Спандияр Көбей кейінгі басылымда Копей болып жазылған.
14. Пурсент – процент кейінгі басылымда пайыз делінген.
15. Сыйпырлар сандар деп өзгертіліп беріліпті.
16. Машур – мәшһүр
17. Пәмөшник – комекші
18. Әзелде – әуелде
19. Крестьян діні христиан діні
20. Ала-шабыр – ала жабыр тіл, яғни ала шұбар тіл
21. Шкөл сөзін кейінгі басылымда мектеп деп ауыстырып берген
22. Орыскей - Орск қаласы
23. Үпі Уфа қаласы
24. Пурграм – программа – бағдарлама
25. Омар Қарашұлын – кейінгі басылымда Жарасұлы деп қате берген.
26. Шлен – мүше
27. Жеврий еврей
28. Жарымыс жазымыш
29. Кнеге кітап
30. Тетрадь – дәптер
31. Мелесия – милиция
32. Әтіретін – отряд, әскер
33. Бирангел – Врангел, орыс генералы
34. Бәлшебек – бұл большевик деген мағынада
35. Қалел Қаппасұлы – Халел Габбасұлы
36. Нәшелнік – начальник
37. Коріс – курс
38. Ушител – учитель
39. Редектір – редактор
40. «Штрап» сөзі кейінгі басылымда айыпшұл деп аударылып беріліпті.



41.«Айкап» журналының аты кейінгі басылымда «Айдар» деп кате басылған.

42.Устикаменгор– Өскемен

43.Семипалат – Семей

44. «Положение» сөзі кейінгі басылымда полициясы деп кате берілген

45.«Мұстафа – Кемел паша» деген тіркестегі «паша» деген түрік сөзі кейінгі басылымда «патша» деп өзгертілген.

46.Сәбдеп – Совдеп, яғни депутаттар кеңесі

47.Қабак – орысша «кабак», арақ ішетін орын.

48.Кәстенице – орысша «гостиница», қонақүй.

Кітаптың ғылыми басылымын дайындау барысында 1932 жылғы «ХХ ғасырдағы қазақ әдебиеті. I-бөлім (ұлтшылдық, байшылдық дәуірі)» атты монография мәтініндегі сол дәуірдің әдеби тынысы мен стильдік ерекшеліктері түпнұсқа бойынша толық сақталып берілді.

Еңбек авторы Сәбит Мұқановтың аты-жөні де сол 1932 жылғы түпнұсқа бойынша «Мұқанұлы Сәбит» деп жазылды. Сонымен бірге ғылыми қосымшаларда томда кездесетін тарихи есімдерге байланысты түсініктер беріліп, кісі аттары 1920-30 жылдардағы «Аймауытұлы», «Алтынсарыұлы» деген сияқты ұлттық жазылу тәртібі бойынша сақталды, жанына «Аймауытов», «Алтынсарин» деп кейінгі жазылу реті қосақталып берілді.

Шығармашылық топ кітаптың 1932 жылғы түпнұсқасымен жұмыс істеуге мүмкіндік жасағаны үшін С.Мұқановтың Алматыдағы мемориалдық музей-үйінің директоры, филология ғылымының кандидаты, ақын Әділғазы Қайырбековке үлкен алғыстарын білдіреді.

Томды 1932 жылы шыққан С.Мұқанов еңбегі негізінде қайта дайындап, кирилл әрпіне көшірген, түсініктемелерін жазған – филология ғылымдарының кандидаты, доцент Серікказы Қорабай, филология ғылымдарының кандидаттары Ажар Зекенова мен Дәурен Мұхамедиев және кіші ғылыми қызметкер Нәзира Биғараева.



## ТОМДА КЕЗДЕСЕТІН ТАРИХИ ЕСІМДЕРГЕ ТҮСІНІКТЕР

**Аймауытұлы, Аймауытов Жүсіпбек (1889-1931)** – қоғам қайраткері, жазушы, драматург, аудармашы, әдебиет зерттеуші, публицист. Алаш қозғалысының белсенді мүшесі. «Қартқожа», «Ақбілек» романдары мен «Күнікейдің жазығы» повесінің, көптеген әңгімелер мен пьесалар авторы. Педагогика, психология, эстетика туралы еңбектер жазды. 1929 ж. ұлтшылдық ұйыммен байланысы бар деген сылтаумен тұтқындалып, 1931 ж. атылды.

**Ақан сері, Ақжігіт Қорамсаұлы (1843-1913)** – акын, әнші, композитор. Қазақтың ұлттық өнерін кәсіби деңгейге көтеріп, дәстүрлі өнердің классикалық үлгісін жасады. Айтыс ақыны ретінде де танылды. Өлеңдерінде заман әділетсіздігін сынап, махаббатты асқақтата суреттейді. Оның әндері қазақ музыкасының өркендеуіне зор ықпал етті.

**Алтынсарыұлы, Алтынсарин Ыбырай (1841-1889)** – қоғам қайраткері, ағартушы, педагог, жазушы, этнограф, фольклоршы. Қазақ даласында ана тіліндегі алғашқы мектептердің ашылуында үлкен еңбек сіңірді. 1879 ж. «Қазақ хрестоматиясы» және «Қазақтарға орыс тілін үйретудің бастауыш құралы» атты қазақ балаларына арналған тұңғыш оқулықтары жарық көрді. Акын, жазушы ретінде жаңа дәуірдегі қазақ әдебиетінің қалыптасуына елеулі үлес қосты. Л.Толстой, И.Крылов, К.Ушинский шығармаларын қазақ тіліне тәржімалап, қазақ әдебиетінде көркем аударма жанрын қалыптастырды.

**Әуезұлы, Әуезов Мұхтар Омарханұлы (1897-1961)** – ұлы жазушы, драматург, ғалым, қоғам қайраткері. Қазақстан ҒА академигі. Абайтану ғылымының негізін салушы. «Абай жолы» роман-эпопеясы әлем әдебиетіндегі ерекше құбылыс ретінде бағаланды. 1959 ж. осы эпикалық шығармасы үшін оған КСРО-дағы ең жоғары сыйлық – Лениндік сыйлық берілді. Қазақ әдебиеттануы тарихындағы өзіндік орны бар «Әдебиет тарихы», «Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы» монографияларының авторы. 1929-30 жж. қазақ зиялыларын жазалау науқаны басталып, М.Әуезов те түрмеге қамалады. 1932 ж. қазақ әдебиетінің тарихы мен Абай туралы зерттеулерінен, «Қилы заман», «Хан Кене» және т.б. шығармаларынан бас тартуға мәжбүр болады. 1951-54 жж. саяси-идеологиялық тұрғыдан жала жабылып, оны «ұлтшыл-алашордашыл» ретінде жаппай сынау науқаны басталады. 1953 ж. қамауға алу қаупі төнгенде Мәскеуге жасырын кетуіне тура келеді. 1954 ж. елге қайтып келіп, ғылыми-жазушылық қызметпен айналысады. 1997 ж. жазушының 100 жылдық мерейтойы ЮНЕСКО деңгейінде аталып өтті.

**Байділдәұлы, Байділдин Әбдірахман (1891-1931)** – қоғам қайраткері. 1921-22ж. «Еңбекші қазақ» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетінің редакторы болды. Жоғары партиялық қызметтер атқарды. «Алдымыздағы



мақсатымыз» (1926), «Оқытушылар мен кәсіпшілер қозғалысы» (1927), «Оқу қызметкерлеріне жолбасшы», «Жаңа әліппе» (1928) кітаптарының авторы.

1929 ж. басталған саяси қуғын-сүргін кезінде қамалып, 1931 ж. ату жазасына кесілді.

**Байтұрсынұлы, Байтұрсынов Ахмет** (1873-1938) – қазақ халқының ХХ ғасыр басындағы ұлт-азаттық қозғалысы жетекшілерінің бірі, мемлекет қайраткері, ақын, публицист, қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымдарының негізін салушы ғалым, ұлттық жазудың реформаторы.

**Балуан Шолақ, Нұрмағамбет Баймырзаұлы** (1864-1919) – атақты әнші, композитор, ақын, балуан.

**Бөкейұлы, Бөкеев Шәңгерей Сейіткерейұлы** (1847-1920) – белгілі ақын.

**Бөкейханұлы, Бөкейханов Әлихан Нұрмұхамедұлы** (1866-1937) – қоғам және мемлекет қайраткері, ұлт-азаттық және Алаш қозғалысының жетекшісі, Алашорда автономиялы үкіметінің төрағасы, публицист, ғалым, аудармашы.

**Гапон** – ХХ ғасыр басындағы Ресейдегі белгілі дінбасы

**Ғаббасұлы Қалел, Ғаббасов Қалел Ахметжанұлы** (1888-1931) – Алаш қозғалысының қайраткері. 1915 ж. Мәскеу университетін алтын медальмен бітірген. 1914-19 жж. Семейде шыққан «Сарыарқа» газетінің редакторы. Алаш партиясының Семей облыстық комитетінің төрағасы қызметін атқарып, Алашорда үкіметінің құрамына сайланды. Семей облыстық земство басқармасы төрағасының орынбасары болды. 1918 ж. 20 наурызда Алаш үкіметінің атынан телеграф арқылы И.В.Сталинмен келіссөз жүргізіп, ұлттарға өзін-өзі билеу құқығын беруді талап етті. Одан кейінгі жылдары кеңестік атқару жүйесінің басшылық органдарында жемісті қызмет етті, ғылыми жұмыспен айналысты. 1924 ж. 29 желтоқсанда Абайды еске алу кешінде «Абайдың өмірбаяны» деген тақырыпта баяндама жасады. 1930 ж. «халық жауы» ретінде тұтқындалып, 1931 ж. сәуірінде өлім жазасына кесілді.

**Ғабдуллин Кенжеғали** (т.ғ.ж.б.) – ақын, ағартушы, журналист. Қазан қаласындағы Мұхамедия медресесін бітіріп, туған жері – Ақтөбе өңірінде бала оқытқан. «Еңбекші қазақ» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетінде қызмет етіп, Ақтөбе облыстық «Кедей» газетінің редакторы болып істейді. Ғылым, білімді насихаттауға арналған «Қазақтың қамы» (1912), «Ұран» (1914) өлеңдер жинақтары Қазанда жарық көрген. Татар тілінен аударған «Ислам негізі» (1911), «Қазақ балаларына жәрдем», «Өнеге, яғни нәмуне» (1913) кітаптары қазақ мектептерінде оқу құралы ретінде пайдаланылған.

**Диваев Әбубәкір** (1856-1932) – фольклор жинаушы, зерттеуші, этнограф.



**Досмұхамедұлы, Досмұхамедов Халел** (1883-1939) – Алаш қозғалысының қайраткері, дәрігер, ұстаз ғалым. 1909 ж. Санкт-Петербург императорлық әскери-медициналық академиясын үздік дәрежелі дәрігер атағымен бітіреді. Студент шағында саяси жұмыспен айналысып, Ресей кадеттер партиясына мүше болады. Пермь губерниясында, Орал облысында дәрігер болып қызмет атқарады. 1917 ж. Алашорда үкіметі құрамына сайланады. 1918 ж. наурызда Ж.Досмұхамедовпен бірге Алашорда үкіметі атынан В.И.Ленинмен, И.В.Сталинмен бетпе-бет келіссөздер жүргізеді. Кеңестік кезеңде жауапты басшы қызметтер атқарады. Отандық ғылымның дамуына үлкен үлес қосты. Табиғат, жануарлар дүниесі мен денсаулыққа арналған көптеген оқулықтар мен ғылыми еңбектер жазды. Қазақ халқының тілі мен әдебиетіне, тарихына қатысты материалдар жинақтап, ғылыми зерттеулер жариялады. «Мұрат ақын сөзі» (1924), «Исатай-Махамбет» (1925), «Аламан» (1926) жинақтарын шығарды. 1930 ж. қыркүйекте жазықсыз жаламен қамалып, 1932 ж. сәуірде Воронеж қаласына бес жылға жер аударылады. 1938 ж. шілдеде жалған саяси айыппен екінші рет тұтқынға алынып, 1939 ж. 24 сәуірде ату жазасына кесіледі. 1939 ж. 19 тамызда түрме ауруханасында қайтыс болады.

**Дулатұлы, Дулатов Міржақып** (1885-1935) – Алаш қозғалысының қайраткері, жазушы, ақын, драматург, журналист. XX ғасырдың басындағы қазақ мәдениеті мен әдебиетінің ірі өкілі. Алаш қозғалысы жетекшілерінің бірі. «Алаш» партиясының бағдарламасын жазған.

**Елдесұлы, Елдесов Омар** (т.ө.ж.б.) – қоғам қайраткері. 1930 жж. саяси қуғын-сүргін құрбаны.

**Есболұлы, Есболов Мырзағазы** (т.ө.ж.б.) – қоғам қайраткері. 1930 жж. саяси қуғын-сүргін құрбаны.

**Жансүгірұлы, Жансүгіров Ілияс** (1894-1938) – ақын, жазушы. Қазақ кеңес әдебиетінің классигі. Әдебиеттің барлық жанрында дерлік шығармалар жазған. Оның поэзиясы – терең ойдың, үлкен сезімнің поэзиясы. Ақын қазақ әдеби тілін жаңа сатыға көтерді.

**Жұмабайұлы, Жұмабаев Мағжан Бекенұлы** (1893-1938) – Алаш қозғалысының қайраткері, ақын, қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі. Қазақ поэзиясының сыршылдығын тереңдетті. Әлемдік поэзияда экологиялық тақырыпты алғаш жырлаушылардың бірі. Қазақ поэмасын суреткерлік арнаға бұрды.

**Карл Кавицкий** – Германиядағы төңкерісті басқарған саяси қайраткер.

**Кәшімұлы Сәлім, Кәшімов Мұхаметсәлім Әбдірахманұлы** (1884-1935) – ақын, журналист. Бірнеше тәлім-тәрбиелік еңбектердің авторы. «Әдеп», «Сабак» (1907), «Насихат қазақия», «Ақыл кітабы» (1908) кітаптарында оқу-білім, тәлім-тәрбие, имандылық мәселелерін көтереді.



1911-14 жж. «Айкап» журналында қызмет еткен, 1915-16 жж. Жетісу, Қырғыз, Қытай қазақтарын аралаған кезде этнографиялық очерктер жазған. «Сұлу қыз» (1909) өлеңдер жинағы мен «Мұңлы Мариям» (1914) романының авторы.

**Кемеңгерұлы, Кемеңгеров Қошмұхамбет (Қошке) Дүйсебайұлы** (1896-1937) – алаш қайраткері, жазушы, ғалым, журналист, драматург.

**Көпейұлы Асфандияр, Көбеев Спандияр** (1878-1956) – педагог, ағартушы, жазушы, аудармашы. Ы.Алтынсарин ашқан ауылдық орыс-қазақ мектебінде сауатын ашқан. Қазақ балаларына орыс тілі мен әдебиетінен сабақ берген. Орыс жазушыларының тәлімдік шығармаларын қазақ тіліне аударып, «Үлгілі тәржіма» деген атпен 1910 ж. кітап етіп шығарған. «Үлгілі бала» оқу құралының (1912), әйел теңдігіне арналған «Қалың мал» романының (1913), жарты ғасырлық ұстаздық тәжірибесі сөз етілген «Орындалған арман» мемуарлық романының (1951) авторы.

**Күлейұлы, Күлсев Бернияз** (1899-1923) – ақын. Өлең-толғауларында махаббат, достық, бостандық тақырыптарын жырлады, поэмаларында әлеуметтік мәселелерді қозғады. Сыршыл ақын. Бірқатар өлеңдерінде мұңлы сезім, тарығушылық сарын кездескенімен, негізінен, азаматтық әуен басым. 1920 жылдан өмірінің соңына дейін Қазақстанның кітап бастыру жөніндегі өкілі ретінде Қазан қаласында қызмет етіп, Абай, Сұлтанмахмұт жинақтарының жарық көруіне көп еңбек сіңірді.

**Қарашұлы Омар, Қараш Ғұмар** (1875-1921) – ақын, қоғам қайраткері. Қазақ әдебиеті тарихында өзіндік орны бар көрнекті ақындардың бірі. Ел аузынан жинаған әдеби мұраларды құрастырып «Шайыр», «Көксілдер» жинақтарын (1910) жарыққа шығарды. «Бала тұлпар», «Қарлығаш», «Тумыш» (1911), «Аға тұлпар» (1914), «Тұрымтай» (1918) жыр жинақтарының, «Ойға келген пікірлерім» (1910), «Өрнек» (1911), «Бәдес хажы» (1913) зерттеу кітаптарының авторы. Қазақтың «Мұғалім» атты тұңғыш педагогикалық журналының алғашқы редакторы болған.

**Қожанұлы, Қожанов Сұлтанбек** (1894-1938) – мемлекет және қоғам қайраткері, ұстаз, ғалым, публицист. Түркістан Республикасы Ішкі істер, Халық ағарту, Жер шаруашылығы халық комиссары, Түркістан Компартиясы Орталық Комитетінің хатшысы, атқару комитеті төрағасының орынбасары, Қазақ өлкелік партия комитетінің екінші хатшысы қызметтерін атқарды. Оның тікелей ұсынысымен Кеңестердің I съезі қазақ халқының бұрмаланған «киргиз» атауын жойып, «қазақ» деген тарихи атауын қайтарды.

**Құнанбайұлы Абай** (1845-1904) – ұлы ақын, ойшыл, ағартушы, композитор.

**Ленин (Ульянов) Владимир Ильич** (1870-1924) – саяси қайраткер, Кеңес үкіметі мен Кеңес Одағы Коммунистік (большевиктік) партиясының негізін қалаушы. Лениннің тікелей басшылығымен 1917 жылы 7



қарашада Ресейде социалистік революция (Қазан төңкерісі) жүзеге асты. Бұл оқиға дүниежүзілік тарихи дамуға әсер етіп, XX ғасырдағы басты оқиғалардың бірі болды. Ленин жаңадан құрылған Халық Комиссарлар кеңесінің төрағасы болып сайланды. Ленин басшылық еткен кезде саяси-қуғын сүргінге кеңінен жол ашылды, елде қатал басқару орнап, басқа партияларға тиым салынды, жаңа өкіметпен көзқарастары үйлеспейтін зиялы қауым өкілдері толығымен шет елдерге қуылды, дінбасылар қудаланды. Ленин өз еңбектерінде ұлт мәселесі жөніндегі түйінді мәселелерге үнемі көңіл бөлді. 1920 ж. 26 тамызда Ленин қол қойған Қырғыз (Қазақ) Автономиялы Кеңестік Социалистік Республикасы құрылды. Ленин қазақ халқының этникалық аумағын түгелге дерлік бір республикаға топтасыруда үлкен рөл атқарды. 1922 ж. 30 желтоқсанда Лениннің басшылығымен бірінғай көпұлтты мемлекет – КСРО құрылды. Ленин соңында теориялық және ғылыми мол мұра қалдырды.

**Майлыұлы, Майлин Бейімбет (1894-1938)** – жазушы, ақын, драматург, журналист. Қазақ кеңес әдебиетінің классигі.

**Манаев Нұғман (1894-1942)** – мемлекет және қоғам қайраткері, ағартушы, әдебиет зерттеуші. Уфадағы «Ғалия» медресесін бітірген. Жетісу губерниялық, Ақтөбе округтік партия комитеттерінің бірінші хатшысы, Қазақстан Халық ағарту комиссары қызметтерін атқарған. Шәңгерей Бөкеев, Спандияр Көбеев шығармашылығы туралы зерттеулер жазған. 1934 ж. Ш.Бөкеевтің өлеңдер жинағын (алғы сөзін, өмірбаянын, түсініктерін өзі жазған) жеке кітап етіп шығарған.

**Маркс Карл, (1818-1883)** – немістің экономист ғалымы, философ, саясаттанушы, әлеуметтанушы, тарихшы, ғылыми коммунизм теориясының іргетасын қалаушы. Оның идеялары XIX-XX ғасырларда қоғамдағы әлеуметтік өзгерістерге үлкен ықпал етті.

**Мәметұлы, Мәметов Ахмет (1895-1938)** – Алашорда қозғалысының қайраткері, ағартушы, ақын, журналист, дәрігер. «Ғалия», «Хұсанния» медреселерінде оқыған. 1912-14 жж. «Кеңес», «Ғибрат» атты өлең жинақтарын шығарды. Саратов университетінің медицина факультетін бітірген. Қазақ тері және жұқпалы аурулар ғылыми-зерттеу институтының алғашқы директоры. Жазықсыз жаламен қамалып, ату жазасына кесілген. Оның асырап алған қызы Мәншүк Мәметова – шығыс қыздары арасынан шыққан тұңғыш Кеңес Одағының Батыры.

**Наушабайұлы, Наушабаев Нұржан (1858-1919)** – ақын, би. Қазақ әдебиетіндегі діни-ағартушылық бағыттың көрнекті өкілі. Қазан қаласында басылған «Манзұмат қазақия» (1903), «Алаш» (1910) жыр жинақтарының авторы. Өлеңдерінің негізгі тақырыбы – өнер-білім мен адамгершілік қасиеттерді насихаттау.

**Оскар Уайлд (1854-1900)** – ағылшын жазушысы, сыншы.

**Өтетілеуұлы, Өтетілеуов Бекет (1883-1949)** – ақын, аудармашы,

ағартушы, педагог. Өмір бойы ұстаздық қызметпен айналысқан. «Дүние ісі ахиретке кетпес» атты тұңғыш өлендер жинағы 1912 ж. Қазанда, «Жиған-терген» атты өлендер мен аудармалар жинағы 1914 ж. Орынборда жарық көрген.

**Садуақасұлы, Садуақасов Смағұл (1901-1933)** – мемлекет және қоғам қайраткері, жазушы, сыншы. Голощекиншілердің қазақ халқына зиянды «Кіші Қазан» бағытына ашық қарсы шықты. Осыған байланысты «садуақасовшылдық» топ пайда болып, Мәскеудің Қазақстанда жүргізген отаршылдық саясатына қарсы күрескен қуатты оппозициялық күш болды. Оның басшысы С.Садуақасов қудалауға ұшырады. Ол бірнеше прозалық шығармалар жазып, сын жанрының қалыптасуына өзіндік үлес қосты. Сол жылдардағы әдеби айтыстарға қызу қатысты.

**Сандыбайұлы Ыбырай (т.ө.ж.б.)** – қоғам қайраткері, би, болыс.

**Сейфуллаұлы, Сейфуллин Сәкен (Садуақас) (1894-1938)** – мемлекет және қоғам қайраткері, ақын, жазушы, сыншы. Қазақ кеңес әдебиетінің классигі.

**Сералыұлы, Сералин Мұхамеджан (1872-1929)** – ақын, ағартушы, журналист, қоғам қайраткері. Алғаш қазақ тілінде шыққан «Айқап» журналының редакторы. «Топжарған» поэмасы (1900) Кеңесары, Наурызбай бастаған ұлт-азаттық қозғалысты жырлауға арналса, «Гүлқашима» поэмасы (1909) әйел теңдігі мәселесін көтереді. Ол Фирдоусидің «Шаһнама» дастанының «Рүстем-Зораб» бөлімін, А.Сорокиннің «Жусан» повесін қазақ тіліне аударды.

**Серкебайұлы, Серкебаев Бекмұхамед Құсайынұлы (1892-1976)** – ақын, драматург, ұстаз, педагог, әдебиет зерттеуші, аудармашы. КСРО Халық артисі Ермек Серкебаевтың әкесі. «Ғалия» медресесін бітірген. Мағжан Жұмабаевтің жақын досы. Алғашқы қазақ драматургтерінің бірі. «Кітапхана жұрнағы» атты тұңғыш жыр жинағы 1910 ж. Қазанда жарық көрген.

**Сүлейұлы, Сүлеев Біләл (1893-1937)** – ақын, ағартушы, журналист, драматург, қоғам қайраткері. «Мамания», «Ғалия» медреселерінде оқыған. Семей педагогикалық институтының тұңғыш ректоры. 1934-37 жж. Қарақалпақстанның Халық ағарту комиссары болған.

**Сталин (Джугашвили) Иосиф Виссарионович (1879-1953)** – саяси қайраткер. Кеңес Одағы Коммунистік партиясының Бас хатшысы (1922-1953). Сталин Кеңес Одағын басқарған жылдары ауыл шаруашылығын ұжымдастыру жүргізіліп, байлар мен кулактарды тап ретінде жою саясаты жүзеге асырылды. Бұл халық арасында жасанды ашаршылық пен босқыншылықты туғызып, ұжымдасуға қарсы шаруалар қозғалысының өрістеуіне алып келді. Сталин Кеңес Одағында қуғын-сүргін саясатын жүргізіп, тоталитарлық жүйені қалыптастырды. Ұлттық зиялы қауым өкілдерін «халық жаулары» ретінде қуғындау науқаны күшейді. Одақтас



республикалар мен ұлттық автономияларды саяси және экономикалық биліктен айырып, Кремльге тәуелді қылды. Соғыстан кейінгі кезеңде жеке басқа табыну қарқыны күшейді.

**Тогжанұлы, Тогжанов Ғаббас Садуақасұлы (1900-1937)** – қоғам қайраткері, әдебиет сыншысы, публицист. 1926-32 жж. «Еңбекші қазақ» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетінің редакторы, 1935-36 жж. Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының төрағасы болған. Қазақ әдеби сынының қалыптасып дамуына зор үлес қосты.

**Тоқтабайұлы, Тоқтабаев Иса (т.ө.ж.б.)** – қоғам қайраткері. Саяси қуғын-сүргін құрбаны.

**Торайғырұлы, Торайғыров Сұлтанмахмұт (1893-1920)** – ақын, ағартушы, сыншы. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдерінің бірі.

**Төрекұлұлы, Төрекұлов Нәзір (1892-1937)** – мемлекет және қоғам қайраткері, дипломат, публицист.

**Увыстралов** – орыс ғалымы, профессор

**Шоқайұлы, Шоқай Мұстафа (1889-1941)** – Алаш қозғалысының қайраткері, Түркістан өлкесі халықтарының азаттық күресі жетекшілерінің бірі, публицист.

**Шорманұлы, Шорманов Садуақас (т.ө.ж.б.)** – қоғам қайраткері, жазушы, журналист.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТ

1. Ергөбек Қ. Арыстар мен ағыстар. Шеберлік шеберханасы. – Алматы: «Фолиант», 2004. – Бесінші кіт. – 224 б.
2. Ергөбеков Қ. Жан жылуы. Зерттеу. – Алматы: «Жалын», 1981. – 101 б.
3. Ергөбеков Қ. Сәбит Мұқанов. Зерттеу. – Алматы: «Мектеп», 1989. – 84 б.
4. Ергөбеков Қ. Баянғұмыр. Мақалалар жинағы. – Алматы: «Жазушы», 1991. – 212 б.
5. Ергөбеков Қ. Жинаушыдан қалған сөз. – Алматы: «Жалын», 1991. – 84 б.
6. 20-30 жылдардағы қазақ әдебиеті. 1-кіт. – Алматы: Ғылым, 1997. – 512 б.
7. Қазақ әдебиеті: энциклопедия. – Алматы: Қазақстан даму институты, 1999. – 431 б.
8. Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы. Екі томдық. 1-том. – Алматы: ҚАЗАқпарат, 2008. – 646 б.
9. Қазақ әдебиетінің тарихы. 7-том. – Алматы, ҚАЗАқпарат, 2004. – 462 б.
10. Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 2004. – 696 б.
11. Қазақстан жазушылары: Анықтамалық. – Алматы: «Ан Арыс» баспасы, 2009. – 480 б.
12. Каратаев М., Наурызбаев Б., Дуйсенов М. Основоположники казахской советской литературы. – Алма-Ата: О-во «Знание» КазССР, 1984. – 64 с.
13. Кәкішұлы Т. Қазақ әдебиеті сынының тарихы. II бөлім (Оқу құралы). – Алматы: «Білім», 2003. – 232 б.
14. Кәкішев Т., Ахмет К.С. Сәбит Мұқанов: Әдеби-ғылыми ғұмырнама. – Алматы: «Арда», 2005. – 304 б.
15. Қирабаев С. Көп томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2007. Т. 1-8.
16. Мұқанов С. XX ғасырдағы қазақ әдебиеті. – Алматы: Атамұра, 2008. – 384 б.
17. Смағұлов Ж. Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы. Монография. – Алматы: Қазақ университеті баспасы, 1999. – 431 б.
18. Смағұлов Ж. Қазақ әдебиеттану ғылымының қалыптасу жолдары. Оқу құралы. – Қарағанды: ҚарМу баспасы, 1995. – 135 б.



## РЕЗЮМЕ

Институт литературы и искусства имени М.О.Ауэзова Министерства образования и науки РК продолжает работу по подготовке и изданию очередных томов многотомной серии «Классикалық зерттеулер» («Классические исследования»), издаваемой в рамках государственной целевой программы «Ғылыми қазына» («Научное наследие») Министерства образования и науки Республики Казахстан.

Основная цель данной серии – издание классических научных трудов видных казахских ученых-литературоведов XX века и издание текстов этих исследований в первоначальном виде, в том, в каком они были напечатаны в свое время.

Седьмой том серии «Классикалық зерттеулер» включает в себя монографическое исследование «Казахская литература XX века» видного казахского писателя, ученого-литературоведа, академика Академии наук Казахстана Сабита Муканова.

Сабит Муканов (1900—1973) — классик казахской литературы, поэт, общественный деятель, академик Академии наук Казахстана. Автор романов «Ботагоз», «Сырдарья», автобиографической трилогии «Школа жизни». Видный организатор литературного дела в республике. Исследовал историю и теорию литературы. Изучал казахскую литературу XVIII — начала XX веков, творчество отдельных казахских прозаиков и поэтов, народных акынов республики. Занимался исследованием научного и литературного наследия Чокана Валиханова и Абая Кунанбаева. В 1974 году вышло посмертное издание его этнографического труда «Народное наследие», где исследованы древние народные предания, шежере, хозяйство и быт дореволюционных казахов, их материальная и духовная культура. Его книги переведены на многие языки. Автор одиннадцати романов и повестей, ряда рассказов и многочисленных очерков, нескольких литературоведческих книг, около двухсот литературно-критических статей.

В 1930 году С.Муканов был командирован на учебу в Московский институт языкознания им. Марра, а в 1931 году получил перевод на литературное отделение института Красной профессуры в Москве. После окончания института в 1936 году вернулся в Алматы и до 1951 года, с небольшим перерывом, был председателем Правления Союза советских писателей Казахстана, а с 1951 года ушел на свободную творческую работу. Именно во время учебы в Москве написал монографический труд

«Казахская литература XX века», изданный отдельной книгой в 1932 году в г.Кызылорде. В этой книге ученый-литературовед впервые исследовал творчество видных казахских поэтов и писателей начала XX века А.Байтурсынова, М.Дулатова, Ж.Аймаутова, М.Жумабаева, Г.Карашева, С.Дунентаева, С.Торайгырова, Б.Кулеева и М.Ауэзова. Критикуя их произведения, он объективно оценил их вклад в национальную поэзию.

Как и многие творческие люди того времени Муканов испытал на себе репрессии государственной машины. Он обвинялся в том, что в своих литературных произведениях «Сын бая», «Мирзабек», «Темиртас» и «Казахская литература XX века» протаскивал контрреволюционные националистические взгляды. Затем был исключен из рядов партии. Время показало, что монография «Казахская литература XX века» востребована и поныне.

Рукопись же этого произведения, включенная в этот том настоящей серии, подготовлена на основе кызылординского издания книги. В процессе подготовки книги латинский шрифт подлинника перенесен на кириллицу, проведена большая сопоставительная и текстологическая работа в сравнении с последним изданием этого труда (2008 г.), подготовлен текст оригинала в целях полного сохранения литературного духа и стилевых особенностей эпохи. По этой причине в томе без изменения даны все стилевые свойства и предложения произведения. Следует отметить неоценимую помощь сотрудников литературно-мемориального музея С.Муканова в г.Алматы.

Настоящий том к изданию подготовили кандидат филологических наук, доцент С.Корабай (ответ.редактор, автор предисловия), кандидаты филологических наук А.Зекенова, Д.Мухамадиев (ответ.выпускающий) и младший научный сотрудник Н.Бигараева. Том снабжен научными приложениями, которые включают в себя сведения о публикуемом тексте, историко-литературоведческий и текстологический анализ, а также список использованной литературы, резюме на русском и английском языках.

Объем – 380 стр.



## SUMMARY

M.O. Auezov Institute of Literature and Art, Ministry of Education and Science continues preparing and publishing of the volumes of multivolume series "Klassikalik zertteuler" ("Classic studies"), published as part of the State Program "Gylymi Kazyna" ("Scientific Heritage").

The main purpose of this series is publication of the classic studies of the prominent Kazakh scientists, literary critics of the XXth century and publication of the texts of the studies in their original form, in which they were printed.

This volume of the series "Klassikalik zertteuler" includes monograph "Kazakh literature of the XXth century" of Sabit Mukanov the prominent Kazakh writer, scientist, member of the Academy of Sciences of Kazakhstan.

Sabit Mukanov (1900-1973) is the classic of Kazakh literature, poet, public figure, member of the Academy of Sciences of Kazakhstan. Author of the novels "Botagoz", "Syrdaria", autobiographical trilogy "The school of life". Prominent organizer of literary studies in the country. He studied the history and theory of literature, Kazakh literature of XVIII - beginning of XX centuries, writings of Kazakh writers and poets, Kazakh folk akims. Conducted research on scientific and literary heritage of Chokan Valikhanov and Abay Kunanbayev. In 1974 his ethnographic work "National Heritage" was published, which includes studies of the ancient folk traditions, shezhre, economic and social life of Kazakh people before revolution, their material and spiritual culture. His books have been translated into many languages. He is the author of eleven novels and stories, numerous essays, several books on literary studies, about two hundred literary and critical articles.

In 1930 S.Mukanov studied at Moscow Institute of language and thought, and in 1931 has transferred to the literary department of the Institute of Red Professors in Moscow. After graduation in 1936 he returned to Alma-Ata and until 1951, with a short break, S.Mukanov was a Chairman of the Board of Writers' Union of Kazakhstan, and in 1951 he began free creative work. During studies in Moscow he wrote a monograph "Kazakh literature of the XXth century" which was published as a separate book in 1932 in Kyzylorda. In this book, as the scientist in literary studies he has conducted research work on creativity of the prominent Kazakh poets and writers of the early XXth century such as A.Bajtursynov, M.Dulatov, Z.Aimautov, M.Zhumabayev, G.Karashev, S.Toraigyrov, B.Kuleyev and M.Auezov. Criticizing their works,



he has done an objective evaluation of their contribution to the national poetry.

Like many creative people of that period S. Mukanov was subjected to the repression from the side of the State. He was accused of anti-revolutionary nationalist views in his literary works “Bai’s son”, “Mirzabek”, “Temirtas” and “Kazakh literature of the XXth century”. Then he was excluded from the Party members. Time has shown that the monograph “Kazakh literature of the XXth century” is still in demand today.

The manuscript of this work which is included in this volume of the series is based on the edition of the book published in Kyzylorda. During the preparation of the book the Latin script was transferred into the Cyrillic script, and a lot of comparative and textual analysis was done in comparison with the last edition of this work (2008), the text of the original was prepared so that to keep the literary spirit and style features of the era. Therefore all style features and sentences of the work were not changed. We appreciate the valuable assistance of the staff of the Literary Memorial Museum of S.Mukanov in Almaty.

This volume was prepared for publication by the Candidate of Philology, associate professor S.Korabay (chief editor, author of the foreword), Candidates of Philology A.Zekenova, D.Mukhamadiev (senior publisher) and junior researcher N.Bigarayeva. The volume has scientific annexes, which include information on the published text, historical- literary and textual analysis, list of references, summaries in Russian and English languages.

Volume - 380 pages



## МАЗМҰНЫ

Қорабай С. Алғы сөз.....	5
Жазушыдан .....	12

### ӘДЕБИЕТТЕГІ ҰЛТШЫЛ, БАЙШЫЛ ДӘУІРДІҢ СЫНЫ

#### I. Ұлт деген не?

1. Сталин пікірі .....	20
2. Қазақ ұлты қашан құрылды?.....	23

#### II. Ұлтшылдық неден шықты

3. Ұлтшылдар кімдер? .....	24
4. Отар мәселесі .....	25
5. Қазақ шаруасындағы өзгерістер .....	28
6. Ескішілдік пен жаңашылдық .....	30

#### III. Қазақтың ұлтшыл оқығандары

7. Ислам діні, жаңа қадым оқуы .....	35
8. Миссионерлік және орысша оқу.....	35
9. Жәдит .....	36

#### **IV. Ұлтшылдықтың өркендеуі**

10. 1905 жылға дейін .....	38
11. 1905 жылдан кейін .....	40
12. Ұлтшылдардың ұрандары .....	41
13. Ұлт тілінің өркендеуі .....	49
14. 1916 жыл .....	60

#### **V. Алашорда**

15. Февраль және ұлтшылдар .....	64
16. Байшыл ақындар .....	67
17. Бәлшебекке қарсы .....	69
18. Колчакпен бірлік .....	70
19. «Жарлық» .....	70
20. Байшылдар азамат соғысында .....	72
21. Женілген байшылдар .....	76

#### **VI. Төңкеріске қарсылық**

22. Увыстыраловшылдық .....	77
23. Жастарды байшылдыққа тарту .....	79
24. Кітап аудару мен пайдалану .....	84
25. Байшылдықтың жүйелері .....	87
26. Қорытынды .....	89

#### **ҰЛТШЫЛ-БАЙШЫЛ ДӘУІРДІҢ АҚЫН-ЖАЗУШЫЛАРЫ**

1. Байтұрсынұлы Ахмет .....	92
2. Дулатұлы Міржақып .....	114
3. Қарашұлы Омар .....	145
4. Жұмабайұлы Мағжан .....	189
5. Торайғырұлы Сұлтанмақмет .....	254
6. Дөнентайұлы Сәбит .....	305

7. Күлейұлы Бернияз.....	326
8. Әуезұлы Мұхтар.....	336
9. Аймауытұлы Жүсіпбек.....	369
Қорытынды.....	398
Ғылыми қосымшалар.....	401
Пайдаланылған әдбиет.....	412
Резюме.....	413
Summary.....	415

Ғылыми басылым  
КЛАССИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР

7-том

**СӘБИТ МҰҚАНҰЛЫ**  
**XX ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ**  
**I-бөлім**  
**(Ұлтшылдық, байшылдық дәуірі).**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі  
М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының  
Ғылыми кеңесі баспаға ұсынған

**Редакторы:** С.Қорабай  
**Корректорлары:** А.Зекенова, Д.Мұхамдиев  
**Компьютерге терген:** Н.Бигараева  
**Компьютерде беттеген және дизайнын жасаған:** Н.Серғожаұлы

**«Ғылыми қазына» логотипінің идеясы –**  
Аяған Б.Ғ., т.ғ.д., профессор  
**«Ғылыми қазына» логотипінің дизайнын жасаған –**  
Бекенова М.С., Нұрғожина Ж.Е.

---

Басуға 29.11.2012 қол қойылды.  
Пішімі 60x90<sup>1/16</sup>. Қаріп түрі «Таймс».  
Баспа табағы 26,25. Таралымы 1000 дана.  
Тапсырыс №7528.

---

Тапсырыс берушінің файлдарынан Қазақстан Республикасы  
"Полиграфкомбинат" ЖШС-нде басылды. 050002, Алматы қаласы, Мақатаев көшесі, 41.